84Қаз93
Ж27

Қазақтың 100 романы

Ілияс Жансүгіров

Жолдастар

84(5Қа3)
Ж 27

Қазақтың 100 романы

Ілияс ЖАНСҮГІРОВ

ЖОЛДАСТАР

Роман

329116 қ
Ж

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ,
ЫБЫРАЙЫМ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

Алматы
"Жазушы"
2009

УДК 821.512.122.
ББК 84 Қаз 7-44
Ж 27

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" бағдарламасы

Жобаның жетекшісі

ҚР ҰҒА академигі *Рымғали Нұрғали*

Редакциялық алқа:

Әлібек Асқаров
Рахманқұл Бердібаев
Есенбай Дүйсенбайұлы
(жауапты редактор)
Мұхтар Құл-Мұхаммед
Есенғали Раушанов
Берік Шаханов

Жансүгіров І.

Ж27 Жолдастар: *Роман.* – Алматы: "Жазушы", 2009. – 432 б. – "Қазақтың 100 романы" сериясы.

ISBN 978–601–200–218–8

Көрнекті ақын Ілияс Жансүгіровтің "Жолдастар" романында XX ғасырдың басындағы халқымыздың басынан кешірген түрлі өзгерістер, ескі қоғамның ыдырауы мен жаңа қоғамның орнауы кезінде орын алған оқиғалар, қазақ қоғамында алғашқы жұмысшы табының қалыптасуы кеңінен суреттеледі.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

Ж 4702250201–047 / 402(05)09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978–601–200–218–8

© "Жазушы" баспасы, 2009

ПРОЛОГ

Дала. Түн. Шуылдаған дабырмен оянып, далаға шықтым. Айдың өларасы еді. Көк көрінбейді. Бұлт қап-қара. Түпсіз терең түнде тұңғиық қараңғылық қырды көптен құшағына алған. Дауыл соғып тұр. Дала дүр-дүр етеді. Әлде желдің үні? Әлде елдің үні?..

Ауыл ауыр қараңғылықта. Шу шығады. Не шу? Әлде жел қамысқа соқты? Әлде жылқышы ысқырады?..

Жел ішінен жарықшақ дауыс естіледі: не дауыс? Әлде қойшы айтақтайды? Әлде қасқыр ұлиды?..

Дауыс сыңқ-сыңқ жылағандай: бұл не? Әлде бұлақ сылдырайды? Әлде сатылған қыз жылайды?..

Әлдекім зірк-зірк етеді: кім екен? Әлде жел қаттылады? Әлде бай малшыларына ұрысады?..

Дауыс мекіренеді: әлде қой маңырайды? Әлде бақсы ойнайды?

Үн күңіренеді: кім ол? Әлде молда аят оқиды? Әлде жарлының жалғыз сиырын ауылнай әкетті?..

Ауыл шулайды: неткен әбігер? Не қораға қасқыр шапты? Не ел жігітін майданға айдауға жарлық тарады?..

Немене? Не дауыс бұл?

Бұл дауыс әлде желден шығады? Әлде елден шығады?..

Жел күшейді. Дауыл қаттырақ соқты. Аспан астан-кестен.

Дала алай-түлей. Көк күркіреді. Найзағай шатыр-шұтыр етті! Нөсер шүмектеді. Жауын төгіп-төгіп жіберді, ел сарыны сар-сар етеді. Бұл не сарын? Әлде селдікі? Әлде елдікі?

Даң-дұң, шу молайып барады... бұл не? Әлде Ертіс бұзылды? Әлде ел дүрлікті? Жоқ, алыста теңіз толқи ма? Әлде ашынғандар ұран сала ма? Әлде ақ патшаны тақтан түсірді ме? Әлде майданнан қайтқан жігіттерге ел той қыла ма?

Мынау санқ-санқ еткен кімнің дауысы? Біреу дабыл қағама? Әлде дауылпаз шақыра ма?..

Ия, ия, жақсылық! Бостандық... жел жаздікі сияқты. Мынау қыландаған таң ғой! Таң!.. Таң!..

Жоқ, жоқ... не боп кетті? Мен жаңылдым ба? Әлі таң белгісі жоқ екен... жел үйтқып, терісіне шықты. Күн суытты. Қылау ұшқындады. Қар жапалақтады. Алай-түлей боран түтеді. Қыр қараңғы. Түн түнек. Қас пен көздің арасы көрінбейді...

Не дауыс бұл? Шу күшейді. Кім ыңыранады? Кім күңіренеді?.. Көк күрсіне ме? Әлде зеңбірек атыла ма? Жер ыңқылдай ма? Әлде бомба жарыла ма?

Дала азан-қазан. Әлде жел жынданды, әлде елге жау тиді?

Дала үнілейді. Жел ысқырады. Әлде ауылдың қойын ақпен алаш әскері айдап барады? Әлде атамандар ел ерлерін атуға команда берді?..

Үн күңіренеді: бұл не? Әлде ауылды өлім басты? Әлде алаш қазіреті құран саулатады?..

Үн ыңыранады: неткен үн? Әлде атамандар мұжықтарды сойып жатыр? Әлде ауылдың қыз-келіншегін ақтар рәсуалайды?..

Үн күбірлейді: не бұл? Әлде Алаш ақсақалы батаға қол көтерді? Әлде төңкеріс ерлерінің етіне Колчак қамшылары шып-шып етеді?..

Бұл қай жер? Ел қайда? Жылы жел соқтырған жаз қайда? Таяу қалған таң қайда?

Кімдер шулайды? Не сарын?

Әлде жел қаралы? Әлде ел жаралы?..

Я сәт!

Жел оңына шықты! Дауыл қаттырақ соқты. Күркіреді. Найзағай шарт етті. Жел жылына бастады. Бұлт ыдырады. Жұлдыздар жылтырады. Уай, жарық дүние-ай! Қайдасын? Сағындық қой!.. Аспан жаланаштанды. Жұлдыз жарығы жерге түсті. Таң таянды. Көк қыландады. Ауылдың алды-арты айнала айқын көріне бастады.

Па, шіркін! Соғып тұрған жаздың желі — қоңыр ескек екен ғой! Сок, сок, алтынкүрегім! Серпе соқ!..

Қашаннан қырды басқан соқыр тұман серпілсінші! Сок, алтынкүрегім... күре даланы! Көптен көздей тесік тастамай даланы басып жатқан шірік қар көк соқталансын... сорғала жаздың жауыны... Сорғала!.. Самарқанның көк тасы жібіп, сары даланың суы сарқырасын!.. Алты ай қыстай ауырған қара жер терлеп, сел-сел болсын! Жүйе-жүйесі босасын!..

Сок, сок, қоңыр ескек! Саған төсімді ашып, бір сүйсінейін! Саған ел сүйсініп, қыр исінсін!..

Аспанның алыс жиегінде көрінген таң барған сайын жайылды. Атқан сайын қызарды. Аспанды алқызыл нұрға бөледі.

Бұл не? Неткен қызыл? Бұл қызыл жарық келе жатқан таң ба, шығып келе жатқан күн бе? Жоқ әлде көтеріліп келе жатқан ту ма? Қаптап келе жатқан әскер ме?

Я сәт! Бергейсін! Берді ғой тілекті: қызарған нұр екен! Күн екен! Ту екен!.. Ту екен!..

Ел дүрлікті. Ауыл апыр да топыр. Қорыққан да қуанған да бірдей. Ел алғашында сасып қалды. Ілгерілі-кейінді сапырылысты. Ерсілі-қарсылы ағылысты. Оттай қызыл таңға қарады. Нарттай қызыл туға қарады. Ту артындағы топ-топ қызыл әскерді көрді...

Ел үміті жарқ етті. Дауыл шақырып, бұлт қуған Дауылпаздың даусы ел құлағына санқ етті:

— Тұрыңдар! Жауды қуыңдар!..

Ел қуанышында шек жоқ. Құшағын жая қызыл туға жөңкілді. Ұрандап, шулап біздің ел де қызыл қолдың алдынан шықты. Дала дүрілдеді. Алатаудың сайынан, Сарыарқаның белінен, Арал, Балқаш көлінен, Сырдың бойынан, қырдың қойнынан өре түрегелген өңшең жалбағай тымақтар түс-түсынан қалың қолға қосылып кетті. Ел мәз-мейрам...

Қызыл қол қырға қаптады. Қызыл тулар қыр аспанында бұлаңдады. Дала қып-қызыл нұрға толды. Төңкеріс ұраны даланы дүрліктіріп, шынайы бостандық барабаны қағылды.

Қыр халқы қайнап, қуанышы көкке шарпыды. Жерді дүрілдетіп, қызыл тудың астында қызыл жорыққа бірге аттанды ел.

Уа, шіркін! Жеттік-ау бұл күнге!..

Қаптаған қызыл қолдың алдыңғы қатарында бірнеше адам көзіме оттай басылды. Өзіміздің жігіттер екен! Бес қару бойында, қызыл тудың соңында, майданның ішінде жүр екен...

— Жолдастар-ау, сендер қайда едіңдер?
— Майданда едік...
— Жігіттер-ау, сендер қашан кетіп едіңдер?
— Түнде кеткенбіз... біз кеткенде ауыл ұйқыда еді...
— Жолдастар-ау, ендігі беттерің қалай?
— Бетіміз ілгері! Ілгері!.. Жау қуып барамыз. Ел бері тартсын. Тезірек ұмтылыңдар!.. Анау қызыл туға таман ұмтылыңдар!.. Ілгері!.. Ілгері!..

Қызыл ту көкке бұлқынды. Қызыл әскер ілгері жөнелді. Біздің ел де солай жөңкілді.

Мен де ілгері ұмтылдым...

БАСТАУ

Бірінші тарау

Қоянды, жолың қатты, нанық тәтті,
Айдаймыз ақсақ қойды, арық атты.
Айдаған осы жолға кедейшілік
Арқаның арқамызға қатты батты.

НЕ ҚЫЛАМЫЗ?

Жазғы түн. Кедей ауылдың ешкі-лағы қорасында бір уыс қана болып ұйысып жатыр. Көкке тойған соң қара тіл болып көк жалаған сиырлар қазыққа байлаулы күйінде ыңқ-ыңқ етеді. Бірлі-жарым шолақ кісенін сылдыратып, ауылдың артындағы өзекте оттайды. Тәжидің көк құнаны да соның ішінде. Ит үрмей, қоңыз ұшпай, түн тып-тыныш бола қалған бір мезгіл еді. Ауылдың көбі-ақ ыстығын ішіп, отын сөндіріп, төсекке кірген. Тек шеткі қараша үйдің қай жағынан қарасаң да оты жылтылдап, әлі жатпағандығын білдіреді. Оты бір басылып, бір жанады. Бұл үйдің сауыны қоңыр сиыр мен төрт ешкінің сүті өзінен аса су қосылып пісірілген. Ол сүттің ішкенінен қалғаны топатай шелекке ұйыта салынған. Көп ұзамай бұл үй де тынышталса керек...

Жатуға ыңғайланып отырып Тәжи былай деді:

— Әркім-әркім қой алып, бағып жатқан көрінеді.

— Ей, балам-ай, бұраудың да сұрауы бар ғой. Есепсіз дүние бар дейсің бе? — деді Тәжидің шешесі Сәтбала.

— Неге, пайдасы болмаса бекерге біреудің аманатын ала ма? — деді Тәжи.

— Кім-кімдер алған екен?

— Имаш та, Сетік те, Сәрсенқұл да, Қазыбай да жиырмалап-отыздап қой алыпты. Пұшық Иса да бүгін «он сегіз тұяқ алдым» — деп айтып барады.

— Байғұс-ау, өзгенікі өзге, пұшық қайтеді оны? Біреудің малын бақпақ түгіл өзінің аяғын алып жүре алмайтын шу аяқ сорлы. «Қашарында қашарсың, лақтарында қайтерсің?» деп, алмақтың да салмағы бар емес пе...

— Қыс жақсы болса қайтеді? — деп Тәжи езулеп болмады. Шешесі аз отырып:

— Онда сенің де «алсақ» деген ойың бар ма? — деді.

— Тап «алсақ» деп жіп тағып отырғаным жоқ. Тегіндегісін айтқаным ғой... Жанның бәрі алып жатқан соң...

Тәжи от басын шұқылап біраз отырды. Оның ойға қалғанын сезіп, шешесі де жауап қайырмады. Не мезеттен соң:

— Қайдан білейін, балам, өзің білесің, — деді. Тәжи бағанадан бергі екіұшты сөзінің бір сабағын тапқандай болып сөзге кірісті:

— Апа, мен екі ойлы болып отырмын. Бірсыпыралар қой алып бағатын болып тіршілік істеп жатыр. Ал қыстай біз не қыламыз? Жер шөбі бар. Сатанды биыл біреуге жүргізбей-ақ үйде ұстасақ деп едім. Былтыр Әділханға жүргіземіз деп жегеніміз желкемізден шыққандай болған жоқ па? Не киімге, не тамаққа жарытпай, дертті болып кете жаздады. Онан да осы жұрт алып жатқан қойдан біз де алып бағатын болсақ, айына серкештен жалға жүргенінен тиімсіз бола ма деп көңіліме келеді. Тегі, ойласайық дегенім ғой...

Сатан ағасының бұл сөзін төсекте жатып тыңдады. Оның ойына әлденелер түсті:

«Үйдің іші мені Әділханға былтырғыдай жүргізер ме екен, жоқ өзге біреуге берер ме екен? Егер жүргізетін болса енді кешіктірмес кімге жүргізсе де, бірақ Әділханға бармасам екен. Ай, Әділханның үйі-ай! Татты-ау таңдайға... Біздің үй мына қойды алатын болса, онда менің өзге біреуге жүрмегенім ғой... үйде боламын да. Үйде болсам жақсы болар еді. Егер бұл қойды алмаса, онда Сатан бұл үйде отыра алар ма екен? Қысқа қарсы біреуге ақыр жалдайды ғой... Онсыз біздің үйдің лажы бар ма?..»

Сатанның үйінен ұзап шығып, жігіт болып жалшыға жалданғаны өткен жылы ғана. Ол Әділханға жүріп, қой баққан. Бақ қанда, тек аты қой бақты ғана болмаса, қоймен қоса талай ауырлықты көтерген. Толып жатқан қызметтерді атқарған болатын. Алғаш кісі есігіне жүрген жас жалшыда қақас ой, қалытқы мінез бола ма? Бас білігі тайлақтай

бала қойшыны көрінген кісі жұмсап, мейлінше мінген. Ерте өргізіп, кеш қайтаратын үш жүз қойдан басқа суға да, отынға да, ауылдың атын суғаруға да, күл шығаруға да, итке тамақ құюға да үлгіретін осы Сатан еді. Әсіресе төренің тоқал қатыны бала қойшыға жайсыздау тиген. Сөзге ілінісіп биржола иықтап алған. Тіпті, кейде тарылып кеткенде «әкеден жібереді» дегенді де сырттан естіп, Тәжи інісінің алты айдан әрі қалуына ырзаласпай, қой қоздап болған соң Сатанды үйге шығарып алған.

Сатан содан бері үйде. Екі айдан бері мойны босап, ерте жатып, кеш тұрып, кедей кербездіктің біразын істеп, домбыра тартып, ауыл қыдырып, аунап-қунап, көңілі көбеңсіп қалған еді. Сүйтіп жүрген Сатанға Тәжидің тағы қылтылдатып отырған міне бір «қой алу» деген сөзі бостаншылығын тағы жойып, басын байлайтын сияқтанды.

Бірақ ол қанша ойласа да өзін енді ойынның баласы емес, жұмыстың жігіті деп сезе бастаған еді. Тәжи ағасы тағы біреуге жалдап жібермей, мына қойды алып бақтырса, қайта Сатан жанына жағымдырақ тимекші. Онда Сатан үйде болады. Біреудің отымен кіріп, күлімен шықпайды. Киім-кешегі жаман да болса, жыртық болмайды. Мынау шешесі жыртылған жерін бүтіндеп отырады. Төңіректегі үйір құрбыларымен бірге болады. Сондықтан Тәжи мен шешесінің қой туралы сөйлескен сөзін Сатанның құлақ түре тыңдайтын қисыны бар еді. Ол сөз аяғы неге соғар екен деп ентелене тыңдады.

— Сонымен біз де қой алып бақсақ дейсің бе? — деді шешесі.

— Менің ойым осыған құлап отыр, ақылдасқанымыз ғой, апа, — деді Тәжи.

— Сатанның үйде болғанын мен де жек көрмеймін. Өлім бар да қаза бар... бір жерде болғанға не жетсін? Жалғыз-ақ менің ойыма келетіні — алған аманат қойды аман-есен бағып, қыстан шығара аламыз ба?.. Жауға, жұтқа ұшыратып, борышқа байланып қалмасақ деймін...

— Менің алғым келеді. Көппен көрерміз, апа, жұрт алып жатыр ғой...

— Өзің білесің, балам, — деп шешесі түндік жабуға тұрды.

Сөз тұжырындысы болған сияқтанды. Тәжидің ақылдасатыны шешесі еді. Шешесінің «өзің білесіңі» — қойды «алсаң

алдың» ырзалығы еді. Мұны Сатанның іші сезді де, бүркене беріп жымың етті.

Алакөленкелі түндегі оттың жарығындағы кедей үйдің қабағын салбыратып ойға қалдырған «не қыламыз?» Сәтбала кемпір бақанының басына ілініп көтерілген түндікпен бірге бұрқ етіп тысқа шығып, тыныс бергендей болды.

От сөндіріліп, түндік жабылып, үй іші үйқыға кетті.

АҚ ВЕКСІЛ

Таң атты. Күн шықты. Ауылдың азын-аулақ қой-ешкісі, артында қалған қозы-лағына маңырай-маңырай өріске кетті. Ауылдан аяндап шыққан сиырлар қоқтыларға түсіп, қияқтарды ұзын тілімен орап бауыздауға кірісті. Қоңыздар дырылдап ұшып, шыбындар бықылдап, жан-жәндік тіршілік талабына ұмтылды. Топатайдағы шалап-айранның беті ашылып, тостағанға құйылып, караша үйдің іші ораза-сын ашты.

Күн шығысымен-ақ жалақ жауырына үймелеген шы-бын-шіркейдің әлегінен сипанып оттамай қалған көк құнан-ның кісені алынды, үстіне ер салынды, оның белуарына міні-п, тарс қамшыланып Тәжи тағы жәрмеңкеге жөнелді. Біраз жүрген соң ұзын жолға түсті. Базарға бара жатқандардың біріне-бірі қосылып, біреулер озып, біреулер кейіндеп, жәрмеңке жатқан жердің кезеңіне шықты.

Тәжи қырсау көк құнанмен кезеңге шыққанда, жәрмеңкенің қайнап жатқан кезі еді. Кең алап. Жан-жағы қоңыр-қоңыр белең, аяқ жағы жарқыраған үлкен көл. Көлді айнала жапырлай қонған ел. Жәрмеңкенің өз көрінісі мына белдің үстінен қараған Тәжиге жылқының иіруіндей қай-нап жатқан қара құрық жиын екендігі ғана байқалды. Ор-тасында ағарған шатыр үйлер, жыпырлап тігілген үй, ұзын сырғауылға орнатқан жәрмеңкенің жасыл ала жалауы ғана алыстан көзге айқындап көрінді.

Тәжи көк құнанды тебіне-тебіне жәрмеңкеге кірді. Ерсілі-қарсылы жосылған аттылы-жаяу, арбалы кісі, то-пырлаған төрт түлік мал, ағылып жатқан жүкші, жүргінші жол бермейді. Жәрмеңке шаңы аспанға шықты. Көшелеп тігіп тастаған үйлер, шатырлар, есіктерін ашып тастаған үлкенді-кішілі үңірейген лапке, дүкендердің үңірейген түрі Тәжилерді «көк құнаныңмен қоса жұтам», — деген жалма-

уыз сияқты. Түйе бақыртқан, тері сүйреген, аттың тісін ашқан, қой қосақтаған, кездеме кездеген, бақал қыдыртқан адамның алыс-берісі құжынап, бейне қара құрттың ұясын еске түсірді.

Тәжидің күнде келетін базары бұл. Бір тиын саудасы болмаса да, көк құнанмен күнде осында келмей көңілі көншімейді. Ол біресе мал базарына барады, біресе үлкен магазиннің ішіне кіреді. Біресе қымызшыға кіріп, біреулермен дәм татысып қалады. Біресе көк құнанның үстінде ұзақ күнге салбырап жүреді де қояды. Ерні кебірсіп, кешке шейін қаңғырады. Тәжидің базарға келгендегі ең керекті нәрсесі — қымыз бен насыбай. Кейде осы екеуіне де ақшасы болмайды. Ақшасыз кісінің базарда маса құрлы қауқары бола ма? Қым-қиғаш қырғын соғыстың ішіне құр қол кірген кісідей көрінгенге көзтүрткі, мүгедек адам бола-ды да қалады. Тәжидің көп жүрісі осы. Тек сорлы көк құнанды күнде оттатпай, көзі сүзіліп, кешке үйіне қайта-ды. Бұл бір Тәжи емес, сол төңіректегі көп қазақтың күні сонымен өтеді. Тәжи бүгін базарға бос келген жоқ. Өзінше үлкен жұмыспен шыққан. Сондықтан ол бүгін күндегідей көшенің келген жерінен салбырап жан-жағына қараған да жоқ, құнанды қузай қамшылап, тура базардың шетіндегі әдемі ақ үйлерге, абылайшаларға таман тартты.

Бұл қатар Жетісу байларының жатқан үйлері. Жылда Қоянды жәрмеңкесінің базарын бермейтін Матайдың бай-лары: Сарман, Ырысбек тұқымдары — осы қостар. Байлар-дан Қапалдың Шаяхметі, Шұбарағаштың Құсайыны, Ақсу-дың Абырамы, Қызылжардың Сүлеймен, Сыдығы — бәрі де өңшең қу мүйіз саудагерлер, қойлы көпестер. Жәрмеңкеге түскен жүн-жабағы, қыл-қыбырдың қожайыны осылар. Тәжи осылардың алдынан көк құнанмен көктей өтіп, Шал-матайдың қосының артындағы мама ағашқа келіп торс етіп түсе қалды. Атын байлап, қостың алдындағы кездеменің ортасында кеңірдектеп отырған көп кісінің қасына келді. Жайғандары қағаз, қаққандары шот, көпке шейін Тәжиді ескерген кісі де жоқ. Ол көзі жаудырап есік сыртында отырды да қалды. Осы кісілердің барлығын да қабағына қаратып, жастыққа шынтақтап, шот қағып жатқан жасыл барқыт та-қиялы, арық қара сұр саудагер қазақ — Тәжидің іздеген ада-мы осы еді. Оған жұбаптаса алмаған соң, оның аузының бо-сауын күтті.

Көп күттіріп, мырза далаға шыққанда, Тәжи жұмысының сәті түскендей, сөйлесуге айналды. Сәлем берген соң, сағат бауы салбырап тұрып, құсырылған танауымен тыныстап, сұр қажы Тәжидің сөзін тыңдады:

— Мен сізге келіп едім.

— Кімсің?

— Қаракесекпін. Ауылымыз осы тұста болады. Әділхан төрелердің жақынымыз.

— Не жұмыспен?

— Нашар адам едік. Әйтеуір, «балдан тамады, байдан жұғады» дегендей, сіздерді тыныс көріп, үйден аяндап шыққаным...

— Не қажет?

— Біздікі-ақ кедей қарекет қой... Сіздер аманат бағуға қой қалдырып жатыр деген соң, жұрт қатарлы мен де азын-аулақ қой алып бақсам деп едім...

— Жерің қандай?

— Жеріміз шұрай, мынау көрінген кереге қоңыр тау. Қыста қар жатпайды. Күнгейдің бәрі жайылыс болады... — деп Тәжи қолымен тауды нобайлай бастады.

— Кепіл табамысың?

Тәжи бөгеліп қалды. «Кепіл» деген салғаннан Тәжидің ойына оңай түсе қоймады. Бұған кепіл боларлық кісі кім? Әділхан ба? Нұрбек пе? Олар қалай кепіл болсын?..

Бай сөздің соқасын өзі түзеді:

— Сенің әкең аты кім?

— Бөлеген. Менің әкем сіздерге дәмдес болған, сіздердің малдарыңызбен әлденеше рет осы Қояндыға келіп жүрген... Әкем марқұм сіздерді аузынан өлгенше тастамай кетті ғой...

— Е, сен шұбар Бөлегеннің баласымысың? Білеміз әкенді. Байғұс адал адам еді. Сен неше ағайындысын?

— Екеуміз. Ер жетіп қалған бір інім бар.

— Егер кепіл таба алмасаң, былай да азырақ мал қалдыруға болады. Бұрын дәмдес болған адам екенсің...

— Өзім де соны тыныс көріп келіп едім.

Расында Шалматайдың кепіл сұрағаны — бергенін бұлдап беретін әдісі еді. Ол Тәжиден кепіл сұрап, қой беруді қиындатпақ түгіл, қалайда қойын аманат бағуға үлестіруге өзі де ниетті. Байдың аманатқа беретін қойы да оншалық құнды қойлар болмастан, базарға жарамай қалған ақсақтоқсақ, ауру-бұрақ қойлар болатын. Байлар мұндай қойларды жылдағы жәрмеңке тарқарда аманатқа алушылардың аты-жөнін жаздырып, нотариус алдында бағам деген кісіге ақ вексілдеп бере беретін.

Жәрмеңкеге қойды көп әкелетін көпестің бірі — осы Шалматай. Тиыннан тиын тұғызған қутұяқ саудагер. Бұл жәрмеңкеге жылына жетпіс мыңнан кем қой салмайды. Ол қойлар қалай құралады десеңіз — тарау-тарау жолдармен келіп жиналады. Бойдақтың бірсыпырасы қолма-қол ақшаға алынған. Ол ақша түрлі алушылардың қойны-қонышында жүріп, талай елді аралаған болады. Әрине, ондағы қой алынған баға — мұндағы бағаның үштен біріне де жетпейді. Қойдың енді бірсыпырасы — қажының қос-қос қойының қозысынан өскен бойдағынан құралады. Қойдың енді бір тобы — өткен жылғы сауданың несиесінен жиылады. Қойды жаз шығарып беруге кездемеден, шай-қанттан, бас, ұлтаннан бай несие берген болады. Қойдың төртінші түрлісі — «қызыл қозыдан» құралады. Ол «қызыл қозы» дегеніңіз — тумақ түгіл, әлі күйегі алынбаған қошқардың беліндегі қозыға байлар теңгелеп-тебендеп ақша берген болады. Ол ақшалар өзінен-өзі қоздап, бұзаулап, мал боп, Шалматайдың жәрмеңкеге айдар кезінде маңырап, мөңіреп, жидашының алдына түседі. Одан арғы қойлар кезден кертіп жеп, қолма-қол сатқан товардан, даудан өнген, көпиелі малдан, бірі екі болып өндірілген тілхаттан, айып-анжыдан, күнде балалаған парадан, қойшы-қолаңшының ақысынан, тағы-тағы басқалардан сәті түсіп, өніп, қорланып, қой болатын еді, бұл қойлардан басқа мыңдаған ірі қарамен, банкені буындырған ақшамен, тері-терсекпен, жүн-жабағы, қыл-қыбырмен келіп, Шалматайлар осы Қоянды жәрмеңкесіне килігетін еді. Жәрмеңкеде жаздай жатып, малын саудалап, базарды қолдан таратып, көп товармен Шалматай сықылды Жетісу байлары кейін қайтатын еді. Қайтарда саудадан бұрақ қалған ақсақ-тоқсақ, ауру қойларды ондап-жиырмалап, Қоянды маңындағы елге ақ вексілдеп тарататын еді. Мына Тәжидің Шалматайға келіп, «аламын» деп өтініп отырған қойы осындай брак қойлар еді.

Тәжидің жолы болды. Шалматай бай «кепілсіз-ақ жиырма қой берейін», — деді. Аяғы құрттаған ақсақты, күркілдеп жөтелген көксауды бағып-қағып, жұттан аман, жаудан түгел келесі жәрмеңкеге сатылуға дайындап тұруға Тәжи міндеттенді. Қой жоғалса, өлсе — төлеулі. Байдың бұл

қойлары суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын бір жаны темір қойлар болды. Бұл қойлар ақ сүйек боп жұтатқан қысты да қыстырмайды, топаландатып ауырмайды да, қасқыр жесе де өлмейді. Ұрғашы қойдың өсімін және санайды. Ақ вексілмен құны кесулі тұр.

Ал Тәжидің вексілді қойды баққандағы ақысына алатыны үш қой және қойдың күзгі жүні. Осындай шартпен Шалматай әлденеше жүздеген бұрақ қойды Қояндының айналасындағы арғындарға таратып болып қалған еді.

Шалматай Тәжиге довернейін қосып нотариусқа жіберді. Аузы астығын алған ұрадай опырайған кәрі нотариус Тәжиден аларын алып, жиырма қойды ақ вексілге қондырды.

Тәжи іс біткен соң Шалматайдың өрістегі қойынан қой алуға, көк құнанға ашасын артып, қырға шықты.

БАЙҒА НЕ АЙТАМЫЗ?

Тәжи ауылына қайтып келеді. Өңшең ақсақ, соқыр, тентек, көнтек, құрттаған қойлар жолда жүрмей көп азап шектірді. Ақсақтың аяңымен отырып, ымырт жабыла ауылына азар келді. Байдың базар сілікпесі өңшең сұңқадам қойлардың түрінен Тәжилердің бес-алты ешкі-лағы пысқырып, біраз жатырқасты. Сөйтсе де есік алдындағы қой басы құралып, қараша үйлердің қорасы қорланып қалды.

Тәжидің үйіне қоймен бірге азап та келді. Сатанның шешесі сол түннен былай түнгі күзетке белін буып кірісті. Таң атқанша кірпік ілмей, жұлдыздарды батырып, таңды атырып, күнді көзінен шығарды. Күндегідей мамырап жатқан Сатанды оятып:

— Тұр, қарағым, тұр! — деп күндегісінен ерте оятты. Сатан ұйқылы көзін аша алмай:

— Апа-ай, кішкене қоя тұршы! — деп маужырағаң еді, шешесі:

— Тұр, созылмай: «белгілі қойшың жоқ болса, белінді бу да қойға бар!» — деді. «Қой» деген сөз ұйқыны шайдай ашып, Сатан салбырап түрегелді.

Содан былай Сатанның күндегі күні осылай болды.

Сатан аманатқа алған брақ қойларды жаздай бақты. Міне, жаз өтіп, жер шөбі құрап, күз болуға да айналды. Қойдың саны барған сайын құлдырап, азая бастады. Аз ғана қойды айналдырушы көбейіп, басына қарай шығыны аз болған жоқ.

Тәжи, Сатандар қанша қақақтап, аманат қойдан қорқып, жаны қасам болса да, қой басын аман сақтай алмады. Ойдағы жоқ жерден пәле-қазаға ұшырап, жөні табылып кете барды: алдымен тығыршық мүйіз құрттаған көк тұсақты сиыр сүзіп өлтірді. Боз ісекті қасқыр жеді. Ала саулықтың желіні ісіп, жарылып, жаздай құрттап, қатып барып өліп кетті. Күзге таман үш қойды, Тәжидің сиырын қоса, ұры әкетті. Кер қасқа тұсақ қақтығып, Әділхандардың қойына кетіп қалып, аяғы ол да табылмады. «Сірә, жеп қойған шығар» — десті. Ел күземін алып жатқанда Сатанның шешесіне сүзек сап ете түсіп, өлім аузынан қалған соң көнтек көк азбанды қалжаға жеп көтерілді. Көп жылдар көрмеген Тәжидің заводтағы қарындасы амандаса келген соң, оған тышқан мұрнын қанатпай қалай отырсын, солтақ ісек соған сойылды. Екі қойды шаңырақ ақшадан қысылған соң Тәжи қалаға апарып сатып, рамат ақшасын төледі. Қыс келген соң қазақ тілін тістеп қызылсыз отыра ма? Тентектен жазылған көк төбел құнан қойды Сатан үйі сорпаға сойды. Сүйтіп, қой алғаш қолына келгенде қалтырап күткен Тәжилер барған сайын еті үйреніп, қорадағы қой қолдағы ақшамен бірдей болып, ақ вексіл екендігі естен мүлде шығуға айналған еді.

Сонымен Сатан жайған жиырма бұрақ қойдың жан-жағынан тиген қасқырдың тісі, ұрының қолы, қонақтың пышағы, ауылнайдың мөрі, аурудың шығыны, қыстың алламаны — бәрі араласып, бұлар қыстан үш-төрт-ақ қой алып шықты. Сатан үйінің мұндай аманат малды азайтып алғанына көңілдері қатты қабаржып, байға қалай есеп берерін білмей қысылатын еді.

Жәрмеңке ашылып жатыр, енді байдың адамы келеді. Тәжилерден қойын сұрайды. Қойдың орны жоғын қайдан табады? Немен толтырады? Бәрінен бұрын ұяты қиын! Өткен жылғы қолқалап сұрап алғандай болған аманат қойды жыпжылмағай жеп қойған сияқты болды-ау. Қалдырған қойдың бәрі ауру-ақсақ, жаман бұрақ екені бай есебіне енді кірмейді. Вексілдегі шарт бойынша санап отырып, Шалматай малын толтырып алады. Бірақ Тәжилер оны немен толтырады? Байдан қалай құтылады? Әсіресе қара сұр мырзаға қой туралы Тәжи не айтады?

Міне, жаз жақындаған сайын Тәжилерді осы толғақ қысты.

БҰРАҚТЫҢ СҰРАҒЫ

Тағы жаз шықты. Көк желкілдеп, мал төлдеп, дүние тағы гүлдеуге, өсуге, масайрауға қол қойды. Қоянды жәрмеңкесі басталатын мезгіл жақындап, жан-жақтағы ел жыбырлай бастады. Тек бұл жәрмеңкені жыландай жек көретін үй — ол да Тәжидікі еді. Жақсы-жаман «жәрмеңке ашылады» деп құлағын түріп, қуана сөйлесе, Тәжидің үй іші жәрмеңке жақындаған сайын толғағы жиілеп, жанына бата бастаған. Сор орнап, қырсық қаптап, берекесін кетіретін сияқтанады. Ақ вексілі жаландаған сұр мырза, айдаған шабарман көздеріне елестейтін еді.

Көп ұзамай жылдағы мезгілінде жәрмеңке ашылды. Шалматайлар былтырғыдан бес-он күн бұрын да келіп қалды. Келісімен жан-жаққа жидашы шаптырып, есеп кітабындағы ақ вексілдің аманат қойын жидыруға кірісті. Мұндай жидашының бірі мойнындағы сөмкесін салақтатып Тәжидің үйіне де келіп жетті.

Тәжи үйде еді:

— Аманат қойды айдап жеткізіп беріңіз... Базардың алдыңғы қатарына қажы қойлары түспекші, — деді. Бұған Тәжи недәуір күрмеліп тұрып:

— Қолдағы барын айдап жеткіземіз, бірақ бай алдында үлкен ұяттымыз. Қойы түгел емес. Азғана қойдың шығыны болды, — деп күмілжітті.

— Барын жеткіз! Қалғанын бай алдында жауабын айтарсың! — деп жидашы жігіт жөнелді.

Бірақ Тәжи бай алдына бара алмады. «Не болса да болары болды» деп, қалған төрт-бес қойды шошайтып айдауға дәті шыдамай, үйінде жатып алды. Бұл арада бірнеше күн өтіп кеткен соң және қой хабарын толық естіген Шалматай Тәжилердің ауылнайы арқылы повестка жібертіп те үлгірді. Тәжиді повесткамен ауылнайға айдатып алып, бай алдына келген Тәжиге қаһар тікті:

— Сен қойды құртқаныңнан бұрын келмей жатып алғаның қай менмендігің? — деді.

— Ой, байеке-ай, нашар адамбыз ғой, келгеніміз-ақ осы болды.

— Мен үшін нашар болыппысың? Кәні, осы жерден табан аумай, қойды түгенде, әйтпесе жегеніңді желкеңнен шығарамын, — деп зірк-зірк етті.

Тәжи құрдай жорғалап жерге кіріп кете жаздады. Ол байдың бетіне қарай алмай, жер шұқи берді. Тек міңгірлеп айтқаны:

— Бай, біз сіздің малдың күтімінен аянғанымыз жоқ. Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей бақтық, қақтық, қайтеміз, дертке ұшырады, қасқыр жеді, ауру алды, жұт болды... Әйтеуір бүгін сіздің алдыңызға абыйырлы болып келіп отырғанымыз жоқ. Оның несін айталық. Қолымызбен істегенді мойнымызбен көтереміз де; не қылсаңыз да біз өз нашарыңыз. Не қылып алам десеңіз де біз қолыңызда, — деп Тәжи Шалматайға жалынып жік-жапар болды.

Бай көпке шейін ілікпеді. Тәжиді артынан көп ергізді. Араға кісі салғызды. Аяғында ырғаса келе Тәжи бар қойды беріп, жоқ қойды төлеу туралы мынаны айтты:

— Жалғыз көк құнаннан басқа берерім жоқ. Мұны алам десеңіз — дайын.

— Көк құнаныңды үш қойға да алмаймын. Жеген қойларыңның біреуінің екі-екі қой болғанын есептемеймісің?

— Құнанды сатып төлейін.

— Қалғанын қайтесің?

— Ер жеткен інім бар. Қызмет қылып өтесін...

Қажасып отырып, осыған бай азар көнді. Тәжиді нотариустың алдына алып келіп, ақ вексілді қайта жаңалатып, Тәжиге қол қойдырып, бекіттірді. Істеген шарт: жігіттің айы үш сом, көйлек, дамбал, етік, шалбар, бір қабат сулық бермекші. Бағатыны қой.

Сөз осыған байланды. Тәжи үйіне келіп, аманаттың аяғы немен тынғанын естіртті. Бұрын қасындағы Әділхандарға жүргізуге алыс деп үйінен шығарғысы келмей отыратын Сатанға Жетісудың тұз-дәмін татуды жазған екен ғой деп, шешесі көзінің жасын іркіп алды.

— Қой, апа, құдай жанымызды тірі қылсын, борыштан құтылайықшы, — деді Сатан.

Ертеңіне Сатан шешесімен қоштасты. Тәжи көк құнанға мініп, Сатан жаяу, қалған бес қойды айдап, базарға келді. Базарда кешке шейін тұрып, көк құнанды бес бойдаққа айырбастады. Тәжи ер-тоқымын арқалап, екі жаяу алдына он шақты қой салып, байдың қосына келді.

Шалматай кешегідей емес, қабағын жазып қарсы алып, Сатанды қой басына жіберді.

Тәжи ер-тоқымын арқалап үйіне қайтты.

329116

ЭНЦИСТИ ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ

ҚОЙШЫЛАР ҚОСЫНДА

Көкқия бір құтты тау, күні маужырап, күнгейіне асықтай қар жатпайды. Шөбі шүйгін болады. Бозғылға семірген қойдың сүбесіне пышақ жетпейді. Қашпаған тоқтысы қалмайды. Бойдақ қой қыстай ойнақ салып шығады.

Әсіресе Көкқияның қысы биыл төтенше жақсы. Міне, наурыз таянып келеді, әлі ың етіп боран соққан жоқ. Жердің шаңы бұрқырайды. Осы таудың сай-сайының бәрі қора-қора отар, байлардың қойы. Күйлі қой арамза қоздап, қойшылар уыз ішіп жатыр.

Сатандардың қосында төрт жігіт. Қатар екі қора. Мың қой. Төрт жігіттің екеуі қойшы. Біреуі бақыршы, бірі Сатан — ол қора күзетеді. Қасқыр қатты. Кейде айқайлап тұрғанда қораға қойып кетеді. Сатан шиті мылтықты қолына алып, айтақтап, түнімен қораны айналады да жүреді.

Сатан күзетке шыққанда, айналасындағы үңірейіп тұрған құз-құз қоңыр таудың ішіне жан кіргізеді. Оның сұңқылдатып салған әні, созып айтақтаған әдемі даусы қоңыр тауды күңірентіп, сыбызғыдай шығады. Ол айтақтағанда жәй «айт-айт!» дей салмай:

— А-а-йт-а-а-й-а-ай! — деп қоңырлатып бастап, шырқатып көтеріп, төмендетіп түсіріп, қоңыр қайырыспен жайлап тоқтатады. Мұның бұл айтағын естіген құлақ тағы-тағы дегендей, тыңдағысы келіп сүйсінетін еді. Айтақты Сатанша саламыз деп әуреленіп, тамағын жыртатын қойшылар да аз болмайтын. Ол сол көркем даусымен таудың тыныш түндерінде құзды жамыратып, тауды жаңғыратып, жақсы-жақсы әнге салып, көңілін көтеретін еді. Ол көңілін көтергенде — шерін шығарып көтеретін еді. Сатан міне, шерін шығарып, қораның желкесіндегі шоқы тастың үстінде тұрып, әнді соқтырып тұр.

Қоянды, жолың қатты, наның тәтті.
Айдаймыз ақсақ қойды, арық атты.
Айдаған осы жолға кедейшілік,
Арқаның арқамызға қатты батты... —

деген сияқты өлендерді Сатан ойдан да соғады. Домбыраны да қоңырлатып жақсы тартады. Арқаның атақты

әншілерінің әндерін олардың өзінше сала алмаса да, ізінше сала алады.

— Ей, Арғын, қақсамай мұнда кел! — деді қостан Жамантай деген шал қойшы.

— Е, не бар? —деп Сатан дауыстады.

— Жүр! Жүр деген соң жүр!

«Бұлар не айтады?» — деп Сатан қосқа келді. Онда кеше қасқыр тамақтаған үлкен құнан қойды қазаншы ұстап тұр екен:

— Ыллай омим! — деді.

— Әй, бұларың не?

— Мұнымыз осылай, соямыз... сенің сорпа ішкің келмей ме?

— Әй, сендер өлмейтұғын қойды неге соясыңдар?

— Неге өлмесін, қазір өлтіреміз! Көп сөйлемей бата қыл! — деді Жамантай жалмаңдап.

Сатан арғынсынып қойға бата қылды. Қойшылар алып ұрып бауыздап, союға кірісті.

— Бұйырған малға тіс тисін деген, жарықтық осы мынның ішінен бізге бұйырғаны да... Жолың болғыр көксерек анда-санда өстіп соғым сойып беріп тұрса, бізге сірә теріс болмас еді-ау, — деді Жамантай.

Сатан қойға бата қылып, қайта далаға шықты.

— А-а-айт, а-ай-й! — деп созып, бунақтатып қайырып, шоқы тасқа мініп отырды.

Қой сойылып жатқан қостың оты анда-санда жалп етіп шаңырағынан шығып, жалындап басылады. Сатан әр түрлі ойда:

«Мыналар әлгі қойды бекер сойды-ау. Тіпті өлетін қой емес еді. Сылтауы — қасқыр тамақтаған; оттай алмай өлді» деді. Оны олай емес деп байдың алдында куә болар кім бар? Бүйтпесе жалшы бола ма. Байдың жалшыға сенбейтіні, жалшыны жарытпайтыны да осы-ау. Мейлі, не болса, о болсын! Қыстай етсіз болғанымыз жоқ. Қара қостағы қойшылардың қолынан бұдан басқа келетіні жоқ та ғой...»

«...Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ... екеуін аңдыстырған құдайым-ай...» — деген осы да. Қалайда тамағымыз тоқ...

Осыны ойлап отырып ол айтақтап қояды. Оның ашық даусы сүт пісірімге созылып, сырнайша сылдырайды. Оның аузы ғана айқайламайды, оның аузы айтақтағанда ойы әлде-

қайда! Арқаның белес-белес жерлерінде, орқаш-орқаш тауларында болады. Ол арқа туралы, елі туралы көп өлең шығарды. Ол өлеңдерін жақсы, сазды әндерге салады. Ол әндерді өлеңімен талай адам тыңдап, талай адам таратып алып кетті. Оның көп өлеңінің бірін Жамантай жаттап алып, ылғи ыңырсып жүретін:

Айрылдың Сарыарқадан, Сатыбалды.
Тәжи ағам хат-хабарсыз жатып алды.
Сарыарқам жерін басып, суын ішкен,
Ақ вексіл, амалым жоқ тартып алды... —

деген еді.

Сатан Көккиядағы қысты таңды күзетпен, күзет өлеңдерімен өткізді. Ұзақ таңдағы күзетте отырып ол нені ойлайды:

«Өлмеген құлға бәрі жақын. Міне, аздан соң қар кетіп, жаз шығады. Қой қоздап, құс келеді. Күн қызып, көк жетіледі. Ел айран ұйытады. Бір жылға деген ақ вексілдің күні де толады. Қоянды жәрмеңкесі және басталады. Жәрмеңкеге байлардың малы айдалады. Сол малдармен бірге Сатан да, жаны аман болса ілесіп, Сарыарқаға қайтады. Уа, шіркін Сарыарқа-ай! Бетегесі көк шашақтанып, сандал таулары көк ала жасылға оранып жататын еді-ау! Әттең дүние-ай! Ұшарға қанат болсашы!» Міне, Сатан осыны ойлады.

БАЙДЫҢ ҮЙІНДЕ

Жаз биыл ерте шықты. Көккияның тауы көктеп те қалды. Күйегі біткен қойлар құралайдың салқынында қозыны төге салды. Етектің де жерінің сағыры ширап, таудың тобылғысы көктей бастады.

Сатан салып ұрып, Сүттігеннің сазындағы Шалматайдың ауылына келді.

Шалматай ауылы әлі тамнан шықпапты. Қысқы көк үйлерінде екен. Қойдың қосынан мінген сарыала шолақты қораға байлап, байдың шатырлы көк ала үйінің алдына келгенінде, Сатанның мұрнын ас үйдегі сорпа-судың иісі жарды. Сатан сонда кірді. Ысылдап-пысылдап, қазанның астындағы қамыс отынды бықсытып жатқан қарамайлық малайдың қасына келді. Бұл қазаншы еді:

— Қажы үйде ме?

Ол Сатанға жауап беріп үндеспек түгіл, бетіне де қарағаң жоқ. Тек қазандықтың астына тыққан қамысты сырғыштап отқа қарай қузаумен болды. Сатан үндемегеніне ерегіскендей «Мынау не қылған паң неме еді? Сорпаға семірген кісі сұраған сөзге жауап айтпай ма екен?» — деген көңіліне келіп, қазаншының иығынан тартты. Ол Сатанның бетіне қарағанда түтінге ысталған күйген сабадай көн бетіндегі қызыл ала көзі алайғанда Сатан сескенейін деді.

— Бай қайда? — деуге аузы келді.

Қазаншы баяғы қалпына түсіп, бір ауыз сөз қатпастан қамысты қузай берді. Көп кешікпей Сатанның түсінгені «сорлы, тас керең, тілсіз, мылқау екен!»

Сатан есік алдына шығып отырды. Ас үйдегі майлы сорпаның буы бұрқырап, қара малай ысылдап, қазандар бұрқ-бұрқ қайнап жатыр.

Ас үйге қарсы үлкен сырлы көк ала үй. Үлкен-үлкен ақ айна терезелер. Жез тұтқалы сырлы есіктер, жасыл ала басқыш, жөпшенді адам кірем деуге қорынатындай. Ақ бұйра шалыны пұшпағынан түсіре жамылған бәйбішелер жез құмған алып, дәретке барып жүр.

«Ой, дүние-ай, — дейді Сатан. — Құдай бұл байлардың алапатын артық жаратқан адамдар ғой. Салдырған салқын сарай үйлері мынау, Көккиядағы қойлары анау, қала, жәрмеңкедегі саудасы анау. Құдай бұларға бұ дүниені ғана емес, о дүниені де берген ғой. Өздері мешіттер салдырып, имам ұстайды. Мына бәйбішесімен Меккенің де жүзін көріпті. Дәретке құманмен баратын таза бәйбішенің дұғасы қабыл шығар.

Қайтсе де бұлардың міні жоқ-ақ. Бұлардың шарасын құдайекеңнің өзі кең шапқан соң, әрине, осылай болады... Арғын, найманның кедейлері осылардың қойын бағады, жылқысын жаяды, сиырын сауады, қазанын ұстайды, қорасын күрейді. От жағып отырған мылқаулардың тұрпаты мынау. Сорлының етінде жейдесі де жоқ. Бұл өмірінше осы отты үрлеумен өткізген шығар. Өзі көксау, күрк-күрк жөтеледі. Бұл сорлының сүйегі осы ошақтың аузынан бірақ шығады ғой...

Бұл не қатын аламын, не мал жиямын, не бір жылқы мініп бір танысыма барамын демейді. Түннің жарымынан от жағады. Түннің жарымында отты сөндіреді, бәлкім

сөндірмейді. Өміріне от жағады... Осылардың отын үрлей-үрлей өз өкпесі өшеді... Бұл байға қандай жағымды?

Әрине, бұл сорлыны да осылай болу үшін Құдай кемтар қылып жазған шығар...»

Сатан ол арадан кетіп, бір айналып қайтып келді. Енді не де болса көк үйдің өзіне кірейін деген көңілге түсті. Аяғындағы үлкен етіктің балшықтарын тазалаған болып, биік басқышпен ұстанып, жоғары өрледі. Жез тұтқалы есікті ептеп ашқанда, басындағы күйе-күйе сүмтиген арғын тымағын ұсынып үйге кіріп те кетті. Тар коридор, бір есіктен бір есікке сүңгіп, кірген есігін де ұмытып қалды. Ол қай үйді ашса да жайнап жиылған жасау, үлбіреген шымылдық — бәрі де Сатанға «кірме!» дегендей кеудесінен итерген сияқтанады. Сатан қыдырыстап келіп бір есікті ашып қалғанда — зал үйдің ішінде кісілер лық толып отыр екен. Отырған кісілердің бәрі де асыл жиһазға бөленіп отырған ертегідегі жынның халқындай көріне кетті. Бұл адамдар көк үйдің қонақ залында жайған кілем, жайнаған жасаудың ішінде сары ала қазылы табаққа сыбанып кірісіп жатқан кезі еді. Жанның бәрінің көзі Сатанға қарай қалғанда, Сатан солбырайып тұрып қалды.

— Қайда барасың, етігіңмен кезіп? — деп шаңқ ете түсті.

Сатанның етігі ескі болғанмен, арқаның кең қонышты саптамасы еді. Бұл етікті жаңа күнінде Тәжи біреуден тамыр болып қалап алып, төрт-бес жыл киіп тоздырған соң, байға жүрерде Сатанға жаматтырып берген.

Сатан сасып қалды. Ол мұнда қалай кеп қалдым?! Қайда барамын дейді... «Байда жұмысым бар еді» десе, оны осындай уақытта іздей ме? Әлде тіпті Сатандар сияқты кісілерге мұнда кіруге болмайтын шығар. Бәйбішенің «етігіңмен кезіп» дегені — «шешіп кірмедің» дегені ме екен? Өзім де мына етігіммен мынау таза дүниесін былғап тұрсам керек... Ал етігімді осы жерге дереу шешсем бе екен?.. Шешкенде шұлғауыммен қалам ба, жалаң аяқ аяғым қай таза болып тұр... Шешкен етігімді қайда қоймақпын...» деген сияқты сасқалақ ойлар бір минуттің ішінде Сатанның ойын ұйқы-тұйқы қылды. Тез бойын жиып, буынын бекітіп алып:

— Бәйбіше, байда бақыршылығым бар еді, — деді.

— Кімсің өзің? — деді жылан бәйбіше.

— Арғынмын.

— Бәсе, сұмырай тымағың мен сұмпайы етігің айтып тұр...

— Бауырың екен ғой, — деп төрдегі көзі айналып кеткен семіз бір шеңгел етті қауып қалды.

— Қай арғынсың? — деді бәйбіше.

— Қаракесекпін...

— Қайдан келдің?

— Көккиядағы қойдан келдім.

— Мал аман ба?

— Аман, бәйбіше.

— Биыл елтірі көп пе?

Бәйбішенің кекегенін Сатан сезе қойды да:

— Бәйбіше, биыл елтірі аз, — деді.

— Мә, олай болса, ет аса! — деп, бір кесеге табағынан алып ет салып жатып:

— Шық далаға, ас үйге апарып же! Бай кешке таман қайтады, — деді.

Сатан ұрылған итше, кесені қолына алып, саптамасы сүйретіліп, ол үйден шықты. Толып жатқан есіктің әрбіреуіне бір соғылып жүріп, бір есікті ашып қалғанда, жібек пен күміске бөленген ақ қағаз мандай, қара көз келіншек отыр екен:

— Кір, кір! Кімді іздеп жүрсің? — деп қалды. Сатан осынша жын ұясының ішінен періште жүзді тіл қатқан адамды көрген соң еріксіз еркіндеп кетіп:

— Шығатын есікті іздеп жүргенім, қай жақта! — деді.

— Кімсің? — деді ақ келіншек.

— Таудағы қойдан келген қойшымын. Байда бір шаруам болып келіп ем.

— Қолыңдағы не?

— Бәйбішенің асатқан еті еді...

— Отыр. Етіңді же, — деп, бөлменің ортасына дөңгелек үстел қойды. Қасына орамал тастады. Босағадағы құман мен жез шылапшынды көрсетіп, «қолыңды жу» дегендей қылды. Сатан қолын жуып, сүртініп, бәйбішенің берген етін жеуге отырды. Күні ұзын қарны ашып келген бүркіт жігіт бәйбішенің шөкімдеп салған шыныдағы етін бір-екі-ақ қамтыды да қолын жуып, аузын шайып, орамалға сүртінді.

— Сүйегің қай ел? — деді келіншек.

— Қарқаралы дуанына қараған арғынмын.

— Арғынның қайсысы боласың?

— Қаракесек.

— Нағашым екенсің ғой...

Сатан тіпті еркіндеп кетті. Айналасынан албастыдай басқан ауырлық әп-сәтте серпіліп кеткендей, аузы жып етіп:

— Е, сенің нағашың болсам, төбем көкке жетті ғой, — деп жымың етті.

— Құсайын төрені білесің бе?

— Білгенде қандай? Біздің елдің төресі.

— Ендеше мен сол Құсайынның апасының қызымын.

— Алда, жаным-ай. Төркінің қайда?

— Төркінім төмен болады. Қара деген ел. Мысық қажы менің әкем...

Бұл әйел байдың соңғы алған тоқалы еді. Бұл тоқал шаруаға бауыр басудан гөрі мырзалықты, серілікті, ойын-күлкіні көбірек істейтін, оң жақтағы қыздан жаңа ғана қатын болып, бай қойнына кіргелі көп болмаған жас келіншектің өзгеге үйірсектігі қозып, қойшыдан нағашы тауып отырғандығы еді. Келіншек Сатанмен біраз сөйлесіп, оны-мұны сұрасып отырды. Сатан да өзіне ыңғайлы жерден «жиен» табылғанына жаны жадырап, қараңғы тұман ішінен жалғыз жұлдыз жылтырағандай етене бола сөйлесті. Елдің, жердің жайын айтты. Өзінің елін сағынғанын, қайтқысы келетіндігін де сездірді.

— Қайтып, қайда барасың? Бәрібір кісіге журетін болсаң — осылар тыныш емес пе, тамағың тоқ болып, ақың беріліп тұрса елінде не бар, жүре бер! — дегенді айтты тоқал.

Тоқалдың бұл сөзіне Сатанның көңілі тіксініп қалды. «Қанша бауырластық дегенмен әр қол өз қарына тартады-ау. Мынаның айтып отырғанын қарашы», — деп ойлады.

«ҚАЙТПАЙСЫҢ!»

Сатан тысқа шыққанда қоңыраулатқан пәуескедегі жорға тройкелерді теңселтіп Шалматай да қақпадан кіре берді. Байдың алды-арты шұбаған кісі. Арбадан түсіп, Шалматай басқышпен көтеріліп, көк үйге кіріп, жоқ болды. Оның артынан не жуан, не айдынды кісілер кіріп, кір-кір Сатанға үйге кіруге қисыны қиындап сала берді. Енді Сатанға байды тыстан тосудан басқа жол қалмады. Ол қалайда байдың мына үйден шыққанын аңдып, қыбын тауып сөйлесіп қалғ-

ысы келіп, есік алдынан күтті. Көп күттіріп бай талтақтап тысқа шықты. Баймен бірге бірадар, сопы, ақсақалдар да ере шығып, бір-бір құмғанмен екінді дәретіне дайындалды.

Бай басқыштан түсе бергенде-ақ Сатан ұрымтал жерден келіп:

— Салаумаликум? — деді.

Бай жарытып сәлем алған жоқ. Сатанға тікіленіп:

— Сен, Арғын, неғып жүрсің? — деді.

— Таудан келіп ем...

— Не жұмыс?

— Лұқсат болса биылғы малыңызбен Қояндыға қайтайын деп едім.

— Соны айту үшін малды иесіз тастап, ат қинап келіп тұрмысың? — деп зілденді. Сатан үндемей қалды.

— Сен қайтпайсың!

— Қайтарыңыз, байеке...

— Уақытың біткен жоқ!

— Уақытым бітті ғой, байеке. Қайтарыңыз мені.

— Вексіл біткен жоқ! Ағаңның берген вексіліндегі соманың қанша екенін білемісің?

— Ағам осы көктемде қайтасың деп еді.

— Қайтатын срок біткен жоқ! — деп құмған ұстап тұрған шәкірт балаға:

— Книганы алып шық. Бәйбішеден сұрасаң береді, — деді.

Байдың екі қолы қалтада. Қабағы түйіліп, ысқырынып тұр. Үйден книга да шығып қалды. Қалыңдығы екі елі көк ала шұбар сопақша книганы ақтарып тұрып, бай:

— Бөлегенұғлы Сатыбалды деген сенсің ғой?

— Иә.

— Айың үш теңгеден, жыл уағың отыз алты теңге. Бексілдің қақ жартысы толмайды.

— Байеке, толса керек еді ғой?

Бай Сатанға бажырайыңқырап қарап:

— Толса керек еді деймісің? Қыстай жеп жатқан қойларыңды сұраусыз деп ойлап па едіңдер? — деді.

Сатан жүрегі су етіп, төбе құйқасы шымырлады. Аузы сөзге келмей, күйбеңдеп қалды:

— Байеке, ажалынан өлген қойларды қойшыларға жаза берсеңіз — онда тіпті бізге шаш шықпайтын шығар, — деді.

Бай тыржың ете түсті. Сөзінің енді керегі жоқ дегендей қимылмен книганы шәкірт балаға ұстата берді де:

— Қойдың батасын қылып, басын жейтін сен дейді ғой! — деп бетіне ашу жиып алды. Бірақ ұрмады.

Көк шұбар книгадан сөйлеген сөз Сатанды ауызға ұрғандай үндетпеді. Әлдеқашан жазылып қалған жазу, оны оқып тұрған бай, қоста желінген ет, әлі толмаған ақ вексіл — барлығы да Сатанды жар басына әкеп қамалады. Не ілгері, не кейін, не жоғары, не төмен аяқ салып аттарлық жол қалмай, тынысы тарылды. Басқа ұрған балықтай сандалып тұрып-тұрып:

— Ағайдың тіршілігі бар ғой. Қояндыда өтер, байеке! — деді.

— Мен білмейтін сендерде не тіршілік бар? Жәрмеңкеден ер-тоқымын жаяу арқалап қайтқан ағаң байып қалды деп тұрмысың? — деп, бай даусына зіркіл қосыңқырап түйіп тастады. Андаусызда ұрылған Сатанның бойын жидырмай тағы:

— Сені малдан кім босатты? — деді.

— Өзім келіп едім, — деп Сатан төмен қарап, жер шұқылады.

— Өздерің бет-бетіңмен жүре бермексіңдер ме? Малдың жоғалғаны, қасқыр жегені, өлгені — мойындарында болатынын білетін шығарсыңдар...

Сатыбалды үн шығара алмады. Бай нығыздаңқырап, кекеткен дауыспен:

— Қайт! — деді де жүріп кетті.

Сатанның өне бойы қаңтардағы жылымға түскендей сұпсуық болды. Болдырған аттай салбырап тұрып қалды. Ол осы салбыраумен тұрып, басқыштан түсіп келе жатқан байдың тоқалын да сезбей қалған еді.

— Ей, нағып салбырап кеткенсің? — деді келіншек.

Сатан есін жиып алғандай:

— Бай қайырмады ғой, — деді. Сатан осыны айтқанда көңілі ұйқы-тұйқы болып тұр еді. Көзінен жасы ыршып кете жаздады. Жас жанның қиналып тұрғанын біле қойған сезгіш тоқал:

— Қажыға мен айтайын, — деді. Сатан және сергіп кетті:

— Айтшы, айналайын... Істеген жақсылығың менен қайтпаса құдайдан қайтар... Мырзаға мен үшін сөйлес. Мен біржола кетем демеймін. Елімді бір көргім келеді... Тек масын...

— Жарайды. Сен қайта бер. Мен жата-жастана жіңішкелеп сөйлесейін, — деді тоқал.

Әдейі ара қонып келгенде осыдан артық жұбап ұстай алмай Сатан Көккиядағы қойға қайтты.

БАЙ БӘСЕКЕ

Қоянды жәрмеңкесінің қызған кезінде Сатанның ағасы Тәжи Шалматайға келіп шот қағысты. Сатанның қашан жүргендігі, кесілген ақысы, алған киімі, істеген жұмысы, бата қылып, бас жеген қойлары — бәрі шұбар книгада жазулы еді. Бай сынық инесін қалдырмай есепке салды. Ақ вексіл бойынша отыздың ішіндегі сома әлі Сатандардың мойнында болып шықты. Бұған Тәжидің мойнынан ұстап берерлік малы болмаған соң, тағы інісін шығарып ала алмайтын болды. Сүйтсе де ол да өзінше ұпай ойлады. Сатанды Шалматайдан шығарып, өзге бір байға жүргізуге ниет қылды. Осы ниетпен тағы сол Жетісудың бір ноғай саудагері Шаяхмет байға кісі керек деген хабармен Тәжи інісін жұмсаған соң Сатан сонда келді. Келгеннен ол бай жылы ұшырап, жөнін сұрады.

— Шалматай байдың жігітімін, — деді.

Шалматаймен қай жерде болса қайшыласып шайнасып жүретін жуан сары ноғай «соныкімін» деген соң-ақ сүріне жығылды:

— Қазақның таз байлары берген хақтан бір тәңкесін арттырып хақы беремін! — деді.

Сонымен Сатанды алуға бай табылып тұрғанын біліп алған соң Тәжидің үй іші кеңесіп, көп толғауға түсті. Мына ноғайға жүруге ме, бұрынғы байдың өзінде қалуға ма? Ноғайға жүрсе ақысы көбейеді. Ол ақымен Шалматайдың борышынан құтылуға да болады. Ақ вексіл жыртылады. Бас бостандығы туады. Ал тіпті жалға жүрмей отыруға мүмкін емес. Ағасы Тәжи де жаяу, үйде жатыр. Үй іші тұттай жалаңаш. Ел ортасына жәрмеңке орнап, емен де, семен де ақшолақ, көкшолақ алып, көйлек-көншекке қарық болып жатқанда, Сатан үйінің қызыл сирақ отырғаны қалай жанға батпайды? Ал жалшыға жүргенде — тағы осы Жетісу байларына жүргелі тұр. Мына ноғайлар қырдағы қазақтан ақыны асыра береді. Жұмысы бірыңғай болады, тамағың тоқ. Ал осы мандағы біреудің есігіне жүрген күнде олар бірінші ақыға жарытпайды. Жігіттің жігіті айына серкеш табады. Киімге

ескісін береді. Ашты-тоқты жүресің. Ал мына ноғайларға жүргенде тағы алысқа кетесің. Бас ауырып, балтыр сыздаса шет жер, жат ел, өлім барда қаза бар деп, біреудің біреу басын сүйеп, сүйегін көмуге зар болады...

Сөйтсе де ақыр жалға жүретін болған соң мына ноғай тиімді. Бірсыпыра ақысын алдымен беріп қояды. Қазақтай емес, бір ауызды жұрт, алдамайды. Зорламайды...

Үй іші болып ырғасып келгенде, Сатан байға жүрмек болды. Байға жүрсе ноғайға жүрмек болды. Осы хабарды Шалматай құлақтанды. Өзінде жүрген жігітті Шаяхмет бай бұзып алды деген Шалматайдың шиқанын жұлып алды. Қашаннан Қапалдың ноғайы мен қазағы бәсеке талас; екі байы базар болсын, кісі болсын, пайда болсын, жер болсын — бір-біріне шаш шығарайын деп ойламайтын. Қалай да ығы келіп қалған жерде бірін-бірі сындыруға, мұқатуға ұмтылатын.

«Мына жігітті Шаяхмет алмақ» дегенді естігенде Шалматайдың көңіліне ноғай байының әдейі мұқату үшін істеп отырғандығына көзі жеткендей болып, ыршып кетті.

— Бар, ағасына сөйлес! Ақысын өсірем. Бөтен жаққа алаң болмасын. Шермік ноғай айына алты сом берсе, мен жетіні берем. Ол жетіні берсе, мен жеті жарымды берем — бар, осыны айт. Бұзылмасын. Және жаңа есеппен вексілді қолына қайырам. Және жай қойшы қылмаймын, қара қосшы қылам. Өзі тілеген жұмысын істейтін болсын, — деп, бай күңгірлеп сабадай пісілді. Шалматайдың бұлай бейілденуі өте сирек болатын еді. «Жігіт аламын» деп бай ноғайдың жалақтағаны байды жомарт қылып, Сатандардан ықыласын аямауға себеп болды. Байдың жіберген адамы Сатандарды майлы ішекке айналдырып келіп, аяғы байдың алдына келтірді.

Бай бұлармен көп қажасқан жоқ. Күле сөйлеп отырып, сөзін кесете, «достығын көрсете» отырып, өз дегеніне көндірді. Сатанның айы жеті жарым теңге, қойшы емес, қосшы, ақысын алдымен береді, ақ вексілді шегереді. Және қалған ақысының бірсыпырасын қолына береді.

Тәжи Сатан ақысына сіңдіріп, байдан біраз ғана пұл алды. Критонның кезі он бес тиын, — ол өзіне жейде, дамбал, бұзау тұмсығы өткендей боз көкала түктің кезі онан да көтеріңкі, ал шешесіне көйлек, дабыдан тағы жаулық, ширек шай алды, айналасы осы-ақ еді. Бай:

— Саған базар бағасынан тиын жарымнан кемітіп бергіздім, — деп кеңпейілдігін де біле кетсін деген кісіше айтып отырды.

Жаздай құмырсқаның илеуіндей қыбырлап, құрттаған жәрмеңкенің саудасы бітіп, базары тарай бастады. Қойлар, сиырлар қос-қостап, жер-дүниені шаңдатып Қызылжар жақтың қырмасына (бойнасына) айдалды. Семей, Мәкержі, Шұбарағаш, Қапал, Шәуешек, Жайсаң, Омбы, Қызылжардың көпестері кіре-кіре кірекешпен, керуен-керуен жүкпен сықырлап жай-жайына қайтты. Қарқаралы, Семейдің алыпсатарлары жемтіктің соңында қалған иттердей жәрмеңкенің тозған базарының боқтығын иіскеп отырып, ешкім алмаған соң ақыры қалаға қайтысты. Базардан қалған брак қойларын ақ вексілдеп тағы айналаға таратып, Шалматай байлар Жетісуына қарай жөн тартты. Мұнымен бірге Сатан да кетті, ол бұл сапардан бұрынғыдай бой тарта қойған жоқ. Жолы таныс, елі үйір сияқтанып ұмтылғандығын өзі де біліп, өзгеге де сездіргендей еді.

Сатан көңілі біраз тыныштанғандай болды. Өйткені Тәжи ағасы үй ішіне киерлікке азын-аулақ ақшолақ, көкшолақ алып қайтты. Раматына төлерлік ақша мен ақ вексіл байдың қолынан шығып, Тәжидің қалтасына кірді. Тәжи ол вексілді үйге алып келіп:

— Бізді байлап тұрған «ақ пәле» осы еді, — деп шетінен ұстап отырып отқа жандырды.

КІСІ ЕСІГІНДЕ

Алатаудың жайлауынан етекке түскен ел Сарыағаштың сазына жыпырлай қонған. Сүттіген сазынан шабылған пішен әлдеқашан жиналып, мал жалпақ жайылысқа қоя берілген. Ерте салған егін пісіп, егіншілер бау тары іше бастаған кез. Бай ауылдың малдары әлі тауда, салқын жерде. Бұл жердің күні ыстық болғандықтан сүмбіле тумай, су мұздамай жайлаудың қойы етекке түспейді. Күннің жалыны қайтпай түскен тоқты шаң қауып, өкпеге шалдығып, тышқағы көп болады. Осы есеппен Шалматайдың бар қойы тауда. Асы-тұзын жеткілікті етіп жайлауға қалдырған. Қолдағы жылқының түрі: сауын бие, мінетін ат. Өзге жылқы отарда. Құлын желіге байланбайды, енесіне қосақтаулы. Шалматай ауылының таудан түскелі үлкен жұмысы —

Абдыраның бекетіне сапырылысып күнде қатынасу, топ-топ болып бекет байларына қонаққа жүру, бекет байларын, саудагерлерін өздері қонаққа шақыру, арба-арба болып тиеліп өздері қонаққа кету. Міне, жайлаудан етекке түсіп, Сарыағаш сазына қонған бай ауылдың көбінесе алданысы осы еді.

Қыр мен қаланың қоспасынан құралған бай аулының реңі сияқты олардың қонағы да араласпай болушы еді. Қонақтың бір бөлегі өңшең «жақсы» қонақ, бай қонақ. Бұлар — қырдың болысы, би, ақсақалдарымен бірге қаланың байлары, Қызылжар, Семей, Алматы, Қапал арасының қыл-қыбыр, елтірі жинаушылары — Омар, Нәжметдін, Қадырбай, Мәкержі, Ербіт, Қоянды жәрмеңкелерінің жүрімпаздары — Бейсенғұл, Жұма Мұқат, шетік, кәуіш, кәләпуш сияқты товарлардың иесі ақсақ Жүсіп, темекі, шекер, бас ұлтан сататын Ахмет; биік көк дүкеннің иесі Абрам; Қапал имамы Қажаяхмет, Сарыағаш молдасы Асан сияқтылар — бұл ауылдың қадірлі қонақтарынан еді.

Бұл қонақтың көбі-ақ тіс қаққандар, тірліктің әбден ащы-тұщысын татқандар, бірін онға, онын жүзге сатқандар — шалдар, байлар болатын еді. Әркайсысы әр жақтан құралып, тиыннан теңге туғызған тәжірибелі кісілер.

Бұл кісілердің мәжілісі көбінесе ет, қымыз үстінде сауда жәрмеңкесінің жайы, жалпы саясат, мұсылман иғанасы, жұма, айт намазы, зекет, қаж әңгімесі, шариғат бақасы, құран-қатым сияқтылармен өтетін еді. Біздің сұр қажымыз қашанда осындай қонақтың қақ ортасында болады.

Қажы ауылындағы қонақтың екінші түрі — мырза қонақ. Мұнда жиылатындар жас байлар, жаңа пікірлі зиялылар, қырдың мырзалары, қаланың байбатшалары, төменнен жоғарылап келе жатқан приказчиктер, жас тілмаштар, орыс төрелері, жәдит мұғалім, жаңа шәкірттер. Бұлардың мәжілісінің тамағы — қымызға араласқан арақ; ойыны — карта, сауығы — домбыра, гармонь, анекдот; әңгімесі — газет хабары, журналға жәрдем, серіктік жер хақында, съезд жайында, мектеп мәселесі сияқтылардан болатын еді.

Біздің қажымызға мұндай мәжіліс те шет емес еді.

Қажы ауылындағы қонақтың үшінші түрлісі — қатын-қыз қонағы. Мұнда Абдыра бекетімен екі ортада арбаға тиеліп ерсілі-қарсылы қонаққа шақырылып жатқан байлардың қатын-қыздары. Әйелдер пәуеске арбаларға тиеліп,

бірде қырға, бірде қалаға сапырылады. Қызы да, келіншегі де, кемпірі де араласып бір үйде топырлап, бір дастарқанға тізіліп ұзақ уақыт шай ішумен отырысады. Міне, мұндай мәжілістің ішінде біздің қажымыз болмайды. Бұл мәжіліс қажының әйелдерімен өтеді.

Қажы ауылының мұндай ұдайы болып жататын ашық қонағынан басқа анда-санда жабық қонағы да болып қоятын еді. Ондай мәжіліс көбінесе ауылдың жастары, көңіл көтерейін деген сауықшыларынан құралатын еді. Әсіресе мұндай мәжілісті Шалматайдың өткен жылғы түскен тоқалы, Мысық қажының қызы ұйыстыратын. Ол қажылар, қазіреттерден ауыл оңаша болса-ақ үйіне мәжіліс шақырып, жастарды жиып ойын жасайтын. Оның ойынында бой жетіп келе жатқан қыздар, қыздың жеңгелері, мырзаның келіншектері, қажылардың тоқалдары, күйеу-жезделер, желбас бозбалалар, көрші-қоңсының пысықай әйелдері, әнші, күйші, күлдіргіш жігіттер (жалшы болса да мейлі) болатын еді. Бірақ мұндай мәжіліс ұдайы бола бермейтін. Көп күттіріп, бір-ақ болып өтетін. Мұндай мәжілістің досы аз болмағаны сияқты дұшпаны да көп болатын. Әсіресе жас тоқал ұйымдастырған мұндай мәжілістің бірін екі қылып қылға тізіп, жұртқа жариялай жүруді бәйбішелер кәсіп қылатын. Кәртаң байларының құлағына құятын.

Міне, бүгінгі Нәзипаның үйінде болып жатқан мәжілістің түрі сондай мәжіліске ұқсайтын еді. Мұнда да қажы ауылы оңаша, қазірет қалаға кеткен. Сондықтан ауылдағы жас-желеңнің көбі-ақ келіп отыр. Мұндағы отырған әйелдердің де, еркектердің де желпіне сөйлеп, желіге ойнап отырған себептері сол еді.

Осы мәжілістегі үйге самауыр кіргізген екінің бірі — Сатан. Ол Шалматайға қайта жүріп Қояндыдан қайтқан соң бір айдан бері осы ауылда. Сатанды қажы Екіаша деген жайлаудағы малы етекке түскенше тостырып қойған. Ол мал келісімен Сатан сол малдың басында төменгі су аяғы құрдымға қыстауға кетуге тиісті. Сатанның әзіргі кәсібі — күндіз бие саудырады, түнде келген қонақты күтеді, қажының ауылының әйелдері қалаға, жегжатына қонаққа жүрсе — атшы болады. Өзі Нәзипаның қолында.

Нәзипа Сатанды «нағашым» деп жан тартатынын оқушы біледі. Осы жылдың жазында Сатан еліне қайтпақшы болып байға жолығуға келгенде — Сатанды нағашым деп

үйінен дәм таттыратын ақ тоқал осы Нәзипа еді. Қажы Сатанды Қояндыға «қайтпайсың» деп жекіп жіберетінде қайтаруды мойнына алып, қажыға сөйлеспек болғанын да оқушымыз ұмытпаған болар. Сатан осы Нәзипаның себебімен биыл Қояндыны көріп келіп отыр емес пе? Әйтпегенде Сатан сонау Қояндыға қайтар ма еді? Қояндыға қайтпағанда сонау қойшылықтан құтылар ма еді? Қойшылықтан құтылмағанда сонау ақ вексіл жыртылар ма еді? Үй ішін көріп қуантар ма еді? Әрине, бұған себеп болған Нәзипаны сонан былай Сатан да жан тарта бастаған. Ол Қояндыдан келісімен-ақ Нәзипаның қолына келіп, қолғабыс жігіт болып сіңіп кеткен. Нәзипа да оны нағашым — арғын деп, шайына шақырып, үй арасы жұмысына жұмсап отыратын болған. Нағашысына киім-кешек жағынан да қарасып, көйлек-дамбалдық кездеме, қажының бір көнетоз қамзолын, ескі шалбарын да берген соң — Сатан жабағы жүнінен түлеп, етек-жеңі ықшамдалып, мұндай мәжілісте дастарқан қасына қорынбай отырып, аяқшы болуға лайықтанып қалған. Міне, сол Сатан үйдегі қонақтарға самауыр кіргізді.

ДАСТАРҚАНДА

Уақыт кеш. Жабыққа тіреліп жиылған жүк. Сегіз қанат үйді іргелей отырған жан. Шаңырақ желбауына асылған газ шам бықылдап жанып, үйдің ішінен бейне күн шыққандай. Өңшең судыраған жібек, сылдыраған күміс, сылқылдаған күлкі... Мәжілістің ортасына жайып тасталған көкала дастарқанның үсті өрік-мейіз, бал-бауырсақ, кәмпит, түрлі тәтті тоқаштардың неше алуандары үйіліп-төгіліп қалған. Есік ашылып, екі жігіт қау-қаулап көтерген үлкен болыскей ақ самауыр буы бұрқырап, ентігіп, бұжылдап келіп мейман сыйлауға мәжілістің ортасынан орын тепті.

Ақ самауыр қайда отырса, сонда отыратын қазаншының қатыны сар шұбар Шәлипан шай құюға шыны аяқтарды ыңғайлай бастады.

Самауыр кіргізген екі жігіттің бірі — қазаншы Ахмет шығып кетті де, Сатан есікте тұрып қалды. Оның көзі үй ішіне толған адамды тұтасынан бір шолып өтті. Төрдің алдында отырған мырзаларға көзі түсті. Өне бойын түймелеп тастаған, қара тақиялы, таңқы мұрын, қара сұр

Мұхаметкәрім мыжырайып отыр еді. Сатан оны көргенде «киімді қанша әдемі киінсе де, кемтарлығы көрініп-ақ тұрады екен ғой, белі бүкірейіп, жауырыны күжірейіп, біреуді атуға кезеніп жатқан кісіше дастарқанның үстіне жатып қалыпты-ау бейшара!» — деді. Сатан екінші жаққа қарап, жамылған ақ шәліден ақ маңдайы, қара шашы, күміс құлағы көрініп отырған, жұпар сабын қағазындағы суреттей келіншекке қарап: «Дәу де болсаң, мынау бүкірдің қатыны боларсың... Шіркін малай, бір ақ балғынды алған екен. Бұл бүкір байбатшаның неше қатынының бірі екен?» — деп ойлады.

Сатан көзі бүкірден кетіп, қасындағы Қаженге түсті. Сағат бауы салбырап, сақтиян етігі сықырлап, аяқты көсіліп, ауырған кісідей-ақ жастықтың үстінде шынтақтап жатқанды. «Қажен таз осы-ау» деді. Аузы салпылдап, сақаулата сөйлеп тыным таппайтын, мінезі кәдімгі көп таздың екісінің бірінде болатын ұшқалақ адам екен. Сондықтан-ау, басына мынау қызыл шошақ түрік тақияны несіне киді екен? Самайының ақ таңдағы жарқылдап көрініп жатыр. Әлде бұларға таз болудың өзі де мақтан ба екен? Рас, осы ауылдың еркектерінің көбі таз дейді. Есіркеген де, Алдаберген де, Жұмаш та, Құдаш та — бәрі де басы нысаналы адамдар білем. Ол кісілердің көбі онысын жасырады дейді. Қажылардың өмірі жалаңбас жүргенін көрген жалшы болмапты. Соның бәрінен батылы мынау Қажен таз. Бұл ұялмайды. Қайта арақ ішіп қызып алса түрік тақиясын лақтырып, сақ-сақ күледі деп еді. Қасындағы бүкірдің де қабағы қатыңқы көрінеді, сірә, ол да таз-ау. Тү... Әлі осы ауылдың бәрі таз ғой. Мынау керіліп отырған ақ келіншектердің байлары, анау сызылып отырған сұрша қыздардың ағалары, әкелері түгел таз емес пе? Түу, құдай басқа салмасын... Тегі, біздің жақта таз көбінесе кедейдің сыбағасы болушы еді. Ал мына Сарыағаштың байлары тұқым қуалаған түгел таз болғаны — мұнысы бір қызық екен! Не керек, басы таз, балтыры қотыр болса да, құдай бақ берген соң... Мынау ақ орда, мынау алтын аяқ, ақ күміс осылардікі. Таз болса да құдай бұларға асылды таңдап кигізіп, сұлуды таңдап сүйгізіп қойған соң амалың бар ма? Басымыздың амандығынан не көріп жүрміз, міне құрап тентіреп, таздардың самаурынын кіргізіп, босағасында тұрып, осылардың қызығын қарағаннан басқа...

Сатанның көзі Қаженнен ауысып, ноғай жігіті сұлу сарыға түсті. Оның жұмсақ мінезі, нұрлы жүзі, сымдай сыны, кіршіксіз ақ саусақтары, алтын сақинасы, тазалап тараған шашы — бәрі қосылып үй толған адамның ішіндегі еркектің ажарлысы осы сияқтанды. Ол ақ жағасын тырсылдата түймелеп, тебетейін ұзын шаштың үстінен еңкейте киіп, шылымын сора түсіп отырған-ды. «Мұғалім дегені осы-ау, өзі бір көрікті, сынық жігіт екен!» — деді.

Соның арасынша кроватқа сүйеніп отырған Нәзипа Сатанға бұйырғандай:

— Ей, арғын, сен неғып тұрсың қақиып? Самауырдың ар жағынан отыр да шыны аяқ алып бер! — деді. Сатан ұрымтал жерден отырды. Шыны аяққа тауықтың қанындай жұқтырып, түйенің сүтін қатып күрең бұйралап шұбар Шәлипан шәй құйды. Айналасындағы мол жылқыға апан құдықтан қауға тартқандай шайдың шыны аяғын жанжаққа таратып Сатан тасымалға түсті.

МӘЖІЛІС

Түн ортасы ауып барады. Өзге үйлер көптен ұйықтап қалысқан. Нәзипаның үйіндегі мәжіліс әзіл-қалжыңмен отырып ас-судан арылған соң, тамашаға енді кіріскен. Үй ішінен дастарқан, үстел, самауырлар шығарылып, ойынға лайықталған. Шаймұхаметтер мұндай мәжілістегі ең шалжақ мырзалардан болғандықтан әркімге бір соқтығып, ойынды өзі басқарғансып әулекіленіп кеткен. Азырақ арақ жұтып алған Шалматайдың ноғай приказчигі Ғатауылда да гармоньды дырылдатып, азан-қазан қылып отыр. Ол басы былғақтап «Қара орманды» тартқанда, үй ішінің көбі-ақ хорға қосылып ауылды басына көтереді.

Қазақ жағының сауықшылы Жұмалы деген қылжақ әнші. Ол осындай жерден өмірі қалған емес. Жоқтан өзгені әңгіме қылып, анекдот айтуымен қатын-қалаштың арасында абиыр алып, тамақ асырап жүрген біреу. Мұның ән салса көмейі қырылдайды, көкірегі сырылдайды. Даусы жоқ. Өзі қырықты ұрған кісі, азырақ мұрнынан сөйлейді. Сондықтан ол әнді ылғи бұзып салатын кісімсіп, шалдың, кемпірдің, пұшықтың әндерін салып жұртты күлдіреді. Өленге де өрісі онша емес. Сүрелі сөзден, өнегелі әңгімеден көп білмейді. Өз ойынан суырып салып, жарып отыратын өнер мұнда жоқ. Тек өзіне лайықты ән тапқан сықылды өленді де лайықтап салып ұсақ-түйек, қылжақпай, былқамыр өленderді жаттап жиып, қызкеліншектің ішінде көкіп отыратын еді. Жұмалы «Жақсы қатын, жаман қатын» деген өленді айтып болған соң Шаймұхамет мырзалар мұның «Қатқан шалды» айтуын қолдады.

Жұмалы домбырасын таңқылдатып, аузын балпылдатып, даусы қырылдап «Қатқан шалдың» әніне салды:

Мен өзім шал да болсам қатқан шалмын,
Сақалға меруерт-маржан таққан шалмын.
Бозбала, ішің күйсе тұз жалаңдар,
Қойнына талай қыздың жатқан шалмын.
Аспан шырлар боз торғай,
Сол бір өткен заман-ай.
Ей, қыздар-ай,
Қош есен бол-ай... —

деп көзін сығырайтып, даусын қырылдатқанда отырғандардың ішек-сілесін қатырады.

Қойдың ба, қайран сексен қалжыратып,
Тарттым ғой қыз күйігін алжып жатып.
Бір қызды әлде болсам қартайтар ем,
Май берсе миға қосып балжыратып.
Аспан шырлар боз торғай,
Сол бір өткен заман-ай.
Ей, қыздар-ай,
Қош аман бол-ай...

Үй іші ду күледі. Қажен таздар сылқылдап көзінен жас ағызады.

Жұмалы домбырасын таңқылдатады:

Дозаққа ең алдымен бізді айдаса,
Шалдардан біздей-біздей дүзді айдаса,
Дозаққа іркілмей-ақ кетер едім,
Алдымнан арқан бойы қызды айдаса...
Бал, бал, бал, бал құрай,
Басына қонар боз торғай,
Сол бір өткен заман-ай.

Ей, қыздар-ай,
Қош аман бол-ай...

Мұғалім Жұмалыға қарап қалыпты. Оның ойында:

— Уат, сайтан! Хақиқи артист. Бұл қазақ халқы жүрген кең сахараның театры — мына шошы йортлардан ғыбарат болып, шошы қарт кібік бәндәләр аның артислерідір енді...

Жұмалы тағы қылжаландайды:

Молдеке, қоя тұршы иманыңды,
Берейін мал-мүлкім, жиғанымды.
Қасыма қыз молдасынәкеп қойсаң,
Кетейін соған тастап құ жанымды.
Бал, бал, бал, бал құрай,
Баяны жоқ заман-ай,
Ай, қыздар-ай,
Қош аман бол-ау-ай!..

Мәжіліс қыран күлкі. Барлығы да Жұмалыны алғыстап отыр. Шұбар Шәлипан да өз ризалығын білдіргендей: «Сен өлерде аузыңа иман түспей аузың қисақтап өлерсің», — деп қалжыңдайды.

Нәзипа бүгін тіпті еркіндеп кеткен. Жүзі жарқын, күлкісі көтеріңкі. Мұғалім да жайшылықтағы философияны жылы жауып, мәдениет мәселесін, пропагандаңы жан қалтаға тығып, мәжілістің қызықты болуын қолдап отырғаң тәрізді. Кейде Жұмалының жап-жаман даусын қошеметтеп, қол шапалақтап қоя береді. Оған Шаймұхамет бүкірлер, Қажен таздар қосылып, одан әрі желігеді. Нәзипа ішіне бүккен сыр қалдырмай ақ жарқын адамсынып, «ойнандар, жырландар» деп, әр нәрсені ойлап шығарып, тамашаны қыздырады. Оның сөзінің төркіні, көзінің құйрығы мұғалімнен айналып кетпейді. Мұғалімнің де солай таман жантайысы жаман. Нәзипаға папирос беріп, не сөйлесе соған қарай сөйлеп, ішінен толғанып отырған сиякты. Өзгелердің ойында не бар, не жоқ. Расында әлі еш нәрсе болмауға тиісті, бірақ Сатан мына мәжілістен кейін Нәзипа мен мұғалімнің арасы қауіпті екенін түйгендей болды. Сондықтан ол мәжілістің есік жағындағы елеусіз жерінде осы екеуінің қас-қабағын бақылаумен отырды. «Е, е, сары ноғайым, асықты алшысынан үйіргелі отыр екенсің... Әй, өзі

де жылмырайған сұлусыған неме екен. Сірә, бұл бір жерден шығар... Шіркін, мына Нәзипа тоқалдың өзі де оңды екенау, ә!? Әдемі ақ байталдай ойнақшыған әйелдің бір тазасы ғой. Екі беті албырап, екі көзі жаудырап, күлкісі сылдырап, кигені саудырап, қарашы, мұғалімнің бауырына кіріп кеткендей боп отырғанын. Шіркін, осыларға не жетпейді екен! Дәулет мынау, бақ мынау, он болыс елді аузына қаратқан қажының қатыны, шыққан жері мыңды айдаған бай, ұшқан жері Алатаудың қиясындай, қонған жері Балқаштың дариясындай, таудан ұшқан, айдын көлге қонып отырған аққу емес пе бұл? Аққу сол көлдің ішінен салт басты, сабау қамшылы ноғайға талпынып қанатын жайып отырғаны қалай? Мұнда не арман бар екен?»

Жоқ. Кірсіз ай, мінсіз Құдай. Бұлардың көңілінде қақ жоқ дегенім — жетпегенім болар. Қанша алтын аяқ, ақ күміске малынып, асып-тасып отырса да Шалматай қажы қатқан сірі ғой. Нәзипа төрт қатынның бірі ғой. Оттай ойнақшыған, сұқсырдай сыланған қыз болып әкесінің оң жағынан ұзатылғаны кеше ғана. Мына ауылдан, анау Шалматайдан не қызық тапсын бұл? Шалматайдың малы алдандыратын мұқтаж кісінің баласы ма еді бұл? Шалматайдың қай жеріне қанағат қылсын? Нәзипаның мынау қамыстай әдемі тұлғасын, ойнақшыған мінезін Шалматай қалай алдандырсын? Мұның арманы мынау сұлу сары сиякты жас жігіттер емес пе? Әрине, солай шығар. Кім біледі, осы болып жатқан мәжіліс те осы сары ноғайдың құрметіне болып отырған емес пе екен?

Кім біледі... Кім біледі... Бәлкім солай шығар...

МҰҒАЛІМ МЕН МОЛДА

Фазыл мұғалім бұл ауылға алғаш келгенде осы өрендегі елге үлкен әңгіме болды:

— Мұғалім деген келіпті. Алты айда хат танытады екен. Онан оқыған бала хат-шотқа жүйрік болады екен... Орыстың оқуына жетік болады екен.

— Жоқ, оның өзі орыс оқуы екен. Кітабында бісмылла жоқ. Балаға иманшарт оқытпайды екен. Орыс болмағанда не болды. Тек алдап шоқындыруға жіберген орыстың молдасы болса керек...

— Жоқ, бұл өзі мұсылман оқуына жетілдіріп жіберілген орыс білем. Шашы алусыз, мұрты басусыз. Түбінің не жұрттан екенін білу қиын дейді...

— Жоқ, мұғалім осы күнгі оқудың өнері екен. Бұдан оқыған бала жетік болса керек. Өзі де жеті түрлі тіл біледі дейді.

— Қажылардан дүние құтыла ма, мұны әдейі Мекке жолына барғанда Стамболдан алып қайтыпты. Стамбол мұсылман дінінің бір туын тіккен жері ғой. Сондағы оқудың, өнердің түрі осы мұғалім оқуы тұрпаттас болады екен. Бұл дінді жаңа түрге — өнерлі түрге салып, артта қалған мұсылман халқын тек алға жіберуге әрекет екен....

— Жоқ, ойбай, мұғалім сиқыршы екен. Мейнамдай резеңке доптан от шығарып, бір қаланы өртеп жіберетін оқу бар екен. Көз ашып-жұмғанша қолындағы таяғын арба қылып жегіп жүріп кетіпті. Қажы аулының қатындарының басын айналдырып алыпты. Қажының жаңа тоқалын жады қылыпты. Ол тоқал қазір сол мұғаліммен аумие екен...

Осы сияқты сөздер қара халықтың ішінде үлкен сыбысқа кіріп, ертегіге айналған еді. Мұғалімнен үрейленудің өзі оның атын жанның бәріне жайып, жақсы таныстырған. Басқа жалпақ жұрт, қараңғы халық бұлай сөйлесе де мұғалім алдырып отырған Шалматайларға мұғалімнің кім екендігі аян: олардың білуінше Фазыл мұғалім жасырынған қызылбас та емес, сүндетке отырмаған орыс та емес, жәдит оқуының жаңа мұғалімі Фазыл Жиянгелдин. Түбі Бәләбәй уезінің татары. Стамболдың Дарылмұғалімін бітіріп, Мысырдағы Мұхамеди хазіреттің медресесінен дәріс тыңдаған. Мекке, Мәдине, Мысыр, Шам, Көпе, Құдыс, Стамболдардың бәрін аралап, жас басынан көпті көріп, көзі ерте ашылған татардың кезбе шәкірті. Мұны Шалматайлар Меккеге барғанда зәмзәм құдығының басында кездестіріп, өздеріне басшылыққа жалдаған. Бұрын жол көрмеген, жүлигі көп жерде Фазыл мұғалім қажыларды тірідей кебіндеп, тау-тасқа тентіреткен. Мекке тауындағы Ыбырайым пайғамбарлардың баласын бауыздап, қой сойып, Ажар бәйбішесімен бірге ұйықтаған, ғүсіл құйынып, дәретке отырған жерлеріне шейін тәуап қылдырып, байларға әбден қылығы жаққан. Сонымен Фазылды қажылар жаңа мектеп ашып беріп, жаңаша бала оқыттыратын болып аулына алып келген.

Фазыл мұғалім келгенше бұл жақтың қазағы түгіл ноғайы да надан еді. Надан емес-ау, шынайы мұсылман еді. Қажы аулының үлкен мешіті, терең молдасы бар. Ол молда Бұқарай шәріптің шар кітаптарын шіріткен, өзін «аят-қадістің терең құдығымын» деп түсінетін Асан хазірет еді. Он болыс елдегі «инабатты» адамдар өлсе, жаназаны осы Сарыағаш хазіреті ғана оқитын еді. Бұл хазірет осы аймақтың жақсыларының жаназасын шығарып, зекетін алып, құран-қатім істеп, мешітке жұртты жиып намаз оқытып, кәсіп қып тұрушы еді. Оның істейтіні — жұма сайын жұртқа о дүние туралы уағыз сөйлеу, тамұқпен қорқытып, ұжмақпен қызықтыру, қажыларға қонақтан қонаққа жүру, даушарлы мәселеге пәтуа беру, домбыра тартып ән салуды күнәға жазу, көңіл көтеріп ойнаған жастардың жиылысына лағынет айтып тараттырып жіберу, жас әйелдердің еркекке араласпай аулақтануына насихат айту, Сарыағаш еліндегі некеленген адамдарға дем салып, су ұрттатып алым алу сияқтылар еді. Бұл молда келіп орнағалы көп болғандықтан, елге ықпалы күшті болып, Сарман, Ырыспек балаларының бәрін де Меккеге барғызып қажы қылып, мойынынан парыз түсіртіп алған хазіреттің көп еңбегі бар еді.

Фазыл мұғалім келгенше балаларды оқытқан осы кісі. Мына қажылардың бәрі де осы кісінің алдынан сабақ алған шәкірттер. Үлкен бір бөлмеге отыз, қырықтай бала жинап, айнала жүгіндіре отырғызып, иман-шарт, әфтиек, ежік, суре, шұрұтұссала, мұқтасарларды жаттатып, балалардың белін бүктіріп, көзін ағартып отыратын хазірет осы еді.

Ауылға мұғалім келген соң Асан хазіретке бұл кәсіпті тоқтатуға тура келген. Ол тек балаларды медресеге жинамай, өзі мешіттегі имаматтығын ғана атқарып, құран, қатім, уағызбен ғана қалатын болған.

Оның бұған іші тіпті қатты ашулы еді. Ол Фазыл мұғалімнің келуімен бірге өзінің бірден-бір дұшпаны келгенін сезген сықылды еді. Мұғалімді келтірмеуге қанша тырысса да, ол туралы қажылардың құлағына қанша құйса да, заманның ағымы Асандардың сөзін аса құнды қылмай арзандатып бара жатыр еді. Әрі-беріден соң қажылар хазіретті үстінде мешіт, қолында құранымен қалдырып:

— Сіз ақиреттің ғана адамысыз, дүние сөзіне кірісуіңіздің керегі жоқ, — деп жуасытуға айналған еді.

Міне, Фазыл мұғалімнің бірсыпыра жаман атының сыртқа жайылуына осы хазірет те себепкер болды. Хазірет өз сөзін тыңдайтын адамның алдында (оның тыңдаушылары көп еді) мұғалімді кірлеп, қақараттап істен алғысыз етеді. Көпті мұғалім жүрген жерге жүрмеуге өңмендей үндейтін еді. «Мұғалім шоқынған екен», «мұсылманды адастыратын бұзық екен», «жасырынып жүрген қызылбас екен», «сиқыршы екен» деген сөздің түп атасы осы хазіреттің лебізінен тарап, балалап та кеткен еді.

Фазыл мұғалім де бұл хазіреттің жайын жақсы білетін. Ол Асанның өзіне қарсы істеп жүрген әрекетін «жалпы ескі дүниенің жеңілгісі келмей жағаласқандығы» деп ұғынатын. Мұғалімше: қазір жиырмасыншы ғасырда — Ресей мұсылмандарының мәдениетке бет алған дәуірінде — мұндай фанатик молдалар аз ба екен? Әсіресе осы Жетісу сияқты қараңғы түкпірде көп болмай ма? Мұндай жүздеген жылғы халықты басып жатқан үлкен қараңғылық пен меллетшіл мұғалімдерге күресуге жеңіл ме екен? Әрине, мұның бәріне Фазыл мұғалім кең қарап, терең толғап, терісін кеңге салып аздап күресуге бел байлаған.

Халық түгіл қажылар да екі жақты. Олар хазірет пен мұғалімнің екеуіне де бірдей. Олар бірін «дін», бірін «күн» деп түсінеді. «Бірін бұ дүние, бірін о дүние» деп ұғынады. Сондықтан екеуінің арасын ушықтырмай, өзді-өзінің орнында екеуін де пайдалы деп ұстағысы келеді. Бірақ айналып келгенде бәрі де байлардың бір тілегінің керегі еді.

Молда мен мұғалім ит пен мысық сықылды. Олардың арасында талай тартыс болған. Соның бірі...

САРЫ АЛА ҚАЗ ПӘТУАСЫ

Әйен бәйбішенің ақ үйінің аузы-мұрны шыпылдаған кісі. Айнала жиылған жүк жабыққа тіреледі. Жүктегі былғары қапты күміс шапқан сандықтар, масаты кілемге буылған семіз-семіз тендер, оюлы сырмақ, түрлі текеметтердің үстіне салынып тасталған парсы кілем, торғын көрпелердің үстінде қаздай тізілген қонақ. Үлкен үйдің екі жапсарына жеткізе ала дастарқан жайылған. Қара кемеш күмісті тегештің ішіндегі қымыз кішігірім көл сықылды. Айнала отырған адамдардың алдарында бір-бір мөлдіреген кәрлен кеселер. Тегештегі қымыз әлсін-әлі орталаса — іргедегі күміс піспекті мейіз сабаны еңкейтіп жіберіп, қымызын еселеп құйып отыр. Қымызды сапыра құйып отырған Әйен бәйбішенің өзі де қайың бұтағына ысталған қара сабасы сықылды. Қымызға аяқшы керей Дәукен бәйбішенің темір көсеуіндей сып-сып етеді.

Ашуы әбден жеткен қымыз кәрлен кеселерде майлы тоқашпен ішіліп, шекелерден терді шып-шып шығарады. Абдыра бекетіндегі көк төбелі үйдің иесі ақсақ Жүсіп сықылды жұқалтаң шалдардың ішкен қымызбен беті қызыл мәлескенге айналған сайын еселеп ішеді.

Қымызға келгенде түп жоқ кісі ноғай Ықсан молда. Алдына келген аяқты жерге қоймайды. «Алқамды лелла» деп бір кекіріп алады да басына бір-ақ төңкереді. Ықсан ішкенге көзі түскен кісінің бәрі сүйсінеді. Өзі үлкен үйелмендей кісі. Майдан көзі бітіп, мұрны үшкірленіп қалған. Мойны мен жауырыны тұтасып, басы ит бастанып қалыпты. Омырауы есіктей болып, қарны дастарқанға сүйретіліп отыр. Бұған берген қымыз тек бір сабадан бір сабаға қотарылған сияқты. Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңіген сайын айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр. Ыңқ-ыңқ етеді. Сөйлесе, қоздайтын қойдай мекіренеді.

Қымызды қанша ішсе де бетінен шаң шықпайтын сұр қажы Шалматай жайлауыш бестідей мойыны жіңішкеріп, қанша жесе де жұқпаған адам сықылды. Көзі ілбіп, танауы қусырылып, самай шашы селдіреп, кесенің түбінен ұстап тісінен сыздықтатып қымызды жұтады да отырады. Тұздан келіп тойына алмаған түйедей өміріне бүйірі шыққан кісі емес. Нәзипа сықылды сұлу тоқалды, Әйен сияқты аю бәйбішені қоса санағанда — төрт әйелдің байы осы кісі. Бұған жалғас отырған тығыз сары Есентай қажы, иектен бұғағы асып, шүйдесі шодырайып, майдан екі көзі айналып кеткен. Бұл қажының қымызды жұтқан сайын беті берен шымылдықтың тозығы сияқтанады. Ал денесі шағын болса да ішу жағынан Ықсан молдадан қалыспай отырған Сарыағаштың имамы Асан хазірет. Бұл да көптен мол тамақтың ішінде өсіп, өзінің де іші өсіп, бордақыға байланған малдай жеп-ішіп, жері кеңіп қалған адам. Бұлардан басқа салпы ауыз болыс, сақау сары би, қара қожыр ақсақалдың қайсы бірін айта берелік — бәрі де Шалматайдың дастарқанында, сөзі мен кекірігі аузында, қымызға қызара бөртіп отырған бір мәжіліс.

Қымызбен бірге шыққан қызулы әңгіме қыдырып келіп шариғатты шарлап шықты:

— Осы шәуке қарға адал ма, жоқ па? — деп Есентай сұраған шариғаттан ұшқынған бақас етек алып кетіп біраз уақытты алды. Аяқты айуан, қанатты құстардың еске түскендері бірін-бірін аталып, жеуге жарау-жарамау жағынан тексеріліп талқыға түсті. Осындайларға пәтуа бере келгенде: судан балық жейтін қара қаз жеуге жарайтын болып, жылан жейтін сары ала қаз арамға шықты. Сары ала қазды адал қып шығару үшін Асан хазірет «түзу тұмсық құстың барлығы да адал» деген бір рауаятты «мұқтасардан» келтіріп көріп еді, ондай жерде тік тартып кететін Ықсан молда бір кекіріп алды да:

— Сары ала қазды сұнни мәзһаби мұтлақан қарам қылмыш сәбәп: сары ала қаз қайыз көреді, — деп белден бір-ақ басты. Ықсанның сол сөзімен Асан хазіреттің «мұқтасарынан» келтірілген рауаятының жаназасы оқылды. Асан хазірет мүдіріп қалды да, одан әрі сөз таластыра алмады. Өйткені Ықсан молданың Асаннан шалымы артығырақ болуының үстіне, ашу шақырып ақырып кететін адуын, шыдамсыздығы да бар еді. Отырғандар ішінен Асан хазіреттің сүрінгенін сезді. Оның қызарыңқырап қалғанын сезген Шалматай:

— Алыңыздар! Ашуы жеткен қымыз ғой,— деп әңгімені қымыздың айналасына тартты.

Асанның Ықсанға сөз күрестірмеуінің екінші жағы да бар еді. Ол Абдыра бекетінен қайтқанда Ықсанмен бір арбада келген. Келе жатып сөйлескен сөзінің көбі Фазыл мұғалімнің зиянына бағыстанған еді. Олар осы мұғалімнің кім екендігін, оған қажылардың ықластығын, халықтың қалай қарайтындығын баян қыла келе оның ұсақ ғайбатына да кіріп кеткен. «Жәдит жолы азғын жол, іслам дінін ойран қылуға айналған әрекет. Заман ақырдың сарыны мен азғындығынан туған қауіпті, зиянды оқу. Мұғалім өзі арақ ішеді, шылым тартады. Тіпті зина да қылады...» — деп келіп Фазыл мұғалімнің Шалматайдың тоқалымен арасындағы мұғамаланы да шұқылап, бір-біріне ашқандай болған.

Мұғалімнің мұндай ғазазылдық, азғындық қылығына қаны қайнасып, арба үстінде алдында жатқандай дүре салуға таяныш тап-тап беріп кіжініп, дүрілдесе-дүрілдесе Шалматайдың қонаққа шақырған үйіне келіп түскен. Қалайда бұл мұғалімді қажы ауылынан құдыруға арба үстінде хүкім қылған.

Молдалардың ойынша: бұл мәжілісте өңшең инабатты кісілер жиналады. Мұғалім де болады. Мұғалімнің бетін тырнап, иығынан басуды, оның жұрт алдында қадірін түсіруді осы мәжілістен бастаудың жөні келіп қалды. Сондықтан бұрын итше қырқысып, бірін-бірі надан деп жамандап жүрісетін Абдыра бекетінің Ықсан молдасы мен Сарыағаштың Асан хазіретінің арасында мұғалімге қарсы мұғамала болып, өз аралары жапсарласып қалғандай еді. Шыдамсыз Ықсанның шариғатына қарсы Асан хазіреттің аса сөз көтермеген екінші себебі осы еді.

ҮРИТ, СОҚ! СОҚ!

Қажының қайта-қайта кісі жіберіп шақыртуымен мәжіліске Фазыл мұғалім де кірді. Оған төрге таяу жерден орын берілді. Үйге мұғалім кірумен бірге мәжілістің бұрынғы бір беткей лепірген сөзі де тына қалып, үй іші біраз тыншуға айналды. Тек дамылсыз қымыз құйылып, «алыңыз», «тәтті қымыз», «аяғыңызды беріңіз», «Алла разы болсын!» — деген қымыздың алдым-бердім сөздері ғана айтылып отырды.

Көп уақыт өтпеді. Мәжілістің мұндай мылқауланып қалуына ежелден шыдап отыра алмайтын «найзамды әпер» қыршаңқы Дәукен ойдағы жоқ жерден бір сөздің басын сопаң еткізді:

— Әне күнгі кемпірдің жаназасында үлкен бір талас болып қалды.

— Е, не ғып? — десті.

— Таласты шығарған несиеші Мұқажан.

— Не талас?

— Қалайша? — деп Дәукенге әркімдер-ақ сұрау тастады. Дәукен, «енді өздерің де әңгімеге араласарсың» — деген кісіше қымыздың аяғын әперумен алаң кісідей аз бөгеліп, жұртты жерік қылып алды да, жаназадағы таластың жайын талдап айтуға кірісті.

— Кемпірдің жаназасын оқыдық. Оқып бола бергенде Қайроллалар келіп, ат үстінен жаназаға кірмей тұрып қалды. Оларға Жүсіпкелді бырадар намазда тұрып: «Аттан түсіп, сапқа тұра қал!» — деп ымдап еді, Қайроллалар:

«Дәретіміз жоқ» — деп, қауымға кірмеді. Намаз оқылып болғасын Бекбосын молда жаназаға үлгіру үшін асығыста дембе қағып жіберіп қауымға кіру керектігін шариғаттап еді, мына жақтан Мұқажан түрды да, сайтандай:

— Тақсыр, мәселен, Қайролла қатынының қойнынан тұрып ғұсыл құйынып үлгірмеген болса қайтеді? Онда дембе қағып жаназаға кіре ала ма? — деді. Бұған Бекбосын молда «кіре алады» — деді. Мына жақтан Торғай молда тұрып «кіре алмайды», — деді. Содан соң сөз ұшынды.

— Ал, қайсысынікі дұрыс екен? — десті есік жақтағы бос қазақтар. Дәукен ар жағын айтты:

— Сонан соң екі молда ерегісіп кетті. Екеуі де құраннан аят айтып дәлелдеп, өз сөздерін мақұлдап жатты. Біз қараңғы адам, жарықтықтардың не айтқанына зейінімізжете ме, екеуі тіпті бірін-бірі ұрарманға келісіп, қызыл кеңірдек болып кете барды. Біз көпшілік екі жағының бірін де ұстай алмай қалдық...

— Бұған мына кісілер не айтар екен? — деді Күркебай би бір жақтан. Сұралған шариғатқа тоқтаусыз жауап беріп үйренген сарыағаштық Асан хазірет іле-шала:

— Жәнуп адам таямамға тазаланбайды. Ғұсыл құйынмайынша жаназаға кіруіне ярами, — деді. Кімді болса да алдына шығармай ауыздықтап әдеттенген Абдыра бекетінің Ықсан молдасы оған қарсы тағы күр ете түсті:

— Таямам зәрурат. Уақытында таһарат орнына да, ғұсыл орнына да кипая, — деді. Ықсанның алдыңғы сөздегі омыраулығын азар кешіріп, тығылып отырған Асан хазірет те қашанғы Ықсанды қоя бере берсін:

— Оныңыз қата, — деді. Оған Ықсан ширығып, құрық алып кетті:

— Кәне, білсең айт! Ғұсылдың өзі не нәрсе?

— Парызғайын! — Жұрт аңырып қалды. Дәукен «шақпақты шақтым, ендігісін өздерің біле бер», — дегендей жымыңжымың етті. Ықсан тікие қадалды:

— Ниндей шартлан соң ғұсылды парыз етеді?

Асан да аңырған жоқ, уықтың қарына қыстырулы «иман-шартты» алды да Ықсанға көрсетіп оқи жөнелді:

— Ғұсылды парыз ететін шарт төртеу: Бірінші... Екінші... Үшінші...

Мұғалім мырс-мырс күлді, мұғалімнің күлкісі бір-біріне қодырайысқан молдаларға да, үй ішіне де өрескел көрінді.

Жанның бәрінің де көзі молдаларды сықақтап күлген Фазыл мұғалімге түсті. Шақпақтың енді бір отын осы жаққа тастап жіберу ниетімен Дәукен:

— Мұғалім қайсысын жақтар екен мұның? — деді.

— Мин бірін де яқтамаймын, уаллаһи, осындай ахмақшылыққа күлемін ғана, — деді Фазыл.

— Не үшін олай дейсіз? — деп Дәукен сөз көтерді.

— Дини құрапат болғаш соң күлмәскә нәрсә? — деді мұғалім.

Абдыраның Ықсан молдасы арс ете түсті:

— Сіздің жәдитләріңізше құран да құрапат бит! — деп ажырайып қалды.

Мұғалім саспай, тайсалмай сөзге жауапқа кірісті:

— Әфәндім, мен құранды құрапат демекші түгіл, ләкин құранны тапсил рәуіште білмей тұрған надан молдаларны һәр дайым мағынасыз құран атынан хұрапатлар сөйлеп жүруіне күлемін. Мәсәлән бұл қарт сөйлеп отырған сөз нинди сөз ол, құрапат болми? Гумірге нинді файдасы бар соң? Хашапа, қайыз, нипастардан я дүниеге, я ахиретке нинди файда бар соң? Құранның хақиқи мағынасы ол хашапаларда ғана емес, құран пайғамбар құтпасы!

— Құран алла кәләми! — деп қалды Асан хазірет.

— Мейлі алла кәләмі болсын, құрандағы сөз мәшіт мәнбарында халыққа уағыз болу үшін Мұхаммет пайғамбарымыздың аузынан қалдырылған. Құранда дини мәселелермен бірге дүнияуи мәселелер де бар. Онда мәдениет бар, ғақлият бар. Қасибият бар, сауда уа санағат бар. Міне, көп молдалар құранның шошындай хұсусиятларын аңламами. Құранны ислам фанатиклары сопылыққа әйләндірген де, құрсақ құралына пайдаланғанлар.

— Әлғұлама уарасатұланбия! Барлық ғұламаларды — молдаларды олай деп айту қақсыз қақарат! — деді Асан қызарып.

Төрде отырған Ықсан бұл сөздерге шыдай алмай ит көрген мысықша үрпиіп, екі көзі мұғалімді жеп қоятындай аларып, кепкеннен кеуіп бара жатыр еді. Ықсан молданың мұндай жерде сырын білетін адамдардың көздері осы молданы бақыламақта еді. Мұғалім Асан хазіретке жауап беріп:

— Мен настоящий ғұламаларды айтпаймын, біләр білмәс наданлық білән дін атынан сапсата сатып, халықты қараңғылыққа қамап жүрген кейбір өз үстінде құран артқан

ишәкләрні ғана айтам, — деді. Бұған Дәукендер дуылдап күліп, қошемет қылып кете алмаса да, ішінен «молдаларды тұздықтады-ау» деп сүйсініп қалды. Ықсан терісіне сыймай кепкеннен кеуіп бара жатыр еді. Сөзден сасып жанжал көтеруге айналған Асан:

— Сіздәр алланың барлығын да инкар етесіз, — деді.

— Бар ма, жоқ па, ол екінші мәсәлә, — деді Фазыл мұғалім.

— Мұғалімдер жер астындағы көк өгізді де жоқ қылып жүрген жоқ па? — деп Дәукен тағы тұтанған отты үрлеп қалды. Оған мұғалім қасқая:

— Жер астында өгіз түгіл, бұзау да жоқ, карт! — деді.

— Тақсыр-ау, онда жерді кім ұстап тұр? — деді Дәукен.

— Ешкім де ұстап тұрған жоқ. Жер өзі айналып жүріп тұрған планета.

— Ал біздіңше күнді кім шығарып тұр? — деді Дәукен.

— Күн жүрмейді. Жер жүреді.

— Ай ше?

— Ай да солай. Сөнген планета.

— Тақсыр-ау, оны көріп келген кім екен?

— Оны көріп, біліп отырған ғылым. Ол ғылымды астрономия дейді. Оны алдақашан ғалымдар білген. Бұл туралы ғылым кітаптарын жазып кеткен.

— Ол ғалымдарың кәпір ме, мұсылман ба? — деді Ықсан арс етіп.

— Әрине, мұсылманнан ондай ғалымдар шықпаған. Мұсылман молдалары өгізден басқаны көрген емес! — деп мұғалім сылқ-сылқ күлді. Бұ күлкі молдалардың жүрегіне мұсатыр сепкендей болса, үй ішіндегі ақсақал, байларға да тым тентектік көрінді. Ықсан молда шарт жүгініп жіберіп зірк етіп:

— Өгіз бар! — деді.

— Әлбетте, бар! — деді Дәукен. — Өгіз қайда кетуші еді?

— Қай қазақ көрген? — деп мұғалім тағы күлді.

— Алланың жаратуында көк жеті қат, үстінде сегіз ұжмақ! Жер жеті қат, астында жеті тамұқ — мұны ешбір кәпір жоқ қыла алми! — деп Ықсан молда тепсініп кетті.

— Тақсыр, сонда өгіз дозақтың үстінде тұрған бола ма, жоқ одан да төмен бе? — деп Дәукен сұрады. Ықсан молда алқымына ашу тығылып, жарыла жаздап жауап берді:

— Құранда жер жеті қат. Жер асты бу, бу асты су, суда балық, балық басына басып тұрған өгіз... Өгіз мүйізіне тіреліп тұрған жер...

Дәукен жағасын ұстап, бір қолымен кесені түбінен көтеріп:

— Ой, садағаң кетейін құдірет-ай. Өгіз тіпті жерді менің сізге қымыз әперген кесемдей қылып мүйізімен ұстап тұрғанын қарашы! — деді.

— Тақсыр, жер шайқалу неден екен? — деді отырғанның бірі.

— Өгіз басын шайқаса, зілзәлә сол уақытта болмақ, — деді Ықсан молда.

— Діни құрапат! — деп мұғалім тағы күлді.

— Азғын, жәдит! — деді Ықсан. Сонан әрі өзін-өзі тоқтата алмай, аузынан көбігі шашырап, бұрқырап ала жөнелді.

— Азғын! Дінсіз! Сендер ислам дінін таптау үшін дүниеге шыққан дажал хабаршылары. Жәдігөйлер, сиқыршылар! Біз әнбие уарыслары — ғұламалар дін үшін сендерге қарсы ғазауатқа қарызмыз!

— Сізләр надансыз! — деді жайлап қана Фазыл мұғалім.

— Не айттың? Не айттың, малғұн? Айт, азғын! — деп Ықсан молда төбеттей арсылдап орнынан қопарылып кетті. Онан именген Фазыл жоқ!

— Сізләр құран арқалаған ишәксіз!

Мұғалім бетіне кәрлен кесе сарт ете түсті. Ол жасқана берді, Ықсан мұғалімді бас салуға тұра ұмтылды. Үй іші у-шу болды. Шалматайлар Ықсан молданы мұғалімге жібермей ұстап, тақсырлап жатып жалынды. Ықсан бұрқылдаған бурадай зіркілдеп арс-ұрс етіп болмады. Дәукендер беті қанап қалған мұғалімді үйден алып шығып кетті.

Бұл көңілсіз уақиғадан кейін Әйен бәйбішенің үйіндегі мәжілістің базары тарқап, Дәукендер үйіне жөнелді. Қажылар жаман қайғырып, пәленің бәрін мұғалімнен көргендей болды. Дәукен үйіне келіп жеткен соң, үй адамдарына өз ішіндегісін ақтарып:

— Өңшең сан мүйіздің бас қосқан бір мәжілісі еді. Үрит, соқ! Соқ! — деп отырып молда мен мұғалімді сүзістіріп алдық, — деп сылқ-сылқ күлді. Күліп жатып:

— Мейлі, екі ноғайдың бірі өліп, бірі қалсын! Менің нем кетеді! — деді өзі.

ҮЙ АРАСЫНДА

Дәукен қажыларға атасынан жалғыз айыл болып сіңген керейдің бір саяғы. Есіктегі иттей жасынан сұқ көз болып сүйекке телмірген қажының қабағаншылы. Таңдайын сауып, тоқсан түрлі құбылып, тоғыз саққа жүгіріп отыратын жез таңдай, қу құйрық. Ол адамның қандай болса да әуеніне төңкеріліп, жалпақтап, бауырына кіріп кетеді. Ол қажының қасында — шаруаның көзі, бала-шағаның қамқоры, хазірет жанына барса, құдайшыл, бырадар. Алқа-қотанды ақсақалдар арасында — қудан ұшқыр, құланнан жүйрік майталман. Ал үй арасында өсекшіл, күндес қатындардың қасында сырлас, абысындас. Міне, дарылдап сөйлейтін көсе қара шалдың мінезі осы сияқты. Дәукен жасынан қажыға не болмады? Атшы да, жидашы да болды. Мал басында тұрып, қойшыларға қожайындықты да көп істеді. Мешітке азаншы да болып, хазіретке еріп өліктен підия да алып жүрді.

Соңғы кезде ол қартайыңқыраған, өзі де қажылардың арасында жақсы-жаманмен көп табақтас болып, «Дәукең» атанған. Оның істейтіні — қажылардың қасына еру, қонақтан-қонаққа жүру, қажы ауылына келген қонақтың жайжапсарын сұрап әңгімесіне араласып, әр үйден тамақ алдыру. Қажы, хазіретпен қымыз ішіп, ет жеп, мырза, байбатшалармен карта ойнап, арақ сіміріп, бәйбішелерге құмалақ салып, келіншектердің тамырын ұстап шолақ емдом да қылып жүретін еді.

Дәукен әр кісіге өз тілімен сөйлесе біледі. Сөйлескен адамын майлышектей айналдырып алады.

Дәукен сондай адам.

Дәукен қатын-қалаштың арасына кіргенде күндесті күндеске шағыстырып тасқаяқтай қағыстыратын қу ауыз. Ол бәйбішеге барса, Нәзипаны жамандайды. Нәзипаға келсе, бәйбішеден түңіліп отырады. Жалшыға жолықса, байды даттайды. Байға барғанда жалшыны боқтайды. Міне, сол Дәукен осы кезде Әйен бәйбішенің Нәзипаны андуына салып қойған бір көзі еді. Оны әдейі түнгі мәжілістің тыңшысы қылып Нәзипаның думанда, өлеңдетіп жатқан үйіне Әйен бәйбіше жұмсаған еді. Бірақ қанша андыса да, қанша артына сөз ертсе де Нәзипа бәйбішеден де, басқадан да именбейтін. Ол жас та болса жалынды, көкірегін өрге айдаған ержүрек әйел. Оның көңіліне — мен қажының қатыны

екемін, жат жерге түскен жаңа келіншек екемін, менің күндесім көп екен, дұспаным мол екен деген қауіп келмейді. Қайта біреу-міреу мұны тоқыратамын деп ондай ниетпен сөз қозғаса — Нәзипаның шиқаны жұлынады...

— Мен бұл есікке күң болу үшін түскенім жоқ. Көтере алмаған қажы мені төркініме апарып тастасын! — деп дүрсе қоя береді.

Келіншек болып келгеннен-ақ Нәзипа Әйен бәйбішелердің ырқына көнбей, етегінен алдырмай еркіндеп соққан болатын.

Өйткені Нәзипа Шалматайлардың ауылымен атасы тең түсетін Мысық қажының қызы. Мысық деген өміріне кісіге тізгін бермей бара жатқан көкайыл кісі. Мынау соның сүт тауысқан ерке тоты кенже қызы. Нәзипа неге атын өрге айдамасын. Қажы мұны төртінші қатындыққа алғанда малға жеңіп, қазынаны төгіп — мақтан үшін алған. «Мысық қажының қызын алыпты» деген атақ Шалматайға аз олжа емес еді. Шалматай бұл қызды алумен бірге, бірінші, өздерінің атасынан бері алысып келе жатқан азулы арысына жегжат болып, жауын ел қылмақ еді. Екінші, он болыс елде не малына, не сызына шыдап батып сөйлесе алмаған аю шалдың әлпештеген сұлуын сүю — қажының қанағатсыздықпен өрлеген құмарлығының менмендігі болды. Шалматай ақшаны да, малды да аямай төгіп, ақырында осы Нәзипаға шеңгел салған. Бірақ Нәзипа оң жақтағы кезінде Шалматайдың құшағын қуантқан емес. Оның не аруағын, не басын сыйлап қалыңдық салтын қылмастан «Қара тазға бармаймын» деп біраз қылжақты істеп те көрген. Бірақ ақ бата, азулы әке, ақтарылған мал — барлығы Нәзипаның аяғын тұсап, басын байлап, Шалматайға әкеп қатын қылған.

Сол Нәзипа өркөкіректігін қажы ауылына келгелі қойған жоқ. Келін болып түскен ауылдың аруағын да, әлеуметін де өзінше ұғынып, өз тізгінін ешкімге ұстатпаған. Әдетінше әйелдерін үйінен шығармайтын, қолынан құмған түсірмейтін абыз-қажы ауылдың әдетін сындырып, өз білгенімен «өрескел» істер істеп жіберетін жеңілтек, тентек, әдепсіз келін атана бастаған. Сондықтан көбінесе өзіне күндестен, көре алмағаннан көп дұспан тауып, ауылдың аузындағы сөзі, андыған адамы болып алған еді.

Әсіресе Нәзипаның өшігетін адамы — күндесі Әйен бәйбіше. Бұл Шалматайдың би қатыны. Ер жетіп келе жа-

тқан неше балалардың шешесі де осы. «Қажы дүниесінің қазығы өзім» деп ұғынатын бәйбіше қайдан келсе де Нәзипаны өз уысынан шығарғысы келмейді. Оны да өзге тоқалдардай дегеніне көндіріп, ій қылып, иықтап отырғысы келеді. Әйеннің алдынан әйел түгіл Шалматай сияқты еркектер де шықпайды. Шалматайға ол дегенін істетеді. Өзінің ішкі шаруасы тұрмысы түгіл, Шалматай алдына ел сөзі келгенде тиірменнің үстінен асты күшті болып, кейде табандап ұстап қалып та отырады. Сондықтан Шалматайда жұмысы бар кісінің сырдестелері ісін оңғарам дегенде Әйен бәйбіше арқылы алуды да әдіс қылады. Міне, кер азу, аю бәйбішенің айтқанына көнбейтін Мысықтың көкбет қызы күндес боп түскен. Келісімен-ақ бәйбішенің жөнсіз жеріне жібермей сөзін қайырып, бетін тойтарып тастайтын болған. Оны сүріндіру, кірлеу туралы неше түрлі тұзақтар құрады. Нәзипаның еркін, ашық жүрісінен қалайда қылға талай қылық тізіп, әр жақтан қақпан салады. Қалайда қажыға жек көріндіру үшін ертенді-кеш Нәзипаны жамандап, қажының құлағына сіңіреді.

Қажының жоғында Нәзипаның үйіне мәжіліс жасап жігіт-желенді жинауы — Әйеннің үлкен сақ болатын кезеңі еді. Ол өзінің агенті Дәукенді әдейі үй тындауға жұмсағаны сол.

Ауылдың бір жағын шулатып ән салып, гармонь тартып дүрілдетіп жатқан Нәзипаға қарсы Әйен мен Дәукен ақылдасып өздерінше қимыл қылуға кіріскен-ді.

Қимылдың жобасы — іс насырға шапты. Нәзипаны мұқатумен бірге мұғалімнің көзі жоғалу керек, мұғалім мен хазірет қас. Бұл әңгімеге хазірет те құлақтас болғаны теріс емес. Мейлі, дүние өртене берсін. Нәзипаны иықтап алуға ығы келген жер осы. Енді мұның ізін суытпау керек. Түтінін түтініне қосып қалайық — еді.

Бүгін осы жобаның іске асатын күні.

«СИЫР КӨРДІҢ БЕ?»

Нәзипаның үйіндегі мәжілісте неше түрлі ойын болды. Үйдегілер алқа-қотан отырып «жым» ойналды. Жымда күліп қойған адамдарға жаза тарттырып, өлең айттырып, қыран күлкі болысты. Есіп алған белбеумен жазалыға дүре де салынды. Қаз-қатар тізелесіп еркек-әйел араласа отырып та-

қым астынан «тақия жүгіртпек» ойнасты. Әркім таңдаған адамына орамал тастап, біреуді біреу ортаға шығарып сүйетін де ойын бар екен, оны да істесті. Ойын осындай бірден-бірге соңырқап, көпке созылды. Ойында мұғаліммен қол ұстасып желігіп алған Нәзипа әркімді жағалатып келіп Сатанға:

— Нағашым, сен ән салатын шығарсың, — деді. Сатан сәл қысылып қалды.

— Арқаның жігіті, арғынның баласы болсаң тартынбайсың ғой. Ал домбыраны, шырқат әніңді! — деп Нәзипа сөзді кесетіп қолына домбыра берді. Сатан қымсынып домбыраны алып, малдасын құрып жіберіп, құлақ күйді қоңырлатып беріп еді, Жұмалы жалт қарап:

— Өй, мынаның қолы жорғалап барады ғой!.. — деді.

— Сенен асырса игі еді, — деп Нәзипа Жұмалыға жауап қайырды. Құлақ күйден ширап бұрауы келген домбыраны Сатан сартылдатып қағып-қағып жібергенде ащы айқайлы, әдемі үнді «Ардақ» атты Арқаның атақты әні аспанға көтерілді:

Ай, Ардақ, сен ақ қоян шыңнан қашқан,
Артыңнан мен ақ тұйғын тілеп ұшқан.
Ақ тұйғын ақ қоянды алсын түсіп,
Тамаша қылсын тұрған дос пен дұспан.

Мәжіліске күтпеген жерден әсем дауысты әнші табылып, таң-тамаша жым боп қалды:

Ау, Ардақ! Сен ақ қоян секеңдеген,
Мен құрмай қуып саған жетем деген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып сен қалқадан кетем деген... —

деп әннің аяғын сыбызғыдай сұңқылдатып, ботадай боздатқанда, отырғандардың алпыс екі тамыры солқылдап, көкейін кесіп-ақ жіберді. Сатан тағы:

Ау, Ардақ! Сен ақ қоян жұмарланған,
Бұлдырап көз ұшында мұнарланған.
Жолыңа жаным құрбан етер едім,
Көңілімді бір тындырсаң құмарланған...

Шалқытып зарлатып, баяуқыратып тәтті үнді төгіп-төгіп жібергенде үйдің іші иірудегі жылқыдай жусап, мәжіліс мәуеден салбырады. Сатан әннен әнге басып, өршелене-өршелене соғып, ынтықтырып тыңдатып, ұйытты әнге. Біржан, Мәди, Жарылғапберлілердің атақты әндеріне салып соңырқатып-соңырқатып алғанда мәжіліс алдында ашылмаған қазына, бір қапастағы бұлбұл келіп басқандай болды. Нәзипаның да Сатанның тегін арғын емес екеніне көзі жетіп, сусағанда салдыратын тәтті әндері бар екенін ішіне түйді.

— Қалай менің нағашым? — деп үй ішіне мақтанып та қойды.

— Жарайды нағашың, жанымызды бір жадыратты, — деп меймандары шын пейілін білдірісті.

— Осының қасында сен де ән салдың-ау, — деп шұбар Шәлипан Жұмалыны сөзбен тістеп алды.

— Е, мұнысі әшейін, «ит жоқта шошқа үреді қораға» ғой, — деп Қажен таз Жұмалының абиырын шайып тастады.

— Уат мына настоящи певест. Мен бек шад болдым. Ғажап тауыш ифрат матор матиф... — деп мұғалім әннен алған әсерінен қыбыржып отыра алмай сөйлеп кетті. Ол Нәзипаға қарап:

— Сізге бек рақмет. Көп рақмет. Мен бек разы. Тігінің жыруынан, матор тауышынан көңілім қанатланып әллә қайларға қазақ сахарасын, Еділ бойларын кезген кібік түйілды. Мына шошы шекіллі қара халық ішінен шыққан таланттарды тудырарлық, уа, бұларны Европа мәдениетіндегі сахара жыршылар дәрәжесінә көтерерлік театр сахналары болса еді қазақ халқында...

— Ол жақында болмас, — деді Нәзипа.

— Неге болмасын соң, ханым, болыр. Мұнан біраз жыл бұрын бізнің татар халқында да сахна һүнәрі болмаған бит. Ә, хазір мінә алар шыға башлады. Тек бұл мәсәләләргә қазақ зиялылары біраз әһмиет берсе, қазақ байлары иғаналар жиыштырғаласа, театрлар болыр еді, — деді мұғалім.

Сатан әнінен кейін мәжілістегілердің мауқы басылғандай ешкім селт етіп көтеріле алмады. Ол әннен асырып істейтін сауық, тәттілік жоқ сияқтанды. Біреу жырлап, біреу үндемей ойын тарқады.

Нәзипа мәжілісін тарқатып, меймандарын ұзатып, мұғалімге өз үйінен орын жайлаттырды. Сатан мен шұбар

Шәлипан бірі шамды өшіріп, бірі түндікті жауып, тыныштық қылатын жай-жайына тартты. Сатан Нәзипа үйінің артына шыққанда, үйге таяу жерден үйелмендей біреу түрегелді.

— Бұл қайсысың? — деді Сатан.

— Мен ғой...

— Дәукенбісің?

— Иә, біздің сиыр босанып кетіпті. Көзіңе түскен жоқ па?

— Жоқ, — деді Сатан.

— Апыр-ай, бұл ошақ болғыр қайда кетті?

— Сиырыңыз қайда еді?

— Байлаулы еді. Ұры ап кетті ме деп жүргенім...

— Е, құдай суық қолдан сақтасын, жүрген шығар...

— Мынау аттардың шөбіне келді ме деп ойлап ем... Немене, тамашаларың тарады ма?

— Тарады.

— Әлгі ноғай мұғалім қайда кетті?

— Осы үйде жатыр.

— Ім, — деп Дәукен біраз тұрды да, — Апырай, бұл арам қатқыр қайда кетті, — деп сиырын қарап кете барды.

Сатан ас үйге кіріп, ұйқыға кетті.

ТҮН ЖАМЫЛА

Шалматай қажының тоқалы Нәзипа үйіне мәжіліс жасайтын күні қажыны қалаға кетті деп едік. Қала Шалматай ауылына жақын жер болғандықтан, қажы көп қатынасады. Қалада саудасы, шаруасы көп. Ол бір кетіп қалса, қалада бірнеше күн жатып қалады. Ондағы сауданың, алысберістің, қарым-қатынастың басы-қасында болып басқару істейді. Жүк жүргіздіртіп, елге қыдырмашылар шығартады. Шалматай мұны жайлаудан қайтқан соң Абдыраның бекетінде жиі-жиі істейді. Осындай келістің бірімен келген Шалматай үш күннен бері бекетте.

Ол бүгін Абдолла байбатшаның пәтерінде болды. Онда жалғыз Шалматай емес, бекеттегі байбатшалардың бірнешеуі, приказчиктер, мырзалар жиылып карта ойнады. Арақ ішісті. Біздің Шалматай қажымыз молдамен бірге қымыз, мырзамен бірге арақ ішетін еді. Осы арақтың үстінде сөзден-сөз шығып отырып Фазыл мұғалімді біреулер мақ-

тап, біреулер боқтап, сөз күресі болды. Шалматай Фазылды жақтап, оны жамандағандардың сөзін өрге бастырмай қызыл кеңірдекке түсті. Шалматайдың қаладағы жанбарлас адамы алыпсатар Сыдық былай шыққан соң достық ретінде Шалматайға көп әңгімелердің бетін ашып бергендей болды. Ол Шалматайға осы Абдыра бекетінің аузында не сөз бар екенін былай бастады:

— Қажы, дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады. Өз дәулетінде күн көріп тұрған бір нашарың мен ғой. Осы қаланың қыбыр еткенін білемін. Әйтеуір, жүріс-тұрысымыз осында болған соң ноғайдың да, қазақтың да қақ ортасында боламын. Араласпайтын жерім болмайды. Осылар сөйлеп жүрген бір жаман атқа менің бетімнен отым шығады...

— Ол немене? — деп Шалматай тіксініп қалды.

— Оны сіз сұрамаңыз, мен айтпайын; құрысын!..

— Не туралы?.. — деп Шалматай одан әрі қызықты.

— Керегі жоқ, сіздер туралы...

— Айт, не сөз? — деп Шалматай тура қадалды.

— Тіпті айтуға ауыз бармайды, қажы...

— Басын шығарып, аяғын неге айтпайсың?

— Осында бір күйлдеген өсек бар.

— Қандай өсек?

— Өсек Фазыл мұғалім туралы. Түнеугіде осы бекетке қонаққа келгенде, сіздің кіші әйеліңіз Нәзипамен екеуі жұрттың көзіне түсіпті. Қазір Нәзипаны мұғалім айнытып, алып қашады екен деген сөз осында күу-күу етеді. Жаңағы үйде сіз Фазыл мұғалімді жақтап сөйлегенде әлгі Ғайнеттен, Шәкирлердің тырқылдап күліп отырғаны сол еді. Бұл не сөз, қажы? — деп Сыдық алыпсатар қажының көзіне қарап сығырая қалды.

Шалматай қап-қара болды. Тек, айналып жүріп кетті. Оның жүрегін Сыдық алыпсатар жас теріге тұз бүріккендей қылды. Шалматай ешкімге жылы жауап қатпай, түскен жерінде сойылып жатқан малға қарамай, күн батып кетсе де, түн қатып ауылына тартты.

Шалматайдың көңілі тас-талқан. Өмірінде ойына келмейтін сұмдық от басынан өрбіп, өз басына жаманат түсті. Бұл жаманат қалаға да, далаға да әлдеқашан жайылып біткен. Әлдеқашан Шалматайдың аруағы былғанып, басы қорланған. Айналада дүние бүлініп жатқанда Шалматай мұның бірде-бірін сезбеген. «Не үшін былай? Рас

шығар... Мен мұны алғалы екі жыл болып барады... Менімен белін шешіп бір сөйлесті ме? Мені онша төмендететін ол қай перінің баласы? Қашан мұндай жынның баласына төмендеген екем? Мұны қанша әлпештедім... Бәйбіше байғұс көрген жерде: «біздің тұқымға кірпікшешен болатын кесір алған екенсің» деп еді. Ол байғұс әлденеше рет өрескел қылықтарын айтса да, мен оны күндестікпен айтасың деп келіп едім. «Осы сенің абыырыңды алады» дегенде, «бұдан былай оттамай жүр!» дедім-ау. Енді міне бәріне де көзім жетті. Не болдым енді, не болдым?..

Мен қатын алмаған екем, жылан алған екем... Улы жыланды бойыма сақтатып, басыма орнатып алғамын. Күннен күнге ел алдында, жұрт көзінде өзімді масқаралап, қадірімді кетіріп бара жатыр екемін... Мен не үшін алдым мұны? Мен таңдап алдым. Малға жығып алдым. Жүздеп жылқы, бестеп жамбы, тайтұяқ бердім. Не көрдім алғанда? Оң жақтан-ақ жанымды жылытып пейілін бір шешкен жоқ. Әкесінің үйіндегі қылжағы — еркелігі, асаулығы болсын. Ал ендігісі не?

Жоқ, мен мұны еркінсіте алмаймын. Не жеңіп қатын қылам, не бетіне адам қарағысыз етіп абыырын төгем...

Апырым-ау бұл кіммен жүр? Кім менің мандайымды басатын? Қара қазақ қатынымның қойнына бармақ түгіл, жаман ниетпен қорамның шетінен жүрді ме? Менің сүйегімді сындырып, басымды қорлайтын осы қаңғырған ноғай болып па екен? Мен осы шақшабас ноғайға оп-оңай болыппын ба?

Кім біледі? Сайда саны, құмда ізі жоқ салт ноғай бір күні дәт еткізіп алып қашып кетсе... Кетсе, оңай ұстата ма? Ұстатар еді-ау, бірақ мені елге әшкере, жұртқа масқара қылмай ма? Ондай атқа ұшырағанша менің басым көрде болғаны тыныш. Көрге көмілсең тым болмаса мұндай қорлықты көрмейсің де, естімейсің де...»

Шалматай салт атты сарт-сарт қамшылап желіп келеді. Түн қараңғы. Айсыз аспан түнеріп, бұлты қоюланған сияқты. Қасындағы қылаң атты Жәкежанды алдына салып, оған да жақ ашып жауап қатпастан тек желіп келеді, желіп келеді...

* * *

Түндігі жабулы, есігі түсірулі үлкен үйдің керосин лампасы үй ішін тұнжыратып жылтырап қана жанып тұр. Әйен

бәйбішеде ұйқы жоқ. Шешінген де емес, көсілген де емес. Өлі тиген жылқыдай төңбекшіп бүк түсіп жатыр еді. Үйге сып етіп біреу кіріп келді.

— Дәукенбісің? — деді бәйбіше.

— Иә, ұйықтаған жоқ екенсіз ғой.

— Ұйқы құрсын, жынның ойнағы тарады ма?

— Жын-шайтан тарады, бірақ Ауе анамыздың қасында анау Әзәзіл қалды, — деп күліп қойды.

Дәукеннің бұл айтып тұрғаны мұғалім мен Нәзипа екенін түйген бәйбіше басын көтеріп алды.

Дәукен сипаланып жүкаяқтың астындағы насыбай шелекті тауып алып, сөйлей түсті:

— Әбден болыпты, бәйбіше, әбден бұзылыпты. Ешкімнен именбейді, кәпір!

— Арам жесең тойғанша деп, кімнен қымсынсын, имансыз жүзіқара. Елге-жұртқа енді не бетімізді айтармыз, — деп бәйбіше бетін үзіп-үзіп алды.

— Әй, құдай құдіреті-ай, анау бір қу тымақ арғынды тауып алыпты.

— Онысы кім екен?

— Анау бір былтыр қойда жүретін арғын. Биыл тіпті өлі жүні түсіп, түлеп қапты өзі. Оны ана тоқал нағашым деп қояды.

— Тарттырармын сазайын нағашысының! — деп бәйбіше кіжініп кетті де: —Дәукесі, енді тыныштық қылыңыз, — деді. Дәукен үйден шығып бара жатып қайтып келіп, сыбырлап қолын ымдап:

— Не қылса да бүгін ұмтылған кісі тойдың үстінен түседі, — деді де шығып кетті.

Тасыр-тұсыр етіп үйге бір аттылар түсе қалды. Бәйбіше «бұ қайсысың?» дегенше үйге өңі қашып Шалматай кіріп келді.

— Амансыңдар ма? — деді Шалматай.

— Аманбыз, анау үйіңнен басқамыз! — деп бәйбіше зірк ете түсті.

— Ол үйге нағыпты?

— Жау шауып жатыр...

— Ол үйді жау шауып жатса, сендер қайдасыңдар? Бізді кісі құрлы көре ме сенің таңдап алған нақсүйерің! Ауылды ауыл, аруақты аруақ білмей анау қаңғырған нағаймен... сұлуың!.. — деп тығылып айта алмады.

Қаны қашып кеткен Шалматай сып етіп үйден шығып кетті.

* * *

Нәзипаның ас үйіндегі Сатан шырт ұйқыда еді. Біреудің қолы жұлқып қалғанда, ояна кетті. Жанындағы үйде дабыр-дүбыр, шаң-шұң. Дауыс сасып сыбырлады:

— Тұр, жүгермек! Құдай төбеден ұрды!

— Шәлипанбысың?.. Не болды?

— Масқара болдық. Қажы келіп қалды. Мына үй бүлініп жатыр. Келіншек саған тез... хабар тигізсін деді. Ұмтыл!

Шәлипан тілі осыған-ақ келді де жоқ болды. Сатан апыл-құпыл киініп, керегені сипалап жіберіп бір жүген қолына түскенде үйден сып етіп далаға шықты. Шықты да қараңғыға лақтырған тастай жоқ болды.

МАСҚАРА

Шалматайдың ауылы бұл таңды шулап атырды. Бірін-бірі оятып, біріне-бірі хабар берді. Оянғандардың барлығы да көздерін уқалай Нәзипаның отауы жағына жүгірді. Қарғанған дауыс, күжілдеген ашу, күңіренген көпшілік у-шу болып, бүлінген ауыл азан-қазан. Шалматай Нәзипа отауына келгеннен бері у-шу күшейгеннен күшейіп бара жатты.

Таң атып күн шығарға таянғанда Нәзипаның үй жағына жиылған халық жосылып жүрді. Сатан да бір бүйірінен келіп араласып кетті. Үйме-жүйме болып келе жатқан адамдардың алдындағылары бір-бірлеп Сатанның көзіне түсе берді.

Халық алдындағы найза салым ілгері келе жатқан Дәукен. Бір қолында таяқ, бір қолында шылбыр. Пері соғып кеткен кісідей алақ-жұлақ етеді. Әлдекімді жетелеп келеді.

— Ойбай-ау, жетелегені кім? Нәзипа ғой! Сұмдық-ай! Сорлы-ай! Масқара қылған екен ғой! Әй, мынау Дәукен не деген доңыз еді? Анық сол, Нәзипа... Алда бейшара-ай! Ақ жібек шәлісінің үстінен бастыра мойнына құрым киіз іліпті-ау! Түу, масқара-ай!.. — деген ойлар бір секундтың ішінде жайдың отындай жалт-жұлт етті.

Нәзипаның жақсы киімдері үстінде. Жамылғаны ақ шәлісі, жасыл пүліш бешпенті, торғын көйлегі төгіліп, тұлға-

бәйбішеде ұйқы жоқ. Шешінген де емес, көсілген де емес. Өлі тиген жылқыдай төңбекшіп бүк түсіп жатыр еді. Үйге сып етіп біреу кіріп келді.

— Дәукенбісің? — деді бәйбіше.

— Иә, ұйықтаған жоқ екенсіз ғой.

— Ұйқы құрсын, жынның ойнағы тарады ма?

— Жын-шайтан тарады, бірақ Ауе анамыздың қасында анау Әзәзіл қалды, — деп күліп қойды.

Дәукеннің бұл айтып тұрғаны мұғалім мен Нәзипа екенін түйген бәйбіше басын көтеріп алды.

Дәукен сипаланып жүкаяқтың астындағы насыбай шелекті тауып алып, сөйлей түсті:

— Әбден болыпты, бәйбіше, әбден бұзылыпты. Ешкімнен именбейді, кәпір!

— Арам жесең тойғанша деп, кімнен қымсынсын, иансыз жүзіқара. Елге-жұртқа енді не бетімізді айтармыз, — деп бәйбіше бетін үзіп-үзіп алды.

— Әй, құдай құдіреті-ай, анау бір қу тымақ арғынды тауып алыпты.

— Онысы кім екен?

— Анау бір былтыр қойда жүретін арғын. Биыл тіпті өлі жүні түсіп, түлеп қапты өзі. Оны ана тоқал нағашым деп қояды.

— Тарттырармын сазайын нағашысының! — деп бәйбіше кіжініп кетті де: —Дәукесі, енді тыныштық қылыңыз, — деді. Дәукен үйден шығып бара жатып қайтып келіп, сыбырлап қолын ымдап:

— Не қылса да бүгін ұмтылған кісі тойдың үстінен түседі, — деді де шығып кетті.

Тасыр-тұсыр етіп үйге бір аттылар түсе қалды. Бәйбіше «бұ қайсысың?» дегенше үйге өңі қашып Шалматай кіріп келді.

— Амансыңдар ма? — деді Шалматай.

— Аманбыз, анау үйіңнен басқамыз! — деп бәйбіше зірк ете түсті.

— Ол үйге нағыпты?

— Жау шауып жатыр...

— Ол үйді жау шауып жатса, сендер қайдасыңдар?

— Бізді кісі құрлы көре ме сенің таңдап алған нақсүйерің! Ауылды ауыл, аруақты аруақ білмей анау қаңғырған нағаймен... сұлуың!.. — деп тығылып айта алмады.

Қаны қашып кеткен Шалматай сып етіп үйден шығып кетті.

* * *

Нәзипаның ас үйіндегі Сатан шырт ұйқыда еді. Біреудің қолы жұлқып қалғанда, ояна кетті. Жанындағы үйде дабыр-дүбыр, шаң-шұң. Дауыс сасып сыбырлады:

— Тұр, жүгермек! Құдай төбеден ұрды!

— Шәлипанбысың?.. Не болды?

— Масқара болдық. Қажы келіп қалды. Мына үй бүлініп жатыр. Келіншек саған тез... хабар тигізсін деді. Ұмтыл!

Шәлипан тілі осыған-ақ келді де жоқ болды. Сатан апыл-құпыл киініп, керегені сипалап жіберіп бір жүген қолына түскенде үйден сып етіп далаға шықты. Шықты да қараңғыға лақтырған тастай жоқ болды.

МАСҚАРА

Шалматайдың ауылы бұл таңды шулап атырды. Бірін-бірі оятып, біріне-бірі хабар берді. Оянғандардың барлығы да көздерін уқалай Нәзипаның отауы жағына жүгірді. Қарғанған дауыс, күжілдеген ашу, күңіренген көпшілік у-шу болып, бүлінген ауыл азан-қазан. Шалматай Нәзипа отауына келгеннен бері у-шу күшейгеннен күшейіп бара жатты.

Таң атып күн шығарға таянғанда Нәзипаның үй жағына жиылған халық жосылып жүрді. Сатан да бір бүйірінен келіп араласып кетті. Үйме-жүйме болып келе жатқан адамдардың алдындағылары бір-бірлеп Сатанның көзіне түсе берді.

Халық алдындағы найза салым ілгері келе жатқан Дәукен. Бір қолында таяқ, бір қолында шылбыр. Пері соғып кеткен кісідей алақ-жұлақ етеді. Әлдекімді жетелеп келеді.

— Ойбай-ау, жетелегені кім? Нәзипа ғой! Сұмдық-ай! Сорлы-ай! Масқара қылған екен ғой! Әй, мынау Дәукен не деген доңыз еді? Анық сол, Нәзипа... Алда бейшара-ай! Ақ жібек шәлісінің үстінен бастыра мойнына құрым киіз іліпті-ау! Түу, масқара-ай!.. — деген ойлар бір секундтың ішінде жайдың отындай жалт-жұлт етті.

Нәзипаның жақсы киімдері үстінде. Жамылғаны ақ шәлісі, жасыл пүліш бешпенті, торғын көйлегі төгіліп, тұлға-

сы сырықтай болып, Дәукеннің жетегінде жүріп келеді. Мойнына ілген құрым киізден басқа оның көркем бойын кірлеп тұрған нәрсе жоқ. Талдай сыны, жанған жүзі, жалтылдаған көзі жайнап, қабағы қаз қалпында. Бетінің қызылы қызыл, ағы ақ, жайшылықтағы жайдары мінезінен мінамдай өзгермеген. Ол Дәукеннің жетегінде іркілмей батыл аттап басып келеді. Дәукен ат ойнататын адамша мойнына құрым ілген ақ келіншекті ақсандай басып жетелеп барады. Бұлардың артынан шұбап атты-жаяу адамдар топырлап келеді. Нелер қара сақалды, ақ сақалды кісілер күңіреп тепсініп жүр. Нелер тентек мырзалар кіжініп, аузынан жынын құсады:

— Бер қолыма! Аттың құйрығына тағайын!

— Құның қалтамда! Асқанға тоскан!

— Айналдыр аруақты!

— Айналдыр мешітті!

— Алып жүр әкем ауылына!

— Кереміз!

— Қырықтық қыздырып басамыз!

Осындай сөздермен қажы ауылының нелер сызылып отыратын сұлу мырзалары күж-күж етеді.

Түндегі мәжілісте болған Қажен таз да осының қақ ортасында. Ол да Нәзипаға қамшы үйіреді:

— Не жетпеді, иттің баласы? Тоймасаң, құлға қосам. Жоныңнан қайыс тілейін!.. — Жайшылықта намазын қаза жібермей, қолынан құманын түсірмейтін қажы ауылының қатындары Нәзипаға қарап шу-шу етеді:

— Өлда ғана, мұндар! Тарт жазаңды!

— Тартсын жазасын, албасты!

— Әй, бейшара-ай, неге бүйтті екен?

— Сорлының абиыры алынды-ау!

— Абиыры құрысын! Өзінің де, өзгенің де абиырын алып еді! Болсын!

— Ананы қарашы! Бетім-ау, анау Дәукен керей не деген имансыз еді-ай? Ұялмастан сақалымен Нәзипаны қалай қолы барып жетелеп жүр?!

— Қажы атады ғой мұны...

Нәзипаны аластап алып жүрген халық жетелеп жоғары әкетті. «Қажы әкесінің қара шаңырағы» деп, Қажен тазды үйін үш айналдырды. Онан шығып мешітті екі айналдырды. Осы жүрісте Нәзипаны сөкпеген адам, қарғамаған кісі, боқтамаған тентек, бетіне түкірмеген күндес қалмаған шығар. Біреу тас атып, біреу кесек лақтырып, біреу топырақ шашып жатыр — бәрі де итше ырылдайды. Шошқаша қорсылдайды. Бірақ мұның біреуі де Нәзипаның қабағын қақтырып, жүнін жықтырмайды. Оның не намысы жоқ өлі кеуде екенін, не мұның бәрін күлкіге ғана есептеген көзсіз ер екенін айыру қиын. Екі беті гүл-гүл жайнап, көзі ойнап, езуі күліп, жүзі жарқын, жүрісі еркін, мойнында ілінген құрым, тағылған шылбыр, өзі Дәукеннің жетегінде, жабыла қақарақтаған кесек атып сөккен адамдардың қақ ортасында өзін боқтаушыларға «ләм-мим» демейді. Тек анда-санда:

— Сөз сендердікі! Қолыммен қылғанымды мойныммен көтеремін. Бәрібір маған бір өлімнен басқа еш нәрсе қалған жоқ! — деген сөзді айтады.

— Мынау неткен бетпақ еді, жүз жанбайды ғой! — деп абысын-ажын жағасын ұстайды.

Сатанның екі көзі далада, әлде нәрсеге асығып тықыршығандай мешіттің ар жағына қарап жалт-жұлт етеді. Апыр-ау, Фазыл мұғалім не күйге ұшырады екен? Оны да осындай жұрт алдында масқаралар ма екен? Әлде өлтіріп тастады ма? Жоқ, Фазылға тиюге артына қарасын. Ол законның адамы ғой, оған мынандай айуаншылықты істей алмас. Істеуіне мұғалім де оңай көнер ме екен? Тек сорлағанда мына Нәзипа сорлады ғой... Ал қажының өзі қайда? Сондай жұрт аузына қараған абыз кісі, қажы кісі осындай істерді істер ме? Мынау масқара ғой!.. Әй, істер-ау; пәленің қайсысы болса да қажылардан шығар-ау. Неткен қатал ит еді өзі. Азар болса, жас әйелдің аяғын ауыса басқан бір кезінің үстінен түскен шығар. Оны осынша елге әйгілеп, жұртқа масқараламай-ақ, бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде, не қылса да қолынан келіп тұрған жоқ па? Әй, имансыз екен! Әй, қансыз екен!..

Нәзипаны аластап қара шаңырақты да, көк мешітті де айналдырып болған соң жосылған топ тура Шалматайдың көк шатырлы екі қабат үлкен сары ала үйіне тартты. Масқараның жорығы осы үйдің алдына таман келгенде жоғарғы терезенің біреуі серпіліп ашылып Шалматайдың басы көрінді. Тегінде ит кемірген асықтай тығырайған қара қажы қаны қашып, қара пышақтай болған екен. Зират жаққа

қолын бір сілтеді де, терезені жауып жіберді. Нәзипаны жетелеген Дәукен артынан көпті шұбатып Сарманекең қажылардың моласына қарай тартты. Сатан да осының ішінде. Оның екі көзі далада. Біреулерді күткендей алақ-жұлақ етеді...

ҚАЖЫНЫҢ ҚАТЫНЫ КЕТТІ

Масқараның жорығы жосылып зиратқа таман жуықтады. Сол кезде мешіт жақтан саулап көп атты кісі шыға келді. Самсаған қол, қалың кісі қанатты жайып жіберіп, шеп тартып, сар желіп келеді.

— Я, бәлем, жетті ме! — деп Сатан қуанды. Саулап келе жатқан көп кісіден салт ат жетектеген екі кісі масқараның жорығына қарай өзгелерден оза шапты.

Шапқан екі кісінің алдыңғысы қаршығадай құнтиып қалған жылпың бозбала. Оның жетегіндегі қара жорға үстіндегі ақ күміс әйел ер-тоқымды саудыратып, шапқан атының жетегінде шайқалып келеді. Жорға жер баспаған сияқты. Артындағы салт атты ақсақал. Жорғаны жолдасына жетектетіп, таяғын көлденең ұстап ерге таянып, сақалы желкілдеп, өзі селкілдеп келеді. Бұлар Нәзипаларға айқаса берді. Аттың ағынымен келіп ақсақал таяғын ала Дәукенге ұмтылып еді, оралып ұра алмады. Дәукен Нәзипаның шылбырын тастай салып, айнала жүгіріп жанын қорғады. Апалақтап олай-бұлай жүгіріп жүрген Дәукеннің ұрымтал жерінен келіп жетек атты жігіт атын бір салып жіберіп, Дәукеннің үстіне ұршықша иірілді. Дәукен тыпырлап қамшының астында қалды. Білеп ұстаған жезді қамшы Дәукеннің қара көсе бет-аузын қан қылып, көрі мойнын осып-осып түскенде, қоңыз болып жердің тесігіне кіріп кетті...

Ол арада ақсақал да кіжініп ақырып келіп, Нәзипаның мойнындағы құрымды таяғымен іліп лақтырып тастады да:

— Мін, балам, мына атқа! — деді. Нәзипаның алдына ерттеулі қара жорға көлденендей берді. Нәзипа жұлқынып мойнынан күрмелген шылбырды ала алмай жатқанда шал суырып пышағын бере берді. Шылбырды шарт қиып лақтырып, Нәзипа аяғын үзеңгіге әлде салды, әлде салмады, қара жорғаның үстіне қаршығадай қона кетті. Сатан сергіп сала берді. Оның күткені де осы еді...

— Тарт, балам, бері! — деді ақсақал, үшеуі топталып Шалматайдың сары ала үйіне қарай тартты. Бұлардың артынан саулап желіп қамшысын білеген қалың кісі де жетті. Сарыағаштың таң атқаннан бергі қобырап жүрген тобына мына кісінің тобы келіп араласқанда қажының ауылы кісінің астында қалды.

Бұл келгендер Нәзипаның төркіні — Қаралар. Қонысы Шалматаймен араласа отыратын. Ертеден өрісі бастас, терезесі тең — бұлар да бір жуан ауыл. Мынау ат үстіндегі ақ шал — Мысық деген аю осы. Оның атасының көптігі, өзінің ерлігі — жеме-жемге келгенде мына қажыларға тізгін де бермей кететін көкайыл, қызының Шалматайға келуіне наразы екенін Мысық бұрыннан білсе де, «ол таз қажыға тоқал болып бармаймын» дегенде «аруаққа бар, батаны бұзба!» деп осы шалдың өзі ұзатқан болатын. Кейінде «Нәзипа айнып жүр, айнымалы» дегенді шал жата-жастана еститін.

— Балама сәлем айт, бұзылмасын. Мен аруаққа бергем, сыйласын! — деп Нәзипаға сәлем айтқан.

— Баламды аруаққа бердім, алған қатыным деп жүзін төмендетпесін, аруағымды сыйласын! — деп күйеуіне де сәлем айтқан.

Нәзипаның өрескел қылығы ішіне қанша сыймаса да Мысықтың бұл сөзі Шалматайға үлкен салмақ болып жататын. Бірақ іс шегінен асты. Нәзипа ешкіммен де санаспаған жоқ. Өзінің дегенін істеп, қажылардың аруағын қорлады. Ол өзін өзі зорлай алмады. Ақыры мұндай болды.

Мысық Сатаннан түндегі жаманатты естігенде, селкілдеп отыра алған жоқ. Мұны не де болса бір жайлы қылайын деп жігітін жинап, атқа мініп кеткен еді. Сатанның түн жамылып бұларға хабар беріп үлгіргені мұндай жігіттік болар ма? Қаралардың келісі қажылардың төбесінен түскен тастай болды.

— Ер болса, кірген көрінен шықсын, терінің пұшпағынан байығаң неме! — деп Мысық ақсақал көгеріп, көк ала үйдің алдында тұр. Шалматай үйінен шығып көрінбек түгіл, ішіндегі есіктерін бекітіп, кірерге тесік таба алмай жүрген шығар. Ол әлде шкафына кіреді, әлде ұшырмасына шығады. Өлімнен ұят күшті, ұяттан да өлім қауіпті. Қазір қанына қарайып тұрған Қаралар байлап әкетуге құдіреті келеді. Шалдың ашуы жаман. Бауыздата салудан да тартынбайды.

Қаралардан қашқалақтаған Шалматайдың өз басы ғана емес, бағанағы бір-бір атқа мініп, Нәзипаға қамшы үйіріп,

аттың құйрығына тақпақ болып күпініп жүрген жігіттердің біреуі де сөзге келуге жараған жоқ. Қайта Қаралардың көзіне түсетіндей адамдары қорасына, моласына, мешітіне, тесігіне тығылып, шілдіпірім болып тозып кетті. Дәукен көптен көрдің ішінде жатыр. Тек жарық дүниеде қажының аулынан қалған қатын-қалаш, қоңсы-қолаңсы болмаса — қажы өренінен бір адам шығып Қараларға жауаптасуға жарамады. Жасы жетпіске келсе де атқа әлі баладай қазди-ып тіп-тік отыратын қаршыға көзді қара шалдың жанат бөрігі желкілдеп, салалы сақалы желпілдеп, өзі бураша шабынып, жыландай ысқырып тұр:

— Шық, еркек болсаң! Сенің мақтанғаның қыл-қыбырдан жиған ақшаң, терінің таңын жалап тапқан малың, ұрлап ішкен арағың ғой! Мені неше кессе де сендік қауқарым бар. О, сорлы, құдайынды нағып ұмыттың? Мен бұлқынсам төрдегің түгіл көрдегіңді де суырып алам! Шаңынды қағып, шаңырағыңа қобыз тартайын! — деп зірк-зірк етеді.

Көк ала үйдің алдында иіріліп Қаралар біраз тұрды. Не байдан, не бәйбішеден, не мырзалардан, не жалшыдан бір адам шығып Мысыққа жауап бере алмады. Мысықтың маңайына баратын бір тышқан табылмады.

Мысық қамшысын қызына беріп:

— Мә, балам, салдыр жорғаны! — деді.

Қамшыны Нәзипа алды. Тақымды бір қымтап қойды. Тізгінді теженкіреп ұстап, қара жорғаны бауырға бір осып, тақымды қағып сырғып кеп жөнелді.

Сарыағаш қыстағының ортасын жарған кең көше. Екі жағы үлкен-үлкен көк шатырлы, қызыл ұшырмалы, ағаш төбелі көп үйлер — бұл тірі қажылардың мекені. Осы үйлердің сырт жағында аулағырақта иқы-жиқы көрінген дөңгелек қорған, төрт құлақты, ай орнатқан зираттар — өлген қажылардың мекені. Мынау қасында екі ақ үй тігулі молаға қарап тұрған үлкен көк ала үй Шалматай қажынікі. Анау сорайып тұрған Сарыағаш мешіті. Күн шашырап жаңа шығып келеді. Көкте бір шүйке бұлт жоқ. Оң жақта көлбеп, көсіліп Алатау жатыр. Сол жақта мая-мая шөп үйілген жалпақ саз. Ертеңгі ашық әуедегі салдырған жорғадан шаң шықпайтын сазғылт жердің тақ-тақ жолы. Алатауды иығына ала, мандайын шыққан күнге бере, көсіліп жатқан кең көшемен әлгі өлі-тірі аруақтың сай-сүйегін сырқырата Сарыағашты жорғамен жарып салдыртып кетті Нәзипа.

Ол үйтқытты, шайқалтты, дірілдетті, бұлдыратты, құлдыратты қара жорғаны! Әне, көшенің арғы басына шықты. Әне, бұрылды. Қайта тартты. Салды қамшыны! Үшты бері! Теңселіп келіп тұрған топқа тіреліп тұра қалды.

Жорғаның бұл салысына Алатау дүбірлеп аунап-аунап түскендей болды. Жер сілкініп дүрілдеп кеткендей болды. Нәзипаның күңгірт көңіліне самал жел соғып, қапа тұманын қуып, денесін сергітіп жіберді. Қашаннан басқан қара албастыны қара жорғаның екпініне қақтырғандай екіленіп, шалқып жорға жалында ойнаң қақты. Сарыағаштың менмен кеудесіне ойнаған жорғаның дүбірінен, келіншектің көңілінен қажылардың тірісі жаншылып, өлісі ыңыранғандай болды...

— Тарт, балам, әрі! — деді Мысық.

— Қош, Сарыағаш! — деп Нәзипа жорғасын жалт еткізіп бұрып алды. Қаралар саулап жүріп берді. Жауды жеңіп олжалы қайтқан жасақтай Мысықтың нөкері дауылдасып ауылына қарай тартқанда қара жорғалы келіншек көптің алдыңғы селдіреңінде теңселтіп бара жатыр еді.

Терезені ашып жіберіп Шалматай қарап қалған екен. Тығылған көрден басын жаңа көтерген Дәукен де солай аяңдады.

АБДЫРА ТОБЫНДА

Абдыраның бекеті құмырсқаның илеуіне ұқсайды, қайнаған халық. Аққан судың екі жағына сірестіре тігіліп тасталған үйлер, үйіліп тасталған отын. Бекеттің өр жағында жайылған сойыс малы, тұсаулы аттар. Ойға тігілген үйлерге топ-топ болып жан-жақтан құйылып жатқан кісі.

Бір дуан елдің бас қосқан Шербешнай съезі осы. Мұны «Абдыра тобы» дейді. Уездің начальнигі топтың басы-қасында өзі болады. Елдің арасындағы алым-берім, дау-шардың, карта алыстың тоқайласатын жері осы. Топ екі жылда бір болады.

Тігілген үйлердің біреуі — «ұрлық үйі», мұнда ұрлық туралы билік айтатын билер отырмақ. Ұрлық туралы дауды тергеп, «ұры билері» кесім қылмақшы.

Оған жалғас екінші үй — «жесір үйі». Бұл үйде жесір билері отырады, мұнда әйелдің басын ашады, не басын бекітеді. Әменгерлерге разы болмаған женге, оң жақта қал-

ған қыз, төркініне қашқан келіншек, құда, тағы солар сықылды даулы адамдардың басы осы жесір үйінде сарапқа түседі.

Үшінші үй «қол ақының» үйі. Мұнда біреуден біреуге ауысқан ақы туралы бітім айтылады. Алыс-беріс, тамыртаныс, ауыс-түйістің сөзі осында.

Сатанды айдаған жасауыл осы үйге таман алып келді, бұл үйдің артында сұлу сақалды, сусар бөрікті қара болыс бірнеше кісілермен оңаша сыбырда отыр екен; жасауыл Сатанды болысқа алып келіп:

— Әлгі шақыртқан кісіңізді, міне, алып келдім! — деді.

Қара сақалды болыс қабатын төбеттей қабағын түйіп, төңкеріле бір қарады да:

— Старшынның қолына бер! — деді. Мойнына кінаға салған сары, тапал, жылпың старшын Сатанға ие бола кетіп, алып келіп ас үйдің қасындағы жерошаққа от жағып отырған сақау малайға:

— Мына кісі — жауапты кісі, қазір сенің қасында болады. Айрылып қалсаң жауабын сен бересің! — деді.

— Ойбай, штайшын әке, би бәйеңді менен аулақ әкет. Мен айдиып қаяймын,— деп сақау сақал зыр қақты.

— Айрылсаң, болысқа жауабын өзің бересің! — деп старшын кетті.

— Байғұс, қорықпа, мен қашқын емес. Сені ұятқа қалдырып не қылайын, — деп Сатан келіп сақаудың жанына отырды.

— Қай ейсін? — деді сақау, көңілі тыныштанғандай болып.

— Арғынмын. Өзің ше?

— Өзім Кенжемін. Осы сиястың сойсын айдатып кеип еді. Енді осы би үйге от жақтиып қойды.

— Ылаушы екенсің ғой?

— Иә, ыяумен жібейіп еді.

Сатан сақау ылаушының ернін танып, өз шақшасын сырып, насыбайын ұсынды.

Сол арада жылпың старшын келіп Сатанға:

— Жүр! — деді.

Сатан старшынға ерді. Старшын Сатанды дуылдап жаткан қол ақының үйіне алып келді. Қол ақы үйінің қол жасауылы есікте тұр екен, Сатанға:

— Бас аяғыңды, тезірек! — деп шақшиды. Жасауылдың мұнысы көрінген жауапкерге осылай бір көз алартып ақырып қалатын әдеті еді. Ол осы әдісімен жауаптыға өзін таныттырып қалатын. Ондағы түпкі ойы — жауапкердің жүрегін шу дегенде осылай бір шайып қойса — кейін қолына теңге-тебен де түсіп қалатын. Ол әсіресе Сатан сияқты саяқ, үйірсіз жүрген жалғыз-жарымға өш. Жау жағадан, бөрі етектен ғой...

Сатандар үйге кіре берді.

Үй іші лық толған кісі. Төрді айнала алқа-қотан отырысқан, жантайысқан билер. Мықыр мойын, ебелек сақал, жұқа қара би шылым ширатып отыр. Сары сақалды, салалы саусақты, таңқы мұрын, ала көз би — қаздиып отырып шырт түкіреді. Бұқа мойын, саба құрсақ, үйелмен би жастық қойдырып қор-қор етіп ұйықтап жатыр. Біреудің айқайымен, біреудің бажылымен жұмысы жоқ. Сірә, түнімен бір параның сөзіне араласып ұйықтай алмаған болу керек. Биылғы сайлаудың тартысында ақшасын шашып ел аударып алып, азулы биді жеңіп болған тықыр қоңыр тоқты қошқар би тық-тық етіп, келген-кеткенді көзбен қақтықтырып отыр. Ала көз, қоңқақ мұрын, тесік тамақ, қызыл қожыр би шақшасына насыбай істеп әуре. Қасында шылымы шашылған арық қара — песір молда дегені осы. Ол үлкен книганы алдындағы қолсандықтың үстіне жайып тастап, жүгіністі жазып отыр. Молда ол жазудан бас ала алмайды. Жан терге түсіп отыр екен. Бұл жан терге түспегенде қайтсін, қолындағы қара шолақ қалам түрткен сайын теңге туады. Жүгініс басы бір сом. Ал жүгінетін кісі әне, кезек күтуде. Аз санағанда күніне қырық-елу жүгініс болады. — Сатанның алдында есіктен итермелеп кіргізген кісесі салбырағаң, тоны жалбырағаң, жайын ауыз қара шалды жүгініске алды.

Тісінің қақ жартысы жоқ қара шал аузы балпылдап:

— Ей, билер! Ей, қазилар! Бір ауыз сөзге мұрсатана! — деп қайқақтап еді.

— Отырғыз! Отырғыз! — деген билердің даусы жамырай шықты. Жасауыл шалдың иығынан сүйрелеп, кимелеп песір молданың алдындағы книгаға әкеп төндірді. Ақ елтірі тымақтың бір құлағын жымыра киіп, жезді қамшысын бүктей ұстап маса сары шалға қарсы отыра қалды. Бұл даугер еді.

— Кәне, не сұрайсың? — деді тоқты қошқар би.

— Картадан қараңыз? — деді ол.

Песір молда картаны қолға алды. Картасы үлкен қара книга екен. Песір молда қара книганы сатырлатып ашып-ашып жіберіп:

— Сарытау елі ме? — деді.

— Иә, — деп даугер жып ете түсті.

Сатан карта дегеннің атын ғана еститін. Сатанның білуінше: дуандық съезд болардан бес-алты ай бұрын карта жазуды жүргізеді. Старшын, ауылнайлар ауылды қыдыра жүре, алым, шығынды жия жүре — өзге болыстың елдерінен өз қол астындағы адамдардың даулайтын ақысын жаза жүреді. Міне осыны «карта» дейді. Жазған картаны оқығанда Сатанға былай естілетін:

«Пәлен ауылдың, пәлен болыстың адамы пәлен болыс, пәлен ауылдың адамы пәленшеден пәлендей ақы сұрайды» сол ғана. Қол ақы, ұрлық, жесір болса — өз жөн-жөнімен жеке жазылады. Бірақ Сатан картаның осылай жазылғанын долбарлап білетін болса да — оның қалай іс болатынын, қайда әкететінін білмеуші еді. Сөйтіп елдің карта дегені үлкен қара книга болып шықты. Ол карта осындай жалақтаған билердің ортасындағы үлкен құрандай жұрттың қарап отырған кітабы болған соң — Сатанға карта книгасы үлкен мықты нәрсе көрінді.

Песір молда картаны оқыды...

— Алтыншы ауыл, Сарытау болысы Есімбек Дәркембай ұғылына Арасан елі, он бірінші ауылдың адамы Омарбек Құткелді ұғылы керек. Бір құлынды бие, үш кесек ақ киіз, бір күмісті ер-тоқым қол ақы сұрайды.

— Жаз жүгініс!! — деді мықыр мойын бұзау бет би. Молда молақ қаламды жауыр аттың лоңқасынан аққан қанды іріңдей қызғылт сары сияға малып алып жүгіністі жазуға кірісті. Ол талапкердің де, жауапкердің де аты-жөнін сұрамастан картадағы жазудан көшіруге отырды. Билер сұраққа айналды:

— Қалай ауысып еді? — деді тоқты қошқар би.

— Тамыр болам деп алған, — деді маса сары.

— Өтірік айтады, мұның кім екенін танымаймын, — деп кетік қара шал бажалаң салды.

— Ей, қазилер, құлақ салыңыз, бұл адамды мен өмірімде көрген емеспін.

— Түу, иманың күйсін! — деп сары жалақ қызарақтады.

— Ей, қазилер, әділ таразыла, ақиретке бәріміз де барамыз. Мынау менің тамырым болмақ түгіл, танымайтын адамым...

— Танымасаң, бұл қайдан сені бұл жерде танып қалды? — деп сұлу сақал би тікелене кетті. Шал бажылдай берді:

— Бұл пәле жауып отыр. Мұның пәлесі мынау: осы адамды ұрлық үйінде отырған Қожангелді бидің жақыны болмас па екен деп тұспалдаймын. Өйткені біздің Разбек биіміз бар ғой, сол кісі ұрлық үйінде отырған алшын Қожангелді бидің бір туысқанынан жоғалған биесін танып алған еді, о биені ұрлаған Қожангелдінің жиені болып шықты. Сонымен біздің Разбек биіміз мал көзін алып, ұрыны да, биені ұстаған адамды да осы съезге салып, айғақтары мойнына қойылған соң мойнына қосақ, көтіне тіркеумен төлетіп алған болатын. Ол ұрыға абақты кесіліп кетіпті. Міне, осы шаталаңның барымтасына мен күйіп отырған болармын деймін. Одан басқа осы сақалыма ақ кіргенше біреудің алалы жібін аттамаған, құдай деген бір нашар адамбыз... Бұл мені базардан ұстатып алды да, ай-шай жоқ тілге келтіртпей, ақым бар деп осында сүйретіп келді. Ей, қазилар, бәріңнің де жас жандарың, бос мойындарың бар. Ақиқатқа күйдірмей, адалына барыңыздар, — деп көзінен жас тамшылап, сақалы селк-селк етті.

Сатанның жүрегі орнында жоқ, әлдеқашан шыбын болып ұшып, мұз болып қатып қалған сияқты. Өмірі мұндай топтың талқысын көрмеген жас Сатан мынау топаланды көріп жаны шошып тұрғандай: тасқайрақтай қағысқан дау, ақ па, адал ма, біреу біреуді сүйрейді. Біреу біреумен сыбырласып, жыбырласып, «әке, үйге кірмей бітейік» деп жікжапар болады. Не сұмдық? Не ақыр заман? Біреудің біреу бетін жыртқан, етін жеген майдан жер осы екен ғой. Бұл жердегі алатындар ылғи адуын ақсақал, азулы жуандар болмақ та. Қай нашар келіп осы жерден теңдік алады? Бұл жерге келген нашар теңдік алу үшін емес, терісін сыпырту үшін келеді де...

Осындай ойлар Сатанның басын әңкі-тәңкі қылып тұр. Жүгіністің екінші кезегі, әрине, Сатандікі.

Анау шал көзінен сорасы ағып, жылап сөйлеп, жанжағына жалт-жалт қарап отырды. Бірақ ол қанша зарласа да, қанша қараса да даусын естіген құлақ, көзіне түскен

жылы жүз табылған жоқ. Жанның бәрі тас көрең, су қараңғы соқыр, не өңшең тастардан соғылған сықылды. Біреуі де мизеп, зарға құлақ аспайды. Оның арызын тыңдап, ақ-қарасын айыру орнына бишікештер алдына келген піскен етке пышақтарын суырғандай жандарына қолдарын салысып мөрлерін суырысып жатты. Алынған мөрлер песір молданың кішкене сандығының үстіне үйме-жүйме болып отырған билердің өздеріндей тізіліп барады. Тот басқан ағаш сапты дөңгелек темір мөр, бота табан тас мөр, ит бас сүйек мөр, ит асық мұжық мөр, сабы мүйіз сұр сопақ мөр кір-кір төс қалталардан, жан қалталардан, түйіншектерден құдіретті түрде шығып жатыр; әркімнің мөрі иесі сықылды: мықыр мойын, құнан бұқа бидің мөрі — ит асық. Шуда сақал, жалпақ мұрын бидің мөрі — тот басқан шойын мөр; теке сақал, пұшық бидің мөрі — өзінің мұрны сықылды пұштиып қалған. Ұзын мойын көсе қараның мөрі — сұр сопақ, осы мөрлер аяғы буылып алдына келген малды бауыздайтын қайралған пышаққа ұқсайды...

Жүгіністі жазып болған песір молда:

— Қане, билердің кесігі не болады? — деді.

— Сенің айғағың кім? — деді сары шолақ би.

— Міне айғақ! — деп жапаң сары артындағы мұрнын жеп қойған күміс белдікті пұшықты көрсетті.

— Мен айғақпын, — деп ол пұшық мұңқ ете түсті.

— Картасы бар, айғағы қасында, билік айтылсын! — деді мықыр би.

— Биесіне бие, үш кесек киізіне бір бесті, — деп бұқа би тұжыра сөйледі.

— Ей, қазилер! Ей, билер! — деп шал зар қақсады. Оның сөзін кім құлаққа ассын!

— Ер-тоқым қандай еді?

— Шым күміс еді.

— Ендеше ереже бойынша бес бесті! — деді қара шолақ би.

Шалдан үн шыға алмады.

Молда қара шолақ қаламмен сытырлатып жазып жатыр. Аздан соң жазылған үкімді оқыды. Ол жазылған үкімнің аяғы былай бітетін еді.

«Айтылмыш малдарды тез алып бермек үшін нақым талапкер қолына көк книгадан копия кесіліп беріледі...»

Қара шал одан әрі қап-қара болып, қазан ұстаған тұтқыш болды да қалды. Бір ауыз ләм-мим деп сөйлеген де жоқ, енді «қазилер» деп ешкімге жаутаңдаған да жоқ. Өйткені билер оны мөрлерімен бауыздап тастады ғой...

— Түсір билердің полажнасын! — деп қол жасауыл дікек қақты. Билердің алдына келіп жүгінген адамнан алатын алымы «полажна» деп аталады екен. Олар ол ақшаны билік айтылған малдың сомасынан шығарып есептеді. Мынау шалға билік айтылған малдың полажнасы — жиырма жеті сом ақша болды. Ол малға шаққанда екі бестінің құны еді. Ақшаны тауып беріп өзі алғанша деп кетік шалдың атын жасауыл ұстайтын болды.

Сатанда үрей қалған жоқ. Оның жаны шыбын болып шығып әлдеқайда ұшып кеткен сияқтанды.

ЖҮГІНІС

Үйге Шалматай қажының жемеңгері Мұқажан деген қу құйрық кіріп келді. Ол отырды да билермен сыздаусып амандасқаннан кейін Сатанды көрсете:

— Билер, менің шақырылмыш адамым келген екен, мүмкін болса екеумізді жүгініске алсаңыз екен, — деп майдалап еді, Шалматайдың малы дегенде құрақтай жапырылатын жалмауыз билер қаужаң-қаужаңға келіп Сатанды:

— Отырғыз ананы!

— Жүгіндір!

— Жаз книгаға! — деп шуласып кетті. Молда книганы жайып, жасауыл есікті жауып, билер білекті сыбанып, Сатанның қол-аяғын буғандай құрманға шалуға айналды. Сатанда зәре жоқ. Үріккен түйедей екі көзі бажырайып кеткен.

— Не сұрайсыз бұдан? — деді бағанағы бырылдап ұйықтап жатқан үйелмен би, осы төбе ағасы екен.

— Мұның түбі Арғын, ағасымен екеуі Қоянды жәрмеңкесінде қыстан шығарып беремін деп қажыдан қой алған. Соны жеп қойды. Биыл үшінші жыл, бір тиын қайырған жоқ.

Сатан даудың қайдан қозғалғанын естіген соң онан арман шошыды, өзі сасқалақтап, сөзін созбалақтап:

— Ол қойынан бір тиын қалдырмай қажы алып біткен. Қойды қаттап алған ақ вексілді өзіміз алып, тынған жұмыс

болатын, — дегенді Сатан айтса да одан ешнәрсе шықпайтынын өзі де сезіп отырған еді.

— Жеген қойыңнан құтылған болсаң сенімен осы сиязға түсіп арамтер болып жүреміз бе, — деп Мұқажан кекей күліп еді, билер:

— Отырғыз! Отырғыз! — деп күмпең қақты. Жасауыл иықтап, Сатанды книганың алдына жүгіндірді. Қол ақының үйі, қара шолақ қалам, қабағы тырысқан шандыр песір, сары жапек старшын, қара книга, қотыраш мөрлер, жаланған билердің барлығы да — Сатанды союға қасапшыдай, не талауға үймелеген жаудай, не жеуге қамалаған қасқырдай көрінді. Осы қамалаған қалың жаудың ортасында өзіне жан тартқан жалғыз жылы жан көре алмай Сатан отқа үйітілген сиратай істікке шаншылып жүгініске отырды.

— Жаз, молда, жаз! — деп билер қылқылдады. Қара шолақ қаламды тоқырандатып песір молда жүгіністі жазуға кірісті.

— Жазбандар! Тоқта! — деген бір дауыс Сатанның құлағына сарт ете түсті. Құлдырап түсіп бара жатқан шыңыраудан Сатанды біреу ұстай алғандай болды. Жалт қараса Құсайын екен. Сатанның аузы:

— Өй, Құсеке-ай! Өлдім ғой! — дегенге ғана келді. Қабақты түйіп, қамшыны білеп, түлкі тымағының бір құлағын ішіне жымырып киіп Құсайын Мұқажанның алдына отыра қалды.

— Не әкеңнің көз құны бар еді мұнда?

Мұқажан да қолға оңай ұстататын қаршыға ма? Ол да шақшия кетті:

— Нем жоқ мұнда? Жегеніңді құстырам!..

— Жеді талай сені осы! Есігінде жүрген жалшыңды әкеліп ұлы топтың ортасына салғанша ұялсаңшы! Кәне айтшы, неңді жеді осы жалғыз арғын?

— Жемесе жиырма қой қайда?

— Жиырма қойдан қыл бұлдіргесі қалған жоқ. Ақыға сіңірген қажының өзі! — деп Сатан күнк етті.

— Сен осыны қаңғып жүргенАрғын деп іздеусіз-сұраусыз жұлмалап ала қоймақсың ба? Ондай саған иесіз жатқан Арғын жоқ. Аш көзіңді! — деп Құсайын тепсіне сөйледі. Мұқажан да болмай, қамшы білесіп, тілін тартпап еді, бірақ билердің еңсесі көтеріле алмады. Өйткені Құсайынның кім екенін билердің бірсыпырасы білетін еді. Құсайынның да

шаңы тысты түлкі тымағы желкілдеп, күміс белдігі жарқ-жұрқ етеді.

Құсайын түбі төре, Арғын ішіндегі төрелердің бір пысығы. Өзі көптен Матай ішінде. Қапал дуанындағы ең бай Шаяхмет атты ноғай көпесінің оң көзіндей бір жағымды давернейі. Жәрмеңкенің саудасын қолынан жүргізетін, Шаяхмет байдың Қапалдағы барлық малдарының қайда жайлап, қайда қыстайтындығын қолынан таратын бірден-бір жағымды жігіті. Бұл Құсайын осы дуанның еліне де, жеріне де көптен таныс. Он болыс елдің жуандарында мұны білмейтін адам кемде-кем. Шаяхмет байдың атын міңіп, атынан сөйлеп, ақшасын жұмсап жүретін белгілі Құсайын осы, мұның Шаяхметі осы дуандағы ең әлуетті бай. Оның сөзі қырдың қазағы түгіл, дуанның ұлығына да өтімді. Өзі омырау, бір айтар кісі. Көбіне мына Шалматайлардың табыспас дұспаны. Бәсеке. Ерегіскен жерде Шалматайларды Шаяхмет бай сындырып кете береді. Осы жылы жәрмеңкеде Шалматайдан Сатанды шығарып аламын деп Шалматайға бір ұмтылып қалғанын оқушымыз ұмытпаса керек. Құсайын осы байдың қолындағы қаршығасындай.

Құсайынның салмағы жалғыз бұл ғана емес. Ол Мысық қажының қайнысы. Жуырдағы Шалматайдың аулында «ат атандырып, сүйек сындыратын» Нәзипа тоқал осы Құсайынның туған жиені. Нәзипа Сатанды «нағашым» деп жан тартқанда тек алыс жердегі Арғынның бір көзі деп қана «нағашым» дейтін. Оның шынайы нағашысы мына осы Құсайын еді.

Құсайын Қарқаралы қазағы болғанда, Сатандардан онша қашық та емес еді. Бәрі бір ауылнай елдің бастас ауылдарынан. Сондықтан ол Сатанның жөнін де жақсы біледі. Өзін де бұрын танитын. Оның үстіне Құсайын нағашысын осы топқа Нәзипа жұмсаған:

— Мені жиенім десеңіз, Абдыраға жетіңіз. Анау күнгі менің хабарымды жеткізген Сатан деген Арғын жігітті Шалматай сиязға салдыруға алдырып кетіпті. Тез жетіңіз! Сиязда алып шығыңыз. Жаласына бермеңіз! Өтірік күйіп кетпесін! Тіпті күштеген күнде ояздың өзіне пәре берсеңіз де алып шығыңыз! — деп Құсайынға өлердегісін айтып жіберген еді. Сонымен келген Құсайын Сатанды бауыздағалы жатқан үстінен шықты.

— Бұл не деген имансыздық! Алты аласы, бес бересі жоқ нашар адамды «әлім келеді» деп осылай тонай бере ме екен? Неңді бүлдірді осы! «Қаңтар тумай қарға жарымайсың, қажыға бармай дауға жарымайсың!» деген осы ма? Өңшең қажылар құдайды бір алдайсың, нашардың қанын сорып, кебінін жалмайсың, — деп Құсайын баспалатып жіберді.

Мұқажан да беріспегісі келіп сөз таластырып көріп еді, Құсайын:

— Қарқаралы қазағына билік айтарға закон жоқ. Ақы сұрасаң өз тобыма келесің, жиырма қойыңды қолыңнан берсең, алдым деген хат-қағазыңды көрсет! — деп өрге бастырмады.

Осы сөздердің аңысын аңдап отырған тасбақа билердің де мойындары іштеріне кіріп жиырыла бастады. Істің аяғы босап, жүгіністің болуға қисыны аз екенін сезген сарытұғыр би сөзді бүйірлеп:

— Бұл қажының қолындағы адам көрінеді ғой, қажының өз алдында да тынатын сөз емес пе осы, — деп сөзді бытыратты.

— Иә, иә, қажының өзі-ақ тындыратын шаруа екен, — деп өзгелері күңк-күңк етті.

— Болсын! Қажының өз алдында-ақ сөйлеселік! — деп Құсайын түрегелді. Сатан да ұшып кетті. Сүйретіліп Мұқажан да үйден шықты. Алдына келген полажнадан айырылып, мына Арғынды жүгіністе жүндеп жібере алмай құрмай қауып билер қала берді.

ТАМЫРДЫҢ ҚОЛҚАСЫ

Абдыра тобының топыры кешке жақын азар басылады. Ұзын күнге құмырсқадай қайнап, қайшыласқан халық қонаға зорға тарайды. Бекеттің пәтерлері, пәтерге тігілген үйлер кешке таман кісіге аузы-мұрнынан шығады. Үйдің есік алдында самауыр бықылдап, қазан қайнап, қонақ күтуге дайындалады. Ауыз ораза болғандықтан Шалматай қажы жатқан пәтер ауызашарға кіші бесіннен-ақ күтінетін еді.

Бүгін де солай азан тартылып, ақшам оқылған соң Шалматай пәтеріндегі көп кісі ауыз ашуға отырды. Бықылдаған үлкен самауыр айнала қонақтың ортасына отырып, төңірегіндегі аузы ашылғандарды сұғындырып отыр.

Сатан Шалматайдың атын жайлап келіп үйге кірді де, босаға жаққа жүресінен отыра кетті. Егінге түскен сиырдай жайпап жатқан өңшең ораза ұстағандар. Күні ұзын тамақ ішпегендер тақ осы тамақ үшін ораза ұстағандай оңазаланып қырып барады. Әңгіме көп шықпайды.

Күні ұзын дау-шарға түсіп, пара қуалап, ант-су ішіп, әлемтапырықтың ортасында болған берік ауыздар алдына тамақ келгенде буынып қалғандай үндемей қалыпты. Тек сыпылдатып жеп жатыр... жеп жатыр... Аздан соң Шалматай тойып кекірді де:

— Алқамды лелләһ! — деді. Оның артынан тағы талай қазақ тойынып, «алқамды лелләһ», «Аллаға шүкірді» айтысып, кекірініп, қақырынып жантайыса бастады.

Ауыздар әбден ашылып, қарындар шамасынша толғаннан кейін енді кісілердің ауыздары әңгімеге көшті. Бүгін кімге абақты кесілгенін, кімді кім қорғағанын, екі болыстың айтысып қалғанын, бір бидің бір болысқа қамшы үйіргенін айтып, біреуді сынап, біреуді мұқап, қарқ-қарқ күлісіп отырысты. Осының ішіндегі кемиек, еңкек сары көсе кісі Шалматайға сөз тастады:

— Қажы, мені мына Досай жылатып жүр ғой?

— Неңді жейді?

— Менімен тамыр болам деп бір түйе, бір күмісті ер-тоқым, бір құлын жарғақ алып еді.

— Тамыр болды ма?

— Ине сабақ жіп қолға қайырған жоқ. Міне үш жыл есігіне жылда ең кемінде екі рет барамын...

— Карта алмадың ба? — деді қажы.

— Алғаным жоқ. Сізге ақылдасайын деп едім.

— Маған несін ақылдасасың? Досайға тамыр болайын деп едім деп менімен ақылдасып па едің?

Ыдырыс бөгеліп қалды. Шалматай тағы сөзді жалғап:

— Сені жемеген Досайлардың тісі сынбай ма? Досайдың қақпанына бір түскен екенсің... — деп Шалматай мырс-мырс күлді.

— Қажы, мұны қалай қылам? — деді анау.

— Мұны алуың қиын. Қиқар адам ғой. Ауылына павескеалып барған адамның аузын қанатпай жіберген емес ол.

— Оның болысына сіз бір ауыз сөз айтсаңыз болмас па екен?

— Досай болысқа болмайды. Керек десе болыстың да терітарамысын алып жіберуге тайынбайтын тентек.

— Енді қайттім? — деді Ыдырыс.

— Енді ақирет алдында күткеннен жақын тендік жоқ саған, — деп Шалматай шылымын ширата бастады. Ыдырыс қайрандап қалды.

* * *

Сатан осы үйде отыр. Оның Құсайын араласқан жұмысы Шалматай алдында «тынған». Немен тынғанын осы отырысында Сатан былай біледі:

Анау билердің жүгінісінен айырып алған Құсайын Сатанды алып Мұқажанмен жағаласа осы Шалматайдың өзіне келген. Құсайынды көрген соң қу құйрық Шалматай әңгімені ушықтырмай майда бикеге салып, бұл шіркіннің дәм татқан құдыққа түкіргеніне өкпелегендігін айтқан да, оны енді Құсайын араласқан соң «тастадым» деген. «Өз қолымда өскен, өз үйреншікті адамым, өз нашарымды неге жылатайын», — деп күлмең қағып, шытынған шырайы жылынып кеткен. Құсайынның да алдынан бәйпек қағып, уын ішіне сақтап, сыртын жылмандатып, ескі сары сүйексініп, Құсайынды қонақ қылып сыйлап қайырған. Құсайын да Сатанға Шалматайдың енді жамандық істемейтін сарынын сезген соң Сатанды Шалматайдың аяғына жығып татуластырған болып, Сатанды оңаша шығарып алып:

— Бір жылға қоян терісі де шыдайды. Уәден бойынша осы жылы қажының қолында қыстап шық, жаз елге барған соң екінші рет жүрсең де, жүрмесең де өз еркінде болар, — деген. Сонымен Сатан екі күннен бері Шалматайдың пәтерінде. Шалматай өрден айдалып келетін бір малдың хабарын күтеді. Сол хабар келісімен Сатан тауға айдалатын мал басында қыстауға шығып кетпекші.

* * *

Ыдырыс Шалматайды оңаша алып шығып көп сөйлесті. Оның айтары-ақ осы топтың тұсында Досай тамырдан қалай қолқа алып қаламын, оған Шалматай қалай жәрдем етеді деген болуы керек.

Таң ата Ыдырыс Досайға жүрмек болды. Шалматай Досайға хат жазды: «Дұғай сәлем. Мына Ыдырыс тамырын

маған жақын кісі еді. Осының қамырығын тындырып, қолқасын беріп қайтарарсың», — деді. Ыдырыс Шалматайдың бір сүйген адамы екен, қасына жігіті Сатанды атшылыққа қосты. Бұлар Абдыра бекетінен сәресі ішкен соң-ақ шығып кетісті.

Досай ауылы салт атқа шалқар күндік жер еді. Күні ұзын салақтап желіп отырып, ымырт жабыла бергенде бұлар тамырдың ауылына келіп те қалды.

Досай би үйде екен. Мал сойып, бұларды күтті. Түнімен ол-пұл бұралқы сөзді сөйлесіп отырып, қонақтар қонақасын жеп, төсегіне жатысты.

Таң атқан соң ат ерттеліп, қонақтар жүрмек болды. Досай Ыдырыстан «бұйымтайың не?» деп те сұраған жоқ, өзі бүркітін жемдеп, ауылдың балаларына, жалшыларына ақырып, жаратып отырған бәйге аттарын суғартып, шаруаның адамысып, құйрығын сыртқа сала бастады.

Досай ауылы үлкен қоңыр таудың бетегелі төскейінде. Елдің егін-тегінді жиып алып, күзем ала бастаған уағы. Сатанға Досай ырғайдан алған шоқпардай сарт-сұрт сөйлейтін құрыш би көрінеді. Тек бұрынғы болған лақабы болмаса, бүгінгі топтың төрінде отыратын би емес бұл. Досай шыражға отырып, полажна алғаннан гөрі құс салып, жүйрік жүгіртіп, ұры сүйеуді дағды қылыңқыраған адам сияқты. Өзі осы өңірдегі елдің бір саны көп атасынан шыққан белді кісісі болғандықтан өзінен басқа кісінің сөзін тек өзінің дітіне жақса ғана тыңдайтын адам көрінді.

Ыдырыс жүрерінде бір бала жіберіп Досайды үйге шақыртты. Есік алдындағы бақанды лақтыра, бұзауды қорқыта, итті шошыта тыржиыңқырап Досай үйге кірді. Үйге кірген соң да қатындарының бірнеше кемшіліктерін көрсете міней кекеңкіреп азар дегенде от басына тізесін бүкті. Шалматайдың хатын кеше келісімен-ақ бергенде, Досай оқып, қыржың етіп қана қоя салған.

— Біз жүргелі отырмыз! — деді Ыдырыс.

— Жүрсеңіз жолыңыз болсын! — деді Досай. Ыдырыс сөзге кірісті.

— Кел демек бар, кет демек жоқ деп, би, келдік, аман-есен айттық, енді рұқсат болса, атқа қонғалы отырмыз, — деді.

— Е, қонсаңыздар, жақсы. Осы уақ шаруаның уағы, қатқабат болып... — деп Досай күмілжіді. Ыдырыс сөзді тура саптады:

— Анасы басқаны құдай қосады, үйірі басқаны ноқта қосады, туысы басқаны құшақ қосады деген, би. Құшақтасып тамыр болдық. Айран сұрап келіп шелегінді жасырма дегендей, тамырға барайықшы, аман-есен айтайықшы деп келгеніміз еді, — деді.

Досайға енді қашып құтылуға сылтау қалмады. Жұбап бермей және отыра алмады, содан қамалғаннан болу керек, солғын ғана:

— Көңіліңізде не бар, айтыңыз? — дей салды.

— Айтсам, Абдыра тобына ат шабылады, мына бәйгеге жаратып отырған екі атыңның бірін мен қосайын деп сұрап келіп отырмын.

Һа-һа-һалап Досай өтірік күлді де:

— Атымды сен қосып абиыр әпермейсің! — деп тіке тартты.

— Несі бар мен қоссам? Келмей қала ма?

— Сен сырын білмейсің, бұл екі атты тек Досай ғана бәйгеден келтіре алады. Өзге адам қанша әулиемін десе де бұл аттарды бұзып алады, — деп Досай бір-ақ қайырды.

Сонан кейін екі тамыр да үндеспей біраз ойласып қалысты.

Досайдың «үйіме ит келді-ау, кісі келді-ау» демей, жерін жеп алған соң құйрығын сыртқа салуы Ыдырыстың көңілін ит тырнағандай қылды.

Сатан ойланып отыр: «Қазақтың осынысы қызық-ау. Біреудің бір нәрсесіне қызықса тамыр болады. Төс соғысады. Қолқасына шыдаймын деп жалынып отырып алады. Алып қойған соң, тамағынан өтіп кеткен соң тамырдың көбі-ақ қойқаң салады. Әсіресе тамыр болғыштар — алымыр, жұлымыр, жуантық адамнан болса, көбінесе қолқа бермеуді әдет қылып алған болады. Мына Досай отағасы осындай тамырдың біреуі ғой. Бұл кісі жүйрік ат, алғыр бүркіт, күміс белдік, мал қыстайтын жер, асыттық, ер-тоқым, әдемі саптыаяқ болса да, тамыр боламын деп мал-мүлікті солай жиған кісі болар. Мұның сырын білмейтін Ыдырыстар салған жерден әуенімен кетіп, қолындағысынан айырылып қала беретін болар. Тамыры қолқаны әлде беріп, әлде бермей, әлде сүйретіп, әлде күш айтып кете беретін шығар».

Досай бұл жолы да осы иттігін Ыдырысқа істеді. Шалматайдың «жақын кісім» еді дегеніне бұрынғыдан ширықпаса иліккен жоқ. Шалматайлардың өздерімен де ішінен ұпайласып жүретін Досай тас болып қатты да қалды.

Ыдырыс тамырдың қабағы салбырап атқа қонды.

* * *

Ауызашардың аз алдында Ыдырыстар аттарын ақ көбік қылып Шалматайдың пәтеріне түсті. Қажы дәретін алып отыр екен, қораға кірген Ыдырысқа:

— О, тамыр, жетегің қайда? — деді.

— Жетегім жоқ, қажы. Иттің аузына түскен қансоқта жаншылмай түсе ме? — деді мұң шаққан дауыспен Ыдырыс.

Шай үстінде Досайдың жайын сұрай отырып Шалматай:

— Енді мынау барсын! — деп Сатанды сілтеді.

— Бұл не өндіреді? — деді Ыдырыс.

— Жігіт болса анау баптап отырған екі аттың бірін алып келсін! — деді Шалматай. Сатан үндемеді.

— Ей, сен неге үндемейсің? — деді Шалматай.

— Менде не сөз бар, қажы,— деп Сатан күбірледі.

— Сен бар! Сенің сыналғаның осы болсын. Досайдың ауылын көрдің. Мына Ыдырыстың ақтабан аты бір жортуға жарайды. Әсіресе ақсұр атқа ұмтыл! Әттең, қолға ақсұр атты бір тигізсең... Сенен жақсы жігітім болмас еді. Егер құдай ондап қолыңа ақсұр ат түсе қалса, онда ұшқаның, қанатты болмаса, аяқтыға жеткізбейсің... — деп Шалматайдың көзі жанарланып, даусы ажарланып кетті.

Тегінде Шалматай бос сөз бастамайды. Ойлап бастайды. Бастаған сөзін және тастамайды. Байлап тастайды. Әлгі айтылған сөздің бәрі де Шалматайдың ішінен толғанып байлап айтқан сөздері еді. Өйткені ол өз сәлемінің орындалмағанына ыза болып, не болса да Досайды алдына бір келтіруге бел байлаған еді.

ТАМЫРДЫҢ БАРЫМТАСЫ

Кәдімгі «тоқты тоймас, шөміш кеппес» дейтұғын күздің қысқа түні. Боз жусанды белеңдерді, шилі-шилі өзектерді өтіп, өрлеп жатқан жам жолмен жалғыз атты соғып келеді. Астындағы ақтабан ат жаздағы құры еті таптальп семізден

бүгілген, қайырған қаршығадай жалт-жұлт басады. Күн екіндіден еңкейіп, ұясына кіруге ме, кірмеуге ме деп екі ойлы болғандай батыста қызарып қалған тәрізді.

Келе жатқан салт аттының бетінде желсіз кештегі көкала шүйке түтіні көкке бұралған бір ауыл көрінеді. Осы ауылға қарай шабатын қасқырдай қырындап мынау салт атты күн астында келе жатыр. Көп ұзамай күн ұясына кіруге айналды. Күннің сұлу сәулесі тек Алатаудың ең биік басында ғана қалды.

Бұл Досай ауылының деңгейі. Салт атты Сатан. Оның бағып келе жатқаны мынау күннің батысы. Сол ниетпен ол күнге қасқырша қарайды.

Күн барлық жан-жануарға бірдей. Бір орыннан шығып, бір орынға батып тұрған сияқтанса да күннің көзін әркім әр түрлі пайдаланады. Күні ұзын жайылыста болған мал шаршап, шөпке қарындарын істеп ыңқылдап, ауылға қайтып келеді. Күн батқан соң оларға жатып жусау керек. Мал күні бойы жайылса, оның керісінше бұл ауылдың адамдары күні бойы ашыққан. Олардың күні ұзын күткені — мына күннің тезірек көзінің жоғалғаны. Күн батса олар жапырлай тамаққа отырмақ. Мұсылман қауымының мирасынша бекітілген ауыздар ашылып, қарындар қаужаңдайтын уақ болады. Сөйтсе де, елді жердің ұрысы, таулы жердің бөрісі болады. Қырдың ұрысының мал алуы да оп-оңай бола бермейді. Күндіз бақташы, түнде күзет кедергі. Ұры мен қасқырдың қолына мал көп күшпен, амал-әдіспен ғана түседі. Ұрының ең алдымен аңдитын малы жылқы болса — ұры оны не тиіп жеңіп әкетеді. Не ұйықтатып ұрлап әкетеді. Болмаса ұрлап аламын деп ұраға жығылып, талай жаман ұры тері, тарамысын алдырып жүреді. Ұрының сүйеушісі болудың үстіне, малды ала білуі де ұрлық өнерінің шеберлігіне жатады. Қысты күні қаша бұзып алған аттың аяғына киіз байпақ кигізіп, тырс еткізбей шығарып кететін, шиырдан-шиырға соғып із жоғалтып, қуғыншының көзін аппақ қылатын Есімбек сияқты жырындылар өміріне жымын білдірмейді. Болмаса, Есімбек айтып қоймайтын Райдың ұрлығындай болады. Есімбек айтатын еді:

— Күздің аяқ кезі. Төменгі сексеуілдегі қыстауға сықырласып көшіп бара жатқан қалың ел. Шұраттың құмына келіп ел қонып жатыр. Қар сабалақтап жауып тұр. Райға қалжыңдап:

— Мына ауылдардан қой алып келсеңші, сорпа ішелік! — дедік.

— Күн ашылсын деп тұрмын! — дегені.

Біз күлдік те қойдық. Оның айтқанын ойын көрдік. Райды ұрлық қылады деп ойлағанымыз жоқ.

Таңертең иті үріп, көрші ауылдың адамдары қаптап келіп, ауылды азан-қазан қылып жатқанда ояндық. Рай күн ашылған соң барыпты да көрші ауылдың қорасына кіріпті. Бір қойды ұстап бері қарай жетелеген екен, тартынып жүрмепті. Жазған Рай ыза болып кетіпті де қойды алып ұрып бауыздап, көбік қардың үстінен сүйретіп ауылға келген екен. Қойдың қызыл ала сүйретіндісімен мал иелері келіп індетіп тұр екен!

«Рай марқұмның өміріне қылған бір ұрлығы осындай болды» — деп Есімбек сылқ-сылқ күлетін еді.

Ал жырынды ұрының мал алуы оңай өнер емес. Оның күндізгі қарауылы да, түнгі торуылы да мысықтың торғай аңдуынан жатық болады. Әсіресе қырдағы ұрының бір қабынатын уағы — ораза кезі. Күні ұзын бұралып аш жүрген ауыл қанша сақ боламын десе де ауызашарға келгенде малдан гөрі тамаққа жуығырақ болады. Аузы беріктің барлығы да аяққа бас қояды. Оның үстіне ұры да, бөрі де күнде келіп тұра ма? Қай күні, қай сағатта келетіні кімге белгілі — күнде аман жұрт селқос та болады. Сатанның көздегені осы ауызашар. Күннің Сатанға да жылдам батып кетуі керек-ақ. Күн батып, азан айтылып, аузы беріктер тұз жалап, дастарқанға жағалай отырып жапырлап жатқан мезгіл — Сатанның күткені. Ол ауыл артындағы арық-арықтың жағасына біткен шұрқынды шеңгелдердің тасасына түсіп, ақтабан атты түйіп жатыр.

Ауыл Сатанның кеше көрген ауылы ғой. Аспаны да, оң жағындағы асқар тауы да, ауыл отырған таудың кер жазық төсі де кешегі қалпында. Әне, анау, қаптап ауылға келіп қалған осы Досай ауылының қой, сиыры, түйесі. Әне, үстіне жастық тастаған үлкен боз үй — түндегі өздері қонған Досайдың үйі. Әне, оның қатарындағы, қызыл ала оюлы ақ жұмыртқа отау Досайдың баласынікі. Түндегі мұрнын тарта беретін сары келіншек сол отаудікі. Әне, отау мен үлкен үйдің арасындағы кермедегі бөрте серкедей тікиіп тұрған ақсұр ат...

Сатан Ақтабан атты түйіп шеңгелге байлады да, ауыр киімін атқа бөктеріп, жеңілтек жаяу ауылға тартты.

Бұлтсыз аспан күн кеткен соң тұңғиық терең барқытқа айналып барандалып барады. Ымырт. Ауыл жым-жырт. Мал қораға иіріліп, жанның бәрі апыр-жапыр ауыз ашуға отырғанда Сатан бидің үйін қабаттап келіп те қалды. Дәл ауылдың артына келгенде астық көміп алған, көміп жатқан қымқиғаш ұралар екен, Сатанның көзі түсіп ішін бір тартты.

Түндегі Досай ақсақал Абдыра тобының бәйгесіне қосамын деп отырған екі аттың екеуі де ауылда. Жарау жирен басында жем дорбасы бар, бидің өз үйінің белдеуінде, жер тарпып, жем жеп тұр. Үстіне кежім жабылған ақсұр ат ор қояндай жалт-жұлт етіп кермеде қақшия қалыпты.

Сатан жүрісіне жын жүргендей де болған жоқ. Сылдыр еткен шөп, шәу еткен ит болмастан жыландай сумандап, сұқсырдай сүмеңдеп сұр атқа таман келе берді. Кермеде елегзіп тұрған ақсұр ат суық қолдың келгенін сезіп, айтуға тіл жоқ, айбар қылғандай керме астында бұландап тықыршып тұра алмады. Сатан да сұр аттың алқымына кіре берді де, жаушы жалам шылбырға ұмтылып еді, кермеге бойы жетпеді. Қара шылбырды пышақпен сулықтан қиып жібергенде, айнала берген ақсұр аттың үстіне қалай ырғып қалғанын өзі де сезбеген сияқты.

Ақсұр аттың құйрығы бұлаң ете түскенде есіктен басын шығарып қалған біреу:

— Ап кетті! — деді.

— Ақсұр ат бар ма? — деген Досайдың жарқын даусы жөнеліп бара жатқан Сатан құлағына сарт етті.

Ауыл шу ете түсті. Ауылдың артындағы араның ұясындай ұраның ортасынан мысықша ырғып ақсұр ат жөнеле берді. Артында Сатанның көзі де жоқ, жұмысы да жоқ.

Оқ жыландай сыпылдатып ақтабан аттан өтіп кетіп, оралып қайта төніп, түйілген атты ат үстінен іліп алып кете барды.

Айқай, аттанға жер күңіреніп, ауыл қала берді.

АТТАН! АТТАН!

Бұл елдің отырған жері ұйықтаған аюша бүктеліп жатқан қоңыр таудың бауыры. Таудан тарап аққан бұлақтарға егін салған ел тау төскейінде. Осы ел егін алып жатқанда жыбырлап қонатын уағы. Қалың егін, қырқа арық, қыруар қырман болады. Бұл жерден жылқының шауып

шығуы, шапқан кісінің жығылмай кетуі — екіталай сұм дүние. Егін-тегін жиналып, енді күзем алып жатқан қалың ел арық бойларын қуалай сыңыса қонған. Қонақтың болболына, сұлының сағағына, қырманның ұшығына семірген дөмелі аттың бәрі де күземнен кейін болатын той-томалақ, бәйге көкпөрінің үмітімен белдеуден кетпейтін уақ.

Досай ауылынан аттан шыққанда таудың төсі тұтасынан күңіреніп кетті. Айқай, аттан, сарын онан да шықты, мұнан да шықты. Сатанның алды да, арты да аттан. Бүйірлі дүбір, екі жағы да «айрылма!» Жер күңіренген қою аттанды жарып ақсұр атпен Сатан ақшамның астын мандайына ала сүмитті. Күні ұзын белі босап, аяғы тынбаған ақтабан ақсұр аттың серпінінен сүйретіліп жетекке еркіндетпей келеді.

Аттан барған сайын қоюланды. Сатан сұлап жатқан қоңыр тауды бөктерлеп еңістеп жытып келеді. Түнгі дауыс, төскейден шапқан сарын жер өңірді жаратыны қандай — айқайдың қозғамаған жері жоқ.

Шаппаған жылқы, ұмтылмаған жігіт, шуламаған ауыл жоқ. Оңнан да, солдан да, арттан да аттан жабылып қайдалаған, мұндалаған қуғыншы түс-түсынан қосылып келеді. Сатан жанынан қосылғанға салғызбай өтсе, алдынан тосканнан айналып сипатпай кетеді.

— Аттан! Аттан!

— Қайда! Қайда!

— Мұнда! Мұнда!

— Айрылма! Айрылма!

— Аттан! Аттан!

Құлақ тұнады. Бір мезетте алды-артынан жабылған қуғыншы ұтылап қуып, қоюланып келгенде Сатан алдынан үлкен суорған кезікті. Енді, есік пен төрдей қашық жер астына түсіп кеткен шыңырау екен, ала көленкеде шұғыл келген ордан атты тартуға дәрмені келмеді. Тек жанар оты жарқ еткендей көзін жұма берді. Ырғыды ақсұр ат. Кекжең етіп тартынып ақтабан ат қалып қалды. Жедел келе жатқан қуғыншы жетек аттың ажырағанын көргенде, ұясына тиген шыбынға өшіккен арадай дуылдасты.

— Айрылма! Айрылма!..

— Аттан! Аттан!..

Састы Сатан. Төл атты қалдырып, атты атқа айырбастағанының несі алған болады? Астындағы атпен қазір қашып

6—1016

Бұлтсыз аспан күн кеткен соң тұңғиық терең барқытқа айналып барандалып барады. Ымырт. Ауыл жым-жырт. Мал қораға иіріліп, жанның бәрі апыр-жапыр ауыз ашуға отырғанда Сатан бидің үйін қабаттап келіп те қалды. Дәл ауылдың артына келгенде астық көміп алған, көміп жатқан қымқиғаш ұралар екен, Сатанның көзі түсіп ішін бір тартты.

Түндегі Досай ақсақал Абдыра тобының бәйгесіне қосамын деп отырған екі аттың екеуі де ауылда. Жарау жирен басында жем дорбасы бар, бидің өз үйінің белдеуінде, жер тарпып, жем жеп тұр. Үстіне кежім жабылған ақсұр ат ор қояндай жалт-жұлт етіп кермеде қақшия қалыпты.

Сатан жүрісіне жын жүргендей де болған жоқ. Сылдыр еткен шөп, шәу еткен ит болмастан жыландай сумандап, сұқсырдай сүмеңдеп сұр атқа таман келе берді. Кермеде елегзіп тұрған ақсұр ат суық қолдың келгенін сезіп, айтуға тіл жоқ, айбар қылғандай керме астында бұландап тықыршып тұра алмады. Сатан да сұр аттың алқымына кіре берді де, жаушы жалам шылбырға ұмтылып еді, кермеге бойы жетпеді. Қара шылбырды пышақпен сулықтан қиып жібергенде, айнала берген ақсұр аттың үстіне қалай ырғып қалғанын өзі де сезбеген сияқты.

Ақсұр аттың құйрығы бұлаң ете түскенде есіктен басын шығарып қалған біреу:

— Ап кетті! — деді.

— Ақсұр ат бар ма? — деген Досайдың жарқын даусы жөнеліп бара жатқан Сатан құлағына сарт етті.

Ауыл шу ете түсті. Ауылдың артындағы араның ұясындай ұраның ортасынан мысықша ырғып ақсұр ат жөнеле берді. Артында Сатанның көзі де жоқ, жұмысы да жоқ.

Оқ жыландай сыпылдатып ақтабан аттан өтіп кетіп, оралып қайта төніп, түйілген атты ат үстінен іліп алып кете барды.

Айқай, аттанға жер күңіреніп, ауыл қала берді.

АТТАН! АТТАН!

Бұл елдің отырған жері ұйықтаған аюша бүктеліп жатқан қоңыр таудың бауыры. Таудан тарап аққан бұлақтарға егін салған ел тау төскейінде. Осы ел егін алып жатқанда жыбырлап қонатын уағы. Қалың егін, қырқа арық, қыруар қырман болады. Бұл жерден жылқының шауып

шығуы, шапқан кісінің жығылмай кетуі — екіталай сұм дүние. Егін-тегін жиналып, енді күзем алып жатқан қалың ел арық бойларын қуалай сыңыса қонған. Қонақтың болболына, сұлының сағағына, қырманның ұшығына семірген дәмелі аттың бәрі де күземнен кейін болатын той-томалақ, бәйге көкпәрінің үмітімен белдеуден кетпейтін уақ.

Досай ауылынан аттан шыққанда таудың төсі тұтасынан күңіреніп кетті. Айқай, аттан, сарын онан да шықты, мұнан да шықты. Сатанның алды да, арты да аттан. Бүйірлі дүбір, екі жағы да «айрылма!» Жер күңіренген қою аттанды жарып ақсұр атпен Сатан ақшамның астын маңдайына ала сүмитті. Күні ұзын белі босап, аяғы тынбаған ақтабан ақсұр аттың серпінінен сүйретіліп жетекке еркіндетпей келеді.

Аттан барған сайын қоюланды. Сатан сұлап жатқан қоңыр тауды бөктерлеп еңістеп жытып келеді. Түнгі дауыс, төскейден шапқан сарын жер өңірді жаратыны қандай — айқайдың қозғамаған жері жоқ.

Шаппаған жылқы, ұмтылмаған жігіт, шуламаған ауыл жоқ. Оңнан да, солдан да, арттан да аттан жабылып қайдалаған, мұндалаған қуғыншы тұс-тұсынан қосылып келеді. Сатан жанынан қосылғанға салғызбай өтсе, алдынан тосқаннан айналып сипатпай кетеді.

— Аттан! Аттан!

— Қайда! Қайда!

— Мұнда! Мұнда!

— Айрылма! Айрылма!

— Аттан! Аттан!

Құлақ тұнады. Бір мезетте алды-артынан жабылған қуғыншы ұтылап қуып, қоюланып келгенде Сатан алдынан үлкен суорған кезікті. Енді, есік пен төрдей қашық жер астына түсіп кеткен шыңырау екен, ала көленкеде шұғыл келген ордан атты тартуға дәрмені келмеді. Тек жанар оты жарқ еткендей көзін жұма берді. Ырғыды ақсұр ат. Кекжең етіп тартынып ақтабан ат қалып қалды. Жедел келе жатқан қуғыншы жетек аттың ажырағанын көргенде, ұясына тиген шыбынға өшіккен арадай дуылдасты.

— Айрылма! Айрылма!..

— Аттан! Аттан!..

Басты Сатан. Төл атты қалдырып, атты атқа айырбастағанының несі алған болады? Астындағы атпен қазір қашып

Бұлтсыз аспан күн кеткен соң тұңғиық терең барқытқа айналып барандалып барады. Ымырт. Ауыл жым-жырт. Мал қораға иіріліп, жанның бәрі апыр-жапыр ауыз ашуға отырғанда Сатан бидің үйін қабаттап келіп те қалды. Дәл ауылдың артына келгенде астық көміп алған, көміп жатқан қымқиғаш ұралар екен, Сатанның көзі түсіп ішін бір тартты.

Түндегі Досай ақсақал Абдыра тобының бәйгесіне қосамын деп отырған екі аттың екеуі де ауылда. Жарау жирен басында жем дорбасы бар, бидің өз үйінің белдеуінде, жер тарпып, жем жеп тұр. Үстіне кежім жабылған ақсұр ат ор қояндай жалт-жұлт етіп кермеде қақшия қалыпты.

Сатан жүрісіне жын жүргендей де болған жоқ. Сылдыр еткен шөп, шәу еткен ит болмастан жыландай сумандап, сұқсырдай сүмеңдеп сұр атқа таман келе берді. Кермеде елегзіп тұрған ақсұр ат суық қолдың келгенін сезіп, айтуға тіл жоқ, айбар қылғандай керме астында бұландап тықыршып тұра алмады. Сатан да сұр аттың алқымына кіре берді де, жаушы жалам шылбырға ұмтылып еді, кермеге бойы жетпеді. Қара шылбырды пышақпен сулықтан қиып жібергенде, айнала берген ақсұр аттың үстіне қалай ырғып қалғанын өзі де сезбеген сияқты.

Ақсұр аттың құйрығы бұлаң ете түскенде есіктен басын шығарып қалған біреу:

— Ап кетті! — деді.

— Ақсұр ат бар ма? — деген Досайдың жарқын даусы жөнеліп бара жатқан Сатан құлағына сарт етті.

Ауыл шу ете түсті. Ауылдың артындағы араның ұясындай ұраның ортасынан мысықша ырғып ақсұр ат жөнелеберді. Артында Сатанның көзі де жоқ, жұмысы да жоқ.

Оқ жыландай сыпылдатып ақтабан аттан өтіп кетіп, оралып қайта төніп, түйілген атты ат үстінен іліп алып кете барды.

Айқай, аттанға жер күңіреніп, ауыл қала берді.

АТТАН! АТТАН!

Бұл елдің отырған жері ұйықтаған аюша бүктеліп жатқан қоңыр таудың бауыры. Таудан тарап аққан бұлақтарға егін салған ел тау төскейінде. Осы ел егін алып жатқанда жыбырлап қонатын уағы. Қалың егін, қырқа арық, қыруар қырман болады. Бұл жерден жылқының шауып

шығуы, шапқан кісінің жығылмай кетуі — екіталай сұм дүние. Егін-тегін жиналып, енді күзем алып жатқан қалың ел арық бойларын қуалай сыңыса қонған. Қонақтың болболына, сұлының сағағына, қырманның ұшығына семірген дөмелі аттың бәрі де күземнен кейін болатын той-томалақ, бәйге көкпәрінің үмітімен белдеуден кетпейтін уақ.

Досай ауылынан аттан шыққанда таудың төсі тұтасынан күңіреніп кетті. Айқай, аттан, сарын онан да шықты, мұнан да шықты. Сатанның алды да, арты да аттан. Бүйірлі дүбір, екі жағы да «айрылма!» Жер күңіренген қою аттанды жарып ақсұр атпен Сатан ақшамның астын мандайына ала сүмитті. Күні ұзын белі босап, аяғы тынбаған ақтабан ақсұр аттың серпінінен сүйретіліп жетекке еркіндетпей келеді.

Аттан барған сайын қоюланды. Сатан сұлап жатқан қоңыр тауды бөктерлеп еңістеп жытып келеді. Түнгі дауыс, төскейден шапқан сарын жер өңірді жаратыны қандай — айқайдың қозғамаған жері жоқ.

Шаппаған жылқы, ұмтылмаған жігіт, шуламаған ауыл жоқ. Оңнан да, солдан да, арттан да аттан жабылып қайдалаған, мұндалаған қуғыншы түс-түсынан қосылып келеді. Сатан жанынан қосылғанға салғызбай өтсе, алдынан тосканнан айналып сипатпай кетеді.

— Аттан! Аттан!

— Қайда! Қайда!

— Мұнда! Мұнда!

— Айрылма! Айрылма!

— Аттан! Аттан!

Құлақ тұнады. Бір мезетте алды-артынан жабылған қуғыншы ұтылап қуып, қоюланып келгенде Сатан алдынан үлкен суорған кезікті. Енді, есік пен төрдей қашық жер астына түсіп кеткен шыңырау екен, ала көлеңкеде шұғыл келген ордан атты тартуға дәрмені келмеді. Тек жанар оты жарқ еткендей көзін жұма берді. Ырғыды ақсұр ат. Кекжең етіп тартынып ақтабан ат қалып қалды. Жедел келе жатқан қуғыншы жетек аттың ажырағанын көргенде, ұясына тиген шыбынға өшіккен арадай дуылдасты.

— Айрылма! Айрылма!..

— Аттан! Аттан!..

Басты Сатан. Төл атты қалдырып, атты атқа айырбастағанының несі алған болады? Астындағы атпен қазір қашып

Бұлтсыз аспан күн кеткен соң тұңғиық терең барқытқа айналып барандалып барады. Ымырт. Ауыл жым-жырт. Мал қораға иіріліп, жанның бәрі апыр-жапыр ауыз ашуға отырғанда Сатан бидің үйін қабаттап келіп те қалды. Дәл ауылдың артына келгенде астық көміп алған, көміп жатқан қымқиғаш ұралар екен, Сатанның көзі түсіп ішін бір тартты.

Түндегі Досай ақсақал Абдыра тобының бәйгесіне қосамын деп отырған екі аттың екеуі де ауылда. Жарау жирен басында жем дорбасы бар, бидің өз үйінің белдеуінде, жер тарпып, жем жеп тұр. Үстіне кежім жабылған ақсұр ат ор қояндай жалт-жұлт етіп кермеде қақшия қалыпты.

Сатан жүрісіне жын жүргендей де болған жоқ. Сылдыр еткен шөп, шәу еткен ит болмастан жыландай сумандап, сұқсырдай сүмеңдеп сұр атқа таман келе берді. Кермеде елегзіп тұрған ақсұр ат суық қолдың келгенін сезіп, айтуға тіл жоқ, айбар қылғандай керме астында бұландап тықыршып тұра алмады. Сатан да сұр аттың алқымына кіре берді де, жаушы жалам шылбырға ұмтылып еді, кермеге бойы жетпеді. Қара шылбырды пышақпен сулықтан қиып жібергенде, айнала берген ақсұр аттың үстіне қалай ырғып қалғанын өзі де сезбеген сияқты.

Ақсұр аттың құйрығы бұлаң ете түскенде есіктен басын шығарып қалған біреу:

— Ап кетті! — деді.

— Ақсұр ат бар ма? — деген Досайдың жарқын даусы жөнеліп бара жатқан Сатан құлағына сарт етті.

Ауыл шу ете түсті. Ауылдың артындағы араның ұясындай ұраның ортасынан мысықша ырғып ақсұр ат жөнеле берді. Артында Сатанның көзі де жоқ, жұмысы да жоқ.

Оқ жыландай сыпылдатып ақтабан аттан өтіп кетіп, оралып қайта төніп, түйілген атты ат үстінен іліп алып кете барды.

Айқай, аттанға жер күңіреніп, ауыл қала берді.

АТТАН! АТТАН!

Бұл елдің отырған жері ұйықтаған аюша бүктеліп жатқан қоңыр таудың бауыры. Таудан тарап аққан бұлақтарға егін салған ел тау төскейінде. Осы ел егін алып жатқанда жыбырлап қонатын уағы. Қалың егін, қырқа арық, қыруар қырман болады. Бұл жерден жылқының шауып

шығуы, шапқан кісінің жығылмай кетуі — екіталай сұм дүние. Егін-тегін жиналып, енді күзем алып жатқан қалың ел арық бойларын қуалай сыңыса қонған. Қонақтың болболына, сұлының сағағына, қырманның ұшығына семірген дәмелі аттың бәрі де күземнен кейін болатын той-томалақ, бәйге көкпәрінің үмітімен белдеуден кетпейтін уақ.

Досай ауылынан аттан шыққанда таудың төсі тұтасынан күңіреніп кетті. Айқай, аттан, сарын онан да шықты, мұнан да шықты. Сатанның алды да, арты да аттан. Бүйірлі дүбір, екі жағы да «айрылма!» Жер күңіренген қою аттанды жарып ақсұр атпен Сатан ақшамның астын маңдайына ала сүмитті. Күні ұзын белі босап, аяғы тынбаған ақтабан ақсұр аттың серпінінен сүйретіліп жетекке еркіндетпей келеді.

Аттан барған сайын қоюланды. Сатан сұлап жатқан қоңыр тауды бөктерлеп еңістеп жытып келеді. Түнгі дауыс, төскейден шапқан сарын жер өңірді жаратыны қандай — айқайдың қозғамаған жері жоқ.

Шаппаған жылқы, ұмтылмаған жігіт, шуламаған ауыл жоқ. Оңнан да, солдан да, арттан да аттан жабылып қайдалаған, мұндалаған құғыншы түс-түсынан қосылып келеді. Сатан жанынан қосылғанға салғызбай өтсе, алдынан тосқаннан айналып сипатпай кетеді.

— Аттан! Аттан!

— Қайда! Қайда!

— Мұнда! Мұнда!

— Айрылма! Айрылма!

— Аттан! Аттан!

Құлақ тұнады. Бір мезетте алды-артынан жабылған құғыншы ұтылап қуып, қоюланып келгенде Сатан алдынан үлкен суорған кезікті. Енді, есік пен төрдей қашық жер астына түсіп кеткен шыңырау екен, ала көленкеде шұғыл келген ордан атты тартуға дәрмені келмеді. Тек жанар оты жарқ еткендей көзін жұма берді. Ырғыды ақсұр ат. Кекжең етіп тартынып ақтабан ат қалып қалды. Жедел келе жатқан құғыншы жетек аттың ажырағанын көргенде, ұясына тиген шыбынға өшіккен арадай дуылдасты.

— Айрылма! Айрылма!..

— Аттан! Аттан!..

Басты Сатан. Төл атты қалдырып, атты атқа айырбастағанының несі алған болады? Астындағы атпен қазір қашып

құтылғанмен — ақтабан атты қалдырғанда құтылған бола ма? Қайта ұры жайдақ атпен құтылып, барымтада ер-тоқымды ат қалған жоқ па? Ат иесі Досай ертең-ақ ақтабан атпен алған кісінің ініне су құймай ма? Қой!

Ақсұр атпен жалт беріп, Сатан суорғаннан қайта қарғытты. Іркілсін бе, жануар есік пен төрдей енді ұрадан олай да, былай да ырғып түседі. Ақтабан ат орға беттемей, қалың аттанға қарай жымып жөнелді. Қалың құғыншы қамажаулап келіп те қалды. Сатанның жаны қалмады. Бар далбасасы ақсұр атқа қамшыны басып жіберіп, ақтабанның соңына түсті. Жытып бара жатқан аттың жанына жетіп келді сұр ат. Қаша алмай қалған ақтабан айнала бұлтаққа сала бергенде онымен бірге ақсұр ат ұршықша үйірілді. Сатан қолы сап етіп құрыққа тиіп, бір бұрып жалдан ұстап, шылбырды алғанда төгіліп келген құғыншы да төніп қалған екен.

— Жіберме! Жіберме!

— Ортаға! Ортаға! — деген қалың кісі қамажаулап кетті. Сатан да басты қамшыны. Сұр ат та ырғыды. Жетектегі ақтабанның сауырына сойыл да сарт етті. Сатан сытылып шыға берді.

Сатан жер мөлшерін күндіз көргендіктен, оның осы беті өзіне түзу сияқты. Қыруар қырман, қырға арықты қақ жара ойысып келіп өзі көрген даңғыл қара жолға түсті. Бұл осы тауды бөктерлеп жатқан телеграмды ұзын қара жол еді. Көптен жауын болмай, арба көп жүрген борбас жердің жолы тиірменнің тартқан ұнындай төгіліп жатыр екен, қос ат келіп жолға ойнақты салғанда шұбалған шаң аспанға шықты. Ол шаңға жан-жақтан андыздаған құғыншы қосылды. Дауысқа дауыс қосылып, шаңға-шаң ұласып, аспан аттанға, жер шаңға айналды. Арығы жоқ, құдығы жоқ, еркін жолға түскенін білген сірдесте сұр ат — бұрынғыдан да көтеріле соқты.

Жол кейде тақ-тақ, кейде борбас. Ақтабанды тақымға басып, қамшылап Сатан зытып келеді. Ақсұр аттың аяғы анда-санда жерге бір тигендей болады. Тіпті тимеген де сияқты. Сұр ат серпіп келеді, серпіген сайын Сатан сыпырыла береді. Аттың күшті иығы кейде үйіріп тастағанда Сатан ұшып сауырға мініп қалады. Кейде кенет құлаққа ұшып мінеді. Жайдақ аттың жалынан орап ұстап ілгерінді-кейінді кетіп, ақтабанды сүйрете тек ұшып келе жатқан сияқты. Жер күніренген аттан өршелене, жиілеп келеді.

Сатан шаңмен көрмей қалған екен. Жолдың өзектен өтетін қылт етпесінде тосып тұрған екеу екі бүйірден сап ете түсті. «Ортаға ал!», «Ортаға ал!» деп екеуі екі айырыла берді. Ортаға ала берді. Сойылды да сала берді. Сала берген сойылды сезгендей, әулие жануар, ақсұр ат оқтай атылды. Ақсұр аттың ағынына шыдамай кекжең еткен ақтабан атқа салған сойыл сарт етті. Артынан ұрылған сойылдан сауыры жарылғандай ақтабан атқып ақсұр аттың қатарына келді. Сол қатардан басын қалдырмай, аяқтары сартылдап, танаулары тарсылдап безді ақтабан.

Жарық айдың астында төтелеп жатқан түнгі арба жолында шаңды шүйкелеп, қос атты ұры жұлдыздай ағып жөнелді.

Сатан да өзін енді еркін сезе бастады. Алды-артына да қарап, құлағын да дабысқа салып келеді. Жабылған жау сиреп, айқай-аттан әлсіреп алыста қалып бара жатқан сияқты. Ызғытты-ай Сатан...

Аздан соң аттан да басылды. Құғыншыдан да қара жоқ. Жолдың кер жазық елсізіне шықты. Аттан да жоқ, жан да жоқ, бұрқыраған шаң да жоқ, таудың төстегін қыдыратын тастақ жолға түскен соң, жәй шауып отырып, Тастының бекетінен де өте шықты. Бекеттен өткен соң беті ашылып, алай-дүлей болған жүрегі орнына түсіп, ақтабан аттың аяғының қоюлайын дегенін сезді. Дереу жолдан жалт беріп түсе қалып, оның үстіндегі ер-тоқымды жұлып ақсұр атқа сонда салды. Ақтабанды азырақ жұлдырып оттатып, тағы тыңайтып алған соң Сарыағаштағы Шалматайдың ауылына тартты.

ҚАРА КҮШ

Күн сәске болғанда съездің сытырлаған тобы ояздың үйіне қарай жөңкілді. Болыстар мойнына знағын салып, старшындардың қол-аяғы жерге тимей жанның бәрін ояз үйіне жинап, қызыл танау болып шауып жүр. Омырауына, маңдайына жез қадаған жасауылдар ақырып-бақырып, көрінген кісіні тарсылдатып ояз үйіне таман қуып келеді. Кісілер бірінен бірі сұрасады:

— Қайда апарады?

— Білмедік...

— Ояз жарлық айтады білем...

Халық ояз үйінің алдына топырлады. Біреуді біреу басып ентелеп, енді қашан шығар екен деп күтіп тұрғанда — өңшең ақ киімді, көк шалбарлы, жылтыр етікті чиновниктер шығып, сыртқа қойған үстелдің айналасына отырысты. Мойындарына знагын салған болыс, билер өзге көптің алдыңғы жағын бермейді. Кісілердің арасына кимелесе Сатан да жақын келді. Оның ынтасы ояз дегенді көру...

Аздан соң Сұртай тілмаш қарлыққан дауыспен ояздың халыққа қазір жарлық естіртетіндігін білдірді. Жұрт жарлық тыңдауға жым болды. Өне бойын қағаздан қатырғандай көрі қасқыр ауызданған ұзын бойлы имектеу көк мұртты ояз үрген төбеттей аузы балпылдап жарлығын естірді. Сұртай тілмаш ояздың сөзін ажарлап, нығарлап жұртқа түсіндіріп тұр. Осы сөйлеп тұрған Сұртайдың бетіне қарап тұрғанда Сатанға ол әлдекандай зәр, әлдекандай жаналғыш сияқтанды. Үстінде қынап тастаған оқалы шолақ бешпент, сербитіп таққан иықтағы шені (шенінің не екенін Сатан қайдан білсін), маңдайына шытыра қадаған қызыл жиекті қара делегейі, мойнындағы салақтаған сары ала қылышы — құдіреті қолындағы пері тәрізденді. Кімге де болса жаны ашымайтын жендет сияқтанды.

Жұбағанов Сұртай Шалматайдың сүйектес адамы. Ол арқылы Шалматайдың қолы қайда болса да жетеді. Сұртай қажы ауылының ескі сүйектес, құдандалы адамдары болуының үстіне Шалматаймен қалағанын алысып жүрген тамыр тілмашы.

Сұртайдың ояздың алдына тілмаш болғанына, міне, бес жыл өтіп барады. Сонан бері Шалматайлардың сөзі оязға да, өзгеге де көбірек өтеді. Шалматайлар Сұртай арқылы дуандағы жұмыстың бәріне араласады. Халыққа шығын қалай салынады, дуан сиязы қалай өтеді, сайлауда болыстың, әр бидің тағдыры не болады, тағы сол сияқты басқа не болар істердің барлығын да астыртын Сұртаймен астарласып Шалматайлар айналдырады.

Мына дуан тобында да Шалматайдың Сұртайы тілмаш. Осы арқылы Шалматайдың «демеген» адамдары «шыраж биге» ілініп, «дememеген» адамдары еседен құр қалып жүр...

Ояздың сөзін үзіп-үзіп перевод қылған Сұртай тілмаштың сөзінің қысқасы мынау еді:

— Мынау отан үшін болып жатқан соғысқа қазақ халқының қатынасы аз. Өзгелердің барлық еркегі мылтық алып

майданда жүргенде — қырдағы қазақ тіпті ешнәрсе ойламайды. Керек десе рамат ақшаны да төлеп бітірген жоқ. Кәдімгі еш дүниеден хабары жоқ мал сияқты. Басқа жерде соғыс пайдасына істеліп жатқан талай жұртшылық жұмысы бар. Соғысқа жәрдем ретінде толып жатқан игілікті жұмыстың түрлері көп. Міне, бұл туралы ояздың он болыс елдің жақсыларын жинап алғандағы айтары осы, дуанның қазақ халқы не ойлайды екен? Соғыс пайдасына қандай жәрдем істей алады екен? — Міне, осы еді.

Ояз көптің алдына осы сұрауды тастады. Жұрт бөгеліп үндемеді. Сұртай тілмаш қызара-ызғарлана өзі сөйледі.

— Ақсақалдар, болыстар, билер, сіздерді ояз начальнигі босқа шақырып отырған жоқ. Сіздердің алдарыңызға определенно мәселе қойып отыр. Өздеріңізге мағлұм, болып жатқан соғыс патшамыздың, отанымыздың, халқымыздың барлық күшін салып жатқан майданы. Отан халқы тастай түйіліп соғысып жатыр. Ел шетіне жау келгенде ешкім басын да, малын да аман қорғап қала алмайды. Сіздер ойламаңыздар, осы күйімізде бас аман, мал түгел жүре береді екеміз деп. Бізге тыныштық сонда ғана егер жауды жеңсек, неміс, түрікті қусақ! Вот сонда покой болады! Сендер несіне күмілжіп үндемейсіңдер? — деді.

Шалматай сөз сұрады:

— Ұлығымыздың айтқанын бұл тұрған халық ұғынып тұр. Отан пайдасына деген жерге бұл қазақ халқының қашаннан тартынары жоқ. Тек мұнда соғыс пайдасына берілетін жәрдем, істелетін жұмыс қандай болмақ керек, соған ғана жұрт біраз бөгеліңкіреп тұр ғой деймін. Менің ойымша, «біз соғысқа жәрдем береміз бе, жоқ па» деп тұрудың қажеті шамалы. Біздің бereріміз көп. Егер ұлыққа, көпшілікке ұнаса мен өзім мынадай пікір айтқым келеді:

Осы дуандағы елдің түтінінен бір сомнан ақша жиналсын. Соғыстың азық-түлігін тасуға, басқа керегіне жаратуға қазақтың қабы керек дейсіздер екен. Олай болса үй басы бір қаптан бергенде де, не кетеді?

Мына жақтан Егеубай болыс тұрып:

— Шәкең қажының айтқанына түгелімен қол қоямыз. Бес үйден бір кесек киіз шығаруды мен тағы ұсынамын!

Өзге болыстар оған «Мақұл! Мақұл!» — десті.

Екінші жақтан қара қожыр Кәріпбай ақсақал тұрып:

қолын бір қағып тастап, Шалматайды бас салатын кісідей тұлан тұтып, қамшысын қоқандата сөзге кірісті:

— Немене, сенің итаршы болатының? Айт кәне, бұл итіңнің несін жеп қойыппын?

— Тамыр болам деп талай нәрсесін алыпсың!

— Не әкесінің көз құны бар менде? Сен мұны маған сұр шолақ тазыдай айтақтатып отырсың! Сенің де артыңды көрермін! — деп Досай зірқілдеді.

— Айт өзің, осы сақалыңның ағында мынау Ыдырыстың мойнымда бір сабақ жібі жоқ еді деші, мына билердің алдында? Сенен сұрағанын мен-ақ берейін!.. — деді Шалматай.

Досай тек дөңгірлеген морт кісі еді. Шалматайдың әлгі сөзіне жауап қайыра алмай жайылып қалды. «Менде түгі жоқ!» — деп айта алмады. Айтқаны-ақ:

— Менде мұның аз-маз ауысқаны бар. Мұны мен сиязға салыспай-ақ біте аламын. Сен итаршы болма! — деген болды.

— Бітсең, ауырып жүрдің бе? Осы топтың ішінде осыған ақым бар дегізіп шаужайыңнан алғызғанша ұялсаңшы!

Шалматай мен Досайдың айқасқан жерінде екі жағының бірін де бүріп әкете алмайтын билер әр жерден көтеріліп:

— Топсыз да тынатын шаруа ғой!

— Өздеріңізден қалатын сөз бар ма?

— Жүгініп жатудың керегі жоқ! — деп кеу-кеулесті. Шалматай сонда да тақайырлап:

— Кісі болсаң осы жерде айт, осы Ыдырыстың қолынан алғаның бар ма, жоқ мұнікі жала ма? — деді. Досай жығылып қалды. Аз бөгеліп отырып:

— Өзім айтсам, бір жылқы, 20 сом ақша берем. Ал оған көнбейтін болсаң — Досайды кесіп ал. Қолымнан берер бір тиыным жоқ! — деп қайқайды шал.

— Мен саған адамша хат жазып, осының өзін жібердім. Ойнап-күліп разы қыл дедім. Бүгін береріңді сонда неге бермедің? — деді Шалматай.

— Бұл менің екі атымның бірін сұрады ғой. Ол екеуінің бірін өлмей тірі пендеге беремін бе?

— Ақсұр атты ұрыға алдырыпсың, енді нағып шыдап отырсың? — деді Шалматай.

Ақсұр атты атағанда Досайдың мойны төмен салбырап, көзі жылармаңға келді.

— Ә, ақсұр ат! — деп жан-жағына қаранды.

— Ақсұр аттың басы неше бесті дер едің? — деді тағы Шалматай.

— Әй, ол жануарымнан мал аяймын ба? — деді де Досай, бір тұманды ойды түйгендей болып, бұзылған түсі түзеліп сала берді:

— Алып шық анауыңды! Біздің дауымызға билерді әуре қылмайық, — деді Шалматайға.

— Е, шығыңыз! Барыңыз! Есті тентек қой, өзі жөніне салар! — деп бишікештер сөз қосып жатыр. Шалматай да жымыраңдап, Ыдырыс та құлдыраңдап, Досайды алып Шалматайдың пәтеріне келді. Сатан келіп Досайдың атын ұстады. Досай Сатанға «Әй сенсің-ау» дегендей күдікті көзбен бір қарап:

— Ақсұр атты әкеткен жігітке ризамын. Тегі айтыңдаршы, өзі адамның баласы ма, сайтанның баласы ма? Соны бір көрсетші көзіме? — деп күлді.

— Шоқынатын болсаң мына тұрған жігіт! — деп Шалматай Досайға Сатанды көзіктірді. Досай таңырқап қарап отырды да:

— Әй, сен перінің баласы шығарсың? — деді.

— Жоқ, олай демеңіз, отағасы, — деп Сатан жымиды.

— Күндіз-түні қас қақпай белдеуде байлап отырғанымда қағып кеттің... Қапыда қалдым. Шимандай қалың елдің ішінен апақ-сапақта... Әттең, антұрған, әне күні дәмімді татып ең-ау, ә?..

— Бос сөзді қойыңыз, би. Байлауын сөйлеселік, — деді Шалматай.

— Алдымен көзіме ақсұр атты көрсет! — деді Досай.

— Ақсұр ат жоқ. Ақшомшімен жүріп кетті деседі, — деді Шалматай.

Досайдың күші кетіп қалды. Не қыларын білмей тек жер шұқи берді. Ол өзінің тыпыр ете алмайтын торға түскенін білді. Егер Шалматай қиыстанса, ақсұр ат Досай қолына өмірге тимеуіне Шалматайдың қолынан келіп тұр. Осыны сезген Досай Шалматайға құшағын жаюдан басқаны ойына келтірмеді. Шалматайға жалына бастады:

— Қажы, арамызға өзіңіз дәнекер болыңыз!

— Е, әнеукүнгі жазған сәлемімді не үшін дөнекерлікке жаратпадың? — деп Шалматай тағы зіл тастады. Досай одан әрі жерге кіре түсті. Жерді қаттырақ шұқыды. Ол салбырап отырып:

— Қажы, қайтесің оны айтып, менен бір білместік өтті. Не қылсаң да өз қолыңдамын. Тек ақсұр атымды бүгін қолыма тигіздір! — деп Досай безек қақты.

Бұл сөздің түбі ырғаса келе бітім болды. Ыдырыс өткізген нәрсесіне Досайдан үш бесті, 150 пұт бидай аласы болды. Ақсұр ат Досайдың өзіне қайтады. Осыған екі жағы ризаласып, Шалматайдың алдында қолдарынан ақ подписка алысты, ат шабыстың артынан Ыдырыс Досаймен еріп үйіне барып, алашағын алуға сөз байласты, Ыдырыс үш жылқыны өзі алып, 150 пұт бидайы Шалматайдың кілетіне төгілетін болды. Ыдырыс Сатанға қатты риза болып, сенің де қолың құр қалмасын деп үш теңге ақша берді.

Сол арада Сатанды тостырған Шалматайдың малының да хабары келіп қалған соң, Шалматай Сатанға:

— Сен енді өрден айдалып келе жатқан малға қосылып, қыстайтын тауға кетесің! — деді. Сатан жүруге дайындалды.

Шалматай Сатанға көп жұмыс тапсырды: малдың қыстауы, өрісі, шөбі, малшылары жайында малбасыларға қағаз жазды. Қағазды бүктеп Сатанға беріп отырып:

— Сен малға жақсы қара. Ыртақ-жыртақты енді тастарсың! Жаманшылыққа үйір болмай, жайыңа жүріп адал қызмет істеуге талаптансаң — ол өзіңе жақсы, өзің үшін, — дегенді нығыздаңқырап тапсырғандай болды.

— Түн қатсаң да бүгін тура малға жет! — деді.

Сатан апыл-құпыл атына мініп бекеттен шығып келе жатқанда қарсы жолыққан бір топ атты кісі сауылдап желіп өте берді. Бұлардың алдыңғы біреуі мойнына қылыш салған ояздың жасауылы. Топ кісінің біреуі Фазыл мұғалім еді. Ол Сатанды байқамады. Құсайын да осылардың қасында екен, ол Сатанды танып бұрыла кетті:

— Қайда барасың?

— Қажының таудағы малына, — деді Сатан. — Өзіңіз қайда барасыз?

— Өзім мына қалаға барамын. Көрмеймісін, мына мұғалімді ұстап әкеледі.

— Қайда апарады?

— Ояз шақырыпты. Оязға мұның үстінен жамандаған арыз түсіпті. Мұны түріктердің пайдасына жасырын ақша жиып, сөз таратып жүрген қашқын адам деп көрсетіпті. Содан ұсталып келеді, — деп Құсайын жүріп кетті.

Сатан ішіне мұз құйғандай болып, Абдыра бекетіндегі болыстың жасауылы ұстап алатындай атын жедел-жедел қамшыланып Шалматайдың малына қарай жөнелді.

«МЕН ТАЗ ҚАЖЫНЫҢ МҰҒАЛІМІ ТҮГІЛ!»

Биылғы Қоянды жәрмеңкесіне Шалматай малын жақсы базарлады. Әсіресе Салқынбел қыстап, Сатандар баққан қойының бойдағы пұлды болды; Жоңке тауының жері қара, күні жылы болып, тазығыр шөбі малға жұққан еді. Қой бойдағы қыстай асыр салып ойнақтап шыққан. Осы бөлек қой жәрмеңкенің алғашқы қарқынында ілініп, нарықты жақсы көтерген. Тезден сатылып та бітті.

Қойын сатып босанған Сатан қоста жата алмай Шалматайға келді. Ол енді «Жетісуды желкемнің шұқыры көрсін» деп келген кісі болғандықтан, малды базарлап болысымен Шалматайдан расчетымды алып шықсам деп күтетін еді.

— Нағып жүрсің? — деді Шалматай.

— Босанайын деп едім...

— Неге шыққың келді?

— Екі-үш жыл қызмет еттім ғой, қажы...

— Екі-үш жылғы қызметіңде менен жаманшылық көрдің бе?

Сатан Шалматайдың мына сұрауына дәл осы жерде не деп жауап берер? Ол қажыға жүргелі екі-үш жылдың ішінде не көрді? Қажы — құдай шарасын кең шапқан бай емес пе? Сатандар құдай жаратқан кедей емес пе? Кедей байға жалға жүруге тиісті. Қажы Сатандарға қарайласып, ақсақ қойын бақтыруға берді ғой... Ол қойларды қажы бұларға зорлап берді ме? Өздері барып жалынып, жалпайып жүріп, қолынан ақ вексіл беріп алды ма? Қойлардың бірсыпырасы Сатандар қолынан шығын болуына қажы қалай айыпты? Өлген қойды Сатандар төлеу үшін жалдануы жөн емес пе? Онан бері Қажы есігінде жүргенде көні не жаманшылық көрді? Жалғыз-ақ жаманшылық дегені Сатанды сиязға салмақ болып Абдыра тобына алдырғаны ма? Мұнда да қажы

оны сиязға салды ма, салса қолынан келмеп пе еді? Қажының ашуланғаны Сатанның өз қылығының орайы емес пе еді? Өзі жайына жүрмей қажы тоқалының кетуіне шетпұшпақтап араласпап па еді? Қайта ондай ұлы сойқанға араласқан Сатанды сойып сатып жіберсе де қажының құдіреті жетіп тұрған жоқ па еді? Осыларды ойлағанда, қажы қандай жаманшылық істеді деп айтуға болады?

Ал расында қажы осы Сатанға жақсылық істеді ме? Сатанды қажы қай жерде есіркеп, артығын ауыстырған екен? Қайта басын байлап, малынша айдап, кедейлігінен, қолының мешеулігін пайдаланып табан ет, мандай терісін жеп қойған жоқ па? Тіпті байдың сұмырайы осы емес пе? Өмірі мұның бір адамға іші елжіреген бе? Қай қылығын алсаң да еш пендеге жаны ашымайтын, тиынға, малға келгенде әкесін сататын, жарлының жалғыз шолағын алатын ысқаяқ, саудагер қажы емес пе бұл? Өзге жақтың байларына ерген жігіттер жұлымырланып, жетіліп, әлденіп ауқаттанып, байып жатқанда осыған ерген кісінің бойына шыр жұққаны бар ма? Мұны «жылан қыдырлы бай» — деп жалпақ ел шуламай ма? Мұның несі бай? Бұдан жақсылық көрдім деп Сатан қалай айта алады? Ал қазір қажының мына сұрауына Сатан жаманшылық көрдім деп несін айтады? Жақсылық көрдім деп қайсысын айтады? Тек тасбақадай тырысқан, жыландай іші зәрлі-улы қажыдан осындай уағында құтылып қалғанының өзі үлкен олжа емес пе?

— Сізден жаманшылық көрдім, көрмедім деп не дейін, сізден шығайын дегенім ондықтан емес қой. Мұндағы үй ішімнің мәнісі сөлдеп қалған екен. Биыл Жетісуға барғым келмейді...

— Жоқ, оның жарамайды. Бұл ойынды таста. Сен биыл тағы жүр...

— Жоқ, қажы, қалғым келіп тұр...

— Жоқ, тағы бір жылға шыда... Дәмдес болдық қой!..

— Жоқ, қажы, маған рұқсат қылыңыз! — деп кесе айтқандығын дауысымен білдірді. Шалматай бұрынғысынан да сұрланып өңін бұзып алды, ренжіген дауыспен:

— Саған айтқан сөз сиырға сөйлегенмен бірдей шығар. Мен сені сиязға салмап едім-ау, ә? Ол жазаңды арғындығыңа кешіргендігім есіңнен шыққан екен ғой... Әйтпесе сен Қоянды ның елі түгіл жерін көрер ме едің?.. Мен не үшін істедім

сол кеңшілікті? Шіркін! Әйтпегенде, сен де мұғалімнің кеткен жеріне кететініңді бүгін білем деймісің, сендей милау? — деп Шалматай кіжініп, сөйлемей қалды.

Сатан салбырап қосына қайтты.

Бір-екі күннен кейін Сатанға Құсайыннан сәлем келді.

— Сұр қажыдан шықсын. Шаяхмет байға кісі керек. Жетсін маған! — депті.

Сатан Құсайындардың қосына келді. Құсайын Сатанды Шаяхмет байға алып келді.

Жастыққа жантайып жатқан жуан сары бай басын көтерген соң, Құсайын:

— Бай, әлгі айтып жүрген жігітім мынау. Қайратты, таза жігіт. Шалматай қажыдан шығамын дейді.

— Ярый, айыңа сегіз тәңкә. Киім, тамақ, өзге расходың байдан. Жәрмеңке тарқарда 400 ат жүк жүргіземіз. Соның білән бірге Қапалға келесің! — деді.

Сатанға ие боп байға сөйлестіріп отырған Құсайын «мақұл» деді.

Бай Құсайынға бірсыпыра жұмыстарды тапсырып отырып:

— Шошы жігітті өзің білән бірге алып иүр. Екіңізгә алты ат қалдырам. Августың бірінен қалмай өзлерің юлға шығасыз! — деді.

Сөзді солай пісіріп, Құсайын мен Сатан бай алдынан шығуға айналғанда, бай:

— Ей, қазақ, шол аяғыңдағы алыпсатар қажының жыртық етігімен миңа келгенің. Мінә, шошыны ала кет! — деп дүкеншіге бір записке жазды. Сатанға бай қағазды беріп жатып:

— Лапкіден бір етік киіп кет, тігі пақыр қажының жаман етігін өзіне елтіп бер! — деп күліп қойды.

Байдың мынасы Сатанға тым ұнап кетті. Оның байқауынша Шаяхмет бай қазақ болмаса да, қазақ байларынан әлдеқайда «қайырлы бай екен» деген Құсайындардың сөзінің рас екеніне ден қойғандай болды. Бірақ байдың ойы басқаша еді. Оның ойында бір тиын берсе де артық беріп, Шалматай қажылардың қолындағы кісілерін шығарып алу бұған үлкен орайлы еді. Сондықтан ол Сатанға етігін бергенде, тағы айнып жүрмесін деп етікпен Сатанның аяғын өзіне бекітіп жатқаны еді.

Етікке берген қағазды алып тұрып, Сатан байға бір ауыз батыл сөз сөйледі:

— Бай, енді құдай қосып дәмдес болдық, — деді Сатан бір сөздің басын бастап. — Менің сізден бір тілегім бар, соны беретін болсаңыз.

— Айт, соң ол нинди тіләк? — деді бай.

— Тілегім — ақ, мені сұр қажы сұрай қалса қайтадан беріп жүрмеңіз деймін. — Шаяхмет ол сөзге шабына түрткендей шоршып кетті.

— Мен ол таз қажының мұғалімі түгіл! Ол қажы менім білән ойнамасын! — деп теріс айналып қалды. Бұл сөзге Сатан өркештеніп байдың қосынан шықты.

* * *

Сатан онан кейін Шалматай қажының маңайын көрген жоқ. Тек ағасы Тәжиді жіберіп Шалматаймен есеп қылдырды. Шалматай Тәжиге кейіп, Сатан інісінің істеген «ұрлығын», тағы басқа өрескел қылмыстары туралы көп кешірім қылған қадірін білмей тастап кеткендігіне ренжігендігін айтты. Әсіресе шыққанда Шаяхмет байға жүргендігіне қапа болатындығын білдіріпті де, күні біткен жалшының есебін беріпті.

Шалматай сонымен қалды.

Көп ұзамай жәрмеңке қожырап, мал сиреп, адам азайып тарқауға айналды. Шаяхмет байлар көптен қайтып кеткен. Байдың тапсырған мезгілінен қалдырмай Құсайын доверный төрт жүз атты жемшікті жүргізді. Жүкті жүргізіп жіберіп, Құсайын доверный Сатанды көшіріне алып, Қаркаралының өкпе тұсындағы өз ауылына қайтты.

Құсайын ауылында жол жүруге жабдықтанғанда Сатан да үйіне келіп қонып, кір-қоңын жуғызып, аунап-қунап қалды.

Ауылында бес-алты күн жатқан Құсайын жолға шықпақ болып қамдана бастады. Бір тарантас, бір трашпенке арбаға алты атты үш-үштен парлап жекті. Құсайын бұл жолы Жетісуға үй ішімен жүрмек еді. Оның бәйбіше қатыны, екі баласы, бір бой жеткен қызы екі арбаға бөлініп отырып, Сатан мен бір жігітті көшірге алып бұлар жолға шықты.

Августың бас кезінде күннің жалыны әлі басылмаған еді. Сондықтан бұл жолаушылар ауылдан ерте жүріп

кетісті. Қалада бүгінгі қоналқаға Құсайын төренің құдасы Мұздыбайға жетіп қонбақ болып, тоқ аттарды жай айдап келіп, қонаға Мұздыбайға жетіп қонысты. Мың жарым жылқының иесі болыс Мұздыбай Құсайын құдасын қатты құрметтеп, «мінгізгенім» деп екі жылғы құмайдан құры торы жорға ат әкеліп арбаға байлады. Арбаның жанында торы жорға атты шайқалтып жүріп отырып, түсте бір жерге ат шалдырған жолаушылар күн кешкіре Бақанастың бойына құлап, бес үй жатаққа жетіп жығылды. Бұл Марқатан дейтін Құсайынның ұзын жол үстіндегі түнеп өтетін жатағы еді.

— Төре, жалғыз қалай жүріп келесің? — деді Марқатан.

— Е, жалғыз жүргенде не бар? — деді Құсайын.

— Осы жолда жау бар дегенді естіп отырмыз.

— Е, құдай сақтайды да...

— Сақтаушы құдай ғой, бірақ сақтықта қорлық жоқ, кірекеш, жемшік жүргіншілеріңізбен жүруіңіз керек еді, — деп Марқатан төре жүрісіне өз ойын білдірді. Оған Құсайын да:

— Алдымызда жүргіншіміз бар, олар бұл жерден өтпеді ме? — деді.

— Е, өтті, өтті... қалың жемшік осы арадан алдыңғы күні өтті... өтті... — десіп от басындағылар бірінен-бірі сұрасып келіп, Құсайындардың жүрген жемшіктерінің Бақанас бойынан өткендігіне екі күн болғандығын айтысты.

Жолаушылар ертеңіне атты Марқатаннан күн шықпай жекті.

ТАУ ШІНДЕ

Жазды күні ыстықта быдырқай қоңыр тау құрысқан күйік тері сияқты. Шөл жерге қырау түсіп, қар жаумай бұл таудың маңайын ел де, мал да көрмейді. Жалғыз-ақ бұл жерді мекендеп жүретін анда — қарақұйрық, қоян, қасқыр; құста — бөктергі, сауысқан; адамда — жол тоскан ұрылар ғана жүреді. Көсеумен шұқылап отқа пісірген бауырдай қара быжырық таудың жыраңаналарында жылт еткен су жоқ. Күні шыжып, тасы ысып, аңызақ желі ұдайы соғады. Сайлардың ішіне шанжағойлап біткен седірең тобылғы, тырбықай бозқарағандар болмаса берекелі шөп жоқ. Бұта да, шөп те таздың шашындай.

Осы таудың төбесіне таяу, әріректегі қара пұшық шоқының бауырында жылап аққан азғантай бастау болушы еді. Суы аз ғана жерге жылап ағып, жоғалып қалады. Сол тұманың шыққан жері судың ызғарымен көгеріштеніп саздауыт болған екен. Осы жерде түтін шығады. Қараң-құраң көрінеді. Жылқы жайылып жатыр. Бір қара қос, бір ақ абылайша да отыр.

Бұл неғылған ауыл елсіздегі! Өздерінің түстері суық, жүрістері күдікті. Адамы көп абылайша, қостың айналасы ер-тоқым, найза, сойыл... Етік-байпақ, шұлғауларын жайып, бит қарап, үштен-төрттен үйір-үйір болып тоғыз құмалақ, дойбы, карта ойнап керілдесіп те жатыр. Айыл тігіп, қамшы саптап, бие сауып та жүр. Бәрінің түсі мынау таудың жеріндей тағы, тасындай қатты.

Күн күйік таудан асып кетіп, сайдың іші салқындап барады. Қара қостың жанында құлын сойылып, үш аяқты үлкен мосыға асылған қара бақырға еті салынып жатыр. Ақ абылайшаның жан-жағы түріп тасталынған. Іші көрпе, жастық, кілем, ішік, жиған жасауға жайнаған. Бұл бұйымдардың түсі түрлі, өздері ала-құла болғандықтан, қараған кісі әлдекімнің заттары екен деп күдіктенгендей еді. Мұндай бай үйдің жібек шымылдығы, қыздың кәмшат бөркі, шым күміс тұрман сияқты қырдың асылдарымен бірге көпестің қасқыр ішігі, байбатшаның қыл тройкесі, орыс төрелерінің оқа жағалы киімдері де көзге түседі. Осылардың ішінде жібек баулы сары ала қылыштар мен бесатарлар да сүп-сүр болып сүйеулі тұр. Төр алдына төселген қара ала батсайы көрпенің үстінде жастыққа шынтақтап жантайған шоқша сақалды, бадырақ көз, қызыл сары кісі алдына шылым, шақшаны жайып тастаған. Алтын сағатының бауы сұр түсті қыл пенжегінің омырауынан мөлдірейді. Қолындағы қоңыр сырлы домбырасын төсіне қойып, шалқасынан керіліп, ызындап ән салып жатыр: дауыспен көтерген жерінде ашыққан қасқырдың ұлығаны сияқтанады.

Күн кешкіріп, елсіз таудың іші қоңыр қарауға айналды. Қостың маңдай алдында тұрған ай қараңғыланған сайын ажарланып, ақ сәулесін аямай жерді бөледі. Еттің артынан ішкен қымыз көңілді тіпті жайландырып, кеше басталып қалған батыр әңгімесінің жалғасын айттыруға жігіттердің бәрі қос алдында жиылды. Көрпе-жастықтың

үстіне бұланданып аунап жатқан батыр домбыраны біреуге беріп басын көтерді:

— Өткен істі ойға түсіру — борсып кеткен қымызды ішу сияқты, жігіттер. Бір басқан лайынды қайта басқан боласың. Біреу өткенін айтса, болған байлығын, құшқан сұлуын, істеген кісілігін айтады. Біздікі не? Ылғи қансоқта, лайсоқ. Кісіге істеген жақсылығымыз жоқ. Біреудің малын талау, ол малына таласса оның жанына жармасу — осыдан артық біз не істедік? Осы қылықтардың несін әңгіме қыл дейсіңдер? — деді.

— Жоқ, батыреке, олай демеңіз, сіздің істегенді істеп өткен жігіт сирек. Ертедегідей қызық, жырдан тәтті әңгіме сіздің ерлігіңізде. Айтыңыз, батыр, құлақ құрышын қандыра! — деген Стакудың сөзін өзге жігіттер қостады.

Күмісті шақшадан насыбайды алақанға сауып жатып батыр әңгімеге кірісті:

— Мен өзім Тәуке болғалы соғыста бір кісіге сүйсіндім.

— Айтыңыз, айтыңыз! Ее, е! — десіп оңшең сайыпқырандар үймелей түсті.

БАРЫМТА

Керей мен Тобықтының арасында өміріне шешілмей жатқан қашаннан қатты түйіншек бар. Жапсар екі ел бірде тату, бірде араз болып барымталасады да жатады. Керей Демесін Ыбырайды байлайтыннан кейін бұл екі елдің арасы тіпті қағынып кеткен. Сөз ұшығып, бітімсіз сүреңге айналған кезі еді.

— Жікібайды айтқалы келесің-ау, ә, батыр? — деп сапы асынған сұр қара басын көтерді.

— Е, оған сенің намысың қозғалса үндемейін, — деп Тәуке күлді.

— Жоқ, айт, айт! Керейді шапқаныңды сен айтсаң, Тобықтыны шапқанымды мен де айтпаймын ба? — деп Самалық күлді.

Тәуке сөзге кірісті:

— Құнанбай ауылы маған кісі жіберіпті: «...Тәукеге сәлем де, Тобықтының бір жүректі баласы еді. Керейдің қорлығы өтті. Жақында Сарытоғалақтың тағалы тайын тастамай шауып кетті. Тобықтыдан тудым десе Тәуке осы кекті бір қайырып берсін!» — депті.

Пәле қайда деп жүретін уағым. Келсем, қажы ауылының ақсақал, қарасақалы күтініп отыр екен. Ат пен жігіт жинап, ақсарбас айтып сойып, Арап батасын беріп, бізді аттандырды. Жетпіс жігітке бас болып Керейге тарттым.

Екі елдің арасы елсіз. Күн бата Шорқашқанға келіп салық салдық. Шолпан туа деп мөлшерлейміз. Атты, жігітті іріктеп, жол азығымызды алып, ел жатар мезгілде Шорқашқаннан тағы жүріп кеттік. Жолшыбай екі жерге тоскауыл тастап, жиырма жігітпен таңға жақын, Бала өзенінің бойына келіп түстік.

Ай көзге түртсе көргісіз қараңғы. Өзен суы ернеулеп тасып жатыр екен, екі жағы жар, қорық-қорық қарасу. Барымталы ел — Керей тастай түйіліп күтінген. Ат үстінде. Малға күзет қатты. Жылқыны ауыл арасына ғана иіріп тұр. Жері берек, елі сақ болып, бізге оңайлықпен алдырмайтын болды.

— Таңды атыралық, жігіттер! — дедім.

Бір тасаға аттарды түйіп тастап таңды тостық.

Таң атты. Өзен бойындағы елді басбағып қарап отырмыз. Керейлер асық тіккендей жыбырлап қонған екен. Белдеуге байлап тастаған аттан үй басы құр емес.

Жаугершілік заманда тал түсте ауылға тию оңай ма, жігіттерім қипақтайын деді.

— Осыдан күндіз болмаса, түнде мал ала алмаймыз, қобалжымандар, — дедім оларға. Өзім атыма міндім де өткелді шалайын деп өзенге жетіп келдім. Судың аржағындағы ауылдан қара шапан бүркеніп, қолына құман алған бір әйел шығып өзеннің қабағына түсті. Астымдағы құла серекті жаландатып әйелдің тұсына келіп тұра қалдым да өленмен жөн сұрадым:

Таң атып күншығыстан қылаңдаған,
Астымда құла серек бұлаңдаған.
Жамылып қара шапан, құман алып,
Ел тұрмай неткен жансың сылаңдаған?

Ол ұрғашы өленге сен тұр, мен айтайын екен, іліп әкетті:

Астыңда құла серек тұмарланған,
Мен едім көрген жігіт құмарланған.

Мырзамыз таң алдында малдан келіп,
Төсектен жаңа тұрдым жұмарланған.

Мен: «апырай мынау қайтеді?» — деп қалдым да:

Кез болдың қарсы алдымнан қызыл түлкі,
Егессе шашылмайды кімнің мүлкі,
Келіп ем сұрағалы ауыл жөнін,
Кімдікі осы алдымда жатқан жылқы?

Ол:

Үнемі жолдас емес мына жалған,
Кім еді іздегенің көңілге алған.
Жікібай күйеуімнің аты болар,
Қажы дер атамызды Мекке барған.

Мен:

Ауылың қонған екен сайға, қатын,
Өткелі осы судың қайда, қатын?
Түн қатып, түсім қашқан жолаушымын,
Жөн айтып жылдамырақ сайра, қатын!

Ол:

Өткелі бұл ауылдың бас жағында,
Болдың ба сылқым жігіт жас шағыңда.
Түн қатып, түсің қашып әлде неге,
Жолаушым, жолың болсын сасқаныңа?

Сөзге сөз келіп қалған соң өзімді-өзім ұстай алмай тікесінен тарттым:

Ауылыңа келіп едім шалайын деп,
Тал түсте бір ойранды салайын деп,
Байсейіт қасқа жөнін білмей тұрмын,
Жылқысын түп көтере алайын деп.

Ол:

Еліме бейбіт жатқан салма шатақ,
Тұрған жоқ жаудан қорқып малды матап.

Аңғалсоқ батыр-сынды жан екенсің,
Айта кет кім болсаң да атыңды атап.

Мен:

Екі елдің егер болған ерегісі,
Мұндайда ердің қозар делебесі.
Сұрасаң менің атым батыр Тәуке,
Ту алған Саптаяқтың немересі.

Ол:

Ей, батыр, құмар едім дабысыңа,
Тал түсте қалың елге шабысыңа.
Жазасыз Ақмолаға жер аударған,
Жүрмісің Тобықтының намысына?

Әйелдің мына сөзі жаныма батып кетті, сөйтсе де сөйлеп қалайын деп:

Аулыңа тастамаспын тағалы тай,
Жылқы алсам найза қағып көңілім жай.
Жіберсе Ақмолаға жер аударып,
Өз оғы Тобықтының өзіне май.

Ол:

Сен жүрсің Тобықтыны туғаным деп,
Мәз болып барымтаны қуғаным деп.
Жүрмісің жылқы алуға жалғыз өзің,
Үйқтаған елдің малын ұрлармын деп.

Мен:

Аттандық ауылыңа осы жолда,
Жеке ауыз пеншестір мен қылыш қолда.
Шәкерім, Медеу, Ораз, Оспан қажы,
Тұрағұл, Себеп те бар, Көкпай молда.

Ол:

Ызғарлы көрінеді түсің суық,
Мәз болма барымтаны күнде қуып.

Жоқтар деп елің сені ойламаймын,
Тобықты болатұғын малға жуық.

Мен:

Есентай, қажы Оразбай — екі арысым,
Қазақтың көріп еді сан жарысын.
Солардың қабағында мен де жүрмін,
Алашқа жібермес деп өз намысын.

Ол:

Ей, батыр, адамыңды арқаланба,
Сөзіме ашуланып шалқаланба.
Еліңнің ескі салты жаман еді,
Білесің не қылғанын Қалқаманға.

Мен бөгеліп қалдым, әйел мен бөгелейін дегенімді сезген соң, сөзін бастырмалатып кетті:

Сен жүрсің осы күні күліп-ойнап,
Бар болса жүйрік, жорға түгел жайлап,
Туысың Қалқаманнан артық па екен,
Оны да көрнеу оққа берген байлап...

Қатынмен былшылдасып тұрғанда жылқы алудың уақыты өтіп бара жатқан соң енді осыған үндемейінші деп мелшиіп қалдым. Әйел онан әрі өрледі:

Бар шығар балалығың ұйткен-бұйткен,
Айдатты Ақмолаға не себептен?
Тірідей атқа тағып өлтіргендей
Тобықты не көріп ед ер Кебектен?

Мен тағы үндемедім, әйел тағы сөйледі:

Айдатқан Жігітектен оннан-бестен,
Жазықсыз талай жанға жаза кескен.
Тобықты бауырын аяп көрген емес,
Батыр-ау, санаң болса кетпес естен.

Әйелдің мына айтқан сөзіне қару айтуға сөзім де, уақытым да болмайтын болған соң былай дедім:

Сөзіңнен мен жығылмай, жар құласын.
Жылқымнан сөйлей берсең қалдырасың.
Жұмысым қатын емес іздеп келген.
Сенімен не қылайын салғыласып... —

деп, атымды бұрып жүріп кеттім... Жүйрік ұрғашы тағы бір ауыз айтып қалды:

Көк бесті ат кермеде тұр, мырзам ояу.
Ел жиі бір-біріне қонған таяу.
Елің тап есің барда, батыр Тәуке.
Жазым боп, бір жеріңе түсер қаяу...

Мен қайтып жігіттеріме келгенде, әлгі ұрғашы аспай-саспай аяңдап ауылына барды. Біз ол арада сауылдап өткелден өте шығып, найза қағып, қиқулап жылқыға тиіп бердік. Өзен бойы шу боп кетті. Таң атты деп тына қалған ауыл аяқ астынан шыққан аттанға сасып-ақ қалды... Кермедегі көк бесті атқа ер салып жіберіп, үй жанындағы найзаны ала «Жобалайлап» ауылдан шыға біреу ұмтылды. Ауылдан байлаулы аттарға ілінген адамы түс-түсынан қосылды. Жан-жақта мылтық даусы шығып жау тиген жылқы судан өтіп алған соң қырға қарай жосып шықты. Жылқының бетін Шорқашқанға қарай азар түздік. Күңіренген аттан, жылқының дүбірі даланы домбырадай дүрілдетті. Шорқашқанға қарай керлеп беті түзелген жылқының артына алты жігітті салып жіберіп, он бес жігіт тоскауылда қалдық. Біз жәй шауып келеміз... Құғыншының алды келіп бізге араласты...

Астында ауыздығымен алысқан есік пен төрдей көк бесті, қолында қос шашақты қызыл найза, «Жобалайлап» келіп жетті бағанағы ауылдан шапқан. Оның артынан жүдемелдете бір топ құғыншы араласты. Біз бес-бестен үшке бөлініп, құғыншыны бытырата қаша ұрыс салып түсіріп отырмақпыз.

Біздің тоскауылға қалған жігіттерде де өңкей ығай мен сығай. Тобықтының мандайындағы жақсы ат біздің астымызда. Атпаса түсіртпейміз деген менмендігіміз бар. Біздің

бір бөлек тоскауылымыз құғыншының алдын көлденеңдеді. Сарт-сұрт салысып, қағысып-қағысып кеткенде біздің жігіттер тайқып шыға берді.

— Өй, қатындар, қашпаңдар! — дедім.

— Ойбай, көк бесті атты Жікібай екен! — десті.

— Өй, тумағырлар! Жікібай болғанда жеп қоятын ба еді? — деп ықтағандарды жекіп тастадым. Біраз жосылтып келіп, шұбатып барып, құғыншы тобын жазғанда бірден, екіден түсіріп отыралық деп жүгіртіңкіреп кеттік. Артымыздағы құғыншы үздік-создық болып шұбатылды. Жікібай «Жобалайлап» көк бесті атпен алдымызды орады. Ол бізге айналмастан алдыңғы жылқыға жөнелді.

— Ал ұмтылыңдар! Астындағы атты әкетелік! — дедім. Біздің жігіттер жабылып берді. Жікібай жүректі де, білекті де жігіт екен. Біздің жігіттің біреуі жетіп айқасып қалғанда өзі тымақтай түсіп қалды. Бірақ атынан айрылмады. Біз жетіп, мінгізіп әкеттік. Онан соң «Түйдегіңмен жетіңдер!» — дегенімде біздің алтау-жетеуіміз барып айқасып еді, Жікібай екеуін түсіріп кетті. Қалғаны қашып шықты. Біз Жікібайдан көк бестіні алмақ түгіл, өзімізге үлкен қауіп туғанын сезе бастадық. Біздің айқасымызда артымыздан сатырлап құғыншының топыры да жетті. Осыны көрген Жікібай жылқыға жетем деуді тастай беріп, тура бізді түсіруге түйіле түсті. Тобымен жеткен отыз-қырықтай құғыншымен бізге ұмтылып тиді. Бізді бір бүйірлеп шапқан Жікібай, біздің Өтеғұл дегенді түп етектен түйрей шаншып, істікке шанышқан құйқалақтай қып атының басынан асырып тастап кетті. Мұның артында құйысқан тістесіп келе жатқан біз Өтеғұлды қалдырмасқа жабылып бердік. Атының жалына асылып қалған Өтеғұлды ықтап келіп, жауырыннан алып, шауып келе жатқан атына мінгізгенімде сойыл сатыр да сұтыр үстіме жауып қалған екен, құла серекті тақыммен қағып жіберіп шыға бердім.

Жікібай «Жобалайлап» біздің бытыраған адамға және ұмтылды. Мен оның көлденеңінен келіп қалдым. Атын атып кетейін деп венчестрді бетіме алып қалғанымда мылтыққа көзі түскен Жікібай атын тежей берді. Көк бестіні өкпеден байлап мылтықты басып қалдым. Ат лоқып барып тұра қалды. «Ә, бәлем енді қаларсың» деп қасынан шауып өте бердім. Жолдасы атын бере берді. Жікібай және ұмтылды.

Қуғыншы қоюлап, аттанға жер бұрынғыдан да күңіренді. Кәрі қасқырдай арбаңдап шабатын құйрығы құшақ қара бурылмен ер Қосайдың туын қолына алып, «Жобалайлап» Жікібай бізге және жетті. Мылтықты басынан асыра бір-екі рет атып едім, жүрегі шайылатын ит көрінбеді. Қайта өршелене соқты. Соңымыздан қалмады. Қалмақ түгіл өзімізді жазым қылуға айналды. Енді не де болса өзін атып кетейін деп ұрымтал жерді аңдып келем. Ол қара бурылмен ызғытып келіп Сәрсентай деген бір қара сақалды ұры бар еді, соны түйреуге соңына түсті. Құндыздықтап мен де ұмтылдым... Нысана атым жерге келіп-ақ қалды. Қара сан мен май құйрықтың қоспасын байлап басып жібердім, ол бурылдың үстінен омақата құлады. Бурылды қуып шыға бердік. Жедел келе жатқан қуғыншы Жікібайға үймелеп қалды. Біз тиіп жылқы алған жортуылдың атасы Абылайдың атын ұрандап, жарыса-жарыса ұзап кеттік. Елден жалғыз қара көрінбей қалған соң, қалың жылқының үш жүздейін іріктеп Шорқашқанға қарай тартып барамыз. Жылқыны қуа-қуа Шорқашқандағы салығымызды алып, жер күңірентіп жолға түстік. Ханшыңғысты қайдалап, бетті елге түзедік.

Міне, мен ат жалын тартып мінгелі сол Жікібайдай жігітті кездестіре алғаным жоқ. Жігіт ер екен. Ерлігінің үстіне әрі айлакер, әрі найзагер екен!.. Атуға қимай, әлденеше тайқап кетіп жүрдім. Бірақ өзі қоятын болмады. Оны атпағанда керейден жылқы алмақ түгіл, өзіміздің үйірге қосылуымыз екіталай болып еді. Атып құтылдық, — деп батыр әңгімесін бітірді.

— Жігіт екен! — деп бағанағы пұшық кеңсірігінен желін кеулетіп, бір тамсанып қойды.

— Кісімізді атып, жылқымызды әкетсең де қатынымыздан жеңіліп қайтқан екенсің! — деп керейдің батыры Самалық күлді.

— Соның ызасынан байын атып кеттім ғой! — деп Тәуке де мекіренді. — Қатынның айтқан:

Көк бесті ат кермеде тұр, мырзам ояу.
Ел жиі бір-біріне қонған таяу.
Елің тап есің барда, батыр Тәуке,
Жазым боп, бір жеріңе түсер қаяу... —

деген ең соңғы өлеңін көк бесті ат пен Жікібайды атып кеткенде ойыма түсірдім...

Тәуке мұнан кейін Арқаттың бекетінде тұратын, өзін іздеп жүрген қызыл шолақ урядникті қалай ұстап алғанын, оны қалай тонап, ел ішіне тыр жалаңаш қоя бергенін айтып, пұшықтарды күлдірді. Самалық та өзінің керуен талап, кісі өлтіргендерін айтып, әңгіме түннің жарымын алды, домбыра шертіп, ән салып, әңгіме айтып, елсіз таудың ішін күңірентіп Тәукенің жігіттері жата берді.

ҚОРЫҚҚАНҒА ҚОС КӨРІНЕДІ

Жол. Шөл. Күн шыққаннан-ақ қайнап, жолаушыларға күн аса ыстық болды. Жол бойында ел жоқ. Құлазып жатқан бір бұйра қырқа таусылмайды. Анда-санда торғай сүзіп, тышқан қарастырған бөктергі болмаса ұшқан құс та көрінбейді. Аттар пысқырынып, бүгелектеп, ақ көбікке малынып келеді. Бір жерге келгенде жолаушылардың алдынан жиырма шамалы адам андағайлап көріне кетті.

— Әй, анау нағылған кісі? — деген Құсайынның даусы шықты. Жолаушылар елең ете түсті.

— Сұмдық-ау, кешегі айтқан жау болмасын! — деді бәйбіше.

— Өзі тұр ма, келе жатыр ма? — деді Құсайын.

— Тұрған сияқты, — дегенді Сатан айтты.

Екінші көшір үріккен сиырдай бажырайды да қалды.

Жолаушылардан құнан шаптырым жердегі жолдың қыр жағындағы бұл кісілер сағымдалып көрінеді. Қопақтап, саулап желіп келе жатқан сияқты.

— Жау деген осы... Болары болды. Енді өліспей беріспелік, — деп Құсайын жалма-жан алтыатарын оқтап өз қолына алды. Құс атар қосауызға бытыраның екі оғын тығып Сатанға берді:

— Егер келіп тиетін болса тарсылдатып ата бер! — деп бір дорба патронды қоржыннан шығарып қолына ұстатты.

— Егер келіп біреуі жабысса, қарнына тығып ал! — деп ақ бөкіні қызы Күлімханға беріп, бәйбішесіне:

— Өлтірсе де жүктің үстінен түспе! — деді. Құсайын Сатанды алға жүргізіп, өз арбасын оның артынан салды да: — Алды-артыңа қарамай саулап жүріп отыр! — деді.

Бұлар саулап жүріп келеді.

Ай далада, елсіз жер. Жолаушылардың жүрегі ойнақшып, денесі түршігіп, шеңгел де, ши де қалың кісі сияқтанып қарауытып, жер дүниенің бәріне жау қаптап бара жатты. Әлгі бір кезде алыста көрінген жаулар жолдың оян жерінде жоғалып кетіп, белең жерінде андыздап бұларға саулап келе жатты.

Бұлар желе-желе жау көрінген тұспалға жетті. Алды-артына қарамай аттарын қуды. Күн сиыр түс. Ыстық. Жол шаң. Жаудың өкпе тұсына келген соң тіпті қатуырақ жүрді. Шанды бұрқылдатып, арбасын салдыратып, жолаушылар сасқалақтап келе жатқан жаудың алдынан кесе өте бергенде, Сатан жау жаққа қарап жіберіп:

— Құсеке-ау, құс екен ғой! — деді. Құсайын да қарап жіберіп:

— Шын құс па екен? Жаман сескентті ғой, жолың болмағыр! — деді.

Бәйбіше де демін еркін алып, ерленіп кеткендей:

— Уһ! Адыра қалғырдың құсы иманымды ұшырды ғой! — деп жиналып отырды. Күлімхан да сылқ-сылқ күліп, ақ бөкіні Құсайынның өзіне қайырды.

Бұлар жау жаққа қайта-қайта қарасып, анық құс екенін білген соң жандарын шақырғандай болысып, бірін-бірі мазақтап, қалжың қылысты. Аттарын тоқтатып өздері де желпініпті.

Жолаушылардан әудем жердегі қоңыр белшеде өңшең көк мойын дуадақ мойындарын соза-соза қарасып, керденкерден басады.

— Атуға қандайсың? — деді Құсайын Сатанға.

— Атушы ем...

— Ендеше, жүріңкіреп кетелік те, анау қабатпен келіп қарауылда, — деп Құсайын Сатанға жөн сілтеді. Айтқан жерден арбадан түсіп Сатан белшені бауырлап қоян бүгжекке салды. Мыналардың екі көзі Сатанда.

Көп кешікпей Сатан барып тасалаған жерден түтін бұрк етті. Мылтық даусы күрс етті.

— Алды! — деді Құсайын.

— Е, сол нені алушы еді, әне тегіс ұшып кетті, — деді қыздың шешесі. Аяғының астынан тарс еткен мылтықтан шошыған дуадақтар жүгіре-жүгіре басып ұша-ұша жөнелді. Бір лақтай дуадақты арқалап Сатан арбаға келді.

— Жарайсың, жігітім, жолымыз болады екен! — деп Құсайын ырым қылып, риза болғандығын білдірді. Көкпардың көк серкешіндей дуадақты арбаға салып жолаушылар тағы жүріп кетті.

* * *

Күн шаңқайған түсте жолаушылар талықсып келіп Серікбай қажының тамына түсті. Ел әлі таудан қайтпаған уақ болғандықтан бұл тамдағы қалған қажының салығы — жалғыз ауыл. Тамда қалған қажы өренінен бір-ақ баласы. Бір тәуірі бұл Құсайынға таныс болып шықты. Шалығып келген жолаушыны салқын тамына түсіріп, көленкеде сусындатты. Сусын үстінде үй иесі өзінің шаруа жайын әңгімелеп отырды.

— Биыл осы жерден бір мектеп салдырамыз ба деген талабымыз болып, соған кірпіш құйдырып едік. Соның қалауын да осы жазда істетсек пе деген едік. Сонымен бірге әрі пішен дегеннің басы-қасында болып ерте шаптырмаса, өзек бойының шөбі сары өлең, бидайық болғандықтан ерте қатып кетеді... Сөйтіп етекте қалып ек...

— Жайлауыңыздан хабар бар ма?

— Мен өзім келгелі бес-алты-ақ күн болды.

— Малға жұғымы қалай екен?

— Жайлаудың биыл малға жұғымы ересен. Осы етектен шыбын қағып өлгелі барған екі атты жіберіп едім, өзім жатқан он бес күнде сол аттар қабырғасын жауып алды.

Үй иесі осыны айтып келіп, Құсайынның жүрісіне ғажаптанды:

— Апыр-ай, төре-ай, нағып оңаша жүріп келесіз?

— Жүгіміз, жүргіншіміз ілгері кетіп еді...

— Қалай қорықпай келесіз дегенім ғой.

—Е, сақтаушы құдай да.

— Солай екені, солай ғой, сөйтсе де осы жақта бір жау жүр. Жау болғанда жойқын жау...

Құсайын құлағы елең ете түсті. Жау дегенді ол жалғыз бұл ауылдан ғана емес, алдыңғы жолықкандардан да естіп келе жатқандықтан, ол мына кісінің сөзіне жантайып жатқан жастықтан басын көтере тыңдады.

— Қай жақта жүрген жау, — деді. Үй иесі жайлап жаудың жайын түсіндірді:

— Анау күні, өзім жоқ, тапа тал түсте осы ауылға он бестей кісі жау келіп тиіпті. Тиіпті емес-ау, қайта тимепті. Мынау атам зираты жақтан шыға келіп, саулап ауылға қарай жүріп келе жатыпты да, өзек табанында арқандаулы тұрған атқа бұрылыпты. Жесірлік жирен бәйге атым бар еді. Тауға жіберуге өзім болмаған соң ұры-қарыдан жасқанып, не де болса өз қолымда болсыншы деп әдейі қолға байлап қалып едім. Соны арқандаулы тұрған жерінен шешіп алып, жетектеп жүріп кетіпті. Осы ауылдан қатын-қалаш шулап, жаяу-жалпы жүгірген екен, біреуі бұрылып келіп:

— Батыр «Қайтсын, шуламасын! Ауылы шабылмай бір атпен құтылғанына қуанып отыра берсін! — деп айтты», — деп жүріп кетіпті. Өздері өңшең қару-жарақты дейді. Айдаладағы жалғыз ауылда оған қарсылық қылармық не ат, не адам, не қару жоқ...

— Апыр-ай, бұл кім болды екен? — деді Құсайын. Сатан бұлардың сөзіне араласпай тек құлағын салып, құрғап қалған тандайын шайға жібітіп, ыстық суды сораптай берді.

— Кім болса да осал жау емес. Және жақын жердің де жауы болуға қисыны аз. Бір ойдан бір жаққа жүріп бара жатқан немелер ме деймін. Бірақ олай деуге қисынбайды. Наймандар бұл жолдан ондай тал түсте талаумен жүруден гөрі жолаушылап жүреді ғой. Өй, оның ығы жоқ. Бұл болса — Тәуке болады. Сол Тәуке болуға кәдік. Өйткені, анау күні жайлауда жатқанымда Тобықтыға қатынасқан біреулер сол Тәукенің бір ауылға істегенін айтып отырды.

— Әй, осы Тәуке болуға қисыны бар. Сол иттің жүрісі осы сықылды деуші еді, — деп Құсайын да қошаметкейледі.

— Өзім де соған ұйғарам. Мынау жүріс өзге пенденің жүрісіне ұқсамайды. Тәуке биыл керей, тобықты, қаракесек, уақтың ұрыларын жиып, нөкерімен қашып жүр деп еді, — деді үй иесі.

— Бірақ маған оны Тарбағатай жағында деп еді, — деді Құсайын.

— Жоқ, Тарбағатайда емес. Осы айдың жарығында Тәуке Шыңғыста. Оны көзімен көрген кісіге мен жайлауда жолықтым. Ол кісі айтып отырды...

— Е, не айтты? — деп Құсайын құлақ қойды.

— Өңшең сәйгүлікке мінген, қару-жарақты ұрыларымен Тәуке Ербол ауылына келді дейді. Ол ауылдағы Қамза дегеннің ақбесті деген жақсы аты бар екен, соған жатып

жабысты дейді. Құшақтасалық, тамыр болалық. Болмаса сат деп. Қамза да бір томырық адам екен; және аты бір келісті ат екен, қимай, қалай сұраса да атына жуытпады дейді. Сонан соң Тәукелер сойылған малға, қайнап тұрған қазанға қарамай ду атқа мініп, ақбесті атты ұстап алып жүріп кетіпті. Артынан ат иесі Қамза аттандап, сойыл ала шапқан екен, Тәуке саптамасының батмөңкесін атып түсіріп кеткен соң үйіне қайтыпты. Өзі құралайды көзге атқан мерген дейді.

— Ендеше, мынау да сол Тәуке болды, — деді Құсайын.

— Атын ғана алып, адамына тимесе, ол бір жақсы екен, — деп бәйбіше терін сүртініп, кең көйлектің омырауын желпініп отырды.

Сонан кейін Тәуке жайында бірсыпыра сөздер сөйленді:

— Тәуке тентек, ер қашқын екен!

— Тәуке өз елінен, жақын-жапсар елден жасырып мал алмайды екен.

— Тәуке біреудің жақсы атын көрсе, берсе қолынан, бермесе жолынан алады екен де кетеді екен. Мініп, арықтатып әкеп, қайта иесіне тастап кететін әдеті дейді.

— Былтыр да бір керейге кез болып, бәйге атын ұстап мініп, орнына астындағы атын тастап: «Мен келгенше мына атты семіртіп қой» — деп жүріп кетіпті. Артынан келіп иесіне атын қайырып, өз атын алып кетіпті...

— Өздері сауын биесімен, көшке көлік түйесімен ұдайы көшіп жүреді, — дейді...

— Оның қасында керей Самалық та бар дейді, — деген сияқты сөздер бірінен соң бірі айтылып, Тәукенің ертегісін тәуір-ақ әңгіме етісті.

Сонымен бұл үй иесінің сөзінің аңғарында — жолда бір жойқын жау жүргендігі анықталайын деді.

Ол жаудың Тәуке болуға кәдік екендігі сезіле бастады.

Құсайындарды сусындатып, атын шалдыртқан соң, аттандырып тұрып, үй иесі:

— Жау деп... құдай сақтасын. Кездейсоқ әміске кез келе бере ме. Осы алдыңызда көп жемшік, жүргінші кетіп барады. Тезірек соған жетіңіз! — деді...

— Олар қашан өтті? — деп Құсайын тағы қайта сұрады.

— Олар осы жерден кеше кешке жақын жөнелді. Бес жүздей ат, көп жемшік, тартқан жүгі адам айтқысыз.

— Какраз, біздің жүргінші! — деді Құсайын.

— Ендеше жүгіңізге жете жүріңіз... Жаман айтпай жақсы жоқ, кім біледі, құдай сойқандының бетін әрі қылсын, — деді үй иесі.

— Олар бұл жерден кеше аттанса, бүгін қайда болар деп ойлайсыз?

— Кемерталдан ұзамас. Жүктері ауыр, өздері тым ақырын кетіп барады...

— Онда біз бүгін оларға жетпейміз бе?

— Әрине, жетесіз, сіздер мен олардың жүрісі тең бе?

— Ендеше, Сатан, атты қузаңқырап айда! — деді Құсайын.

Серікпай ауылына қоштасып Құсайындар жолға түсті. Божыны қағып, қамшыны үйіріп қойып, Сатан баяғы өленді ыңырсып, кер жолдағы арба желіске салды.

Қоянды, наның тәтті, жолың қатты,
Айдаймыз жолға салып арық атты...
Айдаған арық аттай кедейшілік,
Арқаның арқамызға қатты батты...

ЖАУ

Түс қайта ат жеккен Құсайындар бүгін не қылса да Талдыға жетуге ентелей жүрді. Үш-үштен жеккен алты ат су ішіп аунап алған соң жеделдей бастады. Желпіне тартты. Көсіліп жатқан бұйра бұдырқай елсіз жолдың екі жағы басқан сайын құлазып, ойға әлденені салғандай. Жолаушылар жолдағы қоянды қашыра, торғайды ұшыра, шыбынды быжылдата, аттарын пысқырта қырқадан-қырқаны асып, құлаттан-құлатты басып соғып келеді. Бұлар талай жер жүрді. Жолда жосып жүргіншінің ізі жатыр. Шыбын-шіркей үймелеген жылқының жас тезегі де әлі кеуіп жетпегендіктен, жүргіншілердің көп ұзамағандығына көңілдері бекініп, бүгін кешке қалайда жетеміз дегендей.

Күн бесіннен төмен түскенде жолаушыларға жер өзгерейін деді. Жердің шоқат-шоқат қырандығы қалып, үлкен құлат, ойдауыт, шилеуіт тал-талға келді. Сол жағында бір бейіт те көрінеді.

— Кемертал дегені осы еді ғой, — деді Сатан.

— Осы, бірақ мұнда жүргіншілер көрінбейді ғой...

— Бұл өзі бір өлкелеу жер, суы ащы болады, бұл шилеуіт бірқатар жерге созылады. Жүргіншілер болса осы өлкеден бүгін ұзауға қисыны жоқ, — деді Сатан.

— Ендеше, атты көп қышамай жайырақ айда, — деді Құсайын.

Жолаушылар аз жүрген соң күн жағынан бір қаранқараң көрінді:

— Ау, анау нағылған жылқы? — десті.

— Біздің жүргіншілер осы маңда болды. Солардың аттары, — деді Құсайын. Соның арасынша болмады, жылқы деген қараның ер-тоқым, үзеңгі-тұрмандары күнге шағылысып жарқ-жарқ етті. Жылқы маңында екі-үш кісінің де қарасы көрінді. Құсайын тағы:

— Жо, мыналар ат шалдырып, намаз оқып жатқан жолаушылар екен, — деді.

Ауыз жиып алғанша болмады, әлгі жылқылар құралысып өңшең атты адамға айналды. Алыстан қарағанда қарамы отыз шамалы кісі болып, бұларға қарап жамбарлай, жайыла шапты.

— Жау!

— Келіп қалды!

— Әй, құдай-ай, сақтай гөр!

— Саспа!

Бұлардың бір-біріне айтқан сөздері осы ғана. Жау хабарына құлағы қанып, қамданып келе жатқан Құсайын баяғысындай қосауызды оқтап Сатанға беріп, өзі алтыатарын қолына ұстады. Бұл жолы ақ бәкіні қызына беруге мұрша жоқ. Жау жайыла шауып келіп әудем жерге жақындады. Ішіндегі біреуі өзгесіне қылыш сілтеп тоқтатып тастады. Олары сауылдай-сауылдай болып тұра қалысты. Бәрі де қарулы. Екі мылтықтыны ертіп үш кісі бұларға қарай жүрді — мылтық, қылышты көрген соң Құсайынның дегбірі қашып:

— Не де болса, болары болды... Енді тырп етпендер!.. — деп сасқалақтап сыбыр-сыбыр етті.

Мынау үш кісі Құсайындардан именбек түгіл, шыбын құрлы да көретін емес, батыл бастырып тақау келді. Құсайын даусын күжілдете:

— Кім де болсаң аулақ тұрып сөйлес!

— О, жарқыным, аулақтама. Ел кісісіміз, — деді біреуі.

— Кімсің?

— Жер өлшеушіміз, — деп жақындай түсті. Жуықтап келіп одырайып тұра қалысты.

— Сен бізден қорықпа. Саған тимейді. Біз жер қарап жүрген! — деді. Үшеудің бірі орыс екен. Қасындағы қылаң атты, қылышты қазақ. Жалпақ күміс белдігі, қолындағы қынсыз қылышы, ер-тұрманы күміс, күнге шағылысады. Ол майдалап қана тілге келді:

— Қай жақтан келе жатқан жолаушысың?

— Қарқаралыдан.

— Барыс?

— Жетісу...

— Сүйегіңіз кім болады?

— Өз жөніңізді айтыңыз!

— Біз Дағанды еліміз. Елімізге мына біреу жер өлшейтін землемірлер шығып, осыларға жер аралатып жүрген жайымыз бар.

Құсайын нанарын да, нанбасын да білмеді. Сүйтсе де қолы алтыатарды мықтап ұстаңқырады. Қатыны мен қызы үрпиіп бір-біріне тығылып кеткен. Сатанның екі көзі ана кісілерде. Бұлар осылай жөн сұрасып тұрғанда бейіт жақтан бір-екеу келе жатты. Мынау сауылдай болып тұрғандар соларға қарасты, қарасып тұрды да Құсайындарға андыздай жүрді. Бейіт жақтан келе жатқан екеудің алдындағы құла атты оларға қарсы күрс еткізіп мылтық атып жіберді. Құсайын қатыны «алла» деді. Ду жүріп келе жатқан аттылар аттарының бастарын тартып-тартып тұра қалысты.

Тұрқы есік пен төрдей, оқтаудай қатқан жайсаң құланы жайтандатып, әлгі мылтық атқан Құсайынға таяу келіп тұра қалды.

— Кімсің? — деді құла аттың үстіндегі мылтықты, үкі көз, сары кісі.

— Арғынбыз.

— Арғын болсаң Мәди қайда?

— Мәди хабарын анық біле алмадым.

— Окрожной сот билік айтты ма?

— Билік айтады деп еді, мен шығарда. Анығын біле алмадым.

— Әй, ер-ай! Не болар екенсің? — деп құла атты арман қылғандай болды.

— Мәди менің жолдасым! Менің атым Тәуке!

Жолаушылардың ойнап тұрған жүрегі зыр ете түсті. Ішінен «Тәуке, Тәуке!» — десті. Сөйтсе де сөйлесіп тұрған кісі болған соң бой тоқтатып, қайта «Тәуке» деген даңқы жер жарған талаушыны жақсылап көруге үңілісті. Ішіндегі орысша киімнің үстінен Тобықтының барқыт жағалы жеңіл шапанын желбегей салған, қалпақты, салауатты, атқа тіптік отыратын Тәукенің көзі жалт-жұлт етеді. Даусы бейне тастүлек. Ешкімнен именбей, сөзді бұрмай кесек-кесегімен тастап тұр.

— Сен мені естіген шығарсың? — дейді.

— Естіп ем, батыр, қабарыңызды, — дейді Құсайын.

— Ендеше құлақ естігенді көз көреді. Мен қашқын болғалы тоғыз жылға толды. Мыналардың бәрі де менің сайыпқырандарым. Нәсібіміз түзден. Кәне, бізге берерлік қанша нәрсең бар?

— Бар тұрған бойымызды көріп тұрсыз ғой. Атарба мынау, несін өзіңе алып, несін бізге қалдыратыныңды өзің білесің, батыр, — деді Құсайын.

— Олай болса әуелі екі мылтықты бері бер! — деді Тәуке. Анау «инженер» орыс Құсайынға келіп, алтыатарды, Сатанның қолынан қосауызды алды.

— Сен өзің жолаушы екенсің. Атыңды алып жол үстінде жаяу тастамай-ақ қояйын. Кәні, бір мың сом ақша шығар!

Құсайын зыр ете түсті:

— Батыр-ай, менің қалтамнан мыңдап ақша шығатын болса, мен үстіп ноғайға еріп тентіреп жүрер ме едім...

— Сен ол мүсәпірсігенді қой! Мың сомға несіне қалжақтайсың?

— Батыр-ау, мен қалжақ қылып тұрғаным жоқ, жайымды айтып тұрғаным ғой...

— Ей, екі айтып езіп тұратын Қарқаралының қырт төресі мен емес. Тінтсек екі арбаңнан әлденеше мың сомдық нәрсе аламыз. Әуелі мына әйелің мен баланың үстіндегі киімі қанша тұрады? Бірақ не керек, ұзын жолдың үстінде кез келдің. Жас балаларың бар екен. Айдалада қанға бояп өлтіріп, қаңғырығыңды түтетіп қаңғыртып не ғылайын?.. Сұраған ақшаны сөзсіз түсір!

— Ақшам жоқ деп тұрмын, батыр, — деп Құсайын жылағандай болды. Тәуке қатуланып:

— Әнені! Қалжағын! Бұларды түнепке істеп жібермей болмайды. Бұр арбаны жолдан! — деді.

Мылтықтының біреуі алдында тұрған Сатан арбасының атын шаужайлап шұғыл бұра бастады. Арба тұрған жердің бір жағы қанау, су еді, арба аударылуға айналды. Арба ішіндегі Құсайынның қызы ойбай салды. Сатан арбадан атып түсіп:

— Тоқтай тұр, әй, тілге келелік. Айдалада жолыққан бір-екі жолаушыны жұлмалауға ерлік көрсетпей-ақ қойыңдар, әне, батыр сөйлесіп тұр ғой... Бір орны болар, — деп аттың шаужайына жармасты.

Сатанның атын бұрған тікенек сақал, шұбар ұры тоқтап қалды. Сатан Құсайынға:

— Құсеке, несіне тартысасыз. Бәрібір жан қалмайды. Бұл кісіге бар қалтаңды көрсетсеңші, — деді.

Құсайын түймесін ағытып, төс қалтасынан бумажнигін алып батырға ұсынды. Батыр алды да ашып қарастырды.

— Қағаздарың керек емес! — деп, ішіндегі ақшасын алып санады, санап болды да:

— Мұныңмен жарытпадың бізді. Жетпіс алты-ақ сом ақшаң бар екен...

— Бары сол, батыр, — деп, Құсайын сынық дауыстанып қалды.

— Мә, мынау өзіңе жол расходың, — деп он сом ақшаны қайта салып, қағаздары мен бумажнигін өзіне қайырды.

— Бала-шағаң көп екен. Жолың ұзақ қой. Енді сендерге рұқсат қылалық. Жүре беріңдер! — деді.

Құсайын оған жауап қайырған жоқ. Сыртынан жүні жығылып, көзі жаутаңдап қорыққан сияқтанса да — Тәуке тимей босатып жіберетін болған соң жүрегі орнына түсіп, ішінен Тәукеге кектене бастады. Өзі жәрмеңкені жарып жүрген көпестің даверныйы, Қаркаралының төресі, ел ішінде де, қалада да сөзі жерде қалмайтын адам. Ешкім бүйтіп тізгіннен алып, қалтасын ақтармақ түгіл, қанша Тәуке болса да мына алпыс сомын, қос мылтығын алып тонап тұрғаны — Құсайынға сыймайды-ақ. Бірақ амалы бар ма. Айдала. Өңшең қарулы жау. Қазір Тәуке осы жердегі Құсайынның құдайы. Қанын шашып өлтіріп кетсе де, қатын-қызын рәсуа ғып, таласа да — еркінде. Не қылсын, енді епті кету керек...

Құсайын Тәуке сөзінің жауабына сөз қайырған жоқ. «Қош, батыр!» деп те айтпады. Арбаны айдап жолға түсті.

Арбаның жетегіндегі Мұздыбайдан алған торы ат тоғыз қоналқадан бері тапталап жарап келе жатқан еді. Сатан арбаны жүргізуге атты айдап жібергенде торы ат Тәукенің алдынан бұлаң етті.

— Әй, тұра тұр! — деді Тәуке. Құсайындар тұра қалысты.

— Торы атты бізге таста!

— Батыр, ат керек болса, мына алты аттан таңдағанын алып, торы атты қоя беріңіз. Осы балама нағашысы мінгізіп еді. Ырым қылам.

— Жо, болмайды! Атыңа менің көзім түсті! — деп бір жігітін түсіріп, торы атты шештіріп алды. Бұл Құсайынның жанына онан сайын батып кетті. Қап-қара боп түтігіп, ішінен тісін қайрап, тұлан тұтып, тілі байланғандай үндемей қалды.

Тәуке:

— Сен мені тонады деп ренжіп тұрсың-ау, ә! Бұл тонаған емес қой. Орыс-ноғайдың бірі болсаң, ең болмаса қазақ болсаң да жүзі бөлек Жетісудан болсаң — тонағанның әкесін сонда көрер едің. Сен қайта ат-лауың аман кетіп барасың.

— Бұл қылған сыйыңызға рақмет! — деп Құсайын кекеді.

— Төрем, сен әлі асау екенсің, сен бәлкім, ойлайтын шығарсың Тәуке менен именеді деп. Мен сені білем ғой. Сен Қаркаралының қу тұяқ төресінің бірісің. Сенің атаңның елге қылмағаны бар ма? Саған біз тұз езіп құйсақ та сауап. Сені біржола босатпайтын жерге келіп едің... Жалғыз-ақ менің бір Әділхан деген ұрым өткен жылы Сарлыжақ деген атпен еліңе қолға түскенде соны ешкімге тигізбей атымен қайырыпсың. Сол үшін ғана босатам. Әйтпесе сен бізге қып-қызыл мал емессің бе? Түбің төре, өзің ноғайдың доверныйысың. Сен қай жақсылығымнан аяды деп ойлайсың? — деп, айналы шақшасын алып ерінің басына тықылдатты.

— Аға, сарқытыңыздан! — деп Сатан алақанын жайды. Тәуке арбаға жанасып келіп Сатанның жайған алақанына насыбай қағып түсіріп тұрып:

— Сен кімсің? — деді.

— Қаракесекпін.

— Қанша аласың байыңнан айыңа?

— Сегіз сом, киім-тамақ байдан...

— Тұқ емес. Менің сендей бір жігітім айына жүзден айналдырады.

— Сіздер біреудікін тартып аласыздар. Ә, біз байдан табан ет, мандай терімізді ала алмай жүреміз...

— Сен бізбен қалсаңшы. Қолынан бермегенін жолынан алатын боласың, — деп Тәуке күліп тұрды. Құсайындар жүруге айналды. Тәуке Құсайынға қарап:

— Алдында енді жиырма кісім бар. Олар сендерді тағы алады, — деді. Құсайын шошып кетті:

— Әке-ау, бізді әркімге талатқанша өзің тонап тындырмын қылсаңшы!

— Жоқ, алмайды. Мен екі кісі қосып берейін. Сендерді олардан өткізіп жіберсін, — деп қасындағының екеуіне:

— Сендер мыналарды Самалықтардан өткізіп жіберіңдер! — деді. Өзі Құсайынға:

— Е, төрем! Егер мен ұлықтың қолына түссем осы нәрселеріңді сұрар ма едің? — деді.

— Сіз қолға түспейсіз де, біз сұрамаймыз да ғой, — деп Құсайын жауап қайырды. Бірақ сөзінің зілі «әттең, ондай атты күн болса» дегендей еді.

— Сонда көрермін сенің төрелігіңді! Бар, жолың болсын! — деді де Тәукелер жолдан бұрыла тартты. Торы ат жау жетегінде тайтаң қағып шыға берді. Тәукенің өз нөкері Тәуке артынан кетті, Құсайындар жөніне тартты.

ЖОЛ СОҚТЫ

Қабақтары салбырап Құсайындар жолда келеді. Алдарында Тәукенің қосып берген екі адамы. Жолаушылар Талдының бойын өрлеп, бес-алты қырқаны асқанда бір тасадан жиырма шақты өншең қарулы адамдар бұларға қарай саулай жүрді. Тәукенің адамдары олардың алдынан атой беріп бөріктерін былғап, «келме» дегенді білдірді. Өздері солардың алдынан шығып аз сөйлескен соң тоскауыл жау Құсайындарды бетімен жіберіп, жайына кетті. Бойларын тоқтатып жолаушылар өзара сөзге кірісті.

— Бетім-ау, қаптап кеткен не деген жау еді, — деді Құсайынның әйелі.

— Құдайдың бұл итті кез қылғанын қарасаңшы, — деді Құсайын.

— Осы жолға сембі күні шықпалық дедім саған, — деді әйелі.

— Жоқ нәрсені уайым қылмандаршы, қайта Тәуке бізге тиген жоқ, — деді қызы.

— Тимегені осы ма, қалтамызға шейін қағып қалды, көзіңнен шыққыр, жолың болмағыр, — деді әйелі.

— Өзінің де құны басынан асты. Көп ұзамай тері-тарамысын алдырар! — деді Құсайын.

— Не қылғанмен өзі бізге кісілік қылды. Өйтпегенде бізді анау қасындағы өңшең ұрылары аямайтын еді, — деді Сатан да сөзге кірісіп.

— Кісілігі құрысын, мылтығым мен торы атыма ішім ашиды. Асқанға бір тосқан болар, бәлем, — деп Құсайын күндердің күнінде Тәукеден үміттенгендей болды.

Жолаушылар, әрине, атты қузап айдады. Өйтпеске күн кешкіріп барады. Жер-дүниенің бәрі жасырынған жау сияқты көрінеді. Бұлар бұлаң құйрықпен жүріп келе жатып, өңшең өлген аттың үстінен шықты. Қарға қарқылдап, саусыскан шықылықтап, қарақұс үймелеп, шыбын-шіркей бызылдап жатқан он шақты аттың өлігі маңайды сасытады.

— Мынау нағып қырылып қалған жылқы!

— Өй, мына жатқан көк ала, ана күнгі пұшық жемшіктікі ғой! — деді Сатан.

— Иә, иә, сол. Бұған не болған?

— Мынау қасқа торы да солардікі.

— Ана құла биені қара. Бұ да өліпті. Құсеке, қараңыз, анау жатқан анау күнгі Кенжебек дегеннің астындағы шауқар шұбар. Сұмдық-ау, бұларға не болған?

Құсайын, Сатан арбадан түсе қалып өлген жылқыларды таныды. Бәрі де бұлардың жүргіншілерінің аттары болып шықты. Аттардың кейі бауыздалып, кейі жараланып, арам өліп жатыр. Тері-тарамысын да алған кісі жоқ. Іші кеуіп, маңайды мұнкітіп кеткен. Жол бойы шашылған дүние, сынған арба, домалаған қарамай шелегі, қостың ағашы, тағы басқа солар сияқты өлі бұйымдар тіпті рәсуа болып қалыпты.

Бұлар іштерін тартысып, ілгері қарай аттарын қаттырақ айдасты.

Құсайындар кешкі қоналқаға Түксиген деген жерге жетті, осы жерде түнеп жатқан көп жүргіншінің үстінен түсті. Келе жөн сұрасты. Бұлар Жетісу байларының Қоянды дан қосылып қайтқан қостары болып шықты. Мұнда Қапал, Сарыағаш, Ақсу байларының он шақты көпесінің

жемшігі, малы бар екен. Қазақ байларынан Дәрменқұл, Мұса, Мұқамбетжан, Ералы, тағы бас-қалармен бірге орыс, ноғайдан Сүлеймен, Сыдық, Бүкір, Жәкір, Ақметжан, Бәдір, бұйра Бөске, Абырам тағы бірнеше байлардың жүгі, малы үйме-жүйме болып осы арада түнеп жатыр екен, Шалматайдың қосы да осынан табылды. Ол өзі қосында екен, Құсайынның алдынан шығып:

— Жау жолықпады ма? — деді салғаннан.

— Жолықты ғой.

— Қалай аман кеттің?

— Аман емеспіз. Екі мылтық, бір ат, жеті жүз сом ақша алып қалды...

— Қайта тимеген екен! Ат-арба, киім-кешегің өзіңде көрінеді ғой, — деп Шалматай ежелден ішінен атысқан дұшпанына өлім хабарын естіртетін кісідей шікірейе сөйледі:

— Кеше Талдының бойынан біз ертерек жүріп кетіп едік. Біздің арт жағымызда сендердің жүктерің қала беріп еді. Бізден кейін соларға жау тиіпті. Кім екенін білмейміз, өңшең қарулы, көп кісі дейді. Атыс болып... Әйтеуір кісі аман. Жүктің бәрін талап, аттардың өлтіргенін өлтіріп, алғанын алып кетіпті. Сіздің жүргіншілер осында бізбен селбесіп келеді. Анау көрінген от солар, — деп бір қосты көрсетті. Құсайын соларға тартты. Жүріп бара жатқан Сатанды танып, Шалматай:

— Е, жолдым, сен екенсің ғой! «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деп, байдың талаушысы сенің қай туысқаның екен, біле алмадың ба? — деп Сатанды кекеді. Сатан да жауабын тіке беріп:

— Біздің туысқанымыз, батыр Тәуке екен. Сіздерге қалай кездеспеді екен! — деп жүріп кетті. Сөйткенмен, Сатанға Шалматай біз тілін бір сұғып қалды. Оның «Менен шығып ноғайдың байына барғанда абиырлы болдың ғой» дегенді айтқаны еді. Әркім өзі шыққан тауын биік көреді. Қашаннан бақ күндес байдың жол соқтыға ұшырағанда айтып тұрған басы Сатанға недәуір батты.

Құсайындар келгенде жүргіншілері улап-шулап қарсы алды:

— Талап кетті...

— Масқара болдық...

— Әйтеуір жанымыз қалды...

— Сұмдық екен! —деген сияқты аһлап, уһлеген жаяу жемшіктер, малшы-құлшылар кісі өлгендей шулады.

— Не қалды сендерде? — деді Құсайын.

— Тып-типыл қып кетті...

Жайланып отырысып, сұрастыра келгенде қара қосшы Бейсенбай мынаны айтты:

— Қояндыдан шығып өздеріңізден айрылған соң-ақ біз мына байлардың жемшігіне жетуге күн-түн демей жүріп отырдық. Жолда жау бар, ұры қабынып тұр дегенді де естідік. Бұрнағы күні кешке Талдының бойына түсте келіп түсіп едік, мына байлардың қосы жаңа жөнеліп барады екен. Біз түстеніп алып жүрмек болдық. Қапыл-құпыл шай қайнатып ішіп, атты жегіп жөнелгелі жатқанымызда жау тиіп берді. Жетпіс шамалы кісі мылтықты тарсылдатып, тұтқиылдан соқтыққан соң есіміз шығып кетті. Біз де мылтық атып, қайрат қылып көріп едік, сатырлатып сойыл, қылышпен қолма-қол араласып кетті. Әркайсымызды әр жерде топылдатып қуды да шықты. Бізді тегіс иіріп қойып, өздері жүкке кірді. Ішінде бір құла атты, он екі атар мылтықты сары кісі бар. Сірә, басшы сол болса керек. Жігіттерін арбаға отыртып, тиеген жүктерді сол күйінде жүргізіп кетті.

Жүкті жүргізіп жіберіп әлгі сары кісінің айтқаны:

— Кім де болса, байыңа сәлем де, сендерді кім деген жау алды десе, Арқаның батыры — Тәуке мен Самалық деңдер. Бізден законын да, ақшасын да аямайтын болар... Онсыз да өзіміз үкіметке керекті адамбыз. Бізді тоғыз жылдан бері керек қылады... Біздің осындай көп үстінде еншіміз, байлардан аласымыз бар адамдармыз, — деп жүрді де кетті.

Мұнан кейін Құсайын да өз көргенін айтып, Тәуке талауға ұшыраған Шаяхмет байдың өңшең доверныйы, қосшы, қойшы, жүкшілері басына түскен бақытсыздыққа бірге қайғырысты. Енді елге қалай жетудің уайымына түсті.

Байлардың қосы бір-біріне кісі жіберіп, ойбай, көшелік десіп, асқан бақыр, қазанын босатысып, у-шу боп түнделете жөнелісті.

— Аягөзге жеткенше қауіп қалмайды! — десті.

АҒЫН

Екінші тарау

Ертіс, Ертіс енеміз.
Елден аңсап келеміз.
Жаздай өлең айтамыз.
Күз жаланаш қайтамыз.

ЖОЛЫҒУ

Мамыр айының басы. Көк әлі шыққан жоқ. Жел соқса жерден шаң шығады, сыпырынды ұшады. Әсіресе қаланың пристань жағындағы қыстайғы үйілген сыпырынды көп бұрқырайды. Осы уақытта соғатын салқынды қырдағы ел «Құралайдың салқыны» дейді. Бұл арық-тұрақты тондыратын суық жел.

Соққан суық жел пароходқа жүк салып болған жүкшілердің кейбірінің жыртық киімдерінен өте соғып бүрсендетеді. Желдің лебі күн батардағы Ертістің қара көкшіл суын жыбырлатып бұйраландырады. Бүгін түстен бергі Ертіс бетіндегі осы бірқалыпты суретті жыртып, пристаньнан бір пароход жолға шықты.

Келе жатқан пароходтың аты — «Светлана». Түтіні бұрқырап, кешкі әуені дірілдете, алып нардай боздап пароход судың ығына жөнелді. Ертістің екі жағы қарауытып барады. Пароходтың алдыңғы тұмсығында ұзын құрықты құлаштап қорғасын сақадай аласалау, орнықты қара жігіт даусын соза-соза:

— Два!.. Два с половиной! — деп айқайлап келеді. Бұл судың терендігін құрықпен өлшеп отыратын наводчик қызметіндегі жас матрос Мәмбет еді. Пароход қаладан ұзанқырап шыққан соң арнаның ортасындағы өзінің дағдылы жолына түсті. Пароходтың қалай жүретіндігіне жөн сілтеп

әр жерден атойлап тұратын судың ортасына жағылған шамшалар пароходтың бетін наводчиксіз де нұсқайтын болды. Мәмбет әлгі су өлшеп айқайлауынан босап, құрығын сүйеп қойып, пароход тұмсығына отырды. Оның екі көзі суда, ойы әлдеқайда...

...Мынау үлкен өзен, күні-түні тоқтаусыз аққан су асығып қайда барады? Су кім үшін ағады? Өзен осы ағысымен неге ұқсайды? Бір аққан су қайтпайды... Әлде адам өмірі осы сияқты ма?

Ал мынау пароход — адамның жасаған өнері. Бұл осынша ауыр жүк, толып жатқан адам, шойын қазан, құймалы темір машиналар — осыларды су қалай көтереді? Мынау пароходты боздатып судың үстінен жүргізіп қойған өнерге не дауа! Шіркін бәрін оқу табады, өнер табады-ау... — деп өзеннің төсін қақ жарып келе жатқан пароходтың жүзуіне көзін тігіп, көңілін әлдеқандай бір ойларға шырматып отырған Мәмбеттің арт жағынан біреу келіп «Ап!» деп құшақтай алды.

— Өй, ақырын! — деп Мәмбет ала көленкеде келіп құшақтаған адамның бетіне қарады. Қарады да:

— Өй, сен қайдан жүрсің? — деді.

— Мен де осы пароходқа орналаспақшымын! — деді Мардан.

— Шын айтасың ба, ей? — деп Мәмбет қуанып қалды.

— Шын, жаз шыққалы жұмысқа кірмей, осы пароходқа кірсем деп күтіп едім. Пароходтың капитаны бір жұмысқа алайын деп уәде беріп жаңа пароходқа отырғызды. Ертең сәті болса мен де сен сықылды жұмысқа кірсем керек, — деді Мардан.

Мәмбет пен Мардан бірқатар жыл өткелі көріспеген жолдастар. Бұлар екеуі екі дуанның жігіті болғанмен бұдан бірнеше жыл бұрын бір жерде жұмыс істескен, бір бақырдан дәм татысқан тату жолдас еді. Барнаул қаласынан Алтайға қарай салынған шойын жолдың жұмысына ел жігіттері қостап барғандағы пайдашылардың ішіндегі жасы кішілері осы екеуі еді. Онда бұлар бір жаз бірге болысты. Сонан кейін бұл екі жолдастың екеуін екі жаққа қуған жоқшылық, жалшылық бұлардың бастарын қайтып қостырмаған. Бір-біріне хат салып, хабар алыспақ түгіл, өлі-тірі екенін де біліспеген. Жай-жайына кете барған. Міне, содан

бері бұлар осы пароходтың тұмсығында түн жамыла жолықты.

Мәмбет пароход тұмсығында суға құрық салып айқайлап тұрғанда Мардан оны сыртынан көріп таныған еді; Мәмбет жұмыстан тоқтаған соң Мардан әдейі мұның қасына келді. Мәмбет те Марданды тосырқамай таныды. Екеуі бұл жолығыста мәз-мейрам болып қатты қуанысты. Екеуінің етене болып әңгімелесуіне де уақыт жайлы еді.

Мардан Мәмбетті көптен көрмеген. Оның үстіне сасық қаладан құтылып жаңа ғана пароходқа отырған Марданға аққан су, жүзген пароход, сағынған жолдас қандай қызық? Көңілі көтеріліп, көзіне ұйқы келер емес. Ал Мәмбет түнгі наводчик; ол бүгін түнде осы отырған орнында таң күзетуге тиісті. Бұған да Мардан келгені жайлы тиді. Екеуі де қайдағы-жайдағыны сұрасып, ұзақ-ұзақ әңгімеге кірісіп кетті. Тегі, жақында жолдас жақын ғой!

Бұлар көп сөйлесті. Көп сөзбен бір-бірінің қайда болғанын терісті. Темір жол, пароход, қаладағы жүрістерінен көп әңгіме айтысты. Аяғы, әңгімені айналдырып әйелге әкелді.

— Сен қатын алдың ба? — деді Мәмбет.

— Жоқ, құдай бұйрығы болмай тұр...

— Құдай бұйырса алуға ниетің бар екен ғой?

— Батыр-ай, о не дегенің? Қатынсыз қаңғып жүріп не боламыз?

— Қазір бізге қатынның керегі жоқ. Қатын жігітті құл қылады.

— Қалайша?

— Қатын босқа келмейді, малға келеді. Ол мал біз сықылды кедейдің қолында жоқ. Бір қатынды алу үшін оған кемінде отыз-қырық қара керек. Ол малды «табам» деп жұлынымды қуратар жайым жоқ...

— Ал, сонда сен не айтпақ боласың? Тегі кедей қатын алмасын ба?

— Алам дегенмен кедейдің шамасы келмейді.

— Олай емес. Тесік моншақ тіпті жерде қалмайды. Әйел, еркек болып жаралған соң оның өз теңі болады, — деді Марданнан.

— Өз теңіне қосылу дегеннің өзі кедейге қол жетпес қиын емес пе. Кедейдің көбі өміріне қатын қайғысында өтетіні аз ба? Қырыққа келген жалшылардың біреудің бесіктен белі

шықпаған қызына аяғын шырмап, жылына бір қара тауып беріп, өмірі жалшылықта жүретінін сен жақсы білесің ғой. Ал бір үйде үш-төрт жігіт болса — әсіресе солардың үйленуі қиын. Міне, осыдан ойлағанда орыс халқындай өсе алмайтынымыз көзімізге көрініп тұрған жоқ па? Орыста біздегідей қалыңмал жоқ. Қыз бен жігіт еркін ержетеді, бір-бірін ұнатып үйленеді. Одан бала-шағасы болады. Орыстың деревнясындағы мұжықтың үйі қаптаған бала болмай ма, әне олардың өсімталдығы біздей болмағандықтан... — деді Мәмбет. Мардан өз сөзін өрге айдады:

— Кедейлер кезінде үйлене алмаса да өсімнен қалмайды. Қатын алмаса да жалшыларға ешкім күйек байлап қойған жоқ. Байлар көп қатын алады, қызығын малшы-жалшы көреді... Бай қатындарының некелі байларымен қатар, жасырын байлары, ойнастары болады. Оның көбі әлгі бойдақ кедейден шығады. Сөйтіп, дүние шіркіннің өзі барын жоғына жамап, тесігін толтырып келе жатқан жоқ па?

— Ол рас қой.

— Рас болса, айтып отырғаның не? Кедей өсімге араласпайды деген әншейін сөз. Қатынсыз кедейдің көретін күнінің көбі-ақ күйек асты болады. Байлардың қатындарының, келіндерінің тауып жатқан балаларының көбі-ақ әкесі — есігіндегі жалшы-құлшылары дер едім мен, мұны бұзаубас молдаша «яғни» деп айтсақ, байлардың әкелері кедейлер дер едім мен.

— Жоқ, ол сирек болады.

— Жоқ, ол сирек болмайды.

Мардан, Мәмбет осы сөзге таласып қалды. Мардан бір нәрсені дәлелдеп Мәмбетті сөзге жығуға дайындалған оймен Мәмбеттен сұрады:

— Сен айтшы, осы менің сыртқы пішінім қандай?

— Сенің пішініңді мен айтсам — байдың қойшысы көп мінген жауыр, құйрығы шолақ, жайлаушы қара өгізі болса — сен, тақ солсың.

— Жоқ, сен менің қызмет тартып арығанымды айтпа. Әйел қызығарлық қанша пішінім бар, соны айт.

— Мен саған қызыққан әйелдің «көзіне ақ түссін» дер едім. Алдымен, бет пішінің сүйкімсіз. Жүні шала жидіген тесік қауға сықылды басың, ит көзің, өгіз аузың... Кірі жуылмаған өңез сабаның мойны деп мойныңды айтар едім. Қолың — түйенің тірсегі, әйел шошитын бір сасық күлімсі

иісің бар... Егер сені шешіндірсе, жүні жұлынған қара бура деуге келеді. Расында өзіңнен түйенің иісі келеді...

— Ендеше, аузы жымпиып тұрған сенен гөрі, байдың ақ саусақ сұлулары мені тәуір көреді. Осыған лажың бар ма?

— Өтірік айтасың, сені нағылсын?

— Өтірік десең, осы пароходқа от жағып келе жатқан қаракесек Тағар кочегардан сұра. Ол менің дәл бүгінгі бір шатағымды біледі...

— Ол не шатақ? — деп Мәмбет қалжынды қойып ентелей түсті. Оған бір қызықтың басы қылт ете түскендей болды. Бірақ Мардан оны Мәмбетке айтқысы келмей, кергуге салды. Мәмбет айтшы-айтшылап Марданға жабысты. Мардан біраз керігіп отырып, Мәмбет жалынып қоймаған соң бүгінгі болған шатағын айтпақ болды. Бірақ қалай айтарын, қайдан бастарын ойлана бастады.

Марданға бұл әңгімені айтуға итеріп отырған себеп — Мәмбетпен таласындағы жалшылардың әйел алу, үйлену, өсімге араласуы жайында болғандықтан, бұл өзінің өткендегі жалшылық өміріне үңіле бір қарап өтті! «Өзім әлі жалшымын ғой» деп өткен өмірінің өкше ізіне үңілгенде жас күніндегі көрген азабы, жүрген есігі, күліп сөйлескен әйелдері есіне түсті. Ол осыларды еске түсірумен астындағы пароходтан, қасындағы Мәмбеттен алыстап әлдеқайда қаңғып қырға кетті. Ертіс өзенінен ұзап Баян тауының бауырындағы еліне барды. Бала күні, басынан кешірген өмірі — түндегі жанған шам сәулесіндегі күңгірттелген Ертістің өзеніндей жөн тартып, өмірдің ащы-тұщылары пароход айырған судай салдырап, ағындай құлдырап оның көз алдынан өтіп жатты...

ЖЕТІМ ЖАЛШЫ

Мардан Баян тауында туған. Сүйіндік дейтін елдің шаншырандысы. Ол күнде Шідерті болысы, руы Сары атанады. Ауылнай шаңырақ ақша жиғанда бұларды Майқара деген ауылдан іздейді. Әкесі Жақып жасында өліп қалғандықтан, Мардан ол әкесінің бет-аузының қандай екенін де білмейді. Кейін-кейін Мардан ес біліп, ел аралағанда, әр үйден ұшыратқан қималы ожау, сырлы саптыаяқ, оймышты тегенелерді көргенде:

— Мынау Жақып марқұмның қолы еді, — деп айтатындықтан әкесінің ағаш шеберi болғанын ғана біледі. Ал шешесін емескі-емескі білетін сияқты. Ерні жарылып кеткен ожырайған қара қатын Марданды айналып-үйіріліп сылп-сылп сүйіп отыратын. Сол шешесі де көп тұрмай Жақып марқұмның соңынан қаза болды. Сөйтіп, Марданның соры ерте қайнады.

Ол жетім қозы болып Машайдың қорасының шетінде қалды. Мардан Машай есігінде күл шұқып, итпен бірге сүйекке таласып, күшікпен бірге қаспаққа жармасып, басы қайызғақ, қарны қабақтай, шүметейі салбыраған қара бала болды. Жел қуған түйе қарындай үйден-үйге домалап өсті...

Мардан осы есікте үш-төрт жыл жан сақтап, қара табандыққа жетті. Қыс суыққа қатып, жаз ыстыққа пісіп өскен қара бала қозыға сабақ болған соң Машай Марданды қозымен бірге өргізді. Қозы соңында ол екі жыл жүрді. Ал үшінші жыл Машай мұны қойдың соңына салды. Онда ол талай аштықты, сөгісті, қасқырды, боранды басынан кешірді. Бірақ тірі адам тіршілік тепкісінде күннен-күнге пісіп-қата берді.

Мардан Машайдан шығып Едіге дегенге де жүрді. Едіге бір аузын қу шөппен сүртіп отырған қу шөміш адам еді. Мардан онда ішсе тамаққа, кисе киімге жарымады. Едігенің қатындары оны шөмішten қысып, талай-талай ашықтырды...

Едігенің есігінде жүрген Мардан бір күні қойдың бірін қасқырға жегізді, Едіге оны ұрып-соқты. Боқтады. Мардан мұны кек қылып одан да кете барды.

Сол жылы Барнаулдан Алтайға қарай салынатын жолдың дабысы жер жарған. Елдің кедей жігіттері бұл жолдың хабарын естіген соң-ақ үйінде отыра алмай, әр жерден құралып, жолдастасып солай тартқан. Міне, сол шойын жолжұмысына кетіп бара жатқан көп жігітке Мардан да еріп кетті.

Пайдашылар бірнеше күн жол жүріп, қалың ағаштың ішін қақ жарып салынып жатқан жолға барды. Қазақ жігіттеріне жер қазу жұмысы тап болды, міне, осы қасында отырған Мәмбетті Мардан сонда ұшыратқан. Бұл екеуі де жасырақ болғандықтан, жігіттер бұл екеуін де қос қарауылға қалдыратын. Бұлардың істейтіні — қос қарауылдайды. Отын тереді. Су әкеліп, жігіттерге тамақ қылады. Мардан

отыз жігіт шай ішетін үлкен шәугімді көтере алмайды. Оны кетерде жігіттер су толтырып мосыға асып беріп кетеді. Мардан жігіттер келгенше шайды бүлкілдетіп қайнатып қояды. Мардан Мәмбеттен екі жасы үлкен. Ол кейде жер қазу жұмысына да кетіп қалады. Кейде қоста қалған күні Мәмбет жанына келіп, не Мәмбет оның жанына барып, екеуі етене болып әңгіме соғады, кеште жігіттер жұмыстан шаршап жатқанда да бұл екеуі не ол қоста, не бұл қоста төсекті қатарласа салып күнк-күнк сөйлесіп жатады.

Мардандар жұмыстан қар жаумастан бұрын қайтты. Елге қайтқанда Мардан жанында жиырма бес сом ақша болды. Қалтаға түскен ақша Марданды масаттандырып, өзін өз алдына тұратын ақшасы бар кісі сияқтандырды. Оның ойынша: енді қайда барса да ерікті. Базардан тілегенін сатып алуға болады.

Осы ақшамен үйге келген соң ағайындардың Марданды қадірлей бастағаны да байқалды. Марданды әр үй шайға шақырып, жылыұшырайтын болды. Әсіресе Марданды бауырына тартқан Садық атты бір бардам ағайыны еді. Ол келгеннен-ақ Марданды үйіне шақырып, өзінің ақшадан дүкер болып тұрғандығын Марданға білдірді:

— Ақшаңды мал қылып қой! Жиырма сомын маған бер... Саған жаз шыққан соң бір бесті беремін... — деп Садық жылпылдатып жиырма сомын алып та қойды. Қалған бес сомын Марданның келгенін аңдып жүрген ауылнай сап ете түсіп, әкесінің книгадан өшпеген үйіне «шаңырақ ақшаға» деп ол әкетті.

Сөйтіп, Мардан қолына жиылған ақша аз күннің ішінде тарап та бітті. Ақшасы біткен Марданға енді өзгелер онша жылы ұшырайтын да болмады. Айнала ақырындап салқындап, баяғы ақшасы жоқ күйдегі қалыпқа таман түсе бастады. Ақырында Мардан ауылда сорайып бос жүре алмайтын болған соң, қысқа қарсы жүретін адам іздеді. Мұны күні бұрын жоспарлап қойған Садық Марданға жабыса кетті:

— Қайда барасың, байғұс, биыл біздікінде бол. Айына серкеш берем. Киім-тамақ менен. Қой бағасың... — деді. Марданнан қолына таяқ алып, Садықтың сары ала шолақ сақ төбетімен бірге қойдың соңына түсті.

ҚОЙШЫНЫҢ ҚОЙНЫНДА

Міне, Мардан Садық байдың жігіті. Ол бас білігі атаншадай жұмысқа көндім, икемді. Қойды жая келіп, кешке суды құя келеді. Кейде түнгі жылқының күзетінде де кетіп қалады. Садық бай анда-санда қала шыққанда оның көшіріне отырып, аттарды да жақсы жүргізеді.

Жаз да шықты. Қар кетіп, қара жер көнірсіп, күншуақтап тұр. Бие құлындап жатыр; боталаған түйе боздап үйден шықпайды. Мардан күнде өрістен қозыны арқа-арқа қылып алып қайтады. Сиыры туған үй уыз қатырып, үлпершек асып отыр. Садық ауылы қыстаудан аулақ шығып қонып, иттердің жүні додаланып түлей бастады. Үйдің жанына бақан құрып, жанат шиден жасаған үйшікте қозылар қазаға ұшыраған қазақ ауылындай шулайды.

Байдың ауылы көп қойын кіші бесіннен саууға кіріседі. Ауылға қой келгеннен-ақ көрші-қолаңнан жиылған он шақты әйел бір-бір шелекке итіне мініп, қой саууға отырады. Төрт-бес жалшы, қыз-келіншек зыр жүгіріп қой сауғызады. Бұл байдың екі бойжеткен қызы, бір келіні бар. Байдың баласы Мұқаш мырза мұрнынан әлі маңқасы жиылмаған ерке. Ол келіншегінен гөрі шешесінің жанында отырғанды тәуір көреді. Оның келіншегі Сақытай, екі иінін жұлып жейді. Екі бетінен қаны тамып, бота көзі жаудырап үлкендерден ұялып бетін ашпайды. Қызыл желегінің ұшын шолпысымен бірге беліне қыстырып, күміс кебісі сарт-сұрт етіп, қозы ағытып, қой саудырады. Сақытайдың бұландап олай-бұлай өткеніне Мардан екі көзін айырмай, кейде аңырайып қарайды да қалады.

Ымырт. Кешкі сауыннан қозысын ертіп жайылып шыққан қой қайтып, қораға иірілді. Жалшылар, жастар шұласып қойдың қозысын үйшікке тасыды. Марданның алдынан ақ құстай бипалап Сақытай келіншек қозы қуды. Мардан да естен айырылып келіншекпен бірге жүгіріп кетті. Алдынан қашқан қозыны бастырып қуып Сақытайға ұстап берді. Сақытай риза болып жылмиып бір қарап қойды. Мардан «ақысын бересің бе?» деген кісіше Сақытайдың мықынынан бір қысып қалды. Оған келіншек ұрыспай, назданған дауыспен:

— Кет, қағынғыр, Құдайбергенге айтам! — деп қана жүре берді.

* * *

Бір күні Садық келіншектің байы Құдайбергенді өзімен бірге қалаға әкетті. Келіншек отауында оңаша. Ол өзінің кестелі төсегіне ақ тайлақтай ғана шөгіп жеке жатыр. Күн жауын болғандықтан үйдің бір жағында астына ескі сырмақ төсеген Мардан ұйықтайды. Бүгін күндегідей қораның шетіне жатуға, әрине, қисыны жоқ.

Ұзақ таңға келіншекте ұйқы жоқ, төсекте үһлеп тышқақ болған жылқыдай дөңбекшиді.

Әне, келіншек далаға шықты. Күн ашылыпты. Бұлт тарапты. Ай сүттей жарық. Сақытай аспанға біраз қарап тұрды. Ай тым әдемі, ақ келіншекке ұқсайды. Ол да бұрын оң жақтағы қыз болып, құда түскен соң ұзатылып, бір ауылға келін болып түскен тәрізді. Ай айналасы көп жұлдыз — келіншек түскен ауылдың адамдары сияқтанды. Айды айналған төңірегіндегі көп жұлдыз қанағаттандырмайды. Көп жұлдыздың ішінен бір жұлдызды таңдап тұрған секілденеді. Ол қай жұлдыз болды екен? Зәуіде, әне, әне біреу түкпірде тұрған қызыл жұлдыз болар. Сол екен! Қадала қараған көзге ол тым отты. Әне, Ай сол жұлдызға қарап жымыңдаған жоқ па?.. Иә, иә, жымыңдады ғой... оны жұлдыз да құшағын жайып, өз қасына шақырып ым қаққан тәрізді емес пе? Жоқ, Айдың өзі Сақытайға: «Кет тезірек, түн тыныш, тезірек үйге кір!» — деп қасын қағып ымдап қалған жоқ па? Солай ғой...

Сақытай үйге кірді. Кірді де есінеп, есік алдында көп тұрды. Тыста мал күйсейді. Үйде қойшы қорылдайды. Одан басқа түн тыныш. Қойшы қорылдаса, алып бір күш аунап түскендей. Ол қаннен-қаперсіз жатыр. Оның демі түндікті желпілдетіп, үйді қозғалтқандай: ол бір түгесілмес күш, төтті уыз сияқты...

Сақытай төсегіне бармай көп тұрды. Аяғын бір басты. Және басты. Ақырын басып, қорылдап жатқан қойшының қойнына Сақытайдың білезікті қолы кірді. Ыңыранып барып қара қойшы аунап түсті... Келіншек қолы қойшының тамағына тиіп, бет-аузын сипалады. Мандайын, шашын сипап отырды. Қозғалып, қойшыға жан кірді:

— Бұ қайсың? — деп ол дүңк ете түсті.

— Мен ғой, ақырын...

— Сақытаймысың?..

— Ақырын сөйле!..

«НЕГЕ МІНЕСІҢ?»

Уа, күндер-ай! Мардан мәз. Бұрынғы еркашты болып көп мінілген тұғырдай аяғын баспайтын қара қырсау қойшы енді көңілденіп кетіпті. Бар дүние — мал-мүлік, әкешеше, ақ отау, ақ келіншек өзінікі сықылды. Құдай бақ бермесе де жігіт болып жаралғанына қатты ырза. Қойды саудыра жүріп, қозыны ала жүріп Сақытайды мықындап қояды. Үй оңаша болса да, суға барса да кездескен келіншекті құшақтап, арсалақтап қалады. Марданға бұл бір мұрат. Сақытайға қолы тисе тар дүниесі кеңіп сала береді. Келіншек те Марданға бейілін салып жіберген. Тек ығын тапқан жерде қойшыны құшақтап қалуға ол да қапысын іздеп тұрады.

Бара-бара осы екеуінің қылығы өз арасынан асып өзгеге сезіле бастады. Оның да, мұның да көзіне түсіп қалысты. Әсіресе көрші отырған Күзембайдың Дәметкені көріп қойғаны қиын болды. Ол байдың қатындарына асқан жарамсақ. Соларға жағыну үшін ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылып бәйбішеге жеткізбесе іші жарылып кететін көрші. Мардан мен Сақытайдың жыртақтап тұрғанын Дәметкен дәмдеп отырып бәйбішеге жеткізді. Бәйбіше байына сыбырлады. Бай аузын басып Марданға шұқшиятын болды. Бәйбіше келіннің сары ізіне шөп салды...

* * *

Міне бүгін кеш. Мардан жылқыны құдықтан суғарып жіберіп, Құдайбергеннің көк дөненін мініп ауылға келді. Бұл келіс есіктің алдында көріп тұрған байдың жанына тиді. Мынау жалшы баласы Құдайбергеннің иығына шығып, бай ауылының аруағын қорлап тұрған сияқтанды. Садық қабағынан қар жауып, тұлан тұтып, отауға түсіп, дөненді байлап жатқан Марданды шақырды. Бай мен Марданның қашан соқтығысарын күтіп жүрген ауыл қарай қалысты.

Мардан байға келді. Бай зәрін шашып:

— Иттің баласы, бұл дөненді неге мінесің? — деді.

— Енді нені мінейін? — деп Мардан нығыз жауап қайтарды. Бай Марданның бұл кердең сөзіне күйіп кетіп, жерде жатқан бақанмен қайқайып кеп салып та жіберді. Марданның бақан тиген иығы салдырап, өзі салбырап жүре берді.

Садыққа қарсыласар дәрмен онда жоқ. Тек есік алдынан ұрып жіберген итке ұсап қаңқ етті де, көзінен жасын

тамшылатып, көк дөненнің қасына келді. Артынан арсылдап Садық келіп жылқышының ер-тоқымын жұлып тастап, жүгенін сыпырып жіберді. Көк дөнен босанып жылқыға тартты. Мардан ер-тоқымын жаяу арқалап, дөненнің артынан сүйретіліп жылқыға кетті. Ол кетіп бара жатып артына бір бұрылып қарағанда, түйе шөгеріп жүрген Сақытай Мардан жаққа қарап тұр еді...

Сонан кейін Мардан Сақытайды қайтып көрген жоқ... Ол кейін Сақытай сүзектен өліп қалыпты дегенді естіді...

Мардан сол бойымен жаяулап жылқыға келіп, күндегідей жылқыны күзеткен жоқ. Садықтың сары тіс болып қалған жуан тоғыр ақбақай атын ұстап мінді де, «Кереку қайдасың» деп түнделетіп тартып кетті...

Міне, осы өмірдің барлығы да Мардан көз алдынан бес-он минуттың ішінде жалт-жұлт етті. Өткен өмірдегі көрген істің бірі бұлдырап, бірі сылдырап алдындағы өзеннің суындай аққан соң соларды шолып отырған Марданды Мәмбет тосып отыр еді:

— Өй, енді қашан айтасың? — деді.

Мардан әңгімеге кірісті.

ӨГІЗДЕН АЙРЫЛДЫМ

О бір жылдарда... Мен Садық деген байдан қашып Кереку ге келдім. Оның ақбақай атын мініп келіп ем, сатып жібердім де киім-кешекке қарық болдым. Базардан көріп жүріп қисық табан етік, бешпент-шалбар, көйлек, дамбал сатып алып сіреспім де қалдым. Жамбасыма ақы төлеп керуен сарайға жатам. Асханадан мәнті жеп, қызыл бұйра шай шығартып, шекер тістеп ішем де күні ұзын базарды қыдырам. Ақшам бар, жұмыс іздеп пароходқа күнде барам. Пароходқа алмайды, орын жоқ. Қайтып базар келем, үйімде жатам, анда-санда ат ойыны — циркке кірем...

Сонымен бірталай уақыт өтті. Садықтан хабар болмады. Онда менің жиырма сомым және жарты жылғы жалақым қала берді. Оның бір аты менде кетті. Пароход ілгері-төмен күніреніп келіп жатады, кетіп жатады. Бірақ маған орын жоқ. Не пәтері, не ішер тамағы жоқ кісіге жалғыз аттың қалған ақшасы қаншаға жем болсын, қалтам қағылды. Бешпент, шалбарды да, етікті де базарға қайта саттым. Оны да ішіп, жеп барам. Енді далбастап қора-қорадан жұмыс

іздейтін болдым. Біреудің құдығын аршыдым, біреудің қорасын тазарттым, бір ноғайдың сарайын жаптым... Бірақ оның барлығы да аужар болмады. Күнде тапқанымды күнде тақтұқ еткізіп жеп қоям. Бір күн жұмыс тапсам, үш күн қарап отырам. Көбінесе уақытым базарда, Ертістің жағасында өтеді. Қаланың шетіндегі Байұзақ жатағына келіп, қаңғып жүргенімде Үсейін дейтін алыпсатарға кезіктім.

Үсейін алыпсатар — есекқұрты мұрнынан түсіп тұрған саудагер жатақ. Қылмайтын кәсібі жоқ. Артельдесіп Алтайдан кесілген ағашты Ертіспен ағызады. Керекуге ағаш қат. Бұл қалаға келетін ағаштың бірсыпырасы осы Үсейіндердің пәдіретінен келеді. Осындай сал ағызған кәсіптен ағайынды Асайын, Үсейін көп пайда тауып тұрады. Оның үстіне бұлардың Ертіс бойындағы тоғай елінде Үшқамыс деген жерде егіндігі, шабындығы болады. Бұл кәсіптер Үсейіндердің бір қауырт шаруасы болса, күнбе-күн қалада істейтін кәсібі және бар. Ол күн шықпай шайын ішеді де, қылқын етіп Керекудің базарында болады. Онда мал алады, тері саудалайды, астық өткізеді, әйтеуір, базарда екі өкпесін аузына тістеп делдалдық қылады...

Үсейінді осылай деп жатақтардан естігенмін.

Үсейін мені көрген соң базарға түскен тоқтының терісіндей де саудалап уақытын кетірмеді. Сөзді кесетіп айтты:

— Әзірше даладан тезек тересің...

— Сонан соң?

— Онан соңғыңды көрерсің...

— Қанша жүрем?..

— Екі ай.

— Қанша бересіз?

— Жататын орын, тамақ байдан...

— Болғаны ма?

— Киім-кешек ауысармын.

— Сол ма?

— Айына үш сом... Мақұл десең тұрасың... Егер мақұл демесең ықтиярың. Жолың әне! — деді.

Мен тынысым тарылып, тыпыр ете алмадым. Үсейін менің ділгер болып тұрғанымнан пайдаланып, «көнсең сол» деген кісідей сырт айналып жүріп кетті. Мен «мақұл» деп кірмек болдым. Бай мені қорасына тері-терсек, жабағы, елтірі жиған кілетіне ертіп кірді де:

— Міне, өзірше жатып-тұратын орның осы ара. Мынау атарба, мынау өгіз арба, су таситын бөшке мынау... — деген сияқты менің қолыма берілетін жабдық-саймандарымен таныстырып өтті.

Ертеңіне өзімнің міндетті жұмысыма кірістім: байдың атын суғарып, арбасын жегіп, тауықпен бірге түрегелген Үсейінді базарға жөнелтіп, «өзірше теретін тезекке» кететін болдым. Қорап арбаға қызыл шолақ өгізді жегіп қырға кеттім.

Қаладан ұзап шыққан соң Ертістің қыры қалың қара тезек екен. Байлардың жәрмеңкеге, жан-жаққа айдалатын малы Керекудің осы жағына түнеп, кетіп жататындығын Үсейін ұғындырған. Олай-бұлай ағылып жататын жемшік, жүргіншілер де осы жаққа көп түседі екен. Өгізді отқа қоя беріп, тезек теруге кірістім. Асықпай теріп, арбамды әбден толтырып, қызыл шолақ өгізбен аяндап, Үсейіннің қорасына қайқайма арба тезек тартып келдік. Үсейін бесін намазына дәрет алып жатыр екен.

— Тезек қалың ба екен? — деді.

— Тезек бар, — дедім.

— Тағы барып қайт! — деп қойды.

Міне, менің күндегі күнім осы болды. Ертемен тұрамын. Жеңімді сұғамын, белімді буамын. Байдың атын суғарамын. Жем жегізіп, жегіп беремін. Шайын ішіп болған соң бай базарға жөнеледі. Мен қызыл шолақ өгізді қорап арбаға жегіп, қойныма нан тығамын да тезекке кетем. Тезек қалың, кейде күніне үш әкеліп төгемін. Күнде кешке Үсейін шақырып алып есеп алады:

— Бүгін неше арба тезек келді? — дейді.

— Не «екеу», не «үшеу» — деймін.

— Ертең арырақ бар! — деп қояды.

Сонымен Үсейін тезегін екі ай теріп жүрдім.

Қорап арбамен тыпқанша тасылған тезек Үсейін қорасының бір жағын алды. Үсейін оны күнде көріп қояды. Үлкен алапастың астын көрсетіп:

— Осыны толтырасың ғой! — деп мезгейді.

* * *

Шілденің ыстық уағы. Радаван қорап арбаға тезекті толтырып қалаға қайтып келе жатырмын. Өзім ұзақ күнге далада күн қағып, шаршап шөлдегем. Біраз тынығып алуға ниет қылып, қызыл шолақ өгізді өзенге бұрып, жағаға қойдым да өзім суға түстім.

Мен суға түсіп жатқанда қызыл шолақ өгізге оқыра тиді. Өгіз өз басына күн туған соң маған да, тезекке де қарамаған жоқ, шолақ құйрықты пұштандатып, арбаны салдырлата атқылап жөнелді. Мен судан шығып киім кигенше ол тоғайға кіріп жоқ болды. Апалақтап артынан жүгіріп едім, ілесе алмай көз жазып қалдым. Күн ыстық, жер шаң. Сансапалақ ерсілі-қарсылы өтіп жатқан адам. Өгіздің беті қала еді. Аз жүгірген соң өкпем өшіп, ұшып жығылдым. Тілімді тістеп, тынысым бітіп, үйге келген шығар деп қалаға келсем, өгіз жоқ болып шықты.

Кешке шейін қарадым, таба алмадым... бір адам көрмейді.

Бай түнімен зықынып иығымнан түскен жоқ.

— Тал түсте жүріп өгізден айрылдым дегенге кісі сене ме, — деп қояды. Оны қай ниетпен айтатындығын сұрауға менде дәрмен жоқ. Бәлкім «ұрлады-ау» деп ойлайтын шығар...

Ертеңіне өгізді Үсейін де, мен де іздедім. Айдалада бір өзектеу жерде қирап жатқан арбасын тауып алдық. Үсейін өгізі біржола жоғалды.

ЕГІН БАСЫНДА

Өгізін ұры алып, тезек тасу тоқталса да Үсейін жұмысы азайған жоқ. Оның Үшқамыс деген жерде қыруар егіні, шабатын шөбі бар екен. Пішен шабылатын мезгіл жеткен соң Үсейін үйін бөліп Үшқамысқа көшірді. Егін басына көшкен оның Күлзейне деген тоқалы. Бұл қатын жылда осылай егін-пішенге көшіп тұрады екен. Керекуден ертемен көшіп, кешке жақын Үшқамысқа келіп қондық. Үсейіннің тоғай бойындағы араласатыны Жүніс деген бір малды адам. Үсейін көшіп келіп, Жүністің ауылымен араласа қонды. Ол ауыл келген күні үйімізді тігісіп, кешке мал сойып, ерулікке шақырды. Ертеңіне Үсейін тоғай бойының күндеп шөп шабатын кедейлерін жинап, 7—8 жігітті пішенге салды. Мен солардың қақ ортасындамын. Ертіс бойын құлаштап, Үсейіннің шөбін шауып жатырмын...

Жүністе үш қыз бар. Үлкені Қалиман, Дөненбай дегенге беріп отыр. Бұл жоны астаудай боп діңкілдеп піскен қыз.

Онан кейінгі екі қызы да бойжетіп қалған. Олардың да күйеулері келіп жүр. Қыздар істейтін жұмыс жоқ, іші пысып, шөп басынан шегірткеше секіреді. Қыздардың қайсысы қолыма түссе де аяйын деген ойым жоқ, тек жөні келмейтін шығар деп бойымнан қорғанам.

Менің істейтінім жұмыс. Қара қайрат менде мығым. Жеті-сегіз жігіт жарыса шалғыға түскенде біріне де шалдырмаймын. Қатар түсе қалған жігіттер жолын айдап паектың басына барғанда, мен покосты қайырып жарты жолда келе жатам. Тоғай бойының жігіттерін күрескенде қырғи тигендей қылам. Менімен біреуі де бел ұстаса алмайды. Шөп басында, өзен бойында, кешкі ауылда әлдекалай бір күрес бола қалса алысқан жігіттерді ағалап шығам. Ат үстінен аударыссақ та мені аларлық жігіт жоқ. Тартқан көкпарда, жаяу күресте, ат үстіндегі аударыста көбінің көзіне көрініп, тоғай жігіттерінің жүрегіне тиіп тастағам. Менің осы қара қайратым ауыл арасында ауызға ілініп, маған бірқатар абыр біткендей болып та қалған екем. Сол себептен болу керек, тоғай бойындағы қыз-келіншектер де мені елей сөйлейтін болды.

* * *

Күн қатын бесін еді. Ертіс бойының елі жиі отырады. Жиі ауылдың ішінде Жүністің жылқышылары, балалары тегіс жабылып бір асау сұр қасқа атты ұстай алмай жүр екен. Қашағанның мойнында бес құрық жүр. Жүніс ауылының жігіттері бір-бір атқа мініп, жылқыны шырқ иіріп, шу-шу етеді.

Сұр қасқаны қамалап келіп, өңшең жаяулардың асаудың мойнындағы құрыққа бесеу-алтауы жабылып қалды. Мойнын ішіне тартып ышқынып асау жөнеді. Асаудың артындағы құрықтан ұстаған бес-алты жігіттің әркайсысы әр жерде бөрікше домалап қала берді. Олар сүйтіп, сұр қасқаны ұстай алмай ет асым әуре болды. Күлзейне екеуіміз есік алдында тамашалап отырдық.

— Сені Жүкең шақырады, — деген соң сонда келдім. Мен келген соң киіз сақал Жүніс бай:

— Мына антұрғанды сен ұстамасаң, мынау жігіттердің бәрі де шегіртке боп кетті, — деді.

Мен мықты қайың құрыққа қыл шылбырдан бау тағып алдым да өзгелерге:

— Маған таман күргейлеп қайыра беріңдер! — дедім.

— Аттылар құр-құрлап, қоғамдап жылқыны иірді. Сұр қасқа көпке шейін жылқыға жоламай әуре қылды. Жылқының қабатына жасырынып, ұрымтал жерде бақылап тұрмын.

Бір мезетте жылқы маған қарай бір жапырылып кетті. Сұр қасқа оңтайыма келіп қалған екен, тышқанға тап берген мысықтай ырғып қалдым. Құрығым қасқаға сарт ете түсті. Тартып қалғанымда қашаған қояндай бұлт етіп қолыма келді. Бес құрықты салдырлатып қарғып-қарғып қойды. Бауыздамнан бір бұрап, өзіме таман тартып қалғанымда ұршықтай айналып алдыма күрс ете түсті. Аспай-саспай:

— Жүгенде! — дедім. Өзге жігіттер құлақтап жүгендеуге кірісті. Ауыл жаққа қарасам, Қалиман маған қарап қалған екен. Ат үстінде алдына бала алып тұрған Жүніс жаныма келіп:

— Жарайсың, жігітім. Үйге жүріп қымыз іш! — деді.

Жүністің үйіне келгенімізде қыздардың шешесі бәйбіше де қатты ырза болып қалған екен, жалма-жан аяғын шайып-шайып бір шара қымызды ұсынды. Құлағымды қайшылап салқ-сұлқ жұтып аяғын өзіне ұстата бергенімде үйдегі үш қыздың көзі менде еді. Ауыл-аймағымен жабылып мені мақтап кетісті...

Үйден шығарда Қалиманға бір қарап жөнеліп ем, жақсы көзімен мені есік алдында тұрып ұзатып қалды.

Жүністер сұр қасқаны алып бір топ кісі қалаға жөнелді. Мен не де болса «кірейін» деп, ел ұйықтаған соң Жүністің үйіне келдім. Жүністің алты қанат ақ үйі бар еді. Есігі берік екен, айналдырып аша алмадым. Ақырында үйдің іргесін көтеруге тура келді. Іргені ептеп көтеріп, жақын келіп келісапты іргеге қоя салдым да, астынан жыланша жорғалап үйге кірдім. Қыздың жатқан жөні осы-ау деп сипалана-сипалана келсем, Қалиман тырайып ұйықтап жатыр екен. Қасына қисайып жантая кеттім... Ақырындап оятып өзім екенін сездірген соң Қалиман қарсы болған жоқ, қасына алды... Сөйтіп, мен көптен құмарланып жүрген қыздың қойнына кірдім. Ал, жалшы әйелге жарымаса бұ не? — деп Мардан Мәмбетке сөз тастады. Мәмбет:

— Жарығанда, сен оны алдың ба? — деді.

— Алмасам да алғандай болдым... Сонан былай Қалиман екеуіміз жақсы болып жүрдік...

КҮЛЗЕЙНЕ

Шөп шабылды. Шөмеле жиналды. Астық орылды. Қырманға үйілді. «Ендігі қалған астықты өздерің бастыра бер» — деп Үсейін асығып қалаға қайтты. Үсейіннің тоқалы Күлзейне үлбіреп отырған қара көздің өзі.

— Әттең, сені-ай! — деп үһлеп, көрген сайын көкірегім қарс айрылатын.

Бай кеткен күні Күлзейне ет асты. Бір үйде екеуміз-ақ. Байдың шіренген тоқалы, өне бойы асылға малынып отыр, жүрсе-тұрса хром етігі сықырлап, жібектері судырайды. Иісін бұрқыратып жұпар сабынмен ғана жуынады. Үстіне әтір құйып аңқиды да отырады.

— Әттең, сені-ай! — деймін ішімнен. Күлзейне жатарда жұпар сабынды бұрқыратып езіп, шашын жуып отырды да:

— Қайным, басыма су құйып жібер десем намыстанасың-ау, — деді. Мен ұшып түрегеліп:

— О, не дегеніңіз, жеңгетай, басынды өзіме ұсынатын болсаң, несі намыс? Сенен аяған қызметімді ит жесін, — деп жуына алмай жатқан құманды қолынан алдым.

— Ондай болса, төңір тілеуінді берсін, құйып жіберші! — деп тарқатылған жібектей қара шашын жез легенге салып жұпар сабынды бұрқыратты. Оралған ұзын қара шашты салалы саусақтар бір жазып, бір жиып жуып жатыр. Аршылған жуадай ақ мойны жұп-жұмыр екен, күмістей қос құлақты шебер зергер ойып орнатқан ба екен деймін... Басына суды құйып тұрып:

— Құдайдың құдіреті, Күлзейне жеңгей, — дедім.

— Немене? — деп тыңдай қалды.

— Осы сізді жақсы көріп жүргенім...

— Қой, қағынғыр!

— Жоқ, жеңгетай, сізді ішім жақсы көреді. Тегі сүйкімдісіз ғой... — деп ұрсар ма екен деп күтіп тұрдым...

Күлзейне оған ашуланған жоқ. Тек:

— Қағынғырдың ойын қарашы, құй онан да көзіңе қарап!.. — деп қойды. Ішім жылып сала берді.

* * *

Түн. Қазақ үйдің сыртынан қара жаңбыр сылбырлап құйып тұр. Жатарда түндік жауып, тысқа шығып келсем

Күлзейне маған көрпе төсеп, жастық салып қойыпты. Мұндай төсек бұл есікке келгелі маған тиген емес. Мұны неге жоруға білмей жымыңдап келіп төсекке жата бердім. Шамды өшіріп Күлзейне жатты. Ол да, мен де ұйқтай алмай жатырмыз. Мен анда-санда жеңілдеп қана жөтеліп қоям. Күлзейне де кроватын сықырлатып аунап-аунап түседі. Бір мезетте нар тәуекелге салып, мен:

— Күлзейне! — дедім.

— Ау, — деді.

— Мен тоңып жатырмын...

— Сен тоңбасын деп төсекті жылытып салып ем ғой.

— Жылы болмай жатыр. Жалғыз кісінің жылуы болмайды екен...

Күлзейне үндемеді. Тағы біраз уақыт өтті. Менің әлгі сөздерді айтып қалғаным, оның маған жайлы төсек салғаны менің бетімді ашып, батыл қыла бастады. Мен тағы тыныш жата алмай:

— Күлзейне! — дедім.

— Ау, — деді.

— Нанар болсаң мен қатып қалдым.

— Қатсаң маған қайт дейсің?

— Қасыңа барсам жылынар едім.

— Жылына ғой... — дейді.

Мен жылжып келіп, Күлзейненің көрпесін ашып қойнына кірдім де, жұпар сасыған тамағын иіскеп жатып қалдым...

Сол түннен кейін Күлзейнемен арамыздан қыл өтпейтін тату болдық. Бір-бірімізді көрмесек сағынысып тұрамыз. Бұл достығымыз маған да, оған да жайсыз тиген жоқ. Үсейіннен алыс, оңаша жер, жеке үй. Екеуміздан басқа кісі жоқ. Мен Күлзейненің жалдап алған жігітімін. Менімен оның арасынан ешкім күдіктенбейді. Түн болды-ақ есікті тарс бекітіп, таң атқанша қызыққа батып жатамыз. Бар тамақ менің аузыма ұсталады. Кір-қоңымды да жиі жудырып тұрады. Өзім Үсейін үйінің иесі сияқтанып көңілім көтеріліп кетті. Күлзейне кейін Үсейін келген соң:

— Мына Марданға неге етік алып бермейсің, жалаң аяқ обал болып жүр, — дегенді де айтып қойды. Әлі мен етігімді сатып жібергем ғой. Осыны құлаққағыс алып ертелі-кеш айтып қоймаған соң Үсейін қонышы сірі, басы былғары бір етік те алып берді. Сөйтіп, жақын жерден жанашыр табылып, та-

мағым сыйлы, жаным жайлы болған соң Үсейін шаруасын жапыра істеп жанымды ортаға салып жібердім білем, қырмандағы қыруар астықты жауын-шашынға ұрындырмай бастырып алып, қалаға қайта көшіп келдік...

Пароход бұл уақытта бір пристаньға келді. Мардан мен Мәмбет әңгімені үзіп айналаны қарауға кірісті. Пристаньда көп тұрмаған пароход қозғалған соң екеуі бұрынғы орындарына қайта келіп отырысты.

«МЕН СЕНДІК!»

— Сонан әрі не болды? — деді Мәмбет.

Мардан жайлап «сонан әрі не болғанына» түсті:

— Мен сол жылы Үсейінде қыстадым. Үсейін маған ақы берген жоқ. «Ақы керек, ақша керек!» — деп мен де тықақтай қоймадым. Өзім өгізін жоғалтқан жалшымын. Тамағым тоқ, көңілім көншулі. Күлзейне тоқалдың алақанында өстім. Маған не керек? Бірақ түбін ойладым, ойладым да, жазға салым Үсейіннен кеткім келді: алып жатқан ақым жоқ. Үсейін сатып алған құлынша жұмсайды. Тек әйел үшін, тамақ үшін жүре берудің өмірі ұзақ болар ма? Бір күні не Үсейіннің, не бәйбішенің көзіне түссек быж-тыж болатын тұрмыс емес пе? Маған өнімді кәсіп іздеуге керек қой деген қорытындыға келдім де, бұл ойымды алдымен Күлзейнеге айттым. Күлзейнені құшақтап отырып:

— Күлзейне, — дедім.

— Әу, — деді.

— Мен енді сендерден кетемін.

— Қайда кетесің?

— Жаз шыққан соң пароходқа кіремін.

— Жоқ, кетпе, осында жүре бер.

— Не үшін жүре берем?

— Мен үшін жүре бер...

— Сен үшін жүре бергенде сен маған қатын боламысың?

— Жоқ... Өстіп жүре береміз.

— Өстіп жүре беруге жөні келмейді ғой, мен жалшымын. Сен байдың қатынысың. Екеуміздің арамыз жер мен көктей. Біздің тіршілігімізден ештеңе шықпайды.

— Жоқ, мен атағым Үсейіннің қатыны демесең, өзім сенікі емеспін бе? Айтшы кәні, құдайыңа қарап...

— Ендеше маған біржола ти.

— Тигенім осы емес пе?

— Тисең менімен бірге жүр.

— Жоқ, сен ешқайда кетпе, менімен бірге осылай жүре бер.

— Ол болмайды, Күлзейне. Бір күн болмаса бір күн біз тері-тарамысты алдырамыз. Егер біздің бір қылып еткен қылығымызды Үсекең біліп қойса, мені тура қапқа салады. Сен оны жақсы білесің. Жоқ, мен кетемін...

Күлзейне жылады. Мен оның көз жасын сүртіп уаттым:

— Сен жылама, біз құдай қоспаған адамбыз, — дедім.

— Жоқ, мен сенен айрылмаймын, қайда кетсең де бірге кетем...

— Шын айтамысың?

— Шын айтам, мен сендік!

Толған-толған келіп, ақырында әйел де менімен бірге кететін болды. Мен Күлзейнеге қатты риза болып құшақтап отырып:

— Пароход келген соң сені салып алып кетем, — дедім. Тоқал бетімнен сүйіп қойды.

АЖАЛДЫ КИІК АДЫРҒА ШЫҒАДЫ

Бір күні күн жұма еді. Үсейін қаланың мешітіне намазға кеткен. Онан шығып, шақырған бір байдың үйіне тағамға бармақ. Үсейін кетерде, «сені шақырған жерге мен неге бармаймын?» — деп Күлзейне жанжал шығарған. Бірақ бай Күлзейнені ертпеді. Күлзейне осыған ерегісіп, бай кеткен соң жемде тұрған екі атты кәшебай шанаға жектіріп, мені көшірге отырғызды. Мен шанаға отырған соң артыма қарап:

— Қайда барамыз? — дедім.

— Мұзға тарт, жорға салдырамыз, — деді.

Кереку байларының бір тамашасы — күнде кешке жақын мұзға жорға салдырады. Қаланың байлары әсіресе мейрам күні құтырып кетеді. Жексенбі, жұма күндері жорғалы бай үйде отыра алмайды. Күлзейне екеуміз қаланың ортасындағы үлкен көшенің бас-аяғына аттарымызды қуалап, олай бір, былай бір титырағын салдырып өттік. Бізге барлық жан қарап қалған сияқтанды. Сол күнгі жауған ақша көбік қарды бұрқылдатып Морозов магазинінің алдына келгенімізде Күлзейне «тоқтай қал!» — деді маған. Жорғаларымыз жұлқынып тұра қалды. Күлзейне дүкенге кірді

де кетті. Біраздан кейін Күлзейне қайтып шықты. Шыққан соң шанаға отырып Ертіске қарай ызғытып кеп кеттік. Көшенің екі жағындағы жан көзін сатып бізге қарап қалысты-ау деймін.

Біз келіп Ертіске түскенде халықтың алды мұзға жайылып қалған екен. Өзен мұзында он шақты шана ерсілі-қарсылы жорғаларын бездіріп жүр. Қамшыны бұландатып, қарды бұрқыратып қосылып кеп кеттік. Әйдәй, несін сұрайсың! Ертістің өріне кеттік, ызғытып төмен ақтық. Үстінен су төгілмейтін жорғаның майдасы, көбік қар жауған мұздың үстіндегі жеңіл шананың сырғағы — бұлдыратқанда бетіңе жел соқтырмайды. Жан біткеннің көзі бізде.

Бара-бара жорға саны көбейді. Бұл қалада бірден-бір алданыш осы мұзға шана салу болғандықтан кешке жақын қаланың ішінен шықпаған кісі қалды деуге болмайды. Қарашұшы халық қара құрыққа айналды.

Біздің жегіп жүрген аттарымыздың біреуі сарқасқа ат. Бір көзі соқыр, жасында жануарды қасқырдан кім айырып алғаны мәлімсіз. Шапқанда құйрығы көтеріліп кетеді де, қоңының тыртығы үңірең қағады. Ал енді бір атымыз буырыл. Оның өзі лақса көрі. Қарны салбырап, белі қайқайып, мойны төтенше ұзарып кеткен. Жорғасын салдырғанда ылғи төпелеп отырам. Осы екі атымыздың екеуінің тойтырақ жорғасы бар. Бірақ оны қатар жүргенде қырсау буырыл сүйретіліп тіпті еркіндетпейді. Біз Үсейін алыпсатардың осы екі атын тырқыратып мұзда қуып жүрміз. Жан бізге тамаша қылып қарап тұр.

Жорғаны күн батқанша салдырдық. Аттарымыз да ақ көбік болып пысқырына бастады. Сарқасқаның соқыр көзінен тер саулап, басы-көзі қыраудан көрінбейді. Буырылбайдың іші кепкен тәрізденеді. Анда-санда бізге қарап бір жаман жел шығарады.

Күлзейне қалтасынан бір орамал, бір сабын шығарды да:

— Бағана мынаны саған берейін деп Морозовтың дүкенінен алдым. Сабынмен жуынып, орамалмен сүртініп жүр. Бұл менің саған ұмытпасқа бергенім. Мен енді саған жоқ!

Мен аңырып қалдым. Бүгінге шейін Үсейіннен кеткенде Күлзейнені алып кетемін деп жүретінмін. Ол үмітімнің күлін

көкке ұшырған Күлзейненің мына сөзін естіген соң дағдарып тұрып-тұрып:

— Ол не дегенің, Күлзейне? — дедім.

— Мен саған осында жүре бер деп тілек қылып едім, сен көнбедің, кетем дейсің... Мына мұз түсуге енді көп қалған жоқ. Сонан соң мен сені де, Ертістің осы мұзын да көрмеймін ғой...

— Е, сені мен ала кетпеймін бе?

— Жоқ, мен кете алмаймын.

— Неге? Айтысқан сөз, алысқан қол қайда, Күлзейне?

— Жаным-ау, өзің ойлансаңшы... Мен осы тұрмысымды тастап, басында үй жоқ, бауырында қазаның жоқ сенімен қай жаққа қаңғырайын? Сен мені өзің азар сиятын пароходыңа мінгізіп қалай қатын қыласың? Мен Үсейінде байым жеке тимеді демесем, ішкенім алдымда, ішпегенім артымда емес пе?.. Мен осы тұрмысымды бұзып...

Мен сол уақытта ат-шанамызға қарадым. Расында, сары қасқа соқыр аты бар Күлзейненің «тұрмысы» жақсы сияқтанды...

Күлзейне сөйлеп келеді:

— Қаңғыруым ақылсыздық болмай ма? Онан да біздің бір-бірімізді ұмытқанымыз жақсы. Бүгіннен былай мен сенен, сен менен күдер үзіскеніміз мақұл ғой, Мардан, — деді.

Мен төмен қарап салбырап тұрып қалыппын. Бұл күнге шейін Үсейіннің үй іші өзімдікі сияқтанып, далаға далақтап жүргенім есіме түсіп, Күлзейнемен өткізуді ойлайтын өмірді ит жеп қойғандай көңілім быж-быж болып меңірейіп қалған екем:

— Жаным, сен мұңайма, бақытың жоқ болса да өз басың жас қой. Тепсең темір үзетін қайратың бар. Өнер тауып, адам болып кетсең, сенің жолыңа кім шығып келіпті. Кел, күнім, көп ойлама, өткенге салауат, келешекке үлкен үміт; кел, жаным, Ертіс ененің үстінде сүйіскеніміздің сірге сырына бетіңнен бір өбейін, — деп мұз үстінде құшақтап тұрып, бетімнен сүйді. Мен оның бетінен сүйдім...

Күлзейне ішінен шері тарқағандай болып:

— Енді бәрі де бітті, үйге қайтсақ та болар, — деді. Мен ауырған көшірдей солбырайып екі атты өзеннен бұрдым.

Ертістің қабағындағы қалың кісіге шыға келгенімізде атымыздың шаужайын Үсейін ұстай алды.

— Тоқта!..

Тоқтадық... Үсейіннің өңі күнге кепкен ешкінің терісіндей көгілдірленіп кеткен, бізге қарай ырылдаған ит көзденіп үндеместен өзі шанаға отырды. Менде артыма қарау жоқ... Артымдағылар да маған бір ауыз жауап қатпайды. Болдыруға жақындаған екі атпен сүйретіліп келіп қақпадан кіргіздім, Үсейін шанадан түсті де маған таяп келіп таяғымен көзіме шұқып тұрып:

— Атаңа нәлет, тұзыңа тышқан сабака! Қазір қақпадан шығып кет! Қайтып менің көзіме көрінбе! — деді. Өзі Күлзейненің артынан үйіне кіріп кетті.

Менде үн жоқ. Үсейін айтарын айтты. Маған оны орындаудан басқа жол қалмады. Ас үйдегі киім-кешегімді алып қақпадан шығып кеттім. Бұл ымырт еді. Бабай буырыл мен сарқасқа соқыр солықтап доғарусыз қала берді.

КІМДІКІ ДҰРЫС?

Басқа ұрған балықтай сандалып көшеде қалдым. Қайда барарымды өзім де білмеймін. Жолда келе жатып ойлаймын:

— Күлзейне байғұс неге ұшырап жатыр екен? Әлгі менің көзіме шұқыған таяқтың тарсылында тулақ болып жатыр ма екен? Бәйбіше қалай табалап тұр екен? Ә? Алда бейшара-ай! Ендігі көрген күнің не болар? Әлгінде ғана мұздың үстінде «осы тұрмысымды бұзып...» — деп ең-ау, сол тұрмысың енді қанша рахат болар екен?..

Әлгі, мен Үсейіннен ешнәрсе ала алмай кеткенім бе? Менің онда бір жылға жуық ақым бар емес пе? Ақым сол күйінде күйіп кеткені ме? Жоқ, сұрайтын күн туа ма маған? Әй, Үсейін енді бір тиын бермес! Аттының аяғын, жаяудың таяғын алған қу ғой... Әлі мен одан ақы алмақ түгіл, ол менен тезектен жолғалған өгізін төлеттіретін анғары бар екенін де анау күнгі бір сөзінен байқауға болмады ма? Рас, рас, ол мені қайта әзір аман жіберді. Алмақ түгіл, аман кетіп бара жатқаныма мың шүкірлік... — деп ішімнен тынышталамын.

* * *

Көшеде қаңғырып жүріп Тағардікіне келдім. Ол менің сырымның ине-сабақ жібіне шейін біледі. Күлзейнені алып кетпек болғанымды да Тағарға түйдіргенмін. Ол ақылына салып «мақұл, алып кетеміз» деген. Тағар мені жұбатып:

— Қалса атасының гөрі! Қатын жолда, бала белде! — деді. Мұнысы маған біраз қайрат та болды.

Сонан кейін Күлзейнелер тұратын қотыр қала көшесіне баспадым. Күлзейнені маған құдай жазбаған шығар деп көңілімді суытып, біржола күдер үздім. Ақырын Тағармен бірге пароходтың келуін күттік.

— Бітті ме сонымен? — деп Мәмбет сұрады.

— Бұл әңгіменің аяғы бүгін ғана бітті. Ол былай, — деп Мардан тағы созды. — Бүгін мен осы пароходпен кетуге Тағармен бірге дайындалып жатқанымда Күлзейне маған қашып келді. Мен оны таң атқалы Тағардікіне тығып қойдым. Өзім ешнәрсе көрмеген кісі болып, ұзын күнге осы пристаньда жүрдім. Үсейіннің адамдары әлденеше рет осы пристаньға келіп-кетіп жүрді. Соңғы пароход жүрерде ғана Күлзейнені үйден шығардық. Апыр-топырда пароходқа мініп кетелік деп келе жатқанымызда жолда Үсейіннің таз күйеуі — Әбірәшит алыпсатар бірнеше жігітпен аңдып тұр екен, бізді ұстай алды. Мен оны жағасынан алып лақтырып жіберіп едім, қасындағылары аттандап жабылып берді. Үсейіндер де жақын бір-бір қорада бекініп отыр екен. Сол жерде тұс-тұсынан қаптағаны ғой. Мен жалғыз өзім жанжалдасып, Күлзейнені олардан айырып алып кеттім. Оны пароходқа мінгізуге Тағарға тапсырып жіберіп, өзім аналармен жұдырықтасып қалдым. Ертістің жағасында алакөленке уақытта маған жабылған көп ит сықылды өңшең алыпсатардың бірін олай, бірін былай терідей сілкіп жүргенімде, қаладан полицейский келіп, араласып қалды да, мен қашып пароходқа шықтым. Үсейін полицейскиймен табанда сөйлесіп жіберіп, пара берді білем, Күлзейнені полицейскийге шығартып алды.

Пароход жүріп кетті. Тағар екеуміз артымызға біраз қарап тұрдық. Үсейіндер Күлзейнені жылатып, бажылдатып, жаяу айдап үйіне қайтты... Вот, Мәмбет, мен әлі саған келердің алдында пароходқа осындай жанжалмен мінген едім, — деді Мардан.

Мәмбет әңгіменің бас-аяғын барлап, ойланып отырды. Мардан күліп:

— Біздің бағанағы таласымызға сен енді жеңіліп мойындаған шығарсың? — деді.

— Неге мойындаймын? Бәрібір сен Күлзейнені ала алмадың ғой, — деді Мәмбет.

— Ала алмағанмен ала жаздап қалғаным анық емес пе? Егер Күлзейне сөзін ерте ұстатып, күні бұрын қам қылғанда біз онымен бірге осы пароходта келе жататын едік. Тақ осы жерде өзімізбен сөйлесіп, мынау өзенге қарап отыратын еді.

— Сөйтсе де, түртініп емген жетім қозы тоймайды. Күлзейнені сен ала алмағаның — кедейдің көбінің қатын алуы қиын екендігін айғақтайды. Сен, сөйтіп, әркімнің қолынан анда-санда бір дәм татумен көп өмірің қатынсыз өтеді, менің сөзімнің растығы сол, — деді Мәмбет.

— Сөйтсе де Күлзейне менен буаз қалды ғой...

— Саған онан не пайда? Ол сенің балаң болмайды, Үсейіннің баласы, Үсейін сен ойлағандай ол тоқалды ұрмайды да, соқпайды да, қайта екіқабат болғанына қуанады. Сенің бізді білмеді дегенің де, бәлкім, бекер шығар; Үсейін Күлзейнемен екеуінді білсе де үндемеуі мүмкін... Өйтпесе, сенімен оны неге егін басына оңаша тастайды?

— Ол бала менікі болмаса да, оның әкесі мен екенімде дау жоқ... Күлзейне Үсейіннен бала таппаған тоқал. Тегі, Үсейіннен бала болмаса керек, оның бәйбішесі де пұшпағы қанамаған кісі. Тоқалды да ол бала үшін алған алыпсатар. Бірақ маған Күлзейне тимесе де мен Үсейінді балалы қылып кеттім. Сен менімен қанша даулассаң да менің бағанағы айтқан «бай көп қатын алады, қызығын жалшы көреді» дегенім рас. Мен көріп жүргенде, өз байына түгел тиіп тұрған тоқал көргенім жоқ. Кей байдың тоқалдары, келін-қыздары жарқылдап жатпен жүруге жөні келмеген соң, жатыпатарлық қылып, жемін жалшыдан тауып жейді. Мен Күлзейнелермен, Сақытай, Қалимандармен істес болсам, мен жалғыз-жарым емеспін, көптің бірімін. Ондайлар ел ішінде көп болады.

— Сен қалай айтсаң да «бай қатын алады, қызығын малшы-жалшы көреді» дегенге қосылуға болмайды. Сен көптің бірі емессің, ілуде біреусің. Егер сен тұрмыстағы шын ақиқатқа қол қоятын болсаң — «жалшы жұмыс қылады, қызығын бай көреді» дегенге тезірек көнер едің. Міне, бұл көптің басындағы нәрсе...

Бұлар осындай «пәлсепелерімен» түн ортасы ауғанша отырды. Көп әңгіме сөйлесті. Көптен көрінбеген екі жолдас

көрген-білгендерін терісті. Екеуден-екеу түнгі пароходтың тұмсығында етене болып, ішіндегі сырларын ақтарысты.

Пароход түнді жарып, қараңғылық астындағы күңгірт өзенге бір қалыпты сарын беріп, ілгері кетіп бара жатты...

ЕЛ МЕН ЕРТІС

Мардан, Мәмбеттердің келе жатқан пароходы Омбы қаласындағы Ганшин атты байдікі. Ол бай Ертіс өзенін өрлеп, құлдап жүретін үш пассажир пароходы, бірнеше баржалардың қожайыны. Ганшин бай ұстаған пароходын ұдайы сауып, Ертісті еміп тұрады. Ертісті емес-ау, ердің еңбегін еміп тұрады. Омбыда, Тобылда, Семейде тағы өзге қалаларда Ганшин сияқты байлардан құралған «пароход компаниясы» істейді. Бұл компания өзге жақтағы компаниялармен байланысты. Сондай сатымен Ертістің өзенін, оның өлкесін көрмеген әлдеқайда қалалардағы байлар да бұл компанияға серіктес болып, пайдаға үлеске түсіп жатады.

Ертіс ұзын өзен. Ол Алтайдың ала қарлы тауларынан тепсініп ағып, қазақ даласының сол жақ сүбесін қулап, Сібірді жарып, Мұз теңізге құяды. Кеудесі алтын, көкірегі дән, өн бойы сорғалаған дәулет, берекелі өзен. Ауыз ертегіде қатын патша Екінші Екатерина тұсында Алтайдың атын «Алтын тау» болып іздеткенде орыс шолғыншылары осы Ертісті өрлеген екен. Ертістің бойына түскен қалалар сол шолғыншылардың қонып-түстенген жерлері дейді.

Ол заманда Ертіс мұндай ма еді? Екі жағындағы ел егінді білген бе, дән жұтқан ба? Мал бағып, ақ ұрттаған көшпелі қазақ, манғұл болмады ма? Олар Ертістен тек ат жалдатып, сал буып қана өткел алатын. Ертіс бойына Омбы, Семей сияқты қалалар түскен соң атам заманнан өткел бермеген қыз Ертісті, жол бермеген жапан даланы өнер-білім алды емес пе? Алысты жуықтатып, қиынды оңайлататын техника-өнер Ертіске де жетті емес пе? Кешегі Абай ақын заманында Ертіс өзенінің кеме жүрерлік жолы зерттеліп, кейінгі күнге Ертісті ен даланың көлігі қылуға қам қылынған жоқ па?

Ертісте пароход жүргеннен кейін қала мен даланың бір күшті көлігі табылып, алыс пен алыс жуықтасып, қатынай

бастады. Байлар пароход ұстап, адам жүргізіп, жүк тасып, пайдасына кірісті. Бұрынғы байға малайлықтан басқа түк кәсібі жоқ қырдағы елдің кедейлері де Ертіс бойынан пароход жүрген соң кәсіпке ұмтылды. Жыл сайын Ертістен мұз кетіп, су жолы ашылғанда елден Ертіс бойына түс-түсынан жыл құсындай жігіттер андыздайды. Осылардың көбі пароходқа жүкші, азы матрос болып орналасады. Ертіс бойындағы пристаньдардың, қалалардың барлығында қазақ жүкшілері — жігіттері жұмыс істейді. Қайда пароход келсе, қайда жүк жиналса, жүкшілер ерттелген аттай ершіктерімен қаулап түсе қалады. Оларда қызметтің белгілі сағаты жоқ. «Аз ақыны көп жұмыспен өндіреміз» деген үмітпен күні-түні жосып жұмыс істейді. Қар кетіп, Ертіс мұзы жөнелген соң-ақ жан-жақтан осы жүкшілер Ертістің пароход тоқтайтын жерлеріне жиылады. Оларға пароход келсе жұмыс бар, келмесе жоқ. Кейде жұмалап, он күндеп топырлап бос жатады...

Сонымен пароходқа жиылған жігіттер тапқанын таңдайына қағып, бірін-біріне жеткізе алмай, ашты-тоқты күн өткізеді. Пароход тоқтап күзгі уақытта жігіттер жаздай жүргеніне өз-өзіне есеп беріп, тапқан-таянғанына қорытынды жасайды. Жігіттердің көп мінілген жазғы жайлауыш аттай қу ыңыршағы шығып, жүдейтіні аз болмайды. Пароходта жақсы орналасып, ақысы қолына түгел тиіп, алған ақшасын аңдып ұстап, өзін-өзі берік баққан жігіт болмаса, жігіттің көбінің қалтасында береке болмайды. Алған ақшасын жұмыссыз уақытта ішіп-жеп қоюдың үстіне жігіттердің өз арасындағы жұмыссыздықтан туатын — сыра ішу, карта салу, қымызханаға жіберу, әйелге ұстау сияқты оппа жерлер ұдайы қалтаны қағып, жігіттерді жақ жұтына ұшыратып тұрады. Күзге таман қалтасында бір тиыны жоқ, тұттай жаланаш, екі қолын мұрнына тығып елге қайтатын жігіт аз болмайды. Сонымен Ертісте жүрген пароход, бір жағынан, жарқылдап елдің жігіттерін өзіне жинап тартатын болса, екінші жағынан, ол жігіттердің басын ерікті тұзаққа мойындатып, өзін-өзіне жыланша жегізіп, ұдайы жоқшылыққа байлап-матап тұратын, келмей тұра алмайтын, кетіп құтыла алмайтын бір үлкен жалмауыз сияқтанады.

Дегенмен пароходтағы қазақ жігіттері қырдағы жалшылардан гөрі еті тірі, пісіп-қатқан болады. Орыстың,

өзгенің жұмыскерлерімен араласқан, достасқан, қалаға үйір болған, түрлі адамды, толып жатқан жағдайды көрген болады. Пароходта көбірек жүрген жігіттер орысша тіл біліп, өнерге ұмтылады. Ертісте жүрген пароходтың әрқайсысында-ақ қазақ жігіттерінен матростарды, кочегарларды, машинистерді көруге болады. Пароходқа өзінің үйіндей үйреніп, біржола суға сіңіп кеткен жігіттер де аз болмайды. Ондайлар елден гөрі Ертісті жақсы көріп, жаз пароходта, қыс қалада қалып, туған жеріне қайтуды керек қылмайтындарға есептеледі. Елде туған-туысқан, үй-жайдан жағдайы жоқ кедейлердің көбі-ақ Ертіс бойына осылай ұялаған. Олар күзде пароход тоқтаған соң Ертіс бойындағы қала-қалаға сіңіп кетеді. Бірі арбакеш, бірі жүкші, бірі көшір, бірі тағы бірдеме болып қала қыстайды, мұндайлар өздерін «зимовщик» дейді. Олар жаз шығып, Ертіс өзені мұздан жаланаштанған уақытта қайтадан пароход, пристаньдарға үймелеп орналасады.

Ал бара-бара пароходтың қазақ жұмыскерлері болды. Олар арасынан нағыз жұмыскер, өткір жігіттер, өзгемен үйірсек, ұйымшыл, көпшіл жолдастар шықты. Ондайлар орыс жұмысшыларының арасындағы төңкеріс қозғалысына да қыр қазағынан бұрын ұмтылып, ерте қатынасты. Олардан қырдағы елдің ішіне де төңкерісшілдік рух тарады. Кейін төңкеріс болған уақытта Ертіс ерлерінен қолына қару алып Совет өкіметін жақтап ақтарға, байларға қарсы күресіп қаһармандық істеген жігіттер болды.

Сөйтіп, Ертіс өзені ежелден бері елдің енесі сияқты еді. Ене еміренсе, исінсе елге емшегін еміземеді. Егініне су, малына шөп береді. Еріне еңбек, іздегенге ақша береді. Бірақ Ертістің ең байлығына озбырлықпен ие бола кеткен Ганшин сияқты компаниондар, Шәкір сияқты саудагерлер, Үсейін сияқты алыпсатарлар Ертіс ененің емшегіне ернін созған балаларына бөгеуіл болып, Мардандардың аузынан асын жырып жейді. Жанталасады. Әлсізді әлді алып, алдап-сулап, талап-тонап жатқан заманда Ертіс бойында ердің ері, егеудің сынығы-ақ күн көреді. Сөйтіп, елден Ертіске түскен ер азаматтың бірсыпырасының еңсесі солбырап, езіліп, тозғындап кетсе, бірсыпырасы дүкен көріп, пісіп-қатып, еңсесі көтеріңкі, ер жүректі болып шықты.

Біздің мынау жүзіп келе жатқан екі жолдасымыз Мардан мен Мәмбет осындайлардан еді.

ҚЫРЫҚ ПЫШАҚ

Күз болып, күн суыта бастады. Сібірдің суық желі соғып, күзгі тұманнан жауатын былжырақ сілбі енді сырғақ мұзаққа айналатын болды. Қырдағы ел қыстауларына кіріп, қаланың халқы пешіне от жақты. Ертістің суы суытып, пароход дөңгелегіне мұздар қатты. Мәмбет, Мардандар пароходта жүрген өзге жігіттермен бірге өздерінің қайда қыстайтұғынын байлап қойысты: Мәмбет былтырғысындай осы пароходтың Омбыдағы қожайыны Ганшин байдың ломовой извозшігіне жемшік болып кіріседі. Жалғыз Мәмбет қана емес, бірталай жігіттер де соны істейді. Бай бұларды жазды күні пароход жүргізуге дайын тұру үшін әдейі қыстықүні өз қолына ұстап қалады. Қаладағы жүк тасу жұмысына жегеді. Мәмбетпен бірге жүрген жігіттердің ішінде Ысқақ, Нұраділ деген жолдастары да қалатын болды.

Түн. Жігіттер пристаньның казармасында ұйқыда. Бұларға түнделетіп Мүбәрәк подрядчик келді. Ол әр уақытта пароходты жағалап, ондағы жүк салуды, жүк алуды аңдып подряд алып тұратын қаланың бір алыпсатар жалаңаяғы. Мүбәрәктің кәсібі делдалдық. Жүкке сөйлесіп, подряд алып жігіттерді жұмысқа салып, ақысын жеп жүреді. Мүбәрәк подрядчикті жігіттер де жанай жүреді. Өйткені ол өзі жігіттердің жұмыс іздейтін бержісі сықылды. Өйтпесе жігіттерге де жұмыс оңайлықпен табыла бермейді.

— Уа, жігіттер! — деді Мүбәрәк.

— Немене, жүк бар ма? — десті жігіттер.

— Бар, бүгін түнде жеті баржы, екі пассажир пароходына срочный жүк тиеу керек.

Жұмыс шыққанға жігіттер қуанып қалды. Бұлар бір жұмадан бері жұмыссыз жатқандар еді.

— Ал жүрелік, жігіттер, — десті.

Қапыл-құпыл киініп, ершіктерін арқасына таңып, ертелген аттай қырық шамалы жігіт келіп жүкке түсе қалды. Қол жүкке тиді. Аяқ аяқпен жарысты. Іліп алып, лып еткізіп, пристаньдағы алакөленке фонардың жарығында алуан түрлі жүкті алып-ұшып, жүкшілер лып-лып басады. Жүкті біреуден біреу алады. Қапты үштен-төрттен арқалап атанша желеді. Жігіттер күзгі ұзақ таңда жеті баржыны төрт сағаттың ішінде тиеп бітірді. Енді жігіттерге екі пассажир пароходына жүк салып жөнелту керек. Сонымен пароходқа қол қоямыз деп келгенде тағы бір топ жұмысшылар келді. Бұл партияның подрядчигі ноғай еді, келе Мүбәрәк подрядчикке дүрсе қоя берді.

— Сендер бұ жүкті ұрлап тартқандарың қалай?

— Қалай ұрладық?

— Бұл біздің сөйлескен жүгіміз. Біз бұл жүкті кеше көтеріп алғанбыз.

— Не сөйлейсің, біздің өзіміз алған жүк, тасып болып та қалдық.

— Жоқ, біздің жүгіміз, сендер қазір тоқтат!

Сол жерде сөз ерегіске кетті.

Ноғай подрядчигінің ертіп жүрген жігіттері де, мына жігіттер де қырық құраудан жиылған жұмысшылар еді. Мұнда орыс та, қазақ та, ноғай да, қытай да, Сібірдің халықтары да бар. Екі жақта да қазақ көпшілік. Осы екі топ бір-біріне ежіреңдесті. Өстіп қызылкеңірдек болып боқтасып тұрғанда Мүбәрәк тобының жігіті Мардан машиналар арқалап арасынан өте бергенде оны анау топтың адамы ұстай алды.

— Қайт кейін! Жүрмейсің!

— Жібер! — деп Мардан баж ете түсті.

Марданның арқасындағы машинасын біреу итеріп қалды. Машина ауып кетіп Марданды ала-мала жерге түсті. Мардан машина астына құлап, талқан болып жараланып қалды.

— Аттан! — деп жігіттер соғысқа қойып кетті. Сарт-сұрт соғыс. Екі жақ жігіттер бірін-бірі жеп, қиратып, қып-қызыл ала болды да қалды. Қарсы жақтан екі орыс, төрт қазақ жараланды. Мүбәрәк тобынан Марданмен үш адам жараланып, біреуінің қолы сынды.

Айқайға адам тұра ма; төбелеске жан-жақтан жан жиналып қалды. Әйтпесе пароходтағы пассажирлер келіп араласты. Бір әйел келіп соғыстағы соңғы топқа болысып, басылыңқыраған жанжалды қайта көтеріп жіберді. Ол тіпті-ақ болмады. Мұны Нұраділ орысшалап боқтап та жіберген еді, әйел пароходқа қарай жылай жөнелді.

Жұмысшылар бірін-бірі жаралап, жанжал басыла берген кезде анау әйел пароходтан екі-үш кісі ертіп келді. Оның бірі әскердің жастау төресі екен. Әйел соған жылап:

— Мені біреу қорлады, боқтады, — деп шақты. Ол шағымға жас офицер ісініп Мәмбеттерге екіренделеп тұрып алды. Офицерге Мүбәрәк подрядчик түсіндіріп айтып көріп еді, Мүбәрәкті:

— Сендер бұзықсыңдар! Қазір жүктен шық! — деді. Мүбәрәк «шықпаймыз» деп болмады. Офицер Мүбәрәкті жаққа салып жіберді. Мүбәрәк дөңгелек айналып төлтіректеп барып құлап қалды. Жігіттер не қыларын білмей дағдарып тұра қалысты. Офицердің қимылынан сескеніп, қойша ұйлығып алған жігіттердің ортасынан Мәмбет жарып шыға келіп офицерге ежірейе кетті:

— Неге ұрасың! Ұр деген закон бар ма?

Бір жағынан анау әйел офицерге килігіп:

— Вот, вот, мені қорлаған осы киргиз! — деді.

Офицер шап беріп Мәмбетті ұстай алды. Мәмбет офицерді қағып кеп жібергенде офицер жерге жапырақтай түсті. Сарт-сұрт тағы төбелес. Қолына не түссе сонымен ұрысты. Бұл жолы ноғай подрядчигі таяққа жығылды. Офицер таяқтан қашып, пароходқа тығылды. Анау әйелдің басын контордың керегесіне төбелеп жатқан Нұраділді Мәмбет келіп айырып алды. Әйелдің мұрнынан қан дірдектеп қалған екен...

Төбелестің арт жағынан полицейскийлер келіп араласты. Мылтық атылып, жанжалды азар басып, Мардан, Нұраділдер ішінде жиырма шақты жігітті ұстап қалды. Мәмбеттер қашқан жігіттермен кетті.

Ұсталған жиырма жігіт абақтыға қамалды.

Машина Марданның аяғына түсіп кесіп кеткен екен, түрмеде ол аяқ күп болып ісіп кетті. Ол күндіз-түні ұйықтай алмады.

Жігіттерді полицейскийлер сұраққа алғанда ішінде приставтың атаманы да болды. Бұл аяздай шақылдаған, ашуы қатты, ашанды, бір жуан сары еді. Жігіттерге зірқілдеп, көрмегенді көрсетті. Жігіттерді сөгіп, теуіп әбден қорлады. Бірақ қанша қорласа да тұтқындағы жігіттердің қолында қайраты жоқ, тек байлаулы өгіздей сөгісті естіп, таяқты жей берді. Сөйтіп, осы жиырма жігітті бір күн, бір түн сұрап, протоколға жазып-сызып қайтадан апарып түрмеге жапты. Жігіттердің бірнеше қорқақтары абақтыда отырып уайым қыла бастады.

— Сібірге айдайды ғой...

— Елді енді көрмейміз, тескен тау өткізсе керек.

— Елге хабар жеткізе алмадық-ау...

— Бар қырсық Мәмбеттен болды...

— Тегі Мүбәрәк подрядчиктің істегені шатақ... сонан болды...

— Құдай бекер-ақ қаңғыртып келген екен, осы қалаға, — деп Медет деген қара сақалды сүйіндік жігіті жылап отырды. Мардан оған зекіді.

— Не көрінді? Әкең жаңа өліп отыр ма? Жалғыз сенің ғана жаның тәтті ме? Кемеге түскеннің жаны бір деген қайда? Не көрсек те бәріміз бір көрмейміз бе? Жоқ, біз өліп сен қалғанда дүниеге тұлға боламысың? Жыламай отыр. Әйтпесе сені өз қолымнан бауыздаймын! — деді. Сонан кейін Медет жылағанды қойды, Мардан, Нұраділдер жігіттерге қайрат беріп, өз білгендерінше ақылдарын айтысты.

— Біз дос-дұшпанды осындай таластың үстінде танимыз, — деді Мардан. Расында, осы төбелес мынау түрмедегі жігіттерге айналаны, атамандарды, алыс-жақынды таныта бастағандай болды.

Жігіттер сырттан хабар алды. Мәмбет тамақ жіберіп жігіттерге сәлем айтыпты:

— Жігіттер жасымасын. Ешнәрсе болмайды. Өзім көрінбей атаманға кісі салып сөйлесіп жатырмын. Атаманның әкесі ақша ғой, жүз теңге ақша шығарсақ босаттыратын түрі бар, — депті. Мұны естіген соң жігіттер қуанысып, ән салып, әңгіме айтыса бастады. Медет те көңілі тоқырап, елде жүргендегі бір ұры қуған ерлігін айтты. Жігіттер оны сайқымазақтап, тәлкек қылды.

Оның ертеңіне Мәмбет атаманға жүз сом беріп, жігіттерді босатып әкетті.

Қыс түсті. Жігіттер жай-жайына тарады. Мәмбет, Нұраділдер Ганшин байдың ломовой извозчигіне орналасты.

Мардан Керекуге келіп, жұмыс табу ниетімен Екібастың заводына қайтты.

КАМПАН

Қыс. Сібірдің суығы бет қаратпайды. Қараған бетті аяз қарып түседі. Қаланың ұсақ үйлерінің қардан көзі ғана жылтырайды. Қар қалың жауған, жол шықыр-шықыр етеді.

Омбы қаласының вокзал мен қаланың ортасындағы үлкен көшесі шананың шиқылымен, етіктің сықырымен, аттың тықырымен қыстың қаһарлы суық музыкасын тартқан тәрізді. Көше лық толған халық. Барлығы да бет-аузын тұмшалаған, алған демнен қырау бұрқырайды. Қасқыр ішіктің жағасын қайырып тастап бетінен майы шыққан семіз саудагер пар атты көшеден ысқыртып өтсе, жұдырығы көрінген шолақ шекпенді, жыртық шалбарлы, тезек арқалап базарға кетіп бара жатқан біреулер бүрсең қағады. Қала мен вокзал арасындағы көшеде ілгерілі-кейінді жүріп жатқан атты-шаналы, жаяу адам қайшы алысады. Осы көшедегі алды қалада, арты вокзалда шұбалып келе жатқан көп жүк тартқан көп шаналармен араласа Ганшин байдың жүгі де келеді.

Мынау шанасына өңшең жәшік тиеген жігіттер қаракесек жігіттері — Жақсыбай, Мұрат, оның алдындағы екі арба Қазбек, Шақшайлар. Олар Кереку жігіттері. Оған жалғас көрі шабдар атқа он шақты бөшке тиеп келе жатқан Мәмбет. Бұл жігіттердің тартып келе жатқаны станса түскен түрлі товарлар, жүктер. Осындай жүктерді тасып, осы жігіттер қала мен вокзалдың арасын дамылсыз шиқылдатады. Аязбен дем алып, қызылмен ысқырады.

Кереку, қаракесек жігіттері келе жатқан шаналардың арт жағына тақау бір жаяу келеді. Аяғында басы қайқайған ауыр пимасы, үстінде шұбалған шидем шекпені бар. Басында қаракесектің құнтиған жекей тұмағы. Қырауланған қабақтың астындағы қаршыға көзі қырғауыл қаранғандай жалт-жұлт етеді. Ол мысықша басып, бір нәрсені күтіп келе жатқан тәрізді.

Жүк тиеген шаналар үздік-создық шұбалып, үлкен бір дуалдың бір мүйістеу жеріне келді. Шананың жанында келе жатқан шоқша сақал Шақшай ол да жан-жағына жалт-жұлт қарады. Оның шанасы биік дуалдың мүйісінен келіп айнала бергенде, Шақшай қолынан жарқ етіп бір ақ жәшік дуалдан асып та кетті. Жәшіктің бұл ырғуы ерсілі-қарсылы жүріп жатқан көп халықтың біреуінің де көзіне ілесетіндей болған жоқ. Жасынан жауырыны жерге тимеген жырынды, әлуетті Шақшай бұл ауыр жәшікті лып еткізіп асықша алып, тастап жіберді. Ол жүкті көбінесе иығымен лақтырады. Оның иығына ілінген жүк доптай ұшып кетеді. Оның мұндай жәшікті, тоғанақты

лақтырып үйренгені бүгін ғана емес, екі-үш жылдан бергі кәсібінің өзі осы. Шақшай қырға сыя алмай сырғып Омбыға ауысқалы осындай жәшік, жүк тоғанақтарды ұрлау үшін извозчиктік қылады. Артельдесіп көтеріп алған көп жүктің сапырылысқан тасымалында Шақшайлардың егіні пісіп-ақ қалады. Ол ығын тауып, ұдайы ұрлық қылады.

Шақшай үйелмендей үлкен де емес. Орта бойлы, дембелше, жеңіл жігіт. Бұл қаракесектің қандыбалақ, баукеспе ұрысы.

Қаңтардың қара суығында Ертістің екі бетінен жарып жылқы алып, түн қатып, түсі қашып жүретін қызылкөз. Айналасындағы елді ұрлығымен қан қақсатқан. Ел ішінде әбден мейманасы асып, бұрынғы сүйеген болыс, билері өзіне жау бола бастаған соң, екі-үш жылдан бері даладан қалаға ауысқан еді. Қалада бір ат-арба тауып алып, әркімдермен артельдесіп, извозчиктік кәсіп қылады. Шақшаймен біріккен артель тек қана жүк тасу артелі емес, бұлар ұрлықтың да артелі. Бұлардың қалада қылдай жолы, қырық үйі болады. Біреуі алғыш, біреуі аңдығыш, бірі жарғыш, бірі жасырғыш болып, өңшең ұрылар, жуликтердің әркайсысының атқаратын өз міндеттері бар.

Дуалдан лақтырылған жәшіктің лып етіп асып түскенін абайлаған көз болған жоқ деп жоғарыда айттық. Тек оны бір-ақ адамның көзі шалды. Ол көз шалды да, дуалдың кетіктеу жерінен ырғып түсті. Жалма-жан жәшікті иыққа салып, қозы алып қашқан бөрідей желіп жөнелген жігіт ұрлықшы артельге де, өзімізге де көптен таныс жігіт. Бұл Сатан еді.

Сатан осы қалаға күзде пайда болды. Ол ел ішінде тұра алмай, Омбы жақта пайда көп дегенмен, қаракесек жігіттеріне ілесіп келген. Күзден бері қаладан күндеп жұмыс істейтін. Біреудің кірпішін тасыды, біреудің қорасын жапты, біреудің отынын саралады, бірақ оның тұрақты қызметке қолы жеткен жоқ.

Сатан елден келгендегі тапқан танысы қаракесек жігіттері — Шақшайлар болды. Олар Сатанды бауыр тартып, тамағынан беріп, пәтеріне жатқызып, не болса да өздерімен бір көргізіп, мұқтаждық көрсетпеді. Әсіресе Сатанның Шақшайға ұнаған жері — оның жігіт болғанда жылдамдығы, ерлігі. Шақшай Сатанды келісімен-ақ өз

артеліне баулып, ұрлыққа қатыстыра бастады. Күзден бері төрт-бес рет қиын-қыстау алуларға да Сатанды салып алды. Соның бірі әсіресе артельге арғымақ соятын күн. Сол күні Шақшайлар Сатанға бір бай орыстың берік қашасын бұздырып, семіз қара қасқа арғымағын алдырды. Сатан арғымақты алып шыққанда ұйқтаған қарауылшы оянып, мылтық атылып қалған. Атылған оқ Сатанның қолтық астынан өтіп, етіне дарымаса да шидемін дал-дұл қылып кеткен. Сонда да Сатан арғымақтан айрылмаған еді. Соның артынан Шақшайлар Сатанға артелімен біржола ден қойысқан.

Сатан жәшікті арқалап алып, желіп кетті. Қотыр қаланың жағына тартты. Көпір аузына келгенде Сүлеймен бержабай:

— Извозчик керек пе? — деп көлденеңдей түсті.

— Керек!

— Қайда?

— Қотыр қалаға жеткізгенше қанша сұрайсыз?

— Е, қанша сұрайды дейсің, көп берсең тастамаймын, аз берсең қақсамаймын, жәшігінді сал шанаға! — деді. Сатан жәшікті бержабайдың шанасына салып өзі отырды. Сүлеймен бержабай бишік қамшысын үйіріп, сарыала шолақты қуып жөнелді.

Былай шыққан соң, Сүлеймен мойнын бұрып, Сатанға сыбырлады:

— Қайда апарамыз?

— Үйіңізге тартыңыз! Шақшай солай деген, — деді Сатан.

Сүлеймен де осындай жүкті тышқанша тасып жататын артельдің мүшесі еді.

Бержабай божыны қағып, жауырыны құнжындап сарыала шолақты тырқылдата қуды.

«ШАЙЫНДЫ ШЫҒАРЫП ҚҰЙ, ҚАТЫН!»

Кеш. Ел орынға отырып, үйлерге шам жағылды. Терезелердің қақпағы жабылды. Құндақпай, Шақшайлар аттарын сарайға тастап, Сүлеймендікіне келді. Сатан да қайтып осында оралған. Шам жағылғанда Сүлеймен бержабай да сарыала шолақты босандырып, сынық шанасын шықылдатып, есік алдына келіп, атын доғарды. Бұлардың бәрін де бержабайдың ақ шұбар Мұқсинасы қуырдақты

шыжылдатып, самауырды бықылдатып қарсы алды. Жайласып отырып, алдарына Мұқсинаның асжаулығы жайылған кезде Құндақпай қойнынан бөтелкені суырып дастарқанға дік еткізді.

— Әп, пәлі, азаматым! — деп Сүлеймен бержабай ырза болып қалғандығын білдірді.

Күні ұзын суықта жүрген жігіттер, ыстық қуырдаққа қаужандасып, арақтан бір-бір жұтып алған соң-ақ бойлары жылынып, ойлары ағытылып сала берді. Әрі-беріден «сен ал, мен алға» келіп, тамаққа тойып, араққа қызып, дауыстары жарқын-жарқын шыға бастады. Жарлылық, бержабайлық ешкімнің есінде жоқ, Ертіс пен Есіл болып есіп, екі езуін құлағына жібере күліп, әңгімеге түсті Шақшай:

— Оған міне аттай төрт жыл болып барады.

Бержабай омырауын желпіп қойып:

— Әй, Мұқсина, сен де тында! — деді. Шақшай кекіріп алып:

— Ертіс бойы егінге тіс қойған уақ. Қалмаққырған тауына бекініп, қырдан мал алып жатамын. Алған малымды Ақмола мен Қарқаралының ұрыларына өткізіп, Белбасар деген жерде өткермекші есебінде ұрлық қылам. Түнде ел торимын, күндіз тауға бекінем...

Тауда жата-жата азығым таусылып, атым қажыды. Өзім зеріктім. Енді қоныс аударып, жұрт жаңалайын деп ойладым да күндіз жолаушылап, Ертістің бойына қуалап кеттім...

Мен Ертіске еңкейгенде күн кешкіріп кетті. Оның үстіне батыс жақтан бұрқ етіп көмір қара бұлт көкті қаптап, көзді ертерек байлап жіберді. Мен қай жерде ел бар, қай жерде ел жоқ, ажырата алмай қалдым. Алай-дүлей дауыл соғып, бұрқ-сарқ етіп, қара нөсер төгіп-төгіп жіберді. Атым да, өзім де суға сүңгіп шыққандай малшындым. Паналар жер болмады. Жолдан әлдеқашан айрылып қалғамын. Қайда барарымды білмей қаңғырақтап келіп, алдымнан кез келе кеткен үлкен дөңгелек зиратқа атым тұмсығы тірелді. «Ә, құдай бергейсің, далаға түнегенше, молаға түне» деген бұрынғының сөзі бар еді деп, атымды қорғанның ығына тұта салдым да ішіне кіріп ықтауға қорғанның не есігін, не тесігін іздеп сипаландым. Тінтіп жүріп, қорғанның есігі жоқ, тек жалғыз терезесі бар екенін таптым. Осы терезеден ішіне түсейін деп ұмтылып терезеге асылып жатырмын... Қорған балшығы езіліп үстімді былғап, тайғанақтап, әуре болдым. Азар де-

генде тырмысып терезеге еніп, қорған ішіне қарғып түскенімде аяғыма бір нәрсе былқ ете түсті. Атып кеттім. Егер менде аз-маз иман болса ұшып кеткен шығар... Өзім де ұшып кеттім... Қарсы жақ қорған қабырғасына барып, маңдайым тақ ете түсті. Қалтырап тұрып, қарманып, шығар жер бар ма екен деп сипалансам, қорған қол жетпейтін зәулім екен... Жанымнан күдер үзе бастадым. Тырп ете алмай, бір орында қатып қалсам керек... Бұл не?.. Бұл не? — деген басыма да кірмейді. Мен қайдамын? Бұл ненің қорғаны? Анау аяғыма былқ еткен кім? Адам ба? Айдаһар ма? Аяғыма тигенде адамның іші сықылданды... Адам болғанда көрден шығып жатқан нағылған адам? Әлде көмілген кісі ме? Зираттың іші ғой... Түнек қараңғы... Мен қалай шығам? Менің атым қайда қалды? Оған қалай жетем?.. Ау, мынау құдайдың күні де толастамады-ау, әлде аспан түбі тесіліп, топан суы қаптай ма? Әлде ақырзаман деген осы бола ма?.. Басым әңкі-тәңкі. Күн шатырлап, нөсер шүмектеп құйып тұр. Мен тек, әлсіз курайдай қорғанға сүйеніп тұрған сияқтымын...

Шақшайдың әңгімесіне үй іші аңырып қалды. Бержабай жағасын ұстап «құлқуалданы» ішінен қайырып отыр екен, әйелі Мұқсина тандырға пісірген нандай қаны қашып, көзі бажырайып қалыпты.

— Сұбқан алла, қорықпа! — деді Сүлеймен бержабай.

Шақшай алдындағы арақты сылқ еткізіп, қуырдақтан қауып асап алды да:

— Бір мезгілде... Бір мезгілде... Нажағай жарқ ете түскенде айнала жап-жарық болды... Маған қарсы жақтағы қорғанның керегесінде кеудесі есіктей, адам бейнелі біреу тұр екен... Көзімді жұмып қалдым. Қап-қараңғы болып кетті. Үн жоқ. Тек жаңбыр сар-сар етеді. Біраздан соң бой тоқтатып қонышымдағы қожант пышағымды ептеп суырып алғаным есімде...

Әлі тұрмын, әлі тұрмын, үн де жоқ, сылдыр да жоқ... Бір мезгілде өзіме «ha!» — деп ақырып біреу сап ете түсті...

Бержабайдың әйелі:

— Абау! — деп Сүлейменді құшақтай алды.

Бержабай: «Сұбқан алла де!» — деді. Өзі «лакау-ла» қайырды. Сатан оған жылмиып күліп қойды. Құндақпайдың аузы әлгі көрдей аңқиып қалыпты. Шақшай шайын ұрттап алып:

— Маған сап ете түскенде қолымнан пышағым түсіп кетті. Не болғанымды білгенім жоқ. Тек адам құшағымен алысқан сияқтымын. Сүй дегенше күрс етіп құлағандай болдық. Астына түскен тәріздімін. Үстіме қорған құлағандай болды. Тынысым тарылып барады... Алқындыра буындырып, дем алғызбаған сықылды. Жан далбасамен туласам керек, үстімдегі ауырлық аунап түскендей түйілді. Маған жеңіл болып кетті... Біреудің үстіне шыққан секілдімін... Астымдағы адам қайрат қылып тұруға бұлқынады. Мен алысқан сайын адам тәніне бойым үйірленіп, қол-аяғым денесіне батып шегеленіп барамын. Астымнан аударып тұруға дәрмені келмейтінін білген соң бой тоқтатып, жанжағымды сипаланып жіберіп едім, бағанағы пышағым қолыма түсе кетті. Пышағым қолыма тигенде бар күш қолыма жиналып, буыным бұрынғыдан да бекіне бастады. Менің бір қолым оның екі қолын жиырып, шиыршықтап алып тізерлеп-тізерлеп жібердім, ол ыңқ-ыңқ етті. «Кеңірдек осы мөлшердесің-ау» деп, пышақты оңтайлап, бауыздауға тақап тұрып, тісін қайрап ит көрген мысықтай ыржайып еді, Мұқсина қорқып қолымен бетін көлеңкелей берді. Сүлеймен «құлқуалданы» қайта қайырды. Құндақпай тістеніп:

— Салсаңшы енді пышақты! — деді. Шақшай сөзін созып:

— Пышағымды бауыздауға тақап тұрып ұрып жіберейін дегенімде нажағай және жарқ ете түсті. Астымда жатқан адамның көзіне кеңірдегіне тақалған пышағым жарқ ете түссе керек, ол:

— Аллай! — деді.

Мен пышағымды кейін тарттым. Оның қолын ширықтырып шіреп жібермей басып отырып, пышағымды тағы таяп:

— Сен перімісің, періштемісің? — дедім.

— Жо-оқ! — деп ыңыранды ол. Мен тағы қайырып:

— Сен жынбысың, сайтанбысың? — дедім.

— Ж-о-о-қ! — деп ыңыранды ол. Мен тағы қайырып:

— Кімсің? — дедім.

— М-е-н... а-адаммын...

— Наған адамсың?

— О-о-й, а-ға-тай? Өліп барам, айтайын, кеудемді тыныстатшы!.. — деді. Мен онан сайын қатуланып:

— Босамайсың! Кім де болсаң өлер жеріңе тақалдың. Қазір бауыздаймын, тезірек жөніңді айт! — дедім.

— Мен адаммын...

— Наған адамсың?

— Осы жердегі егіншімін...

— Мұнда нағып жүрсің?

— Жауыннан қорғаладым.

— Осы сөзің рас па? Жоқ әлде алдап тұрмысың? — дедім.

— Ағатай-ай, алдасам құдай жүзін көрмейін! — деді. Мен сендім дағы босатып жібердім.

Егінші түрегелді...

Екеуміз қол ұстасып келіп қорған түбіне отырып, қараңғыда сөйлесіп отырмыз.

— Сен мен келгенде терезенің түбінде жатыр ма едің!?

— Жоқ, мен терезеден былайырақ отыр едім.

— Мен терезеден түскенде аяғыма былш ете түскен кім?

— Ол менің қарынға құйған қатығым болар, — деді.

Мен сылқ-сылқ күлдім.

Үй ішіндегілер есін жинады. Бержабайдың әйелі Сүлейменнің қасынан кетіп, самауырға таман барып, өз орнына отырды. Сүлеймен де «құлқуалданы» қайырмастан қара шолақ қасықты алып қуырдақ салынған табақты тықырлатты да:

— Шайынды шығарып құйшы! —деді. Шақшай сөзін жалғап:

— Біз қорғанда аз отырған соң жауын басылып, аспан ашылды. Жұлдыз жарығында қорғаннан шығып, кең жерге отырып қарындағы қатықты құя бастадық. Мен бір шара қою қатық ішіп, жан шақырдым, — деді.

Шақшай әңгімесін аяқтағанда жанның бәрі жай-жайына отырды. Шақшайдан басқалары да ешбір сөзге кіріспей, көбі ішінен білетін бір нәрсені күткендей болысты. Бұл түннің он екі сағат мөлшері еді.

Сүлеймен бержабай үйдің астынан жасалған үңгірдің аузын ашып, Сатанды төмен түсірді. Сатан күндізгі көтеріп алып келген жәшігін қайта көтеріп жоғарыға шығарды. Шақшай жәшікті алып, батыр-бұтыр сындырып жарып еді, ішінен өңшең көк ала қағазды 105-інші шай шықты.

— Е, жігіттер, байдан ағады, балдан тамады деген осы. Байды жаратқан құдай бізді өлтірсін бе, — деді Құндақпай.

— Өзімізге де, сатуға да жетеді, — деді бержабай.

— Өзіңіздің қысыңызға екеуі жетеді. Өзгесін сіз бізге сатырып беріңіз, — деді Шақшай.

— Мұны кімге саттырам? — деп Сүлеймен желкесін қасыды.

— Сен соң, нәрсәгә аптрисын? Шәкір абзиға берсек, тұтады да сатады, — деп шұбар Мұқсина ақыл айтты.

Сөз осыған сайланды. Екі қадақ шайды Сүлеймен бержабайдың әйелі Мұқсина алып жәшік сандығына салды. Қалған шайды Мұқсинаның ағасы Шәкір абзи бит базарына шығарып сатып, шыққан ақшасын жігіттер арасында қылдай бөлетін болды.

Жігіттер үйді-үйіне тарасты.

ҚЫМЫЗШЫДА

Омбы қаласының Накаливке жағындағы Ольга Никифоровна деген кедей кемпірдің үйінде үш жігіт пәтерде тұрды. Жігіттер ол кемпірді «Ольга Никифоровна» дейді. Мұның үйінде тұратынның бірі — Нұраділ; екіншісі — Шеркес Қали. Мұның екеуі де жазда Ганшин пароходында жұмыс істеген жігіттер. Ал үшінші — Сатан. Сатан бұл пәтерге келгеніне көп болған жоқ. Оны осы Ганшиннің ломовой извозчигіне Шеркес Қалилар орналастырып, өз қастарына алғалы бір-ақ жұма болған. Сонан бері үшеуі Ольга кемпірдің бір бөлмесінде жатады.

Бір жексенбі күні кешке осы үш жігіт пәтерінен базарға қарай шықты. Бұлардың бет алып келе жатқан жері — Белгібайдың қымызханасы. Белгібай жазы-қысы қымыз ұстайтын белгілі қымызшы. Өзі епте тақуалық та қылады. Бес намазын қаза жібермейді; ол мешіттегі жамағаттан қалған емес. Күнде мешіттегі сақау болған құлындай алқымының безі жұдырықтай болып кеткен қырылдақ сопыға үш тиын бақырға дуға қылдырып қайтады да, қымыз саудасын істей береді.

Қалаға жақын елдердің қалаға әкеліп сататын қымыздары Белгібайға құйылады. Белгібай оны екі есе сумен дәреттендіріп, базардағы қымызханасында сатады. Кейде қымыз ішушілер Белгібайға:

— Қымызға аздап қосқан суыңызға алған ақшаңыз арам болмай ма? — десе:

— Уа, имам ағзам! Егер осы қымызға су қосылды десең, құдай жүзін көрмейін! — деп өзі ант ішіп, өзгенің де қымызға сенімін алғанша жаны шығады. Тегінде «ұрының арты қуыс» деген рас қой.

Сатандар келіп Белгібай қымызшының есігінен кіргенде үйдің іші лық толған жиын екен; олар мына келген жігіттерге жан-жақтан шулап қоя берді:

— Уа, бері кел!

— Мұнда кел!

— Бізбен бол! — десті үйір жігіттер. Бір жақтан орын беріп, Газбек қара қалбалақтап еді, екінші бұрыштан түрегеліп Галабағали Мәмбеттің иығынан тартты. Ақырында жігіттер біріне де бармай, «өз алдымызға жеке сыбаға боламыз» десіп, үйдің бір бұрышынан орын алысты да:

— Беке, бізге қымыз құйыңыз! — десті. Ортасы белең, ұшы таңқы, тамағына самал түсіп, жазылып кеткен Белгібай қымызшы бөшкенің ожауын өзі ұстап тұр екен, ол кір-кір алжапқышына қолын сүртті де, бір четверт қымызды ала кеселермен бірге үшеуінің ортасына қойды.

— Ішіндер, қарақтарым... қымыз шықылдап тұр! — деп өзі орнына жөнелді. Белгібай әкесінің асына келген кісіні күткендей зыр жүгіреді.

Үй іші у-ду. Омбы қаласы қысы-жазы қазақ жігіттерін бір жинап отыратын қала. Қаладағы жігіттердің жиналатын бір жері осы қымызшы. Осында келмейтін жігіт жоқ. Отырғанның бәрі де — Қарқаралы, Баян, Кереку, Атбасар, Көкшетау, Тоғай бойы, Ертіс өлкесі — Сібір жігіттері. Мұнда қаракесек, тобықты, қуандық, сүйіндік, уақ, найман, қыпшақ, төленгіт сияқты толып жатқан рулар отыр. Мұндай жігіттер жаздыкүні тіпті қаптап кетеді. Жазда кәсіп іздеп қалаға қаптаған ел жігіттері, Белгібайдың қымызында бір тоқайласпай кеткен емес. Жазда пароходта, байларға егінге, қала-қалаға, поселкеге тарап жүрген жігіттер қар жауып, мұз тоңған соң қайтқан қаздай еліне қайтады. Тек Омбыда қыстап қалатындар, қаладан орын тапқандар, байларға байланысы барлар, қалаға сіңгендер, жатақтар болады. Жүкшіден, матростан, малайдан, пайдашыдан, қашқан-пысқаннан құралған жігіттің өзі де аз болмайды, кемінде алты-жеті жүз жігіт жыл сайын Омбы қыстайды. Омбы төңірегіндегі қазақтар да қалаға келсе Белгібайдың кесесін бір төңкермей кетпейді.

Алдына келген қымыздың бір-бір кесесін тастап жіберісті де, Нұраділдер дуылдап отырған жігіттерге қарасты. Пристаньдағы, бойнадағы, арбадағы алуан жігіттер осында жиналған екен. Өздері танитын жігіттердің бәрі-ақ бар. Базардағы алыпсатар, гимназиядағы Жұмарақым, семинариядағы студенттер, барлығы да қымызға кіріп, қызып отыр екен. Қамшыны беліне қыстырып, тұмақты қолтығына қысып, мұртын қайшылап қымыз жұтып отырған қыр қазағы да көзге түседі. Көп ат-шана қорада қақшиып аязда тұр. Қысқасы, Белгібайдың қымыз үйі — Омбыдағы қазақтың бай-жарлысын, мырза, жұмыскерін, алыпсатар, оқушыларының тегіс басын қосыпты.

Үйдің іші тер саси ма, тері саси ма, әйтеуір, бүк.

Мұндағы отырған жұмыскер жігіттер қырық рудан болса да өз арасында аса бірлікті. Қай жерде жанжал, бәсеке бола қалып, көп басына ортақ сөз шыға қалса бұлар шұрқ етіп қайнап, шұр етіп түсе қалады. Әсіресе картада, қымызда, арақта, төбелесте Қарқаралы, Баян, Кереку, Ақмола, Ертіс жігіттері бірігіп, жоны тұтасып кетеді. Кейде жүрген кәсібіне қарай — пароход, поезд, извозчик болып жіктеледі.

Жігіттердің өзара қойып алған аттары — «клишкелері» болады. Кавказ жігітінше киініп, қанжар асынған шаршы қара жігітті «Шеркес Қали» дейді. Ұрымтал жерде өткір, табандасқан жерде тартысқа белді Кавказдың қара ала қанжарындай Шеркес Қали жігіттер арасында түлкіден епті, тұрымтайдан алғыр. Осында жаңа келіп кірген біздің үш жігітіміздің бірі — Мәмбет. Мәмбет бізге таныс қой.

Ерегіскен жерде отыз екі пұт жүк көтеріп желіп жүріп кететін жуан жұмыр қараны — «Газбеккара» деседі.

Қай жерде болса да әйел дауыстанып, аузынан сөз түспейтін мылжыңдау Жүкен дегенді «Курапаткин» дейді. Бұл жоқтан мағына шығарып бос сөзді ұлы әңгімеге айналдырып, данышпандық істеп отыратын жігіт еді. Мұның атын орыс жұмысшыларының бірі атақты анархист Курапаткинге ұқсатып қойып беріпті. Жігіттер мұны сонан кейін солай атандырған. Жігіттердің жұмысын ұйыстыратын подрядчик, компаниялармен сөйлесіп басқару жұмысында жүретін Бекқалиды жігіттер «Городской галабағали» деседі. Тағы осы сияқты әркімнің өз мінезіне, өз пішініне лайықты — «Маубас Қали», «Бөшке Бекжан», «Гришка Қали», «Сары Жапар»

деген жігіттер көп. Жігіттер бір-бірін өз арасында осы аттарымен атайды.

Қымызшылардың бір жағында, ойналып жатқан карта үстінде жігіттер керілдесіп жатыр. Мұнда жалғыз жігіттер емес, карта ойынының тәртесін сүйреп отырған көбінесе Кадетский корпусте оқитын Ыбырайым деген. Ол офицерше киінген. Омбы қаласының төңірегінде олардың ауылы бар. Көк төбелі үй, пар-пар жорғалары — осы отырған жігіттердің барлығына да мәлім. Ыбырайым Омбы қаласында қонышынан басып жүреді. Қайда мәжіліс, қайда жиын болса — Ыбырайым сонда. Ыбырайым жүрген жерде қазақ жігіттерінің көбі кеудеден итергендей жүрмей, кейін тұрып қалады.

Осы Ыбырайымның мына қымызшыдағы карта ойынында бүгін иығы аса жоғары. Шылымды дамыл-дамыл тартып, мандайынан тері бұрқырап, картаны сарт-сұрт ұрып отыр. Бұл мырзаның келуіне дегбірі қалмай қонақ күткенсіп Белгібай қымызшы аяғының үшінен басады. Әлсін-әлі Ыбырайымның алдына қымыз құйып жеткізеді. Ыбырайым қымызды көп ішкендіктен бет-аузы кер сиырдың желіндей қып-қызыл боп кеткен. Терлеген көзі суланып ешкімге қарамайды.

Бір жақта, шегі үзік қара шолақ домбыраны тарсылдатып, Көкбай деген Ғайнолла көпестің көшір жігіті ән салып жатыр. Дауысы желді күнгі жарық қамыстың ызылындай шығады. Оған Белгібай қымызшы қошемет көтеріп:

— О, бәлі! — дейді.

Шеркес Қалиларға таяу отырған екі-үш алыпсатар кеше сатқан терінің жарнасына таласып, өзінше олар қызыл кеңірдек.

Бір мезгілде жиындағы жігіттер қол шапалақтап Көкен деген жігітті күй тартуға сұрады. Көкен кедей үйдің бақанындай қатқан қара жігіт еді. Оның домбыраға тартпайтын күйі жоқ. Орысша-қазақша күйдің бәрін тартады. Көкен домбыраны қолға алғаннан-ақ жігіттер ортасын ашып, билеуін сұрады; Көкен домбырасын бұрап алып ұшып түрегелді де қара жорғаны шерте жүріп, өзі жорғалап билеп кетті. Қымыздағы мәжіліс оған алақан соғып, айқайлап шала бүлінді де қалды.

Көкен домбыраны ойнатты, билетті, ол шегін шерткен

жоқ, өзі жұдырықтады. Қымыз ішкендер Көкенмен бірге селкілдеп отыра алмады. Бір жақтан Газбекқара күрілдеп:

— Жәшік! Жәшік! — деп айқай салды.

— Жәшік! Жәшік! — деп мәжілістің бәрі шулап кетті. Белгібай бір жәшікті алып кіріп еді, Көкен оны иығына қойып алып, орыстың «Камаринскаясын» шертіп, өзі домбыраға биледі. Үйдегі қымызға бөккен адамдардың жағасы жайлауға кетіп, аузынан сілекейі ақты да қалды. Көкен екі қолы домбырада ойнады, екі аяғы жерде биледі, иығында жәшік дөңгелек айналды. Домбыра құлдырап, биші мен күйші бір ақ жәшіктің астында ұршықтай ойнады. Үй ішіндегі жиынның көзі бұлдырап қалды. Көкен билеп болып домбыраны, иығы жәшікті ырғытқанда үй ішінде Көкенге ырза болмаған жан қалмады. Бұл уақытта Белгібайдың Кәмеш атты қызы да үйінен шығып, мәжіліске кіріп қалған екен, бастығы Ыбырайым болып Кәмешті ортаға шақырды.

ЖАНЖАЛ

Кәмеш Белгібайдың бойжеткен қызы. Өзі гармонь тартады. Қазақ, ноғай әндеріне дауысын қосады. Бойшаң, тарғыл мысық көзденген, кәмпит мұрын, ақсұр қыз. Жиын қол шапалақтап сұраған соң Кәмеш гармонын алып, Ыбырайымның жанына таман отырды. Кәмештің бұл отырысын біздің жігіттердің көбі ұнатқан жоқ. Әсіресе Ыбырайымның қымызшыға осы Кәмеш үшін келетіндігін сезетін Шеркес Қалидың қабағы тіпті тыржиып қалды.

Кәмеш гармоньды дүрілдетті. Гармоньшы қыздың жанында картаны шартылдатып Ыбырайым есі шығып отыр.

Кәмеш дауысын гармоньға Абай сөзімен қосты:

Айттым сәлем Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзден ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар, артылмас,
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас...

Гармоньмен бірге сызылып шыққан Кәмеш қыздың дауысы біреулердің айызын қандырып, әбден сүйсіндірді. Біреулердің қытығына тиіп, мұрнын тыжыртты. Кәмеш Абай өленін айтып болған кезде жиын жігіттер дуылдасып, Кәмешті алғыстап жатыр. Гимназист Жұмарақым Европа тәртібімен түрегеліп, қыздың қолын сұрап, бір сүйіп қойды. Жұмарақымның мұнысына Ыбырайым жаман көзімен бұқаша бір қарап алды. Шеркес Қалилар оны қас-қабағымен мазақтап, өзара көздерін қысып, бірін-бірі түртті.

Кәмеш онан кейін «Дударды», «Қара орманды» айтып, бірқатар әндердің басын қосты. Ең соңында «Зиләйлук» деген татардың белгілі әнін саламын деп көтерген жерінде көкірегі қысылып, күрк-күрк жөтеліп еді, кеудесінен келген қақырық қызды аузын ұстатып үйде отырғызбай айдап шықты. Маубас Қали Сатанға сыбырлап:

— Көкірегінде құрт ауруы бар адам, — деді.

— Домбыраны біздің Сатанға бер! Сатанға бер! — деп жиынға Нұраділ әулігіп болмады. Бұрын бұл қымызшыда ән салмаған Сатанды жұрт қызық көріп, домбыраны ұстатып қолқалап қоймады. Сатан домбыраны түзетіп алып, ақырмай-бақырмай жайлап Жаяу Мұсаның әнімен өленін айтты:

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Көрінер қыздар сұлу белін буса,
Шорманның Мұстапасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса... —

деп ақырын бүлкілдетіп, әннің қайырмасын таза, дәмдеп айтып шықты. Сатанның дауысы жігіттердің көбіне ұнады. Әсіресе Газбекқара:

— Уа, бәрекелді! Сок, Сатан! — деп айқайлап жіберді. Бұл дауысқа картаға қызып отырған Ыбырайым жалт қарап, орысша-қазақша қосанжарлап:

— Прекратить тәртіпсіздікті! — деді.

Жігіттер жым болып қалды. Шеркес Қалидың уыты бойына келіп, терісіне сыймай Нұраділге, Сатанға сыбырлады:

— Басымыз Сібірге кетсе де осыны бүгін бір сойып жіберелік!

— Скандал керек! Скандал! Жігіттердің бәрі падержат қылады, — деді Нұраділ.

— Жанжал шығармасақ өзі де болмайды. Гришка Қали картадан ұтылып отыр, — деді Бөшке Бекжан. Сөз осыған байланды. Нұраділдер Шақшайларға сыбырлады.

Шеркес Қали карта ойнап отырған компандағы Гришка Қалидің қасына жетіп келді:

— Не ғып салың суға кетіп отыр?

— Ойбай, мыналар зорлық қып отыр!

— Давай, картаңды маған бере тұр! — деп Гришка Қалидың қолындағы картасын жұлып алды.

— Он сам... сам... сен не мишай! — деп Шеркес Қалиға Ыбырайым бажырайды. Оны тыңдамай Шеркес Қали:

— Бәрібір! Әйдә, жүріңіз! — деп қолындағы бір картаны сарт еткізіп жүріп қалды.

Бұл жігіттердің бұрыннан істейтін әдеті: картадан өздерінің біреуі ұтса, ұтқан ақшасын ортаға салдырады да, не сыраға, не қымызға мәжіліс жасатады. Егер өздерінің адамы ұтылса — онда не ақшасын бөліп ортасынан төлейді, не карта үстінде төбелес шығарып бермей кетеді. Сондықтан карта ойыны болған жерде жігіттердің бәрі де өздері ойнамаса да, ойынды қоршалап отырады. Бірі ол деп, бірі бұл деп қараулатып, қарсы ойнаған адамды не жаңғалақтыққа, не жанжалға шақырып отырады. Осы ойында Ыбырайым серіктері еңсеріп, Гришка Қалилардың ершігін арқалатып жіберуге ыңғайланып қалған еді. Мұны сезіп отырған көп жігіттер анау-мынау демесе, Ыбырайымнан бата алмай тек дүмбілезденіп отыр еді. Құланның қашуына, мылтықтық басуы кез келіп, Ыбырайымның Кәмешке келуін жаратпайтын Шеркес Қали картаға келіп киліге кетті.

Шеркес Қали омыраумен келіп, жөнсіз жерден ойынды бұзып, бір картаны ұрып қалғанына беті қайтпайтын Ыбырайым Шеркес Қалидың қолынан шап беріп ұстай алды.

— Қоя бер қолымды! — деп Шеркес Қали оған дүрсе қоя берді. Бұл Ыбырайым мырзаға өмірі көрмеген зіл болды да:

— Қазір осы жерден кетпесең, оңбайсың, шпана! — деп зірк ете түсті.

— Кәні, құдай болсаң кетірші! — деп Шеркес Қали тартынбады. Ыбырайым онан әрі шыдамады. Ол Шеркес Қалиды шынтағымен қағып жіберді. Шеркес Қали ырғып, Ыбы-

райымның үстіне қонып қалды... Сол сол-ақ екен, үй іші сарт-сұрт төбелес болып кетіп, тас-талқаны шықты. Ыбырайым жағындағы оқушылардың, алыпсатардың әркайсылары әр жерден ұмтылып еді, әлекедей жаланып тұрған қызу жігіттер оларға қолды қойып беріп, құстай түтті де салды. Жігіттердің бәрі әлуетті, өңшең қарулы жүкшілер. Жанжалды қыздырып Газбекқаралар білек сыбанып ақырғанда Белгібайлар іннен інге тығылды. Үйде лампы құлап, ыдыс қирап, қымыз төгіліп, әптер-тәптері шықты. Тепкіден дендеп жығылған Ыбырайымды Шеркес Қали қораға сүйретіп алып шығып айдың ала бұлт жарығында «бауыздаймын сені!» — деп, Кавказ қанжарын жалақтатып еді, Ыбырайым:

— Ради бога! Ради бога! — деп Шеркес Қалиды құшақтап безек қақты. Кәмеш ағатайлап қанжарға оралды. Жігіттер Ыбырайымды сілейтіп тастап, жүріп кетті. Жүрерде жігіттерге «кетіңдер!» деп жалынып жүрген Кәмешті Шеркес Қали ұстап тұрып:

— Сенің жайыңды білемін, егер осы жанжалдан кейін сенің мынау мырзаң бізге үкіметін жұмсайтын болса, оны да, сені де осы қанжармен қандап кетемін... Өлмей кетсе мынау жатқан итіңе осыны айт! — деді де жүріп кетті.

«СӨЙЛЕ!»

Сатан Тәуке талаудан кейін Құсайындармен бірге Жетісуға жеткен соң Шаяхмет байдың қой басына қойылған. Байдың қойы қыстай Көпірлі деген жерде қыстады. Сатан сонда үш қостың үстінен қарап, ат үстінде жүретін қосбасшы болды. Қыс қысылтаң болмай, қар аз жауып, қойлар қыс бойы қара жерге жайылып шыққан. Жаз шыққан соң Жетісу байларының әдеті бойынша Қоянды жәрменкесіне айдалған малмен Сатан Арқаға қайтып, байдан кетпек болған. Оған бай «тағы бір жыл жүр» деп еді, Сатан:

— Осы байға жүру дегенді енді қояйын деп тұрмын, Шайеке! — деген соң Шаяхмет бай да:

— Ықтияр! — деп босатып жіберген. Қоянды жәрменкесі тараған соң Сатан ел ішінде отыра алмай, не де болса ұзанқырап қызметке кетуді ойлады. Оған кетуге бірден-бір жол — жылда жәрменке артынан пайда іздеп қала-қалаға жосылатын ел жігіттеріне ілесу еді. Сатан да осы Қоянды

қайтқан байлардың жүгіне жалданып, Омбы қаласына жетіп қалған болатын. Қалаға келген соң ол тура қаракесек жігіттерін тауып, Шақшайлармен қостас болып жүргенде осы Шеркес Қали, Нұраділдерге кездесті. Бұлар оны өз қасына алып, жұмысқа орналастырды. Сонан бері Сатан Шеркес Қалилармен бірге жүріп, бірге жатады.

Сатанға осы екі жолдасы аса ұнады. Ол қалада жүрген жігіттерді Шеркес Қалилардай деп ешқашан да ойына келтірген емес-ті... Сатанның ойынша: қаладағы қазақ жігіттері — жуликтеу, уәдесіз, құмарпаз, арақ ішкіш бұзық — ана Шақшайлар сияқты болады. Көбінесе қалаға келіп бұзылған жігіттерде бауырлық, жолдастық деген мейірім болмайды: арақ үшін, ақша үшін қасындағы жолдасын сатады. Сатан ел ішінде жүргенде қалаға кеткен жігіттерді, қаланың тұрмысын осыдан бөтен деп ұғынған емес.

Ал Сатанға мынау бірге тұрған екі жігіті тіпті олай көрінбейді. Өздері таза, уәдешіл, жолдас десе жанын қияды. Таза жүреді, таза тұрады. Алатын ақшасы да берекелі, киетін киімі де алуан түрлі, жұмысқа барса жұмыс киімін киіп, майлық-сулық болып жүрсе, мейрамға, серуенге жүрсе, төредей болып киініп шыға келеді. Әсіресе Сатанға Шеркес Қали ұнайды. От өтімді, ақылды, жайдарылығының үстіне адамшылығы мол, ары күшті. Өзі өзгедей ұсақ-түйектің жігіті емес, не болса да іріге ұмтылады. Оның шығарған жанжалы да көбінесе ұсақ-түйектен емес, көпшіліктің басына байланысты әңгімелерден туып жүреді. Ондай жерге келгенде ол жігіттің ері. Шешініп түседі. Жанын көптен аямайды. Жігіттердің жұмысын орындағанша асығады. Ал бірлі-жарым жігіттердің мұң-мұқтажы болса, шамасы келгенше жәрдем беруге тырысады. Сатанның өзін де осы Шеркес Қали Шақшайлардың артелінен айырып, өз қасына алды ғой. Шеркес Қалидың бұл жолдастығын Сатан өлсе ұмыта ма?

Бірақ Сатан Шеркес Қалиды осы жақында ғана көрді. Онан бұрын мұны көрген емес, естіген де емес. Сатанның Шеркес Қалидың нағылған адам екенін білгісі келеді. Әсіресе Сатанға Шеркес Қалидың қалаға қайдан келгені, қашаннан бері қалада тұратындығы, кім-кімдерді білетіндігі қызықтырады. Сатан осы сықылды Нұраділді де білуге қатты құмар. Бірақ сұрауға қисындата алмай жүрді.

Бір күні Шеркес Қали көрші татардың тоташымен бірге ноғай спектакліне кетті. Сатан мен Нұраділ үйде қалды. Сатан Нұраділмен сөйлескісі келіп Нұраділден сұрады:

— Сен Шеркес Қалимен қашаннан жолдассың?

— Жолдас болғаныма төрт жыл. Оны мен Семейден бері білем. Біз сонда таныстық. Сонан кейін екеуміз қайда жүрсек те біргеміз. Жаман жолда жар болып, жартымызды жарып, бүтінімізді бөліп жескен серікпіз. Шеркес Қалидың басы жас болса да көргені көп, еті тірі, өзі ержүрек, адамшылығы басым, аяулы жолдасым, — деп Нұраділ мақтай жөнелді.

Нұраділдің бұл сөзі Сатанды онан әрі қызықтырды. Ол Нұраділге Шеркес Қалимен таныстырып, екеуінің әңгімесін сөйлеуді сұранды. Нұраділ Шеркес Қалиды таныстыру үшін әңгімені әріден қозғауы керек болды да:

— Сөз ұзап кетер, — деді.

— Сөйле! — деді Сатан.

ӨРТ

Осыдан жеті жыл бұрын Қарқаралы дуаны, Дегелең болысының жеріндегі қоңырқай адыр-бұдыр, қараған, тобылғы бадал қалың біткен таусымал жердің бетінде бір қора қой жатыр. Шілденің ыстық уағы. Ел қозы қырқып, қой суалуға айналып, сүті қоюланған. Шаруа пішенін шауып алып, енді егінге орақ саламыз деген уақ. Таудың балдырғаны сар құлақтанып, бетегесі сарғайып, шақпақтың қуындай кудырап қалған кезі еді. Теріскей беттерге біткен бозқараған, боргөз, тобылғы сияқты бұталардың бадалы қалың. Арасына кіріп кеткен құрттаған қойдың табылуы қойшыға бір ақырзаман. Қой ыстықтан солықтап, жазылып жайыла алмай көбінесе үйездейді, бадал-бадалды сағалайды.

Қойдың шетіндегі тастақтау жерде түтін бықсиды. Маңайда жан адам жоқ, тек қоңыр саулықтың желініне төпелеп, саптаяққа сауып отырған қойшы бала ғана көзге түседі. Осы жатқан бір қора қой Сүлеймен дегендікі. Мынау бала қойшы бұл қойды екі жылдан бері бағады. Бұл бір қырқым жатақтың баласы.

Қырқым жатақ дегенді саған түсіндіре кетейін. Ол осы Сүлеймендер отырған жайлаудан күндік жерде көшпей жататын жатақтар. Олар қырық-елу үй. Осы жатақтардың бір ат, бір бұзаулы сиыр, бес-алтылаған ешкісі болса — ол

«бардам» үй саналады. Көбінде ол да жоқ. Оларда Сүлеймендер жайлап отырған жайлауға көшіп оттатарлық мал болмайды. Жатақтарға көшудің, жайлауға шығудың қажеті шамалы. Жатақтар жаз шығысымен бір жерге жиыла қонады да малдарын қосып, бір табын қылып бағады. Сонда қырқым жатақтың табыны ешкі мен сиыр болып шығады, жалғыз-жарым шолақтары арқасын ер босатса кісенмен оттайды.

Ал осы жатақтардың істейтін кәсібі — пайда іздеу. Әр үй әр түрлі жолмен жан сақтайды. Көбінесе жатақтардың жас жалшылары малды ауылдың қой-қозысымен кетеді де, әжетке жараған жігіттері Ертістен өтіп, Сібірге қарай жосиды. Іздейтіні пайда. Қала-қалаға сіңіп кетеді.

Өзің білетін доңыз жылы жаздай жерге шөп шықпай, қыс сұрапыл қатты болды ғой... Сонда осы ел ақсүйек болып жұтады. Ол кезде осы жатақ болатын адамдардың көбі-ақ недәуір малды адамдар еді. Бұларды қаһарлы қыс тақыр жерге отырғызды. Ел ашықты. Жан далбасамен осы қырық үйдің адамы қол ұстасып, Ертіске құлап кетті. Тамақ іздеп тентіреді. Әжетке жарайтын адамы Сібірге сіңді. Сонда қырық үй малсыз бір жерде шулап қала берген. Міне, сонан бері осыларды ел «қырқым жатақ» атандырған. Міне, сол қырқым жатақ ешқайда кеткен де жоқ. Сол орында әлі отырып келеді. Істейтін кәсібі жоғарғы айтқандай.

Міне, таудағы Сүлеймен қойын бағып, қоңыр саулығын сауып отырған жұқа қабақ қара бала сол қырық жатақтың бір үйі — Тұздыбай деген кісінің баласы.

— Ал, қош! — деді Сатан.

— Сен жақсылап тыңда, бұл әңгіме бірталайға созылады, — деді Нұраділ.

Екеуі де бөз қалтаны ақтарып, махорке орасты.

Қойшы әр қойдың артынан бір шоқиып отырып, қайқайма саптыаяқ сүт сауып алды. Қорғасын сықылды қою сүтке саптыаяқты мөлтілдетіп, бықсып жатқан оттың басына келді. Қойшының тезек шоғына көмген тастары талауратып, әбден қызған екен, тобылғы шыбырымен қызған тасты қысып алып бала қойшы тастың күлін үрледі де саптыаяққа тастап жіберді. Саптыаяқтағы сүт быж етті. Буы бұрқырап бүлк-бүлк қайнады. Ол тағы бір кесек тас салды. Сүт қайнап көпіріп, саптыаяқтан тасып төгілуге айналды.

Қойшы қималы қасықпен сүтті сапырып, пысылдап іше бастады. Шіркін, қойшының бір сүйген асы қорықтық қой! Шөптің буыны қатып, қозының жүні қырқылған уақыттағы қойдың қорғасындай қоймалжың сүті қойшы таңдайына бал татып, мандай терді шып-шып шығарды.

Бала қойшы сүтке шеміршектеді. Анда-санда сұқ саусағымен самайдан сорғалаған терді бір сыпырып тастайды. Айдала, тойған қойшының төсі жайлау, төбесі қыстау болғандай. Еділ мен Ертіс болып кекіріп қойды. Сүттің тоғын басып, қойшы саптыаяғын жанына байланды. Қойшы бір шөлкемдеп, қараған көлеңкесіне жантая кетті. Үйқтап қалып қойға қасқыр шаппаса не қылсын?..

Бала қойшының көзі ілініп барады екен, ешкілер пысқырынып, үйездеген қойлар үрке жөнелгенде оянып кетті. Басын жұлып алды. Жалма-жан көзін ашса, аспан қап-қара түтін, жер қып-қызыл жалын болып кетіпті. Енді болмаса өрт қойды қамап, қойшыға ұмтылуға қалған екен...

Бала қойшы шошып кетті. Тұра салып олай бір, бұлай бір жүгірді. Жерде жатқан бешпентін бір қолына алып, саптыаяқты бір қолына алып, өзіне таяу келіп қалған өртті сабалап көріп еді, өрт өшпек түгіл өршіп кетті. Қайта бешпентіне от жабысып, үстіне ұшқын шашырап, өзі күйіп қала жаздады.

Жан-жақты қап-қара түтін басты. Түтін астындағы қараған, тобылғы, боркөздердің бадалы патырлап жанып, аспанға лаулады. Күн шілдесі жаздай қақтап, шақпақтың қуындай тұтанғалы тұрған құқыл бетеге аз ғана желдің лебімен отты жан-жаққа әлдеқашан алып қашып кетіпті. Қаулаған өрт, заулаған от көптен жауын тамбаған құ далаға ойнақты салып берді. Қарағандар бытырлап, тобылғылар шытырлап, шөптер от шалғысына шабылып, жыланшаян шырылдап, бақа-қоңыз құрылдап тауды-тасты өрт алды. Ойнақ салған өрт жан-жаққа қанатын жайып, қойшыны қуып, қойды қамауға айналды. Бала қойшының ойына қойды өрттен құтқару түсті де айдалада жалғыз өзі сасып, шырылдап, әрі-бері жүгірді. «Өрттен желге қарсы қашса құтылады» деген ауылдан естігені ойына түсіп, жалма-жан қойды бешпентімен сабалап, желдің лебіне қарай қуалады.

Бала қойшы өлдім-талдым дегенде өрттің деңгейінен қойды айдап шығып, артына айналып қарады. Өрт жер-

дүниені алған екен... Өрттің түтіні қап-қара болып тулап бүтін аспанды алып кетіпті.

Өрістегі өрттің түтінін көрген жайлаудағы ел аттысы атты, жаяуы жаяу жабыла өртке ұмтылысқан болса керек, өрт маңы қара құрық, кісіге толып кетіпті. Бақан, құрықтың басына сулы киіз, малшынған тулақтарды байлап, бірсыпыра кісі «аруақтап» қойшының қасынан өртке қарай шауып өтті. Қойшы көзінің жасын сүртіп қарап, шауып бара жатқан көк аттының Сүлеймен екендігін де танып қалды. Сол күні кешке шейін қойшының алды-артынан өртке қарай топ-топ кісі шауып жатты. Кешке шейін өрт шыққан жақтан қара түтін басылған жоқ...

* * *

Күн кеш болған соң бала қойшы қойды ауылға әкелді. Ауылға бір жақтан қой келгенде, екінші жақтан саулап өрт сөндірген кісілер де қаптады. Олар келе Сүлейменнің ауылында аттан түспей иіріліп тұрып алысты:

— Өрт сенің қойшыңнан кетті. Қорықтық қылған орны жатыр. Жер біздікі, қыстауымыз еді, бұған не айтасың? — деп қисық ауыз Мерген деген көк шал шатақты бастап тұрып алды.

Сүлеймен кісілердің алдына бала қойшыны шақырды. Күн ұзын көрмеген сұмдығын көріп дегбірі қалмаған қойшы бала, айыпты кісі болып, сұқ қолын аузына салып ақсақалдардың алдына келді. Сүлеймен ат үстінде еді:

— Өртті кім жіберді?

— Білмеймін.

— Қорықтық істеген кім?

Қойшы үндемеді. Үндеп «мен істемедім» деп тану деген бала қойшының ойына да келмеді. Мынау қаулап тұрған кісінің барлығы да күні ұзын оған өрт сияқтанып, бәрі көріп келіп тұрған куә тәрізденді. Жапса жасырылмайтын ұрлық екеніне көзі жетіп, ұрыны ұстағандай болған соң Сүлеймен атты борбайға бір салып жіберіп, қойшыны бастырып берді. Бала қойшы бажылдап, ағатайлап, безіп жөнелді. Сүлеймен мінген көк ат қашқан баланың адымын ашырмай бауырына басты. Баланы өкшелеп, ішіп-жемге қоймады. Сүлейменнің жезді қамшысы жыланша оралып, бала қойшының мойнына шып-шып етті. Бала ағатайлап, аттың

омырауына тығылып еді, көк ат өкшесін басып қалып, бұрақ еткізіп бала қойшыны жерге жықты. Жиылып тұрған кісіден бір шал шауып келіп, Сүлейменнің атын басқа бір салып, баланы арашалап алды.

Сүлеймен өрт сөндірген кісілерге мал сойып, қонақасы берді.

— Құдайдың қазасы, қас қылғанымыз жоқ, қойшы итке біз қорықтық істе деп айтпағанымызды өздеріңіз де білесіз... — деп жалынып-жалпайып аттандырды. Өртенген жерге іші күйіп, өртеніп бара жатқан анық жер иесі жоқ та еді. Күні ұзын өртке шауып, аттары терлеп, өздері қиналған қазақтар Сүлейменді мойындатып, «жазықты» қойшыны сабатып, малын сойдырып, ет жеп, сорпа ішкен соң жайжайына тарап кетісті.

ӨЗ ҚОРЛЫҚТАН — ЖАТ ҚОРЛЫҚ

Күн шашырап шығып келе жатқанда арық торы байталға мініп, білегіне құрықша ілген бала қойшы кешегі өзі өртеген жерге жетті. Кешегі күні қойды алғаш әкеп салғанда самсап тұрған қараған, боргөз бадалы бүгін жым-жылас болып, үйткен қойдай тыңқиыпты да қалыпты. Сай да, дөң де қап-қара күйік. Кешегі өзінің қорықтыққа салған көк шұбар тасы қаспақ-қаспақ болып жатыр. Кешегі өзі көлеңкелеген бір шоқ қарағаннан бір тал жоқ, тек бір уыс болып көмірі ғана қалыпты. Қойшы мұның бәріне бір қарап, торы байталды тепектей тебініп арман қарай асты.

Қойшының келе жатқаны тау мен етектің арасы. Сүлейменлер отырған жайлаудан жатақтар отыратын жердің арасы салт атқа шалқар бір күндік жер. Қырқым жатақ — қойшының ауылы жаз шыққан соң және пайдаға жақын деген ниетпен Кемпір атты бекетке таман тартып қонған еді. Бұл осы екі араны және бір көш жерге алыстатқан болатын.

Бала қойшы Сүлейменнен қашып келеді. Ол кешегі тақыятты кек көрді. Ол таяқ бұдан былай қойшы басына әруақытта ойнап тұратын сияқтанды. Ол түнімен осыны ойланып, не де болса осы ауылдан кетуге бел байлап, таң күзеткен еді. Таң алдында Сүлейменнің ойдағы егінде қалған бір кедей мініп келген торы байталды ерттеп мініп, күн шықпай ауылдан кетіп қалған беті осы.

Қойшы бала өртті жерден өткен соң торы байталды қузап жүрмекші болды. Ол үшін, бір жерге түсіп мойнына кеткен ерді кейіндетіп, артқы айылын жуан қарыннан тартты. Байталдың шылбырын шешіп, өзінің кеудесін шағып алды. «Алыс жолға ат үстінде жүргенде кеудесін таңып, ішін шағып алған адамды ат соқпайды» дегенді әкесінен бір естіген еді. Қойшы баланың енді оны өзі істеуге тура келді. Сөйтіп, ол торы байталға мініп, қузай қамшылап, жедел тебініп, жүріп кетті.

Екі орта елсіз. Лаққан ит жоқ. Әсіресе Шаң дейтін жер тіпті қауіпті. Бұл жазды күні ел болмайтын, анда-санда бұзылған қыстауы бар, қара тастақ тау. Осы жерге көбінесе ұры бекінеді. Әсіресе жан-жақтан мал тартып, керуен талайтын Тобықты ұрыларының бір соқпалы жері осы. Көбінесе мұнда елдің ертегідей сөйлейтін талаушы ұрылары Мәди, Жайсаң, Тәуке, Самалықтар. Әсіресе мына қойшының естіген қорқыныш әңгімелері Тәуке, Самалықтікі. Олардың даңқы жер жарады, олар жәрмеңкеден қайтқан талай керуенді осы жолда шулатқан. Міне, сол Қыз Жібек жырындағы Бекежан бекінетін Қособаның көлі сықылды жау жататын қауіпті жерге торы байталды бұрандатып қойшы келе жатыр...

Қойшы Шаң шоқысының басын көргенде, көбінесе ол осы Қособаның көлін, Бекежан, Төлегенді, Тәуке, Самалықты, торы байтал мен өзін ойлап келеді... кенеттен оның ойы өзге бір жаққа бұрылды:

— Анау Шаң шоқысы... Қандыбалақ ұры бекінетін қағынған жер... Егер онда ұрылар жатса — олар мені көптен қарауылдап көріп отыр ғой. Мені жақындасын деп отыр-ау, ә?.. Мені көрсе өлтіреді ғой... Өлтіргенде мені осы торы байтал үшін өлтіреді-ау... Мен жалғыз өзім, жаспын, айдала, оларға не қыламын...

Осындай ойлар қойшының басын әнкі-тәнкі қылып келе жатқанда, тағы бір ой төтеннен кимелеп кетті!

— Жоқ-ау, әлі мен неге қорқам?.. Мені көргенде ұрылар маған не қылады?.. Ұры менің неме қызығады, немді алады? Ұрылар мені өлтіріп тонағандай менің үстімде малынып тұрған киімім, астымда шұлғып тұрған атым қайсы?.. Мынау арқасы жауыр ыңыршақ торы байталды мал деп ұрлар қызыға қояр ма екен? Қызығып менен алса да, осы бай-

тал олардың жетегіне жарар ма? Жоқ, мен жүз ойлансам да жолыққан ұрыдан қашып құтылып, қайрат қылып жеңе алмаймын. Неде болса, көрінген ұрының өздеріне барам. Сәлем берем. Олар да біздің ауылдың жігіттері сықылды кісілер шығар. «Мен баламын, байдан қашып келемін» деймін... Мейлі, байталымды алып кетсе де, азықтарыңнан беріп кет деп жалынармын, тәуекел!.. — деп қойшы Шаңның шоқысының деңгейіне келді. Шаң шоқысындағы ұрының қарауыл жатады дейтін қауіпті Қызылмола, Саршоқы деген жерлеріне таянды. Байтал болдырып, аяғын сүйрете басады. Ол таулы жерге келген соң өрлеуітке шыға алмай әбден қалжырай бастады. Енді не қылса да, байталды суғарып, шалдырып алмай жүре алмауына көзі жеткен қойшы бұлаққа бұрылып, байталын суарды да тұсап отқа қойды. Өзі жанжаққа қарайыншы деп Қызылмоланың биігіне шықты.

Қойшы Қызылмолаға шыға келіп еді, топ шоқының жығылар бауырынан түтін шығады. Адам дабырлайды. Қойшы қорқып бұға қалады... Аз отырды да: «Бәрібір байталға мінген соң мені көреді, мен құтылуға жол жоқ», — деп қайтадан түрегелді. Мұны көріп қойды. Көріп қойған адамдар абыр-дабыр келіп, олай-бұлай жүгірісті. Бет-бетке жүгіріп, қойны-қонышына тас толтырысты. Қойшы қорқа-қорқа соларға қарай аяндады...

Олардың қосы ойда екен. Өздері шоғырланып жиылысып алды да, келе жатқан қойшының алдын тосып тұрып дыбыс берді:

— Жақындама, өлесің!

Қойшы қорқып тұра қалды. Олар тағы дыбыс берді.

— Елмісің, жаумысың?

Қойшы оған жауап қайырды:

— Мен жау емеспін, кісімін.

— Нағап адамсың?

— Атым болдырып жүрмей келе жатқан жолаушымын.

Сонан соң кісілер қойшыға қарай бірте-бірте жақындап, қасына келді. Жөн сұрасты. Жайын анықтап, жатақтың баласы екенін білген соң ертіп қосына алып келді. Бұлар қос-қоланы, азық-түлігі бар, ортасында бір көлігі жоқ өңшең жаяулар екен. Далада ет асып, шай қайнатып, дамылдап жатыр екен. Бұлар елден шығып, Ертістен өтіп, кәсіпке бара жатқан шаншар, жалықпас деген елдің пайдашы жігіттері

болып шықты. Ішіндегі ақсақалы Боранқұл деген балуан баланы өз жанына отырғызып, шайға қандырып, етке тойғызды. Ол қойшыға:

— Біз сенің аулыңның үстімен жүреміз, бірге жүр, біреумиреу жазым қылар, — деді.

* * *

Тамақтанып дамылдаған соң, жігіттер жүрмек болды. Отқа қойылған торы байтал да суға қанып, шөп жеп, аунаған соң қылаң ұрып, құнап қалыпты. Жігіттер жүктерін арқалап, жаяу керуенді шұбатып, баланы ішіне ала жолға шықты. Сол күні жігіттер екі етегін қамшылап, түздан қайтқан жарау түйелердей шырт аяңға салып отырып, елдің көзі бір ұйқыға барды-ау дегенде қырқым жатақтың ауылына келді.

Келсе қойшының әкесі де Белағаш жаққа тау бітік қылып кеткеннен сол күні ғана келіп отыр екен, бала қойшыға әке-шешесі қуанып, шұрқырасып қалысты. Қойшы жердің өртенгенін, жеген таяғын сөйлегенде солқылдап жылап айта алмады. Шешесі мойнынан құшақтап, бетінен сүйіп, көйлегінің жеңімен баласының көз жасын қайта-қайта сүртті.

Бала қойшы үйіне келіп «yh!» деді. Оның әкесінің аты Тұздыбай. Үй өміріне өзіне өзі түгел жетпеген үй. Тұздыекеңнің үйінде алты бала. Оның әжетке жетіп, жалшылыққа жарағаны екеу-ақ. Оның бірі — осы қайтып келіп отырған Мәмбет. Мәмбеттен үлкен баласы орыста малай. Онан кейінгі ұлы-қызының барлығы да шиеттей жас балалар. Осы балаларды асырау, борыш-қарыштан құтылу, шаңырақ ақша төлеу — барлығы да Тұздыекең мойнында. Тұздыекеңде бір ат, бір бұзаулы сиыр бар. Бұзаулы сиыр осы үйге жаздай көк шалап болады. Тұздыекең өзі үйде отырмайтын түз адамы. Көбінесе істейтін қарекеті — Ертіс өтіп ел аралайды. Аздап тәуіптік істеп, құмалақ салып, тамыр ұстайды. Түрлі шөптің тамырынан қазып алған арала, құмжеміл, жемжеміл, можы, күшала сияқты толып жатқан түйіншекте дәрі-дәрмегі болады. Осы дәрі-дәрмегін іске асырып, қай түрлі ауру болса да Тұздыбай қарсы ем қылып жатады. Тұздыбай ем-домын көбінесе Ертістің ар жағындағы егін салатын елге істейді. Өйткені қысқа қарсы үйіне уысты құлақ астық жинап алу керек... Тұздыбай үйі түн-

делетіп пайдашы жігіттерге бір лағын сойды. Оның бір жағы — мынау жігіттерге қонақ асы болса, екінші жағы — Мәмбеттің аман-есен келуіне айтып сойған малы еді. Жігіттер лақты өздері сойып, отқа құйқалағын пісіріп, өз қолдарынан асып түсіріп, жасап жесті. Жолшыбай шаң қауып, жел жалап келген жігіттер аузы қызылға тиіп, бір-бір аяқ сорпамен қайқайысып алды да, таң алдында жантая-жантая кетісті.

* * *

Таң атты. Жігіттер жүрмек болды. Тұздыбай отағасы Боранқұл балуанның тізесіне қолын қойып отырып:

— Азаматтарым, мен сендерге ырзамын! Баламды жауға алдырмай, қасқырға қалдырмай аман-есен үйге әкеп салғандарыңа... Бұл бала Сүлейменнен шығып келгенде үйдегі шалапқа қалай ортақ болып отыра алады? Онан да құдайға, сендерге аманат деп өздеріңе қосамын... Сендердің шайларынды қайнатса да өз тамағын өзі тауып қайтар, — деді.

Бұған Боранқұлдар көніп, өздері бара жатқан жолдың жұмысына Мәмбетті де ертіп кетті. Мәмбетті әкесі түстік жерге шейін шығарып салып тұрып:

— «Өз қорлықтан жат қорлық жақсы». Жолың болсын, бар, балам! — деп батасын беріп қала берді. Жігіттер жүріп кетті.

ЕҢБЕКТЕН — ДӨҢБЕК

Барнаулдан Алтайға қарай салынып жатқан жол, жыныс ағаш, боз дала, бұталы дөңдердің ойын тегістеп, биігін бұзып жатқан жұмыста жігіттер ашты-тоқты істеп жатыр. Мәмбет, Мардандар кірген артельде қырыққа таяу жігіт бар. Екі қос. Қызыл құмайт жерге біткен қалың қарағайдың ішін аралап жатқан құр арнаның мүйістеу жерінде жігіттердің қосы. Жігіттер он бес күннен бері осы арада істейді. Жол төсегіне төсейтін қайыршақ топырақты осы арадан қазып, вагонге тиеп жатыр.

Жігіттер жататын жері жұмыс басынан екі шақырымдай қашық, қабақ-қабақтан қазып паналаған жеркепелер. Мәмбет бүгін қоста қалған. Жігіттердің жеркепелерінің алдында үлкен ағаш мосыға асқан қара бақырдағы су шы-

мырлап қайнап келеді. Оның астындағы отты сыра түсіп, Мәмбет жамбастап жатыр. Жігіттердің жұмыстан кешкі қайтуына қара шай қайнап, қарсы алу керек. Мәмбет үлкен қара бақырдың астындағы отын қағыстырып жатып, ойымен әлдеқайда жүр: «Біздің үйден хабар болмай кетті-ау, әкем байғұстың келіп қалатын уағы да болды. Ол мені сағынып келмесе де борышы қуып бір күні келіп қалар. Сүлеймен қажы біздің үйді не қылды екен? Әкем байғұсты ауылнайға айдатып алып, балаң байталымды ұрлап кетті деп күйдіріп жатыр ма екен? Ол тіпті пәлендей қой-қозымды жоғалтты десе де қолынан келіп тұр ғой... Оны ма, оны істеуден Сүкең қажы құдайынан қорқа қоймас... Мейлі. Бірақ мен Сүлейменнің есігінен шығып кеткеніме шүкіршілік қылам. Мұным жақсы болды. Егерде мен онда осы күнге шейін жүре берсем?.. Егерде жер өртенбесе? Егерде ол мені ұрысса да мен қашып кетпей қалып қалсам? Не болар едім? Не болсын, мен баяғы Сүлейменнің қойын бағып жүре берер едім. Міне, мен бүгін өзге жігіттермен бірге жұмыс істеп жатырмын. Тегі, «талапты ерге нұр жауар» дегенді әкем байғұс аузынан тастамаушы еді. Сол рас қой. Әлі осы «нұр» деген не екен? «Оттың нұры». «Күннің нұры» дейді... «Жарығы» деген сөз болуы керек. «Жарық», «қараңғы» — бұл екеуі «күн» мен «түн» емес пе? Ендеше талап қылған адам қараңғылықта қалмайды деген сөз-ау, ә? Рас-ақ. Ендеше мен бұдан былай ылғи талап қылам. Өнерге ұмтылам. Өнер демекші — өнердің бәрі орыста екен ғой. Мынау қалаларды сап, телеграмды жүргізіп, осы шойын жолдарды салып жатқан — бәрі де орыстың өнері емес пе? Өнерпаз боламын деген жігіт, алдымен орыс арасына кіріп, орыс тілін білуі керек-ау. Мен де осында келгелі бірнеше сөзді біліп қалғам жоқ па? «Кілеп», «бада», «земля», «малаток» тағы талай сөз білем. Сүлеймендікінде жүре берсем не білетін ем? Сол қараңғыда қала беретін едім. Мынау шойын жол бойы Дегелең жеріне қарағанда әлдеқайда жарық, әлдеқайда «нұр» емес пе? Қазір жер көріп, ел танып, кісі санатына қосылып қалғам жоқ па? Өсте-өсте адам болып кетуім алыс емес. Жолдастарым Боранқұлдар да аяулы адамдар екен! Мені өз бауырындай аяп, жан ауыртып жұмсағысы келмейді. Мен де Боранқұлға әбден сенем. Тілін қайырмай, үкідей ұшып тұрамын. Қайтсін, бәрі де табан ет, маңдай терімен күнелткен қызыл сирақ кедейлер ғой байғұстар. Бұл

байғұстар таңның атысы, күннің батысы жұмыста. Жадырап ішер тамағы, жайланып жатар төсегі жоқ. Буларды топырлатып айдап жүрген кедейшілік. Бейшараларды борыш қуып жүр. Артымыздан ауылнай келіп, алғанымызды сыпырып әкетеді ғой деп зыр-зыр етеді. Қайтсін, сорлылардың өмірі сонымен өтіп келеді... Бірақ өздерінде от көп. Тіпті жасымайды. Аштық, жалаңаштық, жоқшылық ойына келмейді. Әр талапты адам осылар сияқты болуы керек. Мына Боранқұлдар тәрізді болса... шіркін жарлының жайсаңы, талабы таудай, бірақ бағы жоқ... бағы жоқ...»

От басында осыны ойлап, өзінен-өзі сөйленіп жатқан Мәмбет жанына біреу келгенін сезбей де қалып еді. Мардан иығындағы күрегін жерге тастай берді де «уһ» дегенде жерді солқ еткізгендей болды. Өзі Мәмбетке таяу отыра кетті. Бет-аузы топырақпен араласып, қап-қара болып түтігіп кетіпті.

— Шаршадың ба, неге ерте қайттың? — деді Мәмбет.

— Құрысын бұл тіршілік!

— Неге кейіп келдің?

— Құрысын бүйтіп көрген күн! Ертеңнен кешке шейін итше салпақтап жүреміз, сонда да еңбегің еш, тұзың сор.

— Біреу ренжітті ме?

— Кәрім көрмегенді көрсетті. Өзімді бұзақы деп шағыстырып, қарауылшы солдатқа ұрғызды.

— Неге шатақтастыңдар?

— Не деген шатақ? Тұқ шатағым жоқ. Менің күнімді кемітіп жазыпты. Соның ақшасын сұрап едім, көп жігіттердің көзінше жер-жебіріме жетіп, бұлан-талан болғаны.

— Өзі қайда кетті?

— Приемщиктердің шатырына қарай кетті.

— Ендеше сені жұмыстан шығарады де де қой...

— Шығарса қайтемін, шығарсын! — деді. Түбі Қарқаралынікі, Семейде тұратын сары шұбар Кәрім осы жігіттердің подрядчигі. Ол жаздың мұрнымен келіп, осында ілінген. Өзі алыпсатар. Бірді бірге сапырып, сатырлатып сауда істейді. Өзіне пайда түсетін жерге әкесі болса да сатып жібереді. Семей мен Барнаул арасындағы ерсілі-қарсылы өтіп жататын сауданың қазақтан шыққан жұлымыр алыпсатары — Кәрім, жол жұмысына жабысуды үлкен пайда деп орналасқан. Бір жағы пайда іздеп келген қазақ жігіттерін арзан жалдап, жол жұмысынан напақа тапса, екінші жағынан жол жұмысын жапсарлап сауда жүргізуге пайдалы деп есептеген. Сол есеппен Кәрім подрядчик шойын жол төсегіне тасылып жеткізілетін қайыршақ топырақты тұтасымен көтеріп алып, жігіттерді өз қолына қаратып алған соң бір шылқа майға тұмсығы тиген. Бір жағынан саудасын істеп, өз адамдарын жан-жаққа таратып, жүктерін жүргізіп жатады. Сөйтіп, мұның жатқан қосы Қоянды жәрмеңкесінің бір шетіне ұқсайды. Өзі тілегенінше әр жігіттің күнін кесіп, жұмысқа сайлады. Жігіттердің күндікке алатыны аз. Оны «аз» дегенге «ықтияр, аз десең істеме, көп беретін жұмыс тауып ал» дейді. Жұмысты күндіктеп берген соң — подрядчик мейлінше қысады. Таң қылаңнан тұрғызады. Қас қарайғанда қайтарады. Жігіттерді қуып, жұмысқа айдап тұратын қарауылшылары бар. Десятник, подрядчик, приемщик, конторщик, тағы талай «щиктердің» табысы жұмыскердің үстінде. Олардың ішкені арақ, ойнағаны карта, алғаны пара... бір жағын сауда, бір жағын жұмысқа, әкімшілікке сүйеп, сорлы халықты талап жатқан бір топалаң жер. Жебірлердің үстінен жігіттерге арыз беріп, сөз алатын жер жоқ. Ондайдың бірлі-жарым бола қалғаны арыз иесін көп шығынға батырып, аяқсыз қалады. Осындай күйден пайдаланып, Кәрім пайдашыларды қан қақсатады. Мына Марданның бүгін Кәрім қорлығын тартып, үнлеп отырғаны сол.

Осылай мұндасып отырған Мәмбет пен Марданның үстіне подрядчиктер жетіп келді. Кәрімнің қасындағысының бірі приемщик, бірі қарауыл солдат. Бұлар құла атқа жеккен дрошкені салдырлатып келіп, жігіттердің қасына тұра қалысты. Қасындағыларға Кәрім:

— Міне, осылар. Жұмыстан қашып келіп отырған бұзықтар, дереу айдап жүріңіз! — деді.

— Әйда! — деп мойнына қылыш салған солдат жігіттерге таман жүрді. Мардан томсырайып жұбап қатқан жоқ. Мәмбет Кәрімге бажалақтап:

— Кәке-ау, бұ не қылғаныңыз? Мен қашып отырғаным жоқ, мені жігіттер қос қарауылға тастаған еді.

Кәрім онан әрі көкіп кетті:

— Оттама, иттер! Нағылған қарауыл? Қарауылдайтын қандай қазынаң бар еді. Істегің келмесе ертең расчетынды берем, бүгінгі күнді өлтірмей, әйда!..

Жігіттерге одан әрі сөз қалған жоқ. Не «бармаймыз» деп қарсылық істеу керек, не жүру керек. Осының қайсысын қыларын білмей, сазарысып біраз тұрысты да, айдаушылардың алдына түспеуге шарасы қалмады. Мәмбет бақыр астындағы отты күлмен көміп, белін буынды. Мардан жерге тастаған күрегін алып қайтадан иығына салды.

ӨШТЕСТІРГЕН ӨМІР

Келер кешінде Нұраділ мен Сатан кешегі әңгіменің аяғын көшеге алып шықты. Көшенің бас-аяғына ерсілі-қарсылы жүріп тағы әңгімелесті.

Мәмбет жігіттермен бірге шойын жол жұмысында екі жаз, бір қыс жүрді. Ол бұл жүрісте ел түгіл, өзінің үй іші де ойына аз келетін болып, түздің дәміне әбден үйір болды. Жұмыстағы жігіттердің арасы Сүлеймен аулындағы жалшылықтан, не қырқым жатақтың ортасындағы жоқшылықтан әлдекайда қызық, әлдекайда еркін көріпті. Боранқұл да Мәмбетті Тұздыбай отағасының тапсыруымен қанатына алып, қорғап, өзінің көзіндей күтіпті. Ақысын ешкімге жібермепті. Ақшасын шаштырмапты. Жылында екі уақ әкесі Тұздыбай да артынан іздеп келіп баласының тапқан ақшасын жинап, үйіне алып қайтып тұрыпты. Сөйтіп, Мәмбет бұрынғы Сүлеймен есігіндегіден әлдекайда ашылып, ысылып, қайда барса өз бетімен жүре алатын пайдашы жігіттің бірі болып кетіпті.

Екі жылдан кейін жігіттер жол жұмысынан босанып, елді-еліне қайтатын болыпты. Көбі қар жауғанша қайтып та кетіпті. Елге барып байға орналаса алмайтын Боранқұл сияқты түздің пайдашылары Семейге орналасуға ойланып, солай жүрмек болыпты.

Күн суық, жерде қырбақ қар бар, күні-түні басқан Сібірдің соқыр тұманы жер жүзін ақ қырауға бөлеп тастаған. Семейге жаяу жету қиын, жұмыстан босанған жігіттердің барлығы жабыла поезға жармасты. Поезд мал, шөп, топырақ, товар таситын поезд екен.

Мәмбеттер келіп вагонге жармасып мінгенде, вагон ішінде үш-төрт адам тұр екен, Мәмбетті кеудесінен итермелеп кіргізбеді. Бұлардың бірі белгілі подрядчик Кәрім. Мәмбетті кіргізбеуге көбінесе күйгелектеген сол.

— Бұл вагонда қазынаның жүгі бар, аулақ жүр! — дейді білем.

Поезд жүргелі тұр, қалып бара жатқан халық жанталасып мінісіп жатыр. Жаңа біткен жолдың жүрісі реттелмеген кезі екен. Мұнда жүк тасу, жолаушы жүргізу нағыз құлардың қолына көшкен. Кәрім подрядчиктер Сібір жақтан алған затын күні-түнімен үздіксіз Семей, Қарқаралы жаққа жөнелтіп жатады. Мынау вагонға жүктерін тығып алып, жымиып отырған Кәрімнің алыпсатарлары. Кәрім бұларды өзімен бірге алып жүрмек білем. Поезд жүріп бара жатқанда жалма-жан келіп Мәмбеттің жармасқан вагоны осы болып шықты. Бұл да бір жүк, топырақ таситын вагонның бірі.

Мәмбет жаман қысылды. Ол далада қалады. Өзге жігіттердің бәрі кетіп қалған. Қалғандары осы поезбен жөнеліп барады. Олар таласып-тармасып вагондерге асылып жатыр. Қалып қалса — айдала; көрмеген жер, білмейтін жол, сонда көрген күні не болады? Кіммен серіктеседі, Семейге қалай жетеді?

Поезд жылжи берді, Мәмбет және жармасты, алыпсатарлар Мәмбетті кеудесінен итеріп жерге түсірді.

Мәмбет өстіп арпалысып жатқанда мұны көзі шалған Боранқұл өзге бір вагоннан ырғып жерге түсті де, жүгіріп келіп Мәмбетті құшақтай алды. Балаша көтеріп вагонға тастады. Өзі де вагонның есігіне жармасты.

Алыпсатарлар да қарап отырған жоқ. Біреулері Мәмбетті кейін итермелеп, екеу-үшеуі Боранқұлды мінгізбеске таласты. Апыр-топыр. У-шу. Поезд саулап жүріп келеді. Өлдім-талдым дегенде Боранқұл саудагерлерді жеңіп, вагонге еніпті.

Саудагерлер Боранқұлды күшпен түсіре алмаған соң вагон ішінде боқтап, балағаттап, тілмен шағып жатыр. Мәмбет шыдамай ұрып жіберейін деп ұмтылып қалса, қойқойлап Боранқұл басады.

— Асықпа, бір сәті түсер, — деп қояды.

Мәмбеттің ұрамын деп ұмтылғанына өшігіп алған әсіресе Кәрім подрядчик. Ол Мәмбетті боқтап, аузынан жын құсады.

— Егер сен осы вагонмен Семейге жететін болсаң, мен Кәрім болып жаралмай жерге кірейін! — деп серт қылады.

— Е, не қыласың? — дейді Мәмбет.

— Асықпа, алдымыздағы стансада жайың табылады, — деп Кәрім қомпаң-қомпаң етеді.

— Сен сонда бізді далада қалдырмақпысың? — деп Боранқұл нығыздана сұрайды.

— Қайда қалсаң онда қал. Мен сендерді Семейге жеткізем деп алған жоқпын. Вагон біздікі. Іші толған қазынаның жүгі...

Оған Боранқұл жауап беріп:

— Е, батырекесі, қойсаңшы. Мынау алып келе жатқан достарың пайдашерік сауда достарың, біздің де білетініміз бар. Вагон іші бәрімізге жетеді. Сендердің жейтін тамақтарыңа, ішетін арақтарыңа қарайтын біз емес... — деп Боранқұл жайлап айтып көріп еді, саудагерлер онан сайын шаптығып кетті. Мәмбет пен Кәрім ілінісіп алып, бірін-бірі ұрарманға келді. Боранқұл Мәмбетті басып қойды. Бірақ Мәмбеттің көңілінде Кәрім сұмырайға өмірге өшпейтін кегі қалды.

Поезд заулап келеді, күн батып, қас қарайып та кетті. Күн суық. Поезд ыңқылдап-күрсілдеп соқыр тұмандағы қырау басқан қалың қарағайдың ішіне кіре берді.

КӨШІРЛЕР

Нұраділ Мәмбет жайындағы сөзін қоя тұрды да, алдымен өз жайына түсті:

— Менің түбім тобықты. Қаркаралыдан. Қоянды жәрмеңкесіне барған байлармен ілесіп келіп, Семейде бержабай болғаныма екі-үш жыл өтіп кеткен. Сол жылы қыс ақырзаман суық болды. Мен Мусин деген байдың көшірімін. Соның қашеваға жегетін екі темір қара қызыл атын әлпештеп, балаша күтемін. Екеуі де жылқының мүсіні. Шіркін, мал деп соны айтсаңшы. Ертемен ерте алып, Ертістің ойған мұзынан ғана суғарып қайтам. Әкеліп жемге тұмсығын тығып қоям. Бай шайын ішіп болған соң екі атты жектіріп, қаланы аралауға шығады. Қос қара көкті жұлқынтып көшелерден алып жүргенде, күллі базардың халқы бізге қарап қалысады.

Кім екені есімде жоқ, бір күні байлардың біреуінде мәжіліс болды. Ондай қонағы көп, арағы мол мәжілісті олар «балмаскарад» дейтін, сондайдың бірі.

Күн суық. Ақпанның ақшұнақ аязы шақпай миыңды, соймай етіңді жейді. Байдың өңшең сәйгүлігін жеккен көшірлер балмаскарад жасаған қораның іші-сыртына лық толып тұрмыз. Аттарды қатарластырып қаңтарып тастағамыз. Бір-бірімен күндес байдың көшірі де күндес. Бірбірімізді кекеп-мұқап, кейде боқтасып та аламыз. Сонда жыртатын намысымыз әлгі өзіміздің байымыздікі болады. Байымыздың атын, үйін, қатынын жамандаған біреудің көшірі болса, онымен тіл жеткенше таласып, қол жеткенше жағаласып қаламыз. Үстіміз қырау-қырау болып, екі аяқты бір-біріне соғыстырып қалтырап қатып тұрамыз. Кетуге бізде дәрмен жоқ. Мырзаларымыздың қашан шығып қалатынына көзіміз жете алмай бүрсең қағып, екі көзіміз есікте болады. Бірақ арақ ішіп қызып отырған мырзаларымыздың шығуы оңай болмайды. Кейде мұндай мәжілістен мырзаларымызды былғақтатып күн шыққанда алып қайтамыз.

Әлгі айтылған балмаскарад мәжілісінің түнінде Мусиннің баласы мырзамды күтіп мен көп көшірдің ішінде тұрдым. Көшірдің көбі-ақ қазақ еді. Соның ішінде әсем тұрманды, әдемі шананың қос қара атын айдаған осы Мәмбетпен таныстым. Ол Каплан деген байдың көшірі еді.

Мәмбеттің Капланы Семей қаласында астық алатын бай. Өзін жебірей деп айтады. Қалада екі қабат көк шатырлы үлкен үйі бар. Өзінің отыз-қырық мақлары болады. Сол мақлардан байға бидай алады. Жан-жаққа жүреді. Ауыл-деревняға шығады. Маклар байға тауып берген астығының пұтына екі тиыннан ақша алады.

Каплан байдың көшірімен жақсы таныс болып кеттім. Кейде қол босағанда бірімізге-біріміз келіп әңгімелесетін едік. Бірбірімізден өлердегі сырымызды жасырыспайтын дос адамға айналдық.

Кейінірек Мәмбеттің мен құлқын сәріде базардан келе жатқанын көретін болдым. Ол ертемен тұрады. Таңғы тауық шақырып, мешітке мәзін азан айтқан уақытта Мәмбет базарда тұрады. Ол базарға ең алдымен келген астықты саудагер, алыпсатар, маклардан бұрын сөйлесіп, тура Капланның қорасына әкеліп төктіреді. Бұл Мәмбеттің байы тұрғанша, аттары суғарылғанша істейтін жұмыс. Бір күні Мәмбетке:

— Әй, сен нағып жүрсің осы? — дедім, Мәмбет маған:

— Мен байдың жұмсауымен базардан астық андып алам. Мен маклярлық қызметті де қыла жүрем... Екі қолға бір жұмыс, байға босқа істеп жүргенім жоқ, — дегені есімде. Мен:

— Босқа істемегенде алатының не? — дедім.

— Жүгіне екі тиын...

— Настаящий маклар неден алады?

— Олар астықтың пұтына екі тиыннан алады.

— Сенікі қалай арзан?

— Е, мен өзімнің байыма істеймін ғой... Егер сәті түсіп, базардан он арба астық табылып қалса, жиырма тиын жаныма түседі. Мұны маған кім береді? — деді Мәмбет.

— Апырм-ай рас-ау, мен де осыны қылар едім, бірақ менің байым ондай астық саудасын істемейді-ау, — деп ішімнен Мәмбеттің «бақытын» күндегендей де болдым.

Сөйте-сөйте жүріп, Мәмбет байына жақты. Жаққаны сол — оны жалғыз көшірлікте қалдырмай, әр жұмысқа жұмсайтын болды. Бидай сортын жақсы айырып, маклардың қай-қайсысынан болса да жырынды болып алған малайды Каплан бай арқаға қағып, «молодец» деп мақтап та қояды. Байдың мұндай мақтауын алған малай неге болса да еліктей ұшып, бар ықыласымен қызмет қылып, алаөкпе болатын еді. Ол түннен тұрады. Базарға түскен астықты өзге байдан, өзге маклардан бұрын үйіріп Капланның қорасына кіргізеді. Оның үстіне астықтың сортын ажыратып, товарды таңдап алуға өте зирек болды. Осы қызметінен Каплан тәуір көріп, анда-санда ақысынан бөлек ескі-құсқы киімдерін де беріп қоятын еді.

Мәмбет көшірліктің үстіне байдың қорасындағы жүкші болды. Күндіз-түні тоқтаусыз ағылып Капланның кілетіне құйылып, кілетінен сыртқа кетіп жатқан астыққа, әрине, бірталай жүкші керек. Каплан ол жүкшіні жүгіне қарай жалдап та алады, күндеп те салады. Ал Мәмбет осы астықты тасыған мезгілде Капланның өз жігіті есебінде түседі. Бай әмісе ат үстінде жүрмейтін болады. Болмаса бай ат жектірсе де өзге бір көшірді мінгізіп, Мәмбетті әдейі астық аударыстыруға тастап кететін болады. Ондайда ол Мәмбетті жылы сөзбен алдап:

— Мынау жігіттердің ішінде сен болмасаң, мыналар төгер-шашар, сортын білмегендіктен, бір-біріне араластырар, болмаса тездетіп істемес, — деп, Мәмбетті өз көзі есебінде тастаған адам болады. Мәмбет соған семіріп, өлер-тірілерін білмей шын ниетімен пұшпағына шейін терін сорғалатады.

Міне, мен Мәмбетті Семейде осылай ғана білуші едім, — деді Нұраділ.

— Ал, сонан соң қалай кеттіңдер? — деп Сатан сұрады.

— Солай Семейде екі жылдай тұрдық. Мәмбет те, мен де жазда елге қайтпадық. Тек күзге қарсы Мәмбеттің әкесі Тұздыбай тағы іздеп келіп, баласының тапқанына киім-кешек, соғым сатып алып қайтты.

Біз Семейдің байларында көшір болып қала бердік.

ЕР ЖОЛДАСЫ — ТӘУЕКЕЛ

Нұраділ Сатанға әлі сөйлеп отыр.

...Сөйтіп жүргенде жігіттерге «Лена наборы» деген жарияланды. Естуімізше:

Лена деген жерде алтын алатын шахты бар екен. Соған жігіт керек қылыпты дейді. Барған жігіттер ақшаға да, алтынға да «қарық» болады екен дейді. Осы хабар қалаға тараған соң Мәмбет екеуміз ақылдастық та осыған кетпек болдық. Жалғыз екеуміз ғана емес, Семейден жүз жетпіс жігіт қатталды. Бізді байдың есебіне апарды, өлген-жіткенімізге, ауырған-сырқағанымызға да қарайды. Жігіт алуға келген подрядчиктермен арамызда сондай договор жасалды. «Задатке» деп қолға байдан біраз ақша алып, ел күзем алып жатқан уақытта Сібірге қарай жолға шықтық.

Кетіп бара жатқанда біз тіпті білгеніміз жоқ. Кейін-кейін сұрастырып, жете білетін адамдардан естіп отырсақ, біздің бара жатқан жайымыз мынау болады екен-ау:

Суық Сібірдің ту-ту түкпірінде жататын Тайга деген орманнан әрі Лена деген өзен болады екен.

— Әлгі Угар бардым дейтұғын жер ме? — деді Сатан.

— Иә. Сол Лена өзенінің бойынан алтын қазатын атақты шахта бар екен. Сонда алтын алуға байлардың жұмысқа салатын адамы жұмыскерлер және өңшең айдалып барғандар болады екен. Ондағы адамдардың тұрмыстары нашар болып, көбінесе сүзек, қырқұлақ деген ауруға ұшырап қырылып жатады екен. Алтын қаздыратын бай жұмыстағы адамдарды көрмеген қорлықпен жұмсап, алтын қаздырады екен. Бара-бара мұндағы жұмыскерлер ашынып, байға қарсы іс тастап көтеріліс жасапты. Тіпті байларын байлап тастап, шахтаны бұзып кетпек болыпты. Сонан соң оларға әскер шығарылып жұмыскердің көбін қырып

жіберіпті. Сөйтіп жанжал шыққан соң, шахтаның алтыны қазылмай жұмысы тоқтап қалыпты. Көп жұмысшы кетіп қалыпты. Бізді сонан соң жинайды екен ғой. Бізді жинағандағы ойы: анау алыстағы шахта жұмысына қазақ, бурят, жақұт, қытай сияқты бұралқы халықтардан апарып жұмыс қылдырсақ — бұлар ешнәрсе білмейтін жуас халық, жүре береді, жуас түйе жүндеуге жақсы деп ойласа керек... Осы оймен Сібір қалаларына сол алтын алдыратын үлкен байдың жарнамасы тарап, подрядчиктері келіп, жігіт жинады. Осыны «Лена наборы» дейтін еді. Біз Мәмбет екеуміз Семейден жинатқан жігіттердің ішінде осы «Ленский наборға» кеттік. Жері алыс, тұрмысы қиын болса да «ер жолдасы тәуекел» дедік те жүріп кеттік.

Әңгіме осы араға келгенде күндегі әдеті бойынша Мәриям мен Шеркес Қали гуляйттан қайтты. Нұраділдер де үйге кірді. Шеркес Қали:

— Жігіттер, сендер ертеңгі қызықты білдіндер ме? — деді.

— Не қызық? — деп Сатандар ентелей қалды.

— Ертең қырғын күрес болады екен!

— Қайда, ей?

— Серікте. Бүгін көше-көшенің бәріне жапсырып тастаған балуандардың суреті. Күрестің бір жағында Қажымұқан, екінші жағында Мартынов деген бір алып келіпті дейді. Оның суретін көрдім, адам емес, арыстан деп ойладым. Осы күресті көшеде ауызға алмаған кісі көргемін жоқ, қала дуду етеді.

— Жігіттер, ертең обязательно серікте болалық! — деді Нұраділ.

Сөз осыған байланды.

ЦИРК

Омбы қаласындағы цирктi Исак деген жебірей ұстайды. Мың қойдың қорасындай кең цирк. Халық құж-құж қайнайды. Аспан зәулім биік цирк үйінің шамы жарық жанады. Жерге тасталған сынық ине табылғандай. Шеркес Қали, Сатан, Нұраділдер келіп, билеті бойынша ортан белінен орын алды. Шақшай, Құндақбайлардың да билеті осылармен қатар болып шықты. Мұқсина мен бержабай Сүлеймен де осылармен тізелесе отырысты.

Мәмбеттер отырған соң жан-жағына қарағанда цирктің аузы-мұрны лықылдап толған екен, алуан түрлі халық көрінеді. Крестьянның көпесі, чиновнигі, жұмыскері, қарапайымы, қалаға келген крестьяндарымен бірге мұсылманның неше атасының ұлы да осында келіпті. Делегей, кепкі, қалпақ, тебетей, тақия, тұмақ — барлығы мидай араласып иін тіреседі. Бүркенген шәлісіне тұмшаланып татар байларының қыз-келін, ханымдары отырса, қазақтың кимешек киіп, күндігін қоқырайтқан әйелдерінің де бастары әр жерде ағаранданды. Әсіресе мұсылман ағайынның келісі өзгеше. Олар — үй іштерімен, бала-шағасымен топырлап, бірбір скамейканы бір-бір үйдің іші ғана алып отырысқан. Сыйыса алмай бажандасып жатқан абзилар да аз емес. Ал қазақтың оқығандары, оқып жүргендері де, жұмыскерлері, жемшік, жатақтары топ-тобымен келіп, шоғыр-шоғыр жерден орын алысып жатыр. Мәмбеттер осылардың ішінен әркайсысын түстеп отыр:

— Анау отырған Кәкен, Бейсекелер ғой, — дейді Нұраділ.

— Өй, әнеугі біз ұратын Ыбырайым төрелер де келді, — дейді Сатан. Бұлар оған қарасты.

— Иә, сол, қасындағы қалпақты әйелі кім? Әйелі орыс па?

Қымызшы Белгібайдың қызы да келді. Әнені қарашы! Шекірейіп кетіпті. Уа, деген-ай... Әне әкесі де келді. Кемпірімен... Түу, бүгін Омбының адамы үйінде қалмаған шығар... Түу...

— Ал мына жаққа қара. Қымбат билет ала алмаған халықты қара. Сыймайды. Өңшең жүкші, матрос, жұмысшы, күндікші, баржыдағы жалаңаяқтар — бәрі мына жақта қалыпты.

— Оларға орын жоқ. Контрамаркамен кіргендер ғой. Қарашы табанынан тік тұрғанын... — деп отырған жігіттер өзара алып-қашты қысыр кеңесте.

Бір мезгілде шам жарқ етіп цирктің іші тіпті самалайдай болды. Аяғын қазықша қаздитып оқалы бешпент кигеп қуыршақ секілді ойын басқарушы ортаға шығып, бүгінгі ойынның жобасын жариялады. Оның айтуынша ат ойыны, ит ойыны, қытай ойыны, балуан күрес, тағы толып жатқан қызықтар болады екен. Басқарушы жаритталған ақбоз ат атып шығып, халыққа қарап тәжім етіп, ялап болып, ысқырып қойып еді, тежеп қаңтарылып тас-

басын шұлғып тұра қалды. Аттың үстінде тақтай тоқым, кекілін кертіп мандайына әсем байлаған. Ат көпке бас иіп, қайта кіріп кетті. Басқарушы тағы бір ысқырып қойып еді, қамшы алған қалпақты әйел аттың бір жағына екі аяғын салбыратқан күйінде әлгі боз атпен шоқырактата шауып шықты.

Әйел аренаны айнала шапты. Боз ат ұршықша иірілді. Майданның ортасында тұрған адам ұзын қамшымен шыпылдатып, атты олай бір, бұлай бір қуды. Әйел шауып келе жатып атып тұрып, ырғып түсіп, қайта қарғып, жалғыз аяқтап тұрып шауып, алуан түрлі ойын көрсетті. Әсіресе көлденең ұсталған арқаннан ытып астынан өткен аттың үстіне қайта қарғып түскенде жұрт бір сүйсінді. Мұқсина жеңгей шошып кетіп:

— Абау құдайым! — деді. Сүлеймен бержабай:

— Сүбіқаналла! — деп жағасын ұстады.

— Апырмай, сайтанның баласы құс боп кеткен бе? — деді Шақшай.

Одан кейін итке кезек келді. Тоқтының қозысындай жирен бұйра ит, мойнына ала галстук байланған ақбарақ қанден, біз тұмсық, сар тықыр күшік — барлығы да ойынға кірісіп, біреуі келіншек, біреуі кемпір болып, бірі матушке, бірі қайыршы болып, қарап отырған халықты қыран күлкіге батырды.

Онан кейін қытайлар шықты. Бір-біріне отты шала лақтырып, қылыш жұтып, адамның иманын ұшырды. Бұдан шошынған Мұқсина бержабайға тығылды. Бержабай құлқуалла қайырды. Осындайлармен ойынның алғашқы бөлімі біткен соң халық тыныска тарасты.

ТЫШҚАНҒА ӨЛІМ, МЫСЫҚҚА ОЙЫН

Балуан боларда халық шыдамсызданды. Әркім өз орнын жоғалтпаудың қаупіменен көбі отырған орнынан қозғалмаған да. Сондай оймен қозғалмаушылардың бірі осы Мәмбет, Сатандар отырған скамейкада еді. Бұлар дүмін көтерместен отырып қалысты. Мұндай екі кісі бас қосқан жерде аузы тыныш таппайтын Шақшай бұрын бір циркте көргенін сөйлей отырды:

— Мен адам айтқысыз бір күшті кісі көрдім, — деді.

— Е, қайдан? — деп Мәмбет те Шақшайға құлақ қойды.

Шақшай әдетінше тамақты бір кенеп қойып:

— Менің қаңғымаған жерім бар ма? — деп бастады да Шақшай Ірбіт жәрмеңкесіне келген бір персиян саудагермен ілесіп, Баку жаққа барғаннан қозғады.

— Саудагердің жүгімен Еділдетіп отырып Баку қаласына келдік. Біз келген кезде Баку байларының бәйге тігіп балуан күрестері болады дегенді естіп, циркке билет алдық. Циркте күресетін балуанның бірі — Махмұт атты түрік балуаны екен. Бұл келгелі біраз болыпты. Өзінің жүрген жеріндегі балуанның бәрін ағалаған жігіт екен. Осы Махмұт Бакуге келген соң Персия мен Түркияның байлары бір жақ болып, Ресейдегі саудагерлерге шарт қойыпты.

— Махмұтты жыққан кісіге алты мың сом! Ондай шартпен күрескен адам жығылса, онан да алты мың сом аламыз. Бірақ Махмұтты жығар кісі жоқ, — депті. Бұған Бакудегі Ресей қол астына қараған байлардың намысы келіп балуан іздейді екен. Іздеп жүріп, нәсілі Қырым татарынан Нәсім дегенді табады екен. Какраз біздің келгенімізге осы Махмұт пен Нәсімнің күресі болды.

Циркке сыймаған халық көшеге толды. Комиссияны құрып, екі балуанды ортаға алып шықты.

Нәсім еңгезердей зор, өзі жайдасыз жуан, алып қара кісі екен. Тегінде Қара теңіздің пароходтарында жүкші грузчик болып жүріп, күші асқан соң күреске шығып кетіпті. Бұл кісі бүтін Кавказ, Қырымға әйгілі атақты Нәсім балуан. Оны бұрын білушілер: «Күші өлшеусіз, адам емес, пілден жаралған, тек әдісті аз біледі», — деп отырды.

Оған қарсы күресетін түрік Махмұт жеңілтек, сымдай сұлу, денесі аршыған жауқазындай аппақ, жас қоғадай майысқан жігіт екен. Ол майданға шыққанда циркте отырған әйел түгіл еркек өзіміз «құшар ма еді» дегізгендей бүлкілдеп отырдық. Жайдары қасы жылмайып, сып-сынық, мүп-мүлайім жігіттің шыбығы екен де. Мұны білетіндер «асқан әдісқой» десіп отырды.

Күрес намысын жыртып, екі патшаның еліндегі байлар сомасын бәйгеге тігіп, түрік, татардың екі мықты жігітін ерегістіріп келіп майданға қоя берді. Екеуі бураша шабынып, ұстасып кеп қалды. Махмұт тым жеңіл, епті, ойнақы көрінді де, Нәсім орасан ауыр, асқан орашолақ екендігі байқалып қалды.

— Парсы күреске салайық! — деп Нәсім қайта-қайта сұранды. Парсы күрес дегені қолы тиген жерден ұстап жұлқыласа беруге жол ашық, еркін, бопалам күрес болады екен:

— Мен білмеймін! — деп оған Махмұт көнбеді. Ақырында екеуінің арасына төреші-арбитрлар билік айтып, француздың күресіне тиянақтады. Француз күресінің әдісін жақсы білмесе де бұл күрестің талай балуанын бұрын күшпен бүктеген Нәсім бұл билікке көнді. Екеуі қайта ұстасты.

Мен бұрын «француздың күресі» дегенді көргенім жоқ еді. Ол күрестің балуаны көбінесе мойынға зорлайды екен. Оларда біздің шалу, аяқпен қағу — өмірде жоқ. Оны істеген адам жаза тартатын көрінеді. Не қимыл қылса да намаздың сабағындай дәлдеп мойынға, кеудеге келтіріп соғатын сияқты. Сондықтан болса керек, француз күресіне төселген балуанның мойны тым мықты болады екен. Екеуі ұстаса кеткеннен-ақ Нәсімге Махмұт мойнын бере берді. Екеуі мойындасып, тіресіп кеп кетті. Махмұт Нәсімнің мойнын қайырып алып сіресіп қалып еді, Нәсім мойны шыдамай босап қоя берді. Нәсімнің мойнының әлсіз екенін сезген Махмұт Нәсімді мойынға бір қағып қалып еді, Нәсім көзі бұлдырап кетсе керек, сандалақтап барып түсіп қалды.

Бұл күреске дау қылуға ешкімнің дәті барған жоқ. Өйткені Махмұт Нәсімді қан майданда даусыз-дамайсыз тақиядай қағып тастай берді. Даулы жақтан не «арам қылды», не «қайта күрес!» деген бір дауыс та шыға алмады. Қайта халық «Махмұтпен осыны да күрестіріп несіне әуре қылған» дегендей болды.

Махмұт Нәсімді тек ойнай жүре жықты. Сол жерде табан аудармай алты мың сомды Махмұтты күреске салған жақтың байлары санап алысты.

Нәсім жасы тоқтаған, үлкен кісі екен, Махмұт жылмаңдаған жас. Екеуі күресіп, үлкен жығылғанда — былайғы жұрт Нәсімді біраз аяғандай да болды. Өйткені ол көптен күресті қойып жүрген, Бакудың пристанындағы грузчик еді. Оның баяғы даңқына байлар желігіп, әкеп күреске салып, байғұсты әурелеген екен. Абиыры төгіліп қалды... Қатты қарайып, «маған не болды?» дегендей майданнан кетпей, меңірейіп тұрып қалды.

Сөйтіп тұрған Нәсімге Махмұт қылжалақтап келіп, мазақ қылғандай:

— Сен адам емес, түйесің! — деп иегінен көтеріп еді, Нәсім Махмұттың білегін қауып қалып, тістеп жұлып тастады. Ақ қоғадай әдемі білектен қызыл қан фонтанша шапшыды. Махмұт білегін ұстап шырқ айналып жүр. Локторлер Махмұттың жаралы қолын байлауға жүгірді. Махмұт қолын байлатып тұрып:

— Сені сонда да жықтым! Сенде күш көп, әдіс жоқ. Өгізсің, қақса құлайсың, ағашсың, айнала алмайсың... — деп Нәсімді шаққан тілін тартпады. Нәсім үн жоқ, тіл жоқ цирктен шығып кетті.

Өзіміз Бакуде бір ай жаттық. Сонан кейін ұдайы үзбей Махмұттың күресіне барып тұратын болдым.

Оның күресіне сүйсінбейтін адам болмайды. Не алып дәулерді ойнай-күле жығады. Жыққанда даусыз-дамайсыз әсем-деп отырып, әділ жығады. Бір күрескен әдісін екінші балуанға қайтып істемейді. Оның үстіне жаратылған адамның сұлу денесі, майданда ақ мысықша қарғып, жарқ-жұрқ етеді. Циркке жалғыз Махмұттың күресін көруге барам. Көрген сайын бір жасап отырам...

Бір күні «Махмұтты іздеп бір алып келіпті» дегенді естідік. Арыстандай алыптың суретін күні бұрын көше-көшеге қағып тастапты. Түрі тегін пенде емес көрінеді. Көшеге қаққан қағаздарда «бұл күрестің бәсекесі де бұрынғы байлардікі», — депті. Махмұттан Нәсімді жықтырып, ақшасынан айрылған байлар осы алыпты алдырған көрінеді. Бұрынғы бәсекелі байлар мына жолы тіпті қызулы ерегіске түсіпті.

Келген балуанның аты кім екендігі есімде жоқ. Жаңылмасам поляк жұртынан, Варшаудың циркінен дескен еді. Майданға осы шыққанда орыстар: «Великан! Огромный человек-гигант» — деп шулады. Мен «түйе кісі» деген осы ма екен деп ойладым.

Ел екеуін қоя берді. Поляк балуанына қарсы Махмұт шыққанда, Махмұттың нәзіктігі қабырғамызды қайыстырды.

Шеттен отырған бізге бірі жолбарыс, бірі мысық сияқтанды. Жолбарысқа қарсы шыққан мысыққа — қалай қабырғаң қайыспасын?

Бұл арада осылар отырған цирктің қоңырауы қағыла бастады. Шақшай:

— Қазір мына күрес басталады, енді тоқтаталық, — деп тіл-аузын қойып еді, қасында отырғандар:

— Аяқтат, әлі бірінші қоңырау ғана, — деп әңгімені сұрады. Шақшай тағы есіп жөнелді:

— Екеуі бір-біріне тап берді. Поляк арыстандай арс-ұрс етті. Шу дегенде Махмұтты қолға түсіре алмай арсаң-ұрсаң етті. Бір оңтайда поляк балуаны Махмұтты бөренедей қолымен мандайдан бір періп қалғанда Махмұт түсіп қалмаса да әнтірек-тәнтірек басты. Алып және ұмтылды. Махмұт суға түскен пробкедей ырғып, шегірткедей ыршып, алыптың қолына түсе қоймады. Оған алып қатты ыза болды. Тап беріп, тарп-тұрп басады... Махмұт оны неше ұмтылдырып, біресе бұл жағынан, біресе ол жағынан балықша бұлтылдап, балуанның басынан ырғып ұстатпады.

Екеуін демалысқа айырды.

Демалыста поляк дәуі үш бөтелке нарзанды алдырып, ортада тұрды. Оң қолымен бір, сол қолымен бір көтеріп, нарзанды аузына тістеп, күреске келді.

Екеуі бір-біріне тағы ұмтылды. Өне бойлары сорғалаған тер, Махмұт ыршып, тағы ұстаттырмады. Махмұт дәуден қашпайды, алысып-ақ қалады. Бірақ дәу қанша қимыл қылса да не астына жатпайды, не қолына тұрмайды. Сөйтіп жүргенде Махмұт поляктың мандайына бір қағып қалып еді, алып арсылдап ыза боп қалды. Ол Махмұтты ұстаймын деп аренаны айналдыра қуып жүрді. Халық шулап отыра алмады. Махмұт сырғақтап қашып келе жатып, арс етіп ұмтылып қалған алыптың алдына жата қалып еді, поляк дәуі екпінімен жер қауып қалды. Махмұт ыршып үстіне міне түсті.

Үстіне Махмұт мініп қалған соң күрес тәртібі бойынша алып аудартып жай жату керек екен. Ол «аударып ал» дегендей төрт тағандап жерге шөгеледі. Махмұт шөгіп жатқан алыптың қарнынан қаусыра құшақтап алып...

— Нарзан! Нарзан! — десті халық. Шақшайдың әңгімесі осы араға келгенде цирктің соңғы қоңырауы қағылды.

Халық орны-орнына ұмтылды.

«ПАРАД, ПРОШУ!»

Ойын басқарушы ортаға шығып:

— Парад, прошу! — деп ысқырып қойып еді музыка маршы дүрілдеп цирктің ордасын солқылдатты. Музыка маршымен адымдап атан түйедей балуандар шұбап ортаға шықты. Адамның ірісін Сатандар әлі көрмей жүреді екен, бұқа мойын, атан аяқ, қақпақ жауырын, бағана балтырлы дәулер адымдағанда өздерін жігіттің сырттанымыз деп есептейтін Газбекқараларда құнар қалмаған сияқтанды.

Балуандар аренаны айнала жүріп келіп, дөңгеленіп тұра қалысты. Басқарушы бір-бірлеп балуандарды халыққа таныстыруға кірісті.

— Лондон, Нью-Йоркта, Токиодағы балуан бәйгеде адам шақ келтірмей дүниені ағалаған ауыр салмақтың алыбы — Александр Варшавский! — деді.

Орасан үлкен еңгезер сары, кер өгіздей өңмендеп ортаға шығып, қатарға қайта тұрды. Халық қол шапалақтап қошемет көрсетті.

— Париж, Петербург, Варшава, Мәскеу, Томскілерде жығып шыдатпаған француз күресінің әдіскойы жеңілтек — Валерий Лукин! — деді.

Өне бойы тұп-тұтас, шағын, ақ сары лып етіп шығып бас иді де, қайта орнына тұрды.

— Адам баласының алыбы, атақты дүниенің чемпионы, ауыр сүйекті Қаразамок! — деді.

Мойны мен арқасы тұтасып қалған, қауын бас, қарны жер сызған үлкен үйелмен қара қымсынған бурадай ырғалып қана қойды.

— Патша ағзам қазіреттерінің үш жүз жылдық тойындағы күресте барлық дүниенің балуандарын ағалап жығып, алтын медаль алған алып Гайдамак дегенде, адам деуден гөрі атан деуге келетін бағана балтыр зор сары арбаң етіп, аттап түсті.

Цирк у-шу... әр балуанның аты аталса, халық қол шапалақтап, атын атап айқайлап қалады.

Басқарушы осы ретпен бірнеше балуанды таныстырып келіп:

— Жаралғалы жауырыны жерге тимеген мұсылман дүниесінің балуаны, қырдың алыбы ауыр салмақты — Қажымұқан! — дегенде, өзге балуандардан бөлек есік перде

артынан шығып, өне бойы қоладан құйғандай тұп-тұтас жуан, шойын қара халыққа бас иді.

— Қажымұқан!

— Қажымұқан!

— Қажымұқан, сәлем!

— Ассаламағалейкүм, Қажымұқан! — деп, мұсылман біткеннің бәрі аяқ өре тұрып кетті. Қол шапалақ, у-шу, айқай-ұйқаймен балуанға істелген қошемет циркті дуылдатып, біразға шейін басылмады.

Ойын басқарушы халықты тыныштатып, тағы:

— Алты патшаның алыбын жығып ағалаған, жер жүзінде жауырыны жерге тиіп көрмеген, алуан түрлі күрестің әдісіне жетік, асқан күшті, Ресей империясының жер жүзіне мақтанарлық бірден-бір қаһарманы — құрметті Мартынов! — дегенде шымылдықтың артынан арбандап шыға келген шабдар алыпқа қарағанда цирктің кең ортасына жалғыз осы адам ғана сыйғандай болды. Сүлеймен берженабайдың жаны шошып:

— Сұбқаналла, осындай да адам болады екен! — деді. Мартынов көрінгенде, бағанадан бергі балуандардың барлығы да ұсақталып қалды. Өзге зор балуандардың қасында мынау бір үйір бұзау-торпақтың ішіндегі үлкен кер бұқа сияқтанды. Гайдамақ, Қажымұқан, Қаразамоктар Мартынов деген үлкен алыптың жаңадан өсіп келе жатқан үбіршүбір балаларына айналды. Осы тұрған өңшең алыптардың ішінде Мартыновтың шоқтығы асып, бөрене аяғымен адымдап келіп аренаның дәл ортасына келіп тұра қалды. Халық оған қол шапалақтап, көпке шейін шу тыншымады. Ойын басқарушы халықтың қошеметін жалынып азар қойдырып, қаланың бастығына сөз берді. Ол ортаға шықты.

— Құрметті қонақтар, жақсы жамағаттар! Алдарыңызда тұрған жер жүзіне атағы белгілі чемпион Мартынов — Ресей патшалығының өз ұлы, Ресей топырағы тудырған қаһарман. Бұл Тамбов губерниясы, Улаков уезі, Константиновка деревнясынан. Бұл қаһарман біздің атақты орыс халқымыздың жер жүзіне мақтанышы. Орыс халқы мұндай қаһармандарды аз тудырған жоқ. Қазір мұндай қаһарман-дарымыз майданда жауға қарсы соғысып жатыр. Немісті, түрікті жермен-жексен қылып, өз қанына өздерін суғарып жүр. Осылардай ұл туғызған орыс халқы өзіне қарсы алысқан жауын жерге тығатыны шексіз. Біздің қаһармандар

неміс, түріктің қанынан олардың жерінде өзен ағызады! Денесінен қорған соғады! Жасасын біздің соғыс қаһармандарымыз! Ура! — деді.

Циркте отырған өңшең офицер, байлар уралап он шақты рет дауыстады. Мартынов масаттанып, арбандап, жанжағындағы халыққа шіркеудің архирейінше айналып, бас иді.

Ойын басқарушы:

— Парад, прошу! — деген соң балуандар кесек-кесек аттап, қайтадан шығып кетті. Ортаға үстел құрылып халықтан, цирктен бірігіп, төреші-арбитр сайланды. Жамағаттан екі мұсылман, екі христиан сайланып, қазылық үстеліне отырысты. Цирк басқарушысының өзімен төреші бесеу болды.

Бірінші пар Гайдамақ пен Қаразамоқ десті. Екеуін таныстырған соң күрестің шарты айтылып, жайылған кілемнің үстіне, қошқар сүзістіргендей, екеуін қоя берді: олар бірбіріне бураша шабынып тұрып, сарт-сұрт ұстасып қалысты. Шолақ дамбалдан басқа етінде дәнеме жоқ, бірін-бірі жұлқыласып, езгілесіп, жеп жүр. Екеуі де пар келіскен екен, аударылып-төңкеріліп, арс-ұрс етіп алысқанда халық шулап орнында отыра алмады.

Бұл екеуі көп алысты. Жолбарысша жұлқысып, қасқырша қабысып, қатты қайрат қылысты. Аяғында екеуі бірін-бірі жығыса алмаған соң арбитр айырып жіберді.

ҚҰШАҚТАН ПЫШАҚҚА

Екінші кезек Мартынов пен Қажымұқан деп жарияланды. Бұл екеуі шығады дегенде жұрт қобырап орнында отыра алмады. Барлығы да тік түрегеліп кетті.

Жұрттың бұл екеуінің күресіне осыншама мазасыздануы табиғи еді. Себебі осы екі балуанның күресін көреміз деп халық көптен ынтық. Мұқан бүтін Сібірге белгілі алып қазақ. Оны ешкім жығып көрген жоқ. Бұл күнге шейін Омбының циркіндегі ағалап келген алыптың бірі — Мұқан.

Ал Мартынов, жалғыз Сібір ғана емес, жер жүзінің жарысына түсіп жүрген белгілі балуан. Омбы қаласы бастығының айтуынша — «орыс империясының қаһарманы». Бұл расында алысқан адамын жықпай жібермеген алып. Мартынов Омбыға келгелі де осы циркдегі балуанның бәрін

ағалап болған. Тек бұл циркте сынаспаған осы екеуі ғана. Сондықтан қыстан балуандардың күресін бағып келе жатқан Омбы халқына осы екі балуанның ұстасуы төтенше қызық еді. Күресті қызықтыру үшін цирк бастығы да бұл екеуінің күресін кейінгіге сақтай-сақтай тарқар мезгілге әдейі алып келген еді.

Арбитрдың адамы екі алыпты жұртқа таныстырып келіп, шарты айтылып болған соң ысқырып қойып еді, екі балуан бір-біріне тап берді. Тап бергенде шап берді. Алып Мартынов арс-ұрс етіп арбаң етті.

Сүлеймен бержабайдың Мұқсинасы:

— Абау, құдайым! — деп байына тығылды. Сүлеймен бержабай: «Сұбқаналла!» деді. Екі алыптың не болып кеткеніне көзі ілескен жоқ. Қажымұқан Мартыновтың бауырына кіріп, сіресіп қалған екен, Сатанның жанында отырған бір сақалды орыс: «Дави! Дави его! Дави!» — деп өңмендеп отыра алмады. Оны бір ноғай саудагері иықтан тартып қалды. Бұл екеуі бір-біріне бажырайысып, бажылдасып жатыр... «Сатана!» — дейді. «Сайтан!» — дейді.

Мұқан өзін бүктеп бара жатқан еңгезердей Мартыновты қазақша іштен шалып қалғанда көз ілеспеді, күмбез Мартынов күрс ете түсті. Құлаған түйені тулатқандай Мартыновты бас салып жатып, алыптың жауырын қалағымен жерге мөр бастырып қоя берді. Осыған үш минут те жетпеді. Ел екі жарылды.

— Не правильно!

— Нет, правильно!

— Дұрыс! Дұрыс!..

— Дұрыс емес! — деп айқайласқан адам циркті азан-қазан қылды. Жұрт жүгіріп аренаға түсті. Екі партиядан қатар отырып қалысқан адамдар бір-бірін бұрынғыдан бетер жұлқылап, жанжалға кірісті. Жанжалдасып, бірін-бірі сүйрескен адам у-шу... Ыбырайым прапорщик ақырып, қылышымен жанжалға араласты. Халық есікке ұмтылып, кептеліп қалды. Апыр-топыр... Есік алдында тұрған сары ала шолақтың арбасына жетіп Мұқсина: «Ah! Уh!» — деп құлай кетті. «Сұбқаналла! Сұбқаналла!» — деп Сүлеймен атын қуып жөнелді.

Аздан соң ұрыстың үстіне полицейский, стражниктер келіп, циркте мылтық атылды. Халық бет-бетімен шыға шыға қашты. Осы қашқанның ішінде біздің Мәмбет,

Нұраділдер де бар еді. Олар есіктен шыға салып тура үйлеріне қарай кететін үлкен көшемен зытты. Олар жолда келе жатқанда да циртен қайтқан халықтың ішінде бір-бірін боқтау, сөгу үзілген жоқ еді.

Жігіттер жүгіре-жүгіре өздерінің пәтеріне келгенде Мәмбет:

— Уh! Циргің құрсын-ай! — деп отыра кетті.

* * *

Онан кейінгі күреске жігіттер бара алған жоқ. Өйткені түнгі жанжалдан соң полицейскийлер бірнеше күн циркке билет саттырмаған еді. Тек таңдамалы белгілі байлар, чиновниктер арасында ғана жасырын билетпен жабық цирк болғанын жігіттер артынан естіді. Рас-өтірігін кім білсін, естуі бойынша:

Жанжалдың ертеңіне екі балуан ерегіспен қайта күрестіріліпті. Мартынов қатты ыза болып, кектеніп қалған екен, халық алдында Қажымұқанды сөгіп тұрып, арбитрға 150 сом бәйге әкеліп қойыпты. Қажымұқанға:

— Ақшаңды шығар! — депті. Оған Қажымұқан ақша таба алмай алақтаған соң циртегі Талғат деген түрік балуаны:

— Мына Мұқан үшін мен 50 сом тігемін! — деп ақшасын шығарыпты. Оған циркке келген ноғай байлары бірі 20, бірі 15, бірі 10 сомнан құрап, 150 сом бәйгені арбитрға жиып беріпті.

Сөйтіп, екеуі қайта ұстасыпты. Ұстасқанда бұлар бір-бір орамалмен (белбеумен) ұстасыпты. Екеуі көп алысыпты. Көп алыстың арасында демалысыпты, тағы алысыпты. Ақырында Қажымұқанның қолындағы орамалы Мартынов белінде сарт етіп үзіліп кеткенде Мұқан барып шалқасынан түсіпті. Мартынов бас салыпты.

— Жығылды! — деп арбитр бәйгені Мартыновқа беріпті. Бәйгесі бриллиант тасты алтын сақина, тағы бірқатар нәрселер екен дейді.

— Дұрыс емес! Мартынов күшпен жыққан жоқ! — деп татарлар айқайлап болмапты. Ақырында олардың өзін тыңдамай арбитр Мартыновқа бәйге берген соң:

— Сендер бәйге бермесендер, мына біз береміз! — деп Мұқанға бір атарба, шапан, шалма, кебіс-мәсі әкеп беріпті. Мұсылман байлары мұны күні бұрын дайындап әкелген екен дейді.

— Өй, циргің құрсын! Сұмдық екен ғой. Екі кедейді иттей таластырады. Екі адамды бірін-біріне жеңгізеді. Екі ұлттың арасына өрт салады. Халық қырылып қала жаздаған жоқ па? — деді Мәмбет.

— Тегі осы циркті үкімет әдейі аштырып қойған шығар, халық қанға боялсын деп, — деді Нұраділ.

— Онда патша суреті тегін тұрған жоқ болар, — деді Мәмбет.

«БІЗ ҮШЕУ БОЛДЫҚ»

Бүгін Нұраділден Сатан Мәмбетпен екеуінің «Лена наборынан» кейін қайда кеткенін айтуын өтінді.

— Сендер Семейден жүз жетпіс жігіт Сібірге қарай жүріп кеттіңдер, сонан соң? — деді.

Нұраділ сөзге кірісіп, әңгімесінің үзілген жерін жалғады.

— ...Біз сол кеткеннен ұзап кеттік. Бізді поезбен Үркіт қаласына жеткізді. Онда барған соң жігіттерді суық барақка қамады. Қыс өте қаһарлы, аяз орасан қатты болды. Бетаузын үсікке алдырмаған жігіт аз. Көп жігіттің қол-аяғы үсінді. Арғы Сібір жаққа қар орасан қалың жауып, суық жүргізбейтін болғандықтан бізді Үркіттен әрі итшанамен тасып жеткізе алмайтын болды. Үркітте жүре алмай үш ай жаттық. Жігіттер дертке ұшырап, арасына ауру жайылды. Биттеп-құрттап кеттік. Алдымыз өле бастады...

Жігіттерді Үркіттің докторлары қарап:

— Бұл халық суыққа шыдамайды. Қырылып қалады. Қырылмаса да бұдан жұмысқа жарайтыны болмайды, — деген соң байлар жігіттерден құтылуға асықты. Жігіттердің үш айына жалақы беріп, бірін де қалдырмай қайтарды. Біз сол суық ішінде аяқ-қолымызды үсікке алдырып, бетіміздің терісін сыпыртып, Новониколаевскийге жиырма жігіт келдік. Өзге жігіттердің елге қайтқаны елге қайтты. Жаңжаққа тозғаны тозып кетті.

Біз Новониколаевскийге келген соң, не де болса осы қалада қызметке орналасайық деген оймен жиырма жігіт жұмыс іздедік. Ақырында жұмыс табылатын болды. «Сибирский мукомол» деген компанияның тиірмені бар екен, соған грузчикке орналасатын болдық.

Іші неше түрлі бұлың-бұлың тиірмен. Күндіз-түні тоқтаусыз жүріп тұрады. Ұнның неше сортын шығарады. Тиірменге шұбап келіп жатқан обозда тоқтау жоқ. Сол обоздың әкеліп жатқан астығын амбарға төгу керек. Амбарға төгілген астықты тиірменге, тиірменнің бір бөлімінен бір бөліміне жеткізу керек. Осының бәрін де жігіттер мешоктеп мойнына көтеріп тасумен болады.

Үш күннен кейін қазақ жігіттерінің көбі қалжырап жұмысқа жарамады. Маймандап мешок көтере алмай болдырған түйедей шайқақтап кеткен жігіттер:

— Мұндай заманақыр жұмысына төбемізден төмен қарай алтын ағызып қойса да қала алмадық! — деп ақысын да алмай қашып кетісті.

Жігіттердің ішіндегі ең шыдамдысы Мәмбет болып шықты. Ол өзі шаршы ғана жігіт болса да мешоктерді алып салғанда темір шегедей мықты екендігі көзге көрінді. Оның Каплан байдағы мешок көтергені пайда болды-ау деп ойладым. Өзге он сегіз жігіт жұмысты тастап кетіп қалғанда, мен Мәмбетті қимай сол қалада қалдым. Мәмбет екеуміз жұмысқа қатар түсеміз. Бірақ екеуміздің арамыз жер мен көктей. Мен бір мешокті алғанша ол үш-төрт рет барып қайтады. Оның айы жетпіс сом, мен күніне жетпіс тиын аламын. Сөйтіп жүргенде Мәмбет күні бір жарым сомнан орыс артеліне өтті. Мені олар артеліне кіргізбеді.

— Сен бізге жарамайсың! — деді.

Бұл маған үлкен намыс болды. Бірақ шамадан артық Мәмбеттердің істейтін қызметін істей алмадым. Өзгелер сатыр-күтір жүкті алып-салып жүргенде, мен жүгі ауған жаман түйедей жолда жатамын...

Мәмбетпен екеуміз бір пәтерде тұрамыз. Табан елі қазы түсетін биелер базарда он үш, он үш жарым сом. Мен бір күні Мәмбетке айттым:

— Осы бір бие сойып алалық. Сен ренжімесең мен жұмыстан шығайын да, сол етті кептіріп, екеумізге тамақ қылып үй шаруасына кірісейін, — дедім.

— Онда сен менің қатыным боласың ғой, — деп Мәмбет күлді.

Аяғында сөзді осыған байлап, мен үй шаруасына ауыстым. Мәмбет орыс артельдерімен бірге тиірменде жұмыс істейді, мен сойған соғымның қазысын айналдырып, қақтап,

сүрлеп жаттым. Екі кісіге бір бие сойып, күндіз қуырдақ, түнде ет болып, күнде өзімізге өзіміз қонып-түстеніп жата бердік...

Сонымен қар кетіп жаз шықты. Бір жақтан осы Газбек-қара мен Сәтбек келіп қалды. Олар да Сібірден жұмыс қып, пайда іздеп жүрген жігіттер екен. Жаз шыққан соң бәріміз де «не де болса елге таяу баралық» деп тиірменнен расчет алдық. Поезға отырдық та Омбыға келдік.

Омбыға келген соң сұрастырып жүріп осы пароход компаниясына жұмысқа кірдік... Жазда пароходта болдық. Күзден бері осы өзің білетін Ганшин байдың ломовайында жұмыс істейміз... — деп Нұраділ Мәмбетпен де, өзімен де сұранған Сатанды таныстырып өтті.

Сатанға Шеркес Қали, Нұраділдің қандай адам екендігі енді әбден анықталды.

— Жарайды, жігіттер. Сендерге енді мен қосылдым. Біз енді үшеу болдық! — деді.

МӘУЛІТ МЕЙРАМЫ

Биылғы қыс созылып барып шықты.

Май айы. Күн сәске. Қаладан бес шақырымдай өзен бойындағы тоғайшаның жанында отырған жұлма лашық сирышы Ысқақтың үйі. Ол үйдің жанында байлаулы тұрған марқа қозы маңырайды. Қала жақтан екіден-үштен қаздап Ысқақтың лашығына таман бірнеше адамдар келіп жатыр. Келіп жатқандардың барлығы да Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастары. Жалбыр шаш, ала көз, қара дарылдақ, ұзын сары, жұқа құлақ, көзі суланған секпіл аққұбаша; шотбақ қара, мықыр қара, үлкен ауыз қара, көк шегір, құс тұмсық қазақтардың бірнешеуі осы үйге жиылды. Әрі-беріден соң сиыршының қаукеншігі осындай тік аяқтармен лық толды. Жазғы талдай ығы-жығы көктеп өсіп келе жатқан жас қазақтар көбейді.

Сатан Ысқақпен көптен әшінежай. Ысқақтың да сүйегі қаракесек болғандықтан Сатан анда-санда осында келіп-кетіп тұрады. Кір-қоңын жуғызып алады. Сатан кешеден осында. Оған Ысқақ ертең Мәулід мейрамына қазақ жастары көкке шықпақ болғанын білдіріп қойған. Қолғабыс етіп, сорпа-су ішерсің деген. Біраздан кейін қала жақтан извозчиктің қоңыраулы шолақтарын құдырып, бірнеше

мырзалар да келіп қалды. Қолда таяқ, қолтықта сулық, мұртты қара, иықта жамылма, ақ жағада тоқпақтай қара галстук байлаулы, өне бойын түймелеп тастаған бұйра шашты біреулер көкке қарап келіп, үйге түсті. Бұлардың қасында ноғай қалпағын шекесіне елбіретіп киген алтын түйреуіші, тасбақа тарақтармен, күміс ілгектермен өне бойын шегелеп тастаған қыздардан үшеу келісті. Сөйтіп, осылар Ысқақтың жаман лашығына жиылғанда ол ішіне гүл-жапырақ толтырған жаман дорба сияқтанды. Бұлар келісімен өздері әлденеден қымсынғандай өзара сөйлесіп, кішірек жастардан екі-үш жерге қарауыл қойды. Қара қожалақ, ұзын сарылар күзетке кетісті.

Ысқақ пен қатыны зыр жүгіріп дамыл жоқ. Әйелі су тасып, Ысқақ пышақ қайрап өкшесіне басады. Сатан марқа қозының кеудесіне кіріп жатыр.

Сатанға да, Ысқаққа да бұл үйге қой сойылуы теріс болмаған сияқты. Көптен шаң жалап ерні қызылға тимей жүрген кісілерге үйелмендей бір марқа қозының келіп сойылуы үлкен мейрам. Олардың кешеден ерні қышып, етке сұғылуға ниеттеніп, жан терге түсіп қимылдап жатыр. Жарлының бір тойғаны шала байығаны ғой!

* * *

Үй ішінде жиылыс. Жиылыста бір қауымның жұмысын сөз қылып жатыр. Қауым бастығы дембелше сары екен, ол сөйлеп тұр:

— Сонымен біздің азды-көпті істеген жұмысымыздың қорытындысын айтқанда мынадай суретті көруге болады: қауымда отыз сегіз мүше бар еді. Осы мүшелердің бірсыпырасына біз қауым атынан жұмыс тапсырдық. Ол жұмыстарымыздың орындалғаны да бар, тіпті орындалмай қалғаны да бар. Орындалмаған жұмыстың көбі-ақ қауымның қаладағы жұмысы. Мәселен, журнал шығару, сауық кешін қою, қала халқының арасына мұқтаж оқушыларға жәрдем жинау сияқтылар; осы наметит еткен жұмыстардан реальный ешнәрсені жарыққа шығара алмадық. Бұған себеп, біздің мүшелеріміздің тәртіпке мойынсұнбағандықтары бір болса, екінші жақтан, қауымның қолындағы қаражаттың аз болғандығы. Алайда қауым басқармасы ешнәрсе істемей қойған жоқ. Қаладағы жұмысымыз әлгіндей ақсақ болғанмен қауымның даладағы жұмысында

біраз қозғалыс бар. Қауым атынан ел ішіне шыққан азаматтарымыз өзіне тапсырылған жұмысты жақсы атқарып қайтты. Мәселен, «Қазақ» газетіне мыңға тарта алушы жиналды. «Мұқтаж оқушылар пайдасына» деп жеті жүз сом қаражат түсті. «Азамат серіктігі» бастырған қазақша үш өлең кітаптан біздің қауымға жіберілгенін тегіс сатып, ақшасы «Қазақ» басқармасына жіберілді.

Ел байларына егін-шөп машинасын алдыру жөнінде, ел ішінен мектеп ашу жөнінде бірқатар үгіт-насихаттар жүргізілді. Екі болыста қарыз серіктігі ұйымдастырылғандығын бізге ол елдердің болыстары қағаз жазып, списогін жіберіп отыр... — деген сияқтыларды жалпақ сары саулатып соғып отыр. Анда-санда мықыр кеңірдегін құлдап құйылған терін орамалымен бір сүртіп қояды.

Баяндамашы азамат осы сарынды сөзді көп сөйледі. Оған жиылыстағылардан түрлі сұраулар беріліп, мәселені жан-жағынан созғыласып жатты. Сұраулар біткен соң баяндаушының сөзі бойынша айтыс сөздер басталды. Біреу баяндаманы «қанағаттанарлық» деп тапты. Біреулер «қауым жұмысының жүрмеуі — басқарманың салақтығынан» деп жұмыстың барлығына мысықша көзін жұмды. Оны біреуі «теріс» деді. Сөйтіп, кез келгені керілдеп сөйлеп, қызылкеңірдек болып, талқыласып жатты.

Мүшелік жарна деген қып-қызыл дау болды. Жарнаның кімнен, қанша жиналатындығы керіске түсті.

— Жарна бір сом болсын!

— Жоқ, елу тиын.

— Үш сомнан кем болмасын!

Мына жақтан дүңкілдеп сөйлейтін, ала көз, қара мұртты біреу:

— Мүшелік жарна жүз сом болсын! — деді. Өзгелері ду күлді. Анау күлгенге қызарақтап қалды.

— Жүз сом болмаса ұйымды тарқату керек! — деді мұртты.

— Ой, сен жындымысың? Өңшең кірін жудыра алмай жүрген оқушы жарнаға жүз сом беруші ме еді?..

— Онда бәріміз жарна үшін жалға жүрейік! — десті. Қара мұрт өз ұсынысын сақтады:

— Ұрласандар да жүз сом табасындар...

— Е, сен өзің табамысың?

— Табамын. Шу бойындағы елден екі бие ұрлатып алсам жүз сом... — деді мұртты. Жұрт тағы күлді.

Сатан марқаны жаркемдеп отырып, алғашында бұлардың сөзін қызықсынып құлақ қойса да, сарыны бір қалыпқа соға берген соң Сатан оған елеңдеуді қойды. Тіпті көп сөздері Сатанға түсініксіз шықты. Сатан олардың шулауына қарамастан қызыл марқаны бөксеріп екі жақтағы қолтық етімен қоса түндіктей қып төстікті сыпырып бір алды. Шажырқай, өңеш, көкбауыр, шеміршек, бүйрек, тоқ ішектердің бірін-бірін отқа көміп Ысқақ құйқалақтап отыр. Ысқақ әйелі бас үйтіп қазан асуда. Құйқалақты бір-жайлы қылған Ысқақ Сатан сыпырған төстікті тұзға тығып тастап:

— Бұл осылай жатсын! — дейді.

Үй ішіндегі керілдек күшейіп, әр жерден бажылдасып, күжілдеген дауысқа құлақ салмасқа болмады. Сатан да, Ысқақ та қазан-аяқ жақты бір жайлы қылып, дуылдақтың тамашасына қарады. Керілдескен сөздің таласы қауымның сайланатын бастығы туралы екен. Қазынашы, хатшы дегендері де оңай бітіммен сайланатын көрінбейді. Осы басқармалар туралы әркімді әркім атап, бірін-бірі мақтап, бірін-бірі жамандап, шыная қызылкеңірдекке енді кіріскен екен.

Біреуді «іскер, өтімді, қауымның қара шаңырағын саластын қара нары», — деп мақтады. Біреуді «салақ, олақ, қарататтан айрылады», — деп тұқырта жамандады. Енді біреуге үш кісі мақтау айтса да, сол үшеуінен басқа қол көтерген кісі болмады. Енді біреуді «айналасына кісі көп үйірілетін тиянақты, осыны қоймасақ қауым қаңырап қалады», — деп біреу омыраулады. Оны айтушыны екінші біреу орысшалап боқтап тастады. Осы ретте оқыған жастар өзара үлкен керіске түсіп, сайлау таласына айқайласып жатты. Сатан олардың мәжілісінің осындай сыртқы дабырынан басқа, танымайтын адамдарының ешқайсысына толық түсініп жеткен жоқ. Бұлардың неге таласатынын, кімді неге сайлайтынын анық байыптауға шамасы келмеді. Тек оның ойына келгені: «бұлардың осынша қызылкеңірдек болып керілдескені» еді.

— Қырдағы сайлаудың таласы бұларда да болады екен-ау, Секе, — деді.

— Е, болмай, таластың әкесі осы оқыған қазақта болады, қарағым, — деп Ысқақ тістеніп бастың жағын айырып тастады.

— Сонша таласатын бұл азаматтардың мұнысы ненің сайлауы? — деп Сатан Ысқақтан сұрады.

— Шорт знайыт... Әйтеуір өздерінше бір үлкен орын болмақ керек. Жасаған иіп осы қаланың бір үлкен мансапты орнына осылардың біреуі тұратын болса игі еді, — деп Ысқақ шын ниетімен үміттенді.

— Е, бұларға қала басқаратын орын қайдан тисін? Тек өздерінің газет-мәзіт жазатын, не школға бала кіргізетін бірдемесінің сайлауы шығар, — деді Сатан.

Сонан әрі Сатан мен Ысқақтар бұлардың дабырымен жұмысы болған жоқ. Өздерінің міндетіне берілген етті пісіріп-түсірудің қамына кірісті.

«ЖӨГЕР, ЖОҒАРЫ ШЫҚ!»

Қазан қайнап, марқаның еті пісуге айналғанда оқыған азаматтардың ішінен жырылып шыққандар ошақ басына келе бастады. Олар бұлкілдеп қайнаған қазанның бет-аузына қарап, қолына шөміш алып, етті аударыстырып, бауырды сұрап, шекті іліп алып, қазан үстінен кестіріп жеуге айналды. Мұны көрген әлгі баяндамашы кеспелтек сары келіп, мынау сияқтарына қабағын түйіп:

— Пашел; ауылдағы әдетті қылып, тәртіпсіздік істемендер, бәріңе әдемілеп жасап беремін! — деп оларын қазан басынан қайырып әкетті. Соны айтты да, жалпақ сары тапал білегін сыбанып, қолын жуып Ысқақтың қатыны түсіріп отырған еттің жанына отырды. Қазанның қақпағына, қара қожалақ астауларға түсірілген қызыл марқаның етін жілік-жілігімен жүйелеп, төрт-бес табаққа жасай бастады. Бір жағынан қара шолақ пышағын жаландатып қайрап алған Ысқақ бастың мандай құйқасын кірестеп бір тіліп, арқа омыртқаларды айырып, тапал сарының көмегіне кірісті.

Үйге дастарқан жайылып, ет жеушілерді реттеп отырғызған соң сары тапал басты үйге алып кірді:

— Ал құран оқыңдар! — деп төр алдындағы кеудесін көтеріп отырған азаматтардың алдарына қойды.

— Мен оқиын құранды! — деп бір тәпелтек қара есік жақтан өңменден жүгіне қалып еді:

— Уә, құранды сен оқушы ма едің?! — деп оны ақ жағалы, ала көз теуіп жіберді. Ешкім ұйғармай өз бетімен құтырынып, құранға жармасқан жалбыр қара тепкімен бір аунап түрегелді. Түрегелгенде құлағына шейін қап-қара болды. Көптің аузы құран оқуды бұйра шашқа ұйғарып:

— Әлжан оқиды! Әлжан! — десті. Бұйра шаш шарт жүгініп үйдің ішіне не бұқаша, не молдаша қаранып, басты жан-жаққа былғақтата бастады. Тамағын кенеп, кеудесін көтере-көтере «Тәбаракты» сүресінен сұңқылдатты. Медіресе Ғалиядан оқып құран оқудағы Мысыр мағамдарын үйреніп қайтқан Әлжан үлкен хазіреттердің мәнеріне салып, «Тәбаракдан» басты былғақтатқанда үйдің іші жым болып, ауыр қайғылы үйге айналды. Құран даусынан Ысқақтың лашығы ауырлап, бұл тегін үй болмай, арысы құлап, адамы өліп отырған азалы қазақтың үйі сияқтанды. Осылардың ортасында тұрған марқаның басы әлдекімге ұқсап, оның мандайы оң жақта жатқан өлген адамның мандайы тәрізденді.

Әлжан құранды ұзақ оқыды. Ол «Тәбарактың» басынан түсіп аяғынан бір-ақ шықты. Бұл екі ортада еттер кеберсіп, сорпа да суып бара жатыр еді. Даладағы жасаулы тұрған етке тап-тап берген соқыр көк ит пен көгала қаншықты Ысқақтың қатыны әлденеше рет қуды. Кейде көсеуді, кейде шөмішті жіберіп қалды.

Етке жалақтаған елдің соқтасын суытып барып, сұңқылдаған Әлжан құраны тоқталды. Бәрі бірден бет сипап, Мұхамет пайғамбардың рухына бағыстап, бата оқыды. Бата оқылып, бас табақ ала көздердің алдына қойылған соң, өзгелердің де өз табақтары ортасына қойылып, жанның бәрі жапырлай етке сұғыныпты. Қыздар басқы екі табаққа қол сұқты.

Етті жаңа алдарына алғанда үйге төрт жігіт кіріп келді. Мұның бірі Нұраділ, Шеркес Қали, Газбекқара және Жөгер деген матрос. Етке сұғынып қалған қазақтар «әкеңнің моласы құлап бара жатыр» — дегенге қараушы ма еді, мынау соңғы келген жігіттерді елең қылған кісі болмады. Елең қылмайын деген жоқ, ет басты болып жатқандықтан басқа жаққа басын көтеруге мұршасы келмеді. Әсіресе, төрдегі бас айналасындағы отырғандар селт етпеді. Өздері ха-халап бастың құлағын, көзі, миын дау қылып қарқылдасып жатты.

Жалғыз-ақ есік жақтағы табақ тартып тұрған Сатан жолдастарының келгеніне қыбжықтап, әдет бойынша:

— Уа, жігіттер! Жоғары шық! — деді. Сатан «жоғары шық!» дегенге төрдегі ұзын шаш шам көріп, келгендерге жиіркене бір қарап алды да:

— Оларды даладан жөнелтсең де болады ғой, — деді. Келген жігіттер бұл сөзге тіксініп, жаман көзімен үйдегілерге қарасты. Шеркес Қали сөздің құйрығын үзбей:

— Біз өзіміз ғой, мына бір атаның ұлы Жөгер жоғары шықсын! — деп Жөгерді төрдің алдына таман итермеледі. Жөгер іштен арбасып тұрған сөзді әлде сезді, әлде сезбеді, орданда ортадан аттап төрге таман ұмтылды. Үсті-басы кір-кір, тер сасыған Жөгер төрдегі өңшең «үлбіреп» отырған әйелдердің, мырзалардың арасынан аттап, ыңыранып ет жеп отырғандардың желкесіне барып тұра қалды. Бірақ оған «отыр» деп орын берген жан болған жоқ, Жөгер жоғары шықты да, шұқшиып тұрып қалды. Есік жақта тұрған Шеркес Қалилар «не болар екен?» деп сіресіп тұр. Отыруға орын тимей, сорайып қалған Жөгер ғажаптанып:

— Мен қайда отырады?— деді.

— Е, сені кім шақырды мұнда? Далаға отыр! — деп ала көз аққұба дүрсе қоя берді. Оған мына жақта тұрған Шеркес Қали қолын қанжардың сабына салып тұра қалып:

— Жөгер, отыр сол жерден! Отыр да ет же! Сен де бір атаның ұлысың! — деп дікек қақты. Бұған шыдамай кетіп:

— Шығар, мына бейбастақтарды! — деп жаңа ғана «тәбарак» оқыған Әлжан есік жақтағыларға мұрнын тыжырды.

Сөз осыған-ақ келді. Одан әрі апыр да топыр, жанжал шықты. Ортада тұрған басты табақтың майлы еті туралып, түздығы көлкілдеп түр еді. Нұрадін оны іліп алып, әжірендеген ала көз, аққұбаны қойып жіберді. Үйдің іші астан-кестен. Шеркес Қали қанжарды суырып алып, «тыпыр еткеніңді құртам!» деп, қалш-қалш етті. Бір жақтан Газбекқара білекті сыбанып жіберіп:

— Өңшең тік аяқ неме! Кәні, қайсың қозғалар екенсің! — деп арс-ұрс етті. Үйдің іші жым болды. Шеркес Қали қанжарды ұстап қатып, есік алдында кезеніп тұрып:

— Жандарыңнан үміттерің болса дереу біреуің қалмай осы үйден шық! —деп өңін бұзып жіберді.

Мыналардың жанжалынан үрейі ұшып кеткен оқығандар ет жемек түгіл дерт жеп, шешінген киімдерін киінуге шамасы келмей моншадан шыққан кісідей терлеп-тепшіп Ысқақтың лашығынан шыға-шыға қашты. Бір-біріне «мастар келді, қаш! Қаш!» — десті. Етпен ұрылған ала көз де зыта жөнелді. Жігіттерді сөгіп, ұрсып қазақ бикештері де олармен бірге жөн тартты. Тек жұмысшыларға жақын жүретін Сүндет, Ыдырыс, Бәкен сияқтылар ғана қалып қалды.

Олар әбден ұзап кеткен соң жігіттер күле-күле етке отырысты.

Ысқақ пен әйелі майы туралған бір табаққа итіне түсті.

ЖЕР АСТЫНДА ЖҰДЫРЫҚ

Ертістің Жармақ пристанынан шығатын жолмен жүрген кісі Екібастың шахтасына келеді. Шахта төртеу. Бұл шахтыдан көмір шығарылады. Екібас ағылшын байының қолында — шахтаның тек аты шахта демесеңіз — салынған үйлері жеткіліксіз, машина-саймандары, механизмі нашар, аюдың қазған інінен айырмасы аз бір үңгірлер.

Мардан шахтаның бірінде вагон айдаушы откатчик болып істейді. Ол ертеңгі бестен кешкі беске шейін жер астында болады. Шахтаның асты қараңғы. Жыланның ініндей тар, індікеш. Қолда күңгірт жанатын толағай шам. Жер астында жүрген жұмысшылар тобықтан қара балшық кешеді. Шахтада әуе ауыр, адам ылғи күл қауып, көмір жұтады. Жұмысшылардың ақысы аз, жұмысы ауыр. Жұмыскерлердің үстінен қойылған толып жатқан сатылы подрядчик, мастер, десятниктер болады. Осылардың күн көруі жұмыскерлердің есебінде. Араларында адам айтқысыз пара жүреді. Жұмысшылардың ақысын аз кесу былай тұрсын, шахтаның ішкі тәртібінде толып жатқан алымдар болады. Өзгені былай қойғанда Марданның алатын айлығынан мынандай шығындар ұсталатын еді: пәтерге, соғыс пайдасына, дәретхана тазалатуға, өлгендерді көмуге, тұзға, шамға, отынға, басқа тағы сондайлар. Бұлардан бөлек түрлі штрафтан да көз ашуға болмайтын еді.

Марданға қызмет жағынан ұрымтал келетін Тоқай дейтін ноғай подрядчигі. Ол өзі Семейде алыпсатарлық қылып жүріп, кейін ол жұмысынан береке таппаған соң Екібас шах-

тасы ашылғанда осында орналасқан. Қолы хат-шот біледі. Келгеннен бері-ақ подрядчик. Тоқай тегі, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмейді. Жамбасына бір тікен қадалғандай күндіз-түні тынбай шахтаны аралап жүреді. Жұмыстың басы-қасында болып, ешбір жұмысшыға жылы ұшырамайтын жылан сықылды адам. Жұмыскердің қит еткен бір жерін көріп қалса орысшалап боқтап, теуіп, түртіп қалатын оның үйренген дағдысы. Тоқайдың осы қылығына жұмыскердің көбі-ақ азуын басады. Тек азу ғана басады. Әйтпесе одан асырып Тоқайға қылар қайрат жоқ...

Тоқайдың қарауындағының көбі қазақ жұмыскері. Ол бір жағынан жеуге жұмсақ деп жуас, тіл білмейтін, тәртіпке түсінбейтін қазақ жұмысшыларын өзіне қызметке алса, екінші жақтан оны завод бастығы қазақтарға тіл білетіндігінен пайдаланып әдейі қойды. Сондықтан қазақ жұмысшыларының көбінің ісі осы Тоқайға байланысты. Ол да көбінесе жаңадан келген қазақ, орыс, татар жұмысшыларын жеуге кіріседі. Өйткені жаңа келушілер алғашында жұмыс жайын жақсы білмейтіндер болады. Көрінген кісіге көзтүртті болып, қырдан келген қойдай тосырқап, мүгедек болып қалады. Тоқайлар осыдан пайдаланып «қабаққа қарай албасты» болып, әбден дәнігіп алған. Шахтаны аралағанда өзіне қарайтын жұмыскерлерді боқтап не теуіп, түртіп жүреді.

Бір күні Мардан штректің бір бұрылысынан вагонды сақырлатып айдап келе жатқанда Тоқай тұр екен.

— Тоқта! — деді. Мардан тұра қалды.

— Вагонға көмір қалай орта салынған?

— Орта емес қой, абзи. Тегі, мұның сыртына сал демесеңіз...

Тоқай сонан әрі тілге келген жоқ. Марданды дүмге бір теуіп қалды. Мардан жерге жұрындай түсті. Мардан басын көтерсе Тоқай жай ғана адымдап әрі кетіп бара жатыр екен. Мардан «әттең» деп азуын басып, ыза боп тұрды да жайына кетті.

Екінші күні Тоқай Марданға төменде кездесті. Келді де байланыса кетті:

— Сен парды неге көтермедің?

— Парды көтер деп маған кім айтты? Десятник үйдеп айтқан жоқ қой...

— Мә саған, айтқан жоқ! Сволоч! — деп Марданды бұл жолы бүйірден теуіп қалды. Мардан аяғынан шап ете түсті. Ұсталған аяқтан бір жаққа бұра бір тартып қалғанда Тоқай Марданның астына түсіп қалды. Қараңғылау шахтада, қара көмірдің ішінде апай да топай. Мардан Тоқайды тізерлеп-тізерлеп жіберді. Астына түскен Тоқайдың үнін шығартпай тіземен нығарлап жатқанда Қыпшақпай келіп айырып жіберді. Тоқай орнынан әлсіреп азар тұрып, боқтай-боқтай кетіп қалды. Бірақ ол жерде қайта соқтығуға өзі де сескеніп қалып еді. Ертеңінде Мардан конторға шақырылды да, шахтадан бұзақы есебінде бұйрық беріліп, жұмыстан шығарылып тасталды.

* * *

Мардан қызметтен шығарылған соң он шақты күн жұмыссыз жүрді. Әркімге бір жалбарынды. Қызмет сұрады. Бірақ қызмет табу оңай шаруа болмады. Мардан сияқты талай қазақ, крестьян топ-тобымен келіп жұмыс сұрап таба алмай кетіп жатты. Әсіресе заводтан «бұзақы» атағын алып шыққан Марданға да қызмет табу оңай болып па? Оған орналасу өте қиын болды. Ақырында шахтаның астында штрек бастығы Герасимов деген кәрі жұмыскер жолығып Марданға бүйрегі бұра кетті.

— Жүр, сені мен Антон Антоничқа алып кірейін, — деп Марданды конторға ертіп келді. Управляющий:

— Бұл бұзық, жанжалқой, — деп Тоқайды ұрғандығын айтты. Бірақ оған Герасимов өзіне бір қарулы жұмыскер керек екендігін дәлелдеп, Марданды жұмысқа сұранып болмады. Ақырында управляющий:

— Жарайды, оның қылығына сен жауапты болсаң өз қол астыңа берейін, — деді. Герасимов оған ырза болып Марданды қызметке кіргізіп алып шықты.

Мардан шахтаға келген соң Герасимов оны жер астындағы суды үске шығарып тұратын камаронға машинист етіп орналастырды. Мардан осы жұмысқа кірісті.

КӨНБЕСЕҢ КӨШЕДЕ ҚАЛАСЫҢ

Екібаста қазақтың жұмысшылары ғана емес, байлары да жұмыс істейді. Бір бай заводқа отын жеткізеді. Бір бай су тартады. Бір бай Ертіспен екі ортаға жүк жүргізеді.

Сондайлардың бірі болып Байғұлдың балалары завод жұмысына араласады. Байғұлдың Әкіш, Демеу дегендері шахтаның әр жұмысын кезінде көтеріп алып, пайда келтіріп тұрады. Бұлардың тоқсан шамалы жылқысы бар. Көбі ат. Шахтаның суын шығарып, сырттан у тас жеткізудің подрядін осы Байғұл балалары алған. Заводтың дабысын алыстан естіп қыр қазағы Екібасты сөз қылғанда: Әкіш, Демеулер Екібаста бір жағын орысшылап, бір жағын мұсылманшылап алуан түрлі амалмен ақша табуға айналғанда ағайын, бауыр дегеннің бірін де білмей ұмытып кетеді. Тиыннан теңге туғызып, бірді-бірге тасқабақтай қағыстырып қутың-қутың етеді. Есекқұрты мұрнынан түсіп жетіліп тұр дейді деп, осы Әкіштерді сөз қылады. Байғұлдың Әкіші саудагер, қара жұдырықтау болса, Демеу хат-шот білетін, Исахан хазіреттен тәлім алған халфелеу адам еді. Мардан мына шахтаға келген кезде ол шыртия киініп, шіреніп басып заводты атпен ғана аралап жүретін мырза сүрейлеу болатын. Ол сол жылы Қозыке деген байдың қызын алам деп дәме де қылып жүретін еді. Елден заводқа пайда іздеп шұбап келіп жататын көп қара қазақты пайдаланып, делдалдықпен ақысын жеп қоятын осы Байғұл балаларына Марданның қызметі де ұштасып кетті. Бір күні Байғұлдың Демеуі келіп жігіттерге су тұратын котелды тазарттырды. Жиырма шақты жігіт шахтаға су жіберетін үлкен қазанды жуып-шайып тазалауға кірісті. Мардан да осы жиырманың ішінде еді. Жұмыс істеп жатқан жиырма жігіттің қасында екі қолын жан қалтасына салып Демеу жігіттерге әмір айтып тұр еді. Ол Марданға:

— Суды неге төгесің? — деп ақырып қалды. Мардан Демеудің бұл ақырысын ауырлағандай аларып, оның бетіне қарады, Демеу оған қарады. Қарағанда қарсы алдында өзіне ырылдағалы тұрған қасқырды таныды. «Не де болса мұны жаныштап тастайын» деген ой болса керек, Демеу Мардаға тепсініп боқтауын үдете берді.

Мардан адамның ауыры. Оның мінезі құйған қорғасындай салмақты. Ол кейбіреулерше көрінген кісіге жанасып, сөйленген сөзге ілінісе бермейді. Бірақ оған біреудің таяғынан гөрі тілі тезірек өтеді. Ол өзін ұрған таяққа шыдаса да қорлаған сөзге шыдамайды. Оның ашуы бұрқ етіп бір-ақ

қайнаса түйе тулағандай қылады. Мейлі ұлық болсын, кім болсын, Мардан қолында өліп қалады. Ол Тоқаймен де солай болған еді. Мына Демеудің де үш-төрт боқтауы өткен соң қайнап кетті, шыдамады. Қолындағы қызулы ыстық темір көсеумен Байғұлдың Демеуін қағып қалды. Демеу «аттан!» деп атып кетті. Темір көсеу тиген жерін қарып түссе керек. Демеу көсеу тиген жерін ұстап, ойбайлап, олай-бұлай жүгіріп тыпырлады да қалды. Жігіттердің ешбіреуі Демеуге болысқан жоқ. Бір ауыз сөз айтпай өз жұмыстарын істей берісті. Демеу осыған ыза болып, Марданды ұрайын десе де жақындауға бата алмай, от басып алған тауықтай шырылдап біраз айналып жүрді де, ыңқылдап үйіне кетті.

Жігіттер Марданға:

— Енді сен қос-қолаңыңды жиып кетуге дайындала бер, — деп Марданның қызметтен шығарылатындығын күні бұрын кесіп-пішті. Айтқанындай Демеу Марданды жамандаған соң ертеңіне управляющий Марданды қызметтен тағы шығарып тастады.

Мардан тағы қаңғырып көшеде қалды.

БЕТ БЫЛАЙ

Герасимов Марданның бір жақыны сықылды. Мардандарға өз жайын жақсылап айтпағанмен де Мардандарды бір түрлі жан тартады. Сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысымен Герасимов көп жұмысшыларды өзіне тартып алған. Оны орыс жұмысшылары түгіл қазақ жұмысшылары да аса қадірлейді. Өзінің мұң-мұқтажын да ақылдасады. Марданның білуінше бұл Оралдан келген көрі жұмыскер. Өзі білімді, көпшіл, мінезі жақсы. Әр істің артын ойлап істейтін, анамынауға, қылжындыққа жеңілдік істемейтін сабырлы, салқынқанды адам. Ал Герасимовтың Мардандарға тіпті белгісіз жағы да бар еді. Ол Герасимовтың төңкерісшілдігі. Герасимов 1905 жылдың төңкеріс қозғалысына қатысқан саналы, өжет жұмыскердің бірі. Ол Оралдағы Тагил заводының ескі жұмыскері. Ондағы бай Димидовтың компаниясына қарсы көтеріліс жасап іс тастаған. Әлденеше забастовкеге қатысқан кісі. Кейін бұлар байлар, әкімдер тарапынан құғынға ұшырап, ұсталып, абақтыда екі жарым жыл жатып, Алтай жағына жер аударылған. Мұның Оралдағы қатын-баласы, үйі быт-шыт болған. Бұл Алтайдағы Риддер заводына

жіберіліп, кейін Риддерден ескі жұмысшы есебінде завод компаниясы Морозов сияқты жолдастарымен осы Екібасқа әкеліп жұмысқа салған. Сонан бері осы Герасимовтар бұл шахтада жұмыс істейді.

Герасимовқа өмірдің қалай бара жатқандығы алақанындағыдай анық. Ол байларға қаны қас, төңкерісшіл. Герасимов шахтада тек азуын жасырған арыстан есебінде жұмыс істейді. Ақырындап жұмысшыларды төңкеріске баулиды.

Герасимовтың бастауымен Екібаста істейтін большевиктердің жасырын ұйымы бар. Бұл ұйымның адамы көп болмағанымен, берік табанды адамдар. Олар жайлап, жасырынып біраздан бері жұмыс істейді. Бірақ бұл күнге шейін Герасимовтар бұл жасырын ұйымына қазақтардан жұмыскерлерді қатыстырған емес еді. Тек қазақтарға олар жабайы жұмысшы есебінде ғана қарап, олардың жалпы жоқжітігіне қарасып, жәй жәрдемдерін ғана істейтін еді. Герасимов Марданды да жұмыстан шығып қалғанда орналастыруы сол жалпы мұқтажға болысу ретінде көрсеткен көмегі болатын. Бірақ Герасимов өз жұмыстарына енді қазақ жұмыскерлерін де тартуға талаптанды.

Жұмыстан шығарылып, көшеде қаңғырып қалған Мардан Герасимовқа тағы жолықты. Демеумен жанжалдасып қызметтен шығып қалғанын айтты.

— Тынысым тарылды. Сіз бір ақыл айтпас па екенсіз деп сізге келдім, — деді. Герасимов басын шайқап отырып, сөзге кірісті. Сөз сарыны Марданға шешіле сөйлескен кісі сияқтанды:

— Сенің бұл тезқатар мінезіңнің пайдасы да бар, зияны да бар. Мұның пайдасы — сен өз басыңды қорлатпайсың, намысыңды таптатпайсың, өз басыңды байларға, жуликтерге басындырмайсың. Сені көрген өзге жұмыскерлердің рухы көтеріледі. Бай мен жұмысшылардың арасы ашыла береді. Бұл жақсы-ақ.

Ал зияны — сен жалғыздан-жалғыз бір подрядчикті сабағанмен онан дүние өзгермейді. Өзің қаңғырып жұмыстан шығарыласың, басың сотқа байланады. Егерде сен өзіңде, көпке де пайдалы жұмыс істеймін десең — осылардың жұмысын істей жүріп, байларға, жуликтерге қарсы өзіндей жұмыскерлерді көбейтетін бол. Өз білгеніңді оларға үйрет. Байлардың, олардың құйыршықтарының жұмыскерлерге өмірге қас екенін миына сіңір. Сөйтіп, байларға жалпақ

наразылық істейтін болалық. Не істесек те тұтас істейтін болалық. Біріміз үшін мыңымыз, мыңымыз үшін бәріміз шұрқ етіп түсе қалатын болалық. Егерде бір буда сыпыртқыны тұтасынан сындырса қолдың күші жетпейді. Егер ол буда шыбықты бір-бірлесе бәрін де оңай сындыруға болады. Міне, осыдан мысал алу керек, егер біз осындағы жұмыскерлердің ішінен отыз-қырық жұмыскерді түсіндіріп алсақ, қалғанын артымыздан ертіп алуымыз оңай. Көпті артымыздан ертіп алып, байларға тізе қылатын болсақ — міне сонда оларға ауыр тиеді... — деді.

Марданның ойына жаңа-жаңа пікірлер келіп, оның сарайына күшті ағымды, тәтті бұлақ құйылғандай болды. Герасимовтың сөзіне айрандай ұйып, құлағын төсеп, тағы-тағы айт дегендей Мардан сүйсініп, тыңдап отыра берді.

Герасимов көп нәрсе айтты. Сөзінің түйіндерін айналдырып келіп, жұмысшылардың жайына, заводтың байына әкеп тірей берді. Мардан өзі үлкен оқушының алдынан сабақ алғандай санасы ашыла бастады. Ақырында Герасимовтың үйінен кетерде:

— Мен сіздің айтқан сөзіңіздің барлығына әбден қандым. Маған оңым-солымды таныта бастадыңыз. Енді мен сіздің айтқаныңызбен болайын, өз қанатыңызға алыңыз, — дегенді айтты. Герасимов те қолынан келген жәрдемін істейтін болып, екеуі қолдарын қатты қысысып айрылысты.

АЯҚТАУ

Күн суық. Үскірік үзілмей соғып тұрады. Мардан Ақшақтың механический мастерскойында төжірибеші есебінде жұмыс істейді. Онда Морозов деген жұмыскер табельщик. Осы табельщик Морозовтың жасырын ұйымының адамы екенін Марданға Герасимов таныстырған. Герасимов болып, Морозов болып Марданды мастерскойға осылар орналастырған. Осында орналасқаннан бері бұрқылдатып істеп жатыр.

Морозов пен Марданның шығарда жаны басқа. Морозов та бойдақ жұмыскер. Екеуі тамақты бір ішеді. Бір бөлмеде жатады.

Күн жексенбі еді. Кешке жақын Мардан мен Морозов шулаған дабысқа елегзіп далаға шыққа мынандай жәйді көрді.

У-шу. Айқай-ұйқай, жанжал. Бірнеше адамдар шахтада істейтін австрия тұтқындарының үшеуін қуып келеді екен. Тұтқындардың өне бойы қан. Шахтадағы Соловьев деген десятник, Тоқай подрядчик, Әкіш подрядчик, Демеу халфе — барлығы да аттысы атты, жаяуы жаяу мастарды құтыртып, бұларды құдырып келеді екен. Жанжалға қатысқандардың барлығы да ішкен. Қай-қайдағы қулар жиылған. Қуғанның ішінде Мардандардың ағайыны атақты шпана Омар деген карташы да бар. Арақтан оның екі көзі қып-қызыл болып айналып кетіпті. Қазақ жігіттеріне шақыртқы қылып балуан Омар тұтқындарға тас лақтырып келеді. Өзі жын ұрғандай айқайлайды.

— Ұр иттерді! — дейді десятник Соловьев.

— Тұмсығынан соқ! — деп Омардың қолына тас беріп келеді Төкіш подрядчик.

Тұтқындардың өне бойы дал-дұл. Жалаң аяқ, жалаң бас. Бет-аузы көрінбейтін қан, жара. Қырғи қуған бөденедей іннен інге кіріп алдынан шыққан Морозовтарға тығыла берді. Морозов пен Мардан да ұмтылды. Морозов күшті, үлкен жігіттің бірі еді. Қолына бір сырғауылды алып тұтқындарды апалақтап қуып келе жатқандардың алдынан көлденең тұра қалды. Мардан жалма-жан жаралы тұтқындарды бөлмесіне кіргізіп, есігін жаба қойды.

— Аяқтарынды аттағандарың өлесің! — деп Морозов сырғауылды сілтеп, үйді қорғап тұрды.

— Аш есікті, аш! — деп балуан Омар жынданған бұқадай тап-тап беріп, болмады. Мардан есікті Морозовқа тастай беріп, Омарға шап ете түсіп, жағасынан сілкіп-сілкіп отырғызып қойды. Марданның қалай отырғызып қойғанын тұмандай түсінген мас Омар жан-жағына жалт-жалт қарап, тыныштalып қалды. Бұл арада десятниктер қыздырған хулигандар:

— Жауды шығарып бер! — деп бірін-бірі итеріп есікке топырлай бастады. Ол кезде он шақты жұмыскерді ертіп Герасимов бір жақтан шыға келді де, жұмыскерлерге тоқтам айтты:

— Ақымақтар, тұтқындарды не үшін ұрасындар? Оларда не айып бар? Олар да өздеріндей жұмыскер. Бұларды да байлары, патшалары еріксіз соғысқа айдап жіберген. Бұлар сендердің жауың емес, туысқандарың... Сендерді құтыртқан адамдардың тіліне еріп, мұндай

ақымақшылықты істемей, таранdар! — деп еді, мас жұмыскерлер салбырап тұрып-тұрып тарасып кетті.

Сол арада қайдан шыққаны белгісіз, аяқ астынан полицейский шыға келіп Герасимовке:

— Сен жаңа не сөйледің? Сол сөзің туралы конторға жауап бересің, — деп алып кетті.

Морозов жүгіріп жүріп, доктор әкеліп тұтқындардың жараларын көрсетті. Доктор жаралылардың жарасын байлап, аққан қандарын тыйды. Бұл уақытта Морозов терезесіне әдейі лақтырған тас терезенің күл-паршасын шығарып кетті. Жаралы тұтқындар одан сайын үрейленіп, қалтыранып, далаға шыға алмады. Морозов Марданды жұмсап, үйінде жайбарақат отырған смотрительді шақыртты. Смотритель ешнәрсе білмеген кісімсіп, шатақтың қайдан, кімнен шыққанын сұрастырған болды... Морозов жанжалдың жай-жапсарын айтып:

— Бұған доктор екеуіңіз акты жасаңыз, істі сотқа тапсырыңыз, — деп ұсыныс қылды. Оны смотритель жүре тыңдап, тұтқындарға күле сөйлеп:

— Ешнәрсе емес. Сендердің жұмыскерлерің де біздің тұтқын солдаттарымызды ұрып жатқан шығар... — деп шығып кетті.

ҚАЙДА БАРСА БЫТБЫЛДЫҚ

Мардан мастерскойда істейді. Оның істейтіні шахтаға керек шелек, шайнек, труба, тағы басқа сол сықылды қаңылтырдан істелетін нәрселер. Марданның қолы мұндайларға епті. Кейде мастерскойда жұмыс өте көп болады. Өйткені бүтін бір аймақтың қараған ұста дүкені осы болғандықтан, бұл мастерскойға жан-жақты заказ көп келеді. Біреудің шелегі тесілген, біреудің шелегі жоқ, біреудің самаурынына моржа керек — осының барлығы да Марданның мастерскойынан бітіп тұрады.

Бір күні мастерскойға берілген контордың наряды бойынша инженер Плотниковтың сарайының төбесін жабуға бұйрық болды. Бұл нарядпен Мардан инженер сарайын жабуға кірісті. Екі күнде сарайды жауып Мардан мастерскойға қайтты.

Ертеңіне мастерскойге инженер кіріп келді; келді де ол Марданға тіксиді:

— Сен дурак!

— Қалайша?

— Сарайымның төбесін жаман жауыпсың!

— Жаман десеңіз өзіңіз жақсылап жауып алыңыз!

— Сен жақсылап істеуге міндеттісің, ит! — деп инженер Марданды сөгіп ала жөнелді. Мардан аларып, инженердің бетіне қасқырша қарап қалды. Инженер онан сайын өршеленіп сөге берді. Мардан ашуы алқымына тығылып келіп қалды. Оның ойына Герасимовтың жалғыздап жанжалдаспа, жәй жүр дегені келе қойған жоқ. Плотниковтың сөзіне шыдамай күйіп кеткен Мардан ысқырынып тұрған инженерге балғаны ала-ақ ұмтылды. Инженер мастерскойдан шыға қашты...

Осы қақтығыспен Марданның тағдыры және шешілді. Ол конторға шақыртылып, жұмыстан шығарылып тасталды. Сөйтіп Мардан шахта маңынан екі-үш орыннан сотанақ болып қуылған соң әбден әйгілі тентек болып, еш жерге сыя алмайтын болды. Герасимов, Морозовтар да мұны енді көрнеу жақтап еш жерге орналастыра алмады.

Сонымен Мардан заводтан қуылған адам саналып Екібаста екі жарым ай қаңғып бос жүрді.

* * *

Қар сылпылдап еріп жатқан уақ. Төбе-төбенің қарасын көбейіп қалған уақытта Екібаста қорғасын заводы салынатын болды. Бұл заводтың салынуы көптен жоспарланса да, анық қолға алынбаған еді. Завод байларының ойынша: бұл Екібастағы көмірдің қасына салынған заводта — осы Арқа мен Алтайда шығатын қорғасынның қортындысы болады. Риддердің, Зырянның, Маймұрынның кендері келіп осы заводта қорытылатын болады. Осы есеппен Екібаста салуы ұйғарылған заводтың жаздың шығуымен орны дайындала бастады. Бұл заводтың салынуы, әрине, қарекет іздеген кедейлерге біраз кәсіп болмақшы... Сондықтан жан-жақтан ел жұмысшылары осы заводтың жұмысына ағыла бастады.

Қаңғып жүрген Марданға Қасен деген заводта біреу ұсыныс та жасады:

— Сені енді ұсталыққа алмайды. Шахтаға және кіре алмайсың. Мына екінің бірі істеп жатқан қара жұмысқа түс.

Ат, арба менен болсын. Екеуміз пайда серік болайық...

— Мақұл, — дегеннен басқа Марданда лаж жоқ. Қасеннің ат, арбасымен келіп, Мардан қазылып жатқан завод орнындағы топыраққа түсті.

Жердің тоңы әлі жібімеген. Десятник Марданды әдейі жердің қатты қыртысына әкеп салды.

— Жердің астын үңгімей, ылғи осы бетіндегі тоңын оясың, — деп қолына лом, балта беріп жайына кетті.

Жер жалғанда қатты. Ломды салғанда шақ етіп кейін серпеді. Марданға көк тас бұл тоңнан әлдеқайда жұмсақ сияқтанды. Қара тер пұшпағынан сорғалады.. Ломдап, балталап ұзынды күнге Мардан екі-ақ арба топырақ шығарады. Кешке үйге қайтқан соң Қасен:

— Неше арба топырақ шығардың? — деп сұрады.

— Екеу, — деп Мардан сүле сапа айта салды. Оған Қасен ренжіп:

— Ұзақ сары күнге екі арба топырақ деген наған жұмыс ол? Бүйтіп ат-арбаны сандалтып әуре болғанша істеудің керегі жоқ. Күніне отыз-қырық арба шығарғанда сонда ғана расчет бар, — деді.

Расында Қасеннің айтқаны дұрыс. Екі арба топырақпен не аттың, не адамның еңбегі төленбейді, обал кететіні анық еді.

Ертеңіне десятник Марданды көрсеткен жеріне тағы әкеп салды:

— Мынау жер қатты екен, анау жұмсағырақ жерден алайын, — деп Мардан сұранып еді, десятник жуытпады. Мардан топырақты көп алмаса — күні қараң. Жұмыс өнбейді. Ақша шықпайды. Марданның алған топырағына Қасен қатты наразы.

Мардан бір күні десятник көрсеткен жерден тысқары жұмсақ жерден топырақ алып жатқан жігіттердің жанына келді. Бұл жерден десятниктің туысқандарынан Қазыбай деген жігіт жер бетіндегі тонды тастап, үңгіп қана топырақ алып жатыр екен.

— Бұл жерден саған ал деген кім? — деп Мардан сұрады.

— Десятник, — деді Қазыбай.

— Ол саған неге үгітіп жұмсақ топырақ алдырады да, маған неге тынды ойғызады?

— Сен десятникпен туысқан жоқсың ғой, — деп Қазыбай мырс-мырс күлді.

Мардан ыза болып кетті де:

— Мен де осы жерден алам! — деп Қазыбайдың жанына түсе қалды. Кеулеп қазылған жердің құмы Мардан күрегімен есіліп сала берді. Мардан мандайдан терді сыпыра жүре дамылсыз жұмысқа кіріп, кешке шейін жиырма екі арба топырақ шығарды. Ең соңғы арбаны алып жатқанда Қалыбай десятник келді:

— Кім саған бұл жерден ал деді? — деп қадалды.

— Өзім, — деді Мардан.

Десятник Марданның атын ұрып шығарып жіберді. Марданды боқтады. Мардан да боқтады. Екеуі бірін-бірі ұрмаңға келіп, жүгірісіп тоқтады.

Кешке үйге қайтып бұл халді Қасенге сөйлеген еді, Қасен Марданға жатып кейіді:

— Тағы шатақтастың ба? Сен неге тыныш жүрмейсің? Жанжал сенің неңді алған? Әлін білмеген әлек деген — сен ғой... Мен кісі танысам, сен ешқайда сыймайсың! Сен тек қана көр түзететін бүкірсің! — деп соқты.

Ертеңіне завод салдырып жатқан қызыл мұрын заведующий Марданды шақыртты. Мардан келген соң:

— Сен қызметтен шығарылдың! — деп жариялады.

— Неге шығардың мені?

— Сен бұзықсың. Десятникті ұрыпсың. Сөгіпсің.

— Оның өзі бұзық қой, маған жер бермей...

— Сөйлеме! Сен жұмысты бүлдіргенсің. Өзіңе көрсетілген жерден қазбай, басқа біреудің жерінен қазыпсың. Сенің шығарған топырағыңа ақы берілмейді...

— Тақсыр, мені жұмыстан шығармаңыз... Десятник мені сізге өтірік жамандаған. Мен жақсы жұмыс істеймін...

— Жоқ, сен жұмыс істемейсің. Ылғи десятник, подрядчиктерді ұрып, боқтап жүресің. Сен әлі инженер Плотниковты да балғамен қуғансың! —деп заведующий зәрін сыртына теуіп, тікірейе бастады. Мардан да оған «әттең сені!» дегендей қатты қарады. Заведующий:

— Шық! — деп жұдырықпен үстелді қойып қалды. Марданнан жаман көзімен жеп, шығып кетті.

ЕРТІСКЕ

Мардан қатты ыза болды. Ойына өзінің жарлылығы, жалғыздығы түсті. Қайда барса да бытбылдық. Теңсіздік, әділсіздік алдынан шығады да тұрады. Ол не істесе де тентекке шығады. Қанша қорлық көріп, сөгіс естіп, көнейін десе де, адамшылығы шыдамайды. Боқтағанды боқтап, ұрғанды ұрып қалуға өзі еріксіз кетіп қалады. Өзге қазақтың жігіттеріндей тепкіге шіріп, боқтауға көніп жүре беруге мұның шыдамы жетпейді. Кіммен болса да қарсыласып шайнасып қалады. Бірақ оның барлығы да өзіне тасталған шоқпар болып тиеді. Өзін боқтап ұрып-соққан десятник, подрядчик, инженерлердікі оң болып шығады. Осының барлығы Марданды қатты ойлантып қайғыға түсірді. Заводтағы басқарушы подрядчик, десятник, мастер; ауылдағы бай, ауылнай, атқамінер — барлығы бір сияқты көрініп, оларды қатты жек көру пайда болды. Ол әсіресе өзін кеңсесінен қуып шығарған қызыл тұмсық заведующийді жек көреді. Мен не қылдым оған? Маған сонша зекімесе не қылады? Менің жалынып айтқан сөзімді тыңдаса қайтеді? Десятник те, мен де оған бір емес пе? Десятниктің маған істеп тұрған көрнеу қиянатын неге ол тексермеді? Десятник неге маған қатты жерді ғана беріп, өзінің туысқандарына жұмсақ жерді береді? Мынау заведующийіміз, оны тексермек түгіл жөндеп тыңдағысы келмейтіні қалай? Мен әлі осылардың әкесін өлтірдім бе? Мені бұлар шынымен-ақ «бұзық!» деп құғынға салғаны ма? Қап, бәлем! Ақыр өлдім, қолымнан келгенін саған қылып өлейін!.. — дегенге келді...

Бірақ Марданның қолынан не келеді?..

Мардан осыны ойлаумен болды.

* * *

Күн кеш. Ымырт жабылып, қас қарайып барады. Қорғасын заводының орнында істеген жұмысшылар ығы-жығы болып, үйді-үйіне қайтып келеді. Осы ымыртта қызыл тұмсық басқарушы заводтан жаяулап үйіне қайтып келе жатты. Заведующийді көптен аңдып жүретін бір адам жолда жасырынып жатыр еді. Жасырынып жатқан адам заведующий тұсына таман келгенде ұрымтал жерден тасты

жіберді. Жіберілген тастың бірі заведующийдің құлақ түбінен зулап өтіп, тимей кетті. Заведующий бұған аң-таң болып аңырая қалды. Інір қараңғы. Ешкім көрінбейді. Заведующийдің ойында ешнәрсе жоқ, жіберілген тасқа тамсанып тағы жүре бергенде екінші жіберілген тас келіп тақ көк желкеден отырды. Тиген тас тақ кеседей. Тас келіп соққанда заведующий тура құлады. Ол үн шығара алмай, күрс етіп құлағанда қараңғыда карандап біреу қашып бара жатты.

...Ертеңіне Мардандар заведующийді біреудің таспен ұрып жығып кеткенін көшеде естіді.

* * *

Бес-алты күн өткен соң Марданды урядник айдап кетті. Айдап келіп кеңсесіне кіргізді. Марданды урядник қолға алып қысты. Қатаң сұраққа салды. Заведующий ұрылған күн қайда болғандығын, ұруға қашаннан даярланғандығын қазып сұрай бастады. Мардан бәрінен де аузын қу шөппен сүртіп, жылмия танды. Бірақ урядник Марданның ініне су құйып былай деді:

— Сен жасырасың! Маған сенің қыбыр еткенің мәлім. Сен көптен бері Иван Яковлевичті ұруға дайындалғансың. Екі қалтанда екі тас сенің көптен жүреді... Біз оны білеміз... — деді.

Мардан мойнына су төгілгендей, мойындаған дауыспен:

— Мен ондай қылғаным жоқ, кім айтты сізге?

— Оны кім айтқаны саған керек емес. Сенің өз жолдастарың айтады...

Мардан айтқан кісіні айт деп сұранды.

— Оны айтсам, сен оны да таспен ұрмақ боласың ба? — деп кекеп күлді.

Мардан «өтірік» деп танудан таймайды. Соның артынан урядник Марданды апарып жауып тастады.

Мардан сол жабылуда ай жарым жатты. Бұл ай жарым уақытта қызыл тұмсық заведующий больницадан жазылып та шықты. Заведующий жазылып шыққан соң урядниктер Марданды да түрмеден шығарып, Екібастың маңында болмауға бұйрық қылды.

Мардан қызметтен шығып қаңғып жүрген карташы Омармен бірге Ертіске қарай жолға шықты.

Кең дала. Кер жол. Келе жатқан жігіттердің арты — Баян, алды — Ертісте. Жаяудың жүрісіне жер өндімейді.

Мардан Ертістегі өздері айтып жүретін жүкшілердің жырына ыңырсиды:

Ертіс, Ертіс енеміз,
Елден аңсап келеміз,
Жаздай өлең айтамыз,
Күз жалаңаш қайтамыз...

ТОЛҚЫН

Үшінші тарау

Туған жерден топырақ
Кетемісің бұйырмай
Көк өрім өңшең көген көз...

ҚОҚАЛАҚ ХАБАР

Бір күні Омбының қаласында суық хабар дүңк ете түсті:

— Қазақтан солдат алады екен!

Осы хабар әп-сәтте қаладағы қазаққа өрттен тез тарады. Бұл хабардан қазақтар илеуіне құрт түскен құмырскадай құж ете түсті. Қобырасып кетті:

— Алады дейді!

— Айдайды дейді!

— Соғысқа айдайды дейді!

— Мылтық көтеруге жараған еркек қалмайды дейді.

— Қазақты айдап барып Германияның алдына шепке ұстайды дейді!

— Қырдағы ел Қытайға үркіп кетіпті дейді!.. — деген сияқты хабар гу-гу етеді.

Бұрыннан солдат десе, соғыс десе үрейленіп тұрған қазақтар бірді екеу қылып сөйлеген дүңкілдек хабардан құлақ сасиды.

Сатан жұмыста жүріп «жігіттер қашып кетті» дегенді естіді.

Ол «білейін» деп жүгіріп Сүлеймен бержабайдікіне келіп еді. Мұқсина жеңгей асып-сасып Сатанды көрген соң ғажаптанып:

— Абау құдайым, сіз нәшләп мұнда жүрисіз? — деді.

— Е, не боп қалды?

— Кішілернің һәммасы қаштылар...

— Қайда қаштылар? — деп Сатан сұрап көріп еді, Мұқсина ешнәрсені жарытып айта алмады.

— Қазақлардан солдат алашақ деп һәммасы да қаштылар. Тігі Шақшай да, Жақшай да, Мұқыш та, Қоқыш та — һәммасы да ауылларына кетерге қаштылар...

— Сүкең қайда?

— Хәзір ғана бірнеше қазақны пароходқа отырғызам деп кетті... өзің де хәзір қаш алайса тігі орыслар тұтып алыр, — деді Мұқсина.

Сатан онан әрі сөйлесуге дәт қылған жоқ. Асып-сасып көшеге шықты.

Көшеге шыққан соң Сатанның басы әңкі-тәңкі болды. Бір ой оны «жатқан пәтеріңе жүгір! Ондағы киім-кешегіңді ал!» — деді. Екінші ой «жоқ, үйіңе барсаң қолға түсіп қаласың. Пароход кетіп қалмай тұрып пристаньға жүгір!» — деді. Ақырында, соңғы ой Сатанды күштеп, аяғын аяғына тигізбей, оны лаққан иттей пристаньға таман қуалады.

Сатан пристаньға келгенде күллі қазақ, қазақ емес-ау қаракесек жігіттері билет тесігінің аузына топырлап қалған екен. Сатан алқынып жүгіріп келіп:

— Ойбай, маған да билет! — деді.

— Әкел ақшаңды, — деді біреу. Сатан сасқалақтап ақшасын билет аузына тырысып тұрған Шақшайға бере берді.

Сүлеймен бержабай да біреулердің жүгін жеткізіп тұр екен, ол:

— Сатан, сенің келгенің жақсы болды; мен сені қалып қалар деп едім. Енді мыналармен бірге аманында жөнел! — деп ақылын айтты.

— А, сіз қайтесіз?

— Біз енді, құдайдың салғанын көреміз де, шырағым, біз кеткенде қайда барамыз.

— Елге көшпейсіз бе?

— Ел аман болсын. Ел менімен көбеймес те, азаймас та!

— У жесе руымен деген емес пе, Сүке, ел үркіп жатса осы жақта қаңғып қаласыз ба? — деп бір жігіт сөз қосты.

Оған Сүлеймен «жұмбағымды шеш» дегендей көзқарастпен қарап:

— Елге барғанда мен не істеймін? Жасым болса келіп қалды... — деді.

Сүлейменнің «елге барғанда не істеймін» дегені сөйлесіп тұрған жігіттердің барлығына да тоқтау сияқтанды. Сатан да: онысы рас-ау, бәрібір қырда извозчик не істейді? — дегенге келді. Сатан жан-жағына жалтақтап Сүлейменге:

— Сүке, мені пәтеріме алып барып қайтсаңыз.

— Онда нең қалды? — деп жігіттер шу ете түсті.

— Киім-кешегім қалды ғой!

— Па, шіркін-ай, пәтершілін мұның! Шамасы, бір алтын аяқ, ақ тұрманы қалған неме-ау!

— Мұның дені әлі сақ екен! — деп жігіттер кеу-кеулеп қалаға барып қайтар деген Сатанды сөзбен мүйіздеп, тілмен найзалай бастады. Сүлеймен де ақылын айтып:

— Сатан, сен қалған нәрсеңді құдайдан сұра. Бар болса, мен жиып қоярмын. Әзірге мына жолдастарыңнан қалмай тезірек жөнелуді біл! — деді.

— Біз де ешнәрсемізді алуға мұршамыз келген жоқ; не болса да Хабиболла қарағымды елге бір жеткізейін деп тіпті құрымды да жимастан үшеуміздің өліп-өшіп жетіп тұрғанымыз, қазынанда жаздайғы жалуанамыз қалды, — деп сыршы Ысқақ та апалақтап өз жайын түсіндірді.

— А, құдай, ел шетін аман көрсетсе, — деді Ысқақтың әйелі.

— Да, құдай-ай, байтал түгіл бас қайғы! — деді және Ысқақ.

Сатан бұған да болмай қаладағы пәтеріне қайтып, орыс жолдастарына қош айтқысы келіп, ойысып болмады. Сол арада кассадан тартысып Сатанға билет алып шыққан Шакшай Сатанға күш көрсете:

— Сен осыдан кейін қарай аяғынды аттап көр! Алып кете алмасам аузынды ұрып... ұрып жығып кетейін. Осы қаракесек сені қайтып қалаға қарай аттатады деп тұрмысың? Ал, былшылдамай мына билетіңді! — деді.

Сатан еріксіз көніп, жігіттермен бірге параходқа отырды. Киім-кешек, қос-қоланы жатқан жерінде қала берді.

* * *

Ертістің үлкен ақ пароходы ырғатылып, Омбыдан аласыны алған соң өзінің өріне қарай жүзіп берді. Пароходқа отырған Қаркаралы, Баянның жігіттері Омбы қаласына қол

сілтеп, мойынға түскелі тұрған дұзақтан қашып құтылған қояндай арттарына қарай-қарай өрге тартты.

Пароход қанатымен суды сабалап, жүзген құдай жылжып, түтіні будақтап, ағынды айырып келеді. Батар күн лаулап жанған өрттей жалындап, шұғыласын суға түсіріп, өзенге отын шашқанда — Ертістің суы қып-қызыл қанға айналды. Осы өзен боп аққан қанды жарып жүзіп келе жатқан көп қаракесек пароходтың палубасында иқы-жиқы болып үйген жүктей былығып келе жатыр еді. Осылардың ішінде үнсіз суға қарап, салбырап, Сатан тұрды. Ол ауыр ойда...

Пароход та ыңқылдайды, күрсілдейді. Онымен бірге жігіттер де үһілейді.

БОЯУБАЙ ТАЗДЫҢ БӨРІК АЛҒАНЫ

Әдемі бір қоңыр кеш. Көнетоз шаңы жібек түстеніп, аспанның батыс жағы сар қызыл тартты. Ертіс өзенінің бұлдыраған жайқын беті күн батардың сол сәулесіне шағылысып, қайыршақпен ысып тазартқан ескі мыс шәугімдей қызарғаннан қызарып барады. Өзен үңіле қарағаң көзге не отты пештің қозы, не қорыған алтын секілденіп, аспанның алтын шапақ сәулесіне араласып кетті. Жер мен көктің мұндай шекарасын ешбір өткір көз ажырата алар емес. Міне, осы шұғылаға аспанды, суды көміп бара жатқан отты күн қып-қызыл болып, шеті суға ілінді. Үйдің жанынан жылжытып айдап жіберген ақ атандай ыңыранған пароход өзінің арнасына тартты. Пароходты ұзатып қалған халық пен пристань барған сайын ақырындап алыста қалып барады.

Пароход боздайды. Түн іргесі қара көк туырлық шығыстың жабығына көтеріліп келеді. «Нұржайсаң» аты пароход Семейдің пристанынан төмен тартты. Пароходтың аспаттығы қабатындағы матростардың жататын бір каютында бізге таныс үш адам отыр. Мұның бірі шпана Омар. Ол қасындағы Тағар мен Марданға әңгіме соғады. Үшеудің ортасында мол арақ. Арақты Омар осы пароходқа келе жатқан жүктен алған.

Омардың көбінесе істейтін кәсібі карта, ұрлық, жуликтік. Ол көптен Ертіс бойына үйір. Жаз жылт етісімен ақ Омардың құдайы жасап қалады. Ауылда тұрмай ағып

Ертіске түседі. Пароходқа жүкші болып орналасады. Ондағы кәсібі — көбінесе пароходта карта ойнап арақ ішеді. Күнінде қолынан мыңды алып, мыңды кетіріп, дүниені сапырып отырмаса Омар еш жерге сыймайды.

Омар арақты алу әдісіне көптен дағдыланған. Мынау үшеуінің ортасындағы қаңылтыр шайнекке құюлы тұрған арақты Омар әлгінде ғана пароходқа келе жатқан бөшкеден тесіп құйып алған. Ол арақ бөшкесін теседі де, арақты құйып алып, орнына кір сабынды сылап жапсырып, білінбейтін етіп бекітіп қояды. Осы арақ сол ретпен құйып алынған арзан арақ.

Омар есіп сөйлейді. Ол әңгіме, анекдот айтады. Әңгімесінің көбі-ақ боғауыз болады. Өзгенің әңгімесін былай қойғанда Омардың өз басының әңгімесі де аз болмайды. Көбін ойлап та шығарады. Ол әсіресе арақ ішіп алса сөйлемпаз, шешен болып кетеді.

— Мен аузын ұрып... сендерге, Бояубай таздың бөркін алғанын айтайын, — деді Омар.

— Е-е, — деп Тағар мен Мардан тыңдауға кірісті. Бұл пароходта Мардан матрос, Тағар тағы кочегар. Омар алдындағы арақты бір-ақ көтеріп қойып:

— О бір жылы, күн кешке жақын төрт-бес атты кісі Көктас жақтан Қоянды жәрмеңкесіне келе жатырмыз. Жәрмеңке жақтан бізге қарсы бір атты кісі кезеңнен шыға келді. Қолында ұстаған құсы бар сияқтанды. Ол адам біздің қарамызды көрген соң жолдан бұрылып көлденеңдей берді. Біз оның астындағы атын таныдық.

— Әй анау Бояубайдың көгі ғой! — дестік.

— Ие, ие, сол-ақ! Дәл өзі!

— Ал Бояубай болса неге бұрылды?

— Бояубайдың атын базардан мініп шыққан ұры болмасын.

— Кәдік, жүрісі жаман!

Біз де қиғаштай, жолдан бұрылдық.

Ол атты біздің бұрылғанымызды көрді де одан әрі қыңыр тартты. Біз желіңкіредік. Ол шоқыраққа салды. Біз аттың басын қоя бердік, ол шапты, бізден безіп жөнелді.

Бізде енді күдік қалған жоқ.

— Бұл анық ұры! — дестік. Аттарымызға қамшыны басып жіберіп қойма-қоймалап соңына түсіп бердік. Менің астымдағы семізден бүгіліп жарап жүретін Бақайдың күрең аты. Онан майын мініп жүргемін. Түнде күреңді ұрлыққа салам. Ұрлығымның жарнасынан Бақай да алады. Күреңге қамшы басқанымда, жолдастарымнан сытылып шыға бердім. Екі-үш қырқаны асқан соң-ақ көк атты қоймай қусыратын болдым. Артыма қарасам жолдастарым да қоймалап үздік-создық келеді екен.

Мен жақындап жетуге айналған соң көк атты бір қырқадан аса берді. Мен де артынан іле-шала қырқаға шыға келдім. Қуған ұрым күйбектеп, тоқталып қалған екен, ағызып жетіп келдім. Ұрым өзіміздің Бояубай болып шықты.

— Е, не көрінді сонша қашып?

— Жәй әшейін... сендерді, мені алатын ұры екен деп қалсам... — деп Бояубай күбіжіктеп үндей алмады.

Мен Бояубайдың қасына келдім. Тұрған жері тақырлау, тастау еді, ақтарылған тұз аппақ болып төгіліп жатыр екен.

— Не болды, не болды, — деп аңырандап шауып аналарымыз да келіп қалды. Бояубай қып-қызыл болып, көп үндемейді.

— Әлгі қолындағы құсың қайда? — дейміз, Бояубай «жай әншейін!» — деп қызаранадайды.

Аяғында әңгіменің арты ашылды. Бояубайдың тығынып тұрған сырын аштық. Жай былай болып шықты:

Бояубай таз ғой. Ол таз болғанда басының бәрі айнадай ақ жарғақ таз емес, төбел таз еді. Әлі жазылмаған іріңді таз...

Бояубай осы тазын жасырып қысы-жазы бөркін алмайды. Түнде жатқанда да киіп жатады. Егер біреу бөркіне тиіп кетсе қанша шырт ұйқыда жатса да оның екі қолы шап етіп басын ұстай алады. Өзі атып тұра келеді. Ол солай үйреніп кеткен. Оның тазының жазылмауы да осы бөркін алмаудан болмақ керек, қысы-жазы пысынап Бояубайдың басы сасып отырады. Мұны білетін адамдар Бояубайдың жанынан көш құлаш қашық жүреді. Бояубай өзі де тірі пендеге жоламай жекелеу жүреді. Көп адам бас қосқан жерде байыздап тұра алмай, сырғып кетіп қалады. Әсіресе құдалық, көкпар сияқты жерге өмірі жоламайды. Бір кісімен бел ұстасқан емес. Оның өз ойынша «басымды ешкімге көрсетпедім» деп ойлайды. Сөйлеген сөзін биязылап қасын

кере, қабағын жыбырлата сөйлейді. Ол сөйлеп отырғанда таз емеспін деп ойлайтындығы байқалмағандай болады. Бірақ біз Бояубайдың басын білеміз...

Осы Бояубай сол күні Қоянды жәрмеңкесіне бара қалыпты. Барып базарды аралап жүрсе шет жақта біреу тұз сатып жатыр екен. Бояубайдың үйінде көптен тұз таусылып, аусыл болып отырса керек. Және тұз да жәрмеңкеге күнде келе бермеуші еді. Бояубай тұздың басында олай-бұлай ойлап көп тұрыпты. Тұзды алмайын десе, үй аусыл болып отыр. Бір салым тұз жоқ. Тұзды алайын десе, ыдысы жоқ. Ақырында Бояубай жан-жағын қарап жіберсе таныс адамнан ешкім көрінбеген соң жалма-жан бөркін алыпты да, тұз сатушыға ұсына қойыпты. Тұзшы Бояубайдың айналдырған бөркіне бес қадақ тұз салып беріпті.

Бояубайдың есебінде күн кеш болып қалды. Жолда ешкім жолыға қоймас. Түн батқан соң тұзды осы күйінде ауылға әкелем деп ойласа керек. Бірақ ол ойы болмай, тұзды алып келе жатқанда алдынан біз шығып қалғанымыз ғой. Бояубай бізді көре салыпты да қашқаны сол екен. Біз оны білгеніміз жоқ. Бояубайдың атын мініп қашып бара жатқан ұры екен деп оны қуып кетіппіз.

Бояубай бізден қашып құтылмаған соң сасып тұзын төге салыпты да, бөркін киіп алып тұра қалған екен...

Біз күле-күле жәрмеңкеге кеттік. Бояубай бізге бұртиып өкпелеп, үйіне кетті.

Әңгіме осы жерге келгенде үшеуінің алдындағы шәугімдегі арақ және таусылды. Оның қалған сарқындысын қағып салды да Омар:

— Мен байдың бөшке биесін тағы сауып келейін! — деп кір сабынды алып, шайнекпен пароходтың жүк жиған жағына кетті.

«ДӘМ АТҚЫР, ҚАРАКЕСЕК»

Сатандардың пароходы Керекуге келген соң Қарқаралы, Баян, Ертіс жігіттерінің бәрі де пароходтан түсті. Жан-жақтан қайтқан өзге жақтың жігіттері де қаптап кетті. Баянды басып, Қарқаралыдан әрі кететін Сатандар төртеу болды. Мұның бірі Сатанның Сібірге пайда іздеп кеткелі екі жыл болған нағашысы. Енді екеуі — Қышақ, Пышақ дейтін ағайынды жігіт. Бұлар Алтай жағынан қайтып келеді. Осылар жоқшылық қуып, жоғалып кеткен жігіттер болатын. Міне енді осылар да:

— А, құдай, топырақты елден бұйырт! — деп келе жатқаны.

Осылардың бәрі де Керекудің керуен сарайынан кезігіп Қарқаралыға қайтпақ болысты. Ортасынан ақша шығарып, базардан бір ат, арба сатып алысты. Жүктерін осы ат-арбаға салып, өздері жаяулап, не қылса да осылай селбесіп елге жетпек болды. Сатан ескі-ұсқы базарынан керек болар деп арқан, жіп, жүген сияқты бұйымдарды да ала жүрді.

Кереку дуаны абыр-сабыр. Қаладан қашып жатқан малай. Кетіп жатқан жатақ. Бұрын Ертіс бойындағы қала өзінің кәсібімен, базарымен қырдағы елдің ынтасын тартқан болса, бүгінде аяқ астынан қала қыр еліне құбыжық көрініп, үрейлендіре бастаған.

— Дуаннан елге список жазуға шығады екен!

— Он тоғыз бен отыз бір жастың арасындағы жігіт тегіс қатталады екен, — деген хабардан қаланың құлағы сасиды. Осы хабарлар Сатандардың жамбасына тікенектей қадалып қалада жатқызбады. Апыл-құпыл ат-арба сатып алып, түнделетіп қаладан шығып жөнелді.

Сатандар іңірде шығып кеткеннен түнімен жүріп отырып, ертеңіне түс қайта Тоғызқұдық деген жерге келгенде бір-ақ тоқтады. Бұл жерге ел қонған екен. Ауыл үйлері аска тіккендей.

— Жігіттер, мынау ел екен. Бізге жақсы болды. Ертістің ар жағынан аттанған көк шолағымыз түнімен тыртандап, тыным көрмеп еді, енді осы ауылдарға түсіп ат шалдырып, сусындап алайық, — деді Сатан.

— Көк шолақ бұдан әрі жүруге өзі де жарамайды, басы-көзі су болып, босансып қалды ғой, — деді Сатанның нағашысы.

— Бірақ бұл ел бізді түсірмес. Қаракесекті жыландай жек көретін бөсентиын ғой бұлар, — деді Қышақ.

— Түсірмесе қойсын, құдығының суын аямас. Ауылдың шетіне түсеміз, нан-шайымыз өзімізде ғой, — деді Сатан.

— Сөйтсе де, тым таты жаман ел, — деді Пышақ.

— Қаракесектің пайдашылары да олай-бұлай өткенде ығыр қылған шығар, жол үсті ғой, — деді Сатан.

— Бұлардың пайдашы десе төбе шашы тік тұрады, — деді Сатан нағашысы.

кере, қабағын жыбырлата сөйлейді. Ол сөйлеп отырғанда таз емеспін деп ойлайтындығы байқалмағандай болады. Бірақ біз Бояубайдың басын білеміз...

Осы Бояубай сол күні Қоянды жәрмеңкесіне бара қалыпты. Барып базарды аралап жүрсе шет жақта біреу тұз сатып жатыр екен. Бояубайдың үйінде көптен тұз таусылып, аусыл болып отырса керек. Және тұз да жәрмеңкеге күнде келе бермеуші еді. Бояубай тұздың басында олай-бұлай ойлап көп тұрыпты. Тұзды алмайын десе, үй аусыл болып отыр. Бір салым тұз жоқ. Тұзды алайын десе, ыдысы жоқ. Ақырында Бояубай жан-жағын қарап жіберсе таныс адамнан ешкім көрінбеген соң жалма-жан бөркін алыпты да, тұз сатушыға ұсына қойыпты. Тұзшы Бояубайдың айналдырған бөркіне бес қадақ тұз салып беріпті.

Бояубайдың есебінде күн кеш болып қалды. Жолда ешкім жолыға қоймас. Түн батқан соң тұзды осы күйінде ауылға әкелем деп ойласа керек. Бірақ ол ойы болмай, тұзды алып келе жатқанда алдынан біз шығып қалғанымыз ғой. Бояубай бізді көре салыпты да қашқаны сол екен. Біз оны білгеніміз жоқ. Бояубайдың атын мініп қашып бара жатқан ұры екен деп оны қуып кетіппіз.

Бояубай бізден қашып құтылмаған соң сасып тұзын төге салыпты да, бөркін киіп алып тұра қалған екен...

Біз күле-күле жәрмеңкеге кеттік. Бояубай бізге бұртиып өкпелеп, үйіне кетті.

Әңгіме осы жерге келгенде үшеуінің алдындағы шәугімдегі арақ және таусылды. Оның қалған сарқындысын қағып салды да Омар:

— Мен байдың бөшке биесін тағы сауып келейін! — деп кір сабынды алып, шайнекпен пароходтың жүк жиған жағына кетті.

«ДӘМ АТҚЫР, ҚАРАКЕСЕК»

Сатандардың пароходы Керекуге келген соң Қаркаралы, Баян, Ертіс жігіттерінің бәрі де пароходтан түсті. Жанжақтан қайтқан өзге жақтың жігіттері де қаптап кетті. Баянды басып, Қаркаралыдан әрі кететін Сатандар төртеу болды. Мұның бірі Сатанның Сібірге пайда іздеп кеткелі екі жыл болған нағашысы. Енді екеуі — Қышақ, Пышақ дейтін ағайынды жігіт. Бұлар Алтай жағынан қайтып келеді. Осылар жоқшылық қуып, жоғалып кеткен жігіттер болатын. Міне енді осылар да:

— А, құдай, топырақты елден бұйырт! — деп келе жатқаны.

Осылардың бәрі де Керекудің керуен сарайынан кезігіп Қаркаралыға қайтпақ болысты. Ортасынан ақша шығарып, базардан бір ат, арба сатып алысты. Жүктерін осы ат-арбаға салып, өздері жаяулап, не қылса да осылай селбесіп елге жетпек болды. Сатан ескі-ұсқы базарынан керек болар деп арқан, жіп, жүген сияқты бұйымдарды да ала жүрді.

Кереку дуаны абыр-сабыр. Қаладан қашып жатқан малай. Кетіп жатқан жатақ. Бұрын Ертіс бойындағы қала өзінің кәсібімен, базарымен қырдағы елдің ынтасын тартқан болса, бүгінде аяқ астынан қала қыр еліне құбыжық көрініп, үрейлендіре бастаған.

— Дуаннан елге список жазуға шығады екен!

— Он тоғыз бен отыз бір жастың арасындағы жігіт тегіс қатталады екен, — деген хабардан қаланың құлағы сасиды. Осы хабарлар Сатандардың жамбасына тікенектей қадалып қалада жатқызбады. Апыл-құпыл ат-арба сатып алып, түнделетіп қаладан шығып жөнелді.

Сатандар іңірде шығып кеткеннен түнімен жүріп отырып, ертеңіне түс қайта Тоғызқұдық деген жерге келгенде бір-ақ тоқтады. Бұл жерге ел қонған екен. Ауыл үйлері аска тіккендей.

— Жігіттер, мынау ел екен. Бізге жақсы болды. Ертістің ар жағынан аттанған көк шолағымыз түнімен тыртаңдап, тыным көрмеп еді, енді осы ауылдарға түсіп ат шалдырып, сусындап алайық, — деді Сатан.

— Көк шолақ бұдан әрі жүруге өзі де жарамайды, басы-көзі су болып, босаңсып қалды ғой, — деді Сатанның нағашысы.

— Бірақ бұл ел бізді түсірмес. Қаракесекті жыландай жек көретін бәсентиын ғой бұлар, — деді Қышақ.

— Түсірмесе қойсын, құдығының суын аямас. Ауылдың шетіне түсеміз, нан-шайымыз өзімізде ғой, — деді Сатан.

— Сөйтсе де, тым таты жаман ел, — деді Пышақ.

— Қаракесектің пайдашылары да олай-бұлай өткенде ығыр қылған шығар, жол үсті ғой, — деді Сатан.

— Бұлардың пайдашы десе төбе шашы тік тұрады, — деді Сатан нағашысы.

— Өзі бір бай ауылдар екен; үйіне түсірмес пе екен, — деп Пышақ ауылға қарап тілін жаландатты.

— Бұлардың малы бай болғанымен, бейілі кедей... Бәсентиынның болысы осы ауылдарда, — деді Сатанның нағашысы.

— Е, болыс ауыл осы болса, ендеше құдай берді, жігіттер. Қарап тұрыңдар. Сатан осы ауылдан төрт ат жегіп жөнеледі, — деп Сатан күлді.

— Атаң басы, жегесің! — деп Әбіш нағашысы Сатанды тойтарып тастады.

Сөйтсе де бұлар ауылға тура келуге бата алмады, ауылдан аулағырақ құдықтың өкпе тұсынан келіп, айдалаға атын доғарды.

— Әй, осы ауыл бір қой сатпас па екен, — деді Сатан.

— Оны қайтпексің! — деді Әбіш.

— Бір сорпа ішсек! Өлдік қой, әбден ет жемей, неше күннен бері қара нанға қамалып... — деді Сатан.

«Ет, сорпа» деген сөздер бәрінің де жүйесін босатты. Әркайсысының да ауызына ет пен сорпа келгендей тамсанып үндеспеді. Жолдастарының осы аңғарын сезген Сатан:

— Мен осы ауылға барып келейін, сендер атты доғарып, отқа қойып, шай қайната беріңдер, — деп ауылға қарай аяндады.

Сатан ауылға келе жатыр. Оның тұспалдап келе жатқаны бес-алты үйдің ортасындағы үлкен ақ үй. Сатан осы үйге жақындағанда үйдің көлеңкесінде жатқан құрттаған көк ала төбет Сатанға басын бір көтерді де «мейлің кірсең кіре берші» дегендей үндеместен өзінің құрттаған жамбасындағы жарасын шайнандап қала берді.

Сатан сәлем беріп, үйге кірді. Екі көзі майдан бітіп кеткен үйелмендей үлкен сары бәйбіше үйінің бір жағында жастыққа жантайып жатыр екен. Үйге кірген Сатанды сығалап, бөтен кісі екенін көрген соң, жолбарыстың ұрғашысындай ырғап, басын көтерді. Бәйбіше ыңырanып көтерілгенше, Сатан үйдің ішін бір шолып қарап шықты.

Сегіз қанат үй. Жабыққа тіреле жиылған жасау-жүктің астында Баянның шеберлері жасаған сүйекті, оюлы, сырмайлы жүк аяқтар сіресіп тұр. Іргедегі иіндеген қара саба биенің жеткен желіндей тырсылдайды. Оң жақта қызыл-

жасылға бөленген төсек алдында қызыл салы жамылған ақ білезікті келіншек сырқыратып машина тартып отыр.

— О, кімсің? — деді бәйбіше нығыздап.

— Қаракесекпін.

Келіншек бетін ашып жіберіп, жалт қарады.

— Қайдан жүрсің мұнда? — деп бәйбіше одан да нығыздай сұрады.

— Керекуден қайтып келе жатқан жігіттерміз.

— Бұл үйге неге келдің? — деп бәйбіше ызғарлы даусын көтере түсті.

— Қой сатасыздар ма?

Бәйбіше тыржың етті.

— Қойшылын! Ел жанымен қайғы болып отырса... — деп бәйбіше сөзді ұрысқа айналдырып сөйлеп ала жөнелді:

— Өткен жылы, аузыңа ғана... қаракесек! Осы жерден қаңғып жүріп, үш атымды ұрлап кеткен... дәм атқыр, қаракесек! Сол сыйың да жетеді... енді менен аулақ жүр, аруақ атқыр, қаракесек!.. — деп бәйбіше осы сөздердің бірін-біріне қосып, қайнаған ботқаша бұрқылдады. Сатанда үн жоқ. Ол бәйбішеге не дерін білмей, тұнжырады да қалды. Келіншек біресе бәйбішеге, біресе Сатанға қарап, екі көзі жаутаңдап, сөзге араласайын десе дәрмені келмейтіндей тек тыныншсызданып, машинаны дүрілдете берді.

Бірақ Сатан сасқан жоқ. Бәйбішенің балағаттап отырған сөзінің біріне жауап қайырмастан елемеген адамша отыра берді. Әрі-беріден соң бәйбіше де айдалаға бет алды үруден тоқталған өзінің құрттаған көк ала төбеті сияқтанып сөзін доғарды. Сатан да отыр, бәйбіше де отыр. Келіншек өз жұмысында. Сатанның көзі келіншектің тұсындағы жібек кілемнің үстінде ілулі тұрған домбырада, бір күтімді сырлы домбыра көзіне оттай басылды. Сатан көптен тартпаған домбыраға құмартып, «әттең сені» деп ішінен көңілі домбыраға қарай алып ұшқандай.

Бәйбіше үйге келген Сатанға «сусын бер» деген де жоқ. Үрсып-ұрсып, ешнәрсе шықпаған соң оттың басына бір қақырып тастап, тізесіне таянып тұрып, босағадан таяғын алып, тысқа шықты. Ол есік алдына шыға салысымен ауылға айқай салды:

— О, өңшең иттер-ау! Мына малды қырушы ма едіңдер? О, иттер-ау, қырылғансыңдар ма? Құдыққа үймелеген жы-

лқыға су құймай!.. — деп ақсандай басып құдық басына топырлаған жыл-қыға қарай кетті. Бәйбішенің ауылдың биі екенін ұғына бастаған Сатан ішінен:

— Бәлем бәйбіше, сүйекшің келгендей бір шулатпасам, жігіт болмай жерге кірейін! — деп отыр.

Бәйбішенің құдыққа таман үйден ұзағанын көрген Сатан, лып етіп тұрып ілулі тұрған домбыраны алып отыра қалды. Құлақ күйді ызың еткізіп тартып, болар-болмас дауыспен «Жамбас сипардың» әнін қоңырлатып тартып, сылқылдата бастады. Келіншек жалт-жұлт қарады.

— Сіз біздің ауылдың әнін тарттыңыз ғой, — деді.

— Қайдан білдің, қарғашым? — деп Сатан жып ете түсті.

— Біздің жақта тартылып жүретін «Жамбас сипардың» әні құлағыма жылыұшырап кетті; елді сағынғандығым шығар деймін, — деп келіншек күрсініп қойды.

— Қарағым, қай жақтың баласы едің?

— Несін сұрайсыз, ауылым алыста...

— Мұнда түскеніңе қанша болып еді?

— Төрт ай... Әлі елден бір кісі қатынасқан жоқ...

Сатан оймен мөлшерлеп, келіншектің айтпаған ауылын айтқызғысы келді:

— Қалқам, сенің ауылың Жамандалба мен Жақсыдалбаның қай жағында?

— Ауылымыз Жақсыдалбаның күнбатыс жағында.

— Шорман ауылы ма?

— Ия, соларға жақынбыз, — деді де келіншек түрегелді. Есіктен еңкейіп құдық жаққа бір қарап жүкаяқтың астынан құлақты тегешті тартып алды да, үлкен шараға лыпылдатып қымыз құйды. Оны сапырып та отырмастан сасқан кісідей саусақтары майысып Сатанға ұсынды:

— Тезірек ішіп қойыңыз, бұл үй қаракесекті жек көреді, — деді.

Сатан келіншектің нысайын түйгендей болып, қымызды қылғып жіберді де, шараны келіншекке қайырды. Аяқты орнына қойып жатып, келіншек:

— Бауыр болдық қой, — деді.

— Бауырмыз ғой, қарағым. Амал не, сары аюың бар екен, бізді сөйлестірмес, тезірек кетейін...

— Қайдан шықтыңыз?

— Кеше кешке Керекуден шықтық. Түні бойы тоқтамай жүріп келіп, жаңа ат шалдыруға түсіп жатырмыз.

— Мынау дүңкілдектен не естідіңіз?

— Қазақты окопқа айдайды дегенді естіп келеміз. Біз келген пароходпен Омбы қаласынан сегіз жүздей арғын жігіттері қайтты.

— Қалада пайдашы қалмаған екен ғой?..

— Қалмады, қарағым. Біз де сонымен қайтып келеміз, — деді Сатан.

— Осы елде де бүлініп жатыр. Елде үрей жоқ: құдай-ау, елдің ер-азаматы аман болса игі еді деп отырмыз...

— Мен жүрейін, қош қарағым! — деді Сатан түрегеліп, домбыраны орнына қыстырды.

— Қош, жолыңыз болсын! — деп келіншек жаутаң ете түсті.

Сатан үйден шықты. Үйдің көленкесіндегі көк ала төбет:

— Қайттыңыз ба, қайыр! — дегендей басын көтеріп, қайта көзін жұмды.

ЖАНСАУҒА

Ертіспен құлдап келе жатқан «Нұржайсаң» пароходының жүрісі баяу. Жүгі ауыр сияқты. Жұлдыз жарығында қараңғыны қақ жарып келе жатыр. Салонда бір топ адам карта ойнап отыр. Көбі әскери адам. Шенді кәрі төрелермен бірге уыздай жас офицерлер де ойынға әбден кірісіп кеткен. Ойынның бір жағын сүйреп отырған байбатшалар орыс, ноғай байларының мырзалары — банкіге ақшаны уыстап салады, уыстап алады. Салонның екінші жағында пианиноға бір жас офицер күй ойнап, айналасындағы кәрі, жас әйелдерді алдандырады.

Карта ойыншылары түнімен ұйықтаған жоқ. Кірпігі қатып, қаны қашып, жын ұрғандай болып отыр. Күн батты. Пароходтың жарығы шам болғандықтан пассажирдің бірсыпырасы бұл карта ойнаушыларды қоршап қызығына қарайды. Түннен бері карта ойнаушылардың ішінде үшеуі ағалап отыр. Мұның бірі — Екатеринбург қаласында тұратын бір ірі байдың мырзасы — Зайсан, Семей, Қызылжар, Омбы қалаларындағы мал алатын агенттерін ақшаландырып, саудаға жаңа нұсқау беріп, қайтып келеді. Өзі картадан ұдайы ұтылып отыр, Николайдың көк ала қағазды ақшасын пачка-пачкасымен әкеліп банкаға салады.

Ойыншының енді бірі — кәрі әкесімен келе жатқан отставной генералдың баласы прапорщик. Бұлар Тобольскийде тұратын адамдар. Алтайдан қайтып келе жатқан беті. Бұл жігіт түстен бері онша ұттырмай отыр. Бірақ картаның әр жерінен шатақ шығарып, ойнаған адамдарына ірілік істеудің де шетін көрсетіп қояды.

Ойыншының үшіншісі — өзімізге белгілі Омар. Ол өзі жаздан бері осы пароходта карта ойнап, ақшаны аз тапқан жоқ. Киімін де түзеп алған. Омар қала, далаға белгілі картожник. Ертістің екі жағында Омар ойнамаған ойыншы қалған емес. Қайда ойын Омар сонда. Омардың Омбы, Семей, Кереку, Баян, Қарқаралы сияқты қалалардың барлығында салығы болады. Танысы көп. Сол қалалардағы байлардың, төрелердің, жуликтердің ойыншы Омарды білмейтіні кемде-кем. Ол жаз шыққан соң пароходқа карта ойнау үшін мінеді. Пароход қызметіне кіріп алып, Ертісті өрлеп, құлдап ойнайды, ал қыста қырда болады. Болыстармен, мырзалармен ойнап, олардың ақшасын сыпырады. Жылқы ұтады. Кейде кей мырзаларды сыпырып кетіп, кейде өзі де сыпырылып тұттай жалаңаш қалып қояды. Бұл оның үйреншікті әдеті. Онсыз Омар тұра алмайды.

Омар ескі жалаңаяқ. Қашаннан қырды қыдырып, қаланы аралап, қылмаған кәсібі қалмаған кісі. Пароходқа көбінесе жүкші болып істейді. Өзі ерегіскенде 30 пұт жүк көтеретін күшті жігіт. Тұтығып сақау сөйлейді. Жасы бір дәуірге келсе де Омардың басына үй, бауырына қазан, қойнына қатын біткен емес. Бар өмірі осы тентіреумен өтіп бара жатқан адам. Ол бір өмірге тұрақтап, бір жұмысқа қанағат етіп тұруды жаны сүймейтін кезбе Омар. Сондықтан елдің бұған қойған аты — шпана Омар.

Пароход жылжып барады. Халықтың бәрі ұйқыда. Мардан да каютасында тырайып ұйқтап жатыр. Тек пароходтың салонында карта ойнап отырғандардың таласы ғана естіледі. Олар бірде бажылдасып, бірде күлісіп, түн тыныштығын бұзған сияқты.

Омар сыры Марданға әбден мәлім. Оның карта десе жанын сататынын да Мардан біледі. Омардың ұтылып бара жатса, ойынға ұрлық араластырып, қарау қылатыны да Марданға белгілі. Омар араласқан ойынның көбі жанжалсыз тынбайды. Жанжалдан Омар өзі де сілейіп таяқ жеп,

өзгені де қиратып тастамай кеткен емес. Көбінесе оны білетін қазақ жігіттері Омардың жанжалынан сескеніп отырады. Бүгін кешке де Мардан мен Тағар келіп Омарға: «Осы ойынды енді тоқтат» деп жік-жапар болған. Бірақ оған болатын Омар ма, «не ұтылып, не ұтып шығам» деп омыраулап болмай қойған. Таңға жақын ұйқыда жатқан Марданды Омар оятты!

— Немене?

— Жаман болды... Мені жасыра көріндер! Әлгі офицердің жеті жүз сомын, байбатшаның бес жүз сомын сыпырып алдым... Енді ойнамаймын деп қашып тұрмын. Олар «ойнамасаң өлтіреміз» деп, мені іздеп жүр, — деді Омар.

Мардан жалма-жан Омарды май алатын бөшкеге тықты да, аузын жаба салды. Офицерлер Омарды іздеп, түн ішінде пароходтың астын-үстін тінтті. Іздеп келіп, Марданнан сұрағанда, олар:

— Білмейміз, түсіп қалса керек, — деді. Омар сол тығылған орнында ертеңіне күні бойы шықпай жатты.

Мардандар пароходтың үстінде жігіт алу хабарын естіді. Пароходтағы адамдар бұл хабарды тіпті қанаттандырып, алып қашты.

— Қазақ бұл күнге шейін солдатқа бармай бостан өсіп еді. Енді бұл еркелерге де кезек келген екен. Барсын бұлар да соғысқа; көрсін бұлар да қанның қалай төгілетінін... — деп ақшасын ұттырған офицердің әкесі отставной генерал Мардандарға естірте қарқ-қарқ күлді.

— Еш жерде қазақ қалмайды... Қалада жүрген, пароходта жүрген, шойын жолда жүргендердің барлығы да мобилизацияға ілінеді, — деп Кайзер деген Омбының адвокаты соқты.

Осы хабарды естіген соң пароходтағы қазақ жігіттеріне қоқалақ кірді. «Не қыламыз?» деп өзара мұндасты, ақылдасты. Аяғында жігіттердің байлаған ақылы:

— Не де болса елге жетіп көппен көреміз, — деген болды.

— Бізге Керекуден әрі кету қауіп, — десті.

Осыған Мардан да, Тағар да қол қойды. Бөшкедегі тығылып жатқан Омарға да осы хабарды жеткізді. Ол да:

— Ойбайеке, Керекуден түсіп қалалық. Осы пароходтан ақша алып шекеміз қызбай-ақ қойсын, — деді.

— Бізде ақша жоқ болса да сенде көп қой, асырарсың бізді, — деп Мардан күлді.

— Әкемнен қалған ақша жоқ, төре мен байбатшаның ақшасын ортаға салам, — деді Омар. Жігіттер:

— Жансауға, — десті.

Пароход Керекуге таянды. Жұмыстағы қазақ жігіттері жиналып, пароходтың капитанына келді. Өздерінің шығатындарын айтып, расчет сұрады.

Капитан бұларды қанша айтса да қалдыра алмайтындығына көзі жеткен соң тиесі ақыларын беріп, босатып жіберді. Жігіттер киім-кешегін көтеріп Керекуге пароход келгенде түсіп қалды.

Үсті-басы май-май болып бөшкеден шыққан Омар да жер басты.

ҰРЫ

Күн батып барады. Сатандар әлі атын жеккен жоқ. Қона ма, жүре ме, белгісіз. Су ішіп, от жеп, аунаған көк шолақ әбден құнап қалған, арбаға байлаулы, басындағы дорбаны қағып жем жеп тұр.

Күн кешкірген соң мынау ауылға жан-жақтан атты кісілер келіп жатыр. Мыңғырған жылқы шұрқырап, жер-көкті шаңдатып, құдықтан су ішіп, қырға шығып барады. Жылқы артынан он шақты жылқышы дауылдасып ат шалдырып жатқан жолаушылардың жанынан өтті. Кіммен кімнің жұмысы бар, ауылдан аулақ даладағы жүргелі жатқан жолаушыларға ауылдың еш адамы елеп тілдескен де жоқ.

Осы арада жүру туралы жолаушылардың өздері біраз ырың-жырың болып отырды:

— Ат шалды, күн салқындады. Енді аяндап жүріп кетелік, — деді Әбіш.

— Ат арық қой, бұл көк шолақпен ел шетін көре алмаймыз, — деді Сатан.

— Көк шолақты жамандағанда саған осы жерде біреу ат байлап қойған шығар, бос сөз неге керек, — деп Әбіш жүруге тықыршыды.

Сатанның көк ала шолақпен тіпті-ақ жүргісі келмеді.

— Мейлі, бізге бәрібір, — дегендей Қышақ та, Пышақ та үндемеді.

Өстіп «жүреміз, жүрмейміздің» ырың-жырыңымен отырып, ымырт жабылып кетті. Көз байланды. Аспанды қоңыр бұлт торлап, жұлдыз жарығы да болмай қалды. Тек алдындағы ауылдан шыққан оттар жарқылдап, алыста кісінеген жылқының ғана дыбысы естіледі.

Сатан етігін шешіп арбаға салды да, балтырын түрді. Қолына бозқарағанның бір ұзын шыбығын алып ауылға тартты. Мысықша басып, күндізгі келген жөнімен ауылдың артына келді. Күндіз өзі қымыз ішіп шыққан үлкен үйге таяу ақ отауда адамдар дабыр-дүбыр етеді. Шырқалған ән, дүрілдеген домбыраның дауысы ауылдың қараңғы айналасын өзгеше үнмен әлдилегендей. Ал бағанағы өзі келген үлкен үйде де толған кісі. Кісілердің күрілдеп сөйлеген даусы естіледі.

Сатан үлкен үй мен отаудың арасынан келе жатыр еді. Қора жақта жүрген, жерошақтың басына үймелеген адамдардан тасалап, үйді бетіне ұстай, екі үйдің ортасында, сәл қиыр тұрған тырашпеңкенің астына таман кіре берді. Бағанағы жамбасы құрттаған көкала төбет жерошақтың басынан сойылған малдың төгілген қанын жалап, безін теріп әуре еді, арба астына кірген жат кісіні байқамай да қалды.

Сатан арба астында жатып айналасына көз жіберіп, жан-жағын барлады. Үлкен үйдің жанында бойжеткен қыздың шашын тарқатып отырған күндізгі келіншектің тұлғасын от сәулесінде жаза бастырмай таныды. Қыз келіншектің тізесіне жантайып, шашын тарқаттырып жатыр. Осылардың дәл жанында босағаға таяу күміс тұрманды, баран ат жер тарпып, жем жеп тұр. Үйдің туырлығы түріліп, шиі ғана қалғандықтан үйдегі оттың сәулесі бірсыпыра жерге ала көленке жарық түсіреді. Осы оттың жарығында жем жеп тұрған баран жылқы жерді тарпығанда аяғындағы тағасы жарқ-жұрқ етеді. Аттың мойнындағы тұмары да салбырап, Сатанның көзіне көрінеді.

Үйге кіріп-шығып жүрген кісі аяғы тынбайды. Құмған алып бәйбіше де қараңғыда үйден көп ұзамай, арба астында жатқан Сатанға таяу отырып, дәрет сындырып қайтты. Сатанның екі көзі алдындағы атта, қыз-келіншекте, қыбырлап жүрген жанда. Құлағы дабырда, үйден шыққан дауыста, ән мен домбырада. Отауда шырқаған әншінің дауысы жер күңірентеді, онымен бірге түн күңіренеді, төңіректің бәрі де күңіренгендей болады.

Қай заман, мына заман, бағы заман,
Болар ма баяғыдай тағы заман.
Алдымда жар, артымда жау болған соң,
Көл қылып көздің жасын ағызамын, —

деп бір әнші күңірентіп, зарлатып, толқытып, айналаны, ауыр қараңғыны үһлетіп отыр.

Қай заман мына заман, қысқан заман,
Бақ-дәулет басымыздан ұшқан заман.
Алыстың жауыменен алысар ек,
Аңдыған ауылдағы дұшпан жаман...

— Ой, деген-ай!

— Ah, десеңші! — деп отаудағы қоршалаған қошемет дауыстар жиі-жиі шығады. Әлдекім екенін Сатан қайдан білсін, бір қағыңғыр әнші боздатып отыр. Олар жұрт көңілін сабадай пісіп, айрандай ұйытады. Мұңды қозғап, зарды төгіп, тұңғиық терең қараңғыны одан әрмен тербеткендей.

Күңк етіп, қыз бен келіншек сөзге кірісті. Сатан әнді тастай беріп құлағын осы жағына салды.

— Құдай-ай десеңші, еркем. Ахметжандар шынымен-ақ кетер ме екен?! — дейді келіншек.

— Кетпегенде... патшаның құрығы ұзын... Ахметжан кімнің шікіресі? Не болыстың баласы емес, не сауда қылмайды, оқығаны тағы жоқ, — дейді қыз.

— Жаман айтпай, жақсы жоқ, егерде дәм тартып соғысқа кете қалса, сен қайтесің, еркем?

— Мен қайтушы ем, бірге кетеді дейсің бе?

— Жылайсың ба дегенім ғой.

— Қой көкімей, алдыңдағы шашымды жөндеп тарқат!

— Шашыңды тарқатуға бар өнерімді салып жатырмын-ау, өзі ұйысып қалыпты. Бір басыңды күні бұрын күтіп алмай сен қыз не қылып жүргенсің, күйеуі келетін қыз күні бұрын күтініп, бойын сылап отырмайтын ба?

— Қой көкімей, жөндеп тарқат, қайта иіскемайыңнан құйып жібер...

— Ахметжаның тұмсығын тығып, иіскеп жатсын дейсің-ау, а? Ол қара қожалағың дәрі болса саған дәрі, маған неге керек...

— Қойшы, құдың қатыны!

Сатан қыз-келіншектің осы сияқты сөздерін сабақтап ауыл жайын ұғынғандай болды: осы ауылға келе жатқан кісілер мына қыздың күйеуі. Отаудағы мәжіліс сол құда, күйеудікі. Ал мынау бағанағы өзіме қымыз құйып берген келіншек — бұл қыздың жеңгесі. Мына қыз қалыңдық салтымен күйеу қойнына баруға таранып жатыр. Қайтсін, жастар ойнап-күліп қалайық деген ғой...

Келіншек қыздың шолпысын шешіп алып, сылдыр еткізіп жанына тастай берді. Мұны көрген Сатан жан-жағын қармаланды. Иттен абайға ұстап келген қолындағы бозқарағанның ұзын шыбығы менмұндалап қолына түсе кетті. Шыбықты жермен жорғалатып, қыз-келіншектің жанында жатқан шолпыны бұрады. Бұрап, өзіне таман сүйреді. Сүйрелеп келген шолпыны сылдырлатпай ағаштың басына іліп, қыз бен келіншектен алысырақ тастады, өзі үй жақты бақылады. Арманы ақ ат. «Әттең дариға, анау аттың үстіне бір шықсам!» — дейді.

Сатанға үй жанында тұрған атқа тура баруға болмайды. Арба мен аттың арасына оттың жарығы түсіп тұр. Және аттың бір жағында қыз бен келіншек, енді бір жағында есік. Жерошақта ет қайнап жатыр. Үйден кіріп-шыққан кісі аяғы сергімейді.

Әйтсе де Сатан атқа баруға ойланды. Ойлап жатып-жатып неде болса тәуекелге бел байлады. Ақырын орнынан тұрды да дуылдаған екі үйдің арасындағы оты жалпылдап жанып жатқан жерошақтың қақ жанынан сып етіп өтіп, қораға кіріп кетті. Жер-ошақ басына инесін жоғалтып алған кемпірдей тімтініп сары ала қаншық пен көк ала төбет жерді иіскелеп жүріп, Сатанды сезбей қалды.

Қора қойдан қайқаяды, ыңырсып жатыр. Жарықтық қойдан жуас жануар бола ма, ұрлық қылуға келген суық жүрісті Сатанға құлағын да селт еткізбестен орны-орнында жата берісті. Тойған түйелер ыңқылдап, матауда жатыр. Түйе сауып тұрған бір әйелдің арт жағынан келіп Сатан түйелердің арасына кіре берді. Түйе байғұстар да бық еткен жоқ. Хатта үлкен басымен ұрыны ортасына жасырысуға жәрдемші болғандай үндеспеді.

Сатан түйе арасында көп жата алмады. Оған неде болса жолжылдамырақ кету керек. Ат-арбасы, ауыл сыртында жолдастары күтіп отыр. Сатан не болады деп олардың жаны

мұрнының ұшында. Сатан бір қылт еткенде жылт етіп, үйге байлаулы аттың алқымына кіріп кетті.

Үй іші, ірге жап-жарық. Сатан көзі түкті көрмейді. Тек аттың алқымында омырауына жабысып, аттың аяғымен аяқ болып қалған. Дереу бір қолы асығып аттың шылбырын белдеуден шешіп жатыр... Сол арада келіншек те қыздың шашын тарқатып болса керек, қыз басын көтерді.

— Шолпым қайда? — деп қыз жерді сипаланып қалды. Сатан оған таяу тұр.

— Осы жерге тастағам, — деп келіншек те жерді сипаланды.

Сатан жаушы жалам, шылбырды шешіп алып, аттың алқымына кіре сулықтан созып ұстап, жетелей жөнелді.

Мұны қыз бен келіншек те байқамай қалды. Атты үйден көген бойы шығарғанда Сатан аттың дорбасын сыпырып алып, лақтырып жіберді. Дәл осы кезде келіншек:

— Ойбай-ау, ат шешіліп кетті! — деп қалды.

— Ал жүгір! Ұстап ал! Құр жануар, құр десең тұрады, — деп үйден бір шал кісінің дауысы шығып қалбалақтап қалды. Бұл уақытта Сатан атқа мініп те қалған еді. Үбектеп, желіп жүріп кетті.

— Ау, қалай кетті?

— Қуаламай, ұстап ал, — деп ауыл жақ дабырлап қала берді.

Сатан сар желіп, қараңғыға кіріп жоқ болды. Астындағы ат жер баспайды. Желше соғады. Жүгіртіп жолдастарына келді.

Сатан қосқа келгенде өзгелері көк шолақты жегіп, жүруге дайындалып тұр екен.

— Тарт! — деді Сатан.

Арбаны сыңғырлатып, қараңғы түнді жарып, бір арбалы, бір салт атты Сатандар ілгері жүріп кетті. Ауыл айқайұйқайсыз артында қала берді.

ТОРУЫЛ

Сатандар саулап жүріп отырып, ауылдан аулақ далаға шықты. Біраз жүрген соң Сатан қасындағы жолдастарына:

— Ал енді, осы араға арбаны доғарыңдар да, көк шолақты біраз жұлдыра тұрыңдар, — деді.

— Неге? — деді Әбіш.

— Мына жылқыдан ат түгендеп аламыз. Кәні, менің қасыма қайсың ересің? — деп сұрады.

— Қой, шырағым. Мынау астыңдағы атты сіңіріп алсақ та жетер, тезірек жазым болмай жүрелік, — деді Әбіш.

— Жоқ, нағашы, біз бұл аттармен елге жете алмаймыз, тезірек жүретіндерің жүр!

Пышақ та, Қышақ та аузына құм құйылып үндемей қалды. Олардан үн шықпаған соң Әбіш:

— Шырағым, болмадың, енді сенің не болғаныңды білмей болмас, — деп Әбіш Сатанның артына мінгесті.

Сатан Әбіш нағашысын артына мінгестіріп алып, жылқының дабысына тартты. Сатанның артына мінгесіп келе жатқан нағашысы ұдайы күңкілдеп Сатанға уайым айтып болмады:

— Әй, шырағым-ай, түзде жүргенде осы біреудікін қағып аламыз дегеніміз астамшылық болмаса жарар еді. Заманның қағынып тұрғаны мынау. Байтал түгіл бас қайғы болып, өзіміз елге қалай қосыламыз деп құдайдан тілек тілеп келе жатқанда...

— Е, сол елге қалай жаяу жетпекшіміз!

— Құдай бізді өлтіре ме; жаяу-жалпы шұбап ел шетін көреміз де...

— Құдай сізге түк те бермейді, нағашы. «Талапты ерге нұр жауады» деген. Осы өңірдегі бай бәсентиыннан кісі басы бір-бір ат мініп кетпеген соң — біз өмірі елдің шетін көре алмаймыз, кім біледі, ел бұл күнде Балқашқа қарай үркіп кеткен шығар. Сонда осы көк шолақпен қайда барамыз деп ойлайсыз? — дейді Сатан. Сатанның бұл сөзі Әбішке үлкен тоқтау болғандай болды да тағы да күрсініп:

— Мен оның ақыреттегі борыштығынан қорқып бара жатқам жоқ-ау, жиен, тек жазым болып өзімізді ұстап ала ма деймін, — деді.

— Е, онан да мына соны айтсаңшы, нағашы, — деп Сатан күледі.

Бұлар жылқының дабысына мандай беріп, желе шорқақпен отырып бір поселкенің үстінен түсті.

— Осыдан мал алсақ қайтеді? — деді Сатан.

— Қой, көпірді... атып жіберер...

— Жоқ, осыдан ала кетелік. Бұдан алған малымыз — ата малымыз болады. Бұлар біздің елге қалай барсын, — деп Сатан аттың басын поселкеге тартты.

Бір жерге келіп, Сатан аттан түсті де, сыптығырланып әбден шешінді. Әбішке атты ұстатты да, өзі поселкеге қарай жөнелді. Поселкенің шетінде аяғы тұсаулы отта тұрған екі жылқыға жолықты. Олар Сатанды маңайына жолатпай тұсауымен қарғылап, ұстатпады. Бұлар ұстатпаған соң, Сатан тұсаулы екі жылқыны айдап нағашысы Әбішке жетті.

— Атты бері әкел, нағашы, — деді Сатан.

Әбіш атты Сатанға бере қойды. Сатан атқа мінген соң тұсаулы атты бастырып жіберіп, құйрығынан алып, екеуін де ұстап алды. Әбіш келіп аттардың алды-артын сипалап тұрып:

— Жануардың екеуі де тоғайдың мәстегі екен; біздің жерді жерсінбей өліп қалады ғой, осының керегі жоқ, жиен.

— Ендеше міне біреу үлкеніне мін, — деп Сатан қараңғыда жардай көрінген біреуін арбитып Әбіштің алдына тартты.

Сатанға аяғынан алдырып, Әбіш әлгі арбиған мәстекке азар мінді. Екеуі жылқының дыбысына қарай жарысып кетті. Жарыса-жарыса қырдағы шұрқыраған жылқының деңгейіне жетті. Бұлар жылқы сарынымен басбағып, бақылап айнала торып жүр. Жылқының беті қалай, жайылыс па, иіру ме, жылқышылар қайда, нешеу, жердің бітімі қалай, жылқыға қай жағынан кіру оңай, кірген соң қалай шығып кетуге керек — осының бәрін Сатан дағдылы ұрыдай жете торып, бес-он минуттің ішінде-ақ біліп алды. Әсіресе күн ұзын ақтан сопысынып, адам ақысынан сескеніп шегіншектеп келе жатқан Әбіш шұрқырап жатқан қалың жылқыға келген соң теретін жеміске жеткен адамдай барлығын да ұмытып, жер жағдайын байқап, оңтайлы жерді Сатанға сыбырлай бастады.

Торуылдағы тұрған екі атты ұры аз басбағып, жер жөнін, жылқы жайын біліп алысты: жер соны. Шөбі қалың бір ойдым-ойдым. Ай көзге түртсе көргісіз қараңғы, аспан бұлт. Мыңғырған көп жылқы талай жерді керіп, қой жайылыспен үйлығып оттап, пыр-пыр ысқырады. Жылқышылар жылқының қақ ортасындағы бір дөңестеу жерге түсіп отырған сықылды. Күліп-ойнап, дабыр-дабыр етеді.

Екі ұры жылқының ішіне кіріп кетті. Апыл-құпыл бойдақ жылқыдан іріктеп 50 шамалы жылқыны бөліп айдап жөнелді. Жылқыға суық қол кіріп, жылқыны бөліп айдап шығарып бара жатқанын шулап отырған жылқышылар

сезбей де қалысты. Бұлар айдаған жылқы көп жылқыдан ұзап шыққан соң енді ішінен таңдап алуға кірісті. Сатан астындағы аттың күмісті тұрманын салдырлата бір баранды байқап келіп, ұрымтал жерден ұмтылып құрық салып қалғанда Әбіш нағашысы арбиған мәстектен аударыла түсіп, жүгендей бастады. Мұны жүгендеп алып, Әбіш міне жөнелгенде, су төгілгісіз жорға екен, астына тұрмай тайтаңдай жөнелді. Сатан жылқыны «қайыра бер» деді. Есік пен төрдей жарау шұбар иірген жылқыдан шеттеп, бұлаң қағып болмады.

— Әттең сені! Құдай қолға түсірсе, — деді Әбіш.

— Олай болса жылқыны иіре бер, — деді Сатан.

Жорғасын шайқалтып Әбіш жылқыны төңкеріп иіре берді. Құрықты оң қолға алып, сол қолымен астындағы баранды бұтқа бір салып, алдынан бұлаң еткен ақ шұбарды Сатан бастырып берді. Жылқы ұршықша иірілді. Шұбар безіп, иірілген жылқыны үш айналды. Төртінші айналуға келгенде Сатан астындағы аты сыпылдап, қашқан шұбарды бауырына басты. Қайырып, айдап жылқыға қабаттай бергенде Сатан құрықты лып еткізді. Екі ұмтылып лықып, шұбар қарғып-қарғып кетті. Оны жіберетін Сатанның қолы ма, құлақшекеден түскен құрық бір толғаумен тас шеге болғанда шұбар изектеп тұра қалды да, қырылдай бастады.

— Әй, осы ит асау ғой деймін, — деді жүгендеуге келе жатып Әбіш.

— Асау болса шыңғырар еді, бұл сырдесте жылқы, тезірек жүгендеңіз, — деді Сатан.

Шұбардың азырақ бас асауы бар екен, жүген басына киілген соң жынын алдырған бақсыдай жуасыды да қалды.

— Мін, нағашы, — деді Сатан.

Әбіш «Ауіп алла!» — деп қараңғыда шұбарға қарғып мінді.

— Ал жетекке жорғанды! — деді Сатан. Сатан жылқыны және аралап жіберіп, бір жаралау баранға және құрық салды. Оны ұстап Әбішке алып келіп:

— Нағашы, енді нешеу болды? — деді.

— Мәстекпен бесеу.

— Мәстекті қоя беріңіз, ол бізге жарамайды, бәлкім бір егінші орыстың жалғызы шығар...

— Қарағым-ау, осының бәрін аламыз ба?

— Е, алмағанда...

— Қарағым-ау, бұларды жер-суға сыйғыза алмаймыз ғой, азайталық.

— Көп емес, нағашы. Кісі басы бірден ғой. Кім біледі, біз мұны солдатқа қарсы соғысқа мінерміз, — деді Сатан.

— Тым көп, жиен. Өзі өңшең сайдың тасындай ірі малдар ғой. Ең болмаса мынау ауылдан алған қасқа атты қалдырып кетелік. Бұл жер-суға сыймайтын белгілі ат, атақты адамның аты болу керек...

— Әсіресе болыстікі болса екен! — деді Сатан.

— Қарағым, бұл бәле болады, сіңбейтін мал. Осыны тастап кетелік, — деп Әбіш қайқалақтап болмады.

— Сөзді қысқартыңыз, нағашы, мен қасқа атты тастап бұл бәсентиыннан жылқы алмаймын, — деп Сатан Әбішті біржола тежеп тастады.

— Ендеше, шырағым, жолың болсын, ал жүрелік, — деп Әбіш атын қамшылай жөнелді.

Бұлар жетектерін сайлап алған соң желе шоқыраққа салып, жылқының дыбысын әлдеқайда артына тастады, жылқы маңынан ұзаған соң жетектерге қамшы салып, құйындатып кетті.

Аз шапқан соң заулатып, ұрылар арбасына келіп те қалды. Жалма-жан аттарды жегіп жіберіп, қараңғыда қамшының астына алып, бетін түзеп, саулатып жөнелді. Жаңа ұсталған аттар алғашында біраз осқырып, пысқырып арбадан сескенсе де қамшылап күш айдаған соң, жөндігіп жүріп кетті.

— Әй, адасып қолға түсеміз ғой, — деп Әбіш анда-санда уайым айтады.

— Сендер тырп етпеңдер, аттарды мен айдайын, — деді Сатан.

Сатанға жер мөлшері белгілі. Осы жолмен ол бір-екі рет өткен де. Қалмаққырғанның аяқ жағын ала Бестау, Көкайғыр, Құбастатып, қараңғы түнде тұспалдап жөн тартты. Сатан аттарды барынша айдап, шу-шуге салды.

Ұрыларды әдейі жылқы алсын дегендей не айын, жұлдызын жылт еткізбей түн түнере түсті.

«СОЛДАТ КЕП ҚАЛДЫ»

Бұлар көп жүрді. Түнімен талай жердің танабын тартты. Бара-бара аспан ақтаңдақтанып, таң себелеп атты.

Жарық қараңғыны жеңіп, ондағы-мұндағы көрінгенде жолаушылар бір жерге тоқтап, темекі тартысып, насыбай атысты. Түні бойы тоқтаусыз қуылған аттар бүйірін соғып солықтап тұр. Әсіресе семіз торы жорға танау қағады. Жоны астаудай жолбарыс шұбардың қабағы да терлемепті. Ол жалт-жұлт етеді. Күміс тұрманды күрең қасқа, тіпті танауын қақпайды. Жатағандау келген жарау торы азбан жылқының берігі болу керек, құлағы салбырап, енді бір күн, бір түн жортсаң да қырт ететін емес.

— Алғанымыздың бәрі де сайдың тасындай екен! — деді Әбіш.

— Тек құдай сіңірсе, — дейді Қышақ.

— Қарқаралының жеріне, қаракесектің еліне бір барсыншы, — деп Сатан алған аттарына қуанып қояды.

— Жақсы болды, бәрі де сәйгүлік, бірінен-бірі өтеді, — дейді Пышақ.

— Қой, қарақтарым, жылдамырақ жүріп кетелік, енді ізбен қуады, — деп Әбіш асықтырады.

Бұлар тағы жүріп кетті. Тұмарлы күрең қасқаны Сатан салт мінген. Арбаның жанында жайтаңдатып келеді. Таң себелегеннен күн шыққанның ортасында бұлар көп жерді алды. Талай бел, талай кезеңді артқа тастады. Қалмаққырғаннан сырт айналып Баянға беттейтін қанжығалы жолымен соғып келеді.

Жүре-жүре күн сиыр түс болғанда қарамы мың жарымдай қойды қаптатып айдап келе жатқан жастау қойшы көлденең кезікті.

— Бұл қой кімдікі? — деп Сатан сұрады.

— Тоқандікі.

— Қайдан келесің?

— Тоқан ауылы жайлаудан қайтып келеді.

— Көшің қайда?

— Көш ілгері кетті.

— Енді артында көш бар ма?

— Жоқ, ең арты әлгі бір сиыр айдағандар еді, өтті ғой...

Сатан Әбішке көзін қысты да өзі ілгері жүріп кетті.

— Өздеріңіз қайдан келесіз? — деп қойшы сұрады.

— Керекуден келе жатқан Қарқаралы қазағымыз. Қаладағы қазақтарды солдатқа ұстай бастаған соң, қу жанымызды шүберекке түйіп, қашып келеміз, — деп Әбіш созып сөйлей бастады.

— Е, ағатайлар, мынау қоқалақтан естіп-білгендеріңіз болса айта кетсеңіздерші, — деп қойшы тор байталдың бір жағына қисайып отырды.

— Айтайық, насыбайың жоқ па? — деп Әбіш өзінің насыбайы қалмаған құмырасын алып, етігіне тықылдатты. Қырған шақшадан бірдеме иіскеуге күні ұзын насыбайдан қансып келе жатқан қойшы да ыңғайланды. Әбіш қаладан есіткен қоқалақтың хабарын бірін екі қылып, қойшыға айта бастады.

Осы уақытта қанаты жайылып, қаптап келе кеткен көп қой алдындағы өрге қайқайып бара жатыр еді. Қаптан төгілген тарыдай көп қой шашылып, алдындағы дөңнен асканда төбені айналып кеткен Сатан да қасқа атпен қойға араласып қалған еді. Келе сала бір құнан қойдың мойнына ат үстінен құрықты тастап жіберіп, ұстап қалды. Қой дыр-дыр үрікті. Сатан жалма-жан түсе қалып, қойды алып ұрды да қырқыратып бауыздап жіберді. Шала-шарпы бауыздалып, жаны шығып болмаған қойды бір шұңқырлау жерге тастап жібергеніне көз ілескен жоқ! Атына міне салып, өзге қойларды бұл маңнан үркітіп, қуыңқырап жіберді де қасқа атпен ізінше қайтадан жытты. Дөңнің астымен жұлдыздай ағып, жолаушылардың тұрған жеріне сасқалақтап шауып келді. Қойшы мен Әбіштер әлі әңгіме соғып тұр еді, Сатан айқайды салып, шауып келе:

— Қашыңдар, қашыңдар, кеп қалды! Солдат кеп қалды! — деп тұрғандардың дегбірін алып жіберді.

— Оны кім айтты? — десті.

— Әне бірталай кісілер қашып барады, солар айтты...

— Ойбай-ай, біз де жөнелелік, қолға түсіп масқара болармыз, — деп Әбіштер атқа қамшыларын үйіріп, арбаны салдырлата жөнелді.

— Ой, сұмдық-ай! — деп, астындағы ауыздығы алулы торы байталын төпелеп, жаман тұмағы селтең қағып, қойшы да қойының артынан шаба жөнелді.

Бір шақырым жүрген соң Сатандар арбаны бір жерге тоқтатып, қойшыны қарауылдасты. Қойшы қойын ұршықтай иіріп қуа-қуа бес-алты шақырымдай ұзап кеткен екен. Алдыңғы адырды асқан соң Сатан жан-жағын барлап алып, күрең қасқамен ызғытып, бауыздап кеткен қойына жетіп келді. Тастаған қой тыңқиып жатыр. Тек қасына екі-үш қарға, бір-екі сауысқан үймелеп қалған екен. Сатан жалмажан түсе қалып, қойдың бауыздауындағы ұйыған қанды шөппен сыпырып сүртіп тастап, атқа мінді. Ат үстінен еңкейіп жіберіп қойдың сирағынан алып, ат үстіне азар көтеріп салды. Өзі бұлаң құйрықпен өзектетіп, жортып, жолдастарына келіп қосылды. Арбаға жегілген екі семіз ат босанайын деген екен, қасқа мен шұбарды парлап жекті де, босаңсыған аттарды салт мініп, саулатып жүріп кетісті. Жолшыбай келе жатып, қойдың ішін жарып, ішек-қарнын аударып тастап кетті.

КЕЗДЕСУ

Бұлар күн ұзын жүрді. Жүргенде кәдімгі бұлаң құйрықпен отырды. Осы ұзақ күнде «бірталай жерді алдық қой» деп есептесті. Күн кешкіріп, екінді болғанда бұлар Пантөбеттен өтіп, Кершоқының елсізіне шықты.

— Енді осы жерде ат шалдырмасақ болмайды, алдымызда су жоқ, — деді Сатан.

Жердің ыңғайын аңғарлап келіп, қималы құдықты бір шилі шұқырға түсіп, ат доғарысты.

Түскен жері жалпақ, қалың ши. Қар ортасы апан құдық, төрт атты желге соқтырып, жарты сағаттай Пышаққа жетелетіп қойды. Желпінген аттардың ыстығы басылған соң апанға түсіріп түйіп, аттарды бекітіп қойысты. Пышақ қойдың кеудесіне мініп, Әбіш тезек теруге кірісті. Пышақ құдықтан су алып, бақыр асып, Сатан насыбай уқалауға отырды.

— Енді құтылдық па? — деді Әбіш.

— Енді құғыншы жете алмайды. Жылқының иесінен де, қойдың иесінен, қауіптен кеттік. Енді аспай-саспай пісіріп, тыныға беріңдер. Мен анда-санда мына шоқалақтан қарауылдап қояйын, — деп Сатан шақшасын насыбайға сықап толтырған соң төбеге тартты.

Сатан төбеде отырды. Маңайға қарға ұшпайды. Құлазыған елсіз. Тіпті шыбын болмаса айналадан адам пенде келетін болмаған соң, Сатан қайтып қосқа келді.

— Жан жоқ. Жан жоқ құлазыған елсіз көрінеді, енді бізді аэропланмен қуса да жете алмайтын жерге кетіп қалыппыз, — деп Сатан жайланып отырып белін шешті.

Бұлар етті қайнатып, бақырды түсірерменге келгенде күн де ұясына ілінген еді. Аспан көк баранданып, күн шапағы

шашырап, батуға айналды. Күннің көзі әлденеге талаурап, дүниеге күйігіп қарағандай. Күн көзіне қараған Сатандарға аспанның батыс жағы да бақыр асып, ұрлаған қойдың етін пісіріп жатқан сияқтанды.

Ет түсірілді. Семіз қойдың сүбелерін тұздықтап отырып, апан құдықтың кемерінде төртеуі етті мейлінше жеді. Ет артынан сүйек мүжіп, аяқ-аяқ сорпа ішіп, мандайынан терді бір-бір сыпырды.

— Кешегі кемпірдің ауылы ақшамызға қой сатпай қуратып жіберіп еді. Енді міне, құдайекең бізге ризық бұйырып, қол қайрат қылып алған мынау еркек қойдың сорпасына бір сұғындық-ау, нағашы, — деп Сатан жымың қақты.

— Е, шырағым, өлмегенге өлі балық жолығады деген емес пе, алхамдулеллә...— деп Әбіш кекіріп қойды...

Суыған аттарды шалдырып, суғарып, аяқтарын тас қып бекітіп, отқа қойысты. Өздері етке сілейе тойып алған төрт қаракесек киімдерді шешіп тастап, еттерін салқынға соқтырып, тырайысып ұйықтап қалысты.

Бұлардың көзі ілініп кеткені сол еді, отта тұрған аттардың кісінеп қоя берген дауысымен оянып, бастарын жұлып-жұлып алысты. Күн ымырт болып кеткен екен, он шақты атты кісі сатырлап шауып, Сатандардың үстіне сау ете түсті. Алакөленке, апыл-құпылда бейғам жатқан Сатандарға жау тиді.

Жау саулап шыға келгенде шұқырдағы кісінеген атты көрген соң айқайлап, атты қойып берді.

Сатан тұсаулы тұрған күрең қасқаға ұмтылды. Қышақ та, Пышақ та, есі шығып кетіп, біресе атқа, біресе арбаға жүгірді. Әбіш тор жорғаға таман далбандап барып еді, торы жорға: «Қой, аулақ жүр», — дегендей құлағын жымитып, тұсауымен қарғып ұстатпады. Жау қамап қалды. Жаудың бес-алтауы бұлардың аттарын сойылдап, алдарынан қуып алып кетті. Тек Сатан ғана, қапелімде күрең атты ұстап алып, пышағымен тұсауын қиып жіберіп, қарғып мініп еді, есік пен төрдей боз аттың үстіндегі біреуі келіп, Сатанның түп етегінен алып қалды. Екеуі де аттың басын қоя беріп, аударыса кеп кетті. Бірін-бірін ұстасты. Қасқа мен боз тізгін қағысып қырға қарай алып жөнелді. Екі жігіт ат үстінен бірінің жағасынан бірі алып, жұлқыласып келеді. Сатан еңкейіп келе жатып бір қолымен қонышындағы пышағын суырып алғанда, боз аттың үстіндегі жігіт шапшаң оның

қолын қаусыра ұстап, сіресіп қалды.

— Таста пышақты, өлесің! — деді боз атты. Сатан құлағына таныс дауыс саңқ ете түсті.

— Ей, Марданбысың?

— Сен Сатанбысың?

Екеуі бірін-бірі қоя берді. Орағытып кеткен аттарын бұрып алысып, қайтып келіп, ат үстінен қол алысып, мәз болысты да қалысты.

— Уа, қайдан жүрсің?!

— Өй, сен қайдан жүрсің?!

Екеуі қиюдан қосылып, шұрқырасып қалды. Бір-бірінен жөн сұрасты да артындағыларға келді. Келсе Мардан жолдастары Әбішті тап-таза қылып сыпырып, тонап қойған екен. Төрт атты алып, Әбішті байлап тастапты. Қышақты да, Пышақты да аяғынан байластырып, апан құдыққа тастап кетуге сүйреп жүр екен. Мардан мен Сатан қарқылдап күліп, бұларды айырып алысты. Сол жерде бірімен-бірі танысып, айдалада өңшең жау іздеп жаланған жігіттер жайласып, атты қалмақша байластырып тастап, әңгімеге кірісті.

Бұл келген жиырма шақты жігіт — Екібастан, Ертіс бойынан құралған жігіттер екен. Мұның бастығы Мардан мен Омар болып шықты. Бұлар әнеукүні пароходтан босанып, Керекуден Екібасқа қайтқан соң ел ішіндегі қоқалақты естіп атқа міпіпті.

— Қайда барасыңдар? — дейді Сатан. Оған Мардан жауап береді:

— Осындай жаугершілік заманда елдің еркегі үйде жата ма? Баянның байларынан бір-бір жақсы атты ұстап мініп келеміз. Солдатқа кетіп, қаңғып, қор болып өлгенше туған жерден топырақ... Осы жердің өзінде өлеміз... Сонымен келе жатқанымыз...

— Бұл қай беттерің? — дейді Сатан.

— Ырғайты елінің жігіттері жиналып, боз бие айтып сойлақшы дейді. Біріміз қалғанша қырыламыз депті. Осы дақпыртты естіп, біз де соған қосылуға аттандық.

Олар бір тот басқан салдырлақ сияқты шиті мылтықты таянып отыр.

— Кәне, сендер де арбаны тастап, аттарыңа мініп, бізге еріңдер, — деп Мардан Сатанға жабысты. Сатан Әбішке қараеріндер, — деп Мардан Сатанға жабысты. Сатан Әбішке қарады. Әбіштің көзі бадырайып кетті. «Сатан осыларға еріп кетер ме екен» дегендей Әбіш зыр-зыр қақты.

— Қой, қарағым, өзіміз елге жете алмай келеміз, не көрсек те өзіміздің елмен бірге көргеніміз жөн ғой, — дейді.

Сатан Әбішті қостайды.

Келген жігіттерге бақыр қайта асылып, ет қайнатылды. Дайын еттің үстінен шыққан жігіттер «жолымыз болады екен» деп ырым қылысып жатыр. Жігіттер ән салысып, күрес салып, ойын-сауық, қалжыңмен отырып, етті жеп, сорпа ішіп, қунап қалысты. Түн ортасында бір-біріне қошқош айтысып:

— Бізді күтіңдер, Ырғайты елінің жігіттерімен бірге Баян қаласын шапқан соң, Қарқаралыны алуға барып қалармыз, — деп Мардандар аттанды.

— Келіңдер! Біз де сендерге қосылуға дайын тұрамыз, — деп, Сатандар өз еліне тартты.

ОЛЖАНЫҢ ҮЛЕСІ

Сатандар шилі апаннан аттанып, Мардандардан айырылған соң екі күн бір түн жолда жүрді. Соңғы түні, түні бойы тынбай жүріп келіп, таң сызат алғанда Қоянды жәрменкесінен асып, Жартастың бастауы деген жерге келіп, көліктің белін босатысты. Аттарын шалдырып, суғарып, отқа қойысты. Өздері бақырын қайнатып, тамақтанған соң, сәске түске шейін ұйықтап, әбден тыңайысты. Ұйқылары қанысып, аттары тойған соң жүруге дайындалды. Сатан жолдастарына мынаны айтты:

— Енді менің аулым алыс емес, осы жерден сендерден айырыламын.

— Жолың болсын, қарағым, — деді Әбіш. Сатан қасындағы үш жолдасына өздері алып келе жатқан аттардың қалай болатындығын айтты.

— Ортамызға түскен олжа ат төртеу. Осылардың таңдағанын сіз алыңыз, Әбеке, ішіміздегі ақсақалымыз сіз ғой, — деді.

— Жоқ, қарағым Сатан, менің осы жолда олжаға үлкен болып сақал бұлдар жайым жоқ, таңдау сенікі...

— Жоқ, алыңыз, шын айтқаным, — деді Сатан.

— Жоқ, қарағым, қалауын сен ал, алдымен құныкер атынды сен таңдап мін. Қалғанын бізге қалдыр, — деді Әбіш.

— Олай десеңіздер мен жайдақ кете алмаймын ғой, қасқа атты мінемін дағы, — дегенді айтты Сатан.

— Мін, қарағым.

— Ал қалғанына сіз билік айтыңыз, — деді Сатан Әбішке. Әбіш оны мақұлдап, жесір дауының жүйелі сөзіне кіріскен кісідей қолға ала жөнелді:

— Құдайдан жасырары жоқ. Басында осыған жуыма деп қақсадық қой. Ондағымыз, біреудің ақ адал малы еді, арам болып тамағымыздан өтпес дегеніміз емес, өзіміз қолға түсіп, қор боламыз ба деп жан қорғағандық еді. Енді міне, құдайға шүкір, ат-лауымыз аман, төрт көзіміз түгел, кісі басы бір-бір жылқы олжамыз бар, ел ішіне келдік... билікті мен айтсам, Қышақ, Пышақ — сендер ағайынды екеуің тор азбан мен шұбарды мініп қайтыңдар. Сатанмен бірге мен де аттанған кісімін ғой, тор жорға ат маған лайық болар, — деді Әбіш.

Әбіштің бұл билігіне жолдастардың барлығы да ырза болысты. Мұның үстіне ортасынан ақша шығарып сатып алған көк шолақты, арбаны Әбішке қалдырып, Қышақ, Пышақ ауысқан ауысын алысты. Ат пен арбаға шыққан Сатанның жарнасы нағашысы Әбішке бергені болды.

Сонымен бұлар Жартасты бастауының басында бір-біріне қош айтысып, жөн-жөніне кетісті.

Сатан қасқа атты жайтандатып, енді жақын қалған ауылына тіке тартты.

ТАСАТТЫҚ

Сатан бесін уағында өз ауылының деңгейіне келді. «Ауылдың отыратын жері осынау қырқаның асты еді ғой», — деп түспалдап қасқа атпен дөңге шыға келгенде, жеті-сегіз ауыл бір жерде үйме-жүйме болып отыр екен. Ауылдың сыртындағы бастаудың басына жиналып жатқан көп кісіні Сатан көріп келеді. Алыстан келе жатқан сыптығыр киімді, салт аттыны көргенде жиылып жатқан халық ыбыр-жыбыр келіп, қозғалысқа кірді. Күнге қарсы келе жатқан қасқа аттың маңдайы, күміс жүген, күмістеген ердің қасы, екі күміс үзеңгі күнге шағылысып, ауылға жарқ-жұрқ етті. Ауылдың атты кісіден қорқатын уақыты. Әсіресе ер-тоқымы жарқылдаған, киімі орысша сидиған адам болса халық үрейленеді. Мынау аяқ астынан шыға келген сымпиған Сатан да бұл ауылды алғашында шошытып қойды. Ауыл Сатанға қарасты. Көптің ішінде тұрған Сатанның шешесі келе жатқан аттыға қадалып тұрып:

— Осы менің Сатаным емес пе? — деді.

— Қойшы, жеңеше, қайдан төрежан болсын, сымпиып қалыпты, орыс қой, — деп кемпірдің қасындағы салпы ауыз, қара жалақ қатын өз ойын білдірді.

— Қайдан білейін, көзіме бірдеме болмаса... Атқа отырысы Сатан сияқты... — деп шешесі келе жатқан аттыға қадалуын қоймады.

Күренді сипай қамшылап, бастау басындағы түтін салып, жиылып жатқан халыққа таман Сатан да жақындай берді.

— Уа, кемпір, шүйінші-шүйінші! Сатан келеді, Сатан, — деп қозы тартқыш Үйрекбай айғайлады. Шешесі не болғанын білмей, жайтандап келе жатқан қасқа аттының алдынан құшағын жая жүгірді. Сатан аттан түсе қалып, шешесіне құшақтатты. Шешесінің жылаған көзін сүртіп, ананың алдында арсандаған алты жасар ерке бала болды да қалды, шешесінің даусы да шығып кетті. Жиылған халық осы екеуінің айналасына үйіріліп, анасы мен баласын айырып, жұбатып жатыр.

— Қой жылама, өліспеген көріседі...

— Жә, жылама, жеңеше, жаман ай, жаман жылда аман-есен төрежанның келгеніне қуансайшы, — деген сияқты сөздер айтылып жатыр.

— Жылағаным — қуанғаным ғой, қарағымды әбден сағынып... — деп кемпір көзінің жасын сүртеді. Сатан ағасы Тәжи де ыржаландап, қуанып, көрісіп жатыр.

Жиылған халықтың үлкен-кішісінің бәрі дабырлап, Сатанның қолын кезек-кезек алып амандасуда. Бәрі де Сатанды сағынып қалыпты...

— Келгенің жақсы болды...

— Уо, байғұс кемпір, балаң келіп көзәйім болдың ба?

— Кешегі түсімнің сүйіншісін бер, кемпір...

— Қоржынын ақтаралықшы, не бар екен, — деп құрбы жігіті, жақын жеңгелері мәз-мейрам. Қарны салпиған, қара қожалақ бала мініп алған қасқа аттың алды-артына үймелеген ауыл адамдары аттың көркіне көздерін тойғызып:

— Жарайды, жануар, сүйегі бөлек жылқы екен!

— Мынау дүрбіленде бір атын тауып мініп қайтқан екен, — дескеді.

Сандыбай шалдың қолында басы шоқпарша таяқ. Ол тозығы жеткен қара елтірі бөрікті ыстық күнде басынан

тастамай, дамбалының бауын салақтатып, Сатанның қасына келді.

— Уа, қарағым Сатан, кел бері, құшақтайын, сені де құдай аман көрсетті... — деп Сатанға қанатын жая жүрді. Сатан ақсақалмен көрісіп, отағасының денсаулығын сұрады.

— Жүрмін, қарағым, көмілмеген қу сүйек, өлмеген шыбын жан... Осы жасқа келгенде құдай біздің сақалымызды қуратып, осы пәлесін көрсін деп қалдырған ғой. Міне, қиямет-қайым болды. Халықта ес жоқ. Сені көрсеткен құдайға ырзамыз. Құдай тілегімізді береді екен, кеткеніміз келіп, айтылған малдың үстінен шықтың.

— Мал айтқандарыңыз не? — деп Сатан сұрады. Сандыбай ыңыранып тағы сөзін созды:

— Бүгін осы жердегі ауылдар жиылып, бір-бір малын айтып, құдайдан тілек тілеп жатыр едік. Мынау жаман ай, жаман жыл болып ел басына ауырмалдық келген соң, әйтеуір, істеп жатқан жұрт тілеуі еді.

— Е, тасаттық беріп жатырсыздар ма?

— Ия, қарағым. Шамасы келген кісі малын сойып, шамасы келмегендер нан-тұзын, айран, шалабын осы жерге әкеліп тілеу қылып жатыр.

Сатан жан-жағына қарады: ауылдың артында жұрттың жиналып жатқаны — шөбі сарғайып қалған жазаң жер. Осы жерден бір сасық бастау шығатын. Осы бастаудың күн жағындағы дөң басында жауын айғыздап шәйіп тастаған төрт құлақты мыжырайған мола тұр. Бұл мола қашаннан осы бастаудағы қыстаудың иесі Сандыбайлардың әкелері. Айтушылар оны дәуперім бақсы болған кісі дейді. Жан-жақты атты, жаяу адамдар шұбырып осы бастаудағы түтін салған жерге жиылып жатыр. Асқан ет пісіп, табақтарды жасауға кірісілген екен. Қатар-қатар жеті-сегіз ошақ-қа асылған еттер ақ сүйек болып сыдырылып, астау табақтарға толыпты. Пышақтары жаландаған табақ жасаушы Көрібайлар етті түр-түрімен табақ-табаққа жасап жатыр. Көрекендер жан-жағына жау келеді десе де қарайтын емес. Қара шолақ пышағын жамаулы мәсінің қонышына жанып-жанып қояды. Қатындар сорпа сапырып, ысылдап ұрттап, балалар қыңқылдап, иттер етке көзін сатып, тап-тап беріп, ашық аспанның астында ет жеу дүниесінің есігі ашылып жатқандай еді. Қаптардан, қара орамалдардан дастарқан

жайып, жиын арасына табақтар тартыла бастады. Бас біреу емес, әлденешеу, айтылып сойылған малдан шикі ішек қалдыруға болмайды. Бәрі де пісіп-түсіп, адам ішіне кетуге тиісті. Сондықтан осы жерге келіп бауыздалған малдың тұяғы мен терісінен басқасы тегіс-ақ қазандарда қайнап, қазақтардың алдына келді. Тұрғы-тұрғы жерден көрия ақсақалды ортасына алып отырған адамдар бірыңғай, кемпір-сампыр өз алдына, қыз-келіншек жеке топ, етпен айналысып жатыр. Қырқылжың қара сақалдың көбі-ақ бытырап, әр табақтың тұс-тұсынан кеткендей. Олардың жеке қатары жоқ сияқты. Табақ тартып, елді етке отырғызып жүрген даяшылардың көбі осы қырқылжыңдардан. Жас бозбала, қыз-келіншек дегендердің селт етіп күлген біреуі жоқ. Халық қабыр басындағыдай, қабағындағы ауырлық, көңіліндегі қайғы астында, күлмейді, ойнамайды, жұрттың көңілі жерошақтың бықсыған түтіні сияқты. Әшейінде айналаны азан-қазан қылып, ойнап, күліп, дуылдасып, думан қылып жіберетін ауыл әдеті бұл жиылыста жоқ. Ел көңілі су сепкендей басылыңқы. Ойын да, күлкі де бір жаққа жолаушы кеткендей, жұрт күрең қабақ, тек ауыр-ауыр күрсіну, уһлеу...

— Ары жүр! Былай жүр! Кет арман! Жаманшылықта ит те құтырады, — деп етке өңмендеген иттерді қуған дауыстардан басқа үн көп шықпайды. Тек сойылған малдың терісін жинап отырған қылша сақал халфенің елді өліммен сескендіріп, құдаймен қорқытып, ақырет жайын айтқан сөздері ғана естіледі.

Айтып сойылған ақсарбас қойдың басын Сандыбайдың алдына әкеліп, Құлеке деген сары жалақ бала бата сұрады. Оған жанның бәрі «амин» деп қол жайды, халықтың өз көңілінде бата қылатын ақсақалы Сандыбайға қарады. Қасының жүні көк ала ешкінің құйрығындай болып, тасаттық берген жерошақ көзденген үлкен қара шал аппақ сақалын желк еткізіп алды да, қолын батаға көтерді.

— Иә, құдай! Ие, аруақ!
Еңіреген елдің тілеуін бер!
Ер-азаматты пәле-қазаңнан қорға!
Соғамын деген долыңды байла!
Бізге деген кәріңді тарқат!

Сарыарқаның өлкесіне нұржәннәттің желін
соқтырып,
Рахмет жаңбырыңды жаудыра көр!
Оқталған жаудың оғынан қақ
Қара қазан, сары баланың көз жасын көр!
Бейшара, бейбақтың өмірін өксітпе!
Шайқалған елге тиянақ бер!
Елді бейбіт, жұртты тыныш ет!
Я, құдай! Я, аруақ!
Бабай түкті Шашты газиз,
Қырық шілтенәулие
Пәлеңнен қақ!
Пәлеңнен қақ!
Пәлені біз таспен аттық!
Таспен бірге аспен аттық!
Аллаһуәкпер! —

деп шал жүзін сипады. Жанның бәрі де бетін сипады. Көптен бері қоршалап алып, даланы басқалы тұрған пәле серпіліп, бұл кісілерге жеңіл болып қалған сияқтанды. Жанның бәрі ет жеуге кірісті.

Сандыбай Сатанды өз табағына шақырды. Әрі семіз, әрі сыдырылып піскен жас қойдың басы Сандыбайдан шығып, Сатанға келіп, құйқаларын сыпырып отыр Сатан. Жанжақтың бәрі де ет. Сылп-сылп етіп жеп жатқан ауыздар, «кел-кел, аса-аса» десіп еттің дабыры біразға созылды да, табақтар босап, қазақтар кекіре бастады. Ет артынан аяқ-аяқ сорпалар қыдырып, халфелер сорпаны құлатысты. Сорпа ішілген соң қол жуылып, аяқ-табақ жиын-терін болғанда «ауылнай келіп қалды!» десті.

— Кім келді дейсіндер? — деді Сандыбай шал.

— Уай, әке, Әжібек ауылнай келе жатыр...

— Бір бәлеге келе жатқан шығар. Ай, осы ауылнайды иттің етінен жек көремін, — деп Сандыбай шоқпар таяғына таянып, тұра бастады.

Ауылнай келіп ат үстінен Сандыбайға сәлем беріп тұрып:

— Ертең болыс ауылында жиылыс бар, соған түннен қалмай жүресіндер, — дегенді айтты.

— Уә, жарқыным-ау, о нағап жиылыс? — деп Сандыбай сұрады.

Әжібек ауылнай ширатылып:

— Алынатын жігіттің списогі жазылады, — деді.

Жұрттың жүрегіне мұз құйылғандай болды. Айтылып сойылған мал, берілген тасаттық, тіленген батаның біреуі де қабыл болмай, құдай халықтың көз жасын көрмейтін сияқтанды.

ТОЛҚЫН

Ел қозы күземін алып жатқанда, болыс-ақсақалдарды Кереку қаласында ұлық шақырып қалды. Аяқ астынан ұлықтың неге шақырғанын жалпақ ел білген жоқ.

Ұлық қашаннан әдет бойынша ай сайын болыстарды шақырып жарлық айтып тұратын. Соғысқа керекті ақша, ат, үй, сойыс сияқты шығындарды ояз приговор қылдырып, болыс-билерге мөр бастырып бекіттіріп алатын. Ел бұл шақырысты да сондайдың бірі деп ойлады.

Бұл шақырысқа елдің ақсақалы, би-болысы, ауылнайы — барлығы да жиылды. Бұлар барған соң ояздың өзі қазақтан соғыс желкесіндегі жұмысқа жігіт алу туралы жиырма бесінші июнь жарлығын оқып естіртті. Жиылған болыстардың бірсыпырасы: «мұны мақұл, атқарамыз», — десе, бірсыпырасы: «мұны көпшілік біледі, көппен ақылдасып айтамыз», — деп әрі-сәрі болып елге қайтысты. Ояздың начальнигі де болыстарға «пәлен күннен қалдырмай жауабын бересіз», — деп срок кесіп, күтіп қалды.

Сол күні «солдат алады» деген хабар Ертістің екі жағына тарап кетті. Жаманат жатсын ба, «19 бен 31 жастың арасындағы жігіттің барлығы соғысқа айдалады екен» деген хабар бір күн, бір түн ішінде арғын, найман жатқан өлкені келі түйгендей дүңкілдетті. Ел не қыларын білмей тасқаяқтай қағысты. Бұл хабар халықтың басына тұтас түскен ауыр, ажал хабарындай болып, көптеген үйқыдағы елді шошытып оятқандай болды. Жұрттың шаруа күйі, әзіл-ойыны жайына қалып, әңгіме «солдат» болды. Ah! Yh басталды.

Қалай сұрапты? Қайда апарады екен? Болыстар не айтыпты? Қай ел қалай екен? Ел көнер ме екен, шабысар ма екен?.. — деген сияқты хабарды бірінен-бірі сұрасып, күнтүні осыны әңгіме қылатын болды. Жұрт толқи бастады. Балапан басына, тұрымтай тұсына қам қылатынға түсті.

Біреуге біреу сыр айтыспай, әр рудың өз ойы, өз болжалы болғандай тымырсықтанып, жазыла сөйлеспей, жабық мінез жасырын қатынасқа айналды. Болыс-би, ауылнайдың шенінде отырған ауылдар ақырын-ақырын сырғып көшіп, «ұлыққа қатынасы бар» деген адамнан іргесін аулақтай бастады. Қара бұқараның бірсыпырасы қашаннан қаламен әшінежай, тұқымынан болыстық үзілмеген Шорман ауылын ит етінен жек көріп, ішінен аулақтана бастады.

— Бұлардың тұқымы солдатқа өздері бармайды, ал өзге елді аямайды, сондықтан ұлыққа «бала береміз» деп мөрін басады, — деп оларды ұлықтан арман көріп, өзара жыбырласып жауыға түсті.

Дәл осы кезде әлі елдің беті белгіленбеген, көңілі үйқы-түйқы уақ. Ояз дығырлатып болыс-болысқа:

— Баратын жігіттердің списогін тапсыр! — деп жатыр. Толқып, қорқып, не қыларын білмей жүрген елдің тауқыметіне шыдай алмаған болыстар «береміз» деп дуанға айтып, «қайтеміз» деп елге айтып, екі ортада әуре-сарсанда жүр. Үстіп, олқын-толқын болып, бықсып тұрған кезде Ырғайты елі көтеріліп қалды.

* * *

Күн шілтері ыстық. Адыр-адыр, қоңыр таудың бір сайындағы қараша ауылда қара құрық жиылыс. Осы ауылдың ортасындағы алқам-салқам үлкен қоңыр үйдің іші де, сырты да топырлаған кісі. Айқайлаған ақынның, дүрілдеген домбыраның даусы шығады.

Үстіне ескі кембулат шолақ жеңді сүмілте киген, басын майлық орамалдай қара кір шытпен тартып тастаған, кетік тісінен тілі жылт-жылт етіп, соқыр көзден тер саулап, артқа сиған арық, қатпа қара шұбар соқыр шал домбыраны бауырай ұстап, аңыратып отыр.

.....

.....

Алты ауыз қып қазақты,
Басында патша ел алды.
Елді өзіне қаратып,
Төре, сұлтан шен алды,
«Түтінге төрт теңгеден»

Шаңырақ ақша жем алды.
Алғашында алдау мен
«Терісіндей өгіздің»
Деп қана сұрап жер алды.
Сол жеріне кент салды.
«Қазақтан солдат алман» деп
Хат мөр қылып ақ патша,
О баста үәде бере алды.
Түйе мұрын тестірмей,
Ен жайлауға көштірмей,
Мұсылманнан кек алды.
Мектепке сурет қойдырып,
Дінімізге қол салды.
Соғысқа солдат бермейсің,
Дегенге елді күйдіріп:
Үй бер, — деді, — ұй алды.
Үй артуға түйе алды.
Ат бер, — деді, — ат алды;
Қап бер, — деді, — қап алды,
Елтірі, арқан, ақ киіз
Аткежім байпақ, текемет,
Солдатқа керек деп алды.
Ол алғанды неге алды?
Аяғында мінекей
Ауызын салды балаңа,
Енді алмаған не қалды?.. —

деп домбырашы сыңсытып, дауысын жылатады. Мұны соғып отырған Әлеке деген ақын, көптен Арқаны аралап жүрген кәрі құлақты, сұңғыла соқыр. Бұл қашанғы Әлеке емес, жасында Жанақты көрген, Шөжемен де шайқасқан, Сыбанның он жеті ақынының алдында өлең айтқан ақын Әлеке бұл. Мұның білмейтін сөзі жоқ деуге болады. Бұл кешегі Абылайды айтады. Бұқарды жырлайды. Жасыбай батырды жоқтайды. Асан қайғының толғауларын сөйлейді. Кейін Мәшһүрдің жазған «Хал-ақуал», «Сарыарқа» деген кітаптарын жатқа айтады. Ақанның оқ тиіп өлген Құлагерін жоқтаған өлеңін өз әнімен сыңсытқанда тыңдаған елді жылатады.

«Осының бәрі рас-ау» — дегендей жігіттер салбырайды.

— Соқ қария, соқ! — деді Мардан.

Ақын ақ буырыл самайдан құлдилап ағып, құлай бітіп қалған құдықтай көр көзге құйылған қара терді қолындағы жұмарлақтаған қара кір шыт орамалмен кідіріп сүртеді де, әрі қарай ағындап, тағы да а-а-а дейді.

Әлемді тегіс алыпты-ау,
Ағылшын, орыс, француз
Нағылғанменәйтеуір
Ел басына туған күн,
Ер басына келген сөз.
Ақыр заман боларда,
Жүз қатынға бір еркек
Қалады екен деген сөз.
Осынау сұмдық рас боп,
Туған жерден топырақ,
Қалармысың бұйырмай,
Көк өрім, өңшең көген көз, —

деп соқыр ақын мұңды дауысын қосқан домбыраны күңірентіп, сыңсытады да өзі домбырамен, домбырамен емес-ау, тыңдаған көптің көңілімен көрісіп жатқандай зарлайды. Тыңдаушының көзі жылап, көңілі ақынның даусына құшақтасып көріскендей болады. Соқыр ақын жырды сүре-сүресімен қайырып тоқтатқанда шылбырдан алып, ат тартып тастаған жарау жүйріктей дауыстан ажыраған домбыра қоңыр күйге түскенде, бетке таяу пернелер басылса бей-бей қағып, қаққан саусақпен тасыр-тұсыр ойнақтайды. Қылта мойынға таяу перне басылса, талықсыған қоңыр үн таңдай сауады.

— Туған жерден топырақ,
Қалармысың бұйырмай,
Көк өрім, өңшең көген көз... —

дегенде Аяпберген қария көзіне іркілген жасын бір сүртіп қояды.

Әлеке ақын қазақтың баяғы ақтабан шұбырынды замаңы тағы айналып келгендігін, азаматқа майданға барып, шепке ұсталып өлгенше, осы жерде өлудің керек екендігін сездірді.

Соңғы уақытта өзі қартайып, балалары ер жеткен соң бұрынғы ел ақтап, өлең айтқанды қойған Әлеке мына қобыраудың тұсында домбырасын қайта қолға алып, атқа мініп кеткен еді. Қайда жиын болса, Әлеке сонда келіп, шер толғап, ән салып, уайым айтатын болды.

Ол «заманның енді ақыры болғаны, дүниенің біржола бұзылғаны», — деп сөйлейді. «Қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалып, елдің ережелі ескі сабасы бұзылып, қотандағы қу шұнақ тиін заманына кез болдық», — деп күрсініп қояды. Жалпақ жұрттың басына түскен ауыртпалық мына кәрі соқырды еріксіз айдап жырлатқандай болады. Соқыр жұрт басына туған күннің торғайындай шырылдайды.

Ақын аңыратып отыр. Жиылған жұрт құлаққа ұрған танадай, меңірейіп құлақ қоюлы. Айналаға ақын дауысы ғана ие. А десе топ жарып жөнелген жүйріктей жөңкіген өленді мұң мен зарға қосып шумақтап барып-барып, шұбатып тастайды. Ел мен жігіттерді қоштастырғандай домбыраны жылатқан ән баяуындағы қоңыр қайырыс тас бұлақтың суындай сылдырап, төгіліп-төгіліп кетеді. Жігіттер күрсінеді.

.....
.....
Ортаны шайқап оязың,
Оязға жағып болысың,
Елдің құтын тауысты-ау.
Баса шөгіп белінде,
Баса қонып жеріңе,
Сыйғызды бір қауызға-ау!
Қонысыңды қоршалап,
Боздағыңды боршалап,
Жылында бір түгендеп,
Қол-аяқты кісендеп,
Жалғыз-ақ қап ед бауыздау...
Мақтауменен бауыздап,
Мақтап жүріп мәз қылып,
Малыңды талап алған соң,
Басыңа салды ауызды-ау... —

деді Әлеке ақын.

Жұрт көңілі тұйықталып, тұңғиықталып толқығандай болады.

Асан Қайғы бастаған,
Жолшыбай көмір тастаған,
Жиделі байсын жері бар.
Шаңырағына мың түйе,
Жылына үш қоздайтын,
Қой біткен құт елі бар.
Таулы-нулы көлі бар,
Ұзын өзен кені бар.
Байтақ өріс кеңі бар,
Жалғыз түп қана шіне.
Айғыр үйір жылқы ығар,
Сондай шүйгін шөбі бар,
Көшудің соған жөні бар, —

деп елді алыстағы бір бейбіт жаққа көшуге үндейді.

Жиын осындайлармен отырып, айтылған бозқасқаның еті желінді. Бозқасқаның батасы:

— Ұлық, болыстың айтуымен солдатқа бармаймыз. Өлсек, соғысып өлеміз, — деген болды.

— Осыдан бұзылған ел болса, осыдан айныған ер болса бозқасқаның батасына салмақ болды.

Осы батаның артынан жігіттер ту көтеріп, ду жүріп таудың кезеңіне қарай жөңкілді.

ҰШҚЫННАН ӨРТ

Ырғайты елінен сөз шығып «бозқасқаға» бата қылынды дегенді есіткен соң Арқадағы болыстардың әрқайсысы-ақ дуан-дуанға рапорт беріп үлгірген еді.

— Ырғайты бойындағы ел бүлінді, жігіт бермеуге жиналып, бозқасқа сойып бата қылысты. Бұл елдің жалғыз Баян маңына ғана емес, мына жағы Қарқаралы, Ақмола, Ертіс бойына да жайылып барады. Ертіс бойынан да, Екібастан да осы елге келіп жатқан қашқын жігіттер бар. Бұлар шет елмен де байланысты дейді, — деген хабарды ел ішінде жансыздан жүретін тыңшылардың ақпарына сүйеніп болыс Асылбек дуанға беріп кеп қалды. Өзі әр жерге жансыздар

салып, елдің аңғарын байқатып, күндіз-түні тынбай, тыныш-сыздана бастады.

Бұл хабарды алған соң дуанға да құт кірді. Ұлықтар жоғарғы жағына рапорт жазып, төменгі жағындағы болыстарды түнделетіп жинады. Ұлық елдің аңғарын байқау үшін алдымен ел ішінен жақсы ат жинаудың шарасын жүргізуге ойланды. Дуанға келген болыстарға Сарқасқа ояз мынандай жарлық айтты:

— Казак-орыстың солдатына міну үшін қазына алатын болыс басына мың екі жүзден жақсы ат керек. Ол атты шыққан комиссия көріп, өлшеп алады. Алынған аттар сүйегіне қарай баға кесіледі. Міне, он күннің ішінде осы айтылған әмірді орындайсындар! — деп болыстарға тапсырды. Мойнына знагін салған болыстар, бұл ат дегенге мойын сапы болып, «мақұл» десті. Сонымен бірге осы күннің ішінде ел жігіттерінің списогі тапсырылуын да Сарқасқа ояз болыстарға әмір қылды.

Дуаннан келген әмірді алып қайтқан Ырғайты елінің болысы Асылбек ауылға келісімен ауылнайларын жиып алды да, елден жиналатын атты бөліп беріп:

— Үш күн ішінде бітіресіңдер! — деді. Ауылнайлар шу ете түсті:

— Ойбай, болысеке, бүлініп жатқан ел ат береді дейсіз бе?

— Енді неғыл дейсіңдер?

— Бізге әскер берілсе екен. Ең болмаса қасымызға төрттібесті солдат ерсе, елден атты сонда тезірек алар едік.

— Олай болса мен бұл өтінішті ұлыққа жасап көрейін, сендер жүре беріңдер, — деді Асылбек болыс.

Төменгі төрт болыс елден ат жинап алынатын списокті бітіру үшін болыстардың өтінішімен он сегіз казак-орыс ертекен Баян қаласындағы участковой пристав Асылбек болыстың ауылына келді.

«Баяннан әскер шықты», — деген хабар ел ішіне пристав қаладан аттанбастан бұрын тарап кеткен еді. Ел бұл хабардың анығын білген соң бір-біріне хабар етісіп, жақсы аттарын көрден көрге шүйгітіп қашыруға қам қыла бастаған.

Асылбек болыстың ауылына келіп түскен пристав келісімен-ақ бозқасқа сойып бата қылған ауылға екі солдат пен дуаннан келген бір жасауылды аттандырды. Асылбек пен ауылнайдың тапсыруы бойынша бұлар ауылдан түнде

аттанып, таң ата мезгеген ауылына жету керек. Ел жылқысын қашырып кетпестен бұрын үстінен түсіп, ат ұстау керек. Осы есеппен ат алуға аттанғандар Оразбек ауылнайды басшылыққа алып, түнгі етті жеген соң қымыз ішіп атқа қонды.

Аяпберген ауылы ұйқыда жатқанда таңмен араласа ат алушылар сау ете түсті. Мойындарына мылтық салып, қылыш асынған қарулы адамдарды көрген соң елдің үрейі ұшып кетті. Аттысы атты, жаяуы жаяу жылқыға жүгіріп жылқыны қуа қашты. Оразбек ауылнай, Кенебай жасауылдар қырдағы қуа қашқан жылқыны көрген соң қоқырақтап, жылқы артынан шапты. Елге топалаң, жылқыға жау тигендей, Ырғайты бойы ұлан-азар шаң болып шынайы үркінге түсті. Қосақталған құлындар ағытылып-ағытылып жіберілді. Жайдақ, жалаң аяқ адамдар асығып-үсігіп, жылқыны қуып барады. Бір-бір шолағын кісеннен жазып, тұсаудан міне қашқан кедейлер де көп жылқының дабырына қарай бет-бетімен безіп жөнелді.

Міне, мынау, Бөргөздінің бауырындағы көп жылқыны сойылдап қуып келе жатқан елде ес жоқ. Жарақты, жақсы аттарын мініп алысқан. Осы шұрқырап келе жатқан көп жылқының шаңында мойнына мылтық салған екі казак-орыс пен Кенебай жасауыл да шабуылдап жетті-ау. Олар үріккен қойды қуған аш қасқырдай алқынып, аяқтары салақтап шауып келеді. Әне, олар шауып жылқының алдына маңшықты, қайырды жылқыны, жылқы бетін бұрып алды. Маңдайына жез қадаған қара сеңсең папақты басына киген Кенебай жасауыл жылқы қуған қазақтардың жетпіс жеті атабабасының аузынан құлдыратып боқтап жүр.

Бұлар жылқыны бұрып-ақ алды. Бұрылған жылқыны Асылбек болыстың ауылына беттете кейін қуды. Қуылған жылқымен бірге қара шегірткедей қаптаған адамдар айдаған жылқыдан айырылып қалды да, аңырайысып тұрып қалысты. Екі солдат, бір жасауыл, Оразбек ауылнай — төртеуі осы өңірдегі елдің бар жылқысын топырлатып қуды да жөнелді. Бірақ ел тегіс атқа мініп қалған еді. Осы уақытта айқайлап көлденеңнен Мардан, Омар балуандар қосылды. Айнабек, Әлжан, Шалғымбай сияқтылар да жетті.

— Уа, елмісің, жаумысың? Жылқыны жау әкетіп бара жатқанда не жан шыдап тұр? — деп Айнабек аттан салды.

— Бұдан аяған жанды ит жесін! — деп балуан Омар да Бекежан деген байдан ұстап мінген күрең атқа қамшыны басып берді. Сол-сол-ақ екен, құмырсқадай қаптап, қойдай ұйлығып тұрған қалың кісі жау әкетіп бара жатқан жылқы артынан дүркірей шапты.

Жылқыға ең алдымен жеткен балуан Омар. Ол жүрегі айнымастан күрең атпен ызғытып, жау алдына шықты да жылқыны қайта бұрып алды. Елдің жапырлай шапқанын көрген казак- орыстың екеуі де атынан түсе-түсе қалды да аттарының еріне сүйеп, мылтықты шауып келе жатқан қалың кісіге қайта кезей қалысты. Кенебай жасауыл не қыларын білмей сеңсең папағы қоқырайып, алды-артына алақтап, ат үстінде тұрып қалды. Ауылнай атты борбайға бір салып жіберіп қаша жөнелді.

Казак-орыстар мылтықты атқанша қалың кісі қоршап алды, бастығы Мардан болып, қашқан ауылнайдың артынан бірсыпыра кісі қуып кетті. Күрең аттың орта беліне мініп, қодырайып тұрған Кенебай жасауылға Омар шауып келіп баулы қайың құрықпен бір салып өтті. Екі казак-орыстың үстіне де қалың сойыл жауып кетті. Апыр да топыр. Тигені казак-орысты, жасауылды ұрды, тимегені жерді ұрды. Сойыл, бақан, қамшы, құрық дегендер бұлардың үстіне сабауша ойнақтады. Қас пен көздің арасында үшеуін де қып-қызыл шиедей қылып, серейтті де салды. Басы-көзін қан жауып, топырлаған ат аяғының астында ыңыранып жатқан Кенебай жасауылды, ел артынан шауып жеткен Шалқабай деген аусар қара бақанмен қайқайтып бір періп өтті. Кенебай жасауылдың кірпігі ғана қимылдайды.

Көп ұзатпай осы қызыл майданның үстіне Оразбек ауылнайдың да бет бейнесін шиедей қылып, мойнына шылбыр салып Мардандар жетектеп келді.

Жылқы қуған қарауыл жаудың төртеуі де сілейіп сойылға жығылған соң қалың кісі бұлардың ат-сайманына таласқа түсті. Мылтықтың бірін балуан Омар өз мойнына асынып алды. Кенебайдың қылышы Мардан қолында кетті. Белдік, етік, шинель, ер-тұрман, аттардың барлығы да үлеске түсіп, тиген-тигенімен кетісті. Талаудан қолына нәрсе түскендер өзгеден жасырып, жалма-жан тығынып алысты. Тіпті алды-артына қарамай үйлеріне кетіп қалысты.

— Бізге бір мылтықтың жөні бар еді, — деп Аққошқар жағы Мардандарға өкпе салып тұр. Казак-орыстар мен жасауылды жалғыз-ақ қанға малынған жейде-дамбалымен ғана қалдырып, оларды атқа өңгеріп, бір ауылға әкеп тастап кетті. Жаралыларды бағуды сол ауылға міндетті қылып дүрілдеген қара құрық кісі жер қайысып баталы төбеге тартты.

МЫҢ ҚАРҒАҒА БІР КЕСЕК

Жігіттер ду-ду етеді. Танаулары желбіреп, өкпелері кеуіп, казак-орысқа сойыл салғандар батырсынып, олай бір, бұлай бір қойқандайды. Аттарын жани тебініп, қамшыларын білейді. Бұл маңға келген жаудан тіл жібермеске, жиналып жіберіп, бір-ақ түнде тұс-тұсындағы Баян, Кереку, Қарқаралы қалаларын шауып жіберетіндіктің насыбайдай қиындығының жоқтығын көпіртіп, гу-гу етеді. Жұрт жұмыла жүрек тоқтатса, мылтық, зеңбіректің түк еместігін, бар жылқыны жасақтың алдына шығарып, оққа қарсы ұлан-азар шаң қылып, қуып барып, оқ атқызбай, сойылмен қолма-қол араласып, жаудың түтін-түтініне қосудың оп-оңай екенін — құлынды биеге құр айылды шаптай тартып мінген бидық Тілеубай да көмейінен қырқылдап, лапылдады.

Ел жабдықтанып Асылбек ауылындағы орысқа тиюге гу-гу етеді. Ойға-қырға шаптырып жатыр. Көтерілгендердің шеке тамырлары адырайып, танаулары тасыраюлы. Біреу шалғысын, біреу қайың сойылын, біреу қара бақанын алып, жұрт тегіс жиналған, жан-жағынан төбеге келіп жатыр. Алқа-салқа болып, ағашы қажып, тозығы жеткен қырлы қыран сияқты білтелі қара мылтықты кейбіреулер арбитып мойнына салып алысқан. Мылтығының қажып, босап кеткен ескі жәутік сүріміне мыс епелек салып, мың қайтара шегелеген. Мұндай мылтығы барлар өзге қазақтардан қару жағынан жоғары секілді. Кейбіреу ұзын ағашқа кетпен сап-тап алыпты. Қарудың бір қорқынышы — шалғы мен тесе. Біреу ырғай шоқпарын тақымына қысып тұр. Бәрі ісік, бәрі елірулі. Мұрындарын көкке көтеріп, түстерін суытып, ханға сәлем беретін емес...

Осы топырдың ортасына ұзын буырыл аттың орта беліне мініп Зүлжалал қажы да келіп қалды. Көпшілік қажыны ортаға алып: жылқы қуған жасауылды ұрып жыққанды-

ғын, енді өзге елдерге хабар жіберіп тұрғандығын, Асылбек болыстың ауылындағы келіп жатқан солдаттарға шабатындығын айта келіп, Зүлжалал қажыдан «шариғатқа» қалай екендігін сұрасты. Осы маңайдағы қойы көп, өлмелі шалдың төртеуін төрт рет Мекеге сүйреп апарып қайтқан ысқаяқ, жол көрген қара шұбар қажы пайғамбар сақалын сипап тұрып, күпініп тұрған көпшілікке уағыз сөйледі.

Оның жалғасын қисық ауыз, быдық Тілеубай сөйледі.

— Не болар дейсіндер, жұрт жұмылса, ынтымақ қылса, бірлігін сақтаса, осы кезде патшаның күші кетіп тұрған кезі. Барлық бауыры, сүйенген еркегі майданға кетіп, қала-қалада қатын-бала, кәрі-құртаңнан басқа әскері жоқ, қазақ әу деп тұс-тұсынан қала-қалаға қолды қойып жіберсек, аламыз да қоямыз...

— Уа, несі бар, өлсек шәйт, өлтірсек қаза екенбіз... Осы жердің өзінде-ақ өлеміз.

— Қан төгіспей, кетпейміз...

— Малды да, басты да құрбан қылдық, — деп жігіттер шу ете түсті. Осы дабырмен дуылдасып, жұрт жапсар елдің жиналып тұрған халқына қосылуға қаулап жүріп берді.

Қайқы қара бақанға желбіретіп байлаған қодас құйрық ту Жалғанбастың қолында. Ол алдыменен жүріп келеді. Жиылған қол жарыса-жарыса Сарыойдағы жиналып жатқан және бір топ елдің кісісіне ұрандап шауып келіп қосылды. Адам қарамы мыңға тартты. Тап-табынан адамдар шығып сөйлесті де көп ортасына келіп Аяпберген қария, күжілдеген кәрі дауыспен мынаны жариялады:

— Ал азаматтар! Алла салса пендесі көнеді деген. Бастарыңа түскен, бағыңа жазылған кері заман кез болып тұр. Үйде өлемісің, түзде өлемісің өзір ерік өздерінде. Көбің көккаска айтып батаға кірдіндер.

Ал боздақтарым! Бозбалаларым! Былғанар қол былғанды. Екі солдат, бір жасауылды ұрып жығып отырсыңдар. Ертең осы елге әскер шығады. Торғайдай тоздырады, қырады, жояды... Аянғанмен жан қалмайды. Жау аяған жаралы қалады. Ендігі ақыл — Асылбек ауылындағы қалған казак-орысты қалаға жібермей қолға алудың оңы бар... А құдай! Жұрт жолын қыла көр! — деп арбиған үлкен құла аттың үстінде таяғын өңгеріп тұрған қисық ауыз, кәрі Аяпберген кеңкілдеп жылап еді, үлкен-кіші көзіне тегіс жас алды.

— Уа, енді не тұрыс бар!

— Жүріндер болыстың ауылына!

— Болысын да, орысын да көрелік! — деп жиналған жұрт Асылбек болыстың ауылына қарай қау жүріп берді. Көптің қаулысы бойынша жан-жақтан қуып келген көп жылқыны алдына салып, айқайлап қуып берді. Тегінде, оққа қарсы жылқы қуса жақсы болады деп естуші еді.

* * *

Асылбек ауылы Шортандының құдығында, ауыл айналасы жазық. Асылбек ауылына шапқан халықтың аты Үкіліден шығып, Ағайдардың қырқасын басып жер қайысып, асулап жүріп келеді. Қол қозғалып, Еңреуден өтіп, Бестеректің құры арнасына түсті. Күн екінді еді. Асылбектің ауылына әлі де сегіз шақырым жер бар. Бұл өзектен шыға келсе Асылбек ауылына самаладай болып көрініп тұратын екі орта кең жазық алқап.

Ел жыраға жиналып, атты қалмақша байлап тастап, өзекте тосып отыр. Көп жылқыны иіріп тұр. Асылбек ауылына күнді батырып жіберіп соқтықпақ. Казак-орыстар қашып кетеді деген ойменен Асылбек ауылының сыртына жансыздатып, шолғыншы жіберіп жатыр. Күн батуға құдиған сайын бозбалалар әулігіп, алқымы кеуіп, ретсізденіп барады.

— Жүріндер, не тұрыс бар? — деседі. Әсіресе түнде жортып, жылқы жетектейтін аяғының желі бар жігіттер ұрлыққа салып жүрген аттарын қойқақтатып, олай-бұлай жүріп, көлбеңдейді. Өздерінше осы қолдың сайыпқыраны солар сықылды. Ат үстінің аударысында тақымы аттан ауып көрмеген, тақымынан тартыста еш жанға көкбөрі лақ бермеген тартқыштар танауларын кептіріп, мықты жігіт өзімсініп, мығымсиды. Атыстың алысына түсіп, жауырыны жерге тимеген мелжемді жігіттер бүгін талай солдаттың, болыстың төбе құйқасын шайнайтын секілді. Бәрі ісік, бәрі пері, гу-гу.

Күн ұясына іліне бергенде жиылған жұрт жылқыны алдына салып, ду атқа мінді. Қол құмырсқадай құжынап ойдан жазыққа шыға келді. Бұларда рет болған жоқ. Не бұларды бастаушы, не қалай қылып тиетіндікті айтушы болмады. Кім қандай қайрат қылады, қалай соқтығады, алда-

жалда атысқанда қайтеді, жеңгенде не қылады, жеңілсе қайтеді, қолға түскен казак-орысты өлтіре ме, жоқ ұстап алып, ауылға қайта ма, болыс ауылын не қылады, Асылбекті қайтеді? — Мұның бірі де ақылдасылған жоқ, айтылған жоқ. Әйтеуір, Асылбек ауылына шаппақ... қару-жарағын алмақ. Жатқан орыстан қалаға тіл жібермек емес...

Осы бетпен әулігіп, атқа мініп қалған жұрт ойнақтап жазыққа шыға келгенде «ал!» деп бет-бетімен ата-бабасының атын атап, ұрандап, жер қайысқан жылқыны қуып, сегіз шақырым жерден Асылбек ауылына атты қойып берді.

Жер күніренген айқай, ұран, шаң-шұң... ай, құдай-ай, аруақтап, улап-шулап, халық шауып келеді.

Ойдағы болыс ауылының төбесі көрінгенде, алдарынан ажал көрінгендей шауып келе жатқан елдің көбі аттарын тежей шауып, кібіртіктейін деді. Сірә, қорқайын десе керек. Тек бағанағы балуан Омар күрең атпен ағызып, көптің алдында іркілмей ауылға шауып келеді.

Бұларды көрген ауыл ду ете түсті. Кешкі салқында үй іргесін түріп қойып, бейқам жатқан приставтар, қаптап келе жатқан қалың шаң, қара құрық кісі, у-шуды көрген соң жалма-жан қару-сайманын ала, ауылдың сыртында байлаулы аттардың арасына кіре берді. Мылтықтың аузын шабуылға қарсы төсеп қалысты.

Шапқан қазақтар ауылға таянды. Жылқы жосылып келді. Пристав атуға команда берді. 18 мылтық бір рет залп бергенде, кешкі әуенің көгін құлатқан үнмен күрс етті. Жылқы жалт берді, және оқ атылды, едіреңдеп шауып келе жатқандардан үш-төрт қазақ жалп-жалп түсті. Мұны көрген қазақтар бет-бетімен тырым-тырақай қайта қашты. Оны тоқтатарлық бастық жоқ. Әркімнің өз жаны тәтті. Күн ұзын күрілдеп жүретін көп батыр әп-сәттің ішінде быт-шыт болды. Тек аллалап қашып барады. Қазаққа «атысу», «өлім» деген оңай көрінбеді. Болыс ауылындағы солдаттарды аламыз деп алғаш шапқанда бүйтіп «атады» деген үш ұйқтаса ойларында жоқ еді. Анау жылқыға тиген екі солдаттай ұрып-жығып ұялап алып қоймақшы еді. Мыналар олай болмады — «Атады екен!», «Аямайды екен!» Оқ тиген қазақтар, жылқылар құлап-құлап қалған соң өзгесі шошып кетіп, тек аллалап, алды-артына қаша беруді ғана білді.

Қашпаған жалғыз Омар. Ол сол бетімен шапқан күйінде болыстың ауылын үш айналды. Өзге елге «ауылға шап!» — деп құлақшынын былғап, атой берді. Бірақ оның тілін алған адам болған жоқ, көп қазақ ойысып қайта қашқан соң Омар аңырайып, ауылдың желкесінде тұрып қалды.

Қашқан елге орыстар да оқ шығармады. «Оқ жетер жерден ұзадық-ау» деген соң қашқан қазақтар бірін-бірі шақырысып, азар тоқтасты. Көбі үйді-үйіне қашып кеткен еді.

* * *

Асылбек болыстың ауылында үрей қалған жоқ. Шаң шығып, шулап шапқан халықты көргенде ауылдың барлық адамы шошып, приставтар жатқан үйге тығылған. «Қырып кетер ме екен?» — деп зәре жоқ, қатын-қыздары қалш-қалш етеді.

Шапқан елдің беті қайтып, алысқа барып ұйлығып тұрғанын көрген соң, ауылынан үш-төрт кісімен Асылбек болыс атқа мініп шығып, көпке жылап келді:

— Ел-ай... мен сендерге не қылдым? Ауылыма ат ойнатып, үрейімізді ұшырдыңдар ғой... Қатындарымыз бала тастап, қазанымыз шағылып, шашылып қалдық. Не қылсаңдар да орысқа біздің ауылдан аулақ апарып қылсандаршы, орысты мен шақырып келгенім жоқ еді... — деп жыламсырағандай болып, монтаң қақты.

Атты борбайға бір салып жіберіп, тұс-тұсынан әркімдер болысты боқтап, керіп әкетті. Мардан көп алдына шығып болысқа зірқілдеді:

— Уа, ауылыңа орысты сақтап, жан-жаққа шабуылдатып осы елдің тұқымын құртқанда қай жаққа барып жан сақтайсың? Таза азамат, адал кісі болсаң приставты өз қолымызға бер. Өзің біз жаққа шық, сонда саған сенеміз. Әйтпесе мәймөңкелеген көлгір сезімнің насыбайлық нанымы жоқ... Түтініңді түтініңе қосамыз. Шаңырағың шағылады... — деп болысқа қамшыны білеп-білеп қойды.

Бозбалалар Асылбек болысты боқтап, қамшы салуға да айналды, оларға ақсақалдар ақырысып ұрысқан соң, жігіттерден ешкім киіп-жарып болысты ұра алмады. «Ауылға шаппадың», — деп елге өкпелеген Омар бұл сөзге қосылған жоқ. Ел арасында жүрген «арты қалай болады», — деген кейбіреулер басалқы айт-қансын, қой-қойлап, болыс-

ты қорғайды. Елдің түрін көрген Асылбек құрдай жорғалап, халыққа жалпақтап, жалынып тұр.

Осылай недәуір керіс болды. Араға ақсақалдар кіріп кетті. Анау-мынау десті, аяғы Асылбек болыс орыс пен екі ортаға бітімге жүріп елшілік істеді. Бұл жақтың сөзін приставқа апарды, елдің сөзі:

— Ат бере алмаймыз. Ат та, жігіт те бере алмаймыз. Бұрынғыдай қолы біліп, қорамызға қол салуды қойсын. Жай-жайына аттансын. Болмаса, біздікі сойыл, олардікі мылтық қой, соғысқа шықсын. Біріміз қалғанша қан төкпей тиын бере алмаймыз, — деген еді.

Осыны болыс приставқа айтып келді. Пристав амалға кірісіп, бұлталаққа салды. Асылбек приставтың жауабын қайта алып, көпке келді:

— Пристав айтады, аттың керегі жоқ, аттанамыз. Жігіт береді, бермейді — ол қазақтың өз еркі. Тегінде, патша ағзам ел бүліндіріп кісі алмайды. Қол астындағы халықтың тыныштығын жақсы көреді. Біз жоғарғы ұлықтың бұйрығымен ғана келгенбіз. Бұл елмен келіссек —аты жоқ, кедей ел екен деп қайта береміз. Жалғыз-ақ, біздің қолға түскен кісімізді ер-тұрманымен түгел қолымызға берсін, — дегенді айтты.

Ел әрі сөйлесіп, бері сөйлесіп, «орыстікі жөн сөз ғой» деп жығыла кетісті. Шындасып сөйлесуге ортасынан кісілерін шығарды. Шыққан кісі Бекжан мен Зүлжалал қажы, тағы басқалар еді. Шатақ басылып, ақсақалдар бітім сөйлесуге айналған соң жиналған жігіттер қолдарын сілтесіп, дуылдасып үйді-үйіне қайтты. Казак-орысты да, болысты да ұрғызбағанға Бекжан ақсақал мен Зүлжалал қажыны боктай-боқтай Омар мен Мардандар да жатқан ауылдарына жөнелді.

Бекжандар Асылбек ауылындағы приставпен түні бойы сөйлесіп, бір дастарқаннан дәм татысты. Қолға түскен екі солдат, бір жасауылды сол күнде қайтарып беретін болысты. Бірақ бұлардың кейбір жабдығы, жүгені, шинелі сияқты бұйымдары кім алғаны білінбей, елге қала берді.

Сойылға жығылған солдат пен жасауылды өбектетіп атқа мінгізіп алып, таң құлан иектен пристав Асылбек, Бекжандармен қоштасып Баянға қарай тартты.

Ертеңіне Асылбек болыстың ауылына түстеніп, жігіттердің списогі жайында жасырын сөзге келісіп, ақсақалдар да үйді-үйіне қайтты. Бұлар елге келген соң:

— Болыстың списогін жыртып тастадық, — деп хабар таратты.

ҰСТАМА

Бұдан кейінгі төрт-бес күн тыныштықпен өтті. Бірақ Асылбек тыныш жатқан жоқ. Баянның бекетіне писарі Мекапар менен баласы Кемелбекті шаптырып, Ырғайты еліне шығуға әскер сұрады. Одан кейін алпыс солдат ерткен приставтың өзі шығып, Асылбек болыс ауылына келіп түсті. Солдаттар Асылбек ауылында аялдамастан екіндіде атқа мінді. Ел және шошып кетті. Есіткен ел түнде үркуге тезірек қам қылысты. Біреуге-біреу қарамай ауылдағы бар еркек қылқұйрықты жылқы қалдырмай алдына салып, айдап елсізге қарай безіп кетісті.

Асылбек болыстың баласы мен Оразбек ауылнай бастап аттанған алпыс солдат түн ішінде-ақ көтерілген елдің шетінен тие берді. Салғаннан Аяпберген ауылына соқтығып, мылтық атып, он шақты еркекті ұстап алысты. Олардың қолдарын артына байлап, жалаңаштап қамшының астына алды, ауылдан-ауылға айдап жүрді. Әсіресе Кенебай жасауыл мен сойылға жығылған әнеугі казак-орыстың бірі кегін ала қимылдады. Қолға түсіп, қорыққан қазақ: «құтқарылады екенмін» деген оймен жазықтыны да, жазықсызды да нұсқап бірін-бірі көрсете берді. Казак-орысты ұрған жердегі сойыл салғандардың, мылтық, қылыш, киім-кешек алғандардың бәрінің де ауылы араланды. Бәрін де орнынан ұстап алысты. Қазақ бірін-бірі табады. Кейбірін жүктің артынан, кейбірін кебеженің ішінен, кейбірін үстіне қазанқап жамылып жатқан жерошақтың ішінен, кейбірін шөмеленің астынан, құдықтың ішінен тауып алысты. Мұның бәрі де солдаттарды ұрып, атқа таласып, жазықты болмағанмен әйтеуір жасырынып жатқан соң айыпты саналып жатыр. Аяусыз ұрылып-соғылды. Ал жазықтының жазасы тіпті ауыр, мылтықтың дүмдерімен Омарларды дүрсілдетіп, өңменін үзе талдырып тастады. Шөмеленің астынан табылған Шөрегейдің Ербосыны деген жазықсыз сақауларды солдаттар киіздей баурап тепкілеп, тіл-ауызын қойдырды.

Аяпберген қариялардың басын жарып, сақалынан қан тамшылатып, «мә саған көккасқа!» — деп жаяу айдады. Елсіз қалған ауылға келіп ойрандаған солдаттар қазанды қағып, қатын-қыздарды масқаралап, қылышымен буулы теңдерді тіліп, ішіндегі жарақты нәрсені таласып алысты. Үйлердің басқұрларын, бау, белдеулерін қылышпен қырқып жіберіп, қиқайтып кетісті. Бой жеткен қыздардың кәмшат бөркіне, келіншектердің кемзалына қадалған асыл тас, күміс моншақтарын сыпырып үзіп, жан қалтаға салысты. Білегіндегі білезіктерін, саусағындағы сақиналарын саудыратып тартып алысты... Қапты тіліп, астықты шашып тастасты. Ауылдағы тесе, шот, пышақ, үскі, кетпен, найза темірге шейін жиып әкетісті.

Осы жолы Ырғайты бойынан ұсталған кісі 150 адам болды. Бұларды жаяу Баян қаласына айдап кетісті. Солдат шығып, адамдар ұсталып, Ырғайты елі жау шапқандай болып қалды.

Бұл уақиға біраздан бергі көтеріңкі елдің жағасын түсірді. Болыстың көмегін көріп, көзіне көк ала шыбын үймелетіп, жүз елу кісісінен айрылып, Ырғайты елі ұлардай шулады. Айдалған жүз елу кісінің ішінде көккасқаға бата қылатын Аяпберген қария, «Қалипа жұртына қарсы шығуға болмайды, не қылса да осы жерде өлу керек, өлсең шәйтсің, өлтірсең қазысың» — деп елге уағыз айтып азан шақыратын Зүлжалал қажы, Асылбектің ауылына шапқанда көптен мойыны озып, ауылды жалғыз өзі үш айналып шыққан балуан Омар да бар. Қолға түскен казак-орысты мұсылман қылып, дінге кіргеніне таңба салу үшін сүндеттемек болып, ұстара қайраған Иманбай деген молдасымақ та аузы-басы қан болып айдалып барады. Көзді ашып-жұмып, «Ләйлаһаға тілінді келтір!» — деп «Келиматын тайыбатын» айтып қолға түскен казак-орысқа ақыратын Иманбай кеңк-кеңк жылайды. Иманбайды ұрылған солдат танып ұстатыпты. Иманбай казак-орыстарға иман үйретіп, «ләйлаһа илала олла, мұхамәдіррасулала», — деп айт десе казак-орыстар тілі келмей, қиналады білем. Тілі келмесе Иманбай молда қолындағы таяқпен көзге талай түрткен еді. Енді сол сазайын тартып барады.

Казак-орыс пен жасауыл жылқыны айырып, Асылбек ауылына түгел айдағанда айқайлап, елді қоздырып жіберетін

ержүрек Мардан, Шалқымбай, Айнабек те басы-көзі шиедей қан болып кетіп барады.

Бұлардың бәрін Баян қаласына апарып қамады.

* * *

Осыдан кейін күрілдеп көтеріліскен Ырғайты елінің еңсесі түсіп кетті. Жалындаған жаны жаншылып, лапылдаған оты өшкендей болды, жалғыз бұл елдің ғана жігіті емес, әр жерде осындай шаң беріп, селтең еткендерді шыққан әскер у тигендей талқандап, быт-шытын шығарды. Алатын атқа таласып, ауылнайды сабаған Қарақоңыз ауылынан да он бір кісі ұсталды. Осындай қырғын сабақ болып, казак-орыс қала-қалаға жабдық үлестіріп, әскер қойылып күтіне бастады. Қолына қару алған казак-орыстар төңірегіндегі елге қожайын қоқақты істеді. Ел ішіне беттбетімен қасқырша шапты. Малда ерік, баста билік қалмады. Бұғып жүрген болыстардың, ауылнайлардың аруағы көтеріліп, елге бата қимылдап, ақыра бастады. Ат бермеймін деуге енді жұрттың дәті бармады. Ырғайты елінің атын Баян қаласына жинатып алысты. Ат алғанның ішінде Кәрім тілмаш, Кенебай жасауыл, Жұмағазы деген мал докторлары болып, елді бидайықтай қуырды. Қынадай қырып, пара алды. Жұртты тастаяқтай қағыстырды. Әсіресе ат бермеймін деп шатақ шығарған ерлердің бар жақсы атын жаздырып, сыпырып әкетті. Көтерілген елге ат түтінге түсті. Елде енді тырп етер жақсы ат қалмай жаяу қалысты.

ҚАЛАҒА ҚАШУ

Сатан ауылында ай жарым жатты. Жатқан құрлы зықысы шықты. Ауылдың аһылауы, үһілеуі, өсегі, үрейленуі — оны безгек ауруындай жүдетті. Елде ойын да, күлкі де жоқ. Жанның бәрі қайғылы, қамырықты, ұлы апатқа, жойқын жұтқа ұшырағандай, қай ауылға барса да жігіт көңілі селт етпеді.

— Е, жігіттер, елге келген сел екен ғой, — деп шалдар күрсінді.

— Қарағым, енді ешқайда қаңғымай үйде отыр, — деп шешесі Сатанды көзінен екі елі таса қылғысы келмейді. Елдің жаздан бері пішені де шабылған жоқ, қыстауы да қаралған

жоқ. Сең соққан балықтай мәңгірген ел үйлеп, ішіп-жеуден басқа шаруа қылмайды. Елде мал сою, қонақ қылысу, алыс-берісін берісу, қарыз-құрызын төлесу, өлгенге бата оқу, тіріге көңіл айтысу, араз ағайынды бір-бірімен табыстыру сияқты қыңыр кеңеспен күні өтеді. Бұрынғы бытырап бет-бетімен малды өрістетіп көшетін ауылдар, енді қолдың қарындай икемделіп, қоғамдала қонысқан. Белдеуден бір-бір ат кетпейді. Малға қараған жігіт жоқ. Бәрі де ат үстінде. Топ-топ болып, әңгіме тыңдап, ауыл-ауылды қыдырып, тамақ ішумен жүр.

Осы сүлесапаның ішінде ай жарым жалықпай Сатан да жүрді. Ол өзге жігіттердің салбыраған қабағын көтеріп, жүрген жерін базар қылады. Қасқа ат қашса құтылады, қуса жетеді. Төңірегіндегі ауқатты ауылдың мырзалары да Сатанды кезек-кезек қонаққа шақырып, қасқа атты қолқалап көрді, тамыр болып, құшақтаспақ та болды. Сатанға қарындасын бермек болғаны да шықты. Бірақ Сатан ешқайсысына етегінен ұстатқан жоқ. Қасқа атты қатырып мініп, құйрығын үкілеп, тамағын тұмарлап, жайтақтатып, көп ішінде өз еңсесін бір көтеріп жүрді. Елдің басына туған күннің топаланы қасқа аттардың ұзын сұрауын салдырған жоқ. Ұрлық қасқа Сатанның именбей мініп жүретін төл атына айналды.

Ел де қоқалақтағанмен өздері отырған құдық-құдық қонысынан ешқайда ұзап, үркіп кете алған жоқ. Бұл уақытта жанжақта желіккен елдің жігіттері де соқтасы суып, соғыстан қол сілтей бастаған. Ырғайты жақтағы көтерілген елдің ортасына әскер шығып, бейберекет етті. Олардың адамдарын ұстап, аттарын жинап алып кеткен хабары да келіп жетті. Бұл хабар жүдеубас елді онан әрман күрсіндірді. Сатан елінің болыс, ауылнайы да Қаркаралы дуанына апарып, ел жігітінің списогін тапсырды. «Списоктегі жігіттерді дуанда қабылдап, облысқа бекіттіруге жіберіпті... бекіп келген соң жігіттер жүргізіледі екен», — дегенді де Сатандар әбден есітті. Жаздай дүңкілдеген суық хабардың аяғы аздан бері жерге тиіп, жігіттің жайы анықталған соң Сатанның ойына елден сырғып, Сібір жаққа кету ниеті кірді. Осы ойын айтқанда шешесі мен ағасы Тәжи де «бұл ойың жөн» дескендей мақұлдасты.

— Бәрібір жазып қойды. Үйде отырғызбайды. Қалаға барып қазынаның қызметіне ілінсең, солдатқа кетпей қалмас па екенсің... Барсаң бар, шырағым, — десті.

Сатан осы ойын ептеп дос-жарына шығарғанда, сол төңіректен Сатанға еретін төрт-бес жігіт те шығып қалды. Осы жігіттер жолға шығатын күні Сатан ағасы Тәжи бір лағын сойып, басын Сандыбайға беріп, ол кісінің батасын алды.

— Бар, бар, шырақтарым, бар, бар, боздақтарым, бір қалса жан қалада қалады, — деді Сандыбай.

Ертеңіне жігіттер өз ауылынан басқа ешкімге сездірмей, Қаркаралының қаласына соқпай, Омбыға беттеп, ұзын жолға түсті. Сатан қасқа атты Тәжиге қалдырып, өңшең жаяу жігіттер қос-қолаңын арқалап, бір-бір таяқпен етекті қамшылап, жолсыз жермен жөн тартып келе жатты.

«ЕРІМ, БІЗ ҰСТАЛДЫҚ»

Жаяулап жүріп Аягөз бен Қаркаралының арасындағы көлденең керуен жолға жеткенде дөң астынан ән шырқаған дауыс естілді. Жігіттер еленděп, жол үстінде тұра қалысты. Мойындарына салған мылтықтары сорайып, екі атты казак-орыс дөңге шыға келді. Оның артынан жеккен пар аттағы арбада көшірден бөлек екі адам көрінді. Арба артынан салт атты және екі казак-орыс шықты. Сатандар үдірейісіп қарап қалысты.

Арбадағы екі кісі қатар отырып «Қарға-ау» деген әнге шырқатып өлең айтып келеді.

Сұрасаң біздің жөнді тобықты де,
Қапыда қыран тасқа соғыпты де.
Самалық, Тәукеменен екі қыран
Шықпайтын терең торға жолықты де.
Ей, қарғам-ау...

— Жігіттер, мынау Тәуке екен, — деді Сатан. Жігіттер елең ете түсті. Тәукелер ән салып келеді:

Айта бар барсаң сәлем біздің елге,
Біздерді бала жастан білгендерге.
Кембайлы, кісендеулі екеуіне
Жолықтық дегейсіңдер жол үстінде...
Ей, қарғам-ау...

Қапалдың сапарымыз дуанына,
Пендені тағдыр айдап, қуады да.

Адырға ажал құған киік болып,
Ногайдың соқтығыппыз жуанына.
Ей, қарғам-ау...

Арбалылар жақындады, казак-орыстар жол үстінде тұрған жаяу қазақтарға «жолдан былай кет» деген ишаратты қылып келтек қамшысын сілтеді. Жігіттер кейін шегіністі. Арба тұсына келгенде Сатан Тәукеге жауап қатып:

— Е, Тәуке ағамысың? Жолыңыз болсын! — деп арбаға қарай ұмтылды. Оларды айдап келе жатқан конвойлар да ұмтылды. Тәуке оларға орысшылап кетті.

— Жіберіңіз, жолықсын. Менің танысым. Үй ішіне сәлем айтам...

— Жарамайды, жақындама, — деп Сатанға конвойдың біреуі айбар шекті. Сатан состиып тұрып қалды. Тәуке орысшалап жатыр.

— Неге қорқасың? Біз бұғаулы адам... Оларда қару жоқ. Өздері жаяу. Тұтқындарды туысқан бауырына амандастырмасын дегенді маған сот кескен жоқ. Сөйлестірмесең барған жерде начальникке арыз қыламын... — деп өжет Тәуке атты тоқтаттырып болмады.

— Мейлі, шорт с ним, сөйлесе берсін, — деп конвойдың үлкені рұқсат қылды. Бірақ өзге жігіттерді жолаттырмай, жалғыз Сатанды ғана арбаға қоя берді. Бірақ арбаны тоқтаттырмады. Сатан арбадағы Тәукеге келіп, көзі жалт-жұлт етіп, аман-саулық сұрады. Тәуке Сатанды тани алмады.

Самалықтың да, Тәукенің де қолы-аяғы кісенде еді. Тырашпеңке арбаның үстінде көрпе-жастығы бар. Азық-түлік аз көрінбейді. Тәукенің өңі тайған жоқ, қызылы қызыл, ағы ақ. Бірақ Самалық бозарып жүдейін депті.

— Жарқыным, танымай қалдым сені, — деді.

— Танымасаңыз, өзіңмен Кемерталда көрісіп едік қой. Сондағы Құсайын төренің көшірі мен болатынмын, — деді Сатан.

— Ия, ия, рас, сен болатынсың... ұмытып қалыппын. Аман-есен жүрсің бе, азаматым, — деп Тәуке күліп қойды да:

— Насыбайыңды ал, — деді.

Сатаннан қайдан келе жатқанын және жолдастарын сұрастырды. Сатан өздерінің қайда бара жатқанын айтты.

Сатанның жолдастары да қара тартып, еріп келе жатыр еді.

— Әттең, қайтейін... сенің сондағы төрең кісі емес екен, сөзінен танып кетті ғой, — деді Тәуке.

— Қалайша, батыр? — деп Сатан сұрады.

— Ширкін, кісі емес екен. Біз оны алғанда қасымдағыларға қатын-қызына тиістірмей, киім-кешегін шаштырмай, адамшылық қылып, алмай жіберіп едім. Кейін біз ұсталғанда пәленің үлкені сол төре болды. Менің алмағанымды «алды» деп, сот алдында даулады ғой зәнталақ. Әттең, кісілігі жоқ ит төренің қанын Кемерталда өз көз алдында төгіп кетпей, қап! — деп тістеніп, қолының байлаулы екенін білмей қанжар қылып етегіне жанып-жанып қойды.

Бұдан кейін біраз үндеспей жүрісті.

— Елің қалай, тыныштық па? — деп Тәуке сұрады.

— Ел бүлініп жатыр. Списікті жазып алып әкетті ғой, батыр, — деді Сатан.

— Қап! — деп Тәуке тағы кейігендей болды.

— Егер біз осы топаланға ұсталмай жүріп ілінгенде бәріне де көрсететін едік, шұрқанды салатын едік... Баяғы атамыздың батыр заманы басымызға қайтып келетін еді, — деп Тәуке көкіп ала жөнелді. Оны Сатан мысқыл еткендей, мырс етіп күліп:

— Әлде болса босанарсыз, батыр, — деді.

— Жоқ, біз босанбаймыз, ерім. Біз мықтап ұсталдық. Аяғөзге кетіп барамыз. Одан Қапалға айдаламыз. Содан Алматыға... құрығы ұзын патша қоймады. Ақыры ұсталдық, ерім. Енді бізден ел жігітіне бұлт жуық шығар...

Бұлар тағы біраз үндеспей жүрді.

Сатан не қыларын білмей ере берді, өзге жолдастары да жолды жанап еріп келеді. Тәуке мен Самалық жігіттерге өз жайын білдіріп, қоштасқан сөздерін өленге қосты.

Жер қазып, ұя қазып, қылдым қоныс,
Артымнан қуа берді казак-орыс.
Құтылып ол орыстан кеткенімде
Бір түнде қамап алды би мен болыс...
Ей, қарғам-ау...

Айта бар барсаң сәлем Марияға,
Тәуекел салдым кеме дарияға.

Үйінде Серікбайдың жатқанымда,
Шығарды Скату ит жарияға...
Ей, қаргам-ау...

Кімді алдым мен алғанда, жуанды алдым,
Сөйттім де, жер бетіне сия алмадым.
Талқандап ұстатпастан кетер едім
Атуға Мұсатайды қия алмадым.
Ей, қаргам-ау...

Шақшаға қу қарағай қақпақ болды,
Мұсатай, Үкеменен таппақ болды.
Пәлесі басындағы арылған соң
Мұсатай, Үкеменен сақ-сақ күлді.
Ей, қаргам-ау...

Басына хан Шыңғыстың тіктім шатыр,
Орнаттым дұшпаныма заман ақыр,
Ақиық аяғында түсті торға,
Не болар балапаны Хафез пақыр,
Ей, қаргам-ау...

Айта бар барсаң сәлем Көжегіме,
Барады әлдекімнің тезегіне.
Көкжалдың жалын бояп мінуші еді,
Қарашы мынау жалған кезегіне.
Ей, қаргам-ау...

Бір сотым Қарқаралы, бірі Семей,
Тергелдім Өскеменде ішпей-жемей.
Кірімді кіндік кесіп жуған жерім,
Зар болдым бір көруге қайтып келмей.
Ей, қаргам-ау...

Сәлем айт алты арғынның баласына,
Бір шығар күн болар ма тау басына.
Қол байлау, жол айдауда... қош, жігіттер!
Не айталық одан артық жау қасында...
Ей қаргам-ау...

Осыны айтып, Тәукелер жүріп кетті. Жігіттер жол үстінде қала берді.

ҚАРА ЕШКІГЕ ЖАН ҚАЙҒЫ, ҚАСАПШЫҒА МАЛ ҚАЙҒЫ

Бұдан кейінгі уақыт Арқадағы дуылдап көтерілген тасқын күннен-күнге басылып, бұрынғы сабасына қайтумен өтті. Жан-жақтағы көтерілген елдің соқтасы суынды. Жиналған жігіттер аяғынан тозып кетті. Көтеріліс жасалған жердегі көзге түскен басшылардың көбі түрмеге жабылды, қала-қаланың абақтысы ондайлармен лық толды.

Көтеріліске қарсы болған, елі құдаланған болыс, би, старшындардың енді шоқтығы көтеріліп, басылған елге асыра қарап, асқындай бастады. Көтерілісті жақтамай жайына қалған ауылдар да «біздікі дұрыс болған екен» дегендей бүлініп қалғандарға қыңыр қарасатын болды.

Ел ішінің списогі қайта жазылды. Список жазылғанда әсіресе Ырғайты елі сияқты бүлінген елдің жігіті түтіннен түгел қатталып, тегіс кететін болды. Бір үйде неше жігіт бол, мейлі жалғыз жігіт бол — бәрі де списокке тізілді.

Елдің ендігі далбасасы-ақ список жазған қаламға жалбарыну. Әркім өз басының уайымына түсіп, «қайтсем қаламның» қайғысына түсті. Кейбіреулер епті болыс, тілмаш, ауылнай, жасауылдарға жалғасып, барын беріп, өз орнына өзге біреуді жібермек... Кейбіреулері айтысып ұлыққа, болысқа жабысып жүр. Ұлық, болыс, песірге шабылған шаруада есеп жоқ. Біреулер түнделетіп, атын жетектеп, ақшасын тығынып, ақ киізін артына бөктеріп, болыс ауылына, қалаға шабуда. Тіпті жан үшін қимас қарындасын, қыз, келінін көлденең ұстап жатқандар да жоқ емес. Қымбатты тышқан ішіктер, кілемдер тығулы теңнен шығып, ауыл арасында жүре бастады. Болыс, песір, атқамінер әлде ақсақалдар адам саудасының жуан ортасында. Баяғы құл саудасы өзге бір түрмен, жаңа базармен қайталанған сияқты. Бір үйдің адамынан тойғанша алым алып, оның лауын екінші біреуге аудара салып, ел ішін қан сасытып жатыр... Ешкімнің көзі ешнәрсеге жетпеді.

Міне, күз. Күн сақылдаған суық. Баян айналасының көк жалтырланып көлі қатып, қырбақ қары бар жері темірдей шегеленіп қалған. Жер жүзі аппақ, Ақбет тауының сілемі соқыр тұманнан көрінбейді. Ағаш, шөп, орман, тау аппақ, қыраумен оранып қалған.

Баян қаласына жан-жақтан жиылып жатқан кісіде есеп жоқ. Әне жерден де, міне жерден де аттылы-жаяулы адам топ-тобымен шыға келеді. Баянның қаласында аска тіккендей үй тігілген, отын жиналған, мал сойылып жатыр. Әр үйден бықсыған түтін шығып жатыр. Осы жақтағы он екі болыс елдің жігітін осы Баяннан қарап алатын болған соң, бұл ара әлемтапырық болып ас берілген сияқтанып жатыр.

Пристав, атаман, ояздың начальнигі, тілмаш, доктор, стражник, жасауыл сияқты нөкерлермен, сап-сары ала киініп, сары ала қылыштарды асынып, шақ-шақ етеді. Қызметі бітіп, елінен шатақ шықпаған болыстарды алғап, елінен бүлік шыққан болыстарды тұқыртып, қарғап, зәрін шашады. Ояздың жасауылы:

— Жігітің қайда? — деп жаман болыстарға ақырады. Ұлықтан мұндай ақыру есіткен болыстар, кірерге көр таба алмай күн ұзын шапқылайды. Ол да «жігітің қайда» деп старшындарына зіркілдейді. Өзі кешке не қылса да қабағын түйген ұлықтың көңілін табу үшін ақшасын, арағын, тамағын, асыл бұйымын тасып әлектенеді. Ұлықтардың жиып жатқан жорғасы, қымбатты ішік, қызыл ала кілем, ақшаларын санауға ешкімнің қолы жетпейді. Болыстан бастап ел ішінің алғыштары одан да құтырған. Ұлықпен, болыспен байланысы күшті жегіштер көрінген жігіттің жұмысына араласып, тұмсығы қызылға тиіп жүр. Өзіне күнк еткен біреуді қолтығына су бүркіп, әулиенің баласы да болса айқасқан жерден шалып қалмай жібермейтін болып, жалаң қағысады. Елде пара беріп, болыс списогінен құтылып кеткендерді ояздың книгасына барғанда не өшіртіп, не жаздырып, қып-қызыл шатаққа талайдың басын шатып жүрген алғыштарда есеп жоқ. Бүліншілік, лаң, лайсан, әреке... дегендердің барлығы да қара бұқараның басына туды. Елдің тас-талқаны шығып жатыр...

ПРИЕМ

Әр елдің жігіті алынып ынғайланып келгенде, бүліншілік істеген Ырғайты елінің жігітіне кезек келді. Бұл елдің болысы Асылбек көтеріліске қатысы бар елдің бар жігітін түтінінен сыпырып жаздырған еді. Бұл «бұзық» елге ауылнайларға көмек ретінде Баян қаласынан қарулы казак-орыстар шығып, ел жігітін айдаумен жинаған. Міне, сол Ырғайты елінің жігітін топырлатып, тұтастан айдап келді. Оларды айдап келіп жігіт алып жатқан комиссия отырған көк төбелі үйдің көшесіне қамады. Қамап, жазып-сызып, қалап алуға кірісті.

Ырғайты елінің жігіт көтерілісіндегі Асылбек болыстың ауылына шауып ұсталғандардың ішінде Мардандар да ұсталып келіп Баян түрмесіне жабылған. Бірақ бұлар әлденеше сұраққа ілініп, алуан түрлі тепкі, дүре сықылды жазаларды тартып, осы күнге шейін ешкімге жолықтырылмай қамалып жатқан еді. Ұлықтар тексергенде Ырғайты еліне шеттен келген Мардандарға өзгеше сенімсіздікпен қарап, қатты қысымға алып, қатаң ұстаған. Бұлардың көтерілген елге өзге болыстан келгендігі және завод, пароходта қызмет істеп жұмысшылар арасында болғандығы ұлықтардың қатаң қарауына себеп болған еді. Оның үстіне өз рапортында Асылбек болыс та бұларды «елді құтыртушы», «қашқын» деген сияқты бояуларды көбірек жағып көрсеткен. Сондықтан Баяндағы тергеуші соттар бұларды Ырғайты жігіттерінен жеке-келеп ұстап, жазаның да ауырына салып қинаған еді.

Алғашқы ұсталғанда Баянның атаман, приставы Мардандарды казак-орыстардың қолына беріп ұрғызып жүрді. Ертеңді-кеш екі уақ казак-орыстар Марданды көшеге, көл басына апарып тепкілеп, дүре салып ұрып «ойнады». Өзін әбден қалжыратты. Ұрып-ұрып Марданды жеке бір жерге тығып тастаған еді. Осы тығылуда ол табаны екі жарым ай жатқан. Сол Марданды бүгін түрмеден шығарып, тура жігіт алып жатқан прием комиссиясының үйіне алып келіп кіргізді.

Марданды есіктен кіргізе бергенде үйде отырған Асылбек болысқа көзі түсті. Болыс Марданға қарай қалды:

— Е, бұзақар, келдің бе? — деп кекеп күлді.

— Келдім, болыс, бақтырған соғымың келді алдыңа. Енді сойғалы отырған боларсыз? — деді Мардан тістене...

Асылбек теріс айналды. Марданды айдап келген стражникке «есікке шығара тұр» — дегендей ишарат қылды.

Марданды алып есікке шыққан соң болыс, комиссиялар өздері оңаша қалып, бірсыпыра кеңесіп отырысты. Біраздан соң есіктен жымыңдап Асылбек болыс тысқа шықты. Ол кетіп бара жатып Марданға «көрсеттім бе» деген көзбен қарап өте шықты. Марданды комиссияға кіргізді.

Комиссия болып отырған атаман, пристав, тағы басқа чиновниктердің ішінде Мардан елінен шыққан Мақыш деген доктор отыр екен. Мардан осыған бір ауыз сөз айтып қалайын деп:

— Доктор, амансыз ба? Мені өз елімнен айырып, айдалдағы Ырғайты елінде жүргенімде ұстама қылып алып келді ғой. Қарада көріскен қарындас едің, маған қылатын не қайраншылығың бар? — деді.

— Ырғайты еліне аяғыңнан барып па едің, жоқ әлде соғысуға барып па едің? — деп доктор мысқылдап, күле сұрады.

Мардан Мақышқа жаман көзімен бір қарап, теріс айналып кетті де, жауап қайырмады. Доктор Марданды қарауға дайындалып жатып:

— Қазақ халқы қараңғы ғой. Тек жаны ғана ардақты. Қазына жұмысын ақырзаман көреді. Өзге жұрттың бәрі солдатқа кетіп, қашаннан қанын төгіп жатқан майданға біздің қазақ барғысы келмей қайқақтайды... Әй, қазақшылық-ай... — деп доктор өзіне-өзі сөйлеп жүрді де Марданға:

— Кәне, шешін, қараймыз, — деді. Мардан оған тағы не дер екен деп:

— Мен өзім аурумын, — деді.

— Не аурусың? — деп Мақыш сұрады.

— Күндегі ұрған таяқтан ауырдым. Сүйек-сүйегім бәрі сынық, міне көрмейсіз бе? Осы өне бойым, — деп Мардан көкпеңбек ала үсті-басын көрсете бастады.

— Бұл ештеңе емес, жолда жазылады ғой... — деп доктор Марданның өкпесін тындай бастады.

— Дем ал...

Осы арада түп үйден шыға келген Оске атаман Марданды көріп жымырандап:

— Ә, таныс жулик! Соғысқа баруға ойлайсың ба? — деді. Мардан оған:

— Барамын, бұл жерден ол жақ жақсы шығар.

— Несі жақсы? — деп атаман сұрады.

— Онда қолыма мылтық аламын ғой?

— Мылтық саған әлі алыс... — деп атаман айналып кетті.

Мақыш доктор Марданды жөндеп қараған да жоқ. Тек шешіндірді де дүреден болған көк аласын көрген соң тезірек киінсін дегендей «болды, болды» қыла салды. Мардан:

— Ауруым не екен? — деп сұрады.

Доктор книгасына өз қорытындысын түртіп жатып:

— Тап-тазасың! — деп қойды.

— Айтқаның келсін, доктор бауырым! — деп Мардан киіне бастады.

МАЙДАНҒА

Кезек күткен жігіттерден және біреуді үйге кіргізді. Бұл Марданға таныс Ырғайты елінің жігіті Шалғымбай еді. Шалғымбай үйге самбырлап, арызын айта кірді.

— Тақсыр, мені списокке зорлықпен жазды. Бір үйде жалғыз адаммын. Оның үстіне қолым шолақ, мылтық атуға жарамаймын, міне-міне... — деп шидем шекпеннің бір жеңін шешіп жіберіп, оң қолын көрсетті. Оның оң қолының екі саусағын біржола құртқан екен... Шабылған саусақтың қаны тыйылмай, құрым киіз күйдіріп басып, тотияйын құйған екен, қолтығына шейін білегі күп болып ісіп кетіпті.

— Бұған не қылды? — деді Мақыш доктор.

— Шауып алдым, жазым болып...

— Әдейі шапқансың ғой, ә?

— Жоқ, атамаңыз. Отын бұтап отырғанымда өткір ақ балтамен жазым болып қырқып алғанмын...

Доктор сылқ-сылқ күлді. Шалғымбайдың сөзіне Мардан да езу тартты. Доктор қарқылдап күліп, қарсысындағыларына Шалғымбайдың шатасып сөйлеп тұрғанын түсіндірді.

— Қараңызшы, мына ақымақты, өз қолын өзі шауып отырып, енді соның өтірігін жөндеп айта алмай тұрғанын... бұл өзі, отын кесіп отырғанда шауып алдым дейді... Ал кесілген оң қолының бармағы, егер дұрыс айтса сол қолын шауып алатын болар еді, көрмейсіз бе дуракты... — деп мырс-мырс күлді. Осыны айтып болып доктор Шалғымбайға қазақ сөзімен қатесін түсіндіргенсіп:

— Отын кесіп шапсаң оң қолыңмен сол қолыңды шабар едің, өтірікті де ойланбай айттың-ау... — деді. Оған Шалғымбай да болған жоқ.

— Өтірік емес, ағатай, мен солақаймын ғой... — деді.

Атаман Шалғымбайға тікиіп келіп:

— Ах, урод! Он умышленно... хитрый он... — деді. Шалғымбай «қалайда қаламын ғой» деген ниетпен қабағын қыжылтып, қолын ауырсынып:

— *Ойбай-ай, жаным-ай...* қолым сыздап барады... — деп зарлап ауырсынып тұр. Оған былқ еткен комиссия болған жоқ. «Әдейі қолын кескен» деп акті жасауға кірісті. Атаман:

— Барсын, қара жұмысқа жарайды! — деді. Мақыш доктор Шалғымбайды шыңғыртып отырып қолын тазалап таңуға кірісті. Марданды айдап келіп, Ырғайты елінің қаралып болып, қазынаға өткен жігіттеріне қосты.

Мардан көптен жалғыз жатқан түрмеден шығып, ел жігіттеріне сөйлесіп, жампандасып жатыр.

* * *

Баян қаласына орнаған сергелдең он бес күн дегенде азар бітіп, он екі болыс елдің жігітін жүргізетін болды. Әр болыс елдің жігітін керуен-керуен қылды. Оларға онбасы, жүзбасы, мыңбасы белгіленді. Елде жиналған лау, көліктің әрбір арбасына жігіттер үш-үштен отырғызылып, бір суық күні Баян қаласынан жүргізілді. Жігіттер жүргенде көкті күңірену, жерді жылау алып, у-шу болды. Адамның ұлығаң дауысынан Баянда аспан айналып жерге түскендей. Жер ыңыранып, күңіренгендей. Ел зарлап, зарыққандай... уһілеген, аһылаған елдің көкірегі қарс айырылады. Бір кемпір «жалғызымшы, жалғызым!» деп баласына жабысып, айырылмай, аңырап тұр. Бір келіншек шырқырап, кетіп бара жатқан күйеуін жібермей зар қақсайды, «Айналайын, ағажан-ай, сенен біз қалғанда не боламыз?..» — деп жылаған жас бауырлардың, қарындастардың даусы тындаған адамның сай-сүйегін сырқыратады. Бірнеше әйел бетін жыртып аңырап, жуанбай, ботасын жоғалтқан інгендей боздайды. Шешесінің, қарындасының, қалыңдығының мойнынан құшақтап өгіздей өкіріп, кеңкілдеп жылаған дөкейдөкей жігіттердің түрін көргенде адамның іші ашып, жігері құм болады. Қаптап жүрген қайыршы, халфе, дуаналар «Аллай хақ!» деп басына ылаң түсіп, белі босап тұрған жұрттан нәзір, садақа дөметіп, көрінген кісіге қарап дұға қылады; ақ тоқымды жайдырып, кейбіреулер кетіп бара жатқан жігіттің қашан қайтуына құмалақ салып жатыр.

— Құдай иман беріп, ер-азаматқа топырақты елден бұйыртсын, аллаһу әкпер!.. — деп бата саулатады. Осылаға уыс-уыс қылып тиын төгіп жатқан жігіттер, жігіттердің жақындары.

Кейбір тілді-жақты, сөз білетін жігіттер өленге, жырға қай-қайдағыны қосып, ән салып, жұрт жарасына онан арман тұз сеуіп, ел көңілінің өртіне онан арман май құйып барады. Жол бойындағы Досай батырдың бейітін көрген жігіттер жолдан зиратқа бұрылып, батыр басына құран оқытып, қош айтысып, тілеу тілеп барады. Мола басына ақша тастап, моладан топырақ түйіп алысып жатыр. Ол топырақ алыста жүргенде пәле-қазаға тотанақ болады-мыс. Езіп ішеді-мыс...

Осындай сергелдеңмен Баянның бауырын шулатқан селебе үшінші күн дегенде азар арылды. Ұзын жолдың үстінде жігіттерді шығарған ел, туған-туысқан, жекжат улап-шулап жігіттерді от-арбаға мінгізіп қайтысты.

ТҮНГІ ТАМАША

Омбы қаласындағы елден қашып келген, бұрыннан қызметке тұрып қалған жігіттердің тағдыры не болары әлі белгісіз. Буларды жоспар бойынша қаланың жұмысына жіберіп, майданға кетуден алып қалған да кісі жоқ. Көбінің аты-жөні елдегі болыстың списогінде жүр. Сондайдың бірі — Сатан.

Елден келіп жатқан хабарға қарағанда, болыстар елдегі жігітті жөнелткен соң қаладағы шашыраған жігіттерді іздетпек. «Пәлен болыстан пәлендей жігіт қашты» деп, дуандуанға болыстар қағаз да түсіріп қойыпты деседі. Осы хабарды алып отырған қаладағы қазақ жігіттерінде зәре жоқ. Қашан құғыншы келеді, қашан майданға айдап кетеді деп, жігіттер күпті болып, бір аяғы көрде, бір аяғы жерде жүреді. Осының салдарынан болу керек, қаладағы жігіттердің қолы жазық, өздері шүлен, мырза емесі жоқ. Бәрі де тапқан ақшасын қызға, қымызға, қонаққа, араққа, мәжілісқе жұмсап шашып жатады. Тек ішіп-жеп, ойнап-күліп қалайықшы деген ниеті бар сықылды.

Түн. Қаланың қараңғылау тығырығында көше жағына көк лампы жаққан астылы-үстілі екі қабат үйге таман Сатан, Шақшай, Бөлекбайлар келе жатыр. Үйдің астындағы

подвалдың соқырқай терезесінен жылтылдаған жарық көрінеді. Терезенің жыртығынан бу бұрқырайды. У-шу айқай шығады. Дүрілдеген гармошкенің даусы, жырқ-жырқ, сылқ-сылқ еткен күлкілер естіледі.

Сатандарды Бөлекбай бастап үйдің астыңғы подвалына алып кірді.

— Міне, жігіттер, мәжілістің базары! — деді Бөлекбай. Сатан жан-жағына қарады. Оның мұндай жерге бірінші рет келгені еді. Үйдің іші көк ала тұман, әр үстелде шоқ-шоқ болып, сыра ішіп отырған қызу адамдар. Неше түрлі ұлттың, алуан түрлі кәсіптің адамы осында болады екен. Жиылған адамдардың ортасындағы алданышы — алдындағы үйір-үйір бөтелке мен жалаңашқа жақын әйелдер, адамдарда ес жоқ, жамағат жығыла мас. Әйелдер сылқ-сылқ күліп, қынсылап, еркектер айқайлап, мекіреніп, соғыстырып сыра ішісіп, мәз-мейрам. Ортаға шығып билеп, гармошке дүрілдеп жатыр. Күре тамыры адырайып, көздері көк ала түтін болып кеткен сасық пивнойдың ішінде отырған адамдар ырың-жырың, би мен күйге қол шапалақтап, ақырып-бақырып отыр. Сыраханаңың іші азан-қазан. Нұраділ, Угар, Газбекқаралар да осында екен, олар өздері бес-алты жігіт, бір бұрышты мекендеп алыпты да, ортасына ұзын үстел қойдырып, үстін сыраға толтырыпты. Үстел ақсақалы Угар. Ол жібітіп іркіт құйған сабадай самайынан тері саулап отыр. Үйдің іші сыра мен тер сасиды. Ортасындағы үш жалаңаш әйелдің бір тықыр қара бұйрасын Газбекқара алдына өңгеріп, сыра сілекейі шұбырып, сүйіп-сүйіп қояды. Осылардың бәрін көрген Сатан айран-асыр таң қалды.

— Дүниенің рас қызығы мұнда екен ғой... — дейді ішінен.

Бөлекбай мен Шақшай бұл жерге келген соң әкесінің үйіне келгендей болды да қалды. Орта жерден орын алып, сыра берушілерге сыбырлап, заказ беріп, қутың-қутың етеді. Қашаннан мұндай жерде көп болып, сырдесте болып қалған Бөлекбай, бильярд, карта, лот, сыраханаға, жезөкше мен араққа үйір, біреуінен де жүрегі айнымайтын, қайта жайшылықта соны ізденіп тімтініп жүретін жулик Омар жер астындағы жарым-жарты көр сықылды кең подвалға түскен соң сыртқы сыпайылықты, ұлық, законды ұмытып, жыны қозып кетті.

— Ой, жігіттер, бізге қыз қалды ма, жоқ бәрін өздерің алып алдыңдар ма? — деп көп ішінде Газбекқараларға қарап Бөлекбай гүрілдеді.

— Қалды, қалды, қыз керек болса, заказ берсең әкеп береді, — деп, Газбекқара сыраханаңың бір бұрышынан айқайлады. Шақшай да жымың қағып, тымағын қолтығына алып, ортаға қойған бір дюжне сыраны сылдырлатып жолдастарына құюға кірісті. Бұл да соңғы жылдар қаланың ұрлығына, қулығына, сұмдығына әбден қанығып алған еді. Нелер жулик, жаланаяқ баскесерлермен артельдес болып, нелер көпес, нелер байбатша, төрелермен айқасып қалған құдың бірі еді. Бөлекбай қашып қалаға келгеннен бері Шақшай екеуі тіпті ашынажай, артельдес болып, белгілі кәсібі болмай қала-қалаға қыдырып, ұрлық қылып, кісі талауды ең жағымды кәсіп деп соған айнала бастаған еді.

Мәжіліс барған сайын қызды. Келіп жатқан кісі де молая бастады. Оларды есіктен қарсы алысып, бірінің үстіне бірін отырғызып жатыр. Үй іші тар, бұзау қорадай бықсып, демалуға болмай барады. Ортаға шығып, әйелдермен құшақтасып, тапыр-тапыр билеп жүрген кісілер үй ішін онан артасыған бықсытты. Біріне-бірі соқтығады. Бірін-бірі итеріп қалады, жын соққандай ду күліседі. Қазір жанжалдасып, қазір басылады. Тек біраз жерін ғана жасырған тыржаланаш сыр майлы әйелдер бірінен соң бірі шығып секіреді.

Сатан өмірінде көрмегенді көріп, аузы аңырайып қалған. Омар тағы үстелді ұрып жіберіп еді, иығына орамал салған жылпың официант жетіп келді.

— Тағы бір дюжне сыра, — деп Бөлекбай заказ беріп қалды.

— Ойпырым-ау, мынауың бір бүлініп жатқан дүние ғой... — деді Сатан.

— Бұл осылай, інім... Көрмегенің көп сенің. Басың шикі. Осыларды көре-көре басың піседі, — деп Бөлекбай бір көтеріп қойды да, Сатанға бұл таныс үйінің жайын түсіндірді.

— Інім, бұл үй тұтасымен бір жесір қатындікі. Өзі үстінде тұрады. Асты ас-суын беретін столовой. Күн батқан соң-ақ осы үйде үлкен той басталады. Мұның шынайы тамашасы үстінде. Онда өңшең сұлу әйелдер, қыздар тұрады. Анау билеп жүргеннің пәтерлері жоғарыда. Және өздері мұнда тұрмайтын қаладағы сұлу әйелдер де осы үйге қатысып тұрады. Кейде еріккен байдың әйелдері де осында жасырын

нып келіп, жігіт құшақтап, тамаша қылып қайтса керек. Мұндағы әйелдер тілеген кісіні жоғары үйге қонарға жібереді. Әйелдің алуан сорты үстінде. Тек пұлың ғана болсын. Ақшаға таңдаған әйеліңді алып құшасың...

— Жігіттер, жоғарыға шығамыз ба? — деді Сатан.

— Әрине, шығамыз, әдейі келген соң бүгін білгенімізді бір істеп қайтпаймыз ба? — деді Бөлекбай.

— Әй, өлдік қой! Әкесінің аузын ұрып... бүгін бір дүниені қоныштынан басалықшы... — деп Шақшай алдындағы сырасын жұтып жіберді.

— Ақшаң болса қалтаңда, талтаңдасаң талтаңда, — деген емес пе? Үшеуіміздің ақшамыз бүгінгі сердебеге жетеді, — деп Бөлекбай жыртық портманетін үстел үстіне шығарып қойды. Өзі осы үй туралы білгенін айтып-айтып, Сатандарға білімін көрсетті.

— Мұнда сатылатын әйелдің, бөлменің бағасы әрқалай болады. 25 теңгелік әйелдер де бар. Онан кейін 10 сом, бес сом, бір сомдық әйелдер де болады. Ең аяғы 50 тиын...

— 50 тиындық кемпір шығар? — деді Сатан.

— Иә, кемпір-сампырлар, кемтар, ауру әйелдер, бірақ олардың да алушысы бар, — деді Бөлекбай.

— Қызы қанша екен? — деді Шақшай.

— Қызы қымбатырақ болады, — деді Бөлекбай. «Қызы қанша екен» дегенді Сатан да ойланып қойды. Бірақ Омардан оны сұраған жоқ. Бөлекбай сөзін жалғап:

— Бұл әйелдер тұрақты әйел болмайды. Күніне, жұмасына жаңаланып тұрады. Қала-қаланың бәрінде осындай әйел ұстайтын жер болады. Осы әйелдердің кәсібі қала-қаланы қыдыру. Сондай әйелдер поезда, пароходта, жәрмеңкеден-жәрмеңкеге жосып жүреді. Бұлар бір қалада бес күннен артық тұра алмайды. Бұл әйелдерді қала-қалада тексеріп, документтерін қарап, полицейлер айдап тұрады. Бірақ оларға тимейді. Өкіметтен алған бұл әйелдердің сары билеті болады. Полицейскийлер осы жезөкшелерді қуып, тексеріп, пара алып, қоя беріп жүре береді...

Сатан тамсанады. Бөлекбайдың көп білетініне таң қалады. Ол ел естімеген әңгімелерді айтады. Оның айтқанын өзінің қарсы алдында көріп отыр. «Шіркін, қала деген осы-ау! Жаныңа не керек болса, бәрі табылады. Қала сатпайтын нәрсе болар ма екен? Жаныңа не керек, соның бәрімен сауда қылады. Ең аяғы әйелдерді де керек қылсаң — ақшаңа аласың. Дап-дайын. Тек ақшаң ғана болсын, ақшаң... ақшаң...»

Бұлардың үстеліне де сыралар тізіліп жатыр. Сылқылдатып соғыстырып, соғып отыр Шақшайлар. Сыраның көбігін бұрқылдатып, мұртын батырып, құлақты қайшылап, Шақшай қылқылдатты. Сыраны ішкен сайын Сатанның өне бойы балбырап, құрыс-тырысы жазылып, жайдарысып, бейілдене, көңілдене бастаған сияқты. Бағанадан бері құлағына шу болып, шаншу болып тиіп отырған үйдің ішіндегі дабыр-дүбыр енді майда, көңілді, жүрекке жұмсақ, құлаққа жылы тиіп бара жатқан тәрізді. Шақшай да есіп сөйлеп, Ертіс болып ағып отыр.

Бөлекбайдың екі езуі құлағында, сылқ-сылқ күледі. Бірде үстелді қойып қалады, бірде қалтасындағы қарагер портмонетін қалтасынан алып үстел үстіне ұрады. Екі сөздің бірінде орысша боқтап, қазақшасында:

— Бас, жігіттер! — деп қояды.

Бұраң қағып, аш иттей еркелеп, екі сұмырай әйел бұлардың үстіне жетіп келді.

— Сіздерменен отыруға рұқсат етіңіз... — деп қылмың қақты. Бөлекбай оларға:

— Бара бер әрі! Бізге керек емессің, — деп қол сілтеді.

— Ой, неге? Отырсыншы қасымызда, — деп Шақшай Бөлекбайдың қолынан ұстай алды.

— Барсын бұлар, бір жарым теңгелік жамандары ғой... — деді Бөлекбай.

Әлгі әйелдер Бөлекбайдың кірбің етіп, кесек сөйлегеніне қорланбай, намыстанбай:

— Бұлар тоқ адамдар екен... — деп көрші кісілерге кетісті.

— Сен ренжіп қалдың ба, керек десең шақырайын... — деп Бөлекбай Шақшайға қарады. Шақшай солғын ғана:

— Жалғыз маған керек емес, алсақ көбіміз ортамызға аламыз ғой, өздерің біліңдер, — деп күмілжіді. Оған Бөлекбай:

— Бұл иттер қасына отырса қалтаны қағып шығады. Ішпейтін арағы болмайды. Және өздерінің әйел сиқы жоқ. Бұзау тастаған кәрі сиыр сықылдандырып, бұларды қайтеміз, егер керек десеңдер әкесінің аузын ұрып... — деп Бөлекбай сырасын сімірді.

Бөлекбайдың бұл ұсынысы қасындағы Шақшайға да, Сатанға да ақыл сияқтанды.

Бұлар подвалда ұзақ отырды. Осы отырыста, қырықтың ішіндегі бөтелке босады. Бөлекбай, Шақшайлар нелер дәмсіз әңгімелерді сөйледі. Сатанның құлағы оларда, көзі айналасында болды.

Бір мезетте ішкендер, билегендер сиреқсіп, жұрт тарайын деді. Тек үш әйелді ортаға алған Нұраділ, Газбекқаралардың ғана сырадан соқтасы суымай, үсті-үстіне алдырып жатты. Газбекқара, Угарлар да бірін-бірі боқтасып, сырамен қарнын керіп, әлі көк ала түтінде отыр. Төгілген сыра, құлаған үстел, аунаған бөшкелермен бақсы ойнағандай болған сыраханадан түн ортасы ауғанда Шақшайлар да шығып, үйдің үстіңгі қабатына көтерілді.

ҚАШҚЫН ОМАР

Баян қаласындағы Оська атамандар Омарды түрмеде ұрып-ұрып Керекуге жөнелткенде түннің ортасы еді. Омарды және Ырғайты еліне Ертіс бойынан Омармен бірге келген бір уақ, бір керей жігіті — үшеуін екі казак-орыс айдап, күн сәске уағында Қожығырдың бастауына келіп дамылдады. Тұтқындар бастау басына отырып, жолға берген қара нанды суға батырып жей бастады. Түнімен ұйқтамай бір қалыпты жаяудың аяңына ерген салт атты казак-орыстар да көңілсіз, салбыраңқы. Бұраландап аттарынан түсті. Екеуі екі атын шылбырынан ұстап отырып, қоржындарын шешті. Тамақтарын алып, су бойына отырды.

— Ия, тамыр, біздің қарнымыз аш, нандарыңнан беріңдер, — деп Омар оларға жауап қатты.

— Сөйлеспе! — деп жирен қасқа биені ұстап отырған жуантық сары казак-орыс, Омарларға қабағын түйді. Омар үндемей жайына отырып қалды.

Жайлап тамақтанған соң, казак-орыстар шылым тарта бастады. Отырған жері 3—4 саржадан қашық емес, жылап аққан бастаудың бір-біріне қарсы қабағы еді. Казак-орыстардың екеуі де мылтықтарын мойындарынан алып, қолтықтап отырған күйінде махоркені орап жатып, әлденеменені айтып күлісе бастады. Омар қасындағы жігіттерге көзін қысып қалды. Соның арасынша болмады,

Омар мысықша ырғып кеткенде, қасында екі жігіт те ұмтылды. Қапелімде байқамай қалған екі казак-орысты орнынан қозғалтпай балуан Омар қасқырша басып, әп-сәттің ішінде қару-сайманын сыпырып, үш жігіт айдап келе жатқан конвойды тонап алды да қойды. Омар жалма-жан арғымақ қасқа биеге мініп, қасындағы екі жолдасын енді бір атқа мінгестіріп, екі казак-орысты алдына салып, жолдан бұрыс тауға айдап кете барды.

Сонан кейін Омарлар Баян маңынан біржолата жоғалды. Олар екі казак-орысты тау арасына апарып жайлап кетіпті. Екі жолдасын бір атпен жөнелткен соң, Омар өзі Ертіс бойына түсіп кетті. Бір жүргіншіге қасқа биені сатты да, өзі пароходқа отырып Омбыға беттеді. Омбыға келген соң қаланың шетіндегі Қасаболат диірменшінің үйінде жатып, қалжаланып, жарасын жазды. Сонан бері мұның хабарын ел де естімейді. Ұлықтар да жоғалтты. Омар енді көшеге шығатын болған соң киімін де, түсін де өзгертіп, қашқынның түріне кірген еді. Бұрын қырып жүретін сақалды да қазір қоя беріп, тымақты тастап малақайды кигенде өзінің көзі көк, өзі сары түсі қыр қазағынан мүлде бөлектеніп, Алтай жағындағы алтын прескелерінен ұрлықпен қашқан Барнаулда болатын кержақ жуликтеріне ұқсап қалған еді. Оның аты қазір Омар емес — Бөлекбай.

Сатан елден келгенде Омарды бержабай Сүлеймендікінде жолықтырды. Бір-бірінің жайын сұрасты. Омар Сатандарға сонау даладағы құдық басында қой етін жеп аттанған түннен былайғы жүрістерін тізіп айтып, көп әңгіме қылды. Өздерінің Ырғайты елінің көтерілісіне қатынасып, ұсталып, аяғында қашып шыққанын айтты. «Мен қазір қашып жүрмін. Біреу-міреу біліп қоймасын, аузынды жаба көр», — деп Сатанның берік болуын сұрады. Өзі Марданнан хабар білмеді.

— Баянға ұсталып келгенін ғана білем, сонан кейін екеумізді бөліп жіберді, бәлкім, өлтіріп те тастаған шығар... — деді.

Омар осында қашып келген соң елден қашып келген Шақшаймен екеуі бірігіп Сүлеймендікіне бір арғымақ ұрлап сойыпты. Соның етін жеп, бұлар тек қаңғып, ұрлық қылып жатады екен. Осы кеште Сатан Сүлеймендікіне келгенде, Шақшайлар «жүр, жүр, гуляйтқа барамыз» деп түнгі тамашаға Сатанды алып шыққан еді.

ЖАМАҒАТ ҮЙІНДЕ

Омарлар үстіңгі үйге шыққанда есік алдында үйелмендей жуан сары қатын шам жарығында шот қағып отыр еді. Үйге кірген қонақтарды көрген соң хозяйка қатын «пожалусталап» қасын қағып, қарсы алды. Бұл әйелмен Омар көптен бергі танысындай жымындасып, арсаландап, ерке меймансынып, сөйлесіп кетті.

— Сізде мекерженің қызы бар ма? — деді Омар.

— Бар, бар, бізден бәрі де табылады... Менен мейманның не қалағаны табылмаушы еді... — деп жатыр хозяйка қатын.

— Бізге мекерженің үш қызы керек, беріңіз... — деді Омар.

— Қандай бағаға, қанша уақытқа? — деп меймандос әйел қылымсиды.

— Біз қонбаймыз, қызыңызды құшақтап қана аттанатын қонақпыз, сондықтан сіздің сыйды сағаттап есептейміз ғой... — деді Омар құда.

— Пожалуста, пожалуста... таңдаңыз, — деп қутын қаққан құдағи хозяйка қалыңдығы құрандай қара кітапты әкеп үстел үстіне қойды. Омар оны жалма-жан қолына алып, ала көз молдадай отыра қалып, аударып, қарауға кірісті. Сатан, Шақшайлар да Омар ашқан үлкен кітапқа үңілісті. Ішінің бәрі самсаған сурет екен. Ашқан сайын алуан түрлі әйел жарқ-жұрқ етеді. Қасын керіп, шашын бұрып, көзін қылмитып, ернін жымпитып, емшегін торситып түсе беріпті. Өңшең жаланаш жатып та, тұрып та, қырындап та, тағы әлденеше түрлі тұрыспен суреттерін алғызған сұлулар жігіттерге қарап, жымындап шақырған сияқтанды. Сатанға «мұның бәрі бір қызығы мол дүние» тәрізденді.

— Мынаны қалай дейсіндер, жігіттер? — деп Омар бір цыған әйелді көрсетті.

— Бұл көпірдің ақшасы қанша екен? —деді Шақшай.

— Мына кісіңіз қанша тұрады? — деп, Омар хозяйкаға орысшалады.

— Жеке бөлме, түні бес сом...

— Сағатын айтыңыз?

— Сағаты да сол енді, — деді хозяйка.

— Осынша қымбат қылғаныңыз не? Арзандатыңыз... біз күнде келіп тұратын кісі.

— Еркелеме, жаным, қымбат сұрағаным жоқ.. Біздегі баға сол... Мұндай қызды өзге жерден 10 сомнан кем таппайсың...

— Жоқ, сонда да арзандат, бәйбіше... — деп Шақшай да саудаға кірісті.

* * *

Есіктен жұлқына біреу кірді. Үстінде әскери киімі бар. Мойнында қылыш. Серейген арық, қара сұр, мас қазақ прапорщигі жолдасының қолынан босанғысы келіп, жұлқына-жұлқына омыраулап, хозяйканың қасына келіп тұра қалды.

— Хозяйка! Мені мейман етіңіз, маған ең жақсы қызды беріңіз.

— Пожалуста, пожалуста... — деп хозяйка Омардың қолындағы альбомды алып, офицер қазаққа ұсынды. Омарлар альбомнан айырылып, салы суға кетіп тұрып қалды. Офицер альбомды ақтарып, әйел таңдауға кірісті.

Офицердің қасындағы түрік ерін, ақ сұрша, орта бойлы жігіт ол да қазақ. Киген киімі жабайы, жұпынылау, семинарияның шәкірті сияқтанды. Келіп тұрған үш жігіттің ол бас-аяғына шейін күдікті көзбен бір қарап шықты да, альбомды аударыстырып отырған жолдасына жалынды.

— Ыбырайым деймін, таста деймін... тіл ал деймін, жүр кетелік деймін... — деп жік-жапар болды.

Сатан семинаристің «Ыбырайым» дегенімен көзі айналып кеткен мас офицерге қарап еді, оның өткен жылы қымызшының үйінде Шеркес Қалилар ұрып жығатын оқыған мырза Ыбырайым екендігін таныды. Ол арада, Ыбырайымның Қажымұқан күресетін серіктегі жанжалы да есіне түсті.

Ыбырайымның жолдасы әлі жалынып тұр.

— Ой, Ыбырайым деймін, жүр кетелік деймін... егер сен осыдан осы үйде қалатын болсаң мен сені көрмей кетемін... құдай ақында көрмей кетемін... — деп Ыбырайым қолынан альбомды алуға жабысты.

— Сен не мешай маған! — деп мас Ыбырайым жолдасын зықынап, шынтағымен қағып қалды.

— Сволоч! — деді семинарист.

— Шық, әйтпесе атам! — деп Ыбырайым мықынындағы алтыатарына қолын салды. Ақ сұрша жігіт оған кекей мырс-мырс күлді де:

— Ладно, мен кетем... жаманшылық сенің ғана жұмысың... — деп теріс айналып кетті. Ыбырайым үндеместен альбомды ақтаруға кірісті.

— Ие, батырлар, сендер қай жігітсіңдер? — деп семинарист Омарларға қарады.

— Біз осындағы жүкшілерміз, — деді Шақшай.

— Қай жақтың жігітісіңдер?

— Қарқаралының қаракесегіміз...

— Мұнда неғып жүрсіңдер?

— Жай, әшейін, неткен соң, неғып... — деп Шақшай күмілжіді.

Сатанның бетінен от шыққандай болды. Істеп жатқан ұрлығының үстінен иесі шығып қалып, қолға түсіріп алған секілденді. Бірақ Омар жүзі жанған жоқ. Ол:

— Гуляйтқа келдік, мырза... Қазір осыдан мекерженің үш қызын алғалы тұрмыз...

— Өздерің арақты осы үйдің астында іштіңдер ме?

— Ия, ішпегенде біз, мынау қасындағы төрендей үйінде ішетін кісі емеспіз. Анда-санда өстіп дүниені бір көтке теуіп қалмасақ... жарлының бір тойғаны шала байығаны ғой... — деп Омар ыржалаң қақты.

— Мен білсем сендер анық сорлы қазақ емессіңдер. Шынайы момын жарлы, таза жұмыскер бұл жерде жүрмейді, — деді семинарист.

— Жоқ, мырза, жетпей айтасыз; нағыз жігіттің келетін жері осы жер. Мынау жаман ай, жаман жыл болған соң жігіттердің көбі-ақ дүниеден күдер үзіп тұр ғой мырза... өзіміз енді, тіршіліктің пұты бір тиын деп, қалған аз күнді сайрандап өткізуге бел байлап тұрмыз. Осында бүгін біздің Арқаның жігітінен он шақты жігіт болды, азамат... — деп Шақшай семинариске бірталай сөз айтты.

Семинарист үндемей, біраз тұрды да:

— Күнде келесіңдер ме мұнда? — деп сұрады.

— Жоқ, мырза, бүгін-ақ келіп тұрмыз... — деді Сатан.

— Бұл жерді тауып жүрген қайсысың? — деді семинарист.

Сатан хозяйкамен сыбырласып тұрған Омарға қарап, иегін көтерді. Семинарист оған үңіле қарап:

— Ой, осы әлгі пароходта жүретін карташы Омар деген осы емес пе? — деді. Омардың қашып жүргенін білетін Шақшай үндемеді. Сатан:

— Ия, балуан Омар, — деді. Семинарист:

— Ия, ия, білем, бұл атақты жулик қой... сендер бұған неғып еріп қалғансыңдар? — деді.

— Осында қалай келгенімді өзім де білмеймін; мен де осы қалаға жақында келген адам едім; Омарларға кездесіп қалып, «түнгі жайға апарам», — деп ертіп келіп еді.

— Ендеше жүріңдер, менімен бірге. Қазір осында тінтуші келеді. Ұсталып кетесіңдер... — деді семинарист.

«Ұстайды» деген сөз Сатанның да, Шақшайдың да ұйқысын шайдай ашты. «Ұсталу» деген бұларды көптен бері көленкедей қуып жүрген қауіп. Сондықтан, «ұсталасыңдар» дегенді есіткенде Сатандар кімнің «ұстайтынын» да тексерместен шығып бара жатқан семинаристің артынан ере жөнелді. Шақшай Омарға «кетелік!» деп қолынан тартып еді, ол:

— Жүре берші әрі, — деп оны бір-ақ сілкіп қалды. Шақшай Омарды жүр-жүрлегенсіп біраз тұрды да, Сатанға:

— Сендер шыға беріңдер, мен мынаны алып шығайын, — деп ол да қалып қалды. Шақшайдың өзінің осы үйге кірген жыландай басына ақ құйдырмаса шықпайтын ниеті бар сияқты еді. Оны сезген Сатан артына қарамастан ақ сұрша семинариспен бірге көшеге шықты.

«СҰМДЫҚ ЕКЕН!»

«Қазынаның жұмысына кірген жігіт майданнан қалады екен» — деген соң, елден қалаға қашып сіңген жігіттер қаланың әр жеріне кіріп кеткен еді. Омбы маңындағы кірпіш заводы, мал соятын бойна, пароход, шойын жол, тері заводы, сабын заводы, диірмен сықылдылардың барлығында өз бетімен жұмыс іздеп келіп кірген қазақтар аз болған жоқ. Бұл жігіттер жұмысқа кіргенде ақыны шарт қылған емес-ті. Тек тамағын асырап, бас қорғалатса, солдаттан алып қалса болғаны деп ойласты. Мұндай аяғынан келген арзан жұмыскерді байлар ақы жағынан мейлінше жеу есебімен жұмысқа да оңай орналастырған еді.

Сатан ауылынан бірге келген төрт-бес жігіт бір барақта жатады. Бұлардың ішінде Сатан менен Жұмабек, Тыныбектер станция жақтағы шойын жолдың жұмысында. Қалған екі-үш жігіттердің біреуі бойнада, біреуі диірменде, біреуі күндікші болып істейді. Мәмбет, Нұраділдер де шойын жол бойындағы қара жұмыста. Жолды түзетіп тұратын тұрақты жұмыскер қатарында бұлар орыстармен бірге отыз шамалы жігіт істейді.

— Ойбай, станца бүлініп жатыр... — деген соң Сатан сасқалақтап, жатқан барағына жүгірді. Келсе, барақ маңында ешкім жоқ. У-шу болып халық жиналып, қала жаққа кетіп барады. Көшеде жылаған адам, шулаған дауыс, станца жақтан мылқа тарта қазақ жұмысшыларын жиырма шақты жандарм, полицейскийлер қалаға қарай топырлатып айдап барады екен.

— Жолдастарым қайда? — деп сасқалақтаған Сатан есікші әйелден сұрады.

— Айдап кетті... анау кетіп бара жатқан, — деп топаланнан қорқып аландап отырған күзетші әйел қолын шошандатты. Сатан өкпесін аузына тістегендей олардың артынан үкідей ұшты. Өңшең қарулы, атты жандармдардың алдындағы айдалып бара жатқан өкірген, шулаған кісілерді аралай келіп, өзінің кетіп бара жатқан жолдастарына жетті.

— Е, қайда барасындар?

— Ойбай, келдің бе?.. Бізді айдап барады...

— Қайда айдап барады?

— Қайда екенін өзіміз де білмейміз, әйтеуір, ұстады...

«Ұстады» деген сөз Сатанға әбден түсінікті. Елден келген болыстар, не олардың рапорты бойынша бүгін болмаса ертең, әйтеуір, бір күні Сатан сияқты жылжып жүрген жігіттерді ұстауы хақ еді.

— Немене, болыс келіп пе?

— Келіпті... Қай болысты сұрайсың?

— Қай болысты сұраушы едім, өзіміздің Оразбайды дағы.

— Жоқ, Оразбайды көрмедік. Келген болыс әне, анау! — деп жігіттер үш боз атты парлап пәуеске арбаға жеккен, қарны шартиған біреуді көрсетті. Ол адам, жолмен топырлатып қойша айдалған көп жігіттің жанында жайбарақат кетіп бара жатыр еді.

— Мұның кім? — деді Сатан.

— Бұл осы қалаға жақын керейлердің болысы Жексенбай, — деді.

Жексенбайдың данқын Сатандар көптен есітетін. Олардың білуінше — Жексенбай осы Омбы қаласының маңындағы елдің болысы. Сүйегі керей. Қашаннан болыстықты қолынан кетірмей келе жатқан керейдің кер азу болысы. Соғыс шыққалы елді қынадай қырып, алым-шығыммен талауысуға айналды деп қала төңірегіндегі керей елі зар жылайтын. Сатандар бүгін соның қолына түсті.

— Е, мұның несі бар бізде? — деді Сатан келе жатқан Нұраділ мен Мәмбетке.

— Елімізден жігіт қашып қалаға сіңіп кетті, — деп Жексенбай болыс ұлықтан полицейский сұрап алып шығып, көрінген қазақты ұстамаға салып, айдатып келе жатқанын көрмейсің бе, — деді Нұраділ.

Халық у-шу. Әсіресе керей жігіттері төрттен-бестен тұра қалып, бажылдасып келеді. Бірінен-бірі көріп, бірімен-бірі керісіп көшені кісі өлген ауылдай қырып барады. Ондай жол үстінде ұйлығып тоқтай қалған жігіттерді полицейлер қылышпен тірсекке ұрып айдап келеді. Қыздың баласындай бірінен-бірі өтетін үш боз атты парлап жеккен Жексенбай болыс қарны шартиып, мыржық көшірге тізгін ұстатып, шулаған елдің жанында жай аяндап келеді.

Мәмбет әбден ыза болған. Оның сөзі сарт-сарт етеді.

— Бұл не деген қорлық? Бөлек дуанның, бөлек болыстың жігітіміз, бізді ұстауға қандай закон бар? Біз бұл болыстың қолында өлмей ұстамасына оңайлықпен кете алмаспыз... — деп Жексенбай болысқа тап-тап бергендей болады. Мәмбет терісіне сыймай келеді. Оның өзін ұсталған жерде қарсылық қылған соң полицейскийлер біраз ұрып та алған еді. Жолдың бір ұрымтал тығырығында адамдар сықырылысып, Жексенбайдың пәуескесі жігіттерге жанасып кеткенде, Мәмбет болысқа:

— Әй, көк сақал! Осыдан өлсем өлдім, өлмесем сені ме!.. — деп тістеніп қалды. Жексенбай да жалындаған қасқыр кісі. Ол шалқайып жатқан кеудесін көтеріп алды да, Мәмбетке түйіліп:

— Өлмесең не қылмақшысың! — деп арс етіп, қасқыр көрген төбеттей түйіліп қалды. Онан Мәмбет те қайтқан жоқ.

— Бәлем болыс, өлмесем қарныңды бір жарармын! — деді.

Жексенбай да пәуескеден тұра келіп, қалшылдап таяғын қоқырақтатып, ақырып кетті.

— Ұр мына бұзықты! — деп өкшелеп келе жатқан полицейскийге орысшалады.

Полицейский Мәмбетті зекіп, қылышпен тақымға қағып қалды. Қағып қалып теуіп-теуіп жіберді. Мәмбет қап-қара болып, түтігіп ашуланып:

— Тарт таяғыңды! Мұның закон емес. Мен де қазынаның қызметіндегі адаммын! — деп алайып, тұрып-тұрып

жүріп кетті. Таяу келе жатқан Сатан, Нұраділдер де амалсыздан аузын басады. Күресерге қайрат жоқ.

Жігіттерді шулатып айдап келеді. Жолдан шабдар шолағын тырандатып қуып, Сүлеймен бержабай да жеткен екен.

— Уа, қарақтарым, кеттіңдер ме? — деп жігіттерге жылamсырай берді.

— Кеттік, Сүке. Жалма-жан Ысқаққа шаба көр... сол бірдеме қылмас па екен, — деді үйірмендей Газбеккара.

— Мақұл, жетейін Ысқаққа, жетейін... — деп сонан арғы сөзге келмей бержабай шолағын кейін қуа жөнелді.

Сағынаев Ысқақ деген қаракесектердің шолақ адвокаты бар. Ол өзі базарда көптен алыпсатарлық қылады. Жігіттердің айтуынша, Ысқақ орысша тілге судай. Заңды намаздың сабағындай біледі. Қаракесектің заңға түскен дауына бар білген заңімен шауып қалады...

Жігіттер осыны таныс көріп Сүлейменді соған сабылтып жіберді.

БАЙТАЛ ТҮГІЛ, БАС ҚАЙҒЫ

Жандармдар, Жексенбайлар шулаған көп жігітті айдағаннан айдап отырып, әскери начальникке алып келді. Онда біраз иіріп қойып, өздері начальникке кіріп сөйлесті де, өздері сонда қалып, мынау жігіттерді полицейскийлер крепоске қарай айдады.

Өздерінің қайда бара жатқанын шала-шарпы түсінген қазақтар түрмеге қарай қуған соң улап-шулап, жыласып берді. Әркім өгіздей өкіріп, біреуді біреу құшақтап, жылаған дауыстан қаланың басы қаңғырды.

— Господин, бір ауыз сөз! Господин, бір ауыз слово! — деп қолдарын көтеріп, Семей облысының жігіттері начальникке шулап, айдағанға жүрмей тұрып алысты.

— Айт! Айт! — деп начальник тыңдай қалды. Жігіттер начальниктің алдында шулап тұрды:

— Господин начальник, біз Омбыға қарамаймыз...

— Біз Семей облысының қазағымыз.

— Осы қалада төрт жылдан бері жұмыс істейміз...

— Біздің жазылмыш, алым-салығымыз өз болысымызда...

— Сендер қашқын шығарсыңдар? — деді начальник.

— Тақсыр, біз қашқын емеспіз. Сенбесеңіз документімізді тексеріңіз...

— Өзіміздің болысымыздан телеграммен сұратыңыз...

— Алда-жалда бізді жігітке алатын болса, біз патшаның қызметінен бас тартпаймыз, бірақ бізді өз облысымыздың кезегімен алса дейміз... — деп шуласты.

— Бәрің де осыны айтасыңдар ма? — деді начальник. Жігіттер:

— Осылай! Осылай!.. — деп шуылдады.

Әскер начальнигі өзгелеріне орысшалады. Жексенбай да сол жерде жайына тұрып қалып еді. Төрелер өзара сөйлесіп болған соң, начальник жігіттерді иіріп тұрған бір полицейскийге күнк етіп еді, ол жігіттерге команда берді.

— Семей қазақтары бір бөлек тізіліңдер!

Сол жерде тұрған қаракесек, қаржас, уақ, тобықты — өзге арғындар жанұшырып жалма-жан ойнаған солдаттай тізілісе қалысты. Санағанда 84 жігіт семейлік болып шықты.

— Сендер, семейліктер, қаласыңдар. Ана Омбы жігіттеріне қосылмаңдар, — деді полицейский.

«Қаласың» дегенге қуанған қазақтар таңырандап, жымырандай бастады. Беттеріне қан жүгіріп, шылымын шығарысып, насыбай құйысып жатыр. Жексенбай болыс қолға түскен керей жігіттерін шулатып крепоске қарай айдатып жөнелтті. Улаған-шулаған дауыс жер күңірентіп кетті. Өздерімен бірге жүрген талай жолдастардың кетуіне қалған арғын жігіттерінің жаны ашып, жылағандай болып тұрғандары да бар, өз басының қалғанына қуанып, жыртақтай бастағаны да бар еді. Сатан, Мәмбет соның алғашқысы болды. Бұлардың өзімен бірге істесіп жүрген керейден келген бірнеше тәтті жолдастары ұстамаға кете берді. Осы кезде Сүлеймен бержабайдың шабдар шолағы да шоқырақтап, Ысқақ адвокатты алып та жетті.

Ысқақ адвокат келе жалбаңдап, начальникке жауаптасып ала жөнелді. Жігіттер оның аузына қарап қалысты. Қаракесектің адвокаты бір сөзді тойтырақтатып, начальниктің пікірін білген соң, бұйрық бойынша, тілмаштық істеп, жігіттерге мәнісін ұғындырды.

— Мына, ваше высокоблагородие... господин начальник айтады: Семей облысының адамы әзірше өзді-өзінің істеп жүрген жеріндегі қазына работасында қала берсін дейді.

Егер кім қашып жүрмеген болса дейді. Оларға ешкім тимейді дейді. Бір он күнге шейін қазақ көшеге шығып жүрмесін дейді. Онда плохо болады дейді. Өздерінің артель-артельдерінен бір кісі шығарып, олар особый пропускамен керек-жарағын, тамағын алып тұратын болсын дейді. Вот господин начальниктің айтқаны... — деп Ысқақ жігіттерге көзін ежірейтті.

Ысқақтың бұл сөзіне жігіттер қанып қалды. Бұл сөзді айтып тұрған начальник пен Ысқақ арасында айырма да болмай кетті. Ысқақ та бұларға «рахым» қылып тұрған өкіметтің бірі сияқтанды.

— Мақұл, тақсыр, мақұл... — деп семейлік жігіттер шуылдады.

Жігіттер Ысқақ пен бержабайды ортасына алып сексен шамалы адам кейін қайтты.

Содан кейін Сатандардың жүрегі бұрынғысынан да сулдап, әлгі начальник айтқан тәртіпке түсті. Жол жұмысынан аттап көшеге шықпады. Жайшылықтағы жұма сайын қыдыратын базар, бір-біріне баратын қонақ, қымыз, мәжіліс, көк лампылы қыздардың үйлері Семей жігіттерінің енді түсіне ғана кіретін болды. Байтал түгіл, бас қайғы. Жігіттер күндіз-түні байлаулы бұзаудай өз ұясынан шықпайтын болды. Темір жолда жұмыс істейтін жігіттер ортасынан Сатанды шығарып, белгі есебінде оның мойнына рельстің подкладкасын тағып беріп, нан алдырып тұратын болды.

КЕК

Жердің жүзін тұмандау сілбі басқан суқайт күн. Жанның бәрі барын киініп, базарға шығатын, шеркеуге баратын күн жексенбі. Даланы да, қаланы да жаздай қоқалақтатқан жігіт алудың аласапыраны басылып, тіршілік жай қалыпқа түскен. Елден алынған жігіттердің майданға кеткені, майданға кетіп, жан-жақтағы жұмыстарға орналасқаны жұмысқа таратылып, тынышталған. Сатан, Шақшай, Мәмбеттердің басы құралысып базарға келе жатыр. Базар қисапсыз қыбырлаған жан. Базардың орта жерінде алтын-күміс, асыл бұйым сататын үлкен магазин пароход компаниясының бір мүшесі Ганшин байдікі. Жігіттер осы

магазиннің алдынан өте бергенде үш боз ат жегулі пәуеске тұр екен. Жігіттер жазбай тани кетті.

— Мынау Жексенбай болыстың аттары ғой?

— Ия, сол-ақ. Біздің тамырдың пәуескесі... — деді Мәмбет.

Екі кісілеп азар көтеретін отау үйдің орнындай үлкен жез шылапшынды ішіне товар толтырып, пәуескенің жанына шығарып қойыпты. Леген беті бүтін хром былғарымен жабулы. Аттардың қасындағы Жексенбайдың мыжырық көшір шалы лапкеге арқасын сүйеп, қарауылда шақшасын шөппен шұқып отыр еді. Мәмбет Шақшайға, Шақшай Сатанға ым қағып қалысты.

— Ой, ағай, қара шақшаның қорын сағындық-ау... — деп Сатан шалдың алдына қарбайып жүресінен отыра қалды. Онда жауыннан қауқиып кеткен қалдырлақ, үлкен сулық дождавегі шалдың алдына заполат орнатқандай болды.

— Мұның ішінде де насыбай қалмапты... — Шал шақшаға одан әрмен сығырая түсті.

— Мә, мынаумен қырып жіберіңіз, ағай... — деп Сатан лып етіп, жанындағы бәкісін ашып шалға ұстата берді. Шал шақшаны қырып иіскейтін бір асбап табылғанға есі-дерті қара шақшада болып, өзге дүниені мүлде ұмытып кетті. Шақшаны тықырлатып қыра бастап:

— Қай жақтың жігітісіндер? — деді шал.

— Арғынбыз, ағай. Осындағы жұмыста жүргендерміз... Бүгін күн базар болған соң, нетіп... — дей бергенде Шақшай жетіп келіп Сатанды боқтап ала жөнелді.

— Антұрған, насыбай десе әкенді сатасың-ау... жүр кіреміз мына Ганшин байдың дүкеніне!..

— О-о... тұра тұр, мына отағасының сарқытынан алып кетейін, — деп Сатан шалға алақанын тосты. Шал да шақшаны тықырлатып-тықырлатып:

— Бұл қараң қалғырда да іштеме қалмапты ғой... — деп Сатанның алақанына болар-болмас қара шақшаның жоңқасын салып берді. Сатан оны ерінге қағып салып, Шақшай, Мәмбетпен бірге дүкенге кіріп кетісті.

Жиған нәрсесі көздің жауын алған кең дүкенде халық толған екен. Мойнына қылыш салған ұзын мұртты голық родовой түнде ұйқтамаған мас адамдай маужырап есікте тұр. Жексенбай болыс ыңқылдап, кассаға ақша санап жатыр екен.

Біздің жігіттер магазинге кірген соң қарағаны көбінесе товар болған жоқ, тек Жексенбай болыстың жөнін көріп өте шықты. Бір шеті мен бір шеті құнан шаптырым кең магазиннің ішін бір сүзіп өтті де, екінші бір есігінен шығып кетісті.

Жігіттер осы есіктен асығып шыққан бетінде базарға тоқтамастан шырт аяңмен өзен үстіндегі көпірге келді. Осы жерге келгенде Шақшай тұра қалып, көңілі жайланған кісідей:

— Ә, қарыныңды... бәлем Жексенбай! Өгіздей өкірттім бе?.. — деді.

— Не болды? — деді Сатан.

— Не қыласың не болғанын, аузыңды ашпай осы жерде тұра бер... — деді Шақшай. Мәмбет мұртынан күледі. Шақшай жігіттерге басалқы айтады:

— Жігіттер, осы жерден ұзамайық. Жексенбайдың қалай кетуін торылық! – деді Шақшай.

Көпірдің арғы басында ұсақ-түйек сатқандар қасына келіп шемішке алып шағып, Жексенбайдың жолын бар-лап тұра берісті.

Көп кешікпей, қала жақтан үш боз атты жарқылдап, Жексенбай да көпірге шыға келді. Жігіттердің Жексенбайға жүзі шыдамай сырт айнала берісті. Жексенбай бүтін жолды басына көтеріп, бұлан-талан болып, көшірді боқтап келеді екен.

— Тал түсте жауға талатып, тас біткен неткен көз еді? Атығай мен қарауылға не бетімізді айтармыз?.. — деп зірк-зірк етеді.

Көшірде үн жоқ, айыбын мойнына алып, иығынан су төгілгендей. Боз аттардың божысын бос ұстап салбыраған күйінде болыстың боқтауын тыңдап келеді.

Болыс бұрқырап көшірді балағаттап, ешкімді елейтін емес.

— Бері тартыңдар, бізді көзі шала көрмесін... — деп Шақшай көпірдің екінші жағында күреген сыпырынды сықылды үйме-жүйме болып тұрған бержабайларға таман кіре берісті.

— Атты бері әкел, Сүке, — деді Шақшай.

Күні ұзын кісі күзетіп тұрған Сүлеймен бержабайдың көзі сығырақ етіп, шабдар шолақты тыртандатып қуып келіп, салдақы экипажын салдырлатып, жігіттерге бере берді. Пәуескенің төбесін көтеріп жіберіп, ішіне үш жігіт

кіре бергенде, бұлардың жанынан көшірін боқтай-боқтай тарсылдатып Жексенбай да өте шықты.

— Қалай тартайын? — деп бержабай жігіттерге мойнын бұрды.

— Базарға!..

* * *

Бұлар сары ала шолақты тыртандатып қуып, базарды қақ жарып отырып, Ганшин магазинінің алдына келіп тұра қалды. Магазиннің алды кіріп-шығып жатқан қара құрық кісі. Магазин алдында қылышы салбырап, қоңыз мұртты городовой ілгерілі-кейінді салмақпен аттайды.

Жігіттер асықпай ғана арбадан түсіп жатыр. Дабырласа, күлісе жігіттер магазинге кірісті. Городовой да өзінің дағдысы бойынша дүкен алдында аз жүріп, магазин ішіндегі тәртіпті қарау үшін ішке кірді. Сүлеймен бержабай магазин алдында алып келген адамдарын күтті. Городовой магазинге кіре бергенде іле-шала жігіттер де есік алдына шығып қалды. Мұндай жерде Шақшайдың қимылына көз ілескен емес. Ол сайтанша жүреді. Жалма-жан магазиннің сырт алдында тұрған отау үйдей бөшкені аударып жіберіп еді, астынан Жексенбайдың жез шылапшыны жарқ ете түсті. Сүлеймен бержабай да шабдар шолақты бере берді. Сатан мен Шақшай лып еткізіп, арбаға отырып қалған Мәмбеттің алдына жез шылапшынды ұстата берді. Арба жөнеле бергенде, екеуі де мініп үлгерді.

— Қалай тартайын? — деп бержабай мойын бұрды.

— Өз үйіңе! — деді Шақшай.

Шабдар шолақты тыртандатып, Сүлеймен бержабай қуып ала жөнелді.

БОЛЫСТЫҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ

Отау үйдің орнындай үлкен шылапшын Сүлейменнің есігінен сыймай біраз қырсық қылды. Қырындатып барып, сықап отырып өлдім дегенде үйге кіргізіп алысты. Сүлейменнің Мұқсинасы ғажаптанып:

— Абау, алла кімнікі соң шол қадар зор таз? — деп сұрады. Оған Сүлеймен бержабай күтындап жауап беріп:

— Таз біздікі, қатын, біздікі, көрші-құланға жағынды ашпа. Екеуіміз жұма күні ішіне түсіп, ғұсыл құйынып отырамыз, қатын... — деді.

– Ну, айт соң кімнікі? Мен шул тазны Ганшин магазинінде көрген шикілді болам, — деді Мұқсина.

Бұлар легенді айнала отыра қалысып таңуын шешкенде, үлкен жез шылапшынның қарны жарылды: екі топ жібек барқыт, екі пайы, екі топ дүрие, американский қисық табан хромнан екі пар әйел етігі, қызылды-жасылды үш жібек салы, шар айна, ішін өңшең жұпар сабын мен иісті майға сықап толтырған айналы қол шамадан, тағы, тағы толып жатқан нәрселер... қойшы әйтеуір жез шылапшынды жарғанда Ганшин дүкені ақтарылып түсті.

— Кәні, айтындаршы, бұларың кімдікі? — деді бержабай.

— Жексенбайды өкірттік! — деді Шақшай.

— Ә, болды, болды, — деп бержабай бір нәрсені тауып алған сияқтанды.

— Немене болды, Сүке?

— Жексенбай қызын ұзатқалы жатыр деп еді...

— Қызын кімге беріп еді?

— Қызылжардағы Дайрабайға... бүгін базарда Жексенбайға Рақымбай жолыққан екен, бала ұзатайын деп едім, үйімде Атығай, қарауылдан отыз кісі құда, күйеуім жатыр деді, — деп еді. Мына жабдық ұзататын қыздікі болды, — деді бержабай.

— Жоқ, Сүке, бұл жабдық қыздікі болмады, біздікі болды, — деп Шақшай күлді.

Жексенбайдың қызының жасауы үлеске түсті. Үйіне мал сойылған ұрыдай Сүлеймен қатынымен екеуі екі сыбаға болып кірді. Бұл бес кісі олжаны қалай аламын десе де нәрсе жеткілікті. Жігіттердің өздері түгіл ұзатылған апасы, қарындасы, жеңгесі, жиен қызы, ағасының қызы, жолдасының қалыңдығы, ұмытылған көңіл жетерлерінің барлығы да сырттан сыбаға алып, қарық болып қалысты.

— Өй, сен неге алмай отырсың? — деді Шақшай Мәмбетке.

— Алындар, мен алмаймын, — деді Мәмбет.

— Неге алмайсың?

— Алғым келмейді.

— Әкең халфелеу адам деп еді, арамсынып отырсың-ау, ә? — деп Шақшай шаншып қойды. Мәмбет:

— Жоқ, алындар, жігіттер. Мен арамсынып отырғаным жоқ, бірақ алғым келмейді. Жексенбайды... — деді тоқтап

лып, — Жексенбайды... түнеугі полицейге ұрғызатында тірі болсам қарынынды бір жарқыратармын деп едім...

— Е, Жексенбайдың қарны жарқырағаны осы да!.. Осыдан артық Жексенбайға сен не қылушы ең? — деп қойды Сүлеймен.

— Өзім де солай деп отырмын. Қабан Жексенбайдың қарны жарылғандай болды ғой... бірақ сол иттен қыл бүлдірге алғым келмейді... — деді Мәмбет.

— Е, ондай сопылығыңды өзің білесің, бірақ сенің сыбағаң біздікінде қалу керек, — деп бержабай жаландады.

— Алыңыз...— деді Мәмбет.

— Шеркес Қали біздей көрсеқызар емес, бой сақтап отыр ғой, ертең жөні біліне қалса қыл шайнап, дән жұтқан жоқ едім деп шыға келуге... — дегенді айтып, Сатан қалжындады.

— Жоқ, жолдастар, ондай бықсық ойдың адамы мен емеспін. Кемеге мінгеннің жаны бір, Жексенбайдың пәлесін бірге көреміз. Жексенбай доңыздың тауығының аяғын сындыра беруге қандай күнәдан болса да мен қашпаймын, — деді Мәмбет.

— Е, солай десеңші, меніңше Жексенбайлардан біз кекті өмірге алып бітпейміз, — деді Сатан.

— Е, әзір Жексенбайлар асып тұр ғой... оның иығына көрнеу шығуды құдай бізге әлі жазған жоқ. Бірақ бізге де күн туар... түнеукүнгі қаланы күңірентіп, қан жылап кеткен керейдің көп жігітінің көз жасы Жексенбайларды қалай аман-ақ жібере қояды... — деді Мәмбет.

— Мейлі, онікі зорлық, біздікі ұрлық. Өстіп епеп кек ала береміз де, — деді Шақшай.

— Соң, қаһар соққыр, Жексенбай болыс, шушы тазның бізнікіне келгенін білсе еді, абау, құдайым!.. — деп Мұқсина әлденеден қорыққандай болып, ауызын аңырайтып тұра қалды.

— Тек, қатын, сұбқаналла де. Оның бетін құдай аулақ қылсын... — деп бержабай ішінен дұға оқыды.

— Жігіттер, мұнымен кек бітпейді, — деді Шақшай.

— Е, қайткенде бітеді? — деді Мәмбет.

— Осы үйге үш боздың бірін соғымға сойып бермеген соң, менің көңілім көншімейді... — деді Шақшай.

— Не қылса да, Жексенбайлардан алатын кегіміз әлі алдымызда, — деді Мәмбет.

– Ну, айт соң кімнікі? Мен шул тазны Ганшин магазинінде көрген шикілді болам, — деді Мұқсина.

Бұлар легенді айнала отыра қалысып таңуын шешкенде, үлкен жез шылапшынның қарны жарылды: екі топ жібек барқыт, екі пайы, екі топ дүрие, американский қисық табан хромнан екі пар әйел етігі, қызылды-жасылды үш жібек салы, шар айна, ішін өңшең жұпар сабын мен иісті майға сықап толтырған айналы қол шамадан, тағы, тағы толып жатқан нәрселер... қойшы әйтеуір жез шылапшынды жарғанда Ганшин дүкені ақтарылып түсті.

— Кәні, айтыңдаршы, бұларың кімдікі? — деді бержабай.

— Жексенбайды өкірттік! — деді Шақшай.

— Ә, болды, болды, — деп бержабай бір нәрсені тауып алған сияқтанды.

— Немене болды, Сүке?

— Жексенбай қызын ұзатқалы жатыр деп еді...

— Қызын кімге беріп еді?

— Қызылжардағы Дайрабайға... бүгін базарда Жексенбайға Рақымбай жолыққан екен, бала ұзатайын деп едім, үйімде Атығай, қарауылдан отыз кісі құда, күйеуім жатыр деді, — деп еді. Мына жабдық ұзататын қыздікі болды, — деді бержабай.

— Жоқ, Сүке, бұл жабдық қыздікі болмады, біздікі болды, — деп Шақшай күлді.

Жексенбайдың қызының жасауы үлеске түсті. Үйіне мал сойылған ұрыдай Сүлеймен қатынымен екеуі екі сыбаға болып кірді. Бұл бес кісі олжаны қалай аламын десе де нәрсе жеткілікті. Жігіттердің өздері түгіл ұзатылған апасы, қарындасы, жеңгесі, жиен қызы, ағасының қызы, жолдасының қалыңдығы, ұмытылған көңіл жетерлерінің барлығы да сырттан сыбаға алып, қарық болып қалысты.

— Өй, сен неге алмай отырсың? — деді Шақшай Мәмбетке.

— Алыңдар, мен алмаймын, — деді Мәмбет.

— Неге алмайсың?

— Алғым келмейді.

— Әкең халфелеу адам деп еді, арамсынып отырсың-ау, ә? — деп Шақшай шаншып қойды. Мәмбет:

— Жоқ, алыңдар, жігіттер. Мен арамсынып отырғаным жоқ, бірақ алғым келмейді. Жексенбайды... — деді тоқтап,

— Е, Жексенбайды... түнеугі полицейге ұрғызатында тірі болсам қарынынды бір жарқыратармын деп едім...

— Е, Жексенбайдың қарны жарқырағаны осы да!.. Осыдан артық Жексенбайға сен не қылушы ең? — деп қойды Сүлеймен.

— Өзім де солай деп отырмын. Қабан Жексенбайдың қарны жарылғандай болды ғой... бірақ сол иттен қыл бүлдірге алғым келмейді... — деді Мәмбет.

— Е, ондай сопылығынды өзің білесің, бірақ сенің сыбағаң біздікінде қалу керек, — деп бержабай жаландады.

— Алыңыз...— деді Мәмбет.

— Шеркес Қали біздей көрсеқызар емес, бой сақтап отыр ғой, ертең жөні біліне қалса қыл шайнап, дән жұтқан жоқ едім деп шыға келуге... — дегенді айтып, Сатан қалжыңдады.

— Жоқ, жолдастар, ондай бықсық ойдың адамы мен емеспін. Кемеге мінгеннің жаны бір, Жексенбайдың пәлесін бірге көреміз. Жексенбай доңыздың тауығының аяғын сындыра беруге қандай күнәдан болса да мен қашпаймын, — деді Мәмбет.

— Е, солай десеңші, меніңше Жексенбайлардан біз кекті өмірге алып бітпейміз, — деді Сатан.

— Е, әзір Жексенбайлар асып түр ғой... оның иығына көрнеу шығуды құдай бізге әлі жазған жоқ. Бірақ бізге де күн туар... түнеукүнгі қаланы күңірентіп, қан жылап кеткен керейдің көп жігітінің көз жасы Жексенбайларды қалай аман-ақ жібере қояды... — деді Мәмбет.

— Мейлі, онықі зорлық, біздікі ұрлық. Өстіп епте кек ала береміз де, — деді Шақшай.

— Соң, қаһар соққыр, Жексенбай болыс, шушы тазның бізнікіне келгенін білсе еді, абау, құдайым!.. — деп Мұқсина әлденеден қорыққандай болып, ауызын аңырайтып тұра қалды.

— Тек, қатын, сұбқаналла де. Оның бетін құдай аулақ қылсын... — деп бержабай ішінен дұға оқыды.

— Жігіттер, мұнымен кек бітпейді, — деді Шақшай.

— Е, қайткенде бітеді? — деді Мәмбет.

— Осы үйге үш боздың бірін соғымға сойып бермеген соң, менің көңілім көншімейді... — деді Шақшай.

— Не қылса да, Жексенбайлардан алатын кегіміз әлі алдымызда, — деді Мәмбет.

20—1016

ТАСҚЫН

Төртінші тарау

«ҚАЙТ, ҚАРАҒЫМ»

Күзден бері жаңбырмен былығып тұрған Сібір суытып, қар жауды. Ертістің мұзы қатты. Ел жігіті алынып, ретретімен майданға жүргізіліп кетті. Пароход тоқтаған соң Арқаның «зимовщик» жігіттері қала-қаланың әр жеріне сіңіп, пайдаға орналасты. Мәмбеттер жылдағы дағдысы бойынша пароход компаниясындағы Ганшин байдың ломовойына жемшікке кірмек болды. Мәмбеттің жолдастары Газбекқара, Нұраділ, Көлке, тағы басқа жігіттер барлығы байдың қорасындағы үлкен казарма сықылды лапастау үйде жатады. Жылдағы әдетінше бір-бір ат-шананы меншіктеніп, қаладан вокзалға, вокзалдан қалаға күні-түні шықырлатып жүк тартады.

Бір күні ойдағы жоқ жерден Мәмбеттің әкесі Тұздыбай келіп қалды. Келе баласын көріп жылады, қуанды:

— Қарағым, сені де аман көрдім-ау! — деп көзінің жасын сүртіп, жаздай елмен бірге қан жылап, у жұтқанын айтты. Мәмбетке жатып жабысты.

— Үйге алып қайтқалы келдім, қалаң құрсын, қайт, қарағым!..

Мәмбет үйін бірнеше жылдан бері көрген емес. Баяғы балуан Боранқұлға еріп кеткеннен кейін ол әлі қалада жүр. «Балаң итжеккен жаққа кетті» дегеннен былай Мәмбеттің қайда жүргенін Тұздыбайлар білмейтін. Мәмбеттің көңлі ауылға тартпайды. Кейін басқысы келмейді. Оған түзде жүру, қала қызық сияқтанады. Күн сайын ілгері басқысы келеді. Тұздыбай кейін баласының Омбыда жүргенін естіген соң іздеп келмек те болған. Бірақ елден шашырап келіп

жүрген қалашылардың Мәмбет туралы жеткізген хабары қоңыр салқын болды. Соны естіп үй іші Мәмбетті іздемей жата берген. Әкесінің сырт естуі: Мәмбет жазда пароходта грузщик, қыста қалада зимовщик болып, жемшікте жүреді. Ел ойына тіпті келмейді. Үй ішін көп сұраспайды. «Сірә қайтпас» дегеннен сырттап жататын. «Осындай қашып жүрген кісі бар, соны айдатып жіберсеңіз екен» дегізіп, болыс арқылы Омбының оязына қағаз да түсірткен. Бірақ ол қағазбен Мәмбетті таба алған жоқ. Тұздыбай онан әрі қайрандап қалған.

Ел жігіті майданға алынатын болып, списке жасалғанда болыс тағы Мәмбетті қашып жүрген адам деп көрсеткен еді. Бұл жолғы қағаз Мәмбетті тура тапқан да. Қағаз бойынша Мәмбетті жұмыста жүрген жерінен ұстап алып, Омбының пристань жағындағы участковой атаманы қашқын ретінде қаладан жиналған жігіттің списогіне жазып алған. Бұл Жексенбай болыс жігіттерді жөнкілтіп айдайтыннан кейін.

Сонымен Мәмбет өзі сықылды қашқан жігіт қатарында ұсталып, қазынаның қолына өткен. Бұларды майданға жүргізуге қам қылып жатқанда Ертістің пароходын жүргізіп тұрған Ганшин компаниясы үкімет алдынан сұранып жүріп алып қалған. Сөйтіп Мәмбет бұл ылайсаң жылдың жазында елді көрмей қалада жүріп, болыстың құғын қағазымен қазына жұмысына ұсталып қалған.

Тұздыбай «қайт, қайт» деп ертенді-кеш Мәмбеттің құлағының құрышын жеді. Мәмбет быж-быж болды. Тұздыекең отағасы Мәмбет босаған сайын қадалды:

— Сені шешең көрмегелі бірнеше жыл болып барады. Бұл не? Төңірегіміз Тұздыбайдың баласы шоқынып кетті, орыс болып кетті деп өлтіріп жүр. Дүниесі құрсын, қарағым, тым болмаса дос-дұспанымызға төбенді бір көрсетіп қайт! — деп отырып алды.

Ақырында Мәмбет босады. Шал жеңді. Кемпір, шалдың көңілі үшін қайтқысы келді.

Қаладан киім-кешек, керек-жарағын алысты. Жолға түйініп алып, қалада қалған жолдастарына қоштасты да, әкесімен ауылына қайтты.

Мәмбетті үйге алып келген соң Тұздыбайдың екі езуі құлағына жетті. Мал айтып сойды. Жұрттың баласы сол-

датқа кетіп, әр үйдегі әке-шеше күл көсеп, жылап-сықтап отырғанда Тұздыбайдың баласы төредей киініп аман-есен үйіне келді ғой. Бұған Мәмбеттің әке-шешесінің төбесі көкке бір-ақ елі тимеді. Шешесі байғұс Мәмбетке екі көзін тойдыра қарайды: анау жылғы Боранқұлға қосып жібергендегі қаршадай Мәмбеті қазірде соқтандай жігіт болыпты. Баяғы бала күніндегі қаспақ-қаспақ болып, емшекке үйкелейтін әжесінің бармағындай мұрны, бұл күнде қырланыпты, екі беті толып, қасы дөңгеленіп, жалт-жұлт еткен әдемі қоңыр ала көзі аса сүйкімді болыпты. Тебіндеп келген мұрты да болып қалыпты. Баяғы қап шекпен үстінде жоқ. Кавказ кепеш киіп, қанжар асынып отыр. Бұл өңірде мұндай киімді кім бар? Құдай-ау, тіл-көзіңнен сақта! — дейді шешесі. Мәмбеттің өсіп алғанын, өзгергенін көрген Тұздыкең өзінше ойлайды. Мәмбет қазір қазақ түгіл орысқа да «былай тұршы!» деуге жарап қалған сықылды. Осындай ұлдың әкесінде арман бола ма? «Тәубе деу керек қой» деп ішінен есептейді де:

— Құдай-ау, бергеніңе шүкір! — деп қояды.

Тұздыбай мен қатыны Мәмбеттің келуімен өркештеніп кетті. Ауыл-үй, көрші-қоларға Мәмбетті қыстырмай сөйлемейтін болды. «Біздің Мәмбет сөйтіпті, біздің Мәмбет бүйтіпті», — деп, өзінен-өзі жыбырлап отыратынға ұшырады. Омбыны — «Мәмбеттің қаласы», пароходты — «Мәмбеттің пароходы», — деп отыратын болды.

Биыл Мәмбеттің үйі Аманбай деген ауқатты ағайындарының қосын қыстаған екен. Аманбайдың күйеуге беріп отырған бой жеткен қызы өліп қалған соң Тұздыбай үйін өз қасына көшіріп алған еді.

— Біз өлімді-жітімді болып қалдық қой. Келімді-кетімді кісі болса да сендер бізбен бірге болғандарың лайық болар, — деп Аманбайдың қара бәйбішесі Тұздыбайдың әйелін қасына қолқалап алған еді.

Тұздыбайлар Аманбайдың қасына келгелі қонақтан көз ашқан жоқ. Өлген қызға құран оқып, көңіл айтып, қоныптүстенуші аз емес. Тіпті бір күні болыстың өзі де құран оқи Аманбайдікіне түсіпті.

Үйіне түскен болыстарды түстендіріп отырып, Аманбай Тұздыбайдікіне өзі кірді. Тұздыбайға болыстың өзі үйіне елеп түскендігін айтып, масаттанып отырып, Мәмбетке:

— Бар, сен болысқа сәлем бер; сәлем бермей қалсаң көңіліне келеді, — деді. Мәмбет ойланып қалды. Тұздыбай да қалбалақтап:

— Бар, қарағым, сәлем беріп шық! — деп Аманбай алдында қошеметкей болды. Мәмбет ойланып отырып, «Барсам барайын!» — деп Аманбаймен ілесіп сонда кетті. Бұлармен бірге Тұздыбай да жүруге түрегелді.

— Ассаламағаликім! — деп Аманбайдың артынан Мәмбет кіріп келді. Үй ішінде бес-алты кісі бар екен; болыс жастық қойдырып, төр алдында шылым шегіп, жантайып жатыр еді. Қалаша киім киген жып-жинақты жас жігіт жылы жүзбен аяқ астынан сәлем бергенге болыс та қыбажандап қалды.

— Уағалайкүмұссалам! — деп таңырқай қарады.

— Сен кім баласысың? — деді болыс Мәмбетке.

— Мына кісінің баласымын, — деп қасындағы әкесін көрсетті.

Сол жерде сөзге қыстырылуға ойлаған Аманбай қақырып тастап, Мәмбетті болысқа таныстырды:

— Бұл Тұздыекеңнің қалада жүретін баласы. Бірнеше жылдан бері ауылға келмеген еді. Жақында Тұздыекең өзі барып алып қайтты.

Болыс ыңыранып, елге өзінің білімін көрсеткісі келді ме, жоқ қаладан келген малайды сынайын деді ме, Мәмбетке тікеленіп:

— Сен па русский знайыш? — деді.

Мәмбет болыс сөзіне орысша тез жауап қайырып:

— А, какжы, я так грамотный, — деді.

— Малодец! Бері, мына жерден отыр! — деп болыс жанына шақырды.

Мәмбет келіп болыс нұсқаған жерден орын алды. Баласының болысқа іркілмей орысшалап жібергенінің артынан болыстың қошеметімен тақ тізесіне таман отырғанына Тұздыбайдың төбесі онан арман аспандады. Шоқтығы шығып, өзгелерге «бәлем, жай қалай?» — дегендей жан-жағына қаранып, сақалын екі-үш рет сипап қойды.

— Тұздыбай, балаң ер жетіп қалыпты ғой! — деп болыс Тұздыбайға да жауап қатты.

— Е, құдайға шүкір, болысеке, өзгедей болмаса да, мына Жақсыбайдай болды, — деді Мәмбеттің әкесі. Оған Жақсы-

бай жасып қалды. Ол болыстың қасына еріп, жанын қорғап жүрген ұры еді. Болыс тағы сөз бастап:

— Тұздыбай, балаң жетіп жігіт болыпты. Келін алатын кезің болған екен! — деді.

— Е, құдай қаласа ойда бар, болысеке! — деп Тұздыбай тықырқай бөркін маңдайына таман қозғап қойды.

Үй ішіндегі болыс бастап, әкесі қостап жатқан сөз төредей мөлдіреп отырған Мәмбеттің маңызын соншалық төмендетті. Мәмбеттің үстіне ауыр жүкті арта салған сияқтанды. Ол «күйеуі кім?» деген сөзді естіген қыздай қызарып, жоғары қарай алмады.

Болыс тағы сұрап:

— Мұның қайны бар ма еді? — деді. Тұздыбай сақалмұртын сипаланып жіберіп:

— Жоқ әлі. Бірақ ойланған адам бар, — деді. Мәмбеттің үстіне ыстық сорпа төгілгендей тітіркеніп кетті.

— Ойланған адамың кім? — деп болыс сұрады.

— Біз алысқа шабатын әлді кісі емес қой. Өзіміздің осы қырқым жатақтың төңірегінен ұзамаспыз... — деді Тұздыбай.

Сөзге Аманбай тағы қатысып:

— Келдіғұлда бір қызалақ бала бар, Тұздыекең ойы сонда, — деп әңгіменің артын ашты. Бұл Мәмбетті бізбен шаншып алғандай болды.

— Қай Келдіғұл? Анау әлгі кетік қара қатынның байы ма? — деді болыс.

— Ия, өз ағайынымыз, — деді Тұздыбай, — баласы әлі жас. Жылында бір берсек те құрық алып кететін кісі емес қой. Осыған әйтеуір, ұзын арқау, кең тұсау қылып, тілеу етіп қойсақ па дейміз, болысеке...

Болыс Тұздыбайдың бұл ойын қошеметтеп:

— Жарайды, жарайды. Балаң жігіт болған екен, енді келін керек саған! — деп сыздаусыды. Мәмбет орнынан ұшып түрегелді.

— Қайда барасың, Мәмбет, мына кісілермен бірге тамақ же! — деп Аманбай сөйлеп қалды. Оған Мәмбет қараған жоқ. Далаға шығып үлгірді. Мәмбет Аманбайдікінен шыққанда, Жақсыбай ұрыдан жылқы сұрап, би-болысқа арыз қылып жылап жүретін балжыр ауыз Ақмади деген қаракесек те болыс отырған үйге түсті.

ҚЫР ҚАҚПАНЫ

Мәмбет ауылда бір ай тұрды. Ол осы айдың ішінде сыртынан да, ішінен де әбден жүдеді. Екі көзі алайып, құлағы қалқиып, сүзектен тұрған адам сияқтанды да қалды. Бірақ Мәмбет ауырған жоқ. Оның ауруы ішінде еді.

Мәмбетке ауыл көптен бері үйреніп қалған қаладай болмады. Ың-жың болып адам қайнап жатқан көңілді, екпінді тіршілік жоқ. Айдалада, айнала аппақ қар. Сол шетсіз, шексіз ақ дарияның бір жерінде қарайған бір шоқ қыстау. Ол қыстаудың өзі жансыз өлік сықылды. Мал аз, адам санаулы. Керек десе ауылдың иті де үрмей тұмсығын бұтына тығып, тек жатады. Суықта су ішкен бірлі-жарым сиырлар қалтырап күні-түні қорадан шықпайды. Қырда құс жоқ, тек жаман қарға мен сауысқан қалған. Қырдың күні көбінесе тұманда өтеді. Аманбайдың малы отар кетіп, байдың аулы да кедей сықылды. Өздері екі ғана атпен қалғандықтан, ауыл маңында қоянның шиырынан бөлек із де түспейді. Күні ұзын ұршық иіріп Келдіғұлдың қатыны Тұздыбайдікінен шықпайды. Оның үстіне ол қатын қара шұнақ қызын қасынан тастамайды. Мұрнын бір тоқтамай тартатын, тұлымына теңге қадаған, қарны салбыраған батырақ көз қара қыз Тұздыбайдың айтуынша Мәмбеттің қалыңдығы осы! Масқара! Бұл Мәмбетті қалай жүдетпесін! Жалғыз Тұздыбай емес, елдің бәрі де осылай деп ұғынады. Тұздыбай келіні, мына Мәмбеттің алатын әйелі осы қара қыз; жұрт мұны көптен ұйғарып, кесіп-пішіп қойған екен. Келдіғұлдың үйі де осы тілеудің үстінде. Ол үй Тұздыбайдың малы емес, тіпті мал алмаса да Меруертін Мәмбетке беруді мұрат қылады. Сонан шығар, қара қатын Тұздыбайдың үйін өзгеден көрі өз үйім деп келіп, ұршығын иіреді де отырады. Ал бұл Мәмбетті қалай тыныш қойсын? Мәмбеттің сыртын сүзектен тұрғандай етіп, ішінен дерт болған ауру осы ауырлық еді, Мәмбет қанша көңілін көтерейін десе де осыны ойлағанда өзен-көңілінен заулап келе жатқан пароходы қайырға отырып, дәт дейтін еді. Ол әбден жүдеді. Тұздыбайлар өзінше, Мәмбет өзінше ойлайды. Тұздыбайдың ойынша: Мәмбет енді үйде болсын. Үйде болу үшін оның аяғын шырмау керек. Енді баламыз қалаға қаңғымай ауылда болса да аштан өліп, көш-тен қалмай-

бай жасып қалды. Ол болыстың қасына еріп, жанын қорғап жүрген ұры еді. Болыс тағы сөз бастап:

— Тұздыбай, балаң жетіп жігіт болыпты. Келін алатын кезің болған екен! — деді.

— Е, құдай қаласа ойда бар, болысеке! — деп Тұздыбай тықырқай бөркін маңдайына таман қозғап қойды.

Үй ішіндегі болыс бастап, әкесі қостап жатқан сөз төредей мөлдіреп отырған Мәмбеттің маңызын соншалық төмендетті. Мәмбеттің үстіне ауыр жүкті арта салған сияқтанды. Ол «күйеуі кім?» деген сөзді естіген қыздай қызарып, жоғары қарай алмады.

Болыс тағы сұрап:

— Мұның қайны бар ма еді? — деді. Тұздыбай сақалмұртын сипаланып жіберіп:

— Жоқ әлі. Бірақ ойланған адам бар, — деді. Мәмбеттің үстіне ыстық сорпа төгілгендей тітіркеніп кетті.

— Ойланған адамың кім? — деп болыс сұрады.

— Біз алысқа шабатын әлді кісі емес қой. Өзіміздің осы қырқым жатақтың төңірегінен ұзамаспыз... — деді Тұздыбай.

Сөзге Аманбай тағы қатысып:

— Келдіғұлда бір қызалақ бала бар, Тұздыекең ойы сонда, — деп әңгіменің артын ашты. Бұл Мәмбетті бізбен шаншып алғандай болды.

— Қай Келдіғұл? Анау әлгі кетік қара қатынның байы ма? — деді болыс.

— Ия, өз ағайынымыз, — деді Тұздыбай, — баласы әлі жас. Жылында бір берсек те құрық алып кететін кісі емес қой. Осыған әйтеуір, ұзын арқау, кең тұсау қылып, тілеу етіп қойсақ па дейміз, болысеке...

Болыс Тұздыбайдың бұл ойын қошеметтеп:

— Жарайды, жарайды. Балаң жігіт болған екен, енді келін керек саған! — деп сыздаусыды. Мәмбет орнынан ұшып түрегелді.

— Қайда барасың, Мәмбет, мына кісілермен бірге тамақ же! — деп Аманбай сөйлеп қалды. Оған Мәмбет қараған жоқ. Далаға шығып үлгірді. Мәмбет Аманбайдікінен шыққанда, Жақсыбай ұрыдан жылқы сұрап, би-болысқа арыз қылып жылап жүретін балжыр ауыз Ақмади деген қаракесек те болыс отырған үйге түсті.

ҚЫР ҚАҚПАНЫ

Мәмбет ауылда бір ай тұрды. Ол осы айдың ішінде сыртынан да, ішінен де әбден жүдеді. Екі көзі алайып, құлағы қалқиып, сүзектен тұрған адам сияқтанды да қалды. Бірақ Мәмбет ауырған жоқ. Оның ауруы ішінде еді.

Мәмбетке ауыл көптен бері үйреніп қалған қаладай болмады. Ың-жың болып адам қайнап жатқан көңілді, екпінді тіршілік жоқ. Айдалада, айнала аппақ қар. Сол шетсіз, шексіз ақ дарияның бір жерінде қарайған бір шоқ қыстау. Ол қыстаудың өзі жансыз өлік сықылды. Мал аз, адам сананулы. Керек десе ауылдың иті де үрмей тұмсығын бұтына тығып, тек жатады. Суықта су ішкен бірлі-жарым сиырлар қалтырап күні-түні қорадан шықпайды. Қырда құс жоқ, тек жаман қарға мен сауысқан қалған. Қырдың күні көбінесе тұманда өтеді. Аманбайдың малы отар кетіп, байдың аулы да кедей сықылды. Өздері екі ғана атпен қалғандықтан, ауыл маңында қоянның шиырынан бөлек із де түспейді. Күні ұзын ұршық иіріп Келдіғұлдың қатыны Тұздыбайдікінен шықпайды. Оның үстіне ол қатын қара шұнақ қызын қасынан тастамайды. Мұрнын бір тоқтамай тартатын, тұлымына теңге қадаған, қарны салбыраған батырақ көз қара қыз Тұздыбайдың айтуынша Мәмбеттің қалыңдығы осы! Масқара! Бұл Мәмбетті қалай жүдетпесін! Жалғыз Тұздыбай емес, елдің бәрі де осылай деп ұғынады. Тұздыбай келіні, мына Мәмбеттің алатын әйелі осы қара қыз; жұрт мұны көптен ұйғарып, кесіп-пішіп қойған екен. Келдіғұлдың үйі де осы тілеудің үстінде. Ол үй Тұздыбайдың малы емес, тіпті мал алмаса да Меруертін Мәмбетке беруді мұрат қылады. Сонан шығар, қара қатын Тұздыбайдың үйін өзгеден көрі өз үйім деп келіп, ұршығын иіреді де отырады. Ал бұл Мәмбетті қалай тыныш қойсын? Мәмбеттің сыртын сүзектен тұрғандай етіп, ішінен дерт болған ауру осы ауырлық еді, Мәмбет қанша көңілін көтерейін десе де осыны ойлағанда өзен-көңілінен заулап келе жатқан пароходы қайырға отырып, дәт дейтін еді. Ол әбден жүдеді. Тұздыбайлар өзінше, Мәмбет өзінше ойлайды. Тұздыбайдың ойынша: Мәмбет енді үйде болсын. Үйде болу үшін оның аяғын шырмау керек. Енді баламыз қалаға қаңғымай ауылда болса да аштан өліп, көш-тен қалмай-

ды. Қайта өзі орысша тіл біледі, тіпті мына болыстардың қасына ерсе де, ең болмаса ұры Жақсыбай құрлы болмай ма? Тіпті одан да артық болады. Өзім болсам енді қартайдым. Сақалымды осы қатын-баланы асыраймын деп ағарттым ғой. Енді бұрынғыдай түзге жорта беруге өзім де жарай алмаймын. Көп жорткан көрі қасқырдай енді табанным тиіп жатуға айналдым. Тіземнің сырқырауы жиілеп, белімнің де шойырыла беруі отырғызатын сияқты. Енді бұл баланың қаңғуы тіпті жөн емес. Жұрт қатарлы түтін түтетіп, үй болуы керек. Мұны елде қалдыруға бірден-бір жол — мұның жүреген аяғын шырмау... — деген ойлар.

Мәмбеттің ойынша: мен қырға байласа да тұра алмаймын. Қырға келгенде мен не боламын? Жүністің қойын бағамын ба, Аманбайдың қазанын ұстаймын ба? Жоқ, болыс-тың атын ерттеймін бе? Жоқ, әкемше бақсылық қыламын ба? Мен бұл ауылдың қызметінің біріне жарамаймын. Менің өзім үйренген қала жақсы. Ондағы жарқылдаған жан-жақ күнің-түнің, сағатыңды санап алып отыратын ақшам; қайда барып, қайда тұрсам да өз басымдағы еркім қандай қызық. Қандай еркін! Осылардың бәрінен қол үзіп, өзімді-өзім осы қу ауылдың тұзағына түсуге не үшін қолымды мен байлап берем? Не үшін осы әке-шешем маған міндет қылады? Бұлардың айтатын дауы не? Мені байлауға-матауға осылардың қандай правосы бар? Осылар мені «тудырдық» деп міндет қыла ма? Жоқ, маған жаны ашығандықтан істеймін деген ойы ма? Егер бұлар менен ақша күтіп, асырайды деп міндет қылатын болса, мен бұларды қалада жүргенде де ақшасыз қылдым ба? Шамам келгенше мен осыларға киім-кешек, ақшаны қол үздірмей жіберіп отырмаймын ба?..

Маған әлі ауылға қайтуға ерте, әлі қалада жүре тұрамын... Ауыл көнілсіз...

Ал бәрінен де мұнысы қызық. Маған Келдіғұлдың жас қызын айттырмақ болады. Мәмбет кім? Келдіғұлдың кішкене Меруерті кім? Ол бала, мен жігіт. Мен тіпті бауыздаса да сол баланың қойнына жатармын ба? Мен қалада әдемі Мариялармен, қылықты Нәписалармен жүрген жігітпін. Орыс вечеркелерінде, татар спектакілдерінде, қазақ қымызшыларында жүрем ғой. Мен ойнаған жігіттердің алдыңғы қатарында жүретін, кавказдың қара ала қанжарын

асынған Шеркес Қали емеспін бе? Жолдастарыммен бірге қала-қаланың тәуірін татқан, қол жетпесін алып қызықтаған, көк лампылы үйлердің сырасын ішіп, сұлуын құшып, ұмтылған сұлуымды сүйіп жүргенімді осы әке-шешем біле ме екен? Жоқ, мен әлі баяғы қаспақ мұрын Мәмбет деп түсіне ме екен? Маған қалайша қарсылық қылады? Қалайша маған Келдіғұлдың кекілді қара баласын құшақтатпақ болады? Бұлар не үшін өздерін маған әмірші есебінде ұстайды? Айтшы әлі, осылардың не правосы бар? Жоқ, бұлар менің әке-шешем ғой. Мені «балам» деп үміт етеді. Осыларды маған зиян ойлайды деп қалай айта алармын. Бұлар мені үйлендіріп, келін түсіріп, бала қызығын көрмек. Бір ойдан бұлардікі жөн ғой. Әлі мен кім болармын. Қазір өзге жігіттермен бірдей пайда іздеп қалада жүрмін. Мен сияқты талай жігіт жүр. Олардың да елі, әке-шешесі бар. Олардың да бірсыпырасы мал тауып, еліне қайтып жатыр. Еліне барып қатын алып, шаруа құрап жатыр. Мен де солай болмайым ба? Мен де елден осы кеткенім кеткен деп кете аламын ба? Әрине, жоқ. Бүгін болмаса ертең, биыл болмаса ендігі жыл, әйтеуір, елде болам ғой. Сонда, әрине, үйлену, үй болу, өмір сүру керек. Оны осы бастан ойлайтын әкем мен шешемдікі неге қисық болсын...

Жоқ, сөйтсе де бұлар мені ұсақтатып жіберді. Өзінше ойлайтын шығар. Олардың көзінде мен өзінің баласы, әлі баяғы балағын жинайтын қара домалақ ұлы; мені бұлар өз айналасымен салыстырып, өзіндей өзгелердің балаларымен теңейтін шығар. Өздерінің өмірге келе жатқан жоқшылық тұрмысын осы күйінде сақтап, атадан балаға өткізіп отыру үшін мен бұларға керек шығармын. Мен де осы әкемнің өзіндей болып, осы қара шаңырақтың құрымына мұрагерлік істеп, қырда қалуым керек шығар. Бұлардың көргені, білгені осы айналасындағы сұр өмір болған соң, бұлар мені өзінше осылай адам қылмақ шығар... Бұлардың ол қараңғылығын мен айыптап қайтемін. Жалғыз бұлар емес қырдағы тұрмыс, әдет-ғұрып, ата салтының бәрі осы ғой. Жалғыз менің әкешешем мен Келдіғұл ғана емес, барлық ел осы ретпен үйленіп, осы салтпен өмір өткізіп келе жатқан жоқ па? Ел бастаған болыстың өзі мені үйлендіру керек деп әкемді желіктіріп кеткен жоқ па, осындай салттан, осындай қараңғылықтан аман бол деп әкем мен шешемді қалай кінәлаймын? Олардың білгені сол, көргені осы...

Сөйтсе де, мен өзімді сонша басындырмауым керек. Бұға берсе, сұға береді бұл қазақ. Мен бұларға айтуым керек. Бұлар менің анық ойымды білсін. Әйтпесе әке-шешем мені сыртымнан сатып жібереді... — деген ойлар.

* * *

Бір күні түнде отырғанда Мәмбеттің шешесі Келдіғұлдың қатыны туралы сөз шығарды.

— Айша байғұс айтады: «Құдай оған жеткізіп, Меруертім мен Мәмбетімнің дәрет суын жылытып беріп отырсам, арманым жоқ» дейді, — деді.

— Апа! — деді Мәмбет.

— Әу, қарағым!

— Менің сенен бір тілегім бұдан былай Келдіғұлдар туралы сөзді доғарыңыз.

— Неге, қарағым?

— Сол.

— Ұяласың ба, қарағым?

Мәмбет одан әрі ыза болды.

— Мен осы сендерге қатын әпер деп қашан айттым?

— Сен айтқан жоқсың ғой, қарағым. Саған қатын әперу ата-ананың қарызы, балам...

— Мен сіздерге қатынды қарыз қылмай-ақ қояйын!

Тұздыкең әйелі мен баласының бұл сөзіне жасық намазында тұрып құлақ қойды. Намазының сабағын да ұмытып қалды. Бар ойы Мәмбет сөзінде болып, жан-жағына жалақтап сәлем берді де жалма-жан шала батамен жайнамазын жинады. Өзі сөйлей түрегелді.

— Балам, саған қатын алып бермей қалаға қаңғытып қоя алмаймыз ғой, — деді. Мәмбет оған да тіке тартты.

— Мен қалаға қатын үшін қаңғып жүргенім жоқ қой, көке.

Тұздыкең де әкелігін бұлдап, әңгімені көтерді.

— Сен не айтсаң да орыс бола алмайсың, балам. Қатын алып, түтін түтетіп, тілеу тілеп отыратын қыр қазағының бірісің, балам... Оны ұмытпауың керек, — деді әкесі.

— Мен орыс болам деп отырғаным жоқ, көке.

— Ендеше жұрт қатарлы ел салтымен қатын аласың, балам.

— Қатын алармын-ау, алғанда сол Келдіғұлдың қызын алады деп ойламаңыздар. Бұл туралы бұдан былай маған естіртпеңіздер! — деді Мәмбет.

Әке де, шеше де Мәмбеттің келте қайырған сөзінен кідіріп, біраз үндемей отырысты. Олардың көңіліне Мәмбеттің айтып отырғаны «әншейін» сияқтанды. «Ат айналып қазығын табады» деп, түбі қайда барар дейсің деген-нен басқа миларына кірмеді. Аздан соң Тұздыбай жайланып қана:

— Әл-шамамызға қарағанда Келдіғұлдан бізге оңай түсетін құданы таба алмай отырмыз. Өз қолы месекерлі. Осы үй деп өліп жүр. Баласы әлі жас. Өзіміздің жан ауыртпай жайымызға қарайтын ағайын. Бұдан үлкен қызды алуға қазір бізде шама жоқ. Келдіғұлдың баласы жеткенше, әйтеуір уәделі малын толтырамыз...

Тұздыбай осыны сөйлеп отырғанда Мәмбет жаратпай тысқа шығып кеткен еді.

Мәмбет оттан алып лақтырған шаладай далаға шықты. Далада соқыр тұман еді. Оған үйдегі сөздер тіпті ауыр болды. Өзі білермен қиқар әкесі мен аңқау шешесін ұғындыру өте қиынға соқты. Үйден шығып, күркесінің қасында күрсініп, ауыр ойланып тұрған жердегі жалғыз Мәмбетке мынау айналадағы қараңғы түнді кетіріп, басқан тұманды қолымен серпіп тастау қандай қиын болса, қырды басқан қараңғылықты, ауылдың ата салтынан құтылуы сондай қиын еді.

Ол осы жерде жападан-жалғыз, шыбындай әлсіз еді. Сондықтан сол ауылдан қалаға қашқанша асық болды. Сол күнгі түннен былай дала Мәмбетке тарылды. Не үйдің ішінде, не далада Мәмбет сыйып отырарлық жер қалмады.

Ертеңіне бір мырзаға сағатын сатты да, жолдық ақшасы болған соң қалаға қайтып кетті.

Әке-шешесі Мәмбеттің кетуіне ырза болмай жүрді, араз күйінде қалды.

ОРЛОВ

Мәмбет қалаға келген соң, өз жолдастарына қосылды. Жігіттер де Мәмбет кеткендегі орны-орнында қызмет істеп жатыр екен. Мәмбет те жігіттердің ортасына келіп, өзі тас-

тап кеткен жұмысын қайтып алды. Өзіне берілген ат-арбаны алып, Газбекқара, Нұраділдермен бірге Ганшин байдың жүгін тасуға кірісті. Күндізгі жұмыс, түнгі жолдастардың ортасы Мәмбеттің қырға барамын деп быж-тыж болып бытыраған көңілін жинап, қайта басына түсірді.

Жігіттер байдың қорасындағы кең казарма нарда жатады. Қырық шақты жігіт. Күндіз-түні тоқтамай аязда аттшананы шықырлатып, байдың жүгін тартады. Жігіттерге Катя деген ақ қыз тамақ пісіріп, Тоня деген секпіл бетті қыз үй ішіне қарайды. Жігіттер бір казарма.

Құлазыған қырдың көңілсіздігі қалаға келген күні-ақ ұмытылып, аунап-қунап қалды Мәмбет.

Мәмбет елде жүргенде жігіттердің арасына Орлов деген адам пайда болған екен. Оның қайда істейтінін Мәмбет білмейді. Бұл адам жемшіктермен танысып әшінежәй болып алған. Өзі жайдары, жақсы мінезді, білімді жігіт. Жігіттер арасына келіп-кетіп, хабар-ошарды айтып сөйлеп жүреді. Орлов бүгін де хабарларын сөйлеп келіп жігіттерге сөз салды:

— Сендер ақыны өте аз аласыңдар. Тұрмыстарыңның түрі мынау, кір ылас, жоқшылық. Керек десе барактарыңа от та жағылмайды. Су да құйылмайды. Өздеріңде ешбір ұйым жоқ. Байдан ақы сұрап, сөздеріңді жақтауға ешбір правоны білмейсіңдер.

— Е, жарқыным-ау, сен бізге білген законыңды үйретсеңші! — деді Газбекқара.

— Мен айтсам, алдымен сендер жұмыстарыңды таста. Айтыңдаршы, пожалуйста, осы істеп жүргендерің жұмыс па? Извозчик, ломовой, жемшік, арбакеш... Бір берекесіз жұмыс. Анық жұмысшы боламын, өнер үйренемін деген жігіт өнімді жұмысқа түседі. Темір жол, пароход, завод, фабрикте істеген жұмысшылар ысылады, өнер үйренеді. Бұл арба жегіп, ат айдап, жүк сүйрегенмен не өнер табасыңдар? Айтыңдаршы, көп өмірлерің осымен өтіп келе жатқан жоқ па? — деп Орлов сұрады.

— Е, біз сол өзің айтқан пароходта істейміз ғой.

— Онда да түпкілікті бола алмайсыңдар. Бай бір күн алады, бір күн алмайды, еркі.

— Рас!

— Рас! — деді жігіттер.

— Осы байдан шығыңдар. Ат-арбаны тастаңдар.

— Ал тастадық. Онда біз қайда барамыз?

— Артель-артель болып ұйымдасалық. Профсоюзымызды жасалық. Сонан соң байларға болсын, қазынаға болсын, қылатын жұмысымызды өзіміздің ұйым атынан сөйлесіп алып отырамыз. Бүйтсек байға жем болмаймыз. Ақымызды да көтереміз. Сендерді жеп жүретін өңшең подрядчиктен де құтыласыңдар.

— Жаны бар сөз!

— Жөн-ақ! — деді жігіттер.

Осыдан былай жігіттер мен Орлов арасында ешбір шымылдық қалмайды. Орловты өздерінің біреуіндей, біреуіндей түгіл қамқорындай көріп, етене бола бастады.

— Өзің қайда тұрасың? — деп Орловтан Мәмбет сұрады. Орлов оған жауап қайырып:

— Мен де жұмыскермін. Өздерің құсап әр жұмыста, әр қалада көп жүрген адаммын. Осы қалаға жуырда келгендіктен әлі тұрақты жұмыс таба алмай жүрмін. Жатқан жерім де станса жақта, — деді. Сөзді Газбекқара көтерді.

— Біз сенің айтқаныңды қылып, жұмыстан шығалық. Сонда сен өзің келген пәлені бізбен бірге көремісің? — деді.

— Әрине, мен сендермен біргемін, — деді Орлов.

Жігіттер бүгін Орловпен осы жайында көп сөйлесті. Орлов өзінің жігіттерді бастайтындығын, өз жәрдемін аямайтындығын, қазақ жігіттерін орыс жұмыскерлеріне қосатындығын, өзі өлсе де, тірілсе де жігіттермен бірге болатындығына жігіттердің әбден көзін жеткізді.

Сол күні жігіттердің Орловпен жете танысып, ендігі іске жоба сызғандағы сөздің баукесері мынау болды: жігіттер бұдан былай бір ауыз болып, Орловтың айтқанын қылады. Байға қарсы көтеріліс жасап, жұмысын тастап шығып кетеді. Онан кейін Орловты табады. Орлов жұмысшыларды өзі бастап ұйыстырады. Сөзді осыған құйған соң Орлов кетіп қалды.

ҚАЛЫҢСЫЗ ҚАЛЫҢДЫҚ

Жігіттер Ганшин байдың қорасында жатады. Қайыңның шыбығындай ақ Катя ас пісіреді. Көп жігіттің ортасында тамақ әкеліп береді. Аяк-табақты жуады. Сепкіл бетті То-

нямен екеуі қосылып өлең айтса, қай-қайдағы қайғыны қозғайды.

Мәмбет ауылдан келген соң, осы ақ Катяның көзіне түсті. Неге екенін кім білсін, ол Мәмбетке жан тартып, жақындай бастады. Тамақтың да ығы келіп қалса, жылы-жұмсағын Мәмбетке береді. Көп жігіттің ортасына үлкен шелекпен алып келген сорпаның бетін қалқып, Мәмбетке құятын болды. Асқан еттің де майлы кесектерін Мәмбетке тастап жіберетінді шығарды. Мәмбет ішіп болса, еселеп құяды. Кір-қоңын да жуып қояды. Мәмбетке ұдайы қарап, күліп сөйлеп, жүріс-тұрысында тиісе бастады.

Катяның ойын Мәмбет те сезді. Оған да Катя аса сүйкімді сияқты. Ол да Катяға жақсы көзімен қарап, жақсы сөзімен жанасып, ойнай бастады. Адам көкірегінің қаты көз ғой. Екі көз бір-біріне екі-үш қарасқан соң-ақ ойларын ұғысты: Мәмбет те Катяға бата қимылдап қағысып, түртісе бастады. Өткен-кеткенде мықынынан ұстап қалып та жүрді.

Жігіттердің жатқан жері тар. Қырық жігіт азар сияды. Соңынан келген Мәмбетке орын қалмаған. Ол екі скамейкені қатарластырып, нарда жатқан жігіттердің есік жағында жатушы еді.

Бүгін жігіттер тамағын ішіп жатуға кірісті. Катя аяқ-табақ жуып, пештің отын өшіріп, бірталай айналды. Мәмбет те Катямен жоқ сөзді әңгіме қылып, жатпай отырды.

— Катя, сен қай жақтан?

— Ертіс бойынан.

— Қай жерінен?

— Тары деген қаланы білемісің?

— Неге білмеймін. Пароходпен әрі-бері өтіп жүрген жеріміз.

— Білсең сол қаладан он шақырым жерде ағаш тілетін завод бар ғой, біздің поселке соған таяу.

— Мұнда қашан келдің?

— Осы күзде.

— Не іздеп келдің?

— Қалаға келдім. Жұмыс қылам, ақша табам.

— Әке-шешең бар ма?

— Бар. Бір ағам солдатта.

— Үйіне қайтамысың?

— Не бар қайтып?

— Енді не қыласың?

— Байға тием.

— Өй, пажалоста, байға тисең, сен біздің біреуімізге тисеңші!

— Мен тисем, өзге біреуіне емес, саған тием.

Мәмбет қалжыңдап отырса да, үндемей қалды. Катя сөйлей берді:

— Шын айтам. Мен қазаққа тигім келеді.

— Неге қазаққа тиесің? — деп Газбекқара сұрады.

— Қазақ жақсы ғой.

— Несі жақсы?

Жігіттердің ояу жатқаны күліп жіберді.

— Осы рас айтады. Өзін икемдесек, біреуімізге тиетін шығар, — деді Газбекқара.

— Мұны алсам, мен алам. Өзгең алмайсың, — деді Мәмбет.

— Ал, ал. Саған тисе де, біздің елдің қатыны болғаны ғой... — деп жігіттер күлді.

Катя ыдыс-аяғын жинап, пештің отын сөндіріп, күлін көсеп, төбесін жапты. Жұмысын бітірген соң жігіттерге қосташып кетпек болды. Есіктен шығып кетіп, жаппай тұра қалып, Мәмбетке қасын қағып, ымдап шақырып кетті.

Шам көзі жұмылса да Мәмбет көзі жұмылмады. Оның жүрегі тарсылдап, есіктен шақырып кеткен Катя көз алдынан кетпеді. Қалайда Катя жатқан жаққа бармай жатуға шыдай алмайды. Үйдегі жігіттер қорылдап-пырылдап ұйқыға кеткенін аңдып жатып, орнынан түрегелді.

Катя, Тоня екеуі кухняда жатады. Кухня есігі қорадан кіреді. Мәмбет баракты есігінен ептеп тысқа шықты. Айсыз жұлдызды түн. Үркер төбеден ауып барады. Түн тымырсық аяз. Мәмбет ақырындап кухняның есігіне келді. Есікті ептеп тартып еді, ашылып кетті. Катя ашық тастаған екен. Мәмбет мысықша басып Катяның жатқан жеріне жақындай бергенде, әйелдің ыстық қолы қармалап, Мәмбетті өзіне таман тартты.

Мәмбет қыздың қойнына кіріп, қызықтап, ойнап жатқанда ойына Келдіғұлдың қара шұнақ баласы түсті. Қала ауылдан онан сайын қызық сияқтанып, Катяны қысынқырап құшақтады.

«БАСТАВАЙТ ДЕГЕН ОСЫ!»

Ломовойдағы жігіттер вокзалдан арақ тартып жатқанына бүгін екінші күн, таусылмайтын бір көп арақ. Жігіттер осы Россияның бәрі арақ па екен деп ойлады. Станцадан алған арақты тиісті жеріне орналастырғанша жігіттер қарауылда болады, бұл жүкті қарауылдайтын казак-орыстың солдаты. Мұны Ганшин бай расходымен ұстайды. Бүгінгі қарауылға шығатын Мәмбет, Нұраділдер сөйлесіп қалды:

— Ей, ызнаком, бері келіңдер! Біз, міне көп арақ тартамыз. Әйде, осыдан арақ ұрлап алып, бүгін бір тамаша қылайық!

«Арақ» дегенге казак-орыстардың нәзік жері бұлк ете түсті. Жігіттер де бұларды білмей айналдырмаған екен. Казак-орыстар жабырласып, жылы сөйлесе бастады. Біраз ойласқан соң казак-орыстар арақ ұрласуға сөз байласты.

Ганшиннің көп жемшігі аттарын жегіп, казак-орыс солдаттарының қарауылында вокзалға барды. Арақтан жолшыбай алты шелек арақ алынды. Оның екі шелегін казак-орыстардың қарауылына қалдырып, төрт шелегін жігіттер өздерінің жатқан барағына әкеп тықты.

Кешке шейін жүк тартып, жұмыстан тоқтаған жігіттер түнде келіп өздерінің қорасына кірді.

— Аттар доғарылмасын! — деді Мәмбет.

— Доғарылмасын!

— Қамытта қатсын! — десті өңгелері.

Жігіттер аттарды күндегідей доғармай, келген-келген жеріне қоя салды. Қора толған ат-арба. Қақпаны мықтап бекітті. Қолына қанжар беріп, қақпа алдына бір жігітті күзетке қойды. Сырттан ешкім кіре алатын қаупі жоқ, биік дуалды көпестің қорасы — берік крепость сықылды.

Осы қорадағы үлкен бараста жігіттер жатады. Қораның екінші басында байдың доверенныйы тұрады. Оның үйіндегі телефонмен тура байдың үйімен де, подрядчикпен де сөйлесуге болады.

Мәмбет, Нұраділдер бастаған он шақты жігіт түнде доверенныйдың үйіне келді де есігін қақты.

— Бүгім?

— Ашыңыз, бір асығыс жұмысқа келдік.

Доверенный сасып-сасқалақтап есігін ашты. Жігіттер оны итере-митере үйіне кіріп, сіріңке тартып, лампасын жақты. Доверенный аң-таң.

— Неге келдіңдер?

— Бастовайт еттік! Біз енді мұнда жұмыс қылмаймыз. Түгел расчетымызды беріңіз... әйдә!...

Жігіттердің келуінен кенеп түстеніп, бетінен қаны қашып, қорқып кеткен доверенный:

— Жарайды, расчеттарың туралы мен байға сөйлесейін! — деп телефонды ала бергенде, Мәмбет доверенныйды итеріп қалды да қанжарын суырып алып, телефонды қырқып тастады. Доверенный қалшылдап, үпісі ұшып кетті.

— Жігіттер-ай, бұ не қылғандарың? — деп зыр қақты. Оған Газбекқара жауап беріп:

— Не қылғанды көрмей тұрсыз ба? Бастовайт деген осы! Жігіттер бүгін әбден ашулы. Телефон түгіл қожайындарының да кеңірдегін қырқудан бас тартқалы тұрған жігіт жоқ...

Мына жақтан Мәмбет тұрып:

— Біз енді сіздің байда жұмыс қылмаймыз. Жігіттердің ақысы аз, тұрмысы нашар. Егер өзіңізге жігіттер тимесін десеңіз, жігіттердің ақшасын түгел осы арада қолына саласыз. Әйтпесе бір жігіттің қолынан бауыздаласыз!.. — деді.

Доверенныйда үрей қалмады. Қалбалақтап, қалтасын ақтарып, сандығын ашып, ақша жинады. Жігіттер он минуттің ішінде доверенныйды барлық есеп кітабымен, ақша жабдығымен көшіріп өздерінің жатқан барағындағы жігіттердің ортасына алып келді. Газбекқара гүрілдеп, доверенныйға бұйырды:

— Сіз мына жерге отырыңыз. Кітабыңызды қарап, шотыңызды қағып, осы жігіттердің алатын ақшасын расчет қылып, төлеп бітіріңіз... Біз өзіңізді ортамызға алып, қонақ қылып кетейік! — деді.

Мәмбет жүгіріп кухняға келді.

— Қыздар, қыздар! — деп есігін ұрды.

— Бүгім? — деген Катяның даусы шықты.

— Мен, мен, аш!

Катя Мәмбеттің даусын танып есігін ашты. Мәмбет құшақтай алып, бір сүйіп қойды.

— Ақырын, — деді Катя.

— Айда, тұрындар! Той жасаймыз!

— Неғылған той?

— Екеуінді екеуміз аламыз. Доверенный той қылып берем дейді. Соның тойы! Әйдә, қыздар, қазір тұрындар!

Қыздар қуанып, шала-шарпы киінді. Мәмбетке еріп бараққа келді. Барактағы ұсталып отырған доверенныйды көріп, қыздар аң-таң қалды.

— Бұларың не?

— Бастовайт еттік. Қазір кілетті ашып, бар тамақты әкелеміз... — деп Көлке, Газбекқаралар қыздарды ертіп, доверенныйдың кілетіне кірді. Кілеттен бар тамақты сыпырып алып, доверенныйды ортаға алысты. Арақты әкеліп шелегімен қойды. Жігіттер жабырлай отырысты. «Сен іш, мен ішпен» арақты құлата бастады.

— Катя, Тоня! Міне біз расчет алып байдан біржола кетеміз, сендер қайтесіндер? —деп жігіттер екі қыздан сұрады.

— Бізге де расчет! Біз де сендермен бірге кетеміз!..

— Әй, молодчина. Кел бері, мына арақты ішіндер.

Жігіттер, қыздар қарқылдасып арақ ішіп жатыр. Доверенный әр жігіттің атын оқып, шотымен әуре. Мәмбет қанжарды суырып отырып:

— Іш, қожайын! — деп доверенныйге екі бокал арақ жұтқызды. Үшіншіге келгенде доверенный шотын лақтырып жіберіп:

— Ал жігіттер, мына ақшаны ала беріңдер! — деп бір етек ақшаны жігіттерге итере салды.

— Молодец, доверенный, жарайсың!..

— Доверенный бізбен бірге! — деп жігіттер оған ырза болысып қалды.

Кей жігіттер жарқырап жатқан ақшаны шетінен алуға қол созды. Мәмбет, Газбекқара оларға ақырды.

— Таламандар! Ақша артельге түседі. Есепті Орловтың алдында қыламыз! — деп ақшаны жиып, Нұраділге ұстатты.

Жігіттер жырлап отырып арақ ішті. Ән салысты. Катя мен Мәмбетті, Тоня мен Нәбиді сүйістіріп, орысша, горький-горький десті. Қазақша бетін ашты. Етке сілейіп тойысты. Катя, Тонялармен би билесті. Доверенный да ұлып, өлен

айтқан болды. Бірін-бірі боқтап, ұрысып, ойыны қайсы екенін адам айыра алмайтын жігіттер әбден қызып, қызыққа батты. Екі сөзінің бірінде байдың, құдайдың әке-бабасының аузынан түк қоймай боқтап жатты. Мұнысы өздерінше көтеріліс, кек алғандық сияқтанды.

— Әйдә, әкесін ұрып, жарлының бір тойғаны шала байығаны! — десті жігіттер. Сөйтіп, таң атқанша берік қораның ішінде дүрілдесті. Таң сызат бергенде, киім-кешектерін арқаласып, қақпадан шұбап жігіттер шығып кетті. Аттар оқыранып, доғарусыз қорада қала берді. Есік алдында жігіттердің қайда бара жатқанын анық ажырата алмай аңқайып тұрған мас доверенный, жігіттерге жұдырық түйіп кіжіне беремін дегенде, тұрған басқышынан құлап кетті.

Жігіттер күле-күле көшеге шықты.

Мәмбет Катяны, Нәби Тоняны қолтықтап жөнелді.

МАЙДАНДА

Мардан Ырғайты елінің жігітімен бірге майдан болып жатқан жерде жүргелі бірнеше айлар өтті. «Көтеріліс жасады» деген жігіттер басынан-ақ күдікке ұшырап айырықша тізімге тізілген, өзгелерден бөлек тура Күнбатыс майданының түкпіріне апарып тыққан болатын. Бұл жігіттер келгенде өңшең мал жүргізілетін поезға тиеліп келді де, Дувинка деген станциядан жұмысқа түсірілді. Оның қай жер екенін жігіттер біле алған жоқ. Әйтеуір қып-қызыл соғыстың іші еді. Жігіттер осы жерде окопке керекті ағашты кесіп дайындауға, окоптың жерін қазуға жегілді. Күндіз-түні тыным жоқ. Тәртіпсіз көп жұмыс. Таңның атысы, күннің батысы айдаумен салпылдап жұмысқа жүрді. Жігіттер тізеден су кешеді, жататын орындары сыз, суық. Қазған окоптеріне анда-санда неміс аэропландары бомба тастап, бүлдіріп кетеді. Зеңбірек күндіз-түні күркіреп, құлақ тұндырады. Майдан зеңбіректен күн күркіретеді. Оқтан жаңбыр жаудырады. Удан тұман қаптатады. Бомбадан жай түсіреді. Майдан бүгін бұл жерде болса, ертең екінші жерге көшеді. Жігіттерді бір жерден бір жерге қойдай қуып, солдатша айдап, есін шығарды. Жігіттің көбі мәңгіріп кетті. Өздері жүдеді. Елден шыққандағы жігіттердің киімі әбден тозып, кірлеп, биттеп, сасып кетіскен.

Жігіттердің тәртібі мыңға, жүзге, онға бөлінген. Ол бөліктерді жүзбасы — сотник, онбасы — десятник, мыңбасы дегендері бағады. Солар арқылы басқарады. Майдандағы қара жұмысты көтеріп алған байлар подрядчик, доверенныйлері, неше түрлі адамдары арқылы өзге бір қалада жатып жеп жатады. Майданға отын жеткізу, ағаш дайындау, жер қаздырту, түрлі барақ, үй салдыру, жол жүргізу сияқты жұмыстардың подрядін көтеріп алған байлар майдандағы қара жұмысшылардың бәрін сыртынан жұмысқа кіргізіп алған. Әлдеқайда қарақұрт торын жайып, өрмекшінің өрмегі қалың қара шыбынды ұстап жатыр. Қазақтар ол байларының кім екенін де білген емес; тек жігіттердің білетіні майдан, қазына, қара жұмыс, өздерін жұмысқа айдайтын десятниктері ғана. Жігіттер өзінің басшыларына да сенбейді. Өйткені жігіттерді жем қылатынының бір тобы осы жүзбасы, мыңбасы дегендер. Мұның бірсыпырасы оқыған қазақтардан...

Мардандар жұмысқа ілінген соң бір жерден бір жерге көшіп, бірден-бірге ауысып жүріп қыс ортасы ауған соң Рига қаласына келіп орнықты. Бұған келгенше бұл жігіттер қандай жерлерде болмады, нелер окопты жасамады... Бірақ жасаған окоптың біреуінде де орыс солдаттары баяндап тұра алмады. Бүгін бітірген окопты ертеңіне немістер тартып алады. Жерден бытырлатып, аспаннан күрсілдетіп түтін-тұман қылады да, орыс солдаттарын қуады да шығады. Жігіттер шегінген әскерге тағы жаңадан орын дайындауға кіріседі. Сөйтіп, жігіттер барғалы бері шегініп келе жатқан орыс әскері осы уақыттар Рига қаласына тірелген еді.

Мардандар Рига қаласына келгенде жан-жақтан барған көп жігіттерге сонда көрісті. Қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, Сібір елдері сияқты өңшең бұратана ұлттардың жігіттері сонда тоқайласты. Ақмола, Семей, Торғай, Түркістан, Жетісу, Адай жігіттері де осы жерден кезікті. Бұл кезде жігіттер де, әскер де әбден шаршаған. Көп қуылған қояндай мең-зең, селт көңіл көтеретін, келешекке күліп қарайтын жігітті жолықтыру қиын. Тек шықпаған жаным шықпалап, жер қазып, ағаш кесіп, ертенді-кеш сотниктің түгендеуіне бар болып қана жүрген жігіттер. Әскер арасында да тәртіп жоқ, рухы сөнген. Майданнан жерінген. Қаннан тойған. Неміспен соғысқа қол сілтеген.

Орысты неміс тізерлеп, шегінтіп қырып-жойып, басып келеді. Орыс әскері өлі кеуде. Жұт жылғы қой көзденіп еңсесі түсіп кеткен. Тек айдаумен жүр.

Мардандар барақта жатады. Түгендеп кіргізіп, түгендеп шығарады. Ертемен жан-жаққа поезбен алып кетіп, жұмысқа салады. Кешіне қайтып алып келіп, қалаға жатқызады.

Міне, жігіттер өстіп жылжып жүргенде бір күні «патша түсті!» деген хабар дүңк ете түсті. Жанның бәрі желпініп, қуанып, серпіліп кетті. Отанды басқан үлкен тұман ашылып, өлкені алып жатқан үлкен дерт серпілгендей болды. Жұрт желпініп, жігіттер қобырап, ту алған халық көше-көшеге сыймай кетті. Толып кеткен шешендер, көсемдер... Кез келген жерге жұртты жиып сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр. Үкіметті жамандаушы, балағаттаушы тіпті молайып кеткен. Жазумен де, сөзбен де, газетпен де тасталған ұраннан құлақ сасиды.

— Жасасын бостандық!

— Жасасын Республика!

Әй, шіркін-ай, мұнша сөз, осынша халық қайраты қайда жатқан дерсің. Көзі ашылған бұлақтай тасқындап жатқан бір халық.

Жігіттер бара-бара жиылыстан да жалығайын деді. Өйткені бір күнде он митингі өтсе, ондағы шешендер он түрлі сөз сөйлейді. Бір шешен:

— Патша түсті, енді республика болды, сөзге, жиылысқа бостандық! — десе, оның артын ала бір шешен:

— Әлі бостандық болып жеткен жоқ. Жұмысшы-крестьян, солдаттар бірігіп байларды қуғанда, үкіметті өз қолына алғанда ғана бостандық болады! — дейді. Тағы бір шешен:

— Жасасын Уақытша үкімет! — десе, енді бір шешен:

— Құрысын Уақытша үкімет! Жасасын Совет үкіметі! — дейді.

Тағы бір шешен:

— Соғыс тоқталсын! — десе, оның артынан келген біреуі:

— Жауды жеңбей тоқтамаймыз!

— Соғысқа халық, соғысқа! — дейді.

Жігіттер осы дабырмен он шақты күндей дан-дұң болып жүрді. Не қылғанмен, әйтеуір, бұрынғы бықсыған күн көтеріліп, жанның бәрі «бостандық» деп серпіліп қалысты. Халық не сөйлесе заман жайын, бостандықты әңгіме қылаХалық

ды. «Теңдік, туысқандық» дегендерді айтады. Бұрынғы бірбеткейлік қалып, ырың-жырың, у-шу болып жатыр. Не болса да заман өзгерді...

Бір күні кешке жұмыстан қайтып, оты жағылып тұрған қаңылтыр пештің айналасына жиылып, жейделерін жайып, жігіттер битін отқа қағып тұр еді. (Бұл күндегі әдет еді.) Бұлар жататын барактың іші биттің ұясы. Орыстар да қазақ барактарын «бит барақ» деседі. Олардың да қызып отырған шекесі жоқ. Солдаттар да битке жайлауыш болып жатыр. Олардың да жейде, дамбал, шинель, шұлғауларынан көк ала бит өріп жүреді. Олар да күннің көзіне, шамның жарығына үймелеп үйір-үйір болып, бит қарасады. Тек биттен күлетіндер офицерлер, қала халқы.

Біздің жігіттерді жайлаған биттер әбден көбейіп, жақсы семірген. Жігіттердің өне бойынан бит жүреді. Қанша қырса да таусылмайды. Қызған пешке үймелеген жігіттер битті ұстамалап жатыр.

— Уай, мына біреуін қара. Бейне Асылбек болыстың көк ала айғырындай күйлі неме екен! — дейді шолақ Шалғымбай.

— Міне, мынаның семізін қарашы. Құдды Асылбек болыстың өзі! Ішін көтере алмай, ыңқ-ыңқ етеді.

— Сенікі болыстың өзі болса, мына бәйбішесі менің жайлауыма шыққан екен; қарашы кәдімгі Қадиша ғой! Бетаузын май басып, жүрсе жайтаң-жайтаң етеді.

— Өй, оны қой. Сен, шолақ неме. Онан да сен өзің Асылбек болыс болып осы биттерден жігіт жинасақ қайтеді? — деп Мардан Шалғымбайға қалжыңдайды.

— Е, болсам міне, Асылбекпін. Міне біреу қара шолақ бит Мардан екен дейді. Бұл өз елінен Ырғайты еліне соғысқа келген екен дейді. Мұны ұстап Баян түрмесінде көтіне дүре соғайын!.. — дейді Шалғымбай. Жігіттер ду күледі.

Қызып тұрған үлкен қаңылтыр пештің үстіне жейделерін шешіп әкелген жігіттер бірінен соң бірі қағады. Бит қуырылған бидайдай бытырлайды.

— Пеш пулеметін атты ғой! — дейді бір жігіт.

АЛЕКСЕЙ

Биттерін бытырлатып отқа қақтанып жатқан қазақтардың үстіне Алексей Карпович келді.

— Е, жігіттер, битпен майдандасып жатырсыңдар ма? — деді. Оған Мардан:

— Ия, немісті өлтіре алмағанмен Россия жігіттерінің битке әлі келеді ғой, қырып жатырмыз, — деді.

Марданның Алексеймен бұлай ашық сөйлесетіні — жігіттерді Алексейдің өз үйретуінен еді. Ол екі күннің бірінде Мардандарға келіп отырады. Өзі Өскемен жақта болған. Азырақ қазақша сөйлейді. Әбден түсінеді. Жігіттердің халжайын сұрап, ақыл қосып, әңгіме айтысып үйір болып алған. Сөйлеген сөзінің бәрінде Россияның тәртіпсіздігін, халықты бекер айдап, неміске қырғызып отырғандығын, соғыстың керексіз, халықты жалықтырып біткенін айтпай кетпейді. Сондықтан Марданның Алексейге берген жауабының төркіні — бұлардың күндегі әңгімесінің ұшқыны еді.

Алексей келген соң жігіттер одан бүгінгі митингіде сөйлеген бір адамның сөзін сұрады. Сөз сұраған Шалғымбай:

— Алексей әке! Біз осы «бостандық» деп күнде қарғаша шулап жүрген көп шешеннің біреуінің құйрығын ұстай алмадық. Бірі «ол» десе, бірі «бұл» дейді. Осы бостандығың немене өзі? Осы бізге жақсылық бар ма? Соны айтшы! — деді.

Алексей Шалғымбай сөзіне тіке жауап қайырмай, сөзге ынталанып отырған жігіттердің аңғарын сезген соң әңгімені арырақ қозғады.

— Шынайы бостандық әлі болған жоқ, жігіттер! — деді.

— Е, неге? — десті жігіттер.

— Не екенін мен айтайын, — деді Алексей, — мен өзім Польша жерінде туып-өскенмін. Осы Рига қаласындағы заводтарда көп жыл істеген ескі жұмыскермін. Біз, жұмысшылар патшаға, байларға қарсы көп жылдан бері тартысып келеміз. Мен төңкеріс жұмысына жапон соғысы болатыннан әрі кірістім. 1905 жылдың төңкерісіне қатысып, қырғын тауып, біз жеңілдік. Сонан кейін бізге қатты құғын болды. Бірақ біз өзіміздің жасырын жұмысымызды тоқтатқанымыз жоқ. Осы Рига қаласында біздің бірнеше жерде ұйымдарымыз болды. Өзіміздің жасырын баспаханамыз бар еді. Мен сонда әріп тізуші болып істейтін едім. Сол баспамызда басылған газет, листовкелерді жұмысшыларға таратып, төңкеріс жайын түсіндіріп тұрушы едік. Сөйтіп, біз 1908 жылдарға шейін жұмыс істедік. Баспахана менің тұрған

үйімнің астында еді. Мен сонда күндіз-түні шықпай, екі жарым жыл жұмыс істедім.

Кейін келе-келе біздің жасырын жұмысымыз ашылды. Осы күнгі базардағы үлкен магазиннің иесі Грон деген бай біздің ұямызды тауып, быт-шыт қылдырды. Ол біздің өз ішімізде жүретін бір жұмыскерді көп ақшаға сатып алыпты. Гроннің табуымен полиция түнде басып, тұтқынға алды. Менің ең жақсы жолдастарымды дарға астырды. Менің әйелім түрмеде өлді. Мені және бес-алты жұмыскерді Сібірдің алыс түкпіріне айдады. Мен Якут жеріне кеттім. Өмірі қайтып бұл жақты көрмеуге үкім етті. Онан Алтайға қаштым, Ертіс бойында болдым. Пароходта қазақ жігіттерімен жүрдім... — Алексей әңгімесі осы араға келгенде казармадағы жігіттердің барлығы да басын көтеріп, құлағын қойысты. Кейбіреуі жатып қалған төсегінен тұрып, тонын жамылып отырды.

— Мен сол кеткеннен өткен күзде ғана қайттым. Қайтқанда, әрине, ұрланып қайттым. Менің атым Алексей де емес, өзге болатын. Тек енді бұл әңгімелерді сөйлеуге осы он шақты күннен бері ғана еркіміз болды... Өзім сол жақта көкірек ауруға ұшырап, денсаулығым әбден нашарлады. Бірақ біз әлі мақсатқа жартылай қана жеттік. Біз көптен күрескен монархияны құлаттық.

— Монархия дегеніміз кім? — деп біреу сұрап қалды.

— Патшаның шешесі шығар, — деді Шалғымбай шолақ.

— Рақия деген жеңгең атына ұқсаған соң айтамысың? — деді оған бір жігіт. Алексей «монархия» деп патша билеген жұртты айтатындығын ұғындырды.

— Біз не үшін басымызды өлімге байлап байларға, патшаларға қарсы алыстық? — деп Алексей жігіттерден сұрады.

— Біз қайдан білейік неге таласатындарыңды, бәрің орыстың ұрпағысың? — деді шашы алынбай киізденіп кеткен Ерболат деген жігіт.

— Оның мағынасы терең. Сендерге ол жайды айтып отыруға ұзақ уақыт керек, мен сендерге қысқаша былай айтсам түсініктірек болар, — деп Алексей ұзақ сөздің түйініне таман келді.

— Байлар, патшалар жұмыскер, кедей, қара халықтың қанын сорып, еңбегін талап күн көреді. Бай, патша, төре,

басқа еңбекті жатып жеушілер ешқашан өздері жұмыс істемейді. Өзгелерді жұмысқа жегіп, жеп жатады. Жұмыскер, крестьян өмірі аштықта, жалаңаштықта, қараңғыда өтеді. Ал оларды жеушілер рахат-рахат күн өткізеді. Айталық, осы сендердің үстеріңнен подряд алып, жеп отырған бай Гронды білесіңдер ме?

— Жоқ, білмейміз. Ол кім өзі?

— Сендер жұмысты кімге істеп жатырмыз деп ойлайсыңдар?

— Қазынаға.

— Одан басқа?

— Өзгесін білмейміз...

— Ендеше сендер білмесеңдер, мен айтайын: осындағы жердің түкпір-түкпірінен алынып келген көп жігіт жұмысты қазынаға бір істесеңдер, Грон байға екінші рет істейсіңдер. Ол осы райондағы соғыстың барлық қара жұмысының подретін көтеріп алған бай. Базардағы үлкен магазиннің иесі. Оның ондай магазині тағы бірнеше қалаларда бар. Осы бай сендерді қазынадан шартпен алып, жұмысқа салып отыр. Сендердің үстеріңнен көп пайда келтіреді.

Жігіттердің ұйқысы онан сайын ашыла түсті.

— Өй, не дейді-ау!

— Біз тіпті өзімізді кім бауыздап, кім жейтінін білмейді екеміз ғой...

— Тегі, мал екеміз ғой... — десіп жігіттер қобырасып қалды.

— Бұл Грон бұрын кім еді? — деді Мардан. Алексей сөзін жалғап:

— Оның кім екенін мен әлгінде айттым ғой. Бұл — бай, миллионер; қашаннан жұмыскерге қаны қас, жау. Өміріне патшаның оң қолы болып келген адам. Мен сықылды жұмыскерлердің түбіне жеткен жегі құрт. Ал айталық, қазір патша түсті. Бірақ әлі Грон баяғысындай жүріп жатыр. Мұртын балта кескен жоқ. Бай баяғы өз орнында. Саудасын қылып, жігіттерді жеп жайына жүр. Қазір Грон да «бостандық!» деген көп айқайшының бірі. Міне, менің әлі бізге шынайы бостандық болған жоқ дегенім... Грондар «жасасын» деп жүрген бостандықтан не күтуге болады?..

Жігіттер ішін тартысты. Алексейдің сөзі көкейіне қонып барады. Жігіттердің көңіліндегі қараңғы жамылышты Алек-

сей қолымен ақырындап ашып, аржағынан бір сәуле көрсеткен тәрізденеді. Әсіресе Грон деген байдың жігіттерге өздерін жеп жүрген бай екенін білдіргені қызық болып шықты.

— Әке-шеше, қатын-балаларыңды қалдырып, осы қан төгіліп жатқан ылаң жерге келіп биттеп-құрттап жатырсыңдар. Сендердің істеп жатқан қызметтерің соғыстікі. Ал соғыс кімге керек? Халық не үшін соғысады? Халық қанын кім үшін төгеді? Россияның халқын қыратындай немістің несі күйіп кетті? Немістің солдатын өлтіретіндей оларда біздің неміз кетіп еді?

— Білмейміз, қандай өкесінің көз құны бар екенін...

— Осының бәрі байлардың, ақсүйектердің пайдасы. Екі жақтың қара бұқарасын бір-біріне айдап салып, өздері төгілген қанның қызығына қарап ақша тауып отыр. Қазір байлардың шаруасы да аман, басы да түгел, соғыстан ешбір зиян көрген жоқ. Қайта аққан қаннан ақша сүзіп алып жатыр. Мына көрмейсіңдер ме, Грон байларды.

— Иә, иә, сөз-ақ, — дейді жігіттер.

— Ал сендер осы алыс жерден осындай көрмеген көк, баспаған жерге келіп соғыс пәлесінің ішіне кіріп кеттіңдер. Күні-түні көздеріңе өлім елестейді. Қайтып туған жерлеріңе жетуге әлі сендерге екіталай, сұм дүние. Сендерге де, солдаттарға да осы қанды шелектен шығуға жол жоқ... Ал кәні бостандық болғаны?

— Рас!

— Рас! Табылған сөз...

— Жаны бар.

— Бәсе, осылай шығар, — дейді жігіттер. Алексей сөзін үзбей:

— Өздерің митингіде талай сөз тыңдап жүрдіңдер ғой. Соның өзін барлап отырсыңдар, айқын екі дай: бір жағы: — Жасасын Уақытша үкімет! Соғыс созыла берсін! — дейді.

Ал бір жағы: — Құрысын Уақытша үкімет! Жасасын Совет үкіметі! Соғыс тоқталсын! — дейді. Өз ақылдарыңша осының қайсысы дұрыс қой дейсіңдер? — деп Алексей тағы сұрады.

Қай жерде болса аузы жып етіп тоқталмайтын шолақ Шалғымбай көлденеңнен қосыла кетіп:

— Ит біле ме, қайсысынікі жөн екенін. Біз бір жайған қойдан басқа көп іштеме көрмеген қараңғы халық едік; осындағы айтушылар басымызды әңкі-тәңкі қылды...

— Сонда да?— деді Алексей.

— Жігіттер не айтатынын өзі біледі, менің білуімше, анау «соғыс тоқталсын!» дегендікі жөн ғой деймін, — деді Шалғымбай.

Мардан өз толғауында үндемей отырып қалды.

— Е, дұрыс, мына біздің айтатынымыз да сол соғыс тоқталсын! Осыны айтатын жұмысшылар, крестьяндар, солдаттар. Осыны айтатын жұмысшылардың партиясы — большевиктер!

— Ә!

— Солай ма? — десті жігіттер.

— Біздің айтқан бостандығымыз болса — жалғыз патша түсіп қана тыныштальмайды. Соғыс тоқтайды. Жұмысшы, крестьян, солдаттар, жігіттер жай-жайына қайтады. Байлар завод, фабриктен айырылып, оған жұмыскерлер ие болады. Помещиктер, шіркеулер жерден айырылып, жер крестьянның, шаруаның өз қолына өтеді.

Жұмысшы, еңбекші байлардан, патшадан үкіметті өз қолына алып, өз үкіметін құрады. Сендер де жер-жеріңе қайтып, өз ауылдарыңдар... Міне, шынайы бостандық деген сол болады...

ЛЕНИН АТЫ

Жігіттер Алексейдің сөзіне әбден қанды. Әр түрлі ойға кетісті. Оны өзді-өзінің басына байланыстырып, ішкі толғауға түсті. Қалай ойласа да Алексей сөзі шын сықылды. Оның айтқандары көкейге қонып тұр. Бай, кедей, жұмысшы, генерал дегендердің арасында қалайда айырма айқын. Қайтсе де тұрмыста бір әділсіздік, теңсіздік бар сықылды. Біреулер жұмыс қылып, жұлыны шығып, өмірге жарымай жүрсе, біреулер жұмыс істемей-ақ дүниені қонышынан бажұрсе, біреулер жұмыс істемей-ақ дүниені қонышынан бажұрсе, сапырып жүретіні қалай? Әлде оны құдай солай жаратқан ба?

Ал патша түскен екен, енді неге бұрынғы заман өзгермейді. Не үшін бай бай күйінде, жарлы жарлы күйінде жүріп жатыр? «Бостандық!», «Бостандық!» десе де әлі баяғы заман! Бай байша, майдан майданша, кедей кедейше... Бұл

сей қолымен ақырындап ашып, аржағынан бір сәуле көрсеткен тәрізденеді. Әсіресе Грон деген байдың жігіттерге өздерін жеп жүрген бай екенін білдіргені қызық болып шықты.

— Әке-шеше, қатын-балаларыңды қалдырып, осы қан төгіліп жатқан ылаң жерге келіп биттеп-құрттап жатырсыңдар. Сендердің істеп жатқан қызметтерің соғыстікі. Ал соғыс кімге керек? Халық не үшін соғысады? Халық қанын кім үшін төгеді? Россияның халқын қыратындай немістің несі күйіп кетті? Немістің солдатын өлтіретіндей оларда біздің неміз кетіп еді?

— Білмейміз, қандай әкесінің көз қуы бар екенін...

— Осының бәрі байлардың, ақсүйектердің пайдасы. Екі жақтың қара бұқарасын бір-біріне айдап салып, өздері төгілген қанның қызығына қарап ақша тауып отыр. Қазір байлардың шаруасы да аман, басы да түгел, соғыстан ешбір зиян көрген жоқ. Қайта аққан қаннан ақша сүзіп алып жатыр. Мына көрмейсіңдер ме, Грон байларды.

— Иә, иә, сөз-ақ, — дейді жігіттер.

— Ал сендер осы алыс жерден осындай көрмеген көк, баспаған жерге келіп соғыс пәлесінің ішіне кіріп кеттіңдер. Күні-түні көздеріңе өлім елестейді. Қайтып туған жерлеріңе жетуге әлі сендерге екіталай, сұм дүние. Сендерге де, солдаттарға да осы қанды шелектен шығуға жол жоқ... Ал кәні бостандық болғаны?

— Рас!

— Рас! Табылған сөз...

— Жаны бар.

— Бәсе, осылай шығар, — дейді жігіттер. Алексей сөзін үзбей:

— Өздерің митингіде талай сөз тыңдап жүрдіңдер ғой. Соның өзін барлап отырсыңдар, айқын екі дай: бір жағы: — Жасасын Уақытша үкімет! Соғыс созыла берсін! — дейді.

Ал бір жағы: — Құрысын Уақытша үкімет! Жасасын Совет үкіметі! Соғыс тоқталсын! — дейді. Өз ақылдарыңша осының қайсысы дұрыс қой дейсіңдер? — деп Алексей тағы сұрады.

Қай жерде болса аузы жып етіп тоқталмайтын шолақ Шалғымбай көлденеңнен қосыла кетіп:

— Ит біле ме, қайсысынікі жөн екенін. Біз бір жайған қойдан басқа көп іштеме көрмеген қараңғы халық едік; осындағы айтушылар басымызды әңкі-тәңкі қылды...

— Сонда да?— деді Алексей.

— Жігіттер не айтатынын өзі біледі, менің білуімше, анау «соғыс тоқталсын!» дегендікі жөн ғой деймін, — деді Шалғымбай.

Мардан өз толғауында үндемей отырып қалды.

— Е, дұрыс, мына біздің айтатынымыз да сол соғыс тоқталсын! Осыны айтатын жұмысшылар, крестьяндар, солдаттар. Осыны айтатын жұмысшылардың партиясы — большевиктер!

— Ә!

— Солай ма? — десті жігіттер.

— Біздің айтқан бостандығымыз болса — жалғыз патша түсіп қана тынышталмайды. Соғыс тоқтайды. Жұмысшы, крестьян, солдаттар, жігіттер жай-жайына қайтады. Байлар завод, фабриктен айырылып, оған жұмыскерлер ие болады. Помещиктер, шіркеулер жерден айырылып, жер крестьянның, шаруаның өз қолына өтеді.

Жұмысшы, еңбекші байлардан, патшадан үкіметті өз қолына алып, өз үкіметін құрады. Сендер де жер-жеріңе қайтып, өз үкіметіңді құрасындар... Міне, шынайы бостандық деген сол болады...

ЛЕНИН АТЫ

Жігіттер Алексейдің сөзіне әбден қанды. Әр түрлі ойға кетісті. Оны өзді-өзінің басына байланыстырып, ішкі толғауға түсті. Қалай ойласа да Алексей сөзі шын сықылды. Оның айтқандары көкейге қонып тұр. Бай, кедей, жұмысшы, генерал дегендердің арасында қалайда айырма айқын. Қайтсе де тұрмыста бір әділсіздік, теңсіздік бар сықылды. Біреулер жұмыс қылып, жұлыны шығып, өмірге жарымай жүрсе, біреулер жұмыс істемей-ақ дүниені қонышынан басып, сапырып жүретіні қалай? Әлде оны құдай солай жаратқан ба?

Ал патша түскен екен, енді неге бұрынғы заман өзгермейді. Не үшін бай бай күйінде, жарлы жарлы күйінде жүріп жатыр? «Бостандық!», «Бостандық!» десе де әлі баяғы заман! Бай байша, майдан майданша, кедей кедейше... Бұл

қалай? Жоқ, мұнда бір сыр бар; мұнда Алексей айтқан рас. Ол шын айтады...

— Ал сенің ше бостандық болмаса не қылу керек? — деп Алексейден Мардан сұрады. Оған Алексей:

— Бостандыққа халық қол қайратпен қана жетеді. Енді мына Герман солдаттарына атылып жатқан мылтық аузын Россияға қарай қаратуы керек. Халық оғы өзіміздің буржуйларға, помещиктерге, чиновниктерге қарсы атылуы керек...

— Ал сенің ше байларды құртқанда, патшаны қуғанда басшысыз, патшасыз жұрт қалай күн көреді? — деді Ысмайыл деген Асылбек болыстың бұрынғы бір малайы.

— Әрине, бастаушы керек. Ол бастаушы да бар.

— Кім ол?

— Большевиктер, жұмыскердің партиясы.

— Оның бастығы кім?

— Ленин!

— Егер сенің айтқаның келсе енді патша бола ма?

— Менің айтқаным келсе енді патша болмайды. Бірақ басшы болады.

— Сонда кім болады?

— Ол, әрине, Ленин болады, — деп Алексей ақырындап қана айтты.

— Ленин!

— Ленин!

— Ленин! — деп жұмысшылар Алексей айтқан басшының атын ұғып қалуға кірісті.

Мына жақтан Шалғымбай шолақ отырып, Алексейден:

— Әлі осы, қала-қаладағы байлардың дүкендерін талап алып жатыр деген дақпырт рас па екен? — деп сұрады.

Алексей оған жайлап қана жауап қайырды:

— Әр жерде талаулар болып жатқаны рас. Қайтсін, таламай. Аш, жалаңаш халық әбден ашынды ғой. Мынау соғыс халықтың әбден діңкесіне тиген жоқ па?..

— Тәуекел деп, біз де бір дүкен-пүкенді айналдырсақ қайтер еді, — деді Әлжан дейтін біреуі. Оған жігіттер қобырасып қалды. Бұлардың «талау» дегенге қобырасып бара жатқанын тыңдап отырған Алексей:

— Сендер дүкен таламандар. Ондай талаудың көбіне зиян тиюі мүмкін. Сендер онан да ұйымдасып елдеріне қайтуды талап ете беріңдер.

— Біз елге қайтсақ, Гронда ақымыз қалады ғой, — деді Мардан.

Алексей үндемеді.

Магазин талау деген жігіттердің құлағына жағымды тиіп, еленделіп қалды.

— Әй, бір құдай оңнан беріп, дүкен таланатын болса, таза киім алып, мынау биттерді осы бараққа тастап, безсем-ау, — деді бағанағы битпен алысқан қотыр Ерболат.

— Мен өзгені қойып, бір етік алар едім, — деді шолақ Шалғымбай.

— Шіркін, бір шекемікті ер-тұрман тұр екен, қол соған жетсе, — деді Ысмайыл.

— Қой бос сөзді! Біреу-міреу естіп қойып пәле болмасын! — деп Мардан сақтық айтты.

— Рас, жігіттер, мұндайды дабыра қылудың қажеті жоқ. Сақ болыңдар. Бұл жердің қазақ даласы емес екенін естен шығармау керек, — деді Алексей.

Сол арада есіктен полицейский көрінді. Жігіттер жым болды. Полицейский барақты аралап шығып:

— Ұйықтау керек! — деді. Жігіттер төсек-төсегіне тартты.

Алексейдің жігіттер арасындағы соңғы сөздері жігіттердің көбін ойланта бастады: «Шынында осы «бостандық» не өзі? Кімге қалай бостандық болады? Әй, бұл «бостандық» деген Алексей айтқандай бос сөз ғой. Шынайы бостандық болатын болса, елге неге қайтпаймыз? Ертісте неге жүзбейміз? Ерте жатып, кеш тұрып, елден неге қыдырып қымыз ішпейміз? Өлгенге көңіл айтып, тіріге сәлем беріп, неге кенеліп қалмаймыз! Үй-үйден шай ішіп, Баян тауының басына неге шықпаймыз? Құрбы-құрдаспен әзілдесіп, өз еркімізше неге жүрмейміз?

«Бостандық!», «бостандық!» дегенмен мұның бірі болды ма? Әлі бізді ертелі-кеш қойдай түгендеп, айдап өргізіп, иіріп жусатпай ма? Сотник, десятник, городовойлардың бәрі де баяғы күйінше жігіттерді жүргізіп, бағып тұрған жоқ па? Ең болмаса еркімізбен түзге де отыра алмаймыз. Қораға қамалып, жамбасына тезегін төсенген малша бізді сасықханаға неге айдайды? Емін-еркін ен далада желге қасқара түрініп, түзге отырудың өзі бір бостандық емес пе? Тіпті, бұл да болмаған соң нағылған бостандық? — дейтін болды.

Сөйтсе де «патша түсті» дегеннен бері бұрынғы қатаң тәртіп әлдеқайда жұмсарған. Жігіттерді бағып-қағу да босаландау. Сотник, десятник, полицейскийлер де баяғыдай шақылдамайды. «Граждан» деп қана сөйлеп, жұбау жұмсайды. Қатты айтып, қақыраятын заманы екіталай болып, қорқақ тамырлана соғады. Жігіттер арасы да қобыраңқы. Өз бетімен базарға кетіп қалып жұмысқа шықпау, кабакқа жүріп кету сияқтылар да болып тұрады.

ҮШҚЫН

Бүгін күн базар еді. Базарда халық толы. Өзге халықты былай қойғанда, қазақтың бес жүздей жігіті базарда жүр. Жігіттердің қалтасында ақша тегі болмайды. Кімде қанша ақша бары жігіттердің бәріне мәлім. Базар қыдырған жігіттер бар ақшаларына махорке мен шемішке алып, көрінгеннің аузына қарап бос сандалып жүреді.

Қабат-қабат құздай биік үйлер. Көше маса тайғандай тақыр, таза. Өңшең ғана әйнектен жасалғандай көркем, әдемі магазиндер. Олардың ішіне кіріп-шығып жүрген халықта қисап жоқ. Сөйтсе де сауда сүле-сапа. Базарда қызып жатқан сауда жоқ сияқты. Алушы күтіп саудагерлердің көзі телміреді: саудагерлер өткен-кеткенге көз тіккен осы қаланың көп жезөкшесі сықылды.

— Осынша халық неге тауар алмайды? — деп жігіттер аңыз қылысады.

— Тауарды ақшасы болса алады, ақшасы болмаса атасының басына ала ма? — дейді Мардан.

— Ақшасы қайда?

— Халық жүдеу, аш-жалаңаш, — деп Алексей айтқан емес пе еді, — деп Мардан сұраған жігітке жөнін айтады.

— Әй, тегі сол Алексей білгіш-ау, — деді біреуі.

Базарда сендей соғылысып, топырлап жүрген жігіттердің бірсыпырасына қол бұлғап, Мардан Шалғымбай шолақты шақырды.

— Әй бері кел, шолақ!

— Немене, қолы бар неме?

— Бүгін базарда жігіттер жиын екен...

— Онда не?

— Үлкен бір ойран шығарып жіберсек қайтеді.

— Қайтып? Қалайша? — деп жігіттер Марданды қаумалады.

— Осы бай Гронның магазиніне қол қойып жібересек?..

— Ойбай, пәлеге ұрынамыз ғой...

— Е, көпшілікте кімді-кім білуші еді... Қаптап жіберіп, талап кетсек...

— Мұны қойып, шетіректегі кішірек біреуін таласақ қайтеді?

— Жоқ, жығылсақ нардан жығылайық... Ақыр болды, байдың зорына қол салалық, — деді Мардан.

— Бұл Грон біздің өзіміздің бай екен ғой. Алсақ, бізден жеп жатқан ақымызды-ақ алармыз, — деді шолақ Шалғымбай.

— Түбінде сөз бола қалса да осыны айтармыз... Ақымызды бермеген соң барымта алатын әдетіміз еді дерміз, — деді Ысмайыл.

— Онда жарайды. Осыған қол қойып жіберелік! — деп Шалғымбай шолақ еліріп кетті.

— Ендеше шақыр анау жігіттерді! — деп Мардан көзі жылтылдап, жігіттерді жинауға кірісті. Жігіттер де келіп қалысты. Мұндай көпшіліктің ортасына түскен сөзде тоқтау бола ма — бірі іреп, бірі сойды.

— Әй, қойыңдар, бір пәлеге ұшырармыз.

— Қорықсаң сен жайыңа қал, өзіміз-ақ көреміз!

— Біздің кеселіміз барлық жұмыскерге тиер.

— Е, кімге таңба басып қойыпты...

— Тәуекел, талап кетеміз!

— Бұл байды талап ұсталсақ арманымыз жоқ! Бізге бәрі бір.

— Азар болса қамар, онда не қылады? Осы күнгі тұрмысымыздың өзі де қамау емес пе? Барақ пен түрменің арасында қанша айырма бар дейсің?

— Таласақ осы Гронды ғана талайық! Алексейдің айтуынша бізді сорып жатқан қаракүрт осы екен...

Осы сыбырдың бәрі бес минуттің ішінде болды. Олайбұлай деп сақтық айтып тұрған жігіттердің өзі де дүкен талау дегенге ниеті әбден құлап кеткен еді.

— Ал, жігіттер, тұтас қимылдалық! — дегенде, «ал, көкпәрі» дегендей қобырап кетісті. Дереу біріне-бірі хабар берісті. Әп-сәттің ішінде топ-топ болып, жігіттер Грон-

ның магазиніне жиыла бастады. Магазинде шатақ шығарып жанжал бастау Шалғымбайға тапсырылған еді.

Базардың биіктеу жеріне салынған он шақты есікті үш қабат магазинде топырлап жүрген халықтың арасында үйір-үйір жігіттер жүр. Дүкен іші лық толған зат. Есік бетіне, терезе алдына тізіп жайып, жайнатып қойылған жасау, тауар. Есік-есіктен топырлап, ерсілі-қарсылы сапырылып жатқан халықтың ішінде қазақ тымақтары шәутиіп, шидемдері жалпиып, арқаның біз өкшелі арғын саптамалары дүкенге түйе кіргендей әрі-бері аттайды.

Дүкенде сауда жоққа тән. Қауырт нәрсе алып, базар қыздырып жатқан алушы көрінбейді. Магазин сонша бай, көп сомалы болса да сатып тұрған нәрселерінің көбі ұсақ-түйек қол сауда көрінеді. Приказщиктің көпшілігі кезін таяның, қарындашын тырнағына тықылдатып, жай ысқырынып тұр. Оларға өте көңілсіз тәрізді.

Шатақ шығаруды мойнына алған Шалғымбай шолақ ұсақ-түйек сатушы жағына келіп, ағаш сапты ақ пышаққа саудаласты. Сатушы пышақты алып, Шалғымбайға берген соң, Шалғымбай жүзіне бармағын қойып, өткірлігін байқады. Бұл асханада ет шауып, нан кесетін қарынсау, жұқа ақ пышақ еді. Шалғымбай пышақтың құнын сұрап білген соң сатушыға шек жаздырды. Кассаға барып, ақшасын төлеп, пышағын алды. Мұны сыртынан бақылап тұрған Марданнан:

— Мынау шолақтан еш нәрсе шықпады! — деп күлісіп тұрды.

Шалғымбай пышақты алған соң жан-жағындағы жігіттерге алақтап бір қарады да, аяқ киім сататын жағына келді.

— Енді қашан? — деп Мардандар Шалғымбайға қабақ қағып, артынан ерді. Шалғымбай үндеместен келіп, приказчикке жүз жанбастан қолын ұсынып:

— Мырза, етігімді беріңіз! — деді. Приказчик көзі ақайып, алғашында еш нәрсе түсінбей: «Етік көрсет!» — деп айта ма деп, әр етікті бір ұстатты. Шалғымбай приказчик берген етікті алып жүріп берді.

— Әй, граждан, тоқта! Етікті қайда апарасыз?

— Өз етігім. Жаңа ақшасын төледім ғой...

Приказчик сөре тақтайдан атып түсіп, етікті ұстай алды.

— Мен сізге етік сатпадым!

— Мен қазір ақшасын төледім!

— Сен ұрлап барасың!

— Сен менің сатып алған етігімді бермей зорлық қылмысың?! — деп Шалғымбай қолындағы ақ пышақты оқтай ұмтылып еді, приказчик шошып, шегірткедей ырғып кетті. Шалғымбай дүкен ішінде баж-бұж етіп аттан салды.

— Аттан! Аттан! Жігіттер, аттан!

Сол-ақ екен, талауға төніп тұрған жігіттер тұс-тұсынан айқайлап, қолына не түссе соны алып, приказчиктерді ұруға ұмтылды. Приказчиктер көрден-көрге жүгірді. Есік алдындағы городовой учаскеге қарай безіп жөнелді. Магазинде әлем-тапырық басталып, қалың жігіт қаптап, бет-бетімен нәрсе-қараға қолды қойып берді. У да шу... базар астан-кестен. Базардағы барлық халық осы дүкенге ұмтылды. Біреуді біреу білмейді. Біреуді біреу басып-жаншып дегендей көкпәрі топаланына айналды.

Мардан олай-былай жүгірді. «Не алсам да бір асыл нәрсе алайын» деген оймен алтын-күміс жайып қойған әйнек жәшікті жұдырықпен бір қойып қалды. Жәшік быт-шыт болып, астындағы алтын-күміс сағат-сақинаға пияланың уағы араласып кетті. Соның арасында қайдан келгені белгісіз, жиырма шақты қол жапырлап кетіп, Мардан бұзған жәшіктегі нәрсені талап, тып-типыл қылды. Бір сақина мен бір сағат Марданның қолында қалды. У-шу, талау...

Осы апыр-топыр бес-алты-ақ минуттің ішінде болды. Талаудың алғашында-ақ қолына түскен-түскенмен жігіттер безіп біткен еді. Магазин маңынан мылтық атылып, полицейлер талаушы халықты қуғанда дүкен маңында жігіттердің біреуі қалмаған еді. Кешігіп қалған полицейскийлер дүкен талап жатқан жай халықтың үстіне келіп араласты.

Бірақ келгенмен де көпшілікті алғашында тоқтата алмады. Таланған дүкенге жаңадан жаңа халықтар жабылып, үлкен магазиннің үш қабаты да талауға түсті. Полицейскийлер тұс-тұсынан мылтық атып, талаушыларды азар бытыратты. Соңғы талаушының көбі солдат еді. Әлгінде ғана жайнап тұрған бай магазинінің терезелері үңірейіп, аңғал-саңғал болған күйде қаңғырап, үй ғана қалды.

«ТЕСКЕН ТАУ ӨТЕРМІЗ»

Жігіттер дүкенді талауын таласа да қатты қорқысты. Алыс жерде жүріп, өздері өңшең бақташының бақылауында отырып, мұндай үлкен жорыққа шабуының түбі немен тынары белгісіз болып күпті болды. Алған нәрселерін көрден-көрге шүйгітіп, тығып тастады. Талаудан не алып, не қойғанын бірі-бірінен жасырып, тығынып алысты.

Алексей келді. Алдыңғы күнгі өзімен магазин талау туралы сөйлескен бес-алты жігітке амандасты.

— Жігіттер, бекер қылдыңдар. Бірақ болары болды. Енді бекем болыңдар. «Біз еш нәрсе білмейміз» дегеннен басқа тұқ білмеңдер. Тек өз араларың берік болып, өз ауыздарыңа ие болсандар болғаны, — деп қайрат берді.

— Егерде бізді ұстайтын болса қайтеміз? — деп жігіттер сұрады.

— Егер сендердің біреуінді ұстауға келсе, оны бермеуге тырысыңдар. Тек көбің болып тұтасып тұрып алсандар, мықты боласыңдар, сендерге қаладағы солдаттар да қосылуы мүмкін.

Жігіттердің бірсыпырасы:

— Жөн-ақ!

— Ақыр өлетін болсақ, сөйтпей! — десті. Мыжырық Иманбай Алексейден күдіктеніп:

— Әлі осы шал бізге не қып жаны ашып жүр? Осының өзін байқандар, жігіттер, — деді. Мардан жігіттердің ондай күдікті ойын жойып:

— Алексей біздің дұшпанымыз емес, досымыз, — деді.

Сол күні казармада, бараста түні бойы тінту болды. Жігіттер түнімен ұйықтаған жоқ. Шатақ шығарған Шалғымбайды барактан аулақ бір жаққа жасырып қойысқан. Оның ақ пышағы өз қонышында. Мардандардың барағына тінтушілер таңға жақын жетті. Тінтуші төртеу-бесеу екен. Мұның бірі Шалғымбаймен етікке таласқан ұзын сары приказчиктің дәл өзі. Ол көрінген жігітке үңілді. Айналдырды. Тамсанды. Аяғында «бұл емес» — деді. «Сірә, Шалғымбайды іздеп жүрсің-ау», — деп жігіттер ішінен жорыды.

Полицейскийлер барактың үңгіл-шүңгілін ақтарды. Ақтармаған қап, сілікпеген төсек қалған жоқ. Приказчик те «мынау» деп Шалғымбайды ұстай алмады. Ақырында тінтушілер барактағы жігіттердің төсек-орнын лақтырып,

қаптарын қағып қайрандаған соң бұлардың көршісіндегі түрікпен барағына таман жөнелді.

Осындай тінтулер бүтін қалада болды. Казармадан, солдаттың қолынан нәрсе тауып алғандары да болыпты. Бірақ ол туралы кімді ұстап, кімді қойғанын біздің жігіттер білген жоқ. Шынайы талауды шығарған Арқаның жігіттерінен біреу де білінбеді. Жігіттер жымыңдап, ішкі ұпайы түгелсініп жата берді.

Бірақ осы талаудан кейін жігіттерге төртіп қатайды. Жігіттерді жұмысқа шығармай барак-баракқа иіріп тастады. Жұмыскерлердің есігіне полицейскийлерден қарауыл қойылды. Кеткен-келген адамды аңдып, біреуді біреуге жолықтырмады. Жігіттердің барағына Алексей аяқ баса алмады. Осы ретпен екі-үш күн ұстаған соң бір күні жігіттерді қайтадан есепке алып, қаттап-шоттай бастады. Қорқу кірді. Жұмыс күндерін есептеп, ақшаларын үлестірді. Жігіттер енді жүргізетінін білді. Бірақ қайда жүргізетінін білмейді. Бастары қатты.

— Бізді соғысқа жүргізсе керек.

— Шепке ұстайтын шығар.

— Жоқ, шепке ұстамас, бір жаққа апарып үлкен сұраққа салатын болар.

— Жоқ, қисыны бізді қыратын сияқты...

— Мен білсем, бізді Алексей барған суық Сібірге жөнелтеді.

— Тескен тау өтерміз.

— Итжеккен жаққа жіберетін шығар...

— Енді елді көруден кеттік! — десіп жігіттер дан-дұң болды. Бірінің басын бірі қатырды. Бірімен-бірі көріскендей болды. Жалғыз-ақ Мардан жігіттерге тоқтау айтып:

— Уайым қылма, жігіттер, біз қайда апарса да, көнген кісілер. Бірақ бізге Алексейді көрмей кеткеніміз жарамайды. Ол бізге қайда бара жатқанымызды біліп берсе керек еді, — деді.

АРТЕЛЬ

Ганшин байдың қорасынан шығып кеткен жемшік жігіттер Орловты тауып алысты. Орловтар жігіттердің байдан шығуына қамданып, бірқатар жұмыстар істеген екен. Орлов жігіттерді Мокрый деген көшедегі дайында-

ған жатақ үйге алып келді. Жігіттердің алдынан қартаңдау, арық, сары әйел қарсы шықты.

— Келіңдер, жолдастар! Үй дайын, кіре беріңдер! — деп есік ашты. Жігіттер киім-кешегін арқалап дабыр-дабыр кіріп жатыр. Қырық шамалы жігіттің ішіндегі екі әйел — Катя мен Тоня жаңа тұрмыспен осында келіп кірді. Жігіттер ду-ду:

— Құдай бізді жарылқады ғой!

— Мынау көрмеген дәулет!

— Ганшиннің үйінің әкесіндей емес пе?

— Ганшин садаға кетсін бұдан! — десіп жамырасып жатыр. Орлов жігіттерге үйдің жайын түсіндірді.

— Жолдастар, жұмысшылардың жатақханасы осы үй болады. Мұны жалдап алдық. Тамақты да осында ішесіңдер. Енді жеке-жеке жүргенді тастайсыңдар. Бәріміз бір артельміз. Бұрынғы картаға, қымызға, сулы-суанға кететін ақшамыз жанымызға қалады. Осы жатақ үйімізге, өзіміздің ашып отырған асханамызға жұмсалады. Осында артельдесіп шеттен жұмыс аламыз. Тегіс профсоюзға кіріңдер.

Жігіттер енді Орловқа әбден сенді. Енді оған тізгінін берген сияқты. Орловтың Ганшин байдан шығарғандағы жігіттерді далаға тастап кетпей, үй дайындап қойғаны бірлі-жарым жігіттердің көңіліндегі күдігін әбден жойып жіберді.

— Батыр екесі, өзің билеп істей бер. Біз енді сөзімізді сағаң бердік деп қойғанбыз, — десті жігіттер. Орлов қасындағы әйелді таныстырды:

— Мынау әйел менің жолдасым. Ловкова деген жолдас осы. Мұнан былай сендердің жұмыстарыңа жақын араласатын адам осы, — деді.

Жігіттер аң-таң қалды. Өмірі мұндайды көрген емес. «Бұрын танымайтын, көрмеген адамдар да мұндай иман жүзді, бауырмал болады екен!» — деп ғажаптанды.

Орлов пен Ловковалардың басқаруымен жігіттер жиылыс жасады. Қаулы қылып, кешегі доверенныйдан алынған артельдің ортасына берілмек болған ақшаға асхана ашатын болды. Орлов пен Ловкова жігіттерді профсоюзға жазып, жұмысшылар ұйымына кіргізді. Жігіттердің ұйымы, жиылатын орны болған соң жұмысшылардың әлеуметтік жұмысы жөнделіп, алды ашыла бастады. Әр түрлі мәселені жиылып шешеді. Заман жайынан, жұмысшылардың тіршілігінен

Орловтар түсінік береді. Барған сайын жігіттер өздерін еркін сезіп, жаңадан жаңаға ұмтыла бастады. Бұрын көрмеген адамдармен араласып, онды-солын тани бастады. Қазақ жігіттері орыс жұмысшыларымен мидай араласып кетті. Өздерінің қанатты, көмекті коллектив екенін сезе бастады. Солармен бірге тұрмыс тартысында табанын мықтап тірей түсті. Күннен күнге жұмысшылардың саны артып, жұмысы күшейе берді.

Орловтың басқаруымен жүкшілерден екі артель жасалды. Бірі орыстікі, бірі қазақтікі. Қазақ артеліндегі жігіттердің саны жүз жетпіске жетті. Пароходтағы, пристаньдағы және әрбір байда жүрген арбакештен құралған жігіттер артельге кірген соң өздерінің жеке жайы туралы қайғырудан шығып, не болса да артель тілеуін тілейтінге түсті. Қазақ артелінің ішіндегі басшы жігіттер Мәмбет, Газбекқара, Нұраділ, Сәтпектер еді. Шетте жүретін Угар, Қасқараулар да артель ішінде жүретін болды.

Жігіттердің бұл ұйымдасқаны аласапыран уақ болғандықтан, артельдің алдына қойған мақсаты — ұйымдасқан түрде пароходтан жұмыс алу еді. Жүкшілердің артелі осыған дайындалды.

ТӨҢКЕРІС

Бір күні қуаныш хабар сарт ете түсті.

— Патша түсіпті! Бостандық болыпты!

Қала ду ете түсті. Ию-қию жиылыс. Топ-топ болып көше-көшеге шыққан жан. Жатқалы жатқан жігіттердің жатақханасына келіп Ловкова мен Орлов жиылыс жасады.

— Жолдастар, төңкеріс болды! Патша түсірілді! Монархия жоғалды...

Жігіттер айқайлап кетті.

— Ия, құдай берерсің!

— Енді байларға айтқанымызды қылдырамыз!

— Елдегі болыстар да, билер де құритын шығар!

— Ендігі болыс өзіміз болатын шығармыз...

Орлов түсіндірді:

— Жолдастар, бостандықты жасап отырған халық, жұмысшы, крестьян. Бірақ монархия-помещик үкіметі құлағанмен байлар жойылған жоқ. Төңкеріс енді байларды жоюды алдына мақсат етіп қояды.

— Мына Ганшиндер де қуыла ма? — деп біреуі сұрады.

— Ганшиндер қуылуы керек. Бұлардың байып отырған сумасы — жұмыскердің еңбегі, шаруаның қалтасы. Соны сорып байып отыр. Осы байларды қуып, мал-мүлкін ортаға салу керек, — деді Орлов.

— Ия, ия, мынаның орны бар, — десті жігіттер.

Орлов, Ловкова жолдастар жігіттерге бостандық жайынан көп нәрсе айтты. Бұлардың сөзіне қарағанда — бұрын айтылмайтын сөздің, ақпайтын бұлақтың көзі ашылғандай болды. Орловтар ертең қалада бостандық құрметіне демонстрация, парад болатындығын айтып, жігіттерді өздері келіп алып баратындығын білдірді.

Таң атты. Күн маужырап шығып, қар жіпсіп ери бастады. Жаз шығып, қысқа да төңкеріс бола бастады. «Николай орнынан түсірілді» деген хабарды қала алғанда, қашаннан Сібірді басқан ауыр тұман серпіліп кеткендей болды. Халықтың қайдағы-жайдағысы қозып, өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуаныш. Қашанан Сібір айдауында, тұтқын байлауында жүргендердің бірсыпырасы босанып, халыққа сөз сөйлеуге аттанды. Халықтың да өлген ынтасы оянып, жиылыс іздеп, сөз тындағысы келді.

«Патша түсті» дегенге алғашында әскер ішінде сеніспеді. Әсіресе ескі солдаттар күдіктене қарады. Әскер басындағы монархис, офицер, чиновниктері тоңмойындық қылды. Оған қараған халық жоқ. Жан-жақтан өріп: «Бостандық! Бостандық!» — деп ұрандап, жиылыс жасап, көшеге шығып, ту көтеріп, сөз сөйлеп кетті. Қаланың кең майданы митингі... Бөлек-бөлек сөз:

— Жасасын халық!

— Жасасын бостандық!

Қаладағы көптен істеп келе жатқан төңкерісшіл партияның адамдары күні-түні тыным көрмей халықтың алдына шықты. Ұран тастады. Митингі ұйыстырды. Большевиктер қаланың түрлі учаскелерін бөліп-бөліп алысып, іске кірісті. Орлов бастаған біздің жігіттер де көшеге шықты. Аландағы әскер арасында митингі сөз:

— Уа, туысқандар! Ескі тәртіп жоғалды. Бостандық болды, сендерді боқтау, бастықтарға бас ию, енді біржолата бітті...

— Господин генерал, господин офицерлер, господин взводныйлар енді өзімізбен бірдей. Бір даражада. Жеттік теңдікке. Болды бостандық!

— Енді патша үкіметі болмайды. Енді күштеу, зорлау жоғалды. Уай, туысқандар-ай! Жеттік-ау зарығып бұл күнге!..

— Ура!

— Ура!

— Ура!

— Жасасын бостандық!..

Әскердің іші осындай дүрілдеп жатқанда Сібір казак-орыс әскерінің бас командашысы, әскери генерал-губернатор Сухомлинов қаланың кең алаңына қарата салынған үлкен ақ үйінің үстіңгі қабатында екі қолын артына ұстап әрі-бері адымдап жүр. Терезеден жиылған жұртқа қарайды. Ол түні бойы ұйықтамады да, ертеңгі тамағын да ішкен жоқ. Таң атқалы телефонмен әр жерге дабыстап көріп еді, ешкім жауап та қайырмады. Кенсе, барлығы иесіз қалған, толық анархия. Күндегі күзеткендер де жоқ... Сұмдық!

Сухомлинов әрі-бері аттап, терезесінен кең площадқа қайта-қайта қарайды. Халық қаланы басып кеткен. Әскердің барлығы сонда... Әлемтапырық, митингі.

Генерал жаралы арыстан сықылды. Халыққа қарап азуын басады. Басын ұстайды. «Ах! Ах!» — дейді.

— Дүние не болып кетті? Ұзын бойлы, кеудесі есіктей кең, шаш, сақалы ақпақ, омырауына медалы толған, айбынды генералдың алдынан бұл қалада бір кісі көлденең өтіп пе еді? Бұл генералдың әмірінсіз мынау қаланың бір тауығы тырп ете алушы ма еді? Анда-санда ақ боз аттарды парлап жектіріп, ақ киініп, ақ сақалы желкілдеп көшеге шыққанда не болушы еді? Алдында, артында, екі жанында казак-орыстың атты әскерлерін алып көшеде саулатып жүргенде, солдаттары халықты қылыштап, қамшылап қырып-жойып кетпеуші ме еді? Өз әмірімен талай-талай төңкерісшілдегендердің тас-талқанын шығармап па еді? Не болды, міне? Бұрынғы күш, кешегі салтанат қайда кетті бір күнде? Бұл енді мәңгі жоғалғаны ма? Немен бітеді бұл төңкеріс? Қайтеді бұл бүліншілік? Қайтеді?..

Әскердің ішіндегі төңкеріс рухы әсіресе 19-полкте күшті. Мұндағы офицерлердің бірсыпырасы либерал, демократ.

Русов сияқты командирлер көптен төңкерісті қуаттайды. Площадта болып жатқан митингінің ішінде халықты қыздырып тұрған осы Русовтар.

— Долой монархия!

— Долой генералдар!.. — деген ұрандар солдаттарды шулатып жатты.

Сухомлинов іші жарылып барады. Әрі-бері аттайды. Азуы сақылдайды. Әлдекімді түтіп жіберіп, жұлып жеп қойғысы келеді. Әлде өзін жоқ қылғысы келеді.

Міне, төңкеріс! Міне, Ертіс тасыды!

Қызыл су қаптады. Мұз бұзылды. Сең жүрді. Қаланы алды. Көшені керіп барады. Жоқ, бұл сел емес, төңкеріс. Қаптап кеткен халық екен. Су дегені ту екен. Тасқын! Тасқын!.. Міне, келіп генералдың үйін қамады...

Халық арасынан қарулы адамдар бөлінді. Генералдың қақпасын ашып, есігін тартып тастап, жетіп келді. Қарулы әскердің алдындағы өзінің офицерінің бірі Русов. Мұны көргенде кәрі арыстан күшін жиды. Бойын бекітті. Көзін алайтып, түсін суыққа салып, рұқсатсыз кіріп келгендерге:

— Не үшін осынша ерте келдіңдер? — деді. Русов майдалап қана:

— Сізді алуға.

— Қайда? — деп үдірейді.

— Түрмеге?

— Не смей!

— Бұл ақиқат, генерал. Халық бұйрығы. Сіз түгіл, Николайды да халық солай етті!

Генерал көкпеңбек болып кетті. Қалшылдап қоя берді.

— Мен бұлай жүруге ешкімге рұқсат қылғаным жоқ. Ешбір анархияға жол бермеймін. Мен ешкімге соғыссыз берілмеймін...

Русов қасындағы қарулы адамдарына бұйрық беріп:

— Алындар қаруларын! Кезендер мылтықты! — деді. Генерал ашуланып гүр ете түсті:

— Не смей, я никому не позволю!.. — деді. Солдаттар генералды шап беріп ұстап алып, қару-сайманын сыпырып алып қойды.

Сухомлинов салбырап тұрып-тұрып, кеңкілдеп жылап жіберді.

— Әйдә, алып жүр! — деді Русов.

— Киінуге рұқсат етіңіз! — деп шал генерал гардеробын ашты. Ішінің бәрі өңшең оқалы, жарқылдақ, алуан түрлі генерал киімі еді. Шал соған қол созғанда Русов қолын қағып қалды.

— Рұқсат етіңіз, генерал. Сіз енді ол киімдеріңізбен халыққа көріне алмайсыз. Халық сізге лайық киім жіберді. Міне, мынаны киесіз! — деп тұтқындардың қоңыр киіз шинелі мен түбек құлақшынды ұсынды. Генерал салбырап, тұтқын киімін киді.

Осы киіммен генералды үйінен алып шыққанда халықтың көтерілген рухы аспанға шықты. Түрмеге алып жүретін жайдақ шананың артынан жаяу айдап жөнелді. Қала тегіс өріп, ұсталған генералдың артынан ерді.

— Уай, халық! Мынау генерал Сухомлинов! — деп айдаушылар айқайлап бара жатты.

— Тамаша! Карнавал! Төңкеріс! Шынайы тендік!

— Долой генерал!

— Жасасын халық!

— Жасасын төңкеріс!

— Ура! Ура!

Көкті ұран, жерді халық алды. Күні ұзын осы тамашаның ішінде жүріп, Мәмбеттер жатақханасына қайтты.

Жігіттер шынайы жаңа дүниені аралап қайтқандай болды.

ТЕҢДІК ҚАЙДА?

Каланың Мокрый көшесі жағында офицер клубы бар. Осы клуб халықтың жиылатын жері. Мұнда әр түрлі партияның адамдары жиылыс жасап, жұмыс істеп жатады. Офицер клубының іші жасау — сырлы, жұмсақ мебель, айна, сурет, кілемдер көздің жауын алады.

Осы үйдің бір жағындағы даладай кең залды грузчиктер алған. Ішінде екі-үш ақсақ скамейкеден басқа түгі жоқ. Кейде шамы да болмайды. Жұмысшылардың жиылысы ығы-жығы жерге отырып, керегеге сүйенумен өткізіледі. Жұмысшылар жаңа ұйымдасқан клубты әшекейлеуге қаражаты жоқ. Осы үйдің өзін де үлкен жанжалмен жүріп алған. Бірақ грузчиктер мұнда көп жиналады.

Бүгін грузчиктердің жиылысы. Өңшең жалпиған сұр қалпақтар, балағы қолқылдаған кең шалбарлар қаптап кеткен. Топ-топ болып, клубтың залында жүр. Бұл жүкшілердің профсоюзының жалпы жиылысы. Орлов ұйымның іс жоспарын бекіттіріп алуға баяндама жасап тұр. Ловкова хатшы, Мәмбет, Нұраділ, Газбекқара, Угар сияқты біздің жігіттердің бәрі осында.

Клубтың екінші жағында офицерлердің жиылысы. Шаштарын тарап, киімдерін қынап тастаған. Жаға-жеңі жарқ-жұрқ, жылтыр етігі жалт-жұлт етіп, шпорлары сылдырайды. Гу-гу сөз. Оларда біреу кадет партиясының төңкерістен кейінгі жол-жобасы туралы баяндама жасап тұр. Офицерлер залда жүрген жемшиктерге, грузчиктерге жиіркене қарайды. Кейбіреулері ашықтан-ашық:

— Бұларды мұнда былғату үшін кіргізген бе? — деп мұрнын тыжырып өтеді. Қазақтан Ыбырайым прапорщик. Жақанның офицер інілері де осында көрінеді.

Сөйлеген сөз таусылмайтын заман. Екі жиылыс та көпке созылды.

Грузчиктердің жиылысы профсоюз ұйымының жайын тыңдап, бұдан былай күшейтуге бірнеше істерді істейтін болды. Мүшеге кірмеген бытыраңқы жұмыскерлерді осында тартып, ұйым арқылы, артель жөнімен жұмысқа алуға ұйғарылды. Бұл істегі ұйымдастырушы Орлов пен Ловкова жолдастар грузчиктерге сырттан артель атынан жұмыс алып, оларды жұмысқа бөліп отыруды мойындарына алды. Бұлардың қасында жігіттерден Газбекқара жүретін болды. Жігіттер оны қашаннан «атаман» деп атандырған. Сөйтіп, бұлардың клубы да, ұйымы да бержа сияқтылау еді.

Ұйымды күшейтумен бірге клубты түзету, ішіне керекті жабдықты жинау деген мәселе келіп шықты. Бұған қандай нәрселер керек, қаражат қайда деген мәселеге келгенде жүкшілер қайрандап, аңтарыла бастады. Бір жақтан Газбекқара сілкініп түрегелді:

— Мен таптым, жолдастар, нәрсені. Осы клубты байлар әкесінің ақшасына салған жоқ шығар. Бәрі жұмыскерлердің еңбегі емес пе. Егер шын бостандық болып, бізге тендік туғаны рас болатын болса, мына кадеттердің мырзалары бар-қыт орындық, жұмсақ диванда жеке отырмай, бізге де берсін!..

— Жөн-ақ!

— Алу керек!

— Алу керек! — деп грузчиктер шулап қоя берді.

— Әйдә, кім шығады баруға! — деді Медведев.

— Мына, мен! Жүріңдер! — деп бір жақтан Угар гүрілдеді.

Сол сол-ақ екен жігіттер ду ете түсті. Жүкшілердің он шақтысы барды да жиылыс жасап жатқан офицердің ішіне кірді. Жиылыстағылар абыржып қалды. Жүкшілер батыл аттап жиылыс басқармасының алдына барған соң, Угар мынаны айтты:

— Сендер, мырзалар, теңдікті көп сөйлейсіңдер. Біздің мына клубымызды көресіңдер ме? Онда жиылатын бес жүз жұмыскер бар. Бір скамейке де жоқ. Разви, жерде отырамыз. Ал сендер барқыт орындықтарды қайда қоярды білмейсіңдер. Алтын сақиналы саусақтарыңды сылап, ақ жағаны қатырып, жібекке оранып отырсыңдар. Мұнда қажаған қатырып, жібекке оранып отырсыңдар. Мұнда какой чорт теңдік! Разви, кәне!.. қайда тендік? Қайда әділдік? Жұмыскер, еңбекші әлі жоқшылықта. Разви, осы клубтағы жасасаудың бәрі кімдікі? Разви, халықтікі! Халықтікі! Олай болатын болса, сендер клуб жабдығынан бізге қазір бөліп беріңдер! Вот, мына біз неге келдік! — деді.

Офицерлер таң қалды. Өңшең күйелеш, кірлі жүкшілердің келіп, «киргизі» сөйлеп тұрғанына шыдамады. Жан-жақтан шулап қоя берді.

— Не сөз бұл?

— Не деген тәртіпсіздік?

— Анархия басталды!

— Әйде, кетіңдер!

— Марш! — деп, жігіттерге «кет», — деді. Жігіттер күйіп кетті. Бірнешеуі бір барқыт диванды алуға қол қойды. Угар барып жиылыс басқармасының үстеліндегі жасыл сукнаны жұлып кеп алды. Үй іші апыр-топыр. Айқай-ұйқай... Офицер мен жүкшілер жұдырық салысты. Бұлардың жанжалына күтініп тұрған клубтағы жүкшілердің барлығы да қаптап кетті. Тарс-тұрс төбелес. Қолма-қол жұлқылас, жағалас, біреуді біреу басып, итеріп, сіресіп қалысты. Клубта мылтық атылып, милициялар келіп аралысып, жанжалды азар басты. Офицер клубы бастығының беті қанап қалды. Жүкшілер офицер клубының ішін

жау шапқандай қылып, мебельдерін лақтырып, барқыттарын жыртып тастады.

Үкіметтің орнықпай алақабдал болып тұрған уағы — көпшіліктің істеген наразылығына қарсы әкімшілік істей алмады. Араға бітім комиссиясы кіріп, грузчик клубына біраз сайман шығарып берді.

Бұған жұмыскерлердің шоқтығы және көтеріліп қалды.

БӨЛІНГЕНДІ БӨРІ АЛАДЫ

Қыстай басқан Ертістің мұзы кетті. Пароход та, жігіттер де Ертіске дайындалды. Көп дайындықпен пароходтар жүруге айналды. Қыстайғы пароходқа арналып үйілген жүк пристаньда тау-теніз. Орлов бастатқан екі артель жұмысқа кірген. Пароход жүрерменге келгенде жігіттер және жұмыстан айныды!

— Ақысы аз. Тұрмысымызға қараспайды, — десті. Түнімен жиылыс жасап, Орлов, Ловковалардың дегенімен пароход компаниясының алдына қоятын талаптарын кенеске салды.

Ертеңіне жігіттер орнынан тұра барлығы тастай түйіліп, орыс-қазақтың екі артелі — Орлов, Ловковалар ішінде, — пароход компаниясына кетті. Омырауына қызыл ленті байлап, сап түзеп, өз командасымен жұмысшылар пароход конторына келді. Келгендегі сөздің түйіні мынау:

«Бірінші — жұмысқа жақын болу үшін пристанның өзінен жігіттерге пәтер беріңіз.

Екінші — жігіттерге асхана ашып беріңіз.

Үшінші — жүктің мың пұтына сексен сом сұраймыз! Егер осы тілегіміз орындалмаса, біз жұмыс істей алмаймыз».

Пароход компаниясы бұл талапты «орынсыз» деп тауып, бұл тілектерді орындай алмайтындығын айтты.

— Мұны істемесеңіз, біз жұмыстан отказ береміз, — деп жігіттер кейін қайтты. Сонан жұмысқа шықпай, сіресіп жатып алысты.

Байлар да қарап жатпады. Жан-жаққа адам шығарып, базардан, көшеден кісі жиюға кірісті. Әп-сәттің ішінде бір қора қытайды әкеліп жұмысқа қосты. Қытайлар жүкті пароходқа тиеуге қол қойды. Мәмбеттерге Орлов келіп:

— Әне көрдіңдер ме? Жұмыссыз жүрген қытайларды көшеден жиып келіп, арзан бағамен жұмысқа салғанын... Олар не берсе де разы. Тек жұмыс табылсын! Сендер барыңдар; қытай жігіттерімен сөйлесіп, оларды азғырыңдар. Жұмысты алмасын. Бізбен бірге болсын. Байларға айтқанымызды қылдырып, ақымызды жеткізіп алатындығымызды ұғындырыңдар! — деді. Қазақтан Мәмбет, Газбекқара, орыстан Медведев, Колке сияқты грузчиктер өкіл болып, жүк тиеп жатқан қытайларға келді. Бұлардың омырауында қызыл банты бар еді. Мәмбеттер келіп, қытай жігіттерінен сұрады:

— Жүкті қаншадан алдыңдар?

— Мың пұт — жиырма бес!..

— А, біз жиырма бес сомды азсынып алмай жатырмыз.

— Oho! Аз ба? Сендер тоқсыңдар ғой. Сендердікі қарын ашқан жоқ... Сендер красный бантик! Біздікі қарын аш!

Мәмбеттер қытайларға ұсыныс жасады.

— Сендер бұл жүкті алмаңдар; бәріміз бір болайық, бұлар жұмыскерлерді жейтұғын буржуйлар...

Қытайлар бұл сөзге тоқтай қалысты. Олар тасып жатқан жүктерін тастай беріп, Мәмбеттердің айналасына жиылды. Мәмбет, Медведевтер қытай жігіттеріне орыс, қазақ жүкшілерінен әдейі қабарға келгендігін түсіндірді. Қытай-лар бұлардың сөзіне сұраулар беріп, сүйсініп тындасты. Сөз аяғында Мәмбет:

— Жігіттер, сөзіміздің байлауы — бәріміз бір боламыз. Бір жеңнен қол, бір ауыздан сөзіміз шығады. Байдан жүкті алсақ бірігіп алып, тастасақ бір тастаймыз. Мейлі қытай, мейлі қазақ, мейлі орыс болсын, кімде кім біздің бірлігімізді бұзатын болса — арамыздан шығарамыз. Осыған «ырзамыз» дегендерің былай шығындар! — деп еді, жүк маңында жабырлап отырған қытайлар Мәмбеттерге еріп кетті. Жүкті салдырып тұрған подрядчик жападан-жалғыз сүмірейіп тұрып қалды. Дуылдасқан жігіттер Мәмбет, Медведевтерді ортаға алып, қазақ, орыс жүкшілерінің жатқан үйіне қарай тартты.

Кешіне полицейский келіп Мәмбетті алып кетті. (Он жетінші жылы біздің жігіттер Уақытша үкіметтің патша үкіметімен арасын жақсы айыра алмайтын еді. Сондықтан сол уақыттары милицияны «полиция» дейтін еді. Біз де со-

лай дейміз.) Мәмбетті апарып жауып тастады. Бірақ өзге жігіттерге тиген жоқ. Орлов ол кеште станса жаққа кеткен еді, Мәмбет ұсталған уақытта Нұраділ де болмады. Тек Мәмбетті алып кеткенін көрген пәтер тұрған кемпірі мен Катя ғана бар-ды. Катя артынан еріп келіп, Мәмбеттің қайда тығылғанын көріп қайтты.

Орлов келген соң Мәмбеттің ұсталып кеткенін естіп жігіттерге кейіді.

— Неге бердіңдер? Біріміз үшін бәріміз, бәріміз үшін біріміз дегеніміз қайда? — деп жігіттерді ұялтты. Жігіттер:

— Біз білмей қалдық! — десті.

Орлов пен Ловкова жұмысшыларды дереу жиылысқа шақырды.

«СЕН БОЛЬШЕВИК?»

Мәмбет түрмеде түнімен отырды. Таң атқан соң Мәмбетті қара мұрт, кеуделі полицейский жауапқа алды. Жөнін сұрап, жазып-сызып келіп:

— Сен большевик пе? — деп тікие қарады.

— Оныңыз кім? — деді Мәмбет.

— Ә, қу киргиз! Білмейтін шығарсың! — деп ыржиып қойып, көзін төңкеріп, қорқытқысы келді.

— Мен білмеймін, сіз кім туралы сөйлеп отырғаныңызды, — деді Мәмбет. Расында оның «большевик» дегенді алғаш есіткені еді.

— Ә, қу киргиз! Сен кеше қытайларға «большевикпіз», «қызылмыз», — депсің ғой.

— Господин начальник, мен ондайды айтқаным жоқ.

— Ә, пароход компаниясын «буржуйлар» дегенің рас па?

— Рас, начальник... оларды буржуйлар дедім.

— Кім ол, буржуй деген?

— Буржуй деп жұмысшылардың ақысын жейтін байларды айтады.

— Кім айтады? Оны сен кімнен есіттің?

— Мен оны көптен білем...

— Сонда да саған кім айтты оны?

— Жұмысшылардың бәрі айтады...

— Саған оны Орлов айтқан шығар, ә?

— Ия, Орлов та айтады...

— Ә, онда сен большевик болдың...

— Жоқ, мен большевик емеспін.

— Енді кімсің?

— Рабочимын.

— Кешегі жүкті алмауға жұмысшыларды құтыртқан сен бе?

— Жалғыз мен емес. Біздің артеліміз тегісінен соны айтты. Ақымыз аз, арамтер болып істемейік, — дегенді бәріміз де айтамыз.

— Орлов та соны айта ма?

— Соны айтады... Сол сөзіміз әлі сөз. Байға босқа істей алмаймыз. Осы пароходта екі-үш жылдан бері істейміз. Ақыны аз береді. Киім жоқ. Жігіттер тұттай жалаңаш. Пәтер жоқ. Көрінген жерге жатып, иттей ұйықтап шығады. Ал жұмыс тіпті ауыр...

Полицейский мұртын сылап, ыржаңдап күлген болып, Мәмбетке жайлап ақыл айта бастады:

— Сен тыныштал! Бұзақылық қылма. Сендер Омбы қаласында жүрген ескі жігітсіңдер. Өзіміздің киргиз ағайынсыңдар. Киргиз халқы қашаннан жақсы халық. Жанжалды сүймейтін халық. Мен білем киргиздарды. Өздерің жылда осы байдан жұмыс қылып, күнелтіп келе жатсыңдар. Сендер неменеге бунт жасайсыңдар? Жұмыстан шығып, көшеде қаңғырып, өздеріңе зиян істеуге ме? Білем мен, сендерді азғыратын Орлов, анау Ловкова. Бірақ сендер олардың кім екенін білесіңдер ме? Білесің бе кім екенін? — деп Мәмбеттен сұрады.

— Білемін.

— Білсең кім?

— Жұмыскер. Біздің жайымызға қарасып, жанын салып жүрген бір жақсы адамдар.

Полицейский ашы нәрсе ішкендей бет-аузын тыржитып:

— Олар жақсы адам емес! Бұзық! Орлов кісі өлтіріп, жүк талап, түрмеден қашқан адам. Ол киргиздың да талай жоталап, түрмеден қашқан адам. Ол киргиздың да талай жоталап, түрмеден қашқан адам. Ол киргиздың да талай жотал

Өзіңді Сібірге айдап жібереміз. Бунт шығарған үкіметке қарсы адам деп...

Мәмбет түк үндеген жоқ.

— Бар, өзіңе айтқан осы сөздерді жолдастарыңа айт! Орловтан аулақ болыңдар! — деп қара мұрт полицейский Мәмбетті шығарып қоя берді. Мәмбет шыққанда есік алдында Катя мен Нұраділ күтіп отыр екен.

— Немене? — деп олар ұшып түрегелді.

— Босандым!

Үшеуі қуана-қуана жігіттерге қайтты.

Мәмбет жүкшілерге келгенде өзгелері тегіс, Орлов та ішінде, — пароход компаниясымен сөйлесіп жатыр екен. Жігіттер:

— Ұсталған кісімізді босатып бер! Әйтпесе үлкен бүлік шығарамыз! — деп түннен бері байдың апшысын қуырып жатыр екен. Мәмбет босанып келген соң жігіттер қуанып қалысты.

— Тегі, осы үкіметіңнің арты бос. Бұрынғыдай емес, — десті.

Тұтқынға алған адамына түк қылмай босатып жіберген соң, жігіттер онан әрі күшейе соқты. Алдыңғы қойған шартынан айнымай, жым боп отырып алысты. Қытайлар да қорыққаннан жұмысқа жоламай қойған еді. Олардың он шақты жігітін Орловтар өздеріне және қосып алыпты. Ақырында пароход компаниясы жігіттердің айтқанын қылмауға лажы қалмай, амалсыз жүктің мың пұтына сексен сом беретін болды. Столовой, пәтер беруді бай «ойланайын» — деді. Сөз аяғы жерге тиіп, байға дегенін істеткен соң Орлов бастатқан екі артель келіп жұмысқа түсті.

Қытай жігіттері де:

— Біз де сендермен біргеміз! — деп артельге қосылды.

БОСТАНДЫҚ

Майдандағы жігіттерді бір қараңғы түнде қойдай топырлатып әкеліп, жаман поезға отырғызды. Улап-шулап, қыру үшін бойнаға жөнелткен өгіздердей жігіттер поезға тиеліп жатыр. Талап алғаннан тыққан нәрселерін жігіттердің алуға мұршасы да келген жоқ. Ол нәрселерді алып, қарық

болмақ түгіл, байтал тұрмақ, бас қайғы болып, уайымға түсті. Белгісіз жаққа жөнелудің қайғысы басып кетті.

Түн қараңғы, күн буалдыр. Осы жақта ұдайы сілбі жауады. Поезд қалың ағашты аралап келеді. Жігіттерде ұйқы жоқ. Таң атса да жігіттер қалай бара жатқанын түсінбейді. Бұлардың поезына күзетші қонып, этаппен алып келе жатқанын көрісті. «Сібір», «сот», «қырғын» деген ойлары онан сайын бекінді.

Бұлардың поезының жүрісі өндімейді. Станса сайын тынығып тұрады. Көрінген поезға жол беріп күтеді. Өстіп ит бүлкекпен отырып, он шақты тәуліктен кейін поезд Оралдан келіп өтті.

Осы араға келгенде жігіттер жер таныды. Өздері келген жол көздеріне оттай басылып, жыбырлай бастады.

— Осы бір жақсылықтың нышаны шығар? — десті.

— «Бостандық» дегенің бізге де жақындап келе жатқан шығар, — деді Шалғымбай.

Жігіттер әңгіме айтып, ән сала бастады. Оралдан өтіп, Омбыға таман өрлегенде жігіттердің көңіліне тіпті қуаныш кірді.

— Енді бостандық болды! — деді Мардан.

— Сібір әлі алдымызда,— деді біреуі.

— Мен әлі сенбеймін!

— Бізді өз облысымыздың сотына тексертетін шығар, — деді біреуі.

— Бәлкім Асылбек болыстың қолына қайтадан беретін шығар, — десті.

Осындай ала көңілмен отырып, жігіттердің поезы Омбы қаласына кірді. Вокзалға келген соң бұларды алып келген штаб бастығы жігіттерді түсіріп тұрып:

— Жер-жеріңе қайтуға рұқсат. Қайда барсандар да өз ықтиярларың, сендерге бостандық, — деді.

— Уа, құдай-ай!

— Уа, шүйінші! Шүйінші! — деп жігіттер шуылдасты. Мәз-мейрам...

— Міне, бостандық!

— Бәсе, «бостандық» деген осындай болса керек еді, — деп жамырасып жатыр. Мардан жігіттерге:

— Жігіттер, тоқтай қал. Біз қайдан келіп тұрмыз? Біз қайда бармадық? Талай жердің отын оттап, суын іштік, өткен

жылы елден кетіп, өзіміз өлімге бара жатқанда шулап жылап аттанған станса еді бұл тұрғанымыз... Онда біз ұсталып бара жатқан едік. Енді бүгін елге қайтып, бостандықпен босанып тұрмыз. Бізді неге босатты, білесіңдер ме? — деді.

Жігіттер Мардан сұрауына әрқалай жауап берді.

— Қайтаратын уақыты болған шығар...

— Берекелі жұмыс істемеді, осыларды еліне жеткізіп салайық, — деген ой болған шығар...

— Магазин талаған соң осы пәледен құтылайық дегені анық болар...

— Жоқ, ол емес, өздері де биттеп-құрттап кетті, сүзектен қырылып, таусылып қалар деуі мүмкін...

— Тіпті, аржағынан неміс қуып, орысты жеңе бастамағанын қайдан білесіңдер?

Мардан жігіттердің пікірін тыңдап тұрды.

— Кәне, білсең өзің айта ғой, — деді Марданға Шалғымбай. Мардан жайлап қана:

— Жігіттер, біздің босауымызға өзіміз себеп болдық. Өзімізге Алексей себеп болды. Егер Алексейдің айтуымен Гронның магазинін таламасақ, бізді қайтарар-қайтармасы екіталай сұм дүние еді. Алексейдің бізге айтқан ақылы әбден дұрыс болды ғой, — деді.

— Рас.

— Рас! Алексей кісі екен...

— Білгіш екен! — десті жігіттер. Сол арада:

— Жігіттер қайтты! — деген хабар қаланың бас-аяғынан шығып қалды. Қаладағы жігіттер, қала маңындағы жатақтар түс-түсынан жігіттердің алдынан шықты. Мардан өзінің таныс жолдастарына жолығып, мәз-мейрам болды да қалды. Көшені күңірентіп, жігіттер жолыққан адамдарымен қайта көрісті. Өткен жылы осы стансада жігіттер «кеттік!» деп шулап зармен жыласа, енді «келдік!» деп шулап қуаныштан жыласты. Шабдар шолақты қуып Сүлеймен бержабай да жеткен екен. Жыласып жатқан жігіттерге тоқтам айтып:

— Қой, жыламандар. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген, сендер қойындар, қарақтарым! — деген бержабайдың өз көзі де суланып, жыпылық-жыпылық етті.

Марданның қабағы жарқылдап, мерейі үстем болып, киім-кешегін бержабайдың арбасына салып отырды да:

— Тарт, Сүке! — деді...

Сүлеймен божыны қағып, жатақ жаққа қарай божылдатты.

ТУ АСТЫНДА ТЫМАҚТАР

Майданнан қайтқан Мардандар келіп түнде қалада қонғанның ертеңіне күн мейрам еді. Бұл мейрамға қала екі жұмадан бері дайындалған екен. Әсіресе қала халқы түннен бері абыр-сабыр, әр жерде жиылыс. Баяндама. Мардандар жатқан жатақтар да еленделп отырысты.

Таң атты. Қала дуылдай бастады. Түнімен ойдағы-қырдағысы қосылып, мәз-мейрам болған қазақ жігіттері де қаланың қызығын көруге дайындалды.

Мардан, Шалғымбайлар ішінде Ырғайты елінің бірсыпыра жігіттері құралып, көше-көшемен ағылып жатқан халықтың бетіне қарай кетті.

Бүгін күн көтерілісімен-ақ, қала ың-жың болып кеткен еді. Көше-көшеден дүңгірлеген барабан, дүрілдеген музыка дауысы қаланы басына көтерді. Ту көтерген топ-топ адам қала ортасындағы площадқа ағыла бастады. Қаладағы түрлі партиялар, әлеумет ұйымдары бұл мейрамға өзінше дайындалғандықтан, бүгінгі мейрамға жиылған халықтың туы да, туына жазылған ұраны да түрлі-түрлі. Кадет, меньшевик, эсер, большевик партияларының барлығы да өз тілегі мен өз жобасын жариялап, көпшілікке таласып, көшеге шыққан. Әр ұйымның өз ұраны туларына жазылып, жұрт алдына жарқ-жұрқ етеді.

Қаланың большевигі бастаған жұмысшылардың ұйымы майдың бұл мейрамына әбден дайындалып, өз күштерін көрсетіп, өз ұрандарын ұрандап келеді. Бұлардың арт жағы вокзалдан, пристань жақтан шығып жатыр. Мардандар кімге қосыларын білмей өздері жиырма шақты жігіт болып ілгерінді-кейінді жүрген күйінде жан-жағына қарасты. Әркімнің туына, әркімнің тобына көз салды. Алуан түрлі тумен күллі халық осы площадқа жиналған. Қаланың әскерлері, офицерлері сап түзеп өз алдына жиылып жатыр. Қаланың байлары, мещаны, саудагері, обывательдері де қалмай, барын киініп, көшеге шыққан. Музыка жер күңірентеді. Міне, мына жақтан бір күшті музыка шықты. Ту қайнап

кетті, халық неткен көп еді? Ту, туларын-ай!.. Бұл келген Орловтар бастаған жұмысшылардың, жүкшілердің тобы еді. Өңшең омырауына қызыл бантик байлаған жұмысшы жүкшілердің тобы қызыл туды жарқылдатып, сарт-сұрт аттап келіп, тақ трибунаның түбіне тұра қалды. Мәмбет, Нұраділдер бұл саптың алдыңғы қатарында еді. Мардандар екінші жаққа қарады. Тағы да бұландаған қызыл ту көтерген, омырауына қызыл бантик байлаған екі жарым мыңдай темір жол жұмысшылары бастаған парад «Интернационал» өлеңін жырлап келіп, пароход жұмысшыларына қосылды. Майданнан келген Мардандар осылардың ортасында қалды. Баян тұмақтары шәукиіп, қарқаралы етігі сүйретіле басыла, олай бір, былай бір жосыды. Жан-жағы ту, шу, қайнаған халық. Қайсысына жақындаса да бұларды басып кете жаздап, ығыстыра берді.

Үстіп үріккен түйе көзденіп, алақтап тұрған жігіттерге екі жағындағы екі қызыл тудың тобынан екі қазақ жігіті ұмтылды. Омырауына қызыл лента байлаған Мәмбет пен Сатан, бірі — темір жол жұмысшылары тобынан, бірі — пароход жұмысшылары тобынан Мардандарды танып жүгіріп еді. Анадайдан қол бұлғап, жарқылдап күліп, жүгіре келе жатқан жолдастарын көрген Мардан да тұра алмады. Ол да қанатын қаға, құшағын жая жолдастарына ұмтылды. Көздер жалт етті. Құшақтары сарт етті. Қуаныш көкке шарықтады. Жігер тасқындап, жүрек жалындап, сағынысқан төстер бір-біріне еміреніп, ыстық қолдар бірін-бірі қысып жатыр. Уа, шіркін, жалғанда тәтті жолдас қой! Адамның ең жақыны жолдасы да. Жалт-жұлт етіп қуанған көздер, көріскен жолдастар алғашында сөз айтуға ауыздары келмеді. Қуаныш тулатқан жүрек алқымдарына тығылып, көздерімен жайнандасып, жүздерімен жайрандасып тұр. Мәз-мейрам...

Үшеуінің үстіне Мардан қасындағы өзге жігіттер де келіп амандасты. Мардан жолдастарын бір-бірлеп таныстырды. Жігіттер бірін-бірі біліп, қозыдай жамырасып жатыр. Жарқылдап жолыққан үш жолдас бір-біріне «сен қайдан жүрсіңге» келді.

— Біз өткен майданнан кеше келіп түстік! — деді Мардан.

— Сәпсім босандыңдар ма?

— Ия, босандық.

— Ай, жақсы болды-ау!

— Қакраз май мейрамына келгендерің!

— Өзің қайдан жүрсің? — деп Мардан Мәмбеттен сұрады.

— Мен әлі пристаньда. Қазір артельміз. Мынау тұрған біздің жұмысшылар.

— Сенен басқа қазақ бар ма? — деді Мардан.

— Бірталай жігіт бар. Нұраділ, Газбекқаралар да осында, — деді Мәмбет.

— Ә, сен қайдан жүрсің? — деп Мардан Сатанға қарады.

— Мен шойын жолдамын. Стрельщикпін...

— Онда кім-кім бар?

— Онда да бірнеше қазақ бар. Тайшабар, Жұмабек, Жауатар осында. Әне, анау тұрған солар. Бүгін қызыл ту көтеріп, тамам жұмыскер мейрамға шығып тұрмыз, — деді Сатан.

— Ал біз қай тобына қосыламыз? — деді Мардан.

— Сендер бізге қосылыңдар. Жұмыскер тобы тұрғанда кімге кетпек едіңдер? — деп Мәмбет саутиып тұрған қазақ жігіттеріне қарады. Қазақ жігіттері жан-жағына қарады. Екінші жақтан адвокат Субай, алыпсатар Жұмаған, Майберген молда, Мұқан балуандар бір шоқ болып келе жатыр екен, оларды танитын Мардан:

— Е, мыналар да шығып қалыпты ғой. Бұлар қайда барар екен? — деді. Оған Мәмбет жауап беріп:

— Өй, оларды қойшы, берекесі жоқ. Көрмейсің бе, адамдарының ұсқынын! — деді.

Тағы да ту көтерген топтар келді.

— Е, міне, міне біреулердің ішінде де қазақ көрінеді...

— Ия, ия, қазақ екен.

— Оқығандарымыз ғой.

— Тулары қандай өзінің?

— Ақ шүберек қой.

— Жоқ, ала көрінеді.

— Кестелі көрінеді. Жайнамаз шығар.

— Солар екен. Оқығандар. Әне, мынау ақ жалаудың жанындағы шермендеп келе жатқан Омарқан ғой. Облыстық қазақ комитеті...

— Қасындағы жуаны кім? — деді Сатан.

— Кәдімгі Жексенбай! — деп Мәмбет жерге түкірді де:

— Міне, қазақ халқының қамқорымыз деп кеудесін қағып жүрген Омарқан комитеттер. Кешегі Омбы елінің николайы, Жексенбай болыспен бірге топтанып, «бостандық!» деп шерменделеп барады. Осылардан не үміт, не қайыр? — деді.

— Мұндайлардың көзін жоғалту керек қой, — деді Мардан.

Қазақ жігіттері жан-жағындағы ию-қиюды байыптап алды, артына алақтады.

Мардан алақтап тұрған жігіттерге:

— Кәне, жолдастар, біз де бір жағына тарталық, — деді.

— Бізге тартыңдар! — деді Мәмбет. Жігіттер Мәмбетті ортаға алды.

— Жолдас-ау, біз мына көпшілікте сендерден көз жазып қаламыз ғой. Біз сендерді белгілеп алсақ екен, — деді шолақ Шалғымбай.

— Біздің белгіміз — мына қызыл, — деп Мәмбет омырауындағы қызыл лентаны көрсетті.

— Омырауына сондай қызыл таққан адамның бәрі жұмысшылар, біздің адамдарымыз, — деді Сатан.

— Туынды көрсет бізге! — деді Шалғымбай.

— Әне, біздің ту — қызыл ту! — деді Мәмбет.

— Онда біз сендерге қосыламыз!

— Жүріңдер, жігіттер! — деді Мардан.

Етектері салпылдап, етіктері балпылдап, тымақтары шәукиіп, ауыр жүктен босанған атан түйе сықылды жиырма шақты жігіт Мардан, Мәмбеттердің артынан еріп, қызыл тудың астындағы жұмысшылардың тобына қарай тартты. Ту көтеріп, сап түзеп, ұлы күреске аттанып тұрған қалың жұмыскерлерге қазақ жігіттері де келіп қосылды. Жұмыскерлер тобы арасын ашып, жігіттерді ортасына енгізе берді. Бұлардың келуіне жұмысшылар тобының алдында тұрған Орлов:

— Жасасын Совет үкіметі! — деп айқайлап жіберді. Ол ұранды жұмысшылар қуаттап аспанға шығарды. Қазақ жігіттері де ұранға қосылып, ту астында тымақтарын көкке сермеді. Осы қосылысқа қуанып қараған Мәмбетке жігіттердің тұрған жері үлкен жолдың басы, ұлы өзгерістің нысанасы сияқтанды.

ЖАСАСЫН СОВЕТ!

Бір мезгілде жұрт әбден жиылып, қаланың кең алаңы адам теңізіне толды. Тулар шұп-шұбар ала болып, музыкадан алуан түрлі үн шығарды. Шынайы бақылап тұрған адамға жиналған жұртта рет, тәртіп аз сияқты еді. Әр ту жолға таласып, әр топ сөйлейтін жерді алуға ұмтылып, улап-шулап, таласқан тәрізді. Мейрамның митингісі ашылды.

Жиылысты городской управаның бастығы ашты. Бұл осы қаланы бес жылдан бері басқарып келе жатқан үлкен көк ала сақалды бір чиновник еді. Мұны Мәмбеттер таныды. Ол митингіні ашты да, өзі көп сөйлемей «бостандық», «туысқандық» деген сияқты сөздерді қосып, аз сөйледі де сөзді түрлі адамдарға берді. Сөз көбейіп кетті. Қаладағы мырза, адвокат, чиновник, офицерлердің бәрі де қыза-қыза сөйлеп, өз ұрандарын тастады.

Барлығы да сөздерінің аяғында:

— Бостандық жасасын!

— Жасасын Уақытша үкімет!

— Жасасын немісті жеңіп жатқан біздің қаһармандар! — дегенді айтып, мінбеден түсіп жатты.

Шешендер сөйлеген мінбені айнала қоршап алған жұмыскер еді. Олар әлгіндей ұранмен сөйлеген мырза, офицер, жат партия адамдарының барлығының сөзіне ысқырып, айқайлап, ырың-жырың қылып тұрды. Сөйлеушілер:

— Жасасын Уақытша үкімет! —десе. Жұмысшылар:

— Долой Уақытша үкімет! — дейді.

— Жасасын Совет үкіметі! — дейді.

Бір мезетте мінбеге бұлқынып Орлов шықты. Ол городской управадан сөз де сұраған жоқ. Управа бастығы одырайып тұрып қалды. Орлов шыға келіп, фуражкесін қолына алды да:

— Жолдастар! Еңбекшілер! Граждандар, — деп бастап, дағдылы жүйрік аттың шабысындай сөйлеп жөнелді. Қарсы жақтан Орловқа да ысқырып, айқайлап жатысты. Бірақ оған Орлов тоқталған жоқ. Трибунаға таяу тұрған жұмыскерлер сілтідей тынып тыңдады. Халыққа да Орлов сөзі тиімді, дәл мағыналы естілді. Оның тастаған ұрандарында:

— Соғыс тоқталсын!

— Халық көзін бояп, соғысты созып отырған байлардың уақытша үкіметі құласын!

— Жұмыскерлер фабрик-заводты алсын; крестьяндарға помещиктердің жері берілсін! Майданға кеткен жігіттер қайтарылсын! Совет үкіметі жасасын! — дегендер түсінікті, керекті, ашық сияқтанды. Орловтың тастаған ұрандарына жұмыскерлер уралап, халық қызып кетті. Мардандар да көтеріліп, тымақты көкке ұшырып:

— Өй, бәрекелделеп! — сүйсініп қалысты.

— Міне, Алексейдің айтқанын бұл да айтты, — деді Мардан.

Мардандар қараса, Орловтың артынан бір жуантық офицер мінбеге мініп қалған екен. Оны долойлап жұмыскерлер шулап еді, офицер ашу шақырып, баж-бұж етті:

— Не деген тәртіпсіздік! Кім құтыртады халықты? Құрысын анархия! — деп айқайлап, бақырып тұрғанда үш-төрт матрос ырғып мінбеге мініп, оның жанына барды. Офицер екі көзі айналып, аузынан көбік шашырап, халыққа бақыра берді.

— Майданда қан төгіліп жатыр. Россия жауға шауып жатыр. Осындай уақытта бұзақылық, анархия халықты ішінен ірітіп жатқаны үшін — оқ, қылышпен жаза тартуы керек. Қазір соғыстан басқа әңгіме сөз емес. Жауды жеңбей тоқтамаймыз! — деп булығып, бақырып тұрғанда, қасына барған матростар:

— Долой война! — деп офицерді қағып жіберді. Офицер трибунадан бөріктей ұшты. Оны жұмысшылар қағып алып, көтеріп әкетті. Көтерген күйінде мінбеден жерге түсіріп алып, қалжыңға араластырып, шулап, қолдан-қолға алып, созғылап-созғылап қоя берді. Бұл уақытта площадтағы халық ығыжығы, у-шу болып кеткен еді. Жұмысшылар митингіні бытшыт қылып, ірітіп жіберді. Орловтардың тастаған ұраны байларға, кадет-меньшевик, эсерлерге оқтай тиді. Жұрт өзара ұрандарды талқылауға кірісті. Сол арада:

— Түрмеге!

— Түрмеге! — деген айқай шықты. Жұмысшылар жылдам сапқа тізіліп топ-тобымен туын көтеріп, түрмеге тартты. Бұлардың артынан қайда барарларын білмей толқып тұрған көп халық ерді. Мәмбеттермен бірге майданнан келген жігіттер де қызыл тудың астында аттап алға жөнелді.

Жұмысшылардың, халықтың түрмеге тартқанын көрген үкімет өкілдері, әскер адамдары қауіпке түсті. Қарулы күшті дайындап, қан төгуге қам қыла бастады. Үкімет жағы тіпті бұрыннан-ақ күтінген еді. Түрменің төр жағында төрт пулемет түнде келіп орнаған еді. Қазір атты, жаяу әскер командамен халыққа қарсы жан-жағынан жөнелтіліп жатыр. Жаушы-жаужалам. Қала соғыс халіне түсті.

Большевиктер бастаған жұмысшылар түрмеге таянды. Жан-жағынан қоршап алған әскер де түрмеге тіреліп келісті. Түрменің терезелерінен қолдар самсап, орамал, шапкілерін бұлғап, тұтқындар да қуанып, халықты қарсы алғандығын білдіріп жатыр.

Жұмысшылар қарулы солдаттардың қамауында түрмеге тіреліп келіп, қызыл туды бұлаңдатып тұра қалысты.

— Құрысын байлар үкіметі!

— Үкімет Советке берілсін!

— Саяси тұтқындар азат болсын! — деген ұранға шулап, сіресіп тұрып алысты. Түрменің іші ұлардай шулап, есік-терезені ұрып, ыдыс-аяғын лақтырып, бүліншілікке кірісті.

Не заматтан соң, не қыларын білмеген түрменің әкімі түрмедегілерден өкіл сайлап, халықпен сөйлесуге рұқсат берді.

Түрмеден шығып тұтқындардан келген өкіл — екеу. Бірі — күнге кептірген балықтай қатқан қансыз әйел. Енді бірі — сақал-мұрты өсіп кеткен, арық, қансыз көк көз шал. Бұлар келіп жұмысшыларға бас иіп, қызыл туды аймалап көріскендей болды. Әйел туды құшақтап, солқ-солқ жылады. Халық ың-жың. Жұмысшылардың іші қазандай қайнады. Әйел көз жасын тумен сүртті. Шал сөз сөйледі.

— Жұмысшылар! Халық! Сендерге түрмедегі төңкерісшілдерден сәлем әкелдік! Сәлем сендерге! Сәлем қызыл туға! Сендердің бақытыңды тілеп азаттық үшін алысқан, аяқ-қолы кісендеулі ерлерден, большевиктерден сәлем!

— Ура! Ура!

— Жасасын революция!

— Құрысын байлар үкіметі!

— Жасасын біздің қаһармандар! — деген дауыстар көк күркіретті.

Шал біразға шейін шудан сөйлей алмай тұрды. Халық шуы тыншыған соң, шал:

— Жұмыскерлер! Сіздердің бізді босатуды талап етулеріңіз орынды. Ол сіздің правоңыз. Бірақ бұлар бізді босатпайды. Осы Омбының үкіметі босанған соң бізді жолдан ұстатып отыр. Мұның себебі бізге түсінікті. Бұл қаладағы үкіметте отырғандар жұмыскерлердің жауы — байлар, патша үкіметінің қалдықтары — олар арылған жоқ. Революция болса да, Россия — әлі азаттықтың кісені, халықтың түрмесі. Біз көксеген бостандық әлі жоқ. Жоқ, жоқ! Уақытша үкіметтің жұмыскер, крестьян, солдаттардың тілегін орындамайтын байлар үкіметі екенін жақсы ұғыныңыздар. Бұл үкімет халықтың тілегін орындаған жоқ. Әлі соғыс тоқталмады. Фабрик, завод, пароход, шойын жолдар байлар қолында. Жер помещиктің билігінде. Халық жүдеу... Кәне, бостандықтың болғаны? Біз бұлардан тілегімізбен емес, білегімізбен босанамыз. Тартысыңдар бостандыққа! Шығыңдар жауға қарсы! Күн жақын! Жасасын Пролетариат революциясы! — деп шал қолын көкке көтеріп, ілгері ұмтылғанда:

— Жасасын Совет!

— Құрысын байлар үкіметі — Уақытша үкімет!

— Барлық үкімет Советтерге! — деген ұранменен жұмысшылар шулап кетті. Теңіздей толқыған көп халықтың қайнаған ашуы, қозған ызасы жауына үлкен айдын көрсетіп, қатты сескендірді. Жұмысшылар түрмеден келгендерді қаумалап көтеріп, қолдан-қолға лақтырып тербетті:

— Ура!

— Ура!..

Үкімет састы. Қала күзетшілері ысқырды. Әскербасылары команда берді. Қаланы қорғауға қойылған казак-орыстың полкы халыққа қарай саулап жүріп берді. Халықты керіп кетті.

Халық құр қол. Жан-жағынан қамаған қарулы әскердің алдында иіріліп, ұйлықты. Шал мен әйелді халықтан айырып түрмеге алып жөнелді.

Олар:

— Жасасын Совет үкіметі!

— Жасасын Пролетариат революциясы! — деп айқайлап бара жатты.

Ашынған халық тістеніп, сіресіп, біріне-бірі тығылып, қарулы әскердің ат омырауында айдауымен түрмеден қайта

серпілді. Тұтқындар түрменің терезесінен қолдарын бұлғап, орамалдарын желбіретіп, шапкілерін лақтырып, «ура, урамен!» халыққа қоштасып қала берді.

Майданнан қайтқан қазақ жігіттері, өздерінің Мәмбет, Сатан сықылды қызыл белгі байлаған жолдастарымен бірге Ертістің матросы, шойын жолдың жұмыскерлері ішінде қалаға қарай сарт-сұрт адымдап келе жатты. Қаланың қыр жағы әлде шаң, әлде тұман сияқтанып, жігіттерге күңгірт көрінді. Бірақ жұмыскерлердің көп дауыспен көтерген:

Бұл болар ең ақырғы.
Ең күшті зор майдан. —

деген жырының үні көкті күңірентіп, жерге ескектеп соқты. Артынан топты шұбатып, ілгері аттап, бұлқына басып келе жатқан жұмыскерлердің қолындағы қызыл тудың серпіні тым күшті еді.

«БОСТАНДЫҚТЫҢ БОЛЫСЫ»

Көлдің көгерішіне іргесін тақап, төгіле қонған ауыл отыр. Ортада дөмбірдей ақ үй, оған таяу жалпайып тігілген қоңыр үй, екеуі де өзге үйлердің ішінде салтанатты көрінеді. Ақ үйдің оң жағында бәтеспен қаптап, манат, борлат, қызыл мақпалмен оймыштаған әсем отау тұр. Осы үйдің үшеуі де бір байдікі екені көрінем жерден көзге түседі. Ауылдың онан басқа он шақты үйі қоңыр, қара үйлерден, қос, лашықтардан құралған. Лашықтардың адамдары ию-қию болып, кешкі қойды сауып жатыр. Қой-қозы маңырап, сиыр-бұзау мөңіреп, қора жақ у-шу...

Бұл шудан байдың үш үйі оңаша. Осы ауылға арт жағындағы обалы шоқының басынан қараған кісіге ауылдың сырт көрінісі әлденеге ұқсайды. Әсіресе қырдың қалың бұтасының ішіндегі бір тасалау жерге тоқылған бүйінің торы сықылданады.

Әне, байдың өз үйі арбиған ақ шабдар бүйінің дәл өзі. Қасындағы қоңыр үй — өрмекші. Отауы — бүйінің жұмыртқасы. Ауылдың өзге қара лашық, қоңсылары кәдімгі бүйінің торына түскен шыбын, қоңыз, паруана көбелектер сияқты.

Күн еңкейіп батуға бара жатыр. Ақ үйдің көлеңкесіндегі Асылбек болыс екінді намазын молдасымен бірге жаңа ғана оқып, жайнамазын жинасты. Сәукеле сақалды болыс омырауын желпіп, жібек көрпенің үстіндегі семіз ақ жастыққа жантайды. Аузы ораза. Бет-аузы шөлден шаңытып, қайта-қайта түкіреді. Түкірігі аузынан төгіліп тұрмаса да, өз айбындылығын айғақтап отыратын әдеті бойынша ту, ту! деп күпілдетіп қояды.

Аузы судан кепкен, торына түскен шыбындарды соруға дайындалған улы бүйі аунақшиды. Байға имамдық қылып, екінді намазын оқыған молда, бала оқытып жатқан абылайшасына кетті. Үйдің көлеңкесінде болыстың қаршығадай қара тоқалы қасын керіп, сұлусып сызылғандай. Көк тегештегі қымызды қызыл ожаумен үйіріп сапырып, салқындатып отыр. Одан қымқа оңашарақ көлеңкеде үйіндісі өзінің қоңыр үйіндей бәйбіше жалпиып, ұйықтаған баланы шыбыннан қорып отыр. Қоңыр үйдің жер ошағында ас пісірген әйелге анда-санда бұйрық айтады. Үш бақаннан көлеңке қылып асқан қазанда сүр араластырған көбе қозының сары ала сорпасы шымырлап қана қайнайды. Ақ отаудың алдында астына ала сырмақ төселіп, байдың келіні мен бойжеткен қызы машинаны сырылдатып, киім тігіп отыр.

Ауылдың қарсы бетінде мол жылқы шандатып, көлден су ішіп, қырға шығып барады.

Қыр жақтан осы ауылға қарай біреу шауып келеді. Оған ауыл тегіс қарай қалды. Бөркі қолында, екі аяғы салақтап, етегі аттың сауырына жайылып, алақ-салақ болып, «әкесі өлген» біреу келе жатыр... Болыс та басын көтеріп отырды.

— Бұл неғылған адам?

— Жаназаға шақырған біреу болуға кәдік...

— Оразғали тіл-аузын қойып жатыр деп еді...

Әне-міне дегенше шапқан атты шоқырақпен келіп, болыстың алдына тұра қалды. Әубәкір екен.

— Уа, немене, аман ба?

— Шүйінші! Болыс, шүйінші!

— Уай, құдай-ай!

— Немене?

— Кемелбек комитет болды!

— Ал шүйіншінді!

Болыстың қыз, келіні де, көрші-көлеңі де жүгіріп келіп, топырласып қалды.

Кемелбектің комитет болғанына шүйінші сұрап, ауылды апыр-топыр қылған маса сықылды ілбиген сары сақал атқамінер Әубәкір атын байлаған соң болыстың қасына келді.

— Шүйіншіні Рабиғадан да аласың ғой! — деп қойды бәйбіше.

— Шүйіншінің үлкенін Рабиғадан аламын, — деп маса сары күні ұзын қолында келе жатқан белбеуі мен бөркін жерге қойып, көлеңкеге малдасын құрды. Әубәкір қысқа-қысқа хабарын айтып, қаладан қашан шыққанын, Кемелбектердің келе жатқанын, өзінің шүйінші сұрауға Қызылқұдықтан озып кеткенін айтқан соң хабарға жиылған ауыл адамдары тарасты. Кемелбектің келіншегі Рабиға да шолпысы сылдырлап, желегі төгіліп, бұрала басып, отауына кетті. Болыс пен бәйбіше, молда үшеуі отырып, Әубәкірдің әңгімесін тыңдады. Әубәкір болыстың алдындағы жатқан папиростың біреуін ала беріп, сөзге кірісті.

— Дуанға біз де бардық. Қожатай жағы да барды. Олар қаладағы Жақсыбайды адвокат қылған екен...

— Е, әлені! — деп Асылбек күзалып қойды.

— Қалада қайда түстіңдер? — деп бәйбіше қыстырылды.

— Әнеукүнгі осынан жабағы арттырып кеткен Қайролданікіне түстік. Түскен соң-ақ Кемелбек Мәселейге жолықты. Дуандағы ояз орнында комитет болып тұрған Мәселейдің күйеуі екен. Ақшасын біз шығарып, Мәселейдің үйіне дуанның біраз жақсыларын қонаққа шақырдық. Онда Ғалауеттен хазірет те келді. Ол кісі де комитет члені екен. Сый-сияпатымыз жаман болған жоқ. Ақшаны да төгіп жібердік. Арағына да, тамағына да қонақтарымыз үйректей жүзді.

— Әкеткен ақшасы аздау еді ғой, — деді Асылбек.

— Аз болды. Сірә, Қайролдадан алды білем... Ертеңіне елдің преговорын, сайлаудың протоколын оязнай комитетке беріп кеп қалдық. Қожатайлар да преговорын кіргізген екен. Комитет жиылысында Мәселей, Ғалауеттендер жақтап шыққан соң, Кемелбекті комитет қылып бекітіпті. Түнгі

жиылыс артынан хазіреттің өзі келіп, бізден шүйінші сұрады.

— Алда, жарықтық-ай. Ниеттес кісі ғой! — деп бәйбіше қойды. Молда хазіреттің байға жақындағанын күндей ме, кім білсін, көп қоштамай отырды.

— Кемелбек іштеме атады ма? — деді Асылбек. Әубәкір желпектеп жауап беріп:

— Молдаға буырыл атты ал деді ғой деймін, — деді.

Бұл хабарға тыңдап отырған Зікірия молда өз ішінен: — Әне, үлкен молдалардың напақасы. Байлардан кесектеп алады, паруардигар алла, біз сол даражаға жетуге қашан нәсіп болар екен? — деп ойланып отырды. Бәйбіше масаттанып:

— Алсын хазірет. Адамға мал жолдас емес. Ғалауеттен хазірет қол үзбейтін кісіміз, — деп шыбын үймелеп оятқан баласына бұрылды.

— Е, құдай қайырын берсін. Бір жылқы деген не? Іші боқты, сырты түкті, бір мал. Хазіреттің алғаны жақсы. Тіпті, малыңыздың зекетіне кетер, — деп Әубәкір жылпылдатты.

Таласып барған дуаннан Қожатайларды жеңіп, комитет болып келе жатқан Кемелбек мынау бәйбішеден туған Асылбектің баласы. Ауылдық школды бітіріп, ел ішінде мырзалық қылып жүретін. Отауы осы қыста түскен. Әубәкірлердің айтуынша тартымды, білермен болатын жігіт. Екі жылдан бері Асылбек Кемелбекті өз орнына жұмсап, ел ішіне баулып келе жатыр еді. Кемелбек Асылбек орнына қырдағы қол сиязды да өткізеді. Ауылнайларды жиып, қалаға барып, рамат ақшаны да дуанға өткізіп қайтады. Кейде дауласқан адамдарға өз бетімен жасауыл жіберіп, жауапкерді би алдына да айдап салатын еді. Заман орнында тұрса, келесі сайлауда Асылбек өз орнына болыс қойып, өзі бәйбішесімен қажыға барып қайтуға да ойы бар еді.

«Бостандық болып, патша түсті» — дегенде Асылбек осы баласын:

— Ал, ұмтыл! — деп атқа мінгізді.

Кемелбек қалаға әлденеше рет барды. Ел ішіне келген өкілдердің жетекшісі болды. Шу дегеннен бостандық туралы ел жинатып, жөн айтуға қырдағы болыс ауылы даяр кеңсе, даяр аппарат болып шықты. Бұрынғы би, ауылнайларды, болыстарды қолдап, атқамінерлерден онбасы, жүзбасы, өкіл, комитет ұйыстырды. Жиылыстар өткізді. Елге газет оқыды. Ұран тастады.

Сайлауға, үгітке келген адамдарды өз үйіне түсіріп, өзі алып жүріп ел аралатты.

Сөйтіп Кемелбек «елді де», «бостандықты да» меңгеріп әкеткен еді.

Кемелбектердің бостандығында ел кедейлерінің жұмысы болмады. «Николай түссе де қазақ патша болмас, Асылбек түссе де кедей болыс болмас» деген ойдан шыққан жоқ. Баяғы күйінше егінін салып, сиырын сауып, байлардан сауынын сұрап, шалабын ішіп, шолағын шу-шулеп жата берді.

Елдің екінші жағын көтерген Қожатайлар. Бұл тап өткен сайлаулардан бері Асылбекпен ұстасып жүретін партия жағы. Өткен жылғы «жігіт бермейміз» деп көтеріліс жасап, күйзеліп қалған жақ та осы Қожатайлар. «Патша түсіп, ояз, болыс орнынан алынады» деген соң да Ырғайты елінің болыстығы біздікі деп комитетке талас шығарған Қожатайлар, Бекжандар да жаздан бері Асылбекпен алысуда еді. Болыстық сайлауда Қожатай жағының шары асып түскен сияқты еді. Талас қызып, комитет тағдырын қалаға шешуге әкеткен соң екі жақ партияның адамы дуанға шабысып кеткен еді. Соның ақыры — Асылбекке шүйіншімен тынды. Бұлар қуанбағанда кім қуансын? Мәз-мейрам. Асылбек мұртынан күліп, бәйбіше даркансып, атқамінері құлдырандап отыр. Кемелбектің келіншегі көрпе-жастығын қақтырып, отауын жайлап жүр.

Көп күттірмей Кемелбек комитет бір топ кісімен келіп түсті. Ауыл оларға, олар ауылға араласып бірін-бірі құттықтады.

— Уа, құтты болсын!

— Құдай бергенін қайтып алмасын! — деп жатыр өңшең құзғын, атқамінерлер.

Кемелбек жарқылдап әкесінің қасына келіп отырды. Қасындағы бала тілмашты болыс танушы еді.

— Васке, былай шық! — деп оған орын көрсетті.

— Мұны песірлікке алып келдім, — деді Кемелбек.

— Жақсы болыпты. Өзіміздің үйренген адамдар ғой, — деді Асылбек. Бұл отырған шымшық сары бала Асылбек болыстың тілмашы Мекепардың баласы еді.

Кемелбек қоржынымен, тілмашымен, тізім, жасауыл, жүз басыларымен топырлап үй жанында отырғанда тек

ан үйдің алдынан өте шықты. Мардан кеудесін болыс астындағы боз ат басып өткендей болды.

Оның қасында отырған Ақыш деген жолдасы:

— Уау, деген-ай. Заман Асылбектікі, жүрісті көрдің бе?— деді.

Мардан үндемеді. Оның үйрек мұрны тыжырайып, көзі ойнақшып, беті қуқыл тартқан еді.

Ауыл сасқалақ. Барлығы шұбар болыстың алдынан өріп, сәлем беріп, атын ұстап, түсіріп жатыр. Ауылдағы іргесі бүтін, үзігі қылаң деген үйге кедейлер кір жастықтары мен құрақ көрпелерін жайғыштап, болысты үйге кіргізді. Ауыл кәриясы Аяпберген табақты түрлеп жасауға жігіттерге нұсқау беріп, қалбырақтап жүр...

ҚАРСЫ ҚАМШЫ

Той дегенде қу бас домалайды. Кішкентай ғана той-томалақ істейміз деген жігіттердің дабысы талай жерге кетті. Малы көкке тойынып, өздері айран ішкен ел той дегенде шақырсын-шақырмасын, тұс-тұсынан ағылды. Тойға келген соң қазақ тыныш отыра ма, етке өкпелеп, түскен үйді жақтырмай, кекеп-мұқап ырың-жырыңға кірісті.

Ауыл ортасынан бажаң-бұжаң еткен дауыс та шығып қалды. Жиын жұрт солай таман жөңкиді. Мардандар да үйден жүгіре шықты. Шақылдап жатқан Күркімбай деген көк сақал екен. Бұл сақал ел ішінде «саным көп, сойылсоғарым көп» деп ісініп жүретін пәле қуған шал еді. Ат шауып, ет тартқан жерде жанжалсыз кеткен емес. Күркімбай:

— Ауылымды тойына шақырмай бір қорладың! Кәрі жілік тартып екі қорладың! — деп зіркілдеді. Той қылған ауылдың адамы Аяпберген кәрия жік-жапар болып, жалынып отыр.

— Көке, тілеуіңізді берсін. Ашуыңызды таста. Тойға шақырған баламыз сіздің ауылға жетпей қайтыпты. Той қылған бір үй емес, бірнеше жігіттердің тілеуіне айтып сойып жатқан малы еді. Егер ет десеңіз мал сойып берелік!..

Майданнан келген жігіттер де жиналысып қалды. Қанын ішіне тартып, «не қылар екен?» деп Мардан, Шалғымбайлар келіп тұра қалысты.

Шаңқылдаған жерге үймелеген көпті жапыра-мапыра келіп болыстың жасауылы:

— Күркімбай, сені де, Аяпберген, сені де болыс шақырады, — деді. Жұрт жабырлай Аяпберген мен Күркімбайдың артынан ерді. Жанның бәрі «не болар екен?» дегенмен топырласты...

Болыс түскен үйдің іргесі түрулі. Ауылдағы бар көрпе-жастық осы үйге жиналыпты. Асылбек төр алдында аунақшып жатыр. Қасында шүңірек көз, біз тұмсық сары Мекепар тілмаштың баласы, жасауыл, старшын, атқамінерлері қамап отыр.

Күркімбай мен Аяпбергендерді жасауыл айдап, болыс отырған үйге кіргізді. Үйдің іші-сыртын халық қамап алды. Мардан, Шалғымбайлар майданнан келген жігіттермен бөлек топтанып өзара күрің-күрің сөйлесті де, әлденеге әзірленгендей болды.

Болыс алдында шатақтасқанның екі жағы да өз сөзін айтты. Болыс сыздаусып, жантайып жатыр, арыздарын тыңдап болған соң:

— Той кімдікі? — деп сұрады.

— Той мынанікі! — деп Аяпбергенді көрсетіп Күркімбай қырқылдады.

— Той жігіттердікі, тақсыр, алыс жолдан қайтқанына тілеу қылып, жігіттердің айтып сойып жатқан малы еді... — деді Аяпберген. Болыс оған кекей сөйлеп, әмірлі дауыспен:

— Той менікі десеңші. Ауыл сенікі. Ауыл сенікі болған соң той да сенікі. Тойына келген кісіні төбеңе көтер, күт. Тез Күркімбайды ырза қыл! — деді.

— Қалай ырза қыл дейсіз, тақсыр? — деп Аяпберген болыстың билігін сұрады.

— Шолағыңды сой, ырза қыл! — деп дүңк етер болыс бір-ақ қайырды. Аяпберген үндемей отырып қалды. Күркімбай жан-жағына жаландап қарап, «жеңдім бе, бәлем!» дегендей, соның белгісімен тамағын қырып қақырып, көзін қазан-аяқ жаққа түсірді. Бұл кезде жігіттер де үйді керіп, жан-жағынан сығалап тұр еді. Мардан Шалғымбайды түртіп қойып, ым қақты. Шалғымбай білегін сыбана, үйге тепсіне кіріп, Күркімбайға түйіле түсті.

— Көксақал, сен осы ауылдан мал еті емес, кісі етін жегелі тұрған шығарсың!

Бұл Күркімбайдың өмірі естімеген сөзі. Әсіресе Күркімбайдың Шалғымбайлардан мұндай сөз естуге тіптіақ жөні жоқ... Әсіресе болыс алдында...

Аяқ астынан атып шыққан сөзге Күркімбай аңтарылып қалғанда, болыс та Шалғымбайға тіксіне қалды. Оған да мынау сөз тым өр көрінді. Болыс қабағы тыржың етіп, Аяпбергенге:

— Бар, сөз айтылды. Үйді босатыңдар! — деді. Бағанадан сөздің аңысын аңдып, жабықтан сығалап тұрған Мардан тыста тұрып, жанжал көтерген дауыспен:

— Етке өкпелеп ат-шапан алатын баяғы заманым бар деп жүрген шығар бұлар, — деп сілкініп, үйге кіріп келді. Үйдің іші аңтарылып қалды. Халықтың көзі Марданға қарады. Мардан қанын тартып құп-қу болып кеткен еді. Тепсінген күйімен қамшысын білеп, болыстың алдына шарта жүгініп отыра қалды да, сұрланып:

— Болысеке, ел ішін осынша ылайсаң қылғандай кедейлер неңізді жеп қойды? Сен түгіл Николайдың тақтан қалай ұшып кеткенін білемісің? — деді. Оған болмайтын болыс та көкжалдың өзі еді. Өмірі көрмеген мына қорлыққа талақтай түтігіп, қап-қара көк болды да:

— Тарт! Мына бұзықты маған көрсетпе! — деп Марданды теуіп қалды.

Таяу тұрған жасауыл Марданның иығына жабысты. Жалма-жан сүйрей бастады. Мардан жасауылды қағып жіберіп жұлындай ұшырды да:

— Аттан! Аттан! Жігіттер, бармысың? — деп өзі болыстың үстіне міне түсті. Сол-сол-ақ екен, жанжалға қамданып, сақадай сайланып тұрған өңшең әлуетті жігіттер апыр да топыр, қолды қойып берді. Болыс та, жасауыл да, өзге нөкерлері де қамшының, тепкінің астында қалып, әп-сәтте құстай түтілді. Сарт-сұрт соғыс... Болыс жағының адамдары да қайрат қылды. Арашашы адамдар көбейіп кетті. Біреуді біреу білмейді. Болыс отырған үй қисайып, құлап қалды. Оның уығы әркімнің қолында сойылға кетті.

Жанжал жаманға айналған кезде жалма-жан жылысып, атын мініп, қашқалы жатқан Күркімбайды көріп, Аяпберген жүгіріп барып, атынан аударып алып, тепкілеуге кірісті. Болыстың песірін әйелдер түйеше жұлып, шырылдатып жатыр екен. Оны Мақажандар келіп айырып алысты.

Керіп кеткен жанжалды ара ағайын дегендер азар басып ажыратқанда болыс сілейе жығылып қалған еді. Оның басы жарылып, сақалы жұлынып қалыпты. Болыс нөкерлерінің киімі пәре-пәре болып, көбі қызыл тақия киіп, жаралы кетісті.

Болысты ыңқылдатып боз атқа өбектете отырғызып жұлдыз шыға азар алып, ауылына қайтты.

Болыстарды ұрған жігіттердің көңілі аспанға көтерілді. Бұл уақиға елді де көтеріп тастады.

«КӨРІСКЕНШЕ ҚОШ, МАРДАН!»

Шолақ Шалғымбайдың шешесі, сартылдатып сөйлейтін қара қатын, жұлдыз-жұлдыз, жыртық қараша үйдің жанынан жерошақ қазып, су ысытып қойған. Ысыған суды мыстан қарғаша салып, жамаған ағаш астауға қималы шөмішпен әлсін-әлсін құйып отыр. Шалғымбайдың жейде, дамбалын, өзінің кимешек шүберегін, қара шолақ орамалын, тағы әлденелерді қасына үйіп қойып, қара моқал сабынды астауда көпіртіп езгілейді. Үйдің жанында Шалғымбай өткен жылғы майданға киіп кеткен біз өкше етігінің әнеукүнгі төбелесте түсіп қалған өкшесін қайта қондыруға шолақ қолымен түртпектеп отыр. Оның өткен жылғы жігіт алардағы шабылған бармағы мен сұқ қолының орны сиырдың сампайы сияқтанып біткен. Қалған үш саусағы бізді сүйемелеп, сол қолдың лайықтаған жерін тарамысқа тесіп беріп отыр. Мардан келіп Шалғымбайдың қасына жамбастай кетті. Марданға Дәметкен:

— Қарағым, кіріңді таста! — деді.

— Сабыныңыз бар ма, шеше? — деп Мардан одан сұрады.

— Міне, бір бұзаушығым бар. Аман-есен қайтса Шалғымбайдың кірін жуып берейін деп сақтаған едім. Екеуіңе де жетеді. Таста, қарағым, көйлек-ыстаның кеуіп қалсын. Күн кешке жақын жауатынға ұсайды, — деп батыс жаққа бір қарап қойды. Мардан үйге кіріп, жейде, дамбалын, орамалдарын әкеп Дәметкенге берді. Өзі қара кеңірдегін сорайтып, шалбарымен Шалғымбайдың қасына отырды.

— Қара қайықты жамағыштап жатырсың ба?

— Ия, құрғырды ілдалдә қылып алмасам, алқам-салқам болып кетіпті. Былғарысы іріп кеткен. Біз сұқсам да, тарамыс тартсам да тоқтамай жырыла береді. Бір жақсы етіктің жөні келмей-ақ қойды...

— Түнеукүні Грон дүкенінен алатын етігінді құдайекең мандайыңа сыйғызбады-ау, ә?..

— Айтпасаңшы. Ересен етік еді. Қалып қалды ғой. Егер сол етікті киіп келгенде, Шалғымбай осы күнге ханға сәлем берер ме еді? — деп Шалғымбай Марданға қарап күліп қойды.

— Бәрінен де менің сағатымды айтсаңшы! Мал-ақ еді...

— Сен қайда құрттың?

— Көрші баракты тінте бастағанын білген соң сасып дәретханаға тастап жібердім.

— Қап, обал болған екен! — деп Шалғымбай моқал қолымен түйтектей түсті.

— Сағаты құрысын. Өзіміздің аман кеткенімізді айтпайсың-ау... Байтал түгіл, бас қайғы болған жоқ па?

— Иә, десеңші...

Осылардың үстіне Аяпберген қария келді:

— Е, балалар, жүруге байладыңдар ма? — деді.

— Байладық, Айеке, — деп Шалғымбай шалға қарады.

Аяпберген жерге малдасын құрды. Мәсінің қыржық қонышынан шеркес мүйіз шақшасын алып, таяғына тықылдатты. Өзі бірталай әңгіме қозғайтын сияқтанып сөзге кірісті:

— Жүргендерің жөн, балам. Құдай жолдарыңды қылсын. Жас азаматтардың жаны жамандық көрмесін. Біз болсақ асарымызды асап, жасарымызды жасаған кісі. Осы ауылға қарақшы болып мен отырам ғой. Тек мына көпір болыс жаманшылық ойлап, ауылдың тынышын алып жүрмесе... — деп шал бөгелді.

Шалғымбай сөзді іліп әкетті:

— Е, тәйірі, болыс не қылушы еді? Ол түгіл оның әулиесі Николай да қазір айдауда жүр... Тегі, «бұға берсең сұға береді»...

Аяпберген өз ойын айтты.

— Николай Николай ғой, балам. Біздің өз Николайымыз — Асылбек, әлі айдалған жоқ. Николай құлап жатса да, мұның қылшығы қыңырайды ма? Өзі орнынан түскенсіп баласына болыстығын беріп, дүрілдетіп жатқан жоқ па? Алыс жолға

барып, сендер бірдеме біліп қайтпасандар біздің көзіміз түкке жетпейді, шырақтарым, — деп шал өмірге қол сілтеген үмітсіздігін сездірді. Мардан Аяпберген қарияға өз білгенін айта бастады:

— Қария, заман бұл күйінде тағы тұрмас. Патша құлап, қара табан жұмысшылар көтеріліп, дүние астан-кестен болып жат-қанда ол жақтағы үлкен дүбірдің екпіні бұл жаққа да жетер. Біздің елге де өзгеріс келер. Біздің елдің де жылағаң жарлы-жақыбайлары бостандығын алып, тендігін тауып, орыстың жұмыскерлерімен бірге жарыққа шығар. Әлі ол болады, отағасы. Әлі Асылбектерді, олардың күллі құйыршықтарын іс басынан сәпсем айдаймыз. Оған иманыңыз кәміл болсын, әке...

— Шырағым-ай, ондай атты күн болатын болса, мына сақалда арман болар ма еді, — деп Аяпберген қария босансығандай болды.

— Болады, қария, болады, — деп Шалғымбай шолақ қолымен етіктің өкшесін бір түйреп қалғанда, өңгеріп отырған етігі Асылбек болыс сияқтанып, өзі оның бүйіріне біз тығып алғандай болды.

Аяпберген тағы уайымға түсіп:

— Кім біледі, шырақтарым. «Күштінің дүмі диірмен тартады...» Бұл ауылға болыс кешірім қылады деп ойламайтамын. Тек пәлесінен құдайекең өзі сақтасын! — деп бағанадан бері алақанына салып отырған насыбайын енді ғана ерніне салды. Шалғымбай өз шаруасының жайына түсті:

— Айеке, мен кетсем, мына үйді құдайға, өзіңізге тапсырам. Әйтеуір, бас-көз болып отырыңыз. Жалғыз сиырдың сүті кемпірдің өзіне шалап болады. Жаным тірі болса, күзде өзім қайтамын ғой...

Аяпберген ойланып отырып, жауабын қайырды.

— Шырағым, мен сендердің ескі қарақшың ғой. Шаншы да жүре бер. Қайтып келгенде қойған жеріңнен көресің. Бұл үйді құдайға, маған тапсыр. Осы ауыл не болса, сол болады. Көшсе көшеді. Қонса отырады.

Сөзге Дәметкен араласты.

— Биылша үйде бол десем болмай-ақ қойды. Сегіз айдан бері келгені кеше ғой. Енді тағы кетіп барады. Неге көзіміз жетеді? Өлім барда қаза бар. Жат жерде бас ауырып, бал-

тыр сыздаса да кімге кім қарайды? — Шалғымбайдың кетуіне риза емес екенін білдірді. Шалғымбай тіке тартты.

— Апам әшейін айтады. Мен үйден жеріп, қалаға барып сауда жүргізгелі бара жатқаным жоқ. Осы заманда жоқшылық жігітті үйде жатқыза ма? — деді.

— Солайын солай ғой, балам. Бірақ жазда ауылда жүріп, қалаға күзге қарсы кетсең де болар еді ғой, — деді Дәметкен.

— Жалғыз сиырдың шалабына жаздай ортақ болып, тыртыр қасынып, үйде жат дейсің-ау, апа? — деп Шалғымбай шешесіне күліп қойды.

Аяпберген тоқтамын айтты.

— Бар, бар, балам. Құдай жолдарыңды қылсын. Өткен жылғы ұстамамен кеткеннен қайтқан соң, тіпті уайым жоқ. Тәңір асыраған тоқтыны бөрі жемейді. Есек көтін жусаң да екі қолға бір жұмыс. Бұл өз еркіңмен ізденген соң — игілігің.

Сөз осылай көптен байланған. Мардан бұл ауылда көп жата алмайды. Қонақ көтеріп, жаздай жатқызатын бай ауылдар бұл емес. Бір-бір сиыр, бес-ондаған ешкі-лақтың айран-шалабы өздерінен де артылмайды. Оның үстіне қырдың өзі де Марданға көңілсіз бола бастады. Қыстай алыс жерде жүріп, ел сағынып, жер сағынған жігіттер елге қосылып, аунап-қунаған соң, ыстық-суығы басылып, жігіт жәрмеңкесі тарап бара жатқан сияқтанды. Мардан енді Ертіске қарай қайтпақ. Жылдағы өзі үйренген пароходқа кірмек. Мұнымен бірге Шалғымбай да жүрмекші. Және екі жігіт ілеспек. Бұлар Марданмен бірге Екібастың заводына барады. Одан жұмыс табылмаса Ертіс бойына қуалап, пайда іздейді. Не поселкедегі орыс байларына жалданып, егінге, пішенге араласпақ. Ол болмаған күнде қалада, пристаньда күндеп жұмыс істемек. Қысқасы, Шалғымбайлар енді ауылдың байларына жүргеннен гөрі пайдашы болмақ. Сондықтан бұлар ертең ертемен Ертіс жаққа жүруге жаманып-жасқанып жатыр еді.

Сол арада отын арқалаған бала-шағалар шулап ауылға жүгірді.

— Солдат! Солдат! Кеп қалды! Кеп қалды!.. — деп дегбірі ұшып, үйді-үйіне жүгірді. Шалғымбай, Мардандар басын көтерді. Дәметкен аңырайып қалды. Аяпберген кәрия да жанына қойып қойған шақшасын алуға мұршасы келмей таяғына таянып, тізесі дірілдеп түрегелді.

Шын-ақ келіп қалған екен. Ауылдың алдындағы дөңеске отыз шамалы салт кісі саулап шыға келді. Ауылға қарай атты қойып жіберді. Ауыл у-шу... Дәметкен далбырлап Марданға жабысып алды. Аяпберген кәрияның қайда кеткенін байқай алмай қалдық.

Шаңды аспанға шығарып шапқан өңшең қарулы кісілер ауылға жақындаған соң тарс-тұрс мылтық атты. Ит шулап, қатын-қалаш ойбайлап, азан-қазан болды. Ішінде он шақты орысы бар, өзгесі қазақ. Бәрі де қарулы, жарқ-жұрқ еткізіп қылыш, мылтық асынып алған. Түстері суық. Ауылға шауып келгеннің алдыңғысы әне күнгі Шалғымбай тепкілейтін Асылбектің жасауылы екен, ол қамшы үйіріп, қораның ортасына келіп тұра қалды:

— Шығыңдар, әнеукүнгі еркектер! Қайдасыңдар әнеукүнгі ерлер, батырлар! — деп зіркілдеді.

Ауылдың жігіттері жасырынғаны жасырынып, үйде отырғаны үйде, түздегісі түзде еді. Мардан, Шалғымбайлар өз үйінің жанында тұрып қалысты.

— Әй, бері тартыңдар. Мұнда екен бастықтары! — деп жасауыл отрядына қамшысын бұлғады. Отряд келіп Марданды қамады. Ішінде болыстың ағасының баласы тентек Жақатай бар екен, Мардан, Шалғымбайларды келе қамшылап кетті. Оларды атпен омыраулатып, қылышпен жасқап, қамшымен айдады. Дәметкен Жақатайдың қамшысына оралып еді, атпен сүйретіп барып тастап кетті.Оны көріп тұрған Шалғымбайда шыбын жан қалмады. Азуын басып, ұмтылайын деп еді, қамап сірескен мылтық, қамшы, қылыш жібермеді.

Апыр да топыр, у-шу... Үстінен мылтық атылып, ортасына ат ойнаған ауыл — суға кетіп бара жатқандай әлемтапырық болды.

Ауыл шауып жатқан отряд осы ауылдың жігіттеріне шыққан еді. Асылбек болыс, нөкерімен таяқ жеп, үйіне жеткен соң жан-жаққа кісі шаптырған. Баян қаласында жатқан комитет баласына жасауыл жіберіп, жайды түсіндірген. «Сен жеткендегі менің басымның барған жері мынау болды, ендігісін өзің біл!» — деген. Бұл хабарды есіткен Кемелбек комитет Баяндағы өздерінің тамыр-таныс казак-орыстарының өңшең есірік адамдарын қаруландырып, былтырғы «бунтовщиктердің» тамырын біржола құртуға аттанған.

Кемелбек бұл жорықтың қағаздарын жөндетіп алып, ауылынан жасауыл бастатқан жиырма жігітті жіберіп, өзі ауылында қалған. Бұл отрядты аттандырарда Асылбек болыс төсегінде жатып:

— Бар малым осының жолында. Дүние күйіп кетсе де әкесін танытa істеңдер! — деп кіжініп қалған еді.

Отряд ауылдағы бар еркекті жинап, ауылдың алдындағы дөңге айдап иірді. Мардан, Шалғымбай ішінде — он бір кісі қолға түсті.

Ұсталған кісілердің бәрі де таяққа меңдеген. Өне бойы дал-дұл, көкпеңбек ала. Бастарын қылыш қанатқан, мойындарын қамшы осқан. Аяқтарын ат басқан.

Марданның өне бойы қан, ашулы арыстан, жаралы жолбарыстай азуын басып, айдағандарды ұруға әлденеше рет ұмтылған еді. Бірақ қарулы адамдар көбінесе осыны ұрып, екі қолын артына мықтап байлап алған. Ол байлаулы күйде бұлқынып:

— Көреміз! Бізге де күн туар! Бүгін біздің бірімізді байласаң, ертең мыңымыз шығамыз!.. Көрерміз!.. — деп тістеніп, кіжініп кетіп бара жатты.

Отряд бұларды айдап жүріп кетті.

Жау шапқан ауыл улап-шулап қала берді.

Отряд әбден ұзады-ау дегенде қараша үйдің жанындағы тезекке жапқан жабудың астынан Аяпберген кәрия түрегелді.

Дәметкен аңырап отыр еді.

— Ойпырым-ай, Айеке-ай! Тым болмаса сіздің қалғаныңыз да жақсы болды-ау! — деп жылап жіберді.

ТОРДАҒЫ ТОРҒАЙ

Бүгін мұсылманның айт күні. Отыз күннен бері аузын буып, бүгін ашқан мұсылмандар барын киініп, барын жеуге дастарқандарын жайысқан. Молда, мәзін түннен бері мешіттен шыққан жоқ. Таң атқалы мешіттің айналасы үймелеген мұсылман. Уыс-уыс ақша молдаға түсіп жатыр. Сімтік сопы, сүмірейген қайыршылар да осында. Аппақ шалма, ала шапан, қара тықыр тақия қаптап кеткен.

— Айт мүбәрәк! — деп үйден-үйге қыдырып, тамақ ішіп жүрген жамағат.

Біздің жігіттер айтты тоғайға шығып мейрамдап отыр. Бұлар да кір-қоңдарын жудырып, етіктерін жаматып киген. Ортасынан ақша жинап алған қой сойылып, еті асылып жатыр. Қара нандар тілініп, қымыз бен сыра сылдырлап өңештерге кетіп жатыр. Домбыра дүрілдейді, гармонь сыңғырлайды. Әншілер аспандатып, бишілері «Дунышкаларға» билейді. «Жарлының бір тойғаны шала байығаны», — деп ойын-күлкі сауықпен, боқтасумен, әзіл-қалжыңмен қаланың сыртындағы қайың тоғайдың іші дүр-дүр етеді. Жігіттер суға түсіп, көкке аунап, мәз-мейрам. Жаздың жасыл жібек жайып тастаған уағы.

Жігіттердің жатқан жерінен біраз жерде қазақ ауылдары көрінеді. Ауылдың бір жағы тоғай, бір жағы алаң-ашық.

Шеткі ауыл бес-алты үй. Ауыл түрі асып кеткен бай болмаса да, жетпей қалған кедей емес. Үзіктері ағарыңқы, үйлері үлкен, ауыл сыртында желі де бар. Нұраділ, Мәмбет, Газбекқара үшеу ара бір домбырамен ауылға келе жатыр.

Жігіттер бие сауып тұрған қыз, келіншектің қасына келді. Қыр мұрын, қара көз, аққұба келіншек алдына шалғыш шалып, бие сауып жатыр да қаршығадай, жұқа қабақ, қызыл плюш қамзолды, ақ көйлекті бойжеткен қыз бие сақтап, оқалы барқыт тақиясын шекесіне ғана салып тұр. Қыз жігіттерді қайта-қайта қаратты.

— Сауар көбейсін, қыз-келіншек! — деді Газбекқара.

— Айтқандарың келсін, жігіттер, — деді қыз.

— Айт мереке болсын, қарындас! — деді Мәмбет.

— Өзіңіздікі де бірге болсын!

— Қайдан жүрсіздер?

— Айтшылап жүрміз.

— Анау жатқан сіздер ме? — деп қыз жігіттердің қосын көрсете сұрады.

— Ия, біздер. Мал сойып, қымыз алып, тоғайға шығып едік...

Қыз-келіншектің сауып тұрғаны желідегі ең соңғы бие еді. Құлынды байлаған соң жігіттерге қыз:

— Жүріңіздер, ауыл жаққа! — деп жігіттерді ертіп жүрді.

Ауыл еркектері айтшылап кеткен. Қалғанының көбі қыз, келіншек. Әйелдер, бала-шаға ауылдан-ауылға айтшылап, жан-жақтан топырласып жатыр. Әр үйдің іші бар

жасауын жайып, бар тамағын дайындаған. Жігіттер қымыз ішіп, бауырсақ жеп отырысты. Ойын-күлкі, сауық. Нұраділ домбыраны тартып, ән салып, өлең айтып, аһалап тамаша қылды.

Жігіттер біраз отырды. Бағанағы бие саудырған қыз Мәмбетке қарап:

— Жүріңіз, біздің үйге айттасаңыз, — деді.

Мәмбет жолдастарын қалдырып, қызға ілесіп, екінші үйге кетті.

Қыз Мәмбетті үйіне алып келді. Үйі бәйшешектей жасаулы екен. Қыз қымыз берді. Қаланың жайын, қайдан жүрген жігіттер екенін сұрастырып отырды. Мәмбет өз жайларын айтқан соң қыздың да жайын сұрасты. Қыз әлденеге уайымды адам сияқтанып, ауыр күрсінді де өз жайын айтты:

— Осы үй менікі. Өздерің көрген байлаулы бие де менікі. Мен осы үйде жалғыз отырмын.

— Әке-шешең қайда? Атың кім? — деп Мәмбет сұрады.

— Атым Күлән. Әкем де, шешем де осы қыста сүзектен кетті. Қазір әкемнің інісінің қолына қараймын. Ол кісінің үйі әлгі өздерің көрген үй.

— Берген жерің кім?

— Қаржас, — деп қыз тағы үһіледі.

— Қарындасым, неге үһілей бересің?

— Жай әшейін, — деп қыз көзіне жасын іркіп алды. Мәмбет қыздың қамкөңілді бір жан екенін түсініп, үндемей аз отырды. Қыз қалтасынан орамалын алып, көз жасын сүртті де сөзге кірісті.

— Мені Қаржастың бір байына тоқалдыққа беріп отыр. Бұл бай мені әке-шешем өлгеннен кейін айттырды. Менің барғым келмейді. Өз теңіме қосылғым келеді. Бірақ қолымнан келер қайратым жоқ. Өзім жалғыз, өзім жетім қызбын. Алды-артымда аға-інім де жоқ. Туғаннан жалғыз туған әкешешемнің әлпештеген жалғыз баласы едім. Олар мені өзге әке-шешедей малға сатып, жылатайын деген жоқ еді. Осы қаладағы ноғай мектебіне беріп, оқып жүруші едім. Амалым бар ма, сорым қайнап, әке-шешемді құдай мандайыма сыйғызбай алып кетті. Мен дегеніме жетпедім. Басым байлауда қалды. Мынау ауыр үй, анау шулаған мал — бәрінің көзі жалғыз мен ғана болып қалдым. Әкеміздің інісі менің

апиконім. Ол менің көз жасымды, мені сатып алған малды бауырына басты. Мені ұзатып, мұндағы үй-сайманды, өрістегі малды, жер-қыстауды өзі тағы басып қалмақ. Мейлі баса берсін. Малы құрысын. Тек өз басым торда қалғаны болмаса... — деп қыз тағы жылады.

— Жылама, қарындасым, өзің разы болмасаң, қашсаң да құтыласың ғой, — деп Мәмбет үміт айтты.

— Жыламай қайтейін, ағатай. Сүйеу болар бір кісім жоқ. Менің сөзім кімге өтеді, менің қайғым кімге батады.

Мәмбет қызды аяды. Жәрдемсіз, жалғыз, жетім қыздың басындағы ауыр қайғы мұның да көңілін көлеңкеледі. Қыз орнынан тұрды да, сандығын ашып, Мәмбетке өзінің малжайы туралы қағазын көрсетті.

— Мынау менің апикондік қағазым. Натариостың бекіткен мөрі, міне. Мұнда малдың саны, банкедегі ақшам жазылған.

Қыз қағаздарын Мәмбетке көрсетіп болған соң, есіктен бір қарап, қайтып отырды да, түпкі ойын ашып айтты.

— Мен кеткім келеді, кетейін десем қол ұшын берер кісі жоқ. Сендер арқылы кетуге болмас па екен? — деп жылам сырады. Мәмбет қызды уата жауап берді.

— Неге болмасын? Болар еді. Менің жақсы жолдастарым бар. Өзіміз аржақтың жігітіміз. Сен кетем десең тең болатын жолдас табылады. Мен өзім де жәрдем етер едім...

Қыздың көзі жалт ете түсті. Оған үстіндегі басып тұрған тұманы серпіліп, күннің сәулесі жарқ еткендей болды.

— Олай болса, мен сенің етегіңнен ұстадым. Айырылмаймын... Мен суға кеткен бір жанмын, маған созатын қолыңды көрсем, ол қолыңнан ұстағаным... Қайда апарып тастасаң да өзің біл, — деп қыз және жылады.

Мәмбет қабырғасы қайысып қатты аяп, қызға жәрдем етуге өз сөзін ұстатты.

— Мені ұзатқалы жатыр. Көп болса бір айдың ішінде жөнелтеді. Егер сендерден жәрдем болатын болса, мен қашуға бел байладым. Мен енді банкедегі ақшамды қолға түсіріп алайын. Шамам келсе, осы үйдегі тәуір нәрсенің біразын алып кеткім келеді...

Мәмбет пен қыз сөз байласты. Байланған сөз — Мәмбет жолдастарымен ақылдасады. Қыз қашуға қамданады. Екеуі

ендігі жолыққанда қай күні, қалай шығып кететіндігін уәделеседі.

Қыз Мәмбетпен қол алысып тұрып:

— Құрбым, мен тордағы бір торғаймын. Қолыңды созып жазып жібер, ұшып кетейін, — деді.

Мәмбет қызды қуантып, үйінен шықты. Қайтып қыз, келіншекпен әзілдесіп отырған Газбекқара, Нұраділдерге келді. Үшеуі ауылдағы қыз-келіншекке қош-қош айтысып, тоғай ішіндегі жолдастарына қосылды.

ҚҰР ЖОРЫҚ

Ымырт жабылып, қас қарайып кеткенде қаладан сары ала шолақ атты қуып Сүлеймен бержабай келді. Арба үстінде отырған екі кісінің бірі Нұраділ, бірі Мәмбет. Күн желтең, бұлт бүркеп, жұлдыз жарығын да қалдырмай қараңғы тартқан. Сірә, бүгін түнде күн жауар білем.

Мәмбеттердің беті қыздың ауылы.

Мәмбет әнеукүнгі сөйлескеннен кейін қыздың сөзін өзінің ең жақын жолдастарына айтқан. Жолдастары:

— Ондай зарығып отырған адам болса, қашатыны рас шығар. Сен ниеттенсең жәрдемдес боламыз, — дескен.

Бұдан кейін Мәмбет қызға өз сөзін айтуға қыз ауылына келіп, сылтауратып сусын сұраған. Ол күні ауылдың барлық еркегі үйді-үйінде екен. Қызға ауылда сөйлесуге қисынын таба алмаған соң Мәмбет ауылдан сусын ішіп, қызға көрініс берген де, ауыл сыртындағы тоғай ішінен тоскан. Мәмбеттің хабарға келіп, қайқалақтап жүргенін сезген қыз да Мәмбет кеткен соң тоғайға келіп, Мәмбетке жолыққан. Екеуі де сасып, сасқалақтап, жылдам-жылдам сөйлесіп, қашатын күнді байласқан: ертең кешке қашады. Мәмбет ат-арба әкеледі. Қыз осы тұрған жеріндегі тоғай ішіне нәрсесін шығарып қояды. Қашатын уақ — ел жатар.

Мәмбет, Нұраділ осы уәдемен келе жатыр.

— Айдаңыз, ағай, атыңызды!..

Мәмбеттер жолдан бұрылып, ауылдың сырт жағын айналып, қыз белгілеген жерге келді. Айтқан жерінде екі тең нәрсе жатыр. Жігіттердің көңілі бекіді. Жігіттер аттарын аулақтап, буылған нәрсенің қасында отырып, қызды күтті.

Ауыл дабыр-дабыр етеді. У-шу. Еркек дауыстары жарқын-жарқын шығады. Боқтап, ұрысқан сияқты. Жылаған әйел дауысы шығады. Дабыр барған сайын басылмақ түгіл, күшейе бастады. Жігіттер күтіп отыр, қыз жоқ. Мәмбет шыдамады:

— Осы ауыл тегін емес. Жүр, жақындап баралық, — деді.

— Қой бармалық. Бір бәлеге ұшырармыз. Онан да осы арада күтелік! — деді Нұраділ.

Екеуі толғасып отырып, ақырында ауылға қарай жүрді. Баспағып тұрып, ауылға жақындады. Шулаған дабыр қыздың үйінен шығады. Жігіттер үй артына таяу келіп жата қалып, тың-тыңдады. Қыздың қарғанған, жылаған дауысы шығады:

...Қор болдым! Кем болдым... Қайдасың әкем-шешем! Зар болдым! Аруағың болса, тында зарымды! Зарлаған дауысым құлағыңа шалынса, көрінде мен үшін бір аунап түс! Аунап түс!.. Қармандым... байландым... зар болдым... қор болдым!.. — деген үзік-үзік сөздері естіледі. Үй қасындағы дауыстар:

— Уай, қайдасың?

— Арбаны былай тарт!

— Арбаға мінгізіп, ұстап отырам!

— Алып шық!

— Нағып тұрсың! — деген еркектердің қузалаған үндері...

Үйдің маңы көп ат. Аттар дүбірлеп, арба салдырлайды. Дүбір-дүбір... далаға шықты. Мәмбеттер жерді бауырлап, жабысып жатыр...

Қыздың зарлаған ащы даусы қараңғыны күңірентеді... Зорлап арбаға отырғызды... Оны ұстап бірнеше еркектер отырып жатқан сияқты...

— Жүр! Жүр!

— Тарт әрі... — деген дауыстар дабырлап алып жөнелді. Бір қол кісі... Самбырлап, дабырласып, қалғандарға:

— Қош!

— Қош! — десіп дүрілдеп кетіп қалды.

— Іс бітті! — деді Мәмбет.

— Қап, сорлыны алып кетті ғой, — деді Нұраділ.

Екеуі салы суға кетіп, сүмірейіп түрегелді. Бұлар салбырап қайтып, сары ала шолақтың үстіндегі Сүлейменге келді. Сүлеймен де қыздың кетіп қалғанын сезіп тұр екен.

— Кетіп қалды ғой! — деді ол.

— Ия, кетті! — деді Мәмбет.

Үшеуі арбасын шиқылдатып, қыздың жүгіне келді.

— Мынаны қайтеміз? — деді Мәмбет.

— Алып кетеміз. Мұны далаға тастаймыз ба? — деді Нұраділ.

Сүлеймен бержабай түсе қалып, ай-шайға қарамай тендерді көтеріп арбаға салып жатыр.

— Бұл құдайдың берген малы! Кетер қыз кетті... Мынау бейшараның алып кетейін деген нәрсесі ғой. Өзі өңшең асыл бұйым шығар... Бұл жақсы болды!..

Мәмбет сел соққандай. Оның ойынан қыз кетпейді. Қыздың жылаған даусынан езілген жүрегі әлі жиналған жоқ. Көзіне қыздың тұлғасы елестейді.

— Жолдастар, — деді Мәмбет.

— Немене? — деді Нұраділ.

— Мына нәрсесін алмайық.

— Ой, неге? — деп бержабай шошып кетті.

— Алғым келмейді. Жетім-жесірдің малы ғой... Бүлінгеннен бүлдірге алып қайтеміз, қалсын...

Бержабай жалмаң қақты:

— Сопысын, мынаның! Алып кетелік... Жетім малы дегенде бұл нәрсе қайтып қыздың қолына тигелі тұр ма? Бәрі бір талаудағы нәрсе... Онан да өзіміз аламыз...

— Алмайық, отағасы. Керегі жоқ! — деп Мәмбет мәселені шешіп айтты. Нұраділ ішінен Мәмбетті қостап, үндемеді. Тек Сүлеймен бержабай жігіттердің мұндай далада жатқан малға мырзалық қылып тұрғанына кейіп, ішінен жаратпады.

— Қап, өздерің бір болмаған адамдар екенсіндер, — деді.

Мәмбеттер нәрсені тоғай ішінен шығарды да, ауылға таяу әкеліп тастап кетті. Қараңғыда Сүлейменнің жаралғалы шиқылдатып жүретін салдама арбасымен сүйретіліп қалаға қайтысты.

ДАЛБАСА

Қаланың талкошке базарында қашанғы жағылған түтіннен қап-қара құрым болып кеткен балағанда Ыбырай деген қашқарлық мәнті пісіреді. Жалаңаш етіне шапан киіп, шаршылап байлаған шыт орамалмен белін буып, толық шекесіне топысын киіп, төсінің жүні бұйраланып, көше жаққа бадырая қарап:

— Хәр! Бісмиллә! — деп қайнаған қазан үстінен қасқанды көтеріп алғанда бұйра мәнтінің буы бұрқ етіп аспанға шығады.

— Хә, майлық мәнті! Келің-келің! — дейді.

Таңның атысы, күннің батысы Ыбырай осында. Бұжылдап самауыр қайнап тұр. Жетім бала, кембағал қайыршы балаған алдына толып, бірі от жағады, бірі су әкеледі. Кейбіреулері тек көшеде тамақ жеп отырған кісіге телміріп қарап, тіленіп тұрады. Қалаға келген қазақ Белгібайдың қымызы мен Ыбырайдың мәнтісіне бір кірмей кеткен емес. Жүкші, жемшік жігіттер де анда-санда үштен-төрттен осында келіп қояды.

Мәнтішінің мама ағашында қиқы-жиқы ер-тоқымды бесалты ат байлаулы. Талкошкенің ішін аралап қайда бара-рын білмей аң-таң тұрған Аяпберген қария осы аттарды көріп, мәнтішіге таман тартты. Мәнтішінің іші ішіп-жеп жатқан кісілер. Мәнтінің бір жағында насыбай да сатылады екен. Аяпберген келіп, иығындағы қоржынын сөкінің үстіне қойып, төселген киіздің үстіне шығып, көлеңкеге отырды. Өзі әбден шаршаған еді. «Уһ!» — деді. Ол «уһ» деумен бірге ішіндегі қайнаған қазанның қақпағы ашылып, қонағының шаршап, шөлдеп келгенін бағып тұрған Ыбырай:

— На, сізге шайму? — деп қойды.

— Бір шайнек шай беріңіз! — деп Аяпберген қария шекпенін шешіне бастады.

Аяпбергеннің алдына тесік қаңылтыр падноска қонып, бүйірлі ақ шайнек пен көк ала өрнекті қытай кесесі де келіп отырды. Аяпберген шайға бас қойды. Шайдан өліп келіп еді.

Мәнті жеп, шай ішіп отырғанның көбі қазақ. Ұзын бойлы, көк көз, мұртты сары жігіт қолындағы газетті аударыстырып, әр жерінен оқып өзгелерге түсіндіріп отыр.

— Міне, Орынборда съезд нететін болды...

— Ол кімнің съезі? — дейді жыпық көздеу, кер өгіз сияқты бір қазақ.

— Ол қазақ азаматтарының съезі. Осы газетті шығарып тұрған адамдар нетіп съезд шақырып жатыр.

— Онда не сөйленеді? — дейді бір қазақ.

— Мәселен, айталық: ол съезде алаш автономиясын нетеді... Құрылтай қақында мәселе қойылады. Мәселен, айталық, земство қақында... тағы да мүпті мәселесі нетілетін шығар, — дейді әлгі мұртты сары.

— Соғыстан не жазыпты? — деді тымақтың біреуі.

— Соғыстың да неткенін жазыпты. Мәселен, міне Керенскийдің өзі күнбатыс майданына барып, неткеннен кейін, солдаттардың рухы нетіпті...

— Нетіпті? — деді әлгі қазақ хабар күтіп.

— Неткені-ақ, Керенский барып, неткен соң... майдан қызып, неміске қарсы нетіпті...

Аяпберген шайды сораптап ішіп, газет оқығандардың сөзіне құлағын салып отыр.

— Германмен бітім хабары жоқ па? — деді бір көк ала сақал болған қара кісі.

— Жоқ, ақсақал. Әлі неткен жоқ... — деп мұртты сары барып келген адам сияқтанып, батыл айта салды.

— Германмен бітім болмайтын болса өзгенің бәрі бос сөз ғой, шырағым,— деді әлгі қара шал.

— Сөз осы! — дегендей өзге қазақтар газет оқушыдан бытырап, өзді-өзінің жайына, шайына, төлейтін ақшасына, қамшысына қарай ауысты.

Аяпберген қария шайға сусындап, сатпақ орамалымен өңештерін сүртіп, салқындап, жан шақырды. Газет оқыған мұртты сары шайхананың бір жағындағы жайдақ төсегіне жантайды.

Бұл көптен осында жататын Байғарау дейтін Көкшетау жағының жігіті. Қазақша хат біледі. Газет, журнал оқиды. Қалаға келген ниеті де оқуға ілінсем деген талап еді. Омбы қаласы қазақтарды оқытатын жер сияқтанып, осында талай қазақ оқуға кетіп, талай қазақ оқып келіп жатқан соң, бір нәрсе болармын деген ниетпен келсе де, оны Омбы қаласы жақсы қарсы алған жоқ. Жасы өтіп кеткен, жарлы жігітке оқудың есігі ашылмады. Мұның тілегіне қала тас керең болды. Гимназияда, семинарияда, кадетский корпуста оқыған қазақтар бұған бұлттан жуық емес. Не бала болып ноғайдың мектебіне де түсе алмады. Не жататын үй,

ішер тамақ табылмай, өзі әбден қалжырады. Аяғында қысқа карай қала тараң тартқан соң мәнтіші Ыбырай балағанының бір жағынан орын беріп, Байғарау осында орналасты. Алғашында әр жерден күндеп қара жұмыс қылып жүрді. Ақырында жүкші жігіттерге жолығып, олармен үйір болды: Газбекқара, Мәмбет, Нұраділдермен жақсы таныс болып, пристаньда грузчик болып жұмыс істеді. Өзінің қара жұмысқа көп қыры жоқ, денесі нәзіктеу, көбінесе газет, журнал оқып, сөз қуған адам еді. Жігіттерге журнал, газет, өлең кітаптарды оқып, өз білгенін айтып отыруға ерінбейтін еді. Жігіттер мұның сөзінің дәмдісін тыңдап, дәмсізін күлкі қылып, аяғын бытыратып жіберетін еді. Оған Байғарау ыза болып:

— Сендер надансыңдар, қазақтың ғылым, білімге ұмтылмай, қор болып жүргені осы қылықтарың! — деп күйіп-пісіп қалатын еді. Өзі барып тұрған сараң, бір тиынды дүние көретін адам еді. Өзінде қырда жүрсе көшкен елдің жұртын қарайтын, біреудің бұзауының мойын жібін алатын, қонақтың жырымын ұрлайтын пайдакеш адамның ұсқыны бар еді.

Байғарау жігіттермен өмірі бірге жатпайды. Жұмысты аз істейді. Көбінесе жігіттердің қарасына ілесіп, қаға берісте істеп, ақшаны бірдей алғанды тәуір көреді.

Қашқарлықтың қазан-ошағының жаны да мұның жанын ауыртпайды. Ыбырай пәтерақы сұрап, тықақтамайды. Ішкен тамағының да ақшасына анда-санда бір есеп қылады. Оның үстіне мәнтішіге келетін қазақтардың танысы, таныс емесі де оқыған адамша киініп отырған мұртты сары қазаққа қарайламай кете алмайды.

— Кел, мырза, мәнтіге! Бізбен шай ішіңіз! — деп ортасына шақырып алады.

Байғарауда оған отказ жоқ.

— Е, өздеріңіз жесеңіздерші! — деп аузы сөйлей-мәйлей, арты көтеріліп келе жатады.

Байғарау қазақтармен келе табақтас болып, танысып, қайдағы-жайдағыны хабар-ошар қылып, қырдан келгенге қала хабарын құшақ-құшақ беріп қайырады. Өзі олардың тамағына тойып алып, тағы жантайып, газет журналын оқып жата береді. Осы жағынан Ыбырайдың балағаны Байғарау жанына жайлы-ақ.

Ал Ыбырайдың өз есебі бар; оған мәнті сатылу — бірінші мәселе. Ол мәселе орындалу үшін мәнті жеушілер көп келу керек. Ал мәнті жеушілер — қазақтар. Қазақтардың келуіне Байғараудың қатынасы жоқ емес. Байғараудан хабар білуге, арыз жаздыруға, заң-закон сұрауға кейін-кейін қазақтар көбейе бастады. Байғараудың танысы молайды. Сондықтан, қасқан жанында Байғараудың жатуы — Ыбырай әкеге тіпті «дарым» емес еді. Қайта Байғарау қазақтарға шақыртқы сияқты болды.

Аяпберген де Байғарауды тегін кісі деген жоқ. «Сірә, заң-законды білетін бір жүйрік шығар», — деп көңілін әбден бекітті. Келген кісі бытырап, Байғарау оңашаланған соң, Аяпберген қария қасына келді.

— Шырағым, түсі игіден түңілме дегендей, иманжүзді бала көрінесің. Маған өзіндей ақыл беретін кісі керек еді.

Байғарау басын жұлып алды.

— Қай жақтан келдіңіз?

— Шырағым, айтпа. Алыстан келдім. Ауылымыз Баян тауында. Сүйегіміз арғын...

— Не шаруамен жүрсіз бұл жақта?

— Шырағым, адам басы алланың добы деген де. Осы қаланың атын естімесек, өмірі өзін көрген қаламыз емес еді, ақыры бір сергелдең айдаған соң қаңғып көрдім міне...

— Мәселен, не жұмыспен?

— Болысымыз қас болып, ауылымызды шауып... Осы күні он бір кісіміз абақтыда жатыр...

— Мәселен, айтыңыз, неткендіктен?

Аяпберген бастан-аяқ жүрісін айтты. Ауылы шабылып, он бір жігіті ұсталып кеткен соң, ізденіп дуанға келгенін, онан қайрандап облыс барғанын, онан тұмсығы таска тиіп, осы қалаға келгенін сөйледі. Шалдың сөзін бастан-аяқ әбден тындап алған Байғарау бұл іске өз пікірін білдірді:

— Менімше, мәселең үлкен шаталаң екен. Мәселен, айталық, я сіздікі дұрыс, я дұрыс емес... Я болыстікі дұрыс, я дұрыс емес... Істің сарыны әбден нетіп, асқынып кеткен ғой. Бұл нетпей тоқтамайды... Бірақ мұны нету керек... Ол үшін осында қазақ азаматтары бар. Обласный Қазақ комитеті деген мәхкәмә бар. Сіз соған нетуіңіз керек... Мәселен, ол қазақ комитеті сіздің арызды я қарайды, я қарамайды... Сонан соң, нетіледі ғой...

Аяпберген аузынан суы ағып:

— Ия, ия, шырағым, әйтеуір, маған осының бір көзін тауып бер, азаматым, — дейді.

— Сіз былай тұрыңыз, барлық қазаққа біз қолдан келген жақсылығымызды нететін кісі емеспіз, — дейді Байғарау.

Шал оған ырза.

— Маған законіңе сыйғызып, арыз жазып беріңіз, қарағым, — дейді Аяпберген.

Бұлар көп сөйлесті. Қырдың зарыққаны мен қаланың қанықканы кез болып, құшақтасты да қалды. Байғарау Аяпбергенге, облыстық Қазақ комитетіне қаратып, үлкен арыз жазып берді. Бұл екі арада төрт шайнек шай, екі рет мәнті алынды. Оның ақшасын Аяпберген төлеп, Байғараудың сілтеуімен Қазақ комитетінің үйіне қарай аттады.

ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Мәмбет аяңдап, мәнтішіге келді. Байғарау газет оқып жатыр еді. Мәмбет қасына келіп отырды да:

— Не айтады, газетінде? — деді. Байғарау газеттің білетін адамысып сөйлеп кетті.

— Газеттің соңғы хабары Карнылов деген генералдың Петрградқа аттанғанын нетіп отыр...

— Ол неғылған генерал екен?

— Мәселен, монархис генерал...

— Ол не қыл дейді?

— Ол енді өз ойында нетпекші шығар...

— Әскері көп пе?

— Бір дивизия депті.

— Ал?

— Мәселен, нетті ғой... Бұл генералдың аяқ астынан шығып қалуына мен нетіп отырмын...

— Несін нетесің?

— Менің нететінім — осы бостандықтың өзі баянды болмай ма деймін. Мәселен, әр жерден қойқалақ шығып, нетсе соң... Егер мына генерал Петрградты нетіп қойса... сірә, халықты Құрылтайға неткізетін шығар... Онда күніміздің қараң болғаны...

— Халық генералға жеңгізіп қояды дейсің бе?

Ал Ыбырайдың өз есебі бар; оған мәнті сатылу — бірінші мәселе. Ол мәселе орындалу үшін мәнті жеушілер көп келу керек. Ал мәнті жеушілер — қазақтар. Қазақтардың келуіне Байғараудың қатынасы жоқ емес. Байғараудан хабар білуге, арыз жаздыруға, заң-закон сұрауға кейін-кейін қазақтар көбейе бастады. Байғараудың танысы молайды. Сондықтан, қасқан жанында Байғараудың жатуы — Ыбырай әкеге тіпті «дарым» емес еді. Қайта Байғарау қазақтарға шақыртқы сияқты болды.

Аяпберген де Байғарауды тегін кісі деген жоқ. «Сірә, заң-законды білетін бір жүйрік шығар», — деп көңілін әбден бекітті. Келген кісі бытырап, Байғарау оңашаланған соң, Аяпберген қария қасына келді.

— Шырағым, түсі игіден түңілме дегендей, иманжүзді бала көрінесің. Маған өзіндей ақыл беретін кісі керек еді.

Байғарау басын жұлып алды.

— Қай жақтан келдіңіз?

— Шырағым, айтпа. Алыстан келдім. Ауылымыз Баян тауында. Сүйегіміз арғын...

— Не шаруамен жүрсіз бұл жақта?

— Шырағым, адам басы алланың добы деген де. Осы қаланның атын естімесек, өмірі өзін көрген қаламыз емес еді, ақыры бір сергелдең айдаған соң қанғып көрдім міне...

— Мәселен, не жұмыспен?

— Болысымыз қас болып, ауылымызды шауып... Осы күні он бір кісіміз абақтыда жатыр...

— Мәселен, айтыңыз, неткендіктен?

Аяпберген бастан-аяқ жүрісін айтты. Ауылы шабылып, он бір жігіті ұсталып кеткен соң, ізденіп дуанға келгенін, онан қайрандап облыс барғанын, онан тұмсығы таска тиіп, осы қалаға келгенін сөйледі. Шалдың сөзін бастан-аяқ әбден тыңдап алған Байғарау бұл іске өз пікірін білдірді:

— Менімше, мәселең үлкен шаталаң екен. Мәселен, айталық, я сіздікі дұрыс, я дұрыс емес... Я болыстікі дұрыс, я дұрыс емес... Істің сарыны әбден нетіп, асқынып кеткен ғой. Бұл нетпей тоқтамайды... Бірақ мұны нету керек... Ол үшін осында қазақ азаматтары бар. Обласный Қазақ комитеті деген мәхкәмә бар. Сіз соған нетуіңіз керек... Мәселен, ол қазақ комитеті сіздің арызды я қарайды, я қарамайды... Сонан соң, нетіледі ғой...

Аяпберген аузынан суы ағып:

— Ия, ия, шырағым, әйтеуір, маған осының бір көзін тауып бер, азаматым, — дейді.

— Сіз былай тұрыңыз, барлық қазаққа біз қолдан келген жақсылығымызды нететін кісі емеспіз, — дейді Байғарау.

Шал оған ырза.

— Маған законіңе сыйғызып, арыз жазып беріңіз, қарағым, — дейді Аяпберген.

Бұлар көп сөйлесті. Қырдың зарыққаны мен қаланың қанықққаны кез болып, құшақтасты да қалды. Байғарау Аяпберген, облыстық Қазақ комитетіне қаратып, үлкен арыз жазып берді. Бұл екі арада төрт шайнек шай, екі рет мәнті алынды. Оның ақшасын Аяпберген төлеп, Байғараудың сілтеуімен Қазақ комитетінің үйіне қарай аттады.

ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Мәмбет аяндап, мәнтішіге келді. Байғарау газет оқып жатыр еді. Мәмбет қасына келіп отырды да:

— Не айтады, газетінде? — деді. Байғарау газеттің білетін адамысып сөйлеп кетті.

— Газеттің соңғы хабары Карнылов деген генералдың Петрградқа аттанғанын нетіп отыр...

— Ол неғылған генерал екен?

— Мәселен, монархис генерал...

— Ол не қыл дейді?

— Ол енді өз ойында нетпекші шығар...

— Әскері көп пе?

— Бір дивизия депті.

— Ал?

— Мәселен, нетті ғой... Бұл генералдың аяқ астынан шығып қалуына мен нетіп отырмын...

— Несін нетесің?

— Менің нететінім — осы бостандықтың өзі баянды болмай ма деймін. Мәселен, әр жерден қойқалақ шығып, неткен соң... Егер мына генерал Петрградты нетіп қойса... сірә, халықты Құрылтайға неткізетін шығар... Онда күніміздің қараң болғаны...

— Халық генералға жеңгізіп қояды дейсің бе?

— Жоқ, түрі жаман... Әскері не көрінеді...

— Сол әскердің ішінен де бүлік шығып қалмасын қайдан білесің?

— Әй, кім біледі... Менің ішім нете береді. Осы құрылтай нетілмей қалмаса игі еді... Міне біреу «Большевик» деген партия туралы да жақсы атамайды.

Мәмбеттің құлағына «Большевик» деген жылы тиді. Ол оны өзін тергеген қара мұрт полицейскийден есіткен еді. Байғарау «Большевик» туралы газет не жазыпты», — дегенде, Мәмбет ентеленіп: «Не жазыпты?» — деп сұрады. Байғарау өгіздің жүрісіндей еріңіркіреп отырып, жауап берді.

— Большевик деген не көрінеді ғой...

— Не көрінеді?

— Партия.

— Ал, не айтады?

— Мәселен, сол партияның басында Ульянов Ленин деген адамы неміске нетсе керек...

— Нетсе керек?

— Неміске сатылса керек. Россияны сыртынан нетіп, неміске неттірмек дейді. Сол сәбәплі, «соғыс тоқталсын, жұмысшылар байларды талап алсын», — деп нетіп жатқан көрінеді. Мәселен...

— Өй, ол өзі «Большевик» болғанда кім партиясы екен?

— Жұмыскерлердікі көрінеді ғой. Соларға нететін тәрізді...

— Ендеше сенің газетің большевиктерді өтірік жамандап отыр екен! — деді Мәмбет кекетіп.

— Неліктен нететін? — деп Байғарау Мәмбетке қарады.

— Қисыны жоқ сөз. Өзі жұмысшылардың партиясы болсын да, жұмысшыларды жақтасын. Соғыс тоқталсын десін! Соны айтқан адам жаман бола ма? Тіпті, нанбаймын!..

— Міне, өзіміздің Орынбордағы білгіш азаматтарымыз нетіп отыр ғой?

— Мен соларыңның өзіне сенбеймін. Орловтың айтуына қарағанда осы үкімет болып, шулап, газет жазып жатқанның бәрі байдың сөзін сөйлейді білем, — деді Мәмбет.

— Кім біледі, нетсе нететін де шығар, — деді Байғарау... Мәмбет Байғарауды иыққа қағып қалып:

— Өй, неткенді қой! Мен саған келдім. Мына біреуден хат алып отырмын. Осыны оқышы, — деп қалтасынан бір

хат шығарып берді. Хат дегенде Байғарау көзі жалт ете түсті. Байғарау Мәмбеттен алып оқи бастады.

Мәмбет құрбым!

«Бұл хатты мен саған өзімнің түскен торымнан, зарығып жатқан зынданымнан жазып отырмын. Келген жерім — Қараой болысы, Қаржас ұруы, бесінші ауыл. Отырған жеріміз Тайынша көл...»

Байғарау бұл жерін қайта оқып шықты.

«Мен сені көп күттім. Өзіңмен сөйлескен күнге шықпақшы болып дайындалдым. Біздің ауылға сенің келгеніңді, маған екі рет жолыққаныңды ауылым сезіп қойыпты. Сонан кейін мен аңдуға түстім. Мені «кетіп қалғалы жүр, тез жетсін», — деп ағамыз қайныма хабар жіберіпті. Мен сенімен кетем деп сөз байласқан күні кешке мені алушылар келіп қалды. Өздері он шақты кісі еді. Бұлар келген соң екі жағы сөйлесіп, істегелі отырған тойды да істемей, мені жөнелтпек болды. Мен қапыл-құпыл қамдандым. Сені күттім. Көп аңдудың ішінде өз нәрселерімнің іске татырын алып шығып, өзіңмен уәделескен жерге жеткіздік. Бүтін ауылда маған болысатын жалғыз кісі — көршіміздің келіншегі еді. Оны өзің бие сауып жатқанда көрген едің. Сол екеуіміз — бізді жөнелтердің алдында ғана нәрсені тоғай ішіне шығарып астастап едік. Менің кеткелі жүргенімді сезіп қойып ауыл аттан-кестен болды. «Нәрсені тап, тап!» — деп мені қысты. Қорлады. Аға-жеңгем ұрды. Мен не қылса да айтпадым. Ақырында мені жылатып, сол түні жөнелтіп жіберді. Сен келмедің. Сенен бір хабар біле алмай жылай-жылай кете бардым...

Ал ендігі айтарым, әлі де күтемін. Әлі де сендерден күдер үзбеймін. Шаманқелсе жет! Маған істеймін деген жақсылығыңды жарым жолға тастамай, жеткізе істе. Ұшарға қанат менде жоқ...

Мен кеттім су түбіне жардан құлап,
Қол созып жәрдеміңе, барам жылап.
Үш жылдай уәдеңді тостым, Мәмбет,
Кетпесең бір келе алмай өзің бірақ...

Қош, Мәмбет!

Көруге асықтым. *Құлән.*

Егерде менің жайымды сұрап білгің келсе, біздің ауылдағы Шәлипан жеңгейге жолық. Ол бастан-аяқ біледі. Ақылдас...

Тағы қош бол!»

Байғарау хатты оқып шығып, сығырайып, Мәмбетке қарады. Мәмбет салбырап отыр еді. Оған қыздың халі тағы аяныш, тағы ауыр болды.

— Неге нетіп отырсың? — деді Байғарау.

— Мынау, әнекүнгі өздеріңе айтқан қыз еді. Бейшара кете барды ғой...

— Енді тағы соған нетпекпісің?

— Бейшараға жәрдем ету керек еді...

Байғарау өз білгенін айтты.

— Сен пәлеге нетейін демесең бұл қызға әуре болма. Мәселен, өзі Қаржастың жуан аулының жесірі екен. Айталық, ол ауылдың өзі осы қаламен қайшыласып жатқан ел. Жәми, Аманбек дейтін закончик оқығандары бар. Мәселен, ол оқығандары Қазақ комитетінде член. Саған жесірін алғызып, Қаржас нетіп отырмайды... Мәселен, әлін білмеген әлек... Сенің кесірің бәрімізге тиеді... Тіл алсаң сен бұған нетпе!..

Мәмбет көп ойланды. Қызды, заманды, айналаны, Қаржасты, Қазақ комитеттерін, өздерін — ойға жүгіртіп салғастырып отырды. Ойлап-ойлап келгенде Байғараудың айтып отырғаны қисынды сияқты көрінді.

Мәмбет кейін өзге жолдастарына да айтып көріп еді, олар да бұл қызды Қаржастан құтқару деген қол жетпейтін әлек жұмыс екенін айтты.

Сонымен Мәмбет Күләнға хабарласа алмады.

«СЕНГЕН ҚОЙЫМ СЕН БОЛСАҢ»

Қаланың бір кварталын алып жатқан үлкен ақ үй бұрынғы жандаралдікі. Осы үйдің көше жақтағы есігінен кіріп-шығып жатқан адамдар. Алдында толған ат-арба, байлаулы аттар тұр. Ер-тұрманы жалтыраған, көпшігі барқыт, қырдың аттары да көрінеді.

Аяпберген өзін біреу ұстап алатындай жасқанып, қорқа-қорқа аяғын андап басып, ақ үйдің есігінен ішке кірді. Үйдің ішінде де асығып-үсігіп, әрі-бері жүрген адам. Етіктері шы-

қырлап, өкшелері тық-тық етеді. Қағып жіберсең қаңғырлап кеткелі тұрған сандықтың іші сықылды үйдің ұзын ішімен Аякең адамдар кетіп жатқан жаққа келе жатыр. Оған бұл үйдің есігі де, терезесі де есепсіз көп сияқтанды.

Екі қолды сермеп жіберіп, сілтей басып келе жатқан қазақ кірді, бір балалау жігіттен Аяпберген «не де болса сұрап қалайын» деп, Байғарау жазған арызын ұсынды. Әлгі жігіт Аякең арызын іліп алды... Басын көтеріп жан-жағына бір қарап жіберіп:

— Осы коридормен прямі жүре берсеңіз, алдыңызда бір зал кез келеді. Соған барғанда сол жаққа бұрыласыз. Сол жердегі скамейкелерде отырған кісілер көрінеді. Сол есікте, — деді. Аякең арызын қайтып алып, әлгінің сілтеген бетімен тұспалдап келіп, айтқан зал үйін тапты. «Бұрыл» деген сол жағы — қай жағы екенін де ұмытып қалды. Жан-жағының бәрі терезе. Шал өзінің «оң жағы», «сол жағы» дегендерінің парқын айыра алмай, аз тұрды. Оң қолым осы ғой, осыған қарсы жағыма бұрылсам деп ойласа да, неліктен екенін белгісіз — ол жағы теріс жағы сияқтанды. Қысқасы, Аякеңнің басы айналып кетті.

Аяпберген қария басы қатып, қалай басарын білмей тұрғанда зал үйдің екінші жағынан бастарында тұмақ, үстерінде күпі, шапан, қолдарында қамшы ұстаған күміс белдікті екі-үш қазақ көзіне оттай басылды.

— Ә, Қазақ комитеті осы жақта екен ғой, — деп Аякең солай жүрді. Үріккен түйедей одырая қарап, байқастап келіп қазақтар кіріп-шығып жатқан есіктен кіріп еді, үй ішіндегі бірталай мұсылманға кездесті.

— Ә, осы болды... — деп көңілін бекітіп, жан-жағына қаранды. Отырғанның бәрі қазақ. Алдыңғы үйде алдына үстел қойып, аққұбаша, шашты жігіт қағаз жазып отыр. Түп үйден керілдескен қазақ дауыстары шығады. Алдыңғы үйде отырғандар шомылып шыққан үйректей скамейкеге тізіліп, біреуі мұртын қайырып, біреуі таяғына салбырасып отыр. Тегі, кеңсе күткен кісінің әлпеті бар. Аяпберген әлгі отырған аққұба жігітті осының үлкені болмаса да, «бірден соңғысы» шығарсың деп ұйғарды. Арызын соған ұсынды.

— Мұныңыз не? — деді хатшы жігіт.

— Арыз еді, шырағым...

— Не туралы?

— Осында бәрі жазылған, оқысаңыз...

— Мұныңыз қазақша ғой!

— Ия, қазақша... Бәрі де осында жазылған...

Шашын жылтылдатып майлап, жабыстыра тарап қойған, қаздың балапанындай аққұбаша жігіт Аяпбергеннің арызын әрі-бері аударыстырып отырды да:

— Отағасы, кәзір заседания болып жатыр, — деді. Аяпберген ойланып қалды.

— Не болып жатыр дейсің, шырағым?

— Заседания, отағасы, комитеттің жиылысы. Асықпасаңыз күтесіз. Асықсаңыз тағы бір келесіз, — деп өз жұмысына түртінектеді.

Аяпберген тағы ойланды. «Тағы бірде келесіз» бен «күтесіздің» екеуін салғастырып еді, «күтесіз» жақын сияқтанды. Сондықтан алды-артына айналып қарап тұрып:

— Күтемін, шырағым, — деді.

— Күтсеңіз ана кісілердің қатарына отырыңыз, — деді аққұбаша жігіт скамейкені көрсетті. Аяпберген сырғып келіп, орынға отырды.

Түпкі үйде дүрілдеген дауыс. Керілдескен адамдар бірбіріне мұрындық бермейді. Жақ-жақ болып айтысып, қызына-қызына сөйлескен үндері естіледі.

«Құрият», «құрылтай», «земство», «член», «мүпті» деген сөздері қайта-қайта айтылады. Аяпберген қария бұл сөздердің байыбына бара алған жоқ. Тек ол өз ойында «жарықтық комитеттің аузы осы сөздерден қашан босар екен» деп тықыршып күтті.

Аяпберген әбден сарғайды. Тоскан кісілердің бірсыпырасы бытырап кетті. Көп тостырып комитеттің есігі ашылды. Ішінде толып жатқан кісі бар екен, дүрілдей шықты. Дік-дік басып, сереңдеп, суреттей қыналған жігіттер жөнеліп барады. Бәрі де жат дүниенің шашты сайтаны сияқты. Шалмасын орап, таяғына тасбиығын қоса ұстаған, шапанды сүйретіп, көк ала сақал молда да шығып келеді. Семіз қазы беттенген, кеудесінен буынған, сыпырмай бөрікті, тықырқай сақалды, көп жылқының ала-құласы секілді байлар да маң-маң басып, комитеттен өріп келеді. Аяпберген шошынайын деді..

Толып жатқан адам шықты.

Бұл жиналған облыстық Қазақ комитетінің мүшелері еді. Комитеттегі бүгінгі әңгіме земство сайлауы мен мүпті туралы болғандықтан молдалар мен байлар да көбірек қатысқан болатын...

Жиылыс тараған соң аққұбаша хатшы күткен адамдарды бастыққа жібере бастады. Бес-алты кісі артынан Аяпбергеннен басқа күткен кісі қалмады. Ақырында Аякеңе кезек келген соң мұны да кіргізіп жіберді.

Аяпберген үйге кіргенде оның көзі тура үстелдің аржағында шертиіп отырған ұлық қазаққа түсті. Өзге жаққа жалтақтауға шамасы келген жоқ. Өзіне адырая қарап қалған мықырлау, қара кісіге қолындағы қағазын ұсына берді.

— Не қағаз?

Аяпберген сескеңіңкіреп:

— Сізге арыз еді...

— Ауызша айтыңыз, не сөз?

— Шырағым, алыс жерден келген, сонау Арқаның қазағы едім... Бәрі де осында жазылған... Түгелінен осында жазылған... Өзіңіз оқысаңыз...

— Мұның мұсылманша ғой, несін оқиын?

— Орысшасы да бар, астын аударсаңыз...

Комитет бастығы Аяпберген арызы қолын былғайтындай ақырындап шетінен ғана ұстап астын аударып еді, сірә, орысшасын ұшыратты білем, тышқан көрген күйкентайдай қадала қалды. Бірақ көп қадалып оқуға ерініп:

— Көрдім арызыңды, не сөз, — деді.

— Түбіміз аржақтағы арғын, шырағым. Баянға қараймыз...

— Ия.

— Ел ішіндегі бір нашар атаның баласы едік... Он бір кісіміз ұсталып, абақтыда жатқаны... Екі айдан бері сандалып жүрмін... Бармаған жерім жоқ...

— Отағасы, мен асығып отырмын. Ұзартпай тоқ етерін айтыңыз!

— Айтам, шырағым, айтам... — деп Аяпберген қаужалақтады. Бірақ «тоқ етеріне» келе алмады.

— Біздің елу үйдің өзі, тіпті, Николай заманында кедейкепшік болып... тозғындап жүретін ауыл едік... Баяғы доңыздан кейін, тіпті, бытырап жүруші едік. Мынау арызда қуып жүрген ісім жайы түгел жазылған еді...

— Арызың кімнің үстінен? — деп комитет бастығы төте сұрады.

— Ақылбек болыс пен Кемелбек комитеттің үстінен...

— Не сұрайсыз?

— Тендік сұраймыз...

— Какой тендік?

Аяпберген буынын бекініп, ширай соқты.

— Ойбай-ау, азамат-ау, какой тендік деп... тіпті, төбемізге шаш шығаратын болмады ғой... Ауылымызды шауып, адамдарымызды көгендетіп отыр. Осыған тендік болмай ма?

— Е, баяғы қазақтың қанына сіңген қу партияны қуалап жүрмін десеңші!

— Ойбай, азамат-ай, біз партия жинап, бәле қуған адам емес, басымызды сұраймыз...

— Басыңызды сұрасаң, жөнімен сұра. Сот тексереді, барыңыз!

— Шырағым, осында қазақ ісін басқарады деген соң келіп едім...

— Бұл жер сот емес, қазақ комитеті. Барыңыз, отағасы...

— Е, сол комитет тексереді, — деп еді. — Қайдан білейік, шырағым... Осында қазақ арызын алады деген соң...

— Мұнда ондай ұсақ-түйек, дау-шарды тексермейді...

Аяпберген қайрандады. Үндемей тұрып қалды. Алдындағы комитет бастығы өзге қағаздарды шұқылай бастады. Аздан соң Аяпберген:

— Комитет бастығы Омарқан деген азамат сіз боласыз ба, шырағым? — деді.

— Ия, мен.

— Сіз өзіңіз іс алатын адвокат деп еді. Жөні келсе осы ісімді өзіңіз қолыңызға алып, не алсаңыз да...

Омарқанның жанағы тоң мойыны босап сала берді. Ол комитет болғанша осындай талай қазақтың ісін алып, тоят айыр-ған адам еді. Мынаның арызын алып, ісін қумаса да ежелгі дағдысы бойынша жылы сөйлей бастады.

— Отағасы, мен сіздің істі қазір алып, өзім қорғауға қолым тимейді. Жұмысым көп. Көрдіңіз бе, жаңа ғана жиылыстан босап отырмын. Егер мен бұрынғыдай бос кісі болсам, сізге жәрдем істеуден аянбас едім, амал жоқ... Өзім ертең Орынборда болатын жалпы қазақ съезіне жүргелі отырмын...

— Сонда да, шырағым, көп жерден келіп едім. Әдейі осында өздерің сықылды қазақ азаматтары бар деген соң...

— Отағасы, мен сізге тоқ етерін айттым...

— Апырмай, ә? — деп Аяпберген қынжылғандай болды.

— Барыңыз, отағасы! — деп Омарқан тағы тікіленді.

— Шырағым, өзіңіз болмасаңыз ақылыңызды айтсаңызшы, енді мынаны қайда апарам? — деп Аяпберген бір шумақ қағазды комитет алдынан қайтып алды.

Омарқан ақылын айтты.

— Менің сізге айтарым — еліңе қайт! Қазақ баласы, енді пәле-жаланы тастандар. Партия қумандар. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деп, мынау құрият болып, ақ түйенің қарны жарылып, көктен шұға жауып, жұрт жетіліп, тенеліп жатқанда, қазақ елі өз ішіңнен іріме, шіріме. Берекеңді қыл... Сендей ақсақалдар, енді бұрынғы адвокаттарды іздеп шапқанды қойып, ел ішінде отырып, дұрыс тілеу тілесін... Алаш баласының бүтіндігін ойласын! Міне, бүгінгі істейтіндерің осы...

Аяпберген аңырайып қара мықыр комитетке қарап қалды. Мынаның сөйлеп отырған өсиетінен өзінің жүрген жұмысына екі тиын пайда көре алмай, қайрандап тұрды. Өзінің ауылы, малы талауға, басы қамауға түскені, бүтін Ертістің екі жағынан айтқан арызына жылы жауап, жәрдем ала алмай тентіреп жүргендігі, ақырында «қазақ ісін басқарады»» деген дабысы жер жарып жатқан азаматтардың айдалаға сөйлеп, құрғақ қамқорлық айтып тұрғаны басын быж-тыж қылды. Шал тұрып-тұрып:

— Шырағым, басқа айтарың бар ма? — деді.

— Сөз айтылды, отағасы... Комитеттің үстінен арыз бергенше, комитеттің жұмысына көмек істеңдер! — деді.

Аяпберген қолын бір сілтеді.

— Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын! — деген екен, балам. Амалым бар ма, соның кебі шығар! — деп алды-артына қарамай комитеттен шыға жөнелді.

СУБАЙ

Субай адвокат бүгін күндегі әдеті бойынша сағат он бірде төсегінен тұрып, жуынып, үстелге отырды. Оның алдына жел жүрісті, жылпың қызметкер әйел ала сиыр көздендіріп үш жұмыртқаны кішкене табада шыжылкөздендіріп үш жұмыртқаны кішкене табада шыжыл-

датып әкеп қойды. Күміс торлы стакан мен қызыл шай, қаймағы туырылған сүт, ақ нан, шақпақ секер келіп орнады. Осыларды көріп отырған қаладағы екі оқушы таңертегі тамақтың иісі мұрнын жарып, «Субай ағайдың» аз ғана тамағына көзімен ортақтасып отырды.

Алтын сақина салған салалы саусақтарымен мақтадай ақ бөлкені үзіп аузына дамыл-дамыл салып, майлы жұмыртқаны жеп отырған Субай осы отырған жастарға белгілі кісі. Өзі шешен, іскер, қалаға да, далаға да бірдей, сегіз қырлы, жылпың жігіт. Бұл жаздан бері Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарып, апрель ішінде болған «Россия мұсылмандарының съезіне» барып қайтқан. Түркістан халқының атынан крестьян съезіне де қатысқан. Петроградтағы «Шорай ислам» мәжілісіне де араласқан, алты алашқа аты мәлім, алғыр адвокат еді.

Әсіресе бұл азаматтың атын Орынборда, Тройцкіде, Ташкентте шығатын қазақ газеттері жұртқа жамандап таныстырған еді. «Жегіш», «алдампаз», «соғылған» деп сипатталған. Субай осы жаздың ішінде бұл қалаға жуырда ғана келген болатын. Бұл адвокаттың пәтеріне келіп отырған «Бірлік» қауымына қатысып жүретін екі жас жігіттің жұмысы, өздеріншe өте керекті, өте қажет қазақ басындағы мәселелер деп білгендіктен, Субайды да қазақтың бір көрнекті адамы деп келіп отырған жайлары бар еді.

Субай адвокат оқушылардан бұрын өзіне бірталай қызмет істеді: алдына қойылған ала көз жұмыртқаны жеп, табаны тақыр-тұқыр еткізді. Сүтті басына бір-ақ көтерді. Бұйра шайға секер тастап, күміс қасықпен араластырып отырды да, жастардың жауабын тыңдайтындығын білдірді:

— Біз сізге жолығайық деп келіп едік, ағай, — деді дембелше сары оқушы.

— Пажалста, слушаю, — деп Субай шайдан басын көтерді. Оның жапон офицері беттенген сұрқылт жүзі оқушыларға тура қарады. Сөзді дембел сары сөйледі.

— Осында біздің «Бірлік» деген ұйымымыз бар.

— Естіп едім.

— Соның өткен түнде жиылысы болып, қойылған мәселе туралы өз арамыз екі дай болдық...

— Е, неге? — деді Субай.

— Қаралған мәселе қазіргі ағым туралы еді... Біз жастар съезд шақырсақ дейміз. Осы күні заманның өзі түрлі түске түсіп, құбылып, құйрығын ұстатпай бара жатыр. Міне, осы заманда қазақ халқы қайтеді, қайтсе құрияттан дұрыс пайдалана алады, — деген мәселеге талас болдық...

Адвокат мырс-мырс күлді. Онан арғы сөзді өзі алып жөнелді.

— Слушай, азаматтар. Сендер қырдағы жуан қоныш, кең қолтық, қоймен бірге жайылып, қоянмен бірге жусап жүрген аңқау, сорлы қазақтың осы замандағы жұлдызысыңдар. Қазақ жарықты сендер арқылы көреді. Әр қаладағы өздерің сықылды оқушы жастар мынау алан-саланда заманда айнымай, бетін тауып бастауы керек. Сендер елге тура жол іздегілерің келсе «Бірлік», «Тірлік» деген өнімсіз ұйымды енді жабыңдар!..

Екі оқушының көзі шарасынан шықты. Кеспелтек сарының қасындағы дарылдап сөйлейтін, жалбыр шаш, қара оқушы:

— Ағай, о не дегеніңіз, біздің ұйымды жап дегеніңіз... Қайта сіздер бізге жол көрсетіп, жөн сілтесеңіз болмас па, — деп қынжыла сөйледі. Бұл мына адвокатты жамандаған көп газетті жете оқыған еді.. Сондықтан ол «сенің де жайыңды білеміз», — деген адамша адвокаттың сөзіне беріспей, «жап» деген жастар ұйымын қорғауға кірісті.

— Ұйымды жапқанда біз не қылайық? — деді тапал сары.

— Партияға кіріңдер.

— Қай партияға?

— Біздің партияға.

— Сіздің партия қандай?

— Біздің партия «Үшжүз».

— Бұл қандай партия?

— Бұл кәдімгі — Үшжүз. Өзіміздің үш жүз. Аты да, заты да халыққа жат емес... Таза қазақ партиясы!

— Партияның программасы не?

— «Үшжүз» партиясы — федерацияны жақтайды. Түрік, татар қауымын біріктіруге күш салады. Учередительной сотрании қазақ атынан айырықша список кіргізеді.

— Ал ана Орынбордағы басшыларымыздың ашқан «Алаш» партиясы не?

Адвокат тағы мырс-мырс күлді.

— Слушайте, азаматтар. Олардың істеп жүргені қара қазақтың қамы емес, жұртты бүлдіру... Алаш деген атты былғау... Оны жасап отырғандар қазақтың қашаннан қанын сорып келе жатқан хан мен төренің тұқымдары... Кім оның басында жүргендер? Белгілі Бөкейханның Ғалиханы! Ұғыңдар сендер Бөкейханның кадеттік программасын! Оның істеп жүргені қазақ халқына қуаныш емес, қайғы, пәле! Ол өзінің ата мұрасынша қазаққа хан болғысы келеді. Оның қол тапсырып жүрген пірлері кім? — Кадеттің князь Львовтері! Олар өміріне орыс бұқарасына құрият бермейді. Біздің кадетіміз Ғалихан да солай... «Алаш» партиясы да қазақ бұқарасына құрият бермейді. Тек, амал бар ма, осы төрелер әлі Николай түссе де халықтың көзіне балшық жағып жүр. Әлі қара қазаққа атын ерттетіп, арқасын қасытып жүр. Төренің қасында қазақтың қарасынан шыққан маубас Ақмет деген жырауы бар, Мыржақып деген атшысы бар. Олардың айналасында «Ғалия», «Хұсайниялардан» оқыдық дейтін жәдит жая-лығында өскен бір топ төленгүттері бар. Амалың бар ма, балта сабы өзіміздің ағаштан, төренің атшысы өзіміздің алаштан... Қазақтың соры әлі қайнап отыр. Үш жүз жыл патшалық құрған Романов нәсілінен құтылсақ та, Бөкейхан нәсілінен құтылу бізге нәсіп болмай тұр. Міне, көрдіңдер ме, менің Ташкентте шығарған «Алаш» атты газетімнің атын партиясына қойып алып, қоңырсытып жатқанын...

— Неге олай дейсіз? Орынбор съезіне облыс-облыстың барлығынан өкіл келіпті ғой, — деді сары тапал.

— Онда не болады? — деді Субай.

— Онда съезд жалпы қазақтікі болғаны да, — деді қара жалбыр.

— Бәрі өтірік! Шылғи өтірік... Орынборға барған қазақ халқының өкілі емес, олар өтірік өкілдер... Өздері хат жазып, шақырып алған дос-жары. Бәрі де төренің төленгүті. Шынайы қара бұқара енді оянды. Енді көзін ашады. Мына мен «Үшжүз» атты газет шығарған соң қазақ халқы кім қас, кім дос екенін айырады.

— Сіздерді де сыбап жазып жатыр ғой олар, — деді жалбыр шаш.

— Жаза берсін! Ит үреді, керуен көшеді. Менің артым тыш-қаққа үйренген. Олардың газеттеріне де, беттеріне де

түкірді Субай! — деп адвокат күйгелектеніп тұрып кетті де, шалбарының жан қалтасына қолын салып ерсілі-қарсылы жүрді. Сары тапал тағы сөйледі.

— Сонда да, ағай, бұл тіпті көңілсіз хал. Қазақтың ат төбеліндей оқығаны бірін-бірі мүйіздеп, бірін-бірі жамандап жатқаны — біздің ішімізге, тіпті-ақ сыймайды, ағай.

Субай іліп әкетті:

— Дұрыс ол! Сендер прав. Олар, бәрін істеп жатқан олар. Жатқан жыланның құйрығын басқан өздері. Қапалға бардым — «ай туды» деді. Семейде болдым — «бұлт басты» деді. Ташкентке бардым — «күн шықты» деді. Қайда барсам да артыма түсіп, «алдампаз», «аферист» деді. Өздерің-ақ айтыңдаршы, шырақтарым. Жөн бе осы басқалардікі?

— Бізге тіпті түсініксіз, ағай. Осы сіздердің араңызда келіспейтін не бар екеніне көзіміз жетпейді...

— Нет, мен олармен келісуден кеттім. Ол кесірткілер ойлайтын шығар: қазақтың мандайындағы жалғыз жұлдызы біз ғанамыз деп. Нет, олар қаталасады. Олардың істегенін мен де істей аламын. Олар не қылса, мен де соны қылам. Олар газет шығарса, мен газет шығара алмаймын ба? Шығара алам. Олар партия ашса, мен де ашам... Олар партияның «Алаш» десе, мен партиямның атын «Үшжүз» деймін. Олар «Кадет» болатын болса мен «Совет» болам. Әйтеуір, олар не қылса, мен соларға қарсы қылам. Мен солар құрлы ел бүлдіре алмаймын ба? Скажи пожалоста!..

Жас жігіттер ішін тартты. Адвокат орнына отырды. Өзін басып, дауысын өзгертіп екеуіне сөйледі.

— Міне, алдымызда құрылтай сайлауы келе жатыр. Үшжүздің баласын осыған дайындау керек. Менің «Алаш» партиясына қарсы ашып отырған партиям — «Үшжүз» құрылтайға жеке список кіргізеді. Сендер осы партияға жазылыңдар. Екеуіңнің біреуінді Петроградтағы депутаттыққа өткіздіртейін! — деп Субай портфелінен «Үшжүз» партиясының списогін суырып алды.

Екі оқушының көзі алақ-жұлақ етті. Партия дегеннен шошып кетті. Біріне-бірі қарасты. Жылпың Субай:

— Партия ерікті. Сагласын — қаласын. Не сагласын — тілеген моментінде шығып жүре бересін. Қазір жазылып қойғандарың мақұл, — деп жалаң қақты.

Ә дегенде айқаймен кетіп қалатын жалбыр шаш қара ойланып қалды. Ішінен Субайды тәуір көрмейтін алаштағылардың бір үмітті жасы деп газетке жазған «Бірліктің» белсенді сарысы қайқаққа салды:

— Ағай, «Үшжүзге» жазылу туралы ойланайық. Егер жазылсақ түгел жазылайық, өз ішімізде толғасуға мәуліт беріңіз, — деп орнынан түрегелді. Табан сол жерде партиясына жазыла қоймайтынына көзі жеткен соң Субай да «Үшжүздің» списогін алып қойып:

— Мақұл, ақылдасыңдар. Барлық жастар арасына біздің «Үшжүздің» бірден-бір дұрыс партия екенін түсіндіріңдер. Елдеріңе хат жазыңдар. Өздерің первой жазылып, өзгелердің жазылуына мұрындық болыңдар. Егер күдіктеніп партияның программа, уставы не дейтін болсандар, жиылыстарыңа мені шақырыңдар. «Қазіргі хал және үшжүз партиясы» деген темаға мен доклад жасап берейін...

Оқушылар «мақұл» десті. Осы арада қызметші әйел кіріп:

— Сыртта екі қазақ кіруге рұқсат сұрайды, — деді.

Адвокат:

— Кішкене аялдай тұрсын. Кісі бар деп айт, — деп қызметкер әйелін қайырып жіберді де, өзі оқушыларды алдыңғы үйге шығарып келіп:

— Маған Қызылжардың он болысынан өкілдер келмекші еді, солар шығар... «Үшжүз» партиясын ел ішінде де ашып, құрылтайға дайындалып жатыр едік, — деді де, қалтасынан аппақ браунингін суырып алып оқушылардың көз алдынан жарқ-жұрқ еткізіп қойды.

— Көрдіңдер ме мынаны? Маған Петроградтағы ұйым бастығы подаркке беріп еді. Ол кісімен доспын. Шығарда жанымыз басқа. Қарандаршы, мылтық-ақ қой. Өзі секундына он екі оқ шығарады. Өзім де әбден атуға машықпын. Айналадағы адамды атқанда пулеметше атам, мұндай мылтық ешкімде жоқ! — деп мылтығын жарқ-жұрқ еткізіп, шалбарының қалтасына салып қойды.

ҮШЖҮЗ

Субай адвокат оқушыларды жіберген соң қызметкер әйеліне рұқсат етіп, далада тұрған адамдарды өзіне шақыртты. Үйге сәлем беріп екі қазақ кірді.

Үйге кірген өзімізге белгілі Аяпберген қария, қасындағысы Байғарау еді. Аяпбергеннің Қазақ комитетіне қаратып жазып берген арызынан еш нәрсе шықпаған соң Байғарау енді осы Субай адвокатқа алып келіп еді.

— Уағалайкөмассалам! — деп Субай адвокат қош дауыспен сәлем алды. Аяпбергеннің іші жылып сала берді, адвокаттың алған сәлемі оның түсін жылытып, әбден мұсылман қылып жіберген еді. Байғарау Субайдың қолын алып, амандасты. Аяпберген де қауқалақтап адвокатқа қос қолын беріп қалды. Адвокат та жылы жүзбен қос қолдап көрісті.

— Отырыңыз! — деп жердегі жайған көрпеден орын көрсетті. Аяпберген, Байғараулар бір жерін былғап аламыз ба дегендей қымсыныңқырап тізе бүгісті. Бірақ Аяпберген бұл үйде Қазақ комитетінен әлдеқайда өзін еркін сезді.

— Қай адамсыз? — деп Субай сұраған соң сөзді Байғарау бастады.

— Мен осындағы пристаньда нетіп жүретін грузчикпін. Ал мына отағасы Баянауыл оязынікі. Бұл кісілердің жуан ағайындары нетіп, бірнеше кісілерді тұтқынға неткен соң, осында нетпекші болып келген екен. Сізді, әйтеуір сырттан, мәселен, айталық, газет, журналдардан нетіп, атыңызға қанықпыз ғой...

«Газет, журналдардан атыңызға қанықпыз» деген Байғараудың сөзі Субайға бізбен бүйірге сұғып алғандай болды. «Газет, журнал мені қашан мақтап еді» деп ойлады.

— Қандай газеттерден менің атыма қанықсыз? — деп сұрады.

— Мәселен, айталық, сіздің өзіңіз шығарған «Алаш» газетімен постоянный нетіп тұрушы ем...

Адвокаттың жүрегі орнына түсті. Өзіне келіп отырған кісілеріне де ырза болып қалды. Сонан кейін келген адамдарды сұраумен тепшілеп, егжей-тегжейінің бәрін біліп алды. Әсіресе ол Байғараудан қаладағы қара жатақ жүкшілердің, жұмыскерлердің жайын сұрасты. Жүкшілердің, жатақтардың ішінде кімдер бар екенін кнежкесіне түртіп отырды... Сөйтіп, Байғарау арқылы қаланы сүзіп шықты да Аяпберген қариядан қуып жүрген ісінің жайын сұрады; Аяпберген бір қозғалып отырып:

— Шырағым, иманжүзді адам көрінесің. Түсі игіден түңілме деп, саған бастан-аяқ айтайын, — деп сөзін бастады.

— Айтыңыз!

— Біз, бір ел ішіндегі аз ғана ауыл едік. Өткен жылғы лайсанда елімізде көтеріліс болып, болыс ауылына шапқан елге қатысып едік. Сонан болысымыз өшігіп, майданға біздің жігітімізді сыпырып жіберген. Ақыры, көп тілеуі көл болып, сол азаматтарымыз аман-есен биыл елге келмеді ме?

— Жігіттер революция дүмпуімен қайтты ғой. Егер революция болмай, патша түспегенде қазақ жігіттерінің майданнан қайтуы қиын еді, қария...

— Әлбетте, дұрыс айтасыз. Революциядан нетілді ғой, — деп Байғарау да «қара жаяу емеспін, хабарым бар» деген кісі сияқтанып, қыстырылып қалды. Аяпберген сөзін жалғады.

— Жігіттеріміз қайтқан соң қуандық. Бір жерге жиылып, бір-бір малымызды айтып сойдық. Той қылдық... Той үстінде Асылбек болыс етке өкпелеген біреудің дауын қылып, жанжал шығарды. Жанжалда жігіттер болысты азырақ сабаңқырап тастады...

— Әп-бәрекелді! Жақсы қылған жігіттер. Ол да революцияның салқыны!.. — деді Субай.

— Әлбетте! — деп қойды Байғарау. Аяпберген онан әрі еркіндеді.

— Аяғы не керек бүгінгі болысымыз сол Асылбектің баласы. Комитет болып, елді билеп тұр. Әлгі әкесіне таяқ тигеннің артынан ауылымызға отряд жіберіп, быт-шытымызды шығарды. Қатынымызды сабап, қазанымызды шақты. Он бір жігітіміз ұсталып кетті. Міне, менің қаңғып жүрген жайым...

— Өз дуаныңыздан қумадыңыз ба? — деді Субай.

— Ойбой. Қумаған жерім жоқ, мырза, дуанымызға да бардық, жуанымызға да бардық, облысымызда да болдық. Бәрінен де қайрандап, қанатымыз күйді. Қайда барсақ та алдымыздан Асылбек болыстың соққан қорғаны шығады. Тесік таба алмаймыз. Арызымызды алады, бірақ жауып қояды... Қайта өзімізді өне-міне деп сандалтумен әуре қылды. Енді ақыры осы жақтан бірдеме болмас па екен деген далбасамен тентіреп осында келіп ем, мырза... Құдай сөтін салса, не алсаңыз да, шырағым, законіне салып, біздің зарыққан адамдарымызды босататын қыл... — деді Аяпберген. Байғарау шал көңіліне өжеп салып:

— Босанар, ақсақал, босанар. Сізді, мәселен, мына ағайға әкелген тағдыр бекерге нетпес, — деді. Субай ойланып отырып:

— Осындағы Қазақ комитеті дегенге бардыңыз ба? — деп сұрады.

— Мен арыз жазып беріп, сонда жіберіп едім, нетсе керек, — деді Байғарау.

— Оныңа да бардым, шырағым. Оның өзі бір кірпікшешендей жиырылған адам екен. Маған түсі жылымады... Айтқан сөзіне жарымадым. «Бекер жүрген екенсің, дуаныңа қайт» деген ақылын айтты. Тақ мен бір дуанды көрмей жүргендей...

Адвокат бойын жиып алып:

— Е, олар сүйтеді. Қазақтың жылап шыққан бұқарасына қол ұшын да бермейді. Бекер барғансыз оларға, — деді.

— Қайдан білейік, қарағым. Қазақтың ісін қолына алып отыр деген соң...

— Олар қазақтан садаға кетсін! Олар мұсылман емес. Ешкімге рақым қылмайтын бұзылғандар. Ішкені — арақ, ойнағаны — құмар. Бітіретін бір тиын жұмысы жоқ, тек қазақ атынан комитет болып отырған, ас ішіп, аяқ босатарлар... Жарайды, отағасы, алыс жерден келген адам екенсіз... Мен бұл іске болысайын... Істің кімнің қолында екенін білермін де, мұндағы Окружной сот арқылы алдырып, өзім танысамын...

— Әлбетте, солай нетесіз, — деді Байғарау.

— Ісіңізге өзім қорғаушы болам!

— Алда, қарағым-ай. Құдай өркенінді өсіріп, тағында ағар-ғыр... — деп Аяпберген алғысқа кірісті.

— Бірақ бұл жұмыстың расходы болады, — деді Субай. Байғарау Аяпбергенге қарады. Аяпберген:

— Шырағым, расходы деп, құдай онғарған болса, несіне болса да шыдаймыз да... — деді. Әр жағын адвокат айтты.

— Мен өзім еш нәрсе алмаймын. Құдай үшін, Үшжүздің баласы үшін, мұсылман ұлына қылған жақсылығымды сатпаймын...

Аяпберген көңілінде титтей қақ қалмады. «Құдай ісімді оңғарды» деп ойлады. Адвокат сөйлеп отыр:

— Менің өзімдікі өзіме жетеді. Ақша деген анау ішкөпта тұрғандар. Бірақ істің өзін қуалауға шығын керек... Ұлықтар

тың әкесін ақша өлтірген! Кейбіреулерінің аузына тығуға тура келеді...

Субайдың қабағына төңкеріліп отырған Байғарау ниетін біле қойып:

— Қазір қолыңызда қанша ақшаңыз бар? — деп шалдан сұрады.

— Керекке деген ақшаның үш жүз елуімен келіп ем, қалаға келген соң азырақ ұстадым ғой, — деді шал.

— Әзірге үш жүз сом табыңыз. Сонымен айналысып көрейін... Ал сіздерден өзім әзірге еш нәрсе сұрамаймын. Істеріңоңға айналып, адамдарынды абақтыдан босатып жіберген соң өздерің білесіндер... әзірге үш жүз!.. Үш жүз!..

— Шырағым, оның дұрыс... Сізді біз өзіміз білейік. Құдай оң толғағын беретін болса, осы он бір жігіт өз қолында. Жанымда үш жүз сом ақша қалған екен, осыны түгел алыңыз... Ал қалған расхоты болса, керек дегеніңізде тағы жеткізелік, — дегенді айтты шал.

Ырғасып келіп адвокат осыған көнді. Аяпберген шалдың ақшасы алыста еді. Арғын етігін шешті.

— Жолда пароходта жүрген соң сақтықта қорлық жок қой деп, табаныма тығып келіп ем... — деп етік ішіндегі ұлтарақтың астынан шуда жіппен шарып тастаған кір шүберекті шешіп, қызыл ала «кереңке» ақшаларды шығарды. Ол ақша әлдекімнің қанына былғанған қызыл ала қағаз тәріздеңді...

Субай ақшаны алып санады. Екі жүз елуін алды да қалғанын шалға қайырды.

Адвокат Аяпбергеннің іс мәнісін, аты-жөнін кінешкесіне жазып алды. Аяпберген арқасындағы ауған жүгін түзеттірген көліктей жеңілденіп калды. Жаздай қорлығы өткен Асылбек болыстардан тендікті енді алатын сияқтанды.

Адвокатпен жұмысы біткен соң Аяпбергендер жүруге оқталды. Субай түрегелген Байғарауды тоқтатып қойып:

— Енді саған айтар жұмыс мынау: сен өзің нағыз пролетарий, грузчик екенсің, өзің хат біледі екенсің, сен біздің «Үшжүз» партиямызға жазыл. Бұл партия федерацияны жақтайды... Анау ақсүйек Ғалихандардың ашып жатқан «алаш» атты партиясына — бұл қарсы партия.

— Сіздің партия не? — деді Байғарау.

— «Үшжүз». Кәдімгі өзіміздің үш жүз. Өзіміздің партия атынан құрылтай сайлауына жеке списке кіргізбекшіміз. Осы

Омбының бір-екі грузчигін, обизательно құрылтай сайлауында депутат қылдырам. Петроградқа барасыңдар, — деді.

Байғарау Субай сөзіне ден беріп қыбылжып тұрды. Адвокат онан сайын жылпылдатты.

— Қазақтың қара табаны сендер... Байлар сендердің табан ет, мандай теріннен байып отыр. Әлі сендерге күн туады! Қара бұқара, заман сендердікі болады. Осы күні сендер еңселеріңді көтеріп, елдік істеулерің мақұл. Қазақ қара табандарын тентіретіп, жүкшілерінің, жұмысшылардың жұлынын құрттатып, жеп жүрген өңшең хандарды, ақсүйек, жуандарды қуалауымыз керек... Әлгі өзің маған атын айтқан қазақ жемшіктері жиналып, біздің «Үшжүздің» шығарған списогіне шар салатын болыңдар... Өздерің осында ояздық комитеттегі Жақан Айтпаев деген адаммен байланыс жасандар...

Субай сөзіне айрандай ұйыған Байғарау басын изей берді. Адвокат шалға да өсиет айтып:

— Қария, сіз де еліңізге барған соң осындай елге пайдалы «Үшжүз» деген өзіміздің партия ашылыпты. Соған жазылып, құрылтай сайлауында соның көрсеткен списогіне тас салыңдар деп айта жүр, — деді. Бірақ Аяпберген адвокаттың айтып тұрған партиясының байыбына түсіне алмады. Оның ойында ұсталып жатқан он бір жігіті тұр еді. Сондықтан Субайдың судыратып тұрған «үшжүз», «құрылтай», «партия» деген сөздері отағасының миына кірмеді.

Адвокатпен қоштасып, екеуі Ыбырай мәнтішіге қайтты.

ТҰЗАҚ

Кеш. Ертіс өзені қараңғыда құлдырап ағып жатыр. Пристаньдағы жұмыс істейтін төрт-бес жігіт суда көптен қозғалмай тұратын үлкен, шірік қара баржаның үстіндегі күзетшінің үйінде отыр. Есік ішінен бекітіліп, терезе қоршаулы. Жігіттердің ішінде екі әйел бар. Бөтелкенің босап, бұрышқа тасталғаны бір арба деуге болады. Күні ұзын жұмыста болған жүкшілер бүгін үйлеріне қайтқан жоқ. Мынау «екі әйелмен бір тамаша етелікші» деп ұйғарысқан.

Әйелдің біреуін иектеп отырған Байғарау. Ол Ольга дейтін биіктеу, емшегі үлкен, қайқы төс, дөңгелек бет әйел. Тамақ дәметкен сұқ ит көзденген, мінезі кесектеу, ожарлау

адам. Қою шабдар шашын екі жақ шекесіне тоқпақтай қып өріп ақ көйлектің арқасына тастаған. Ольга басын тура ұстап кеудесін кере отырады. Ол осылай отырғанда қой жеген қасқырдың шоңқиғаны сықылданады. Дөңгелек беттің бәрі іркілдеген ет; осы беттің ортасындағы өте кішкене мұрны шала пісіп, ерте суыққа ұрынған бозғыл бүлдірген сықылды. Өз бетіне лайық ауыздағы екі ерін қанды қызыл бояу жаққандықтан күңгірт жанған шамның жарығында Ольганың түсі абайлап қарап отырған Мәмбетке қан жалаған ақ қаншық сияқтанады, ал Нұраділге көлдің балшықтау жерінде отырған қара бас шағала тәрізденеді.

Ал әйелдің енді бірін иектеп отырған Газбекқара. Оның қасында Маруся. Мойны мықырайып қалған, бадырақ көз, кең ауыз, азырақ имек тұмсық әйел. Қорыққан қоян көзденіп, жан-жағына жалт-жұлт етіп, тез-тез сөйлейді. Әлсіз шамның жарығында бұл әйелдің түрі, мінезі Мәмбетке шәуілдеп көп үретін, түнде қорыққаннан үйге кіріп жататын қара қаншық сықылданады. Ал Нұраділге қырғауылдың қоңырындай көрінеді.

Газбек Марусясын құшақтап, баладай алдына алып отыр. Қайта-қайта сүйеді. Жиырма бес пұт жүк көтеретін алып жігіттің алдына өңгерілген Маруся, қынсылап сүйгізеді.

— Уай, заман-ай, жаса Газбекқара! — дейді жігіттер. Байғарау да қарап отырған жоқ, қасындағы жуантық әйелінің анда-санда:

— Моя милая, — деп иегінен көтеріп, өз аузын шошайтады. Әйел айналып кетеді. Жігіттер оған күледі.

Өзге жігіттер тек бұлардың қошеметі сияқтанып, сыраны құлатып, сөзді көбейтіп, көңілдендіріп отыр. Ольганың күлкісі өте кесек, ол күлсе таудан бөрене сүйреткендей, Байғараудан басқа жігіттердің құлағын мезі қылады. Бірақ жағымдылық пен жағымпаздықтың басын бірге қосып быжбыж қайнатып жатқан сыраның қызуы онша білдірмейді.

Мәжіліс қызу...

Бұл әйелдердің екеуі де жігіттердің білуінше көпшіл, мейірімшіл әйелдер. Соғыс пайдасына жәрдем жиюға өз еркімен шыққан, майданға тіленіп, атақ алған, ұйымның мүшесі. Омырауларында ұйымының значогы да тағулы тұр. Соңғы жылдарда мұндай әйел Сібірде тым көбейіп кеткен.

Бұл әйел жер-жерге тарап, қала, ауылдың бәрін де аралап, соғыстағы қаһармандар пайдасына ақша, киім-кешек жинайды. Майданға барып, жаралы солдаттарға күтуші боланды. Әр жерде жиналыс жасап, жұртты ұйыстырып жүретін көп алдындағы «ардақты қарындастар». Бүгін құдай нәсіп қылып, Россияның осы «асыл қыздарын» біздің жігіттер ортасына алып отыр.

Бұл әйелдер пристаньдағы жұмысшылар арасына келгелі бір қанша уақыт өткен. Сонан бері әйелдер жігіттермен жақсы танысып, қоян-қолтық араласып жүр. Әйелдердің мұнда істейтіні — майданға жіберілетін соғыс жүгін жүргізуді тездетуге көмектесу, соғыс пайдасына жәрдем жинау, жұрт пікірін ұйыстыру.

Бұл әйелдердің келгені біздің жігіттерге теріс болған жоқ. Өздерімен жақсы сөйлесіп, жайдары жүрген ондай қыздарға Байғараулар сүріне-ақ жығылды. Бұл әйелдердің мәжіліске, бозбастыққа сен тұр мен атайын болып шыққаны тіпті тәуір болып, компанға қарық болды да қалысты. Ол әйелдер өздері түгіл қаладан неше түрлі таныстарын тауып, жігіттердің көңілдеріне ұнай бастады. Жеке жігіттерді қаладағы танысының үйіне қонаққа да алып кететін еді. Қысқасы, көптен тізесін кеміріп жүрген жігіттерге мына Марусялардың келуі жақсы болып, жігіттердің ойын, күлкі, әйел сауығының өрісі кеңіп сала берген еді. Әйелдер келгеннен бері пристаньда. Бірге жүреді, бірге тұрады. Жігіттермен жұмысты бірге істейді. Жігіттердің тілегенін алып, қалаға гөлайтқа кетеді. Жұмысшылардың жиылысында сөз сөйлеп, ұсыныс айтады. Кабақтыларды ішкіліктермен отырысында көңілін аулайды. Бүгінгі отырыс сол көңілді көп отырыстың бірі еді.

Түн ортасы ауған кезде сыра ішіп отырғандардың есігін біреу қақты. Жігіттер есікті ептеп ашты. Далада Орлов тұр екен. Ол сыбырлап қана Мәмбетті шақыртып алды. Мәмбет тысқа шықты. Орлов Мәмбетті тез аулаққа алып кетті:

— Мені ұстайтын болды! — деді Орлов.

— Не дейсің? Енді қайттік? — деп Мәмбет шошып қалды.

— Қорықпа, оқасы жоқ. Бізге тұк қылмайды. Бірақ біздің жайымыздың бәрін біліпті. Кешегі бізге темір жолдан келген кісілерді де біліп қойыпты. Алдымен мені ұстауға ұйғарыпты...

— Оны кім айтады?

— Солардың ішінде жүрген өз кісіміз бар ғой, сол жеткізді.

— Ал біздің кешегі мәжілісті бұлар қайдан біле қойды?

Орлов күліп Мәмбетті арқаға қақты.

— Сен әлі шикісің, Мәмбет. Олардың көз-құлағы біздің басымызға біте бастағанын сезбеймісің?

— Кім, кім? — деп Мәмбет ғажаптанды. Орлов тағы күліп:

— Олардың адамы осы күнде сендердің орталарында отыр... Анау қызығын көріп отырған екі қарындастарың сол кісілерден болады, — деді.

Мәмбет шошып кетті.

— Қойшы-ей?

— Рас болып шықты. Мен басында-ақ осылардан сезіктеніп ем ғой. Жолдастар осы әйелдерге көп үйір болмасын деп ем. Елең қылмадыңдар ғой. Енді міне, біздің ет пен теріміздің арасына кірген азғындар біздің ісімізге бөгет болуға айналды.

Мәмбет бармағын тістеді.

— Қап! — деді. Орлов Мәмбетке:

— Енді мен жасырынам. Бәлкім, көпке шейін көрісе алмайтын да күн болар... Бірақ бұлар бізге түк қыла алмайды. Сендер өздерің жасымандар. Жалтақ болсаңдар бізге жолдас бола алмайсыңдар... Өздерің сақ бол. Біздің сөйлескен сөзімізді көп жігітке шашпа. Өзің мүмкін болса, осы пристаньнан орын ауыстырып, темір жол жағына өт. Онда жәй жақсырақ болар... Ондай-мұндай адам шеттен көп кірмейді. Пристаньдағы жұмыскердің арасын әреке аралайын деді. Бірақ мен жатпаймын... Бұл тұманды қайта серпуге кірісемін... Мә, әзірге қош бол, — деп Мәмбетке қолын ұсынды.

Мәмбет не болғанын білмей кетті. Тайғақ жолда таяныш, тар жерде қол ұшын беріп, жарыққа қарай сүйреп келе жатқан Орловтан ажырау оған ауыр болды. Ол «қош!» деместен:

— Енді қайда кетесің? — дей берді.

— Мені әзір іздемендер... Аман болсам сендерді өзім тауып алам. Өзге жолдастарға сәлем айт! — деп Орлов Мәмбеттің қолын қысты да жоқ болды. Мәмбет мең-зең болып тұрып қалды.

Мәмбет үйге кірген соң үйдегілердің бәрі оған қарады. Ольга ыржаңдап:

— Кім шақырды? — деп сұрады. Мәмбет ішінен ашу қайнап, кек алу кеңірдегіне тығылып, Ольгаға жаман көзі жалт ете түсті. Үйдегілер де:

— Ол кім? — деп қарап қалысты. Мәмбет тығылып тұрып-тұрып:

— Часовой екен. Бізге таранда деп бұйырды, — деді.

«ОРЫНДЫ БОСАТ!»

Облыстық Қазақ комитетінің ішінде күндегідей сұле сапа қызмет. Комитет бастығы түп үйінде. Хатшыны дамыл-дамыл шақырып, келген қағаздарға жауап қайыртып отыр. Оның жанында бұйра шаш, ала көз ақындау жігіт газетіне мақала жазып жатыр. Комитеттің байдан жасалған бір мүшесі онда да, мұнда да жоқ, жағасы жайлауына кетіп, жәй салбырап ол отыр! Молдабек хатшы бір шумақ қағазбен комитет бастығы алдына келіп тұрып, терезеден көшеге қарай салып:

— Мыналар кім? — деп қалды.

Комитеттің көшесінде қырық-елудей қазақ. Топталған. Кейбіреулері мылтық асынып, қолына «милиция» деп жазылған шүберек тігіп алыпты. Топ алдындағы бір жуан қара ағашқа шүберек байлап келеді. Топ дуылдасып, иқы-жиқы болып, комитеттің алдына келіп тұра қалды. Үйдегілердің барлығы да ғажаптанып, терезеге келісті.

— Анау Жақан ғой!

— Ия, сол соғылған...

— Ту ұстап тұрған көдімгі Қажымұқан!

— Бәрі осындағылар... Өңшең жатақтар!

— Көбі извозчик!

— Анау, қамшы ұстап тұрғандар ел адамы...

— Бұлар неғып жүр?..

Комитеттегілер аң-таң. Комитет бастығы Омарқаннан тыныштық кетті.

— Ой, ой, бұл тегін емес... Мынау Жақан ит менімен өш еді... Бір бүлік істеуге келген шығар... Мен шыға тұрайын! — деп қапыл-құпыл екінші есіктен шықты да, қора жаққа жоқ болды. Өзгелері де састы.

— Ал біз қайда барамыз? — деді мақала жазып отырған бұйра шаш.

— Апырым-ай, атыма жете алмадым-ау. Кеше жүріп кететін едім, мені Омарқан бекер-ақ ұстады бүгін... — деп Қызылжардан келген бай мүше күйгелектене бастады. Оларға Молдабек хатшы тоқтау айтып:

— Сендер табжылмандар: мен сырттарыңнан кілттеп қояйын! — деп түпкі үйдің есігін жауып жіберді де, өзі келушілерді қарсы алуға алдыңғы үйдегі үстеліне отырды.

Қыр көрсетіп келгендер дабырласып, батыл басып комитеттің үйіне кірді. Олардың алдына салғаны Қажымұқан. Ол атанша аттайды. Келушілердің көбі сыймай, сыртқы есік алдында қалды. Извозчиктер де түстерін суыққа салып, жатақтар жанжалға дайындалып тұрғандай.

Мұқан балуанды алдына салып, үйге Жақан кірді. Ол келе ай-шай жоқ, тура төр үйдің есігін тартқылады:

— Ешкім жоқ, не жұмысыңыз бар? — деп хатшы түрегелді. Оған Жақан зәрленіп:

— Аш есікті! Жұмыс бар. Омарқан қайда? — деді.

— Ол кісі жоқ... Ешкім де жоқ... Есік ашылмайды.

— Аш есікті! Ол осында тығылып отыр... Егер сен ашпасаң, біз ашамыз! — деп Жақан есікті жұлқып-жұлқып қойып еді, аша алмады.

— Аш, балуан! — деп Қажымұқанға бұйырды.

Мұқан есікті тартып қалып еді, шарт етіп кілті сынып, есіктің екі жақтауы екі жаққа ұшты. Үйде тығылып отырған бұйра шаш пен комитет мүшесі енді болмаса түсе қашқалы терезеге артылып жатыр екен, мыналар үстіне келіп қалғанда қайтып түсті. Жақан бір милициясына бұйрық беріп:

— Әне телефонды бақ! Менің рұқсатымсыз бір кісі жіберме! — деп өзі Омарқанның орнына отырды. Милициялар дақдақ басып, телефонды қамап тұра қалысты. Әп-сәттің ішінде не болып кеткеніне аң-таң болып, комитет мүшелерінің көздері жапақ-жапақ етісті. Бастықтың орнына нығыздап отырған Жақан комитет хатшысын тағы тергеді.

— Омарқан қайда?

— Жоқ. Қырға шығып кеткен.

Жақан сөйледі.

— Мынау келіп тұрған халық комитетке наразы. Бәріңнің де үстеріңнен арыз бар. Мен Омбы оязының қазақ комитеті атынан сендерді бұдан былай тұтқынға алынды деп жариялаймын!

Хатшы қарыса түсті:

— Жоқ, олай жариялай алмайсыз... Бізді Уақытша үкіметтің бұйрығынсыз ешкім тұтқын қыла алмайды...

Жақан көгеріп, зіркілдеді.

— Сендердің үкіметің біз! Мен! Мына мен Омбы ояздық комитетінің бастығы. Аш көзіңді! Алыңдар, мыналарды! — деп Жақан милицияларға бұйырды. Екі милиция Молдабек хатшыны, екі мүшені сүйрелеп бірыңғай шығарып қойды. Олар біресе қып-қызыл, біресе күп-ку болды.

Үй ішінде халық лық толған. Жақан орнынан түрегеліп, сөз сөйледі.

— Осындағы үлкен аға, кіші інілер. Сіздер халықсыздар... Қара бұқарасыздар... Сіздерге әлі құрият болған жоқ... Әлі есеге қолдарыңыз жеткен жоқ... Осы үйде отыратындар — өңшең байлар, буржуйлар... Мынау тұрған Әжі деген Қызылжарды құртқан, қу тұяқ байдың баласы. Мынау тарғыл бұқа көзденген, ақынсымақ монархист, николайшыл! Мынау тұрған да сондай... Осы үстелде отыратын бастық, кеше қан жалаған, елді сорған чиновник! Осылар сіздердің әлі бір мұддаларыңызды шешті ме?

— Жоқ!

— Жоқ!

— Шешкен жоқ! — деп шуласты.

— Облыстық комитет не істесе, өз бетімен істейді. Өз әмірін, өз күшін жүргізеді... Қазір халықтың басына түсіп тұрған пәленің бәрі осылардан... Және қазақ шаруасының барған сайын күйзеліп бара жатқаны да осылардың пәлесінен... Осылардың ояздық, болыстық комитеттерге жазған қағаздарын көрсеңіз — ылғи бұйрық, әмір қылу... Бұқарашылдық деген бұлардың ойына да келмейді... Мұнысы қазіргі құрият қағидасына тура келе ме?

— Жоқ!

— Жоқ!

— Тура келмейді! — деп тұрғандар тағы шулады. Әсіресе қаладағы жатақтар арасында белгілі Нұртаза, Сәрсенбай,

Құдайберген, Садуақас деген алыпсатар, подрядчиктердің дауыстары көтеріле шықты.

—Олай болса, бұл облыстық комитет басында отыруы жөн бе?

— Жөн емес!

— Жөн емес! — деп тағы шуылдасты.

Қажымұқан жолбарыстай ыңыранып, жәй қарап тұрды. Оның екі көзі қып-қызыл болып айналып кеткен еді. Тегі ішіп алғанда көзі сүйтіп кететін дағдысы еді. «Ұрыс шыға қалса ұрып жығып, таптап тастар» деп комитет мүшелері көбінесе осыдан сескеніп, сөз көтере алмады. Жақан комитет адамдарына зірқілдеді.

— Міне сендерге біздің беретін ультиматумымыз: тегіс істен шығасыңдар! Облыстық комитеттегі орындарынды босатасыңдар! Омарқан бастық «комитет қызметінен шықтым» деп жарияласын! Қазір соны тауып әкеліңдер! — деп үш милицияға бұйрық қылды. Өзі Бөгенбай деген хатшы қазағына «қаулы жаз!» деп бұйырды. Хатшы қағаз қалам алып, қаулы жазуға отырды. Жақан қаулының сөзін өзі айтып отырып, жаздырды. Қаулы жазылып болған соң, Жақан жұртты тыныштандырып, комитет мүшелеріне естіртті.

«Омбы қаласындағы қазақ халқы жиылып келіп, біздің орнымыздан шығуымызды талап еткендіктен, Облыстық қазақ комитеті қызметінен тегіс шықтық, бұдан былай бізге халық сенбейді. Сол үшін қол қоямыз...»

— Қол қойындар! — деп Жақан комитет мүшелеріне бұйырды.

— Бұған қол қоя алмаймыз! — деді Молдабек хатшы. Жақан талауратып тағы сілкінді.

— Қоясыңдар! Қойғызамыз! Қазір қол қой! — деп Жақан бұйра шашқа көзін адырайтты. Ол да көкбеттеніп:

— Қазір атып жіберсең де қоя алмаймын! — деді. Жақан оған кіжініп:

— Қоймасаң — қолың бір тиын! Бірақ бұдан былай сендердің диктатураларың — мынау халық. Сендердің диктатураң — мына мен! Біліп қой! Әйде, мыналарды алып жүр! — деді.

Милиция, Қажымұқан, извозчиктер комитет мүшелерін сүмірейтіп айдап шықты.

«ТҮСІНІКТІ»

Сентябрьдің іші еді. Күн кешке жақын. Мәмбет, Газбекқара, Нұраділдер — жиырма шақты жігіт жұмыстан шаршап қалаға қайтып келеді. Күні ұзын Карыский экспедицияның үлкен баржыларын жүктен босатқан жүкшілер арқасына ершіктерін таңып, жара желең шалбарының балақтары жалпылдап, қалпақтары қалқайып, салмақпен ғана адымдайды. Қалада «құрылтай» сайлауы қызу бара жатыр. «Құрылтай-құрылтай!» деп мұсылмандар да қызыл танау болып жүр. Толып жатқан партияның адамдары таласады. Әркім өз списогін мақтап, өз адамдарын жақтайды. Жұмыскерлерді сол списокке тас салуға үгіттейді. Жігіттер, бірдеме білетін шығар деп газет, журналдарды жиып оқып жүретін Байғараудан жөн сұрап қояды.

— Мұның қайсысына шар саламыз?

Байғараудың өзі де дұдамал, жақсы білмейді. Қазақтың өзінде де түрлі список шығып қалды: пәлен номер «Алаш» партиясының списогі; ішінде Омарқан адвокат, Шымырбек докторлар сияқты Байғараудың газеттен, Қазақ комитетінен көретін адамдары да бар. Олармен бірге Мұқаметжан қази, Ақмет мүтәуәлі де бар. Бұл списокке қарсы «Үшжүз» партиясы да сайлауға список жариялаған. Мұнда да қазақтар. Қазақтың оқыған адамдары — Субай адвокат, Жақан фельдшер, Садуақас алыпсатар, Қорасанұлы Әжі деген Қызылжар байының баласы, тағы әлдекімдер. Осы екеуінің арасын ажыратып айтуға Ыбырай қашқарлықтың шайханасынан бөтен жаққа шықпайтын Байғарауға қиын. Сөйтсе де, ол қасындағы жүкші жолдастарына әр уақытта өзін білімді, заманнан қабардар адам қылып көрсеткісі келетін. Сондықтан ол өзіндей оқымаған қара жұмысшылардың сұрауына өзінше жауап бермей қалдырмайды. Жігіттер сұрайды:

— Ой, сен өзің ештеңе білесің бе, мынау көп списоктің қайсысына шар саламыз? — дейді. Байғарау бөгеліңкіреп, алдынан үріккен шұбар жылқы көзденіп, аз кідірді де, жауапқа кірісті.

— Бәрі бір қазақ несі ғой. Неткенмен осы Субайлардың аты тұрған «Үшжүздің» списогі жайлырақ болар деймін. Бұлар мәселен, айталық, Ғалихан төрелерге қарсы. Олар

қазаққа хандық құрғалы жүр дейді. Бірер рет «Үшжүз» жиылысында болып, Субайдың сөзін тыңдағаным да барды. Ол «біз — федерацияны нетеміз» дейді...

— Онысы неменесі? — дейді Газбек.

— Онысы, мәселен, не болса керек... Мәселен, айталық, патшамыз тәртіп нететін көрінеді...

Жігіттер Байғарау сөзіне жарымады. Қайта оның сөзін алып қашып, бірі «ол» деп, бірі «бұл» деп тәлкекке айналдырды. Сонан соң Байғарау жүкшілерге қол сілтеп, өзінің талкошкедегі жататын шайханасына жөнелді. Жігіттер бытырады.

Мәмбеттер жүре-жүре бұрынғы Областное правление үйінің алдына келді. Қаладағы барлық үкімет, ұйымдардың істеп жататын орны осы үйде. Әлгі Байғарау айтып келе жатқан «Үшжүз» партиясының адамдары да осы үйдің бір жерінде істейді.

— Жолдастар, осының біз жөнін білсек қайтеді, немене екен осылар? — деді Мәмбет.

— Рас, кіре кетелікші, неміз кетеді... — деді Газбек.

Жігіттер үлкен ақ үйге кіріп, «Үшжүз» партиясын іздеді. Сұрай-сұрай бір түкпірден Субайдың отыратын үйін тапты.

Саңырауқұлақ бастанған сары қалпақтары қалқайып, балақтары жалпылдап үш жүкші «Үшжүздің» отыратын кеңсесіне кірді. Үстелде отырған арықтау, бозша жігіт бұлардан жөн сұрады:

— Кім керек?

— Субай деген азамат керек еді.

— Ол кісі жоқ. Не айтайын деп едіңдер?

Сөзді Газбекқара бастады.

— Ол кісіге жолығайық дегеніміз-ақ, біз осындағы қазақ жүкшілеріміз. Өзіміз толып жатқан жұмысшы бармыз. Жұрт шар салуға дуылдап жүр. Осы біз шарымызды кімге саламыз? — деді.

— Сендер «Үшжүзге» дауыс беріңдер! «Үшжүздің» списогіндегі адамдар ақ жүрек, іскер, халық қамын ойлайтын адамдар...

— «Үшжүз» дегеніңіз немене өзі? — деп Мәмбет сұрады.

Бозғылт жігіт түсіндіруге кірісті.

— «Үшжүз» деген — қазақ партиясы. Оны біз ашып отырмыз. Партияның программасы ашық, демократияны жақтайды. Федерация болсын дейді. Алдымызда болатын құрылтайға жеке список кіргізіп, өз адамдарын өткізеді. Енді түсінікті ме? — деді.

Жігіттер үндемеді. Үндемегені — бозғылт жігіттің «демократ», «федерация», «құрылтай» дегендерінің байыбына бара алмаған еді.

— Өздерің орысша білесіңдер ме?

— Білеміз, — деді Мәмбет.

— Білсеңдер, міне, мыналар «Үшжүздің» де, басқа партиялардың да программаларын сендерге оқиын, отырыңдар. Таңдап, таңдағанын алыңдар, ықтияр!..

Жігіттер отырды. Бозғылт жігіт судыратып, партиялардың программасын оқуға кірісті. Ол оқып отыр, оқып отыр. Бір жеріне келгенде: «Козлобородый крестьянин и чернозый рабочий — не друг народа...» дегенді естіп, Мәмбет Газбекқараны түртіп қалды. Газбекқара орнынан түрегеліп:

— Ендігісін оқымай-ақ қойсаңыз да болар, — деді ана жігітке. Мәмбеттер де түрегелісті.

— Түсіндіңдер ме? — деді ол.

— Түсінікті! — деді Мәмбет. Ана жігіт сөйлеп ала жөнелді.

— Міне, сол. Түсінікті. Дауыстарыңды енді «Үшжүзге» бересіңдер. Бұл партия демократияны жақтайды.

— Түсінікті. Түсінікті! — деді жігіттер.

— Кәне, өздеріңнің ат-жөндерің кім? Адрестерің қайда? «Үшжүз» партиясына кіргендерің мақұл. Жазып алайын... — деп әлгі жігіт қаламына жармасты. Жігіттер біріне-бірі қарап мысқылмен:

— Әзір қоя тұрыңыз, жазылсақ бәріміз ақылдасып, түгел жазыламыз ғой, — десті.

Онан әрі сөзге келместен жігіттер «Үшжүздің» үйінен шыға жөнелді. Артынан «Үшжүз» қаптап келе жатқандай асыға-асыға көшеге шықты. Былай шыққан соң Газбекқара:

— Әлгінің қыртып отырғаны не? — деді.

— Сөз әлпеті жаман екен, «қарамайлық жұмыскер, ешкі сақал крестьян — халықтың досы емес» дегені не сөз ол? Осыны бізге оқып отырған кісіден не үміт, не қайыр? — деді Мәмбет.

27—1016

— Осыны жазған қағазы өзінікі ме екен, әлде өзгенікі ме екен? — деді Нұраділ.

— Рас, сол жерін байыптай алмадық, — деді Газбек.

— Кімдікі болса да құрысын! Етім тітіркеніп кетті. Ендігәрі бұл жаққа баспаймын! — деді Мәмбет.

ЖЕР АСТЫНДАҒЫ САБАҚ

Қаланың вокзал жағындағы темір жол басқармасының мастерскойында жұмыс қызу. Көрік оты күрілдеп, сарт-сұрт соққан балға даусы шығады. Мұндағы он бес, он алты ұстаның ішіндегі ең ескі ұста анау көк жейделі, көк ала мұрт, көзілдіріктi Михайлов көптен осында істейді. Даңғайыр ұста. Михайлов, басына шыт тартып, күйелі кеудесін жалаңаштап, өндіршек, қабырғаларынан қара терді саулатып, балға соғып тұрған қазақ жігітінің қасына келді. Келіп карап тұрды да, Мәмбетке дем бергендей:

— Жақсы, Мәмбетке, жақсы! Ұр, вот, так! Вот, так! — деп Мәмбеттің темірді соғысына сүйсінгендей жылмайып қарап тұрды. Мәмбет өзін ұсталық ісіне баулып жүрген Михайлов қасына келгенде ұстазы алдындағы шәкірт сияқты болады, буындарын бекітіп, балғаны берік ұстап, төстегі темірді дәл ұруға тырысады.

Мәмбет осы мастерскойда істегелі үш жұма болды. Ол Орловтың ақылымен пристаньнан сырғып осында келіп орналас-қан. Келгеннен бері түскен жұмысы балға соғады.

Орлов кеткеннен соң жігіттердің артелі бытырады. Артельдің клубын басқарып, асхана, жатақхана жұмыстарын, профсоюз істерін, ортадағы кассаларын ұйыстырып жүретін Ловкова да көрінбей кетті. Жігіттердің әркайсысы әр жаққа бытырап, бет-бетімен жұмыс іздеді. Мокрыйдағы жатақхана жабылған соң, Мәмбет пен Нұраділ де Катямен бірге өздері тұрып үйренген Ольга Никифоровнаның үйіне шыққан еді. Нұраділ қара жұмыста, Мәмбет осы мастерскойда істейді.

Алғаш келгенде Михайлов бұған бір пұттық балға ұстатты. Балғаны төменнен тура алып, төске төселген отты темірдің керек жеріне дәлдеп ұру дегенге Мәмбет шу дегенде жарамады. Балғасы төменнен лып етіп тура көтерілмей былғақтай берді. Мәмбеттің қабырғасы майысып, екі аяғы екі жаққа тәлтірек басып, өзі бұраң-бұраң етті. Балғаны

кейде темірге, кейде темірсіз төске ұрып алды. Бұл Мәмбетке қырдағы келі түйгеннен, ершікпен жүк арқалағаннан әлдеқайда қиынырақ көрінді. Мәмбеттің былғақтағанын көрген соң Михайлов өзі келіп оның қолындағы балғасын ауыстырды. Алғаш алған бір пұттық балғаның орнына жарты пұттық балға берілген соң Мәмбеттің қолы недәуір жеңілденіп кетті. Михайлов балғаны өз қолына алып, «Вот, так» деп бір аяғын ілгері, бір аяғын кейіндетіп, белгілі жерге табан тіреді.

— Аяғыңды осы жерден қозғама! Оң қолыңды балғаның мына жерінен, сол қолыңды мына жерінен ұста да, көтергенде былай оң жағыңнан үйіре көтер. Көзіңді төстің бір-ақ жеріне төндір де, бірқалыпты салмақпен жайлап қана соға бер. Соғуыңда ала-құлалық, асыққандық болмасын. Бірыңғай ырғақ болсын. Вот, так! — деп өзі әлгі айтқан қалыпта төс үстіне ұсталған темірді соғып жөнелді. Михайлов балғаны ұрғанда ол өз еркі өзінде жоқ, өзге бір жақтан күш беріп тұрған механизмнің қозғалысы сияқтанып күрсілдетіп берді.

Михайлов соғып-соғып болып Мәмбетке ұстатты.

— Вот так. Соға бер! Сен темірді төске қалай қоюында жұмысың болмасын. Оны балғаның астына жөндеп ұстау — ол ұстаның жұмысы. Сен төстегі темірдің үстін дәлдеп ұруды ғана біл! — деді.

Мәмбет жарты пұттық балғаны алып, Михайлов төске ұстаған темірді тарсылдатып ұра бастады. Михайлов дем беріп:

— Вот, так! Вот, так! — дейді.

Сөйтіп, Мәмбет екі күннен кейін бір пұттық балғаны үйіріп ұратын болды. Бес күннен кейін, пұт жарымдық балғаға көшті. Барған сайын қолдары қатайып, қабырғалары қайыспай буыны бекіне бастады. Алғаш балға ұрған күні өне бойы ауырып, төсекке жата алмағаны енді сезілмей кетті. Осы ретпен үш жұма балға соққанда көптен балға соққан ұсталардың бірінен де кем болмай, өзі қолындағы балғадай мықты жігіт болып алды. Күнде Михайлов Мәмбетті:

— Вот, так! Жақсы! Вот, так! — деп жүріп үйретіп алды.

Біраз күннен Мәмбет байқап жүрсе, мастерскойдағы ұсталардың бірнешеуі қайтпай қалады. Оның бірі Михайлов.

Осылардың бір кәдігі бар-ау? — деп Мәмбет ойлап қойған еді.

Ол ойлағанда мыналарды ойлады:

— Бұлар неге бөлініп қалады? Өзгемізден сырылып қалатын бұлардың не жұмысы бар екен? Өздері он сағат жұмыс істеп, әбден шаршап шығады. Бірақ бұлар неге бізбен бірге үйлеріне қайтпай мұнда қала береді? Әлде осылар сверхурочный жұмыс істеп, ақша алатын шығар? Әлде бұлардың жасырын ұйымы бар ма екен? Бар болса да бұлар оны маған айтпайды ғой. Маған сенбейді. Мен түгіл осындағы жұмыскерлердің де бәрі бұлардың ойын білмейді. Бұлар өздері бірнеше ғана адамдар. Ал Михайлов әбден біледі. Мен не де болса Михайловтан сұрайын. Ол маған, бәлкім, айтар. Егер ақша тауып жүрген жұмыстары болса, мені де серіктес қыл дейін...

Мәмбет осы оймен бір күні жұмыстан кейін мастерскойда қалып бара жатқан Михайлов қасына келіп тұрды. Михайлов қалуға айналып, күйбежектеп жүр еді, Мәмбет күліңкіреп:

— Сендер неге қаласыңдар? — деп сұрады. Михайлов Мәмбеттің бет-әлпетіне қарап тұрды да, жымиып:

— Біздің жұмысымыз бар, — деді.

— Ол жұмыстарыңа мен қатынасуға бола ма?

Михайлов және жылмиды:

— Егер сен бізбен бірге болатын болсаң, қатысуыңа болады.

Екеуі де бірін-бірі одан әрі айтыспай түсіністі. Мәмбет:

— Мен сендермен біргемін ғой, — деді. Михайлов Мәмбеттің қолын қысып:

— Молодец, Мәмбетке! — деді. Мәмбетті ертіп келіп, мастерскойдың жер астындағы подвал үйіне түсірді. Мәмбет Михайлов артынан еріп, өзі көрмеген, қараңғы басқышпен түсіп келе жатты. Ол осы басқышта жаңа бір дүниенің қойнасына аяқ аттағандай болды.

Мәмбет төменге түскенде күңгірт жанған шам бар еді. Ол жан-жағына қарады. Суық, сыз үйден тот басқан шірік темірдің иісі шығады. Өзімен бірге істейтін ұстаның жетеуі осында отыр. Қолдарында бір-бір мылтық.

Бұлар Мәмбетті көрген соң қол алысып, құттықтасып, даусын көтермей, сыбыр-сыбыр етті.

— Сен бізге келдің бе?

— Ия, келдім!

— Вот, молодец!..

Мәмбет қуанып кетті. Өзін жаңа бір дүниеге кіргендей сезді. Жер астындағы жаңа достардың, жаңа жолдастардың ішінде тұрғанда өзге дүниені ұмытқандай болды.

Жолдастары Мәмбетті арқаға қағып:

— Үйрен, Мәмбет, бізбен бірге. Атуға үйрен. Керек болады... — десті.

Мәмбет жер астында күңгірт шамы жанған өңшең қаружарақтың ішіндегі мылтықты бұзып-жарып, қайта салып, оқып жатқандарды көргенде, ойына әкесі Тұздыбай айтып отыратын жер астының оқуы түсті. Абуғалисина деген адам тау ішінде жүріп, бір үңгірге түсіп кетіпті. Онда кітап көп екен. Осы сықылды күңгірт шам жағып, бір шал кітап оқып отыр екен. Абуғалисинаны шал өз қасына алып, қырық жыл сабақ берген екен. Қырық жылдан кейін Абуғалисинаны шал: «Енді оқып болдың, жарыққа шық, мен оқытқан он екі пәнді жер жүзіне жай», — деп қоя берген екен. Осы дүниедегі барлық өнер-білім сол Абуғалисинадан таралған екен деуші еді.

Мыналар да сондай жер астында оқып жатқан адамдарға ұқсайды... Оқудан басқа сөзі жоқ. Сыбыр-сыбыр сөйлесіп, мылтықтың затворын сарт-сұрт ашып, жабады. Өздері де мылтық сықылды адамдар. Михайлов бір мылтықты алды да Мәмбетке оқыта бастады.

— 1881 жылы орыс ұстасы ойлап шығарған осы мылтықты винтовка дейді.

ҚОШ, КАТЯ

Күн тұмандау. Сібір жақтан бір суық жел соғады. Ол жел әлде тұманды айдап келеді, әлде тұман желді әкеледі — белгісіз. Ертістің ығына қарай жүретін үлкен пароход жүруге дайын. Пароходпен кететін халық жүгін арқалап шұбап жатыр. Қол чемоданы қолында, үлкен ақ шүберекке оралған бір түйіншекті қасындағы Мәмбетке ұстатқан Катя көп кісімен бірге осы пароходқа отыруға келді.

Катя әбден өзгерген. Екі беті қып-қызыл, өңі алмадай толған. Үсті-басы тап-таза. Аяғындағы біз өкше бәтеңкесі жылт-

жылт етіп, басына қызыл орамал тартып, мөлдір тұнық көк барқыт көзі ойнақ қағады. Мәмбетті айналып-үйіріліп, ішінен кіріп сыртынан шығады. Мәмбет екеуі келіп пароходқа таяу тұра қалысты. Катя да, қасындағы Мәмбет те жақсы киінген. Бұлар жаңадан қосылған жас адамдар. Арасындағы әзіл, қалжың, сүйіспеншіліктің лебі өз арасына сыймай, айналасына серпіліп көзге түседі. Өткен-кеткен бұларға қарап, танданған сияқты. Бұлардың тұрмысы біреуді қызықтырып, біреуді сұқтандырып қаратады. Кейбіреуді үміттендіріп, кейбіреуді кектендіреді. Бұларды көріп тұрған бұрын чиновник болып, тозған шал «киргизбен» ыржаңдасып тұрған орыс қызына кектенеді, сүйегі сынады, жерге түкіреді. Оның қасындағы кемпірі қолындағы сапты көзілдірігін көзіне қойып Мәмбетке қарайды. Бет-аузын тыржитып қарап:

— Анаусы орыс қызы ма? — деп шалынан сұрайды.

— Да. Орыс қызы...

Кәрі барина онан арман тыжырынып:

— Вот, как! Көрдің бе, Григорий Митрофаныч! «Киргиз» қалай басқа шыққан! — дейді. Онымен жастардың жұмысы жоқ, Катя Мәмбеттің мойнынан құшақтап:

— Сен қашан келесің? — дейді.

— Мен бір жұмадан қалмаспын...

— Обязательно! Күтем, күтем... Ендігі пароходтан қалма! Жарай ма?

— Жарайды. Обязательно! Барып қалармын... — Катя Мәмбетті сүйіп, арқаға қағып, өзі бұралып еркелейді.

— Сен келмей қалып жүрме! Онда мен сені зарығып күтем. Жылаймын. Егер сен келмей қалсан, мен өзім іздеймін...

Мәмбет оған уәде береді.

— Мен шын айтам. Өлмесем жетем. Сенің үйіңді өзім де көргім келеді.

— Кел, биыл үйде боламыз... Астықты жақсы алдық деп әкем жазып отыр ғой. Екі бөлмесінің бірінде біз тұрамыз. Сонан соң онда демалып, зеріксек, ондағы менің нәрселерімді аламыз да қайтып қалаға келеміз...

Катя үйіне қайтып барады. Ол үйінен кеткелі бір жыл болып қалды. Бұрын ұзап үйінен шықпаған қыз үйін сағынды. Әке-шешесі де «келіп қайт» деп қайта-қайта хат жазады. «Күйеуіңді ала кел» дейді. Бірақ Мәмбет әзір бара алатын

емес. Оның жұмысы бірден-бірге ұласып барады. Михайловтармен бірге жер астындағы сабаққа түскелі, тіпті уақыты жоқ. Күнде-күнде мылтық ату, бомба тастауды үйренеді. Кейде кезегі келіп, күзетке де тұрып қалады. Бірақ Мәмбет бұларының бәрін жер астындағы жолдастарынан басқа ешкімге білдірмейді. Тіпті, өзімен бірге жатқан Катя мен Нұраділден де қатты жасырады. Сездірмейді. Өзінің жүрген, тұрғанын қамсыздау үшін Катяның үйіне қайта тұруы Мәмбет ойынша теріс те емес. Мәмбеттің басында қазір Катяның ыстық құшағынан да отты ойлар бар. Ол соның соңында.

Қазір Мәмбеттің алды-арты қалай болары белгісіз. Қыс қайда болады? Мастерскойда қала ма, жоқ басқа жаққа кете ме, әлде Катяның үйіне барып демалып жата ма, әлде мынау үйреніп жатқан мылтықтармен майданға кетіп қала ма? Оған әзір байланған жіп жоқ... Тек, тіршілік болса Катяны тағы көреді де...

Пароход қозғалуға айналды. Катя Мәмбетті шап құшақтап, аузынан қатты сүйіп алды. Мұны көріп тұрған әлгі шал онан әрі ыза болып, теріс айналды. Кәрі барина жерге түкірді.

Пароход жөнелді. Катя көзден жазғанша қол бұлғап, Мәмбет жағадан ақ орамалын желпілдетті. Өзен құлдырап, пароход алыстап, Катяны көре алмай көзі бұлдыраған соң Мәмбет қалаға қайтты.

ТАҢ ЖАҚЫН

Мәмбеттердің кружогы бүгін түнде қайтпады. Мұнда жиылғандар күндегі әдеті бойынша үйді-үйіне тарамай мастерскойдың подвалында қалды. Соңғы кезде бұл кружоке өзге жақтан да жұмысшылар қатынасып, адам саны көбейген еді. Осындай жұмысшы кружоктердің әр жерде, әр пәтерде бар екенін бара-бара Мәмбет те сезе бастады. Бүгінгі күні жұмыскерлер күні бойы жасырын хабарласып, бір нәрсеге дайындалған сияқты.

Түн тұман болды. Мәмбеттердің отырған подвалына туасы көрмеген адамдар келді. Олар кружоктегі адамдарды, қаруларды тексерді. Бар адамды сайлап, тексеріп, қару-сайманды бөлді:

— Кісі басы он патроннан!

Соны айтты да әлгі адамдар кетіп қалысты. Олар кеткен соң подвалдың күңгірт жарығында жиырма шақты жұмыскер сарт-сұрт еткізіп, мылтықтың серіппесін ашып-жауып, атысқа дайындалды.

Мәмбет мылтықпен таныспын деп ойлайды. Бөлімдерінің де аттарын әбден жаттап алған. Команда жөнінен де біраз біліп қалды. Бұған берілгені он патрон мен өзі сықылды шап етер мықты мылтық. Ол мылтығының қарауылынан сығалап, серіппесін сарт-сұрт еткізеді. Қасындағы жолдастарымен бірге неге болса да өзінің дайын екендігін жүрегі айнымай сезеді. Ол бүгін түнде бір соғыс болатынын жақсы біледі.

Түн ортасы ауды. Өңшең қарулы жұмыскерлер жер астынан жер бетіне шықты. Сібірдің соқыр тұман басқан суық түні айсыз қараңғы еді. Осы қараңғылықта қару-сайманын асынып жұмыскерлер көшеге келді. Мәмбеттер көшеге шығып аз тұрған соң екі жағынан екі топ қарулы адамдар келіп қосылды. Осы үш топты бірге қосып, бір командир қалаға қарай алып жөнелді.

Вокзалдан қалаға тартып жатқан үлкен көшенің ортасымен сарт-сұрт аттап, бұлар келеді. Аспанда жұлдыз, қалада от көрінбейді. Тек жұмыскерлердің алдында бастаған жалғыз жаяу командирдың бозғыл шинелі қыланданып қана көрінеді.

Отряд командирдің соңында қаланы қақ жарып отырып, Кадетский корпусқа таяу площадтағы карнезі биік, үлкен үйге келді. Командир:

— Ептеп қана, бәрің де ұшырмаға кіріңдер! — деді. Жігіттер сездірместен, бәрі басқышқа ептеп басып, ұшырмаға көтеріліп жатыр. Михайловтың артынан Мәмбет те ұшырмаға шықты. Үйдің ұшырмасы толған ауыл шаруашылығының машинасы еді. Мәмбет бұл үйдің складсымақ екенін ойлап қойды. Командир жұмыскерлерді тегіс ұшырмаға шығарды да:

— Сағат алтыда темір жол депосынан тревога болады. Гудок беріледі. Патрон заводынан мылтық атылады. Сонда сендер осы үйдің төбесінде жатып, анау Кадетский корпусқа залпамен мылтық атасыңдар!.. Жолдастар, бірақ саналулы патронға сақ бола көріңдер! Командасыз өз беттеріңмен оқ шығармандар! Тапжылмандар, таң жақын! — деді.

Осыны айтты да командир мұндағы жұмыскерлердің командасын Михайловқа тапсырып, өзі асығып және бір жаққа жөнелді.

Жұмыскерлер командирдің сөзін тыңдап, атыстың бетін белгілеген соң күбірсіз, ұшырмадан таңды тосып, сигналды күтті.

Мәмбет ұшырманың сүт машинасы жатқан бұрышына орналасты да бетін Кадет корпусына беріп, мылтығын мықтырақ ұстады.

ҚЫЗЫЛ ТАҢ

Соқыр тұманды сұқай түннің таңы талдырып барып атты. Жігіттер барған сайын шыдамсызданып, тыныш таңда гудокты күтті. Қаланың шет жағындағы үйлердің тауықтары шақырып, жан-жақтан дыбыс бере бастады. Сол кезде қаланың қаланшасы да алты рет дабыл ұрып, уақыттың мөлшерін айтты. Отряд тыңдап қалды. Аздан соң темір жол жақтан күшті гудоктың даусы таңды жарып, боздап қоя берді. Көптен естілмеген ашулы, кекті, ышқынған бір күшті дауыс көкті айырып, жерді жарды. Бұл дауыстан Сібірдің суық тұманы қарс айырылды. Қаланың ұйықтап жатқан халқының ұйқысы шайдай ашылды. Ұшырмадағы Мәмбеттердің қолдары мылтықтың замогіне шап ете түсті.

— Жолдастар, дайындал! — деді кәрі ұста. Іле-шала патрон заводы жақтан жедел-жедел екі-үш рет мылтық атылды.

— Пли! — деді Михайлов. Отряд залп атты. Жұмыскерлердің атқан оғы Кадет корпусына қаптай тиді.

Төбесінен тас түскендей тарс ұйқының үстінде жатып, оқ астында қалған Кадет корпусының ішіндегі офицерлердің тас-талқаны шықты. Олай-бұлай жүгірісті. Қорқақтары қалтырап қобалақтап қалды. Жүрек тоқтатқандары жалма-жан қаруын қолына алып, өзгені жинап, қарсы атысқа шықты. Жұмыскерлерге қарай мылтық атысты. Бірақ ретсіз, күшсіз атыс. Орға жығылған жылқының тыпырлағаны сықылды, бірнеше оқ атылып қана тұрды. Таң атып қалған. Аздан соң әр жерден қарандап жүрген адам көрінді. Корпустағы офицерлердің көбі-ақ атыспақ түгіл, алды-артына безіп бара жатыр еді. Мәмбеттер залпмен үш төрт атқан соң Михайлов команда беріп, атуды тоқтатты.

— Патронды сақтаңдар, жігіттер! — деді.

Жұмыскерлер орны-орында оқталған мылтықпен Кадет корпусына қадалып, сіресіп жатыр еді.

Корпустың қақпасынан үш офицер көшеге жүгіріп шықты. Шыға сала көшені құлдап қаша жөнелді.

— Атыңдар, аналарды бір-екеуің! — деді Михайлов. Екі жұмысшы қашып бара жатқан офицерлерді атып-атып жіберді. Офицерлер бет-бетімен қашып, бұғып тасалап атысып келеді. Офицерлер жүгіре-жүгіре бұлар жатқан үйдің тұсынан өте берді. Мәмбет көзі жалт етті. Мылтығы тарс етті. Екінші рет тағы атайын деп еді, мылтығының шаппасы жүрмей тұрып алды. Мәмбет мылтығының құлағын әрі-бері жұлқылап әлектенді де қалды.

Атысты басқарып тұрған Михайлов:

— Неге атасың? — деп Мәмбетке бажырайды. Мәмбет Михайловтың неге зекігенін түсінбей:

— Қалайша атпасқа, жолдас Михайлов? — деді.

— Командасыз неге атасың?

— Вот, анау қазақ офицері ғой! — деді Мәмбет.

Михайлов күліп жіберді.

Офицерлер қашып кетті. Михайлов Мәмбетке оқты сақтаудың, командамен атудың керектігін ұғындырды.

Мәмбеттің шыдамай атып жіберген ақ папахты офицері — белгілі Ыбырайым прапорщик еді.

* * *

Сонан кейін атыс болмады. Кадет корпусы да қыбыр ете алмай, ішіне бекінді. Қаланың әр жағынан мылтықтың шашыранды даусы анда-санда естіліп тұрды. Таңмен араласа, қаланың батыс жағынан бір жүйрік жел соғып, Сібір әуесінің сасық тұманын айдап жөнелді. Тұманнан тазаланған аспанның таңы қып-қызыл болып, жер жүзін жап-жарық қылды. Жан-жақты дүркіретіп, қалаға күшті әскер қаптады. Әскер алдындағы түсі суық, көк жасыл броневикті айдап, грузовик, автомобильдерге тиелген пулеметтердің мойны сорайып, керіп кетті. Әскер бейне тасқын. Қару көкпеңбек. Барабаны дүрілдеп, мылтықтарын оқтай ұстаған төңкеріс әскерімен қала тұтасып, көшелер көкпеңбек темір киінді. Дүние астан-кестен. Бұларды ұшырмадан көріп жатқан Михайловтар:

— Темір жол жұмысшылары!

— Он тоғызыншы полк!

— Патрон заводы! — десіп отырды.

Әскер Кадет корпусының үш жағынан келді. Самсаған мылтықпен сарт-сұрт басып, Кадеттің корпусын қамады.

— Әйде, жолдастар, — дейді Михайлов. Мәмбеттер де қапыл-құпыл үй төбесінен түсіп, жүгіре-жүгіре көп әскерге келе жатыр. Темір жол жұмысшылары деген отрядтың алдында, өне бойы мұздай қаруға сірескен Орлов айбынды басып, сарт-сұрт аттап келе жатыр екен. Мәмбет командамен келе жатқанын ұмытып, Орловқа қарай тұра жүгірді. Орловтың алдынан көлденеңдеп, бір қолында мылтық, бір қолын көтеріп честь беріп:

— Здравствуй, товарищ командир! — деді.

Орлов жалт қарап, Мәмбетті таныды. Ол да үлкен асудың үстіндегі тар кезеңде алдына арсалақтап жүгіріп келген Мәмбетті құшақтап, қолын ұстай алды.

— Вот, молодец, Мәмбет! — деді. Өзі Мәмбеттің бас-аяғына қарап тұрып:

— Құттықтаймын, жолдас Мәмбет! Вот, молодец! Мылтықты шындап ұстаған екенсің! — деп арқаға қақты.

Мәмбет өз төбесін көктен жоғары сезді. Көзі күлімдеп, көңілінен от ұшқындады. Ұлы аттаныс, ұлы майдан үстінде ер шаттанып, көңілі қанаттанды. Орлов әлгі сөзді айтып, арқаға қаққанда қуаныштан көңілі лепірген Мәмбет аузына сөз түспей, тек жайрандап, жүрегі дүрс-дүрс соқты.

Жан-жақтан тасыған сеңдей сіресіп келіп Кадет корпусын қамаған төңкеріс әскері әп-сәттің ішінде астан-кестеңін шығарып, офицерлерді алып қойды. Корпус ішінде үш жүздей офицерлер бар екен. Барлығының қаруы тегіс сыпырылды. Өздерін сүмірейтіп көшеге ірді.

— Крепоске! — деген бұйрық берілді.

Талай заманнан бері осы үйде ұялап, өсіп, көбейіп келген қарақұрт ұясы бұзылды.

Ордалы жылан топырлап, төңкеріс әскерінің алдында түрмеге қарай айдалды.

ЖОЛДАСТАР!

Кең аланда митинг. Толқыған халық теңізі. Теңіз толқынында жүзген желкендер — қызыл тулар. Көк еміреніп, жер сілкінді. Ескі дүниенің асты үстіне төңкерілді...

Жиылыс. Парад. Митинг. Ту, топ, қару, халық...

Қалаға төңкеріс жасаған әскер мен қарулы жұмыскерлер командамен төңкеріліп, туларын жарқылдатып, трибунаның түбіне таянды. Мәмбеттер Михайлов соңында темір жол командасына қосылды. Жау жеңіп, жайрандап тұрған Мәмбеттің арт жағынан қолын біреу тартты.

— Өй, сен қайдан?

— Е, өзің қайдан?

Екеуі бір-бірінің қолын қысып, қуанысып қалды.

Бұл Сатан еді. Бір винтовканы бұл да асынып алыпты. Төңкерістің көп әскерінің ішіндегі мылтық асынған екі жолдастың жүрісі бір-біріне айтпай түсінікті.

— Қайдасың? — дейді Мәмбет.

— Міне, біздің әскер, — деп Сатан темір жолдың жұмыскерлерін көрсетіп, — мен осындамын, — деді. Халық көзі трибунада. Митинг ашқан адам:

— Сөз жолдас Ловковқа беріледі, — деді. Өне бойы қаруға сірескен, төңкерістің қылышындай командир қарғып биікке шықты.

— Өй, мынау Орлов қой!

— Дәл өзі! — деді Сатан.

Жолдас Ловков алабына көз жеткісіз адам теңізіне айнала бір қарап алып, жігерлі дауыспен саңқ-саңқ етті.

— Жолдастар! Бұдан үш күн бұрын Петроград қаласында болған Октябрь төңкерісі бүгін бізде де жасалды!..

— Ура!

— Ура!..

Бірінші кітаптың соңы.

Ілияс Жансүгіров (1894–1938) Талдықорған облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Алғаш ауыл мектебінде, кейін Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсында, Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтында оқиды. "Тілші", "Еңбекші қазақ" газеттерінде тілші, Верныйдағы қазақ ағарту институтының меңгерушісі болып қызмет істейді. 1933–1936 жылдары ҚАССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болады. 1932 жылы қайта ұйымдастырылған Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыру комиссиясының төрағасы қызметін 1934 жылғы I съезге дейін атқарады.

Тарихи тақырыпта "Кек", "Түрксиб", "Исатай-Махамбет" атты драмалық шығармалар жазған.

Қазақ тілінің лексикалық байлығын терең игеру, сатиралық күлкілі жайттарды көре білу, адам мінездерін ашатын реалистік диалогтарға икемділік секілді ерекшеліктер — Ілиястың прозалық шығармаларының, әсіресе, оның "Жол аузында", "Құқ" кітаптарына енген әңгіме, фельетондарының басты қасиеттері. Қазақ ауылындағы әлеуметтік-таптық өзгерістерді, жаңа психологияны, өндіріс, мәдениет, техникаға бой ұрған адамдарды бейнелеу талабындағы әңгімелер, нақты-нақты деректерге сүйеніп жазылған репортаж, очерктер тәжірибесі арқылы өскен қаламгер халық өмірінің кең панорамасын жасауды мақсат еткен қалың оқығалы, қою тартысты, көп кейіпкерлі "Жолдастар" романын тудырды. Шаһар тіршілігі, қала тынысы, он алтыншы жылғы аласапырандағы қазақ жігіттерінің қасіретті азабы, жұмысшылар ортасы, кемешілер әрекеті, оқыс, шырғалаң, қызықты сюжеттерді ала отырып, жазушы бостандық, тендік, азаттық үшін күрескен халық өкілдерінің сан алуан образдарын жасау арқылы өмір шындығын айтпақ болған. Сатан, Мәмбет, Мардан секілді жігіттер тағдыр талқысына түсіп қорлық көріп таптalса да, мойымайды, қайралған қанжар іспеттес қайта жарқырап күреске түседі, әуелі барымта, ұрлықпен жуандардан өш алса, кейін әлеуметтік жағдайды, таптық тартысты түсініп, саяси айқасқа

шығатын деңгейге көтеріледі. Әрине, романдағы көптеген персонаждарды тұлға дәрежесіне көтерілді деп айту қиын. Қазақтың ауызекі әңгіме айту дәстүріндегі шеберлікті еркін игерген Ілияс жеке бөлімдердің байланысы, композициялық тұтастық, типтендіру принциптеріне келгенде, европалық үлгілерді терең меңгермегендігін, проза саласындағы, әсіресе роман жазуда тәжірибесіздігін аңғартып қояды. Табиғат суреттері, адам портреттері, мінез қалыптарын ашуда жазушы реалистік биікке көтерілді. Юморлық, сатиралық кейіпкерлерде көркемдік қуат бар. Жазушының суреткерлік қуаты барымта, жұт сценаларын, билер дауын, молдалар айтысын, жұмысшылар ортасын бейнелеуден жақсы көрінеді. Бір мысал:

"Жан-жақты қап-қара түтін басты. Түтін астындағы қараған, тобылғы, боркөздердің бадалы патырлап жанып, аспанға лаулады. Күн шілдесі жаздай қақтап, шақпақтың қуындай тұтанғалы тұрған құқыл бетеге аз ғана желдің лебімен отты жан-жаққа әлдеқашан алып кетіпті. Қаулаған өрт, заулаған от көптен жауын тамбаған құ далаға ойнақты салып берді. Қарағандар бытырлап, тобылғылар шытырлап, шөптер от шалғысына шабылып, жылан-шаян шырылдап, бақа-қоңыз құрылдап, тау-тасты өрт алды".

Стихиялы күш, тілсіз жау – қаптаған өртті жазушы осылайша динамикалық қалыпта, жаны бар, ертегінің жалмауызы, аяу білмес қаһарлы дүлей ретінде бейнелейді.

Романның деректі негізін, өмірлік материалын Ілияс зерттеп, жинақтап, іріктеп алған, қаламгерлік қиялмен өзгерткен, сұрыптаған, дегенмен, Мұқаметқали Тәтімов, Көлбай Төгісов секілді тарихи адамдардың тағдырымен Мәмбет, Субай бейнелерінің ұқсастығын көру қиынға соқпайды.

"Жолдастар" – қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік-психологиялық роман жазу барысындағы алғашқы сәтті тәжірибелердің бірі, өмірлік мазмұны терең, эстетикалық әсері күшті сапалы шығарма.

МАЗМҰНЫ

Пролог 3

БАСТАУ. Бірінші тарау 7

АҒЫН. Екінші тарау 120

ТОЛҚЫН. Үшінші тарау 222

ТАСҚЫН. Төртінші тарау 306

Түсініктер 429

“ҚАЗАҚТЫҢ 100 РОМАНЫ” сериясы

Ілияс ЖАНСҮГІРОВ

ЖОЛДАСТАР

Роман

Редактор *Сәндібек Жұбаниязов*
Көркемдеуші редакторы *Бейсен Серікбаев*
Техникалық редакторы *Зайра Бошанова*
Компьютерде беттеген *Мәншүк Шелекбаева*

ИБ № 7052

Теруге 15.09.2009 жіберілді. Басуға 6.11.2009. қол қойылды.
Қалыбы 84x108$^{1}/_{32}$. Қаріп түрі “SchoolBook 1”.
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 27,0.
Шартты баспа табағы 22.68.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1016.

Қазақстан Республикасы. “Жазушы” баспасы.
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

ISBN 978-601-200-218-8

9 786012 002188

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-34, 394-39-42, 394-39-22,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru